

**ҚАЗАҚСТАН  
ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ  
ӘДЕБИ-ӘЛЕУМЕТТІК  
ЖУРНАЛЫ**

1922 жылдан шыға бастады

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ –**

Қазақстан Жазушылар одағы

**РЕДАКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ –  
Мереке ҚҰЛКЕНОВ**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

АМАНШАЕВ Ермек

АХМЕТБЕКҰЛЫ Алмас

БЕГМАНОВ Қасымхан

ЕЛУБАЕВ Смағұл

ЖАҚЫП Бауыржан

ИМАНҒАЗИНА Бибігүл

ҚОЖАХМЕТОВА Мағира

ҚОЙГЕЛДИЕВ Мәмбет

МАТЫЖАНОВ Кенжехан

МӘЖИТОВ Марат

МЕНДЕКЕ Әмірхан

НҰРЖЕКЕЕВ Бексұлтан

ОРАЗЛИН Нұрлан

ОРАЛБАЙ Өтеген

СЕГІЗБАЙҰЛЫ Кәдірбек

ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт

ФАЗЫЛЖАН Анар

ЫБЫРАЙЫМ Бекен

ІЗМҰХАМБЕТОВ Бақтықожа

**БАС РЕДАКТОР**

Дәурен ҚУАТ

**БАС РЕДАКТОРДЫҢ  
ОРЫНБАСАРЫ**

Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ

**ЖАУАПТЫ ХАТШЫ**

Нұрлан ҚАМИ

**ART-РЕДАКТОР**

Марат СӘБДІКЕН

**ТІЛШІЛЕР:**

Жұмабай ҚҰЛИЕВ,

Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИҰЛЫ  
(Маңғыстау облысы),

Нұрдәулет АҚНАЗАРОВ  
(Атырау облысы),

Сабырбек ОЛЖАБАЙ  
(Оңтүстік өңірі),

Толымбек ӘБДІРАЙЫМ  
(Арқа өңірі).

**КОРРЕКТОР**

Бағдижамал ТӨЛЕШҚЫЗЫ

**КЕЗЕКШІ РЕДАКТОР**

Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ

Редакцияға түскен шығармалар редакцияланбайды. Қолжазба қайтарылмайды. Көшіріп басқан жағдайда «Жұлдызға» сілтеме жасау міндетті.

Жарияланған дүниелердегі деректердің нақтылығына авторлар жауап береді. Пікір-толғамдар редакция көзқарасымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.

© «Жұлдыз»

## МАЗМҰНЫ:

### *Арағай*

Айдын РЫСБЕКҰЛЫ	
<b>ҚАЙЫМ және АЛАШ ИДЕЯСЫ</b> .....	3

<b>ЖҮРЕК ШЕРІН ЖЫРҒА</b>	
<b>АЙНАЛДЫРҒАН ШАЙЫР</b> .....	7

### *Сапарнама*

Наталья ГОРЯЧЕВА	
<b>ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ЖАЗУШЫЛАРЫ</b>	
<b>МӘДЕНИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ</b>	
<b>ЖАҢА КЕЗЕҢІ</b> .....	13

### *Жадыдағы жазбалар*

Тұрсын ЖҰРТБАЙ	
<b>БЕСҚАРАҒЕР.</b> ....	22

### *Поэзия*

Өтеген ОРАЛБАЙ	
<b>КІМГЕ АЙТАМЫН МҰҢЫМДЫ</b>	
<b>ЖАНЫМДАҒЫ</b> .....	50

Жанат ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ	
<b>КӨКСЕГЕНІ ЖЕТКІЗБЕС ҚАЙРАН КӨҢІЛ</b> .....	53

Тұрдыхан АЙДАРХАНҰЛЫ	
<b>АҚ ҚАЙЫҢДАР ЖҮЗІНЕН ҰЯТ ТАМЫП...</b> .....	56

Динара МӘЛІК	
<b>БӘРІ МҮМКІН ТҮСІМ БОЛЫП,</b>	
<b>ОЯНА АЛМАЙ ЖҮРМІН БЕ...</b> .....	60

### *Мирас*

Серікбол ХАСАН	
<b>БҰЛАҒАЙ КЕЗЕҢДЕ ҚАНАТ ҚАҚҚАН</b>	
<b>«БАЛАПАН»</b> .....	65

### *Сұхбат*

<b>«БАБАМНЫҢ МҰРАСЫ</b>	
<b>ТОЛЫҚ ЗЕРТТЕЛМЕЙ КЕЛЕДІ...»</b> .....	76

### *Хикаят*

Тұрсынхан ШӘЛДИБЕКҚЫЗЫ	
<b>ӘКЕНІ ІЗДЕУ</b> .....	81

Әбділдабек САЛЫҚБАЙ	
<b>НАҒЫЗ ҚАЗАҚ</b> .....	91

### *Әңгіме*

Есболат АЙДАБОСЫН	
<b>СЫРТТАННЫҢ ИТАЯҒЫ</b> .....	130

### *Жас қалам*

Абай АЙМАҒАМБЕТ	
<b>ТОЛҚЫНДЫ КҮТКЕН БАЛА</b> .....	147

### *Күміс қанат тырналар*

Мұстафа БАШПЫНАР	
<b>АЛАҚАНДАҒЫ ЖЫРТЫЛҒАН СУРЕТ</b> .....	191

### *Өйушқын*

Сабырбек ОЛЖАБАЙ	
<b>КҮМІС ЖАЛДЫ</b>	
<b>КҮРЕҢ ҚАЙДА КЕШЕГІ?</b> .....	197

### *«Жұлдыздық» шеберлік мектебі*

<b>ШЫНДЫҚ ПЕН ҚИЯЛ</b> .....	201
<b>ТОТЯЙЫН ТІЛДІ ТАРЛАНДАР</b> .....	206

## ҚАДІРЛІ ҚАЛАМДАС!

Қазіргі нарық қыспағында қай басылымның болса да шекесі шылқып тұрмағаны белгілі жай. Сол кепті біз де киіп отырмыз. Әлем әдебиетінің жауһарларын, қазақ қаламгерлерінің мандайалды туындыларын, соның ішінде Сіздің де шығармашылығыңызды насихаттайтын «Жұлдыз» журналына өзіңіз бас боп жазылып һәм айналаңыздағы сөзіңіз өтетін ағайынның да жаздырып алуына ықпал етсеңіз, қарлығаштың қанатымен су сепкеніндей жәрдем болар еді.

Алдағы уақытта редакцияға шығармаңызды жолдарда журналға жазылғандығыңызды куәландыратын **төлем қағазының** көшірмесін қоса жіберуді қаперіңізге саламыз.



*Алағай*

**Айдын РЫСБЕКҰЛЫ,**  
*алаштанушы*



## ҚАЙЫМ және АЛАШ ИДЕЯСЫ

**XX ғасырдың басында Алаш Орданың туы тігілген бүгінгі Семей өңірі — қазақ мемлекеттілігін қайта жаңғыртқан қасиетті мекен. Бұл қала Алаш қозғалысына қатысты саяси, экономикалық, тарихи-әлеуметтік және мәдени-рухани маңызы жағынан айрықша рөл атқарғаны баршаға мәлім. Қазақ халқында «Алаш десең — Семей, Семей десең — Алаш» деген қанатты сөздің қалыптасуы да тегін емес.**

Адамзат тарихында тектілік пен ерлік сирек ұшырасатын қасиеттердің қатарында. Табиғаттағы асыл тастар секілді, асыл текті тұлғалардың да саны шектеулі. Солардың бірі — ғалым, қоғам қайраткері, қайсар мінезімен әрі қаһармандық болмысымен дараланған тұлға Қайым Мұхамедханов. Елге адал қызмет еткен Қайымдай қайраткерден тәлім-тәрбие алу — үлкен рухани мектеп.

1990 жылдардың басында Қазақстан идеологиялық дағдарысқа тірелген кезенді бастан кешірді. Сол тұста ұлттық идея мен тарихи сананың салмақты, өткір әрі айқын тұжырымы ауадай қажет болды. Дәл осындай сын сағатта Қайым Мұхамедхановтың: «Алаш аманатына адал бол!» деген бір ауыз сөзі көптеген азаматтарға рухани тірек болды. Алаш аманатына адал болу — бүгінгі ұрпақтың тарихи әрі азаматтық парызы.

1989 жылдан бастап Семей қаласындағы Н. Крупская атындағы педагогикалық институтта Қайым Мұхамедхановтың дәрістерін тындадық. Ол кісі: «Мен туған 1916 жыл — ұлт-азаттық көтеріліс басталған жыл. Мен сол күрестің ұраншысы ретінде қаңтардың қақаған аязында дүниеге келіппін», — деп айтатын. Ол кезде ғалымның жасы 74-ге болса да, қимылы ширақ, жүріс-тұрысы жинақы еді. Үстіне қара костюм киіп, жағасы крахмалданған ақ көйлек пен жарасымды галстук тағатын. Біз оны нағыз «интеллигент» ұғымымен байланыстыратынбыз. Қайым аға дәрістен тыс уақытта Алаш арыстары туралы әңгіме қозғап, Алаш Орданың мекемелері орналасқан тарихи ғимараттарға апарып, олардың тарихын егжей-тегжейлі түсіндіретін. «Абайдың жасына келгенде, Алашка айнымастай бет бұрарсындар. Естерінде болсын, Семей жерінде олардың табанының табы ғана емес, мандайының тері де, қаны да төгілді», — деп ескертіп отыратын. Осылайша біз Алаш әлеміне тереңдей ендік. Ол бізге Алаш ұлт-азаттық қозғалысын жан-жақты таныстырды. Алаш арыстарының шығармашылығын, тағдырын, қызметін толық дерлік Қайым Мұхамедханов арқылы ұқтық. Ол әңгімесін Әлихан Бөкейханнан бастап, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезов және басқа да Алаш арыстарының өмірі мен қызметін сан қырынан тарқатып беретін. Алаш партиясының құрылуы, оның мүшелері, мақсат-мұраты туралы нақты деректермен баяндайтын. Сонымен қатар Көкбай, Тұрағұл және өзге де Абай айналасындағы тұлғаларды түп-түгел түсіндіретін. Кейде бізге өзіл-шыны аралас: «Сендер КГБ-ның адамдары емессіңдер ме?» — деп сұрайтын. Бұл сөздің астарында оның өзі 25 жылға сотталған тағдыры, кенестік қуғын-сүргіннің елесі жатқаны аңғарылатын. Үйінің төріндегі үлкен кілемнің астында жасырылған 500-600-ге жуық кітаптың бірін суырып алып, бізге оқып беретін. Алаш арыстарының

колында болған барша еңбектерді жатқа білетіндей көрінетін. Ол ешқашан жалықпайтын.

Жалпы Алаш туралы сөз қозғалғанда, ең алдымен қазақтың тұңғыш алаштанушы ғалымы Қайым Мұхамедхановтың есімі аталады. «Алаш» пен «Қайым» ұғымдары өзара егіз түсінікке айналған. Қайымның бүкіл өмір жолы Семеймен, Алашпен біте қайнасып жатыр. Оны жеке дара елестету мүмкін емес, себебі оның артында тұтас Алаш арыстарының рухани өлемі көрініс табады. Семей – Алаштың жүрегі болса, Қайым Мұхамедханов – сол жүректің қайсар рухының рәмізі. Семей десе – Алаш, ал Алаш десе, Алаш арыстарының көзін көріп, ізін жалғаған тұлғалардың бірі – Қайым ағаның еске түсетіні сондықтан. Ол Алаш мұрасын жинап, жүйелеп, жазып, халыққа танытқан бірегей ғалым болды. Семейдің рухани өмірінде Қайым араласпаған сала кемде-кем. Оның мол мұрасын жинақтау – өз алдына іргелі ғылыми жұмыс. Алаш арыстары ақталған кезеңде Қайым Мұхамедханов бейне бір өмір бойы осы сәтке дайындалғандай, мақалаларын бірінен соң бірін жариялап, Алаш туралы барша деректерді ғылыми айналымға енгізді. Бүгінде біз мақтан тұтатын Тәуелсіздіктің негізін қалаған кімдер еді? Әрине, алаштықтар. Қазақстанда тұңғыш рет Алаш арыстары туралы жарық көрген кітап та – Қайымның еңбегі. Осыдан кейін ғана Алаш тақырыбы ұлттық санада кеңінен қозғала бастады. Ол Алаш ұлт-азаттық қозғалысының тарихын, Алаш арыстарының өмір жолын, еңбектерін, шығармаларын, тіпті әрбір өлеңі мен әніне дейін түгендеп, халыққа жеткізді. Алаш ұғымы – философиялық немесе абстрактілі түсінік емес, ол қазақтың ұлттық идеясының нақты көрінісі. Сондықтан Алашқа қатысты айтылған әрбір сөз салмақты әрі жауапты болуға тиіс. Осы тұрғыда Семей қаласының «Жаңа Семей» ауданын тарихи атауы «Алаш» деп қайта атау, облыстық өлкетану музейіне Қайым Мұхамедхановтың есімін беру орынды. Семейдегі «Алаш аралының» тарихи атауы – Түйемойнақ. Бұл мекен Алаш руханиятының маңызды орталығы болған. Мұнда Мұхтар Әуезовтің пьесалары қойылып, Алаш ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті өкілдерінің бірі, дүлдүл әнші Әміре Қашаубаев Түйемойнақта әуелете өл салған тарихи тұлға ретінде белгілі. Сондай-ақ Абай Құнанбайұлының ұлы Тұрағұл Абайұлы да Алаш ұлт-азаттық қозғалысының белді мүшелерінің бірі болды. Тұрағұл Абайұлы жай ғана қатардағы тұлға емес, Алаш арыстарымен терезесі тең дәрежеде тұрған, ғылыми ой-парасаты жоғары, зиялы адам еді. Сонымен қатар, ол Абай мектебінің шәкірті ғана емес, сол мектептің қалыптасуы мен дамуына тікелей үлес қосқан қайраткер ретінде танылды. Ал осы аталған тұлғалардың өмірі мен қызметін қайта жаңғыртып, олардың әрбір сәтін, тіпті минутына дейін нақты деректермен жүйелеп, қолмен қойғандай дәлдікпен жазып қалдырған кім деген сауал туындайды. Бұл міндетті абыроймен атқарған тұлға – Қайым Мұхамедханұлы.

Эфиопия халқының тарихи-мәдени дәстүрлерінде отанға деген ерекше құрметті білдіретін ғұрып бар екендігі белгілі. Олар елге келген қонақтарды шығарып салу кезінде, кеме бортына мінер сәтте аяқ киімдерін шешкізіп, табанындағы топырақты толық тазартып береді. Бұл әрекеттің себебі туралы сұралғанда: «Бұл топырақта ата-бабамыздың қаны мен маңдай тері бар. Эфиопияның топырағы Эфиопияда қалуға тиіс», – деп жауап береді екен. Мұндай отаншылдық сезім – туған жерге деген шынайы сүйіспеншіліктің жарқын көрінісі. Туған жерді сүю ата-бабадан қалған қасиетті топыраққа құрметпен қараудан басталатыны көптеген халықтардың дәстүрлерінен де байқалады. Қайым Мұхамедхановтың дүниетанымы мен өмірлік ұстанымы да осы қағидамен үндес болды. Оның Қарлағта жазылған «Тарта көр, Семейімнің топырағы...» атты өлеңі туған жерге деген сағынышты, жер киесіне деген терең құрметті айқын бейнелейді. Түркілік және қазақы дүниетанымда «бір уыс топырақ» ұғымы туған жер киесінің, ата-баба рухының рәмізі.

Көрнекті ғалым, ұлт руханиятының ірі тұлғасы, ұстаз, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақ КСР гимнінің авторы, Абайдың мемлекеттік музейін ұйымдастырушы, абайтану, шәкәрімтану, әуезовтану, алаштану, мәтінтану ғылымының біртуар тұлғасы Қайым Мұхамедхановтың мінез-құлқы қыран бейнесімен салыстыруға лайық болды. Ол әділдікті ту еткен, талапшыл, бірақ ақыл-парасатты жоғары бағалаған қайсар тұлға ретінде танылды. 1939 жылдан бастап ол «Абайдың ақындық мектебі» тақырыбын жүйелі түрде зерттеп, «Абайтану» ғылымының негізін қалады және «Абайдың әдебиет мектебі» атты іргелі еңбегін жариялады.

Қайым Мұхамедханов Абай музейінің іргетасын қалаған негізгі тұлғалардың бірі болды. Алайда музей құрылған алғашқы кезеңде басқару жүйесі толықтай советтік партиялық құрылымға бағындырылып, басшылық қызметтерде тек коммунистер ғана отырды. Музей ісін басқару формальды түрде партиялық нұсқауларға сәйкес жүзеге асырылды, ал кәсіби және ғылыми даярлығы жеткіліксіз адамдар жетекшілік қызметтерге тағайындалды. Осы жағдайға қарамастан, музейдің нақты ғылыми-зерттеу, ағартушылық және ұйымдастырушылық қызметтері іс жүзінде Қайым Мұхамедхановтың тікелей үйбегімен атқарылды. Ол экспозицияларды дайындау, мұрағат материалдарын жинау, Абай мұрасы жүйелеу және оны көпшілікке таныстыру бағытында үздіксіз жұмыс жүргізді. Ресми басшылық құрылымының партиялық сипатына байланысты Қайым Мұхамедханов ұзақ уақыт бойы жетекші лауазымға тағайындалмай, аға ғылыми қызметкер мәртебесінде қызмет атқарды. Тек 1947 жылы академик Қаныш Сатбаевтың тарапымен Қайым Мұхамедханов ресми түрде музейдің директоры лауазымына тағайындалды. Совет Одағы құрамындағы мемлекеттердің мемлекеттік гимндерінде халықтың тарихи өткені мен ұлттық ерлік дәстүріне тікелей сілтеме жасалмайды. Ал Қайым Мұхамедханов сол кезеңдегі қатаң идеологиялық талаптарға қарамастан, гимн мәтінінің алғашқы жолына қазақ халқының батырлық сипатын білдіретін «Ер қазақ» деген тұжырымды енгізуге қол жеткізді. Бұл факт ұлттық тарихи сананың көрінісі ретінде және кеңестік идеологиялық шектеулер жағдайындағы мәдени қарсылықтың маңызды мысалы ретінде ғылыми тұрғыдан бағалануға тиіс. «Ер қазақ» және «Қайым» деген — егіз сөздер.

Бұл ғылыми жолда ол өзінің өмірін қатерге тігіп, ауыр сындардан өтті. Біз Қайым ағадан Карлагтағы заңсыз сот процестері мен көрген қиындықтары туралы сұраған кезде, ол: «Оны қайтесіңдер?» — деп қысқа ғана жауап қайыратын. Алайда 2000 жылы 85 жасқа толған мерейтойы қарсаңында ол Карлагтағы ауыр кезең туралы байыппен баяндап берді. Қайым Мұхамедхановпен бірге Карлагта жазасын өтеген ғалым Л. Н. Гумилев өз естеліктерінде: «Мы учились мужеству в Карлаге у Каюма», — деп жазуы Қайымның қайсар мінезін айқын көрсетеді. Осы деректерден оның «Қайсар» («Несломленный») деген лақап атының қалыптасу себептері анық байқалады. Қайым Мұхамедхановтың өмір жолы — ұлтқа үлгі болатын тағдыр.

Кемел ойлы кемеңгер Қайым Мұхамедхановтың шығармашылық мұрасы аса кең әрі көпқырлы. Оның 1938 жылы жазылған «Жамбыл» атты толғауы, 1940 жылы Абайға арнап жазған «Орындалған өсиет» поэмасы қазақ әдебиетінің құнды туындыларының қатарында. Сонымен қатар, ол аудармашылық қызметпен де айналысты. Әзірбайжан драматургі У. Гаджибековтің «Аршин мал алан» (1941) және татар жазушысы Ғ. Камалдың «Қажы Әпенді үйленді» (1967) пьесаларын қазақ тіліне аударды. Сондай-ақ Н. М. Карамзиннің «Бедная Лиза» шығармасын өлең түрінде тәржімалады. Қазақ әдебиеті тарихында Абайдан кейін Шәкәрімді рухани ұстаз тұтқан тұлғалардың бірі де — Қайым Мұхамедханов. Оның «Майданнан, майданға» «Ер Білісай», «Толқын», «Комиссар Ғаббасов» атты драмалық шығармаларының ішінде «Комиссар Ғаббасов» пьесасы 1960-1980 жылдары Семей қаласындағы Абай атындағы музыкалық драма театрында сахналанды. Бұл шығарма әртүрлі редакцияда Қазақстанның халық артистері Бәйтен Омаров пен Есмұхан Обаевтың режиссерлік шешімдерімен қойылды. Қазақстан көлемінде Жамбылға арналған поэма байқауында Қайым Мұхамедханов бірінші орын иеленді. Алайда оның ақындық қыры бүгінгі күнге дейін толыққанды ғылыми тұрғыда зерттелмей келеді. Қазіргі зерттеулерде негізінен ғалым Қайым, зерттеуші Қайым тұлғасы қарастырылып, оның ақындық мұрасы тасада қалып отыр.

Қайым Мұхамедхановтың алғашқы ұстазы — Хайролла Ибрагимов. Ол Алаш мектептерінің алғашқы директорларының бірі болған. 1917 жылы Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесін тәмамдағаннан кейін Семей өңірінде қызмет атқарды. Ақымет Байтұрсынұлымен тығыз қарым-қатынаста болған. Оның сол кезеңге қатысты фотосуреттері қазіргі уақытта жарияланып, ғылыми айналымға еніп отыр. Сол суреттердің бірі 1989 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде «Суреттің сыры» атты мақала арқылы жарық көрді, мақаланың авторы — Қайым Мұхамедханов. Аталған фотосуретте Хайролла Ибрагимовпен қатар Тайыр Жомартбаев, Мәннән Тұрғынбаев, Ахмет Мәметов сынды ірі тұлғалар бейнеленген. Қайым Мұхамедханов өзінің бастауыш білімді дәл осы Хайролла Ибрагимовтен алғанын жазған. Ұстаз 55

жыл бойы мұғалімдік қызмет атқарып, 1949 жылы қазақтар арасынан алғашқылардың бірі болып Ленин орденімен марапатталған. Сол кезеңде Қазақстан Жазушылар одағының Семей облыстық бөлімін басқарған әрі «Еңбек» журналының редакторы болған тұлға – Тұрлыхан Хасенов. Ол – әлемнің алты дүркін чемпионы атанған балуан Дәулет Тұрлыхановтың атасы. Тұрлыхан Хасеновтің 1924 жылы «Шаруа жастары» мектебінде білім алғаны жөнінде Қайым Мұхамедханов өз еңбектерінде атап өтеді.

Қайым Мұхамедхановтың тұлғасын дәріптеу ісі бүгінгі таңда жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. 2008 жылы Алматы қаласында «Қайым Мұхамедханов атындағы білім және мәдениет орталығы» қоғамдық қоры құрылды. Семей қаласындағы Мұхтар Әуезов атындағы педагогикалық колледжде арнайы кабинет ашылып, жоғары оқу орындарында «Қайымтану» пәні енгізілді. Ғалым тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылып, Абай атындағы кітапхана жанында монументалды стелла бой көтерді. Стеллада Қайым Мұхамедхановтың «Ер қазақ ежелден еркіндік ансаған...» деген аманат сөзі жазылған. Жазықсыз 25 жылға сотталып, Қарлағтың азабы мен тозағы бастан өткерсе де, рухы сынбаған Қайым Мұхамедхановтың қайсар бейнесі Семей қаласының рухани кеңістігінде асқақтап тұр. Ақ түспен қабатысып, төмен қарай сорғалаған татты темір элементтері Қайым Мұхамедхановтың тағдырына жабысқан қатал заманның зұлымдығын көрсетіп тұр. Стелланың оң қанатында Қордайдың қызыл гранитімен көмкерілген пилондар орналасқан. Бірінші пилон «халық жауының әйелі» тақырыбына арналған. Бұл композиция зұлмат жылдарда жарынан безбеген, сатпаған, балаларын қиындықтан аман алып шыққан әйел-аналардың ерлігін бейнелейді. Мозайка ортасында ұлттық киімдегі әйел бейнесінің жас шағы көрініс тапқан. Қара қошқыл түстер мен опырылған шаңырақ зұлмат кезеңдегі отбасы қасіретін айшықтайды. Мозайканың бытыраңқы құрылымы – саяси репрессия салдарынан бөлшектенген тарихи ақиқаттың рәмізі. Орталық пилонда алтын әріптермен «Қайым Мұхамедханов» деген жазу және қыран мен бөрі бейнеленген медальон орналасқан. Бұл – ақиқат пен жалғанның, еркіндік пен зорлықтың мәңгілік күресінің көркем бейнесі. Оң қанаттағы айбатты барыс Сталиндік зұлматқа қарсылықты білдірсе, оның жанында Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Халел Досмұхамедұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы және жас Мұхтар Әуезов бейнелері орналасқан. Бұл бейнелер – Алаш арыстарының жиынтық рәмізі. Найзаға шаншылған Қайым бейнесі тағдыр ұғымын, Алаш ұлт-азаттық қозғалысының тарихын, ұлт тағдырын білдіреді. Бұл – Қайым Мұхамедхановтың да тағдыры. Ол 25 жылға сотталды. Оның өкесі Мұхамедхан 1937 жылы 24 қарашада 67 жасында тұтқындалып, 2 желтоқсанда ату жазасына кесілді. Мұхамедхан Алаш қаласындағы Тыныбай мешітінде дәріс оқыған, ірі ғұлама әрі діндар тұлға болған. 1917-1918 жылдары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы секілді Алаш арыстары Мұхамедханның үйінде жиі бас қосқан. Қайым Мұхамедханов «Ұлы ұстаз, қамқор жан» атты мақаласында Алаш арыстарының ортасында өсіп, олардың әңгімелерін, Ақыметтің «Ардағым», Жүсіпбектің «Қызыл бидай» әні мен Әміренің әндерін тыңдап жетілгенін жазады. Сол жиындарда болашақ Қазақ мемлекетінің азаттығы туралы мәселелер де көтерілген. Осындай рухани ортада тәрбиеленген Қайым Мұхамедханов Алаш мұрасының шынайы жоқтаушысы әрі оны кейінгі ұрпаққа жеткізуші тұлға болды.

Қазақстан Республикасының бұрынғы президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бір кездегі «Мұхамедханов... Кто это?» деген пікірі тарихи контексте қарастырылса, қазіргі Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Семей қаласында Мұхтар Әуезов пен Қайым Мұхамедхановқа арналған «Ұстаз бен шәкірт» ескерткішін ашып, оны «ұстаз бен шәкірт, аға мен іні арасындағы рухани бірліктің рәмізі» деп бағалауы Қайым Мұхамедхановтың ұлттық тарихтағы орнын айқындай түседі.

Қайым Мұхамедхановтың өмірі мен қызметі Алаш идеясына адалдықтың, ұлттық сана мен тәуелсіздік жолындағы күрестің үлгісі ретінде тарихта мәңгі сақталады. Ол күшке емес, ақыл-парасат пен әділдікке сүйенген тұлға ретінде бағаланады. Бүгінгі ұрпақ Алаш арыстарының рухы алдында тағзым етіп, олардың алдындағы тарихи қарызын сезінуге тиіс. Себебі Алаштың тарихи құны әлі де толық өтелген жоқ. Алаш аманатына адал болу – ел мен жер, тарих алдындағы ортақ жауапкершілік.



## ЖҮРЕК ШЕРІН ЖЫРҒА АЙНАЛДЫРҒАН ШАЙЫР

Бірегей ғалым, білікті ұстаз, абайтану ілімінің іргетасын қалаушылардың бірі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Кеңестік Қазақстан Республикасының әнұранын жазған Қайым Мұхамедхановтың туғанына 110 жыл толды. Ол 1916 жылы 5 қаңтарда Семей қаласында дүниеге келген. Ғалымның мерейтойына қатысты іс-шаралар Семей, Алматы, Астана қалаларында басталып та кетті. Ал оның ақындық қырын бүгінгілер мен болашаққа танытатын «Алдымда ақын Абай – Темірқазық» («Мектеп «баспасы, 2025 ж.) деп аталатын өлеңдер жинағы өткен жылдың аяғында жарыққа шықты.

«Жұлдыз» журналына жарияланып отырған мына өлеңдерден Қ. Мұхамедхановтың ақындық тұлғасын тануға болады.

«Жүрек» атты өлең жас Қайымның Семей облыстық денсаулық сақтау және білім беру басқармаларында қазақ тілін жедел үйрету курстарында оқытушы болып жүрген кезінде жазылыпты.

«Ауыздығын қарш-қарш шайнаған», «Қазақтың батыр ұлдары» өлеңдері 1940 жылы Семей қаласындағы Абайдың мемлекеттік мұражайын ұйымдастырып жүрген кезінде жарияланған. Қайым Мұхамедханов сол жылы КСРО Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданды.

«Жеңеміз» деген өлеңінің тарихи мәні бар. Бұл өлең соғыс басталған күні жазылып, 1941 жылы 22 маусымда «Екпінді» газетінде жарияланған.

«Салтанат жыры» – жеңістің, қуаныштың, бақыттың жыры.

«Сүйген жар» өлеңін 1951-1955 жылдары Қайым Мұхамедханов Карлагтың Теміртау лагерінде отырған кезде жұбайы Фархинурға арнап жазған, онда жазықсыз жапа шеккен жанның көңіл шері жырланған.

«Ағайын» өлеңі 1950 жылы ақынның өз жақын-жуықтарынан шетқакпайлық көріп жүрген кезінде жазылыпты.

Қайым Мұхамедханов өмірінің соңғы кезінде де жүрек шерін өлеңге түсіріп кеткен. Бұл сөзімізге ақынның «Қайран қазақ» және «Қартайдым қайғы басып, көңіл күңгірт» өлеңдері дәлел бола алады.

Жарияланып отырған өлеңдерден Алаштың біртуар тұлғасының ақындық қырын тани аласыздар.

*Әбубәкір ҚАЙРАН*

## ЖҮРЕК

Жалындап жанған жүрегім.  
 Су құйылып сөнгендей.  
 Демім құрып, жан кетіп,  
 У ішіп жүрек өлгендей.  
 Миым су боп езіліп,  
 Көзімнің нұры сөнгендей.  
 Қуаныш, үміт сезіліп,  
 Болды құр түс көргендей.  
 Не рақат, не қызық,  
 Дүниеде бүйтіп жүргендей?  
 Неғып тірі отырсын,  
 Үмітпенен бірге өлмей!  
 Орын берді жүрегім,  
 Қайысып бірге кіргендей.  
 Не қасиет, не қадір,  
 Болдың бір ит үргендей?  
 Мазақ болып бұлайша,  
 Не бар өмір сүргендей!  
 Қайғы салған адам де,  
 Болмайды-ау, бірақ бір көргендей.  
 Уайымшыл кім сабыр қылсын,  
 Болмайды басқа түрге енбей.  
 Уақыт берші аз ғана,  
 Алды-артын әбден білгендей.

1935 ж.,  
 16 қаңтар.

Ауыздығын қарш-қарш шайнаған,  
 Жұлдыздай көзі жайнаған.  
 Құрыш болат тұяғы  
 Таудан-тастан таймаған.  
 Ауыздығымен алысқан,  
 Ұшқан құспен жарысқан.  
 Айғай-сүрең күн туса,  
 Күн-түн талмас шабыстан.  
 Ескен желмен ойнаған,  
 Қуғанын жетпей қоймаған.  
 Жақын қылған алысты,  
 Жібермес жауға намысты.  
 Жібек жалды, құйрықты,  
 Жел жетпес мекен жүйрікті.  
 Қара терге ағылтып,  
 Кептірмей терлік сабылтып,  
 Ақ көбікке малынтып,  
 Құйрық-жалын сүзілтіп,  
 Қаншырдай белін үзілтіп,

Төрт аяғын көсілтіп,  
 Ескен желдей есілтіп,  
 Басқан жерін шаң қылып,  
 Көрген елін таң қылып.  
 Елге шапқан дұшпанның  
 Жағасын жыртып, қан қылып.  
 Текежәуміт тұлпарын,  
 Ер қанаты сұңқарын,  
 Айқай-сүрен салыса,  
 Күңіренге дабыл қағыса,  
 Жер тарпып жауға шабыса,  
 Ерлері жауға мінген күн.

1940 ж.

## ҚАЗАҚТЫҢ БАТЫР ҰЛАНЫ

Қырандай көзі қырағы,  
 Алатау шыңы — тұрағы,  
 Арыстандай айбаты,  
 Жер сілкіңтер қайраты,  
 Жас жолбарыс жүректі,  
 Құйған құрыш білекті,  
 Көк болаттан кигені,  
 Қарына қару ілгені,  
 Жүзі нұрлы балқыған,  
 Көңілі дария шалқыған,  
 Қатуланып қаттанса,  
 Қайратын жиып ақтарса,  
 Қабағынан қар жауып,  
 Қиыннан шыққан жол тауып.  
 Қас дұшпанмен алысып,  
 Қиялай қылыш шабысып,  
 Алған талай жүлдені  
 Қазақтың батыр ұланы.  
 Ауыздығын қарш-қарш шайнаған,  
 Шырақтай көзі жайнаған,  
 Табаны тастан таймаған,  
 Шиыршық атып ойнаған.  
 Астында тұлпар пырағы,  
 Алмастай асыл тұяғы,  
 Болаттай топшы, қияғы,  
 Қиялай самғап қияны,  
 Құлаштай жайса қанатын,  
 Әлемді долы дауыл ғып,  
 Нөсерлі бұршақ жауын ғып,  
 Аспанда асыр салатын.  
 Қолында сұңқар қыраны,  
 Асу-асу белдерді,

Асусыз асқар шөлдерді,  
 Айдын шалқар көлдерді,  
 Аса басып асқақтап,  
 Тау асуды жеңген-ді!  
 Жауының белін сындырып,  
 Өмірін қара түн қылып,  
 Жігерін жексен құм қылып,  
 Қабырғасын қақыратып,  
 Талқандап тарпып күл қылып,  
 Досының көңілін тындырып,  
 Көктен күнін күлдіріп,  
 Ержетіп, өсіп, батыр боп,  
 Қажымас, таймас батыл боп,  
 Жиырмаға жасы келген-ді!  
 Алтынменен апталған,  
 Күміспенен күптелген,  
 Өркендеп өскен мал басы.  
 Айы туып оңынан,  
 Күні туған солынан,  
 Нұрлы өмірге бөленген,  
 Бақытқа батып, кенелген,  
 Ерікті, еркін елі бар,  
 Шөбі – майда, суы – бал.  
 Текежәуміт сәйгүлік,  
 Торылы, топты жылқылы,  
 Ақтылы қой, қоспақ нар,  
 Түгел өскен төрт түлік!  
 Құнарлы құтты жері бар –  
 Қойнынан кенін қотарған,  
 Талқандап тауын қопарған.  
 Еңбек сүйген ері бар,  
 Денесі сом темірден,  
 Жері – мұнай, көмірден.  
 Арымайтын, талмайтын  
 Тұлпардың талай тегі бар!  
 Гүлстанда жайнаған,  
 Бұлбұлдайын сайраған,  
 Айдындағы аққудай,  
 Ғылымға терең бойлаған –  
 Бақытты қазақ баласы!  
 Алтын бесік – Отаны,  
 Ақ сүтін берген анасы!  
 Даңқты Қазақстаным –  
 Өмір берген, бақ берген,  
 Адамзаттың данасы!

## ЖЕҢЕМІЗ!

Асқар бел,  
 Шалқар көл,  
 Кені мол жеріме.  
 Шат көңіл,  
 Ұлы өмір,  
 Ерікті еліме.  
 Құтырған қандыауыз,  
 Емінген жалмауыз,  
 Салмақ лаң,  
 Төкпек қан,  
 Кіжінген қас дұшпан:  
 «Сені ме, сені ме!»  
 Ей, жауыз!  
 Жарғанат:  
 Жарықтың, халықтың дұшпаны,  
 Дөп келдің – өлетін жеріңе,  
 Қазылған көріңе!

Алмасын асынып,  
 Қайратын асырып,  
 Айбатты арыстан,  
 Жау көрсе ашынып,  
 Ешбір жау өмірде  
 Көрмеген басынып.

Аспанның тәңірі – Ай,  
 Суда да, жерде де  
 Жүретін әмірі.  
 Кез келдің Отанның  
 Еңірегін еріне!

Арам ниет,  
 Қарабет,  
 Әрмен кет!  
 Отанға – Анаға,  
 Кемеңгер, данаға,  
 Кең ақыл алыпқа,  
 Ұлы елге, халыққа  
 Ұланы берген серт –  
 Келмейсің теңіме!

Ел шетіне жау келсе,  
 Арыстандай алысқан.  
 Тұлпар мініп, ту алып,  
 Қан майданда қарысқан.  
 Толғай тартқан көн садақ,  
 Тиетін барып алыстан.  
 Қынаптан алып қылышын,  
 Кескілесіп шабысқан.

Ел үшін жаным құрбан деп,  
Емен найза салысқан.  
Терлігі кеңіп демалып,  
Тұлпары тынбай шабыстан.  
Бір күні құр өтпеген,  
Айқай-сүрең дабыстан.  
Еш қымбатты болмаған  
Елі мен ары намыстан.

Даланы түнек басқанда,  
Шалдығып елі сасқанда,  
Көкте бұлт түнеріп  
Күн көрінбей аспанда.  
Кемеңгер дананың,  
Ұлы Отан – Ананың,  
Ақ сүтін ақтайтын  
Күн туды баланың,  
Бір тілек,  
Бір жүрек,  
Бір мақсат,  
Бір білек.  
Ал, аттан,  
Күл-талқан,  
Болсын жау,  
Қайтпасын жүректен  
Таймасын табаның!

Желменен жарысқан,  
Ауыздықпен алысқан,  
Туынды ал, мін тұлпар  
Ұлы елдің ұланы арыстан!

Таңырқат тарихты,  
Сүйсіндір халықты,  
Аспанда – ақсұңқар  
Қи жаудың желкесін қарысқан!

Әділет, жаңалық,  
Бұл майдандасқаны.  
Тұманға айналмақ,  
Жауыздың аспаны.  
Сенеміз,  
Жеңеміз,  
Көрінер  
Ертең-ақ,  
Әділет –  
Ақ нұрын әлемге  
Шашқаны!

## САЛТАНАТ ЖЫРЫ

Ауыр жыл, тар кезеңдер  
кетпейді естен,  
Жорықтар шеру тартып  
канды кешкен.  
Ұлы күн, ұлы тойда еске аламыз,  
Қиял шалқып, ой толқып,  
көңіл өскен.

Зуылдап қардай борап атылған оқ,  
Шаң, түтін будақтаған,  
жарқылдап от.  
Өмір, өлім алысып майдандасқан,  
Күндіз-түн жер күңіреніп  
бір дамыл жоқ.

Снаряд түскен жерін ұйпап-жайпап,  
Кеткендей екпінімен жерді шайқап.  
Қопарып жер қыртысын  
аспанға атып,  
Күн көзін мұнарланған  
болмас байқап.

Миналар әдейілеп түскен көктен,  
Жарылып жан-жағына ажал төккен.  
Көктасты күл-күл етіп  
көкке ұшырып,  
Дал-дұл ғып гранаталар  
тауды сөккен.

Құрсанған көк болатпен,  
бронь қаптап,  
Тауды асып,  
орман нуды жүндей таптап.  
Қоғадай дүм қарағай жапырылып,  
Сұлатып көк танкілер өтеді аттап.

Бомбовоз асыр салып көкте сонда,  
Тендеген ажал оғын тонна-тонна.  
Апат боп түскен жері астан-кестен,  
Аспаннан жай оғындай жауса бомба.

Жайындай жайқындағы  
сүңгіп жүзіп,  
Теңіздің тәңір ісі суды сүзіп.  
Тап келсе таудай кеме талқан қылып,  
Батырған су түбіне белін үзіп.

Пулемет, автоматтар келсе үнге,  
Пушкалар күркіреген ұқсап Күнге.  
Су толқып, тау тітіреп,  
Жер солқылдап,  
Жарық күн айналғандай қара түнге.

Теңіздің асты-үсті — жер мен аспан,  
Жауыздық әділетпен майдандасқан.  
Тарихтың таразысы тартылғанда,  
Әрқашан да әділет жағы басқан.

Әділеттің туын біз қолға алып,  
Жауыздық дүниесіне ойран салып,  
Мұз төсеп, қар жастанып,  
Бұлт жамылып  
Майданға шыққан  
кеше біздің халық.

Боялып күн шұғыласы қызыл қанға,  
Зұлым жау қол созғанда жарық таңға.  
Біз сыйындық,  
біз сендік сол кездерде,  
Біз ант еттік сол кезде Ұлы Отанға.

Сандуғаш таңмен  
бірге сайрай алмай,  
Қызыл гүл шешек атып  
жайнай алмай.

Қарт ата, қарт анаға қайғы төнді,  
Жадырап жас бөбектер ойнай алмай.

Арулар айырылып сүйген жардан,  
Ақ жүзі гүлдей солды, көңілде арман.  
Жалақтап арсыз ажал аузын ашып,  
Бар әлем күңіренді қайғы-зардан.

Майданға, жеңіске деп бастап елін,  
Тайсалмай шыққан  
сонда кемеңгерім.

Жау жығасы жығылып талқан болды,  
Гүл жайнап,  
бұлбұл сайрап туған жерім.

Дауыл тынды тебіrentкен  
жерді-көкті,  
Бұлт ыдырап көктен күн нұрын төкті.  
Қаһарман қайтпас болат  
қайсар елміз,  
Қайтарған жеңіспенен қанды кекті.

Ақындар шаттық жырын нөсерлетті,  
Домбыра көңіл күйін шалқи шертті.  
Күн күліп, өмір күліп, елім күліп,  
Кең-байтақ Отан жерін емірентті.

Қуаныш кеуде керіп, ойды тербеп,  
Ақсұңқар аспанға ұшты  
қанат сермеп.  
Ақсұңқарым — әділет, Жеңіс күні —  
Қанатын күн аймалап көкке өрлеп.

Сақтаған Ұлы Отанды зор апаттан,  
Еліме Күн боп шығып, таң боп атқан.  
Мың алғыс,  
миллион алғыс халқымызға,  
Жеңіспен салтанатты той тойлатқан!

1945 ж.

## СҮЙГЕН ЖАР

Тіршілікте не көрмеді ғазиз бас,  
Кейде шаттық,  
кейде қайғы көзде жас.  
Шаттығына әркім ортақ, дос та көп,  
Қайғына ортақ шын  
адал дос табылмас.

Қайғы атына бірдей жаным күйетін,  
Ыстық жүрек, ақ көңілмен сүйетін.  
Адал ана, асыл жарым, ардақтым,  
Қағбамдай-ақ алдында бас иемін.

Жарым болып, жаман атақ тақпадың,  
Ана болдың, ана атынды ақтадың.  
Айнымайтын адал досым бір өзін,  
Сүйген жарым,  
сенсің менің мақтаным.

Мақтанамын сенің биік жаныңа,  
Мақтанамын адамшылық арыңа.  
Отқа, суға, түссең-дағы қажыма,  
Жүрегіңе мені сақтағаныңа.

Қайғы бұлты шөксе-дағы басыңа,  
Жасым жетпей ақ кірсе де шашыма.  
Жаным сенбес,  
жаным жас боп қайтармын,  
Сүйген жарым, жабырқама, жасыма.

Ит боп үріп, мен ешкімді қаппадым,  
Қастық жасап кісіге оқ атпадым.  
Алтын көріп, адал жолдан таймадым,  
Сұғанақ боп арам астан татпадым.

Мен кісінің қол созбадым бағына,  
Мен ешкімнің таласпадым тағына.  
Кең дүние жолына даңғыл боп жүріп,  
Кез болыппын сүрінетін шағыма.

Қарлаг. Теміртау лагері. 1952 ж.

## АҒАЙЫН

Құлқының күшті арыңнан,  
Саған қайтып жағайын.  
Мал ардақты жаныңнан,  
Қай бабынды табайын.  
Сөзінде жоқ береке,  
Ісінде жоқ тағайын.  
Іздегенің әреке,  
Жалмағаның маңайың.

Бақ тұрғанда басында,  
Жағалаған ағайын.  
Қошеметтеп, құрметтеп,  
Қамалаған ағайын.  
Басыңнан бақ тайғанда,  
Табалаған ағайын.  
Дұшпанына жалтақтап,  
Сағалаған ағайын.  
Басынды емес, асынды,  
Бағалаған ағайын.  
Қылығын айтсаң жауығып,  
Абалаған ағайын.

Бас аманда бауырмал,  
Жақындасқан ағайын.  
Айтқаныңа бас изеп,  
Мақұлдасқан ағайын.  
Жау жағадан алғанда,  
Тақымдасқан ағайын.  
Ажал алмақ болғанда,  
Бақұлдасқан ағайын.

1950 ж.

## ҚАЙРАН ҚАЗАҚ

Кешегі сол қызыл тажал тағы да,  
Қайта қонды қан сасыған тағына.  
Қан жылаған қалың қазақ сорына,  
Сұм-сұрқия жебірлердің бағына.

Баяғы алдау, баяғы арбау – өтірік,  
Сорлатты елді берекесін кетіріп.  
Жалған сөзбен  
жалықтырды халықты,  
Көке мылжың аузы-басы көпіріп.

Момын елді емексітіп алдады,  
Жарылқайтын  
айтпаған сөз қалмады.  
Қайран қазақ қайыршыға айналды,  
Жалмауыздар  
ел байлығын жалмады...  
1999 ж.

\* \* \*

Қартайдым, қайғы басып,  
көңіл күңгірт,  
Жалғыз ессіз қалғандай дүние  
жым-жырт.

Құрбы-құрдас,  
дос-жардан жұрдай болдым,  
Бәрі безіп кеткендей айналып сырт.

Біреуі де қалмапты құрдасымның,  
Көңілқосым –  
тілектес, сырласымның.  
Жұртта қалған кәрі иттей  
сорлы болдым,  
Қасіреті асып жатыр бір басымның.

Мұндасар жан,  
сырласар досым қалмай,  
Тигендей қартайғанда тасқа маңдай.  
Құлазып күйінемін, күңіренемін  
Қамалған тар қапасқа  
жалғыз жандай.

Өкініш, өксуменен өткен өмір,  
Енді айналып келмеске кеткен өмір.  
Ауыр жүгін арқалап кәріліктің,  
Сексеннің төртеуіне жеткен өмір.

2000 ж.



*Сапарнама*

**Наталья  
ГОРЯЧЕВА**



# ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ЖАЗУШЫЛАРЫ МӘДЕНИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

2025 жылы 10 желтоқсанда Қазақстанның Бейжіңдегі Мәдени орталығында өткізілген «Қазақ және қытай жазушылары» тақырыбына арналған халықаралық конференция екі әдеби әлемді, уақытты сезінудің екі тәсілін, мәңгілікті бейнелеудің екі жолын тоғыстырған маңызды шара болды. Сөз өнері өзінің мәңгілік миссиясы – мәдениеттерді біріктіру және халықтарды жақындастыру екенін тағы да дәлелдеді.

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов пен Қытай Халық Республикасы Жазушылар одағы төрағасының орынбасары У Ицинь ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Географиялық орналасуы тұрғысынан ғана емес, терең тарихи жад тұрғысынан да тығыз байланысып жатқан екі ел үшін бұл оқиға мәдени жақындастықтың жаңа кезеңінің рәмізіне айналды. Тараптар екі ел қаламгерлерінің әдеби шығармаларын өз тілдеріне аудару және басып шығару, бірлескен әдеби форумдар мен академиялық семинарлар өткізу тәрізді тығыз бірлесе әрекет етуді одан әрі нығайта түсуге ынталылық танытты. Бұл келісімдер екі ел арасындағы байланысты кеңейте түсумен қатар мәдени диалогты тереңдетіп, жазушылар арасында тікелей қарым-қатынас орнатуға және шығармашылық тәжірибе алмасуға арналған кеңістік қалыптастырады.

Мәдени іс-шара кеңес және қазақ жазушысы, акын, фольклортанушы, баспагер, этнограф, аудармашы Зейнолла Сәніктің шығармашылығына арналған кітап көрмесінің ашылуымен басталды. Оның қаламынан «Тау жұлдызы», «Қазақтың тұрмыс-салт білімдері», «Қаракерей Қабанбай», «Хан батыр Қабанбай», «Қайрақбай», «Басбай», «Сергелден», «Із», «Тұғырыл хан – Демежан батыр», «Сүлеймен би» және басқа еңбектер дүниеге келген. 2016 жылы «Ан Арыс» баспасы Зейнолла Сәнік пен Жанат Зейноллақызының «Қазақ этнографиясы» атты еңбегін жарыққа шығарды. Бұл шығармада тарихи тұлғалар, батырлар мен жыраулар туралы мәліметтер жинақталып, қағазға түсірілген.

Зейнолла Сәнік Қытайда дүниеге келіп, өмірінің басым бөлігін осы елде өткізді. Тек 65 жасында ғана тарихи Отанына оралып, Алматы қаласына қоныстанды. Жазушы 2013 жылдың қыркүйегінде өмірден өтті. Оның ұлы, Қытай Халық Республикасындағы ірі кәсіпкерлердің бірі, меценат Қанат Сәнік әкесінің атындағы қорды құрды. Айта кету керек, осы халықаралық конференцияны ұйымдастырушылардың бірі де Қанат Зейноллаұлы. Қордың басшыларымен қатар, Қытайға сапарды ұйымдастыруға Қазақстан Жазушылар одағы, Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Елшілігі және Бейжіңдегі Қазақстанның Мәдени орталығы кураторлық етті.



Конференция барысында Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов жаһандану дәуіріндегі мәдени байланыстың ең тиімді құралдарының бірі – сапалы аударма екенін атап өтті. Оның айтуынша, тек кәсіби, терең ойластырылған аударма ғана түпнұсқаның тынысын, ішкі әуені мен ырғағын сақтай алады. Сондықтан аударма қызметін жаңа деңгейге көтеру, оны жүйелі әрі саналы түрде дамыту бүгінде қазақ және қытай әдебиеті арасында шынайы рухани көпір құру жолындағы ең өзекті міндеттердің біріне айналып отыр. Ол екі ел арасындағы рухани байланыстарды тереңдету жас аудармашыларға қолдау көрсетуді және осы бағытты дамыта түсуді талап ететінін айырықша атап өтті. «Екі ел арасындағы рухани байланыстарды нығайту жас аудармашыларды қолдауды және бұл бағытты дамытуды қажет етеді. Әдебиет – адамзатты жақындастыратын ең нәзік әрі ең қуатты күш. Біз – сол әдебиеттің елшілеріміз. Бүгінгі сапарымыз ұрпақ жадында сақталатын және тарихта қалатын ірі мәдени әрі әдеби бастамаға айналады деп сенемін», – деді ол.

Мереке Құлкенов өзінің құттықтау сөзінде Қазақстанның Қытайдағы Мәдени орталығына ерекше тоқталды. «Бүгін біз Бейжіңде ашылған Қазақстанның шетелдегі алғашқы әрі әзірге жалғыз Мәдени орталығында кездесіп отырмыз. Бұл орталық ұзақ дипломатиялық келіссөздер мен ең жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтардың нәтижесінде құрылды. Оның ашылуына төрт ай бұрын Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев арнайы қатысқан болатын».

Мәдени орталық шынымен ерекше әсер қалдырады. Ол Бейжіңнің орталық бөлігіндегі ең беделді аудандардың бірінде, «XXI ғасыр» бизнес-орталығында орналасқан және 600 шаршы метрден астам аумақты алып жатыр. Орталықтың ішіне кірген сәтте-ақ ерекше сезімге бөленесіз. Киіз үй пішінінде жасалған кіре берісінің өзі ұлттық нақышта безендірілген, бірден көңіліңіз көтеріліп, жанға жайлы жылылық пен тыныштық сезіледі. Сақ дәуіріне жататын бұйымдардың көшірмелері, Есік және Берел қорғандарынан табылған жәдігерлер, қазақ халқының күнделікті тұрмысынан алынған элементтер – мұның бәрі жай ғана әйнек сөрелің артына қойылған әшекей емес, әрқайсысы өзінше сыр шертетін қасиетті мұра. Дәстүрлі музыкалық аспаптар, ұлттық әшекейлер мен тұрмыстық заттар қазақ мәдениетінің тұтас, тірі бейнесін құрайды. Мұндағы әрбір заттан өткен дәуірлердің тынысы

сезіліп тұрғандай. Экспозицияны қазақстандық суретшілердің туындылары, ел тарихы мен мәдениетіне арналған сирек кітаптар толықтырған. Ал мультимедиялық экрандар кеңістікті жандандырып, келушілердің деректі фильмдер мен бейнематериалдар арқылы Қазақстанды жақынырақ тануына мүмкіндік туғызады: табиғи кеңістіктер мен мәдени ландшафттарды көруге, елге іштен көз жүгірткендей әсер алуға жол ашады.

Мәдени орталық тірі организм іспетті – үнемі қозғалыста. Мұнда қазақ дәстүрлеріне, өнеріне, тіліне, тарихына және ұлттық асханасына арналған іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Әсіресе қазақ тілі кабинеті ерекше маңызды. Мұнда ересектер мен балалар білім алады. Музыка және шығармашылық кабинетінен домбыра мен кобыздың үнін естисіз, мұнда шеберлік сабақтары өткізіліп, Қазақстаннан келген музыканттар мен әртістер концерт қояды. Мұндағы музыка – рух пен жүректің үні.

Орталықтағы кітапхана мен оқу залы қазақстандық авторлардың әр дәуір мен жанрға жататын шығармаларын ұсынады. Экспозицияның өзегі – ұлы ақын әрі ойшыл Абайдың кітабы. Орталыққа келген әрбір қонақ Абай портретінің жанында суретке түсуге ұмтылады. Ешбір әсірелеусіз айтсақ, Қазақстанның Бейжіңдегі Мәдени орталығы – жай ғана мәдени алаң емес, екі ел халқының мәдениеті, алуан түрлі замандар мен дәуірлердің, сол



кездерде өмір сүрген адамдардың тыныс-тіршілігінің тоғысқан кеңістігі. Бұл – Қазақстан мен Қытайдың тең дәрежеде тілдесіп, ұғынысатын орны.

Қазақстанның Мәдени орталығы туралы сөз қозғағанда, оның ашылу салтанатында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың мына сөзін айналып өту мүмкін емес. «Қытайда: «Бір гүлдің шешек атқанынан көктем келе қалмайды, көктем барлық гүлдер жайнағанда ғана келеді» деген сөз бар. Әртүрлі мәдениеттер, идеялар мен өркениеттер өзара байланысып, үйлесімді қатар өмір сүргенде ғана бірін-бірі байытып, адамзаттың дамуы мен өркендеуіне жол ашады», – деді Мемлекет басшысы. Ал Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин өзінің «Адамзаттың біртұтас тағдыры қауымдастығын бірлесе құру» атты еңбегінде тек бірлесіп әрекет ету, өзара құрмет пен қолдау арқылы ғана «бүкіл адамзат үшін жарқын болашақ қалыптастыруға болатынын» атап көрсетеді. Оның «Бір белдеу – бір жол» бастамасы да осы идеяға негізделген. Қазақстан Президенті мен ҚХР Төрағасының көзқарастары өзара үндесіп жатқанын конференцияда айтылған ойлар да дәлелдей түсті.

Конференция барысында Қытай Жазушылар одағы төрағасының орынбасары У Ицинь екі елдің арасындағы шығармашылық байланыс пен өзара аударма жасауды жандандыра түсуге бағытталған ойларын ортаға салып, нақты ұсыныстар айтты. Ол Зейнолла Сәніктің шығармашылық мұрасына және Қазақстан мен Қытай халықтарының әдеби дәстүрлерін байланыстыратын мәнді де мағыналы шаралар өткізіп тұру қажеттігіне баса назар аударды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Архивтер, құжаттама және кітап ісі комитетінің төрағасы Рустам Әли, меценат Қанат Сәнік, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, республикалық әдеби «Простор» журналының бас редакторы Фархат Тамендаров баяндама жасады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы Бексұлтан Нұржекеұлы екі ел арасындағы әдеби байланыс тарихына және Зейнолла Сәніктің шығармашылық мұрасын ауқымды мәдени тұрғыда зерделеу керектігін айтты. Жазушы әрі аудармашы Ақбар Мәжит Қазақстан мен Қытай жазушыларының шығармаларын өзара аудару мәселелеріне тоқталып, оның әдеби диалогты дамытудағы шешуші рөлін атап өтті. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы Кәдірбек Сегізбай тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің дамуы туралы баяндама жасады.

Кездесу соңында Қазақстан мен Қытай ақындары өлең оқып, ілеспе аударма мамандары аударып отырды. Нәтижесінде әзіл мен ду кол шапалаққа толы, шынайы әрі жанды диалог қалыптасты. Республикалық «Простор» журналының бас редакторы Фархат Тамендаров «Саздан соққан сарбаз кірді түсіме» атты өлеңін оқығанда Бейжіндегі «SICC» телеарнасының тілшісі онымен сұхбат жүргізуге тілек білдірді. Бірнеше сағаттың ішінде конференцияға арналған бейнеролик дайындалып, екі ел арасындағы поэтикалық диалогтың рәмізіне айналған осы өлең таспаға түсірілді.

Желтоқсан айының Бейжінде өткен сол күні әдебиетте шекара болмайтынына тағы бір мәрте көз жеткіздім.

## МО ЯНЬМЕН КЕЗДЕСУ

Маңызды әдеби кездесулер әрдайым көпшіліктің алдында, фотоаппарат жарқылының қоштауымен өте бермейді. Көбінесе олар тыныш та оңаша жерде өтеді, сонда маңызы да тереңдей түседі. Бейжінде жүргенде уақытты ерекше сезінесің. Мұнда уақыттың жылжуы бір бағытта жүрмейді, өткен шақ пен осы шақ қатар өмір сүреді. Қазақстан Жазушылар одағының басқарма төрағасы мен Нобель сыйлығының лауреаты, әлем әдебиетіндегі ең танымал тұлғалардың бірімен кездесуі алғашқы минуттардан-ақ әдеттегі таныстықтың шеңберінен шығып кетуінің себебі осы болса керек. Мереке Құлкенов пен Мо Янь кітап туралы ғана емес, сол кітаптардың артында тұрған мән-мағына жайында әңгімелесті. Кездесуде қазіргі заман тудырып отырған жаңа тақырыптар, жазушының оқырман алдындағы жауапкершілігі, қазақ-қытай әдеби ынтымақтастығының келешегі сөз болды.

Мереке Құлкенов Мо Яньнің прозасы туралы айта келіп, оның: шығармалары терең ұлттық сипатта болғанымен өзге мәдениет оқырманына да түсінікті екенін атап өтті. Өз кезегінде Мо Янь қазақ әдебиетіне шынайы қызығушылық танытып, оның эпикалық тынысын, дала философиясын, ауызша дәстүр мен заманауи көркем ойды ұштастыра білетінін жоғары бағалады. Сондай-ақ ол қазақстандық авторлармен бірлескен жобаларға қатысуға дайын екенін білдірді. Мо Янь 2026 жылы 23 маусымда Алматы



Мереке Құлкенов пен Мо Янь

қаласына келіп, қазақстандық ақындар мен прозашылармен кездесу өткізеді. Осындай кездесулерде бір нәрсені айқын сезінесің: мәдени байланыс декларация арқылы емес, өзара сенімнен, бірін-бірі ести білуден және естілуге дайын болудан туындайды. Бұл кездесу екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға және халықтар арасындағы рухани ықпалдастықты тереңдетуге бағытталған маңызды қадамдардың бірі болды.

## ГУГУН МУЗЕЙІ

Қытайға сапар барысында біздің делегация Бейжіңнің көптеген маңызды орындарында болды. Алғашқы күні Жабық қалада (қазіргі Гугун музейі) болдық. Ертеде бұл жерде Көк Тәңірінің өзі, кейін оның ұлы – император өмір сүрген. Сондықтан «жабық» деген сөз бұл жерде теңеу де, поэтикалық тәсіл де емес, тура мағынасындағы анықтама. Қарапайым адамдар үшін бұл қала, дәлірек айтқанда, Мин мен Цин әулеттері императорларының резиденциясы болған алып сарай кешені тура мағынасында жабық болған. Билеуші әулет мүшелерінің, толып жатқан қызметшілер мен күндердің өмірі осы қабырғалардың арғы жағында өтті. Әміршінің арнайы рұқсатынсыз бұл жерге кірмек болған қарапайым пенделер баяу өтетін азапты өлімге бұйырылатын. Соған қарамастан, кейбіреулерді мұндай сұмдық жаза да тоқтата алмапты. Қызығушылық қорқыныштан күшті болып шыққан. Бірақ біздің гид сол бір батыл жандардың тағдыры туралы әңгімелей қойған жоқ, біз де сұрамадық – назарымызды ежелгі ағаш құрылыстардың ұлылығы мен ауқымы, Қытай императорлары билігінің рәмізі болған осы кешен жаулап алған болатын.

Кіре берісте келушілердің сіріңке немесе оттық алып кірмеуін неге қатаң тексеретінін бірден түсіндік. От тұтатқыш заттарды алып өтуге қатаң Жабық. Ағаштан тұрғызылған Жабық қала ежелден өртке бейім болған. Сондықтан мұнда жылыту жүйесі ерекше ойластырылған: тұрғын ғимараттардың еденінің астына ыстық су өтетін құбырлар орнатылған, ал жылу көзі сарайдың сыртында орналасқан. Сонымен қатар, жылыту үшін жанған кезде түтін де, иіс те шығармайтын ағаш көмірі салынған арнайы мангалдар пайдаланылған. Желдету тесіктері туралы сұрағанымызда гид қабырғалардағы көзге әрең ілінетін ұсақ саңылауларды көрсетті.

Жабық қаланың аумағы 72 гектар. Көзге елестету қиын, бірақ шамамен жүз футбол алаңына тең. 980 ғимараттағы бөлмелердің саны 9999-ға жетіп жығылады. Аңыз бойынша, Аспан Әміршісінің сарайында он мың бөлме болыпты. Ал оның жердегі ұлы – император үшін кішіпейілдіктің белгісі ретінде бір бөлме кем салынған. Әрине, бөлмелердің нақты саны мен аңызда айтылған жәйт дәл келе бермейді, бұл жерде маңыздысы – арифметика емес, символика. Билік пен тұтастықтың белгісі болып саналатын Тоғыз саны бұл кешенде мантра немесе лейтмотив секілді қайталанып отырады. Жабық қалаға барған соң нумерологияға сенбейтіндер де ойланып қалады. Ежелгі қытай дүниетанымында жұп сандар әйелдердің табиғатымен, тақ сандар ерлердің табиғатымен байланысты. 9 – ең үлкен тақ сан, сондықтан ол ерлерге қасиеттердің ең жоғарғы дәрежесін білдіреді. Көне мәтіндерде тоғыз – «ең жоғарғы ерлік» деп аталады, сол себепті бұл сан елдің басты ер-азаматы – императордың бейнесімен байланыстырылған. Айтпақшы, соңғы билеуші әулет туралы айта кетейік. Жабық қалада билік құрған соңғы әулет – Цин әулеті болды. Оның тағдырына қатысты көне сәуегейлік айтылыпты: бұл әулет әйелдің қолынан күйреп тынады делінген екен. Белгілі бір тұрғыда солай болды да. Күйеуі қайтыс болғаннан кейін бұрын оның кәнізагы болған Цыси кіс жүзінде Қытайды өзі басқарған, тіпті өзінің екі жасар жиені Пу И ресми мұрагер деп танылған кезде де билікті уысынан шығармапты. Бұл бала Аспан асты елінің соңғы императоры әрі Жабық қаланың соңғы қожайыны болды. 1912 жылы бес жасқа толған ол тақтан бас тартты. Пу Идің тағдыры күрделі болды: Қытай императоры әрі «Аспан ұлы» атанған баладан КСРО түрмесіндегі тұтқынға дейінгі жолдан өтіп, кейін социалистік Қытайда қарапайым азамат ретінде архивші және бағбан болып жұмыс істеген. Ол 1967 жылы қайтыс болып, ақталып, ата-бабаларының жанына құрметпен жерленді.

Жабық қала биік қабырғамен және су толтырылған ормен – Алтын өзен Цзиньшуйхэмен қоршалған. Өзеннің үстінен бірнеше көпір салынған, олардың әрқайсысының өз қызметі болған: біреулері тек император әулетіне арналған, екіншілері жоғары дәрежелі шенеуніктер үшін, ал шеткілері «қоғамдық» көпірлер саналған – олармен сарайдың барлық тұрғындары жүре алатын болыпты. Мұндағы сәулетшіліктің өзінен дүниенің қатаң тәртібі көрініс тапқан. Біз көптеген залдарды (сарайларды көрдік. Олардың кейбірі іс жүзінде пайдаланылмаған, дәлірек айтқанда, өмірде бір-ақ рет қолданылған – мысалы, таққа отыру рәсімі немесе үйлену тойы кезінде. Тағы бір қызық жайт – Жабық қалаға Оңтүстік қақпа арқылы кірген адам міндетті түрде Солтүстік немесе Шығыс қақпа арқылы шығуы тиіс. Қаланың ішіндегі қозғалыс қатаң түрде оңтүстіктен солтүстікке бағытталған, ал келген жолмен кері қайтуға тыйым салынған. Бұл ереже келушілер ағынын реттеу және бейберекеттікке жол бермеу үшін ойластырылған. Күн сайын музейге қырық мың адам келеді, жергілікті тұрғындар билетті бір апта бұрын сатып алуға міндетті. Ал шетелдіктер экскурсияға келген күні-ақ төлей алады. Осы себептен болар, қытайлар Жабық қалаға ерекше дайындықпен келеді. Ұлттық киім киіп, бетін опалаған, ернін қып-қызыл қылып бояп алған қыз-келіншектер көп. Делегациямыздағы ер адамдар экзотикалық сұлулармен бірге суретке түсті.

Жабық қаладан шыққанда ерекше сезімге бөленесің: музейден емес, тылсым уақыттың өзінен шыққандай күй кешесің. Жабық қала бұл күндері ашық, бірақ оның құпия сырлары әлі толық ашылған жоқ.

## АБАЙ ЕСКЕРТКІШІ ЖӘНЕ ЮАНЬ СИКУНЬ

Жабық калаға барған күннің ертесіне біздің делегация «Чаоян» саябағында болып, Абай Құнанбайұлының ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Көне алаңдар мен сарайлардың империялық салтанатынан кейін кәдуілгі адами ойға, сөзге, мәдениеттің адамдық өлшеміне қайта оралғандай болды.

Ескерткіш «Цзиньтай» көркемөнер музейінің маңында орналасқан. Ол 2014 жылғы 19 наурызда Қытайдағы қазақ халқының мәдени мұрасын тану мен достықтың рәмізі ретінде орнатылған. Ескерткіштің авторы – белгілі қытай мүсіншісі Юань Сикунь.

Саябаққа келгенде бізді Юань Сикуньнің өзі қарсы алды. Ол менің жадымда бөкене бойлы, егде тартқан, жүзі жұмсақ, көзінің нұры таймаған адам ретінде сақталып қалды. Юань Сикунь – ерекше тұлға. Тек суретші әрі мүсінші ғана емес, сонымен бірге меценат. Ол үшін өнер – халыққа қызмет етудің бір түрі. Меніңше, оның ең жоғары жетістіктерінің бірі – «Цзиньтай» көркемөнер музейін ашуы. 1996 жылы құрылған бұл музей бағалы өнер туындыларының қоймасы ғана емес, сонымен қатар мәдени іс-шаралар өтетін алаңға айналды. «Мен арыстанның суретін ақша табу үшін саламын, – дейді Сикунь. – Сол ақшаға құмыра сатып аламын. Құмыраларды бала оқытуға пайдаланамын. Ол қандай құмыра? Шет елдерен қайтарылған қытай жәдігерлері. Мен оларды «Цзиньтай» көркемөнер музейіне қоямын». Бұл сөзде халыққа қызмет ету философиясы жатыр – өнер халықтың меншігі, сондықтан оған қайтып оралуы тиіс.

Музейде Юань Сикуньнің отанына қайтарған баға жетпес жәдігерлері көп: көне жиһаздар, суреттер, бюстер мен мүсіндер. Біз «қасиетті орынға» – оның шеберханасына да кірдік. Юань Сикуньнің қолтаңбасы бірден танылады: оның барлық мүсіндерінен қозғалыс, тіршілік күші сезіледі. Саябақта серуендей жүріп Магеллан, Хосе Артигас, Тупак Амару II және басқа тарихи тұлғаларға арналған ескерткіштерді көріп, қатты таңғалдық.

Юань Сикуньнің шығармашылық жолы отанынан кеткен соң ғана мойындалған көптеген суретшілердің тағдырына ұқсайды. 1980 жылдардың басында ол Қытайдағы Жапония елшілігінің қызметкеріне үйленіп, Токиоға қоныс аударды. Ол жақта Жапония король әулетінің мүшелері мен жоғары лауазымды тұлғалардың портреттерін салу арқылы кеңінен танымал болды. 1991 жылы суретшіге Жапонияның сол кездегі премьер-министрі Тосики Кайфудың портретін салу тапсырылды. Бұл туындылар теледидардан көрсетіліп, Юань Сикунь бір сәтте әйгілі болып шыға келді. Содан бастап оның шығармашылығына отанында да айырықша назар аударыла бастады.

Бүгінде Юань Сикунь – шетелдік 152 мемлекет қайраткерінің тушыпен салынған портретінің авторы, сол үшін оны «портреттік дипломат» деп атайды. Сонымен қатар саясатта, спортта және өнерде танылған әлемдік көшбасшылардың 160-тан астам мүсінін жасаған. Юань Сикунь елдер арасындағы мәдени алмасудың күшіне шын жүректен сенеді.

«Осындай жеке мәдени алмасулар бүкіл әлемдік қауымдастықта өркениеттің дамуына үлес қосады деп үміттенемін», – дейді ол. Сондықтан да 2015 жылдан бері Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Елшілігінің бастамасымен «Цзиньтай» музейінде жыл сайын «Абай оқулары» өткізіліп келеді. Абайдың қоладан құйылған мүсіні мен дауыстап оқылған сөздері өзге елде, бөтен мәдениетте, басқа тілде айтылса да мағынасының тереңдігі сол күйі сақталып қалғанына сенімдіміз.

## ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНА ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ӘДЕБИЕТ МУЗЕЙІ

Делегация сондай-ақ Қытайдың Ұлттық кітапханасында болды. Бұл – елдегі ең ірі кітап қоймасы, үздіксіз қозғалыста өмір сүріп жатқан кеңістік. Келушілер үшін кітапхана жыл бойы ашық, онлайн-ресурстары тәулік бойы қолжетімді. Кітапханаға күн сайын он мың адам келеді екен.

Ұлттық кітап қоры қытай тіліндегі басылымдармен ғана шектелмейді, мұнда шетел тілдеріндегі әдебиеттердің де елдегі ең ірі қоры жинақталған. Соның ішінде қазақстандық әдебиет орталығы да бар. Ол Қазақстанның Ұлттық академиялық кітапханасының бастамасымен, Қытай Мәдениет министрлігінің қолдауымен құрылған. Бұл орталықта еліміздің тарихына арналған кітаптар, белгілі қазақ жазушыларының қазақ, орыс, ағылшын және қытай тілдеріндегі шығармалары ұсынылған. Жалпы алғанда, кітапхана қорына екі жүзден астам басылым тапсырылған.

Біздің сапарымыздың келесі нүктесі – Қытайдың заманауи әдебиетке арналған ұлттық музейі болды. Бұл – әлемде осы бағытта құрылған алғашқы әрі ең ірі музей. Оның экспозициясы 1919 жылдан бастап бүгінге дейінгі әдеби даму кезеңін қамтиды.

Жазушы әрі аудармашы Ба Цзиньнің бастамасымен құрылған музейде бұл күндері Қытайдың қазіргі заман авторларына тиесілі 800 мыңнан астам қолжазба, хаттар мен құжаттар сақтаулы тұр. Бұл – бір мезетте көрме залы, кітапхана және архив қызметін атқаратын нағыз қазынаның өзі.

Музей қорында көне кітаптар, карталар мен қолжазбалардың аса ауқымды жинағы бар екен – олардың саны 2,5 миллионнан асады. Қазақ ақыны Таңжарық Жолдыұлына арналған стендті көріп қуанып қалдық. Өкінішке қарай, оның есімін көпшілік біле бермейді. Бірақ дәл осындай тұлғалар өз тағдыры арқылы халықтың мәдениеттер мен шекаралардың арасында қалып қойған бір бөлігінің болмысын айқын көрсетеді.

Таңжарық Жолдыұлы – ақын, ағартушы, қоғам қайраткері, артына отыз мыңға жуық өлең қалдырған тұлға. Ол ірі тұлға болатын. Істің адамы еді. Бейімбет Майлиннің «Шұға» пьесасының алғашқы театрлық қойылымын ұйымдастырып, Қытайдағы қазақтардың тұңғыш газеті – «Іле өзені» басылымын негіздеп, бұл елдегі қазақтардың жазба әдебиетінің бастауында тұрған нақ осы Таңжарық Жолдыұлы.

Ақын туған жеріндегі оқиғаларды мұқият қадағалап отырған, «Қазақ» және «Айқап» газеттерін оқыған. Араб және парсы тілдерінен бөлек, қытай тілін де меңгерген, сөйтіп ол екі ел мәдениеті арасындағы шынайы дәнекерге айналды.

1923 жылы Таңжарық Жолдыұлы Қазақстанға келіп, орыс-қазақ мектебіне оқуға түседі, алғаш рет тарихи Отанының шынайы, кітаптан тыс өмірін көреді. Бұл тәжірибе оның өмірінде шешуші рөл атқарды. Қытайға оралған соң ол мәдени-ағартушылық қызметке бұрынғыдан да зор жігермен кірісті: газеттер шығарды, театрлардың ұйымдастырылуына көмектесті, қазақ-қырғыз мәдени-ағартушылық қозғалысы жетекшілерінің біріне айналды. 1940 жылы ақын тұтқындалып, түрмеге қамалады. Бірақ темір тордың арғы жағында да жазуын тоқтатпайды. Таңжарық Жолдыұлы Қытайда оның есімін қорықпай айтуға болатын заманға жете алмай, дүниеден өтті...

Маңызды әрі символдық мәні бар қадамдардың бірі – делегациямыздың жетекшісі, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлқеновтің музей қорына жасаған сыйы болды. Ол музейге көрнекті қазақ жазушысы, филолог, қоғам және мемлекет қайраткері Әбіш Кекілбаевтың

жиырма томдық шығармалар жинағын, сондай-ақ қазақ классиктерінің өзге де басылымдарын тарту етті. Бұл сый – қазақ әдебиетінің рухани қазынасын әлемдік мәдени кеңістікке танытудың айқын белгісі әрі мәдени ықпалдастықтың нақты көрінісі болды.

## ҚЫТАЙДЫҢ ҰЛЫ ҚОРҒАНЫ

Сапардың соңғы күні біздің делегация Қытайдың ұлы қорғанына барды. Әрине, мұндай серуенге жылдың бұл мезгілі аса қолайлы емес – қыста Бейжіңде үскірік жел тұрады. Алайда жолымыз болды: табиғат мінез танытпай, жоғарыдан себелеген ұсақ қардан басқа ештеңе кедергі келтірмеді. Бірнеше шақырым жол жүріп, бір қарауыл мұнарасынан екіншісіне көтеріліп, төменге көз тастап, осындай ұлы құрылыс не үшін салынғанын түсінуге тырыстық. Тарих деректеріне сүйенсек, қорған солтүстіктен төнген көшпелі тайпалардың шапқыншылығынан қорғану үшін тұрғызылған. Бірақ шынын айтқанда, бұл жерде оған сену қиын: ағаш қалың өскен биік қырқалар мен тауларды ат үстінде енсеру оңай емес сияқты. Бұл құрылыстың басты мақсаты қорғану емес, «өркениет» шекарасын айқындау, елдің қуаты мен ұлылығын әлемге паш ету болғандай әсер қалдырды.

Ұлы Қытай қорғаны б.з.д. III ғасырдан бастап бірнеше ғасыр бойы салынған. Барлық тармақтарын қоса есептегенде ұзындығы 21196 шақырым. Біз оны түгел аралап шығу үшін қанша уақыт кететінін есептей бастадық. Күніне кемінде елу шақырым жүрсен, шамамен бір жыл уақыт жұмсайды екенсің. Ондай ерлік, бәлкім, Гиннестің рекордтар кітабына енуді мақсат еткендерге ғана бұйырау. Арамызда ондай батылдар табыла қоймады. Оның үстіне, қорған толық қалпына келтірілмеген: желдің кесірінен көптеген бөліктері келушілер үшін жабық. Кей тұстарда тек тас жол ғана қалып, қоршаулар болмағандықтан туристерді жел ұшырып әкетуі әбден мүмкін.

Сапардан оралған соң журналымыздың бас редакторы Фархат Тамендаров алған әсерін өлең жолдарына түсірді.

Күңтізбемде белгі тұр:  
Бүгін Қытай қорғанын басып алдым.  
Мұнарадан көрдім бабалар көлеңкесін,  
Қар жауып, олардың ізін жапты.  
Екі күннен соң Жабық қалаға  
Далалық жаным жетелеп апарды.  
Әр бұрылыста – жау елесі,  
Әр ғибадатханада – бөгденің көлеңкесі.  
Бүгін, жиырма бірінші ғасырда,  
Жау болма, дос бол, адамзат.  
Кітапханалар жақындатсын бізді,  
Жер де ортақ бізге, Жол да ортақ.

Бейжің артта қалды – құдды бір сапарда оқып тауыса алмайтын көп қырлы мәтін секілді. Ол жақтан әсерленіп қайттық, Қытайға деген көзқарасымыз өзгеріп кеткен сияқты. Бұл – көне тарихы бүгінгімен тайталаспай, қатар өмір сүретін, болашағы соңғы онжылдықтағы таңғаларлық экономикалық серпілістен де ауқымды көрінетін ел. Алайда сапардың басты қорытындысы – ынтымақтастық болды. Қол қойылған меморандум қытай авторларының үнін естуге мүмкіндік берумен қатар сол елдің мәдениетіне қазақстандық әдеби кеңістікке тереңірек бойлауға жол ашады.



*Жадындағы  
жазбалар*

**Тұрсын  
ЖҰРТБАЙ**



## БЕСҚАРАҒЕР

**КЕРБЕЗ КІРПИАЗДЫҢ МЫСТЫ МИЫҒЫ**

*(Ғабит Мүсірепов)*

Кірпігіне ғана емес, жандүниесіне де қылау түсірмей, тәнін де, жанын да сондай бір кербез кірпияздықпен тазалап;

келбетіне де, көңіліне де кір қалдырмай, қазақы тіркеспен тура мағынасында айтқанда (лықсымалы ойды күрделендірмес үшін әдейі тасымалдап бердім):

«тоғыдайын таранып, сұңқардайын сыланып»;

мынау жалғанды менсінбегендей жанарын тіршіліктің иығынан асыра пан қарап;

дүниенің еңсесін мысқылды миығынан төмен ұстап;

жалпымен де, жалқымен де аралықты алыстатпай, не жақындатпай, кеудесінен де өзіне тартатын;

миығынан мысқылдай сынай қараған сұсы өңменнен өтетін;

бір сөзбен қайырғанда, мынау ғаламды демімен ішіне тартып ап, дымын біртіндеп қана сыртына шығаратын пенде атаулының ішіндегі мысы басым бір де, бірегей тылсым иесі – қазақ көркем ойының нысаналы сұңқары Ғабен – Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов еді.

Сыртының өзі осындай аса кірпияз, кербез, мысы басым көрінетін Ғабеннің ішкі жандүниесінің жүйке талшықтары да тістескен тікенді тамыр сияқты күрделі, қарама-қайшылықты, жанкешті аласапыранға толы, тереңге тартатын иірімді, қатпар-қатпарлы: «Ақын-жазушы көп пернелі, көп ішекті домбыра сияқты. Әр қайсысының өз пернесі бар. Құлағын қалай бұрадың, пернелерін қалай түзедің – ол солай сөйлейді» («Күнделіктен», Ана тілі, 1997, 84-бет), – деп өзі айтқандай, ол өзінің құлақкүйін өзі ғана білетін пернелі «перне», шерлі «ішекті», сырлы еді.

Ол, бейне бір, беті тынып қана жататын, ал тереңіне тартқанда, мынау жеті қат жердің астындағы арпалысты ағыстарға ұқсайтын. Сырты – миығынан мысқыл ажырамайтын кірпияз кербез, ал жандүниесі – толассыз буырқанған мұхиттың дүлей (тайфун) толқыны сияқты болатын. «Өткен күннің өкілі болып қалудың қасіретін сезбейтін де бір адам болады, ә?» («Күнделіктен», 80-бет), – деп өзі таң қалса – таң қалатындай мимырт можантопай мінезден ада, Ғабен, керісінше, өткен күннің сол қасіретін тұла бойымен тұғастай сезініп өтті! Қарама-қарсы ағыстар мен қақтығыстан тұратын Ғабеннің –

Ғабит Мүсіреповтің тағдырлы талқысын Ғұсни шешемізден басқа (Ғабен менің әкеммен құрдас болатын, оны өзіне де айтқам, сондықтан да Ғұсни кейуананы «шешем» деп айтуға дәтім барып отыр) санаулы ғана жан иесі біліп, түсінген шығар-ау, сірә!.. Оны мұндай кереғар, сынын – сыртына, сырын – ішіне қаратып өмір сүруге мәжбүр еткен: «Сұм заман, сыбағама сені-ау берді» («Күнделіктен», 29- бет) – дегізген «сұм заманы» еді. Тісін тісіне басып өмір сүрсе – сүргендей еді Ғабен.

Қаншама қысым-қыспаққа, арандатуға ұшыраса да жазушының «пернен сөйлетуі – өз қолында болғанмен, бұрау мен пернелерін түзеу жазушының өз қолында емес, басқарушылардың қолында» («Күнделіктен», 84-бет) болған «сұм заманда» да Ғабен өзінің «ішегін» өзі бұрап, өз «пернелерін» өзі түзеп, өзінің көңіл күйінің құлақ күйін өзі келтірген мысты жазушы. Сол мысты келбетін сырбаз және қасарысқан қарсылықты қалпында сақтай білді. Сөйтсе де бір сәт: «Өкімет алдына екі-ақ рет сұранып барған екенмін. 1) 1957 жылы Жазушылар одағына осы күнгі үйін сұрап барғанда. 2) Осы күнгі өзім тұрған пәтерді сұрап бардым (1969 ж.) («Күнделіктен», 27-бет), – деп сол мұттайымдығына мұңая мойынса болады. Онда да өзі үшін емес, қазақ руханиятының қасиетті шаңырағына сай ғимаратты, Сауда министрлігіне арналып салынған қазіргі Жазушылар одағының үйін үкіметтен қалап алған. Қалап емес, мысымен баса отырып, ырықтан тыс алған. Ал, ана үй – мен табалдырығын аттаған үй, Ғабеннің сүйегі шыққан үй, қазіргі мұражай.

Ол іштегі азаматтық ар-ожданның адуынды адал қуатын, ел басына қатер төнген «тар заманның» қастаншықпағыр зауалды: «Маған, кейде түннен көрі күн қаранғы көрінеді» («Күнделіктен», 105-бет), – деп жаздырған тұсында да, ажалдың бетіне қарап тұрып, үш рет (Менің білетінім ғана) сыртына шығарды. Міне, Ғабеннің мінезінің тылсымы осы тұста анық танылады.

Бірінші, 1931-1932 жылғы ашаршылық тұсында қазақтың тұқымын үзуге бағытталған жазалау саясатына қарсы шығып, Сталинге әшкерелеу хатын жазды (Ол, қауымға Ш.Мұртазаның «Бесеудің хаты» атты пьесасымен белгілі).

Екінші, 1937-жылы Бейімбет Майлинді ұстағанда, өзі Орталық комитеттің қызметкері бола тұрып, Жазушылар одағындағы әшкерелеу жиналысында: «Бейімбат жау болса – мен де халық жауымын», – деп ашық мәлімдеме жасады. Сол бір қысым көрген тұстарының өзін Ғабен мысқылмен: «Ақылдылықтың пайдасы да тиеді, ақымақтықтың пайдасы да тиеді. Алғашқысын әр кезде күтесің, соңғысы өзі келіп ұрынады. Мысалы, 37-жылы Шаяхметов пен Әбдіхалықов саяси бір ұтыс жасау үшін мені партиядан шығартты, орнымнан алды, қоғамдық жұмыстардан ажыратты. Мен арман етіп жүрген еңбектерімді жазып алдым; одан бұрын талай бастаған нәрселерім қол тимегендіктен аяқталмай қала беріп келіп еді. Екі ақымақтың ақымақтығы маған пайда болып шықты емес пе?» («Күнделіктен», 199-бет), – деп еске алады. Неткен мысқылды ризашылық.

Үшінші, 1947-1953 жылдары қазақ ұлтының үстінен «сумақай Сусловтың» сыпсыңымен жүргізілген науқан тұсында, Орталық комитет, соның алдында Одақтың өз ішіндегі Шығармашылық талқылау кезінде «Абай» романы туралы 54 ескерту айтқан Ғабит Мүсіреповке: Мұхтар Әуезовтің алашордашыл-ұлтшылдығын әшкерелеген және «Абай» романын» жоққа шығарған баяндама жасауға мәжбүрлеп, егер солай істесе, партия қатарына қайта алынатындығына кепілдік береді. Бұл – қазақ әдебиетінің шаңырағын ортасына түсірудің қастаншықпағыр арандатуы еді. Егер Әуезов бүгін түрмеге түссе, ертеңінде Мұқановтың да қамалатыны шешіліп қойған мәселе болатын. Содан кейінгі тұзақ Мүсіреповтің өзіне түсетін. Әр қайсысымен ілесе бір-екі ақын, жазушы қоса кететіні және анық, сонда одақтың шаңырағы ортасына

түспегенде не қалады. Мұны бірден аңғарған Ғабен, сол кезде, Әлжаппар Әбішевті араағайындыкка шақырып, Мұхтар Әуезовпен беттеседі. Ол туралы Әлжаппар Әбішев: «Бүгінгілер үшін қайталап айтайын, ол Мұханның тағдыры үшін оның өзімен айтысуға барыпты. Оның ойынша: Мұхаң сақтанбаса, өзгелеріміз сақтандырмасак, одан айырыламыз. Одан айырылу – Абайдан да айырылу. Егер қазіргі бетінен қайтпаса, халықты осындай апатқа ұшыратушы – Мұханның өзі болуы мүмкін. Ғабен сөзді осылай бастады. Бір минут толастамастан төрт жарым сағат бойы сайысқанда екеуінің түйілген қабағы бір ашылған жоқ... – Мен борышымды өтедім, – деу болды Ғабеннің ең соңғы сөзі. Ол соны айтты да орынынан түрегелді. Мұхаң үн қатқан жоқ», – деп еске алады. Әрине, «Абай» романының кейбір тұстары өзгеріске ұшырады. Бірақ, Абайдың және Әуезовтің өз басы аман қалды. Қазақ пен қазақ руханияты үшін жасаған осы үш ерлік оның қатпарлы жандүниесінің қайсарлығын білдіреді және сүйіндіреді.

Ал, алпысыншы жылдардың ортасында Жүсіпбек Аймауытовтың шығармашылығын ақтау туралы Орталық комитетке ашық хат жазып, Д.Қонаевқа жолығады. Бірақ: Созақ көтерілісіне қатысуға шақырып жазған үндеуінің қолқаты бар-мыс – деген желеумен хаты талқыланбай жабылып қалады. Ғабен аз топ әдебиетшілердің алдында: Менің стилім – Жүсіпбектің стилі. Жазуды содан үйрендім. Қарындаш ұштауым да, бетті шимайламай жазуым да, ұқыптылық та Жүсекеңнен көшті, – дейтін. Жүсіпбек Аймауытовтан «мұраға алған» қарындашқа деген құрметінің мәнісін Ғабен «Күнделігіне»: «Ақ қағазға кара қарындашпен бір ноқат (нүкте) түсірсен, сол ноқат қағаздың салмағын ауырлата түседі екен. Сол ноқаттың салмағын өлшеуге де болады екен. «Точка, написанная на белую бумагу простым карандашом имеет измеримый вес!» (157-бет), – деп жазыпты. Мүмкін, тек қарындашпен жазуының сырының өзі «сөзім салмақты болсын» деген осындай ырымшыл мінезде жатпасын. Кім білсін, шығармашылық психологияның жұмбақ тылсымы көп. Реті келгенде айта кетейін, Ж.Аймауытов ақталған соң, тоқсаныншы жылдары Жүсекеңнің қызы Муза (Мағрифа) Жүсіпбекқызы Аймауытова (Сахно) Ақтөбеден – Алматыға келіп, менімен жолықты. Сонда көп әңгіменің арасында: «Әкемнің сенген адамы Ғабит Мүсірепов еді. Отызыншы жылдары Қызылқұмда көтеріліс болғанда, олармен кездесу мақсатымен Ғабит Мүсірепов самолетпен ұшып келіпті. Шешем Евгения Қарабатырова сонда Ғабенмен арнайы жолығып, әкемнің: Ғабитке ғана берерсің – деген қолжазбасын беріпті. Ол қолжазбадан сол күйі хабарсыз қалыпты. Мен де Ғабит Мүсіреповке жолыға алмадым», – деді. Бір мәтқапы дүние сол. Мен оны білмедім, әйтпесе, оны Ғабеннен сұраудың реті бірнеше рет келіп еді.

Тура сол тұста, алпысыншы жылдардың ортасына ала тағы бір батыл қадам жасайды. 1956-1957 жылдардағы «Әдеби мұра» туралы талқылаудан кейін: Қазақ әдебиетінің тарихы Бұқар жыраудан басталады. Оған дейін қазақ әдебиеті болған емес – деген қасаң қағидашылар қаһарына мініп тұрған кезде, Қазтуған жырау туралы жиырма екі жасар Мұхтар Мағауиннің шағын мақаласы «Қазақ әдебиетіне» жариялана қалады. Жас зерттеушіні іздеттіріп, тауып, Орталық теледидарға ертіп апарып, орта ғасырдағы жыраулар әдебиетінің іздеушісі табылғаны туралы қазақ жұртынан шүйінші сұрап, арыз бен жаладан көзі ашылмай жүрген Мағауиннің жолын ашып береді. Беделді академиктердің тойтарысына қарамастан, Әлкей Марғұлан мен Ғабит Мүсіреповтің және табанды қайраткер ұстазы Б.Кенжебаевтің кандидаттық диссертация қорғау кезіндегі сөйлеген пікірлері Мағауинге дес беріп, қазақ әдебиетінің тарихы бес ғасыр ілгері жылжыды. Алтынбек Сәрсенбаев

марқұмның: Халық қаһарманы атағын Мағауинге беру керек! – деп жазғаны да сондықтан. Соңғы екі батылдық, оның туған ұлтының руханиятының игілігі үшін қашанда тәуекел жасауға қасым екендігін танытады.

Сондай тайталасты сәттерде де Ғабен қатуы ішіндегі қарсыластардың дымын сыртқа шығармай, мысымен үнсіз ғана миығымен бағып, өндірішегін созғандардың өрекіген делебесін басып отырыпты. Қашан Ғабеннің алдына барғанша, ол кісінің, Құнанбай айтқандай, «үнсіз ырғасу мен бопсаға» мызғымайтын мінезімен, мысымен басатын миығын өзімше толық сезініп болғандай едім. «Езу тартқаны қасірет белгісіндей көрінетін бір адамды бүгін көрдім» («Күнделіктен», 86-бет), – деп өзі жазғанындай, маған Ғабеннің миығынан күлгенінің өзі триумфатордың трагедиясындай зарлы көрінетін. Өйткені, бұл мызғымайтын қайсарлық пен зілді емеуірін, миығынан езу тартқан мысқыл оның көркем шығармаларында тіпті астарланып, қатпарланып, оның өзі: «Шығарма тек қана мазмұн, тек қана түр емес. Ол – мазмұн астары, ол – түр астары, тенеу астары. Яғни, астарлы ой, астарлы бояулар, әндер, суреттер, дыбыстар, сыбырлар... Шығарма, ауырту керек, емдеу керек, қуанту керек, ренжіту керек, шығарманың бояулары ақ пен кара ғана емес, қызылы да, көгі де, сарысы да бар... Стиль – жанды сөздердің логикалық құрамы. Бұған ой да кіреді, үн де кіреді, ритм де кіреді, идеяның тұспалдамасы да кіреді, тенеуін де кіреді, дыбыс ырғағы да кіреді, т.т.» («Күнделіктер», 167-168 бет), – деп айтқанындай, емеуіріндеп көрініс беретін.

Тура осы талаптарды Ғабен ауызекі әңгімесіне да қоятын. Бірақ, онда барлығы да миығымен, ойлы ырғалысты салмағымен, дауыс ырғағымен жеткізетін. Ал, мұны қалай қағазға түсірерсің?! Естеліктің жазылу арасының ширек ғасырдан астам уақытқа созылып кетуінің бір себебі осында жатыр. Ал, Ғабеннің: «1.Қызыға жаз, қыза жаз, қыздыра жаз, қызықтыра жаз! 2. Ойланып жаз, ойлы жаз, ой сала жаз, ойландыра жаз! 3.Ызамен жаз, кекпен жаз, кектендіре жаз! Осы үшеуінсіз шығармаға жан кірмейді» («Күнделіктен», 140-бет), – деген талабының екінші тармағы ғана бұл естеліктің шартына сай келеді. Өйткені, Ғабен, «қыздыратын» да, «ызыланатын» да, «кекектенетін» де, «кектендіретін де» кейіпкер емес. Ынтықтыратын, ынталандыратын, ықыласты тылсым тұлға!

Иә, тура мағынасынан алғанда, қайталап айтайын, оның шығармалары да Ғабеннің өзіне тартқан: өте кірпияз, кербез, мысқыл араласқан миығы астарлы, есіле ширатылған тылсымы ішінде, бір сөз бен екінші сөздің, бір сөйлеммен екінші сөйлемнің, бір абзац пен келесі абзацтың, бір оқиға мен екінші оқиғаның демі үзілмейтін толқынды, ырғағы ширақ, бір сөз – екінші сөздің, бір сөйлем – екінші сөйлемнің, бір көрініс – екінші көріністің емеуірінді астарын ашып, сол емеуірінмен нүкте қойылады. Артық сөз, артық емеуірін, артық қоспа не жанама сурет, не көтеріңкі дауыс жоқ. Ғабеннің пайымы бойынша: «Сөзге – сөз жарығын да, көлеңкесін де түсіріп тұрады... Сөйлемнің де, сөздің де өз әуені бар. Сөйлемнің де, сөздің де көзге елестері, ойға қонар-қонбасы бар» («Күнделіктен», 121-бет). Ғабеннің шығармаларындағы сөз бен сөйлемнің бір-біріне сәулесін түсіріп, жолын ашып, мағынасын тереңдетіп тұратындығы да сондықтан.

Бастапқы ырғаққа ілесіп, шабандамай, бір тыныспен оқып шығасың. Сәл санлау қалдырсаң болды, әсер жойылады, сөздің ішегі үзіледі, көңіл ауаныңды қайтадан құлақ күйіне келтіруіңе тура келеді. «Менің жауым – етістік. Етістікпен соғысумен келемін. Бірақ, түбегейлі жеңетін түрім жоқ», – деп өзі айтқандай, Ғабеннің сөйлемдерінің арасында қазақ тілінің көкбауыры – еді, болды, етті, қылды, жасады, істеді, сияқты – сияқты етістіктер кездеспейді, көзді бөгемейді.

Себебі: «1. Проза – кара сөз емес, ырғағы бар, екпін лебі бар, өз ритмі бар, негізгі ойынды тенеу, бейнелеу арқылы оқушының сезіміне дөп тигізетін көркем сөз» («Күнделіктен», 157-бет). Тіпті, «Оянған өлке» сияқты көлемді романның өзі: Көш «Тағы да таласып келіп, тағы да тақасып келіп қонды»... «Кең далаға сыймай келген жоқ, сиыспай келді»; ал, «Қазақ солдаты»: «Зытып келем, зытып келем. Артыма қарай-қарай зытам... Зытып келе жатқаным – қашып келемін. Артыма қарай-қарай қашамын. Қарай-қарай беретінім – қорқып келемін» – деп бірден оқыс қимылдан басталады. Енді сіз де сол екпін мен ырғаққа түсіп Мүсіреповтің көркем әлеміне қарай екпіндейсіз.

Тек әр сөздің астары мен емеуірінінің арасына санлау қалдырмаңыз. Санлау қалса – Мүсіреповтің әлемі мұнарға айналып кетеді. «2. Жазушы әр сөйлемінде кеткен әрбір артық буынды, не болмаса жетпей тұрған бір буынды сезінуге тиісті...» («Күнделіктен», 157-бет)», – деген жазушыға қойылған талап, оқырманға да қойылған талап. Ғабеннің талабы бойынша: кітап оқып отырғанда сезімнің сергек, ойың ұшқыр болуы керек әрі тойып тамақ ішіп ап кітап оқымау керек. Ал, өлең емес, кара сөзді буындап түсіну де оңай талап емес. Мәселенки, неге «кең далаға сиып тұрып, сиыспады», неден «қорқып зытып келеді»? Әсіресе, соңғы түйінді сөздің емеуіріні мен астарын зерденізде зерленіз. Онсыз, жазушының не айтып отырғанын түсінбей қалуыңыз әбден мүмкін. Сондай-ақ, бұл: «Жанның көркі – көркем сөзде... Көркем сөз – жанның сәулесі!... Көркемсөзге мен ризамын, жанымды саламын жүрекпен бірге. Шын ақынның айтар сөзі – жүрегіннің қанымен бірге шықсын!» («Күнделіктен», 104 бет), – деп көркем сөз үшін, сіз үшін жанын қасым еткен Ғабен сияқты сөз зергерінің жанкешті азабын сезінбегеніңіз – сыйламағаныңыз болып табылады. Ғабеннің жазу өнеріне деген кірпияздығы сондай, ол өзінің мінезіне орай, шығармаларына да: «Меніңше, өнердің ең ауыры: 1) Әдебиетте қалжыңның шектен шығып кетпеуін сақтай білу; 2) Ойынды, идеянды, қорытындынды күн бұрын білдіріп алмау; 3) Тойып отырып нәзік нәрселерге соқтығу» («Күнделіктен», 155-бет), – деп кірпияз талап қойды.

Қауіп осы арада. Оған бір мысал.

Әлі есімде, мектеп пен университеттің оқулықтарында, жекелеген шығармашылық өмірбаяндарда: Ғ.Мүсірепов отызыншы жылдары жазған «Қос шалқар», «Шұғыла» әңгімелерінде идеологиялық көркем қателіктер жіберді – деп жазылған. Бұл екі әңгімені арасына жылдар салып, қайталап та оқыдым. Ешқандай саяси астар таппадым. Кәдімгі қосшы, мойынсерік, тәргілеу. Содан, тоқсаныншы жылдардың басында «Дулыға» дилогиясын жазу кезінде рет-ретімен қаттала ашылып, бірінің үстіне-бірі қойылған кітаптарға көзім түсіп кетті де, төменгі жағы ғана көрініп тұрған беттегі: «– Соп, соба! Кара сиыр соқаны сүйрей жүріп, күйсей жүр, шолақ құйрықты сүйрей жүріп, күйлей жүр!.. Бұқа керек!.. – дейді Сатығұл», – деген сөйлемді оқығанда дауыстап жіберіп, орнымнан ұшып тұрдым. Астафир-алла! Мынау кеңес өкіметіне қарсы жазылған шығарма ғой. Көк сиыр арқылы социалистік қоғамда бір әйелдің басына түскен бар ауыртпалықты жеткізіп тұр ғой. Соқа сүйреткен көк сиыр – қосшының мүшесі әйел. Ол таң бозынан тұрып еңбек күн табу («соқаны сүйреу») керек. Сөйтіп жүріп, өзінің тамағын тауып жеу («күйсеу») керек. Соның үстіне, тағы бала табуы («күйлеуі») керек! Бала таптыратын еркек те қат, бәрі жұмыста. Ол да табыла қоймайды. Ол үшін «бұқа керек!» Мына, Сатығұл соны емеуірін етіп айтып тұр ғой! Кім жазды екен, бұрын нағып байқамағанмын!, – деп қаттаулы кітапты суырып алсам, Ғабит Мүсіреповтің бірінші томындағы «Шұғыла» әңгімесі екен. Ал, керек болса, мен мұны кем дегенде үш рет қайталап оқыдым. Сонда бұл емеуірінді

түсінбегенім ғой. Иә, түсінбеппін, Ғабеннің емеуірінін. Ал, мұның астарын Ғабен өзінің «Күнделігіне»: «Шаймерденнен қалған бір мұра. – Тұрмысты көркейт дейсіңдер, тұрмысқа жағдаят дейсіңдер... Он екі қатын, сегіз сиыр бригадам бар. Жалғыз мен қалай жағдаят қылам? Осындай жағдаяттан қандай көркейт болсын» («Күнделіктен», 37–бет), – деп «Бұқа керек!» деген сөздің әдібін жазып қойыпты. Мен оны қырыққа келгенде бір-ақ аңғардым. Солай. Ғабендердің кербез миығымен қағаз бетіне түскен сөздің астары қайда жатыр!

Міне, сарказм – мысқылды миық дегеніміз осы! Сонда ғана, жазу столын отырар алдында жуынып-шайынып, иіссу сеуіп, оншақты қарындашты қатар ұштап, парақтарды текшелеп, тасқа қашағандай етіп әр сөзді нығарлай баптап, етістікпен күресуді де ұмытпай, сондай бипаз ұқыптылықпен қағазға түсірген, үтір не нүкте түспей қалса, жаңағы парақты тастап, жаңа бетке қайтадан көшіріп жазған сөздің тылсымы қандай деңі!.. Сол азапты сәті туралы: «Маған бүгінгі күн өте қысқа болып барады. Бір бет жаздым, екінші бетте 4-5 сөз орынсыз тұрғаны анық сияқты бола береді. Амал не, қайта көшіремін де. Сонда 3-бетті бастай алар ма екенмін? Не деген қысқа күн!» («Күнделіктен», 161 бет), – деп жазыпты. Бір бетте түзетілуге тиісті 4-5 сөз үшін әр бетті қайталап көшіре берсе, әрине, күн қысқара береді. Ал, осы тақылетпен 500 беттік романды жазып шығу үшін қаншама, бізше бағалағанда, басы артық уақыт кетеді десеңші. Ал, Ғабен үшін ол – өнер жолында таңдап алған азапты рахаттың бірі. Сол азаптан ләззат алады.

Бір ғанибеті, Ғабеннің мінезі де тура осы жазғанынан аумайтын.

Иә, Ғабеннің сырты – кірпияздың кербезі, кербездің кірпиязы. Ал жан дүниесі – қайсарлы қасиеттің нақ өзі еді. Мыс пен миығы – азаматтық намыстың саф құймасы болатын. Осындай сыр-сипаты, жандүниесі қарама-қарсы қайшылықтарға толы, бірақ, сынын да, сырын да тылсым демінің ішінде ұстаған күрделі ұлы тұлғаның алдына төрт-бес рет тап болып, сынақтан өту реті түсіпті. Бұл жазбаға басқа тақырып қойса да болар ма еді, кім білсін. Басты кейіпкерім – Ғабен емес, Ғабеннің мысты миығы болғандықтан да, «Кербез кірпияздың мысты миығы» деп қойдым да, әңгіме қалай өрбіді, тура сол қалпында қағазға түсіруге тәуекел еттім. Тек аңғарта кетерім, осы жазбада келтірілетін емеуірінді аз сөздің астарлы мағынасы барынша түсінікті болу үшін, Ғабеннің ойының астарын ұғынуға дәнекер болар деген оймен, өзінің «Күнделіктеріндегі» емеуірінді-астарлы тәмсілді ішінара кіріктіріп отырдым. Әйтпесе, «Айтқың келген ойыңмен айтқан ойыңның арасында айырма бар, айтқың келген ойыңмен қалай айтқаныңның арасында айырма бар» («Күнделіктен», 94-бет), – дегеніндей, Ғабеннің өзі «айтқысы келген ойымен, айтқан ойының арасында айырма» бар екенін мойындап отырса, ал мен мүскін, оның айтпаған, бірақ, айтқысы келген ойының емеуіріні мен астарын қалай тауып, жеткізе аламын. Тек, емексіткен емеуіріннің ежеқабыл түйсігіне ғана еліттік. Одан басқа лаж бар ма, енді?!.. Иә, тап солай. Өзге лаж жоқ.

### «БАСТА!..»

Тағдырлы тәбәріктің бәрі тосыннан басталатыны сияқты, менің Ғабеннің үйінің табалдырығын тұңғыш аттауым да, мыс пен мысқылды миықтың алдына алғаш тап келуім де еркімнен тыс райласа кетті. Досым, әнші Жәнібек Кәрменов «Жалын» баспасына редактор боп орналасып, «Өнердегі өмір» атты өнер қайраткерлері туралы кітаптар шығаруды ойластырып, жоспарға СССР халық артисі Қалибек Қуанышбаев туралы еңбекті маған жүктеп, жоспарға кіргізіп қойыпты. Екі жыл сүйретпелеп жүріп ем, ақыры тығырыққа

тіреп тынды. Содан, дерек жинау ісі қауырт басталып кетті. Тура сол күндері мен өзімнің «Күнделігіме»: «1981 жылы қыс айында қазақтың ұлы актеры Қалибек Қуанышбаевтың қызы Бақытжамал апай: «Егер Каллеки туралы бар шындықты, ақиқат сөзді білгің келсе Ғабит пен Ғабиденге (Ол кісі осы ғұламалардың ортасында еркелеп өскендіктен де еркін сөйлейтін) жолық. Олар сенімен дұрыс әңгімелесе қоймас. Мен қазір телефонмен хабарласып берейін» – деді. Іле екі үйдегі шешемізбен ашық-жарқын сөйлесіп, екеуіне де қос Ғабенді шақыртып, олармен қысылып-қымтырылмай әңгімелесіп күні, сағат, минутына дейін анықтап-ап: «Ал, бұны баласынбай сұрағанының бәрін айтыңдар. Әйтпесе, Каллеки риза болмайды» – деп трубканы қойды да, маған: – Егерде, әсіресе, Ғабит, ырғалып отырып алса, маған айт. Батыл сөйлес. Қатындарына (тура осылай айтты) тағы да тапсырып қоямын, – деді» – деп жазыппын.

Жамал апайдың бұл сөзі көңілімді орнықтырса да, үш күн Ғабеннің шығармаларын, әсіресе, драмаларын, олардың қойылымдары туралы мақалаларды ықтияттап оқып, Каллеки орындаған бейнелер туралы пікірлерді тиянақтап шықтым. Өз-өзімнен сынақ алдым. Жөнімді айтқанда, ақсақалдар алқасының мүшелері, соның ішінде Әлжекең (Әлжаппар Әбішев) мен Ғалекең (Ғалым Ахмедов): «Ғабен өте кірпияз, сыншыл және ырымшыл. Үсті-басына, шашына, ұстаған қаламыңа, сөйлеген сөзіңнің мәнеріне, өзінді-өзің ұстауыңа дейін мән беріп, бір әрекетің ұнамай қалса, сөзді сол арадан доғара салады. Ығына ықтап қана қоймай, әр айтқан сөзіне, дауыс мәнеріне, астарына, емеуірініне сақ бол. Тіпті, сөйлеп отырғанда терезесінің жақтауына қарғасауысқан емес, қарлығаш пен көгершін қонақтасын деп тіле. Ол кісінің бұзыла салуы оп-онай. Ғабеннің аңкөстігін білетін Еркеғали бір жолы 500 шақырым жол жүріп, Балқаш көліне алып барады. Жағалауға жете бере, қамысты емес, ұйысып жатқан қоғаны көріп: «Аңшылық бітті. Қамыссыз жағалауы бар көл – көл емес», – деп көлікке қайта мініп, түспей қойыпты. Еріксіз, күтіп отырған үйге де кірмей, со бетімен кері қайтыпты. Ең бірінші кездескен кездегі әсерің әңгімеңе де, алдағы кездесулеріңе де ықпал етеді. Оны Ғабен ұмытпайды», – деген сөзінен соң сипалақтауым бұрынғыдан да көбейіп кетті. Өмірі сеппейтін иіссуды да жеңілдеп сеуіп үйрендім. Мұны қазбалап отырғаным, Ғабеннің өзі ғана кербез емес, әңгімелескен адамынан да сондай ұқыптылықты талап ететін кірпияз мінезінен мағлұмдар ету. Өйткені, күні бұрын белгіленіп, дайындалған жауапты жиналысқа бара жатқанда, алдынан өзі жақтырмайтын адамның сұлбасын көріп қалса болды: «Енді жол болмайды. Қара мысық өтіп кетті алдымнан», – деп кері бұрылып үйіне қайтып кеткен кездері де болған екен. Құдай оның бетін аулақ қылсын деп іштей жалбарынумен болдым.

Ақыры, белгілеген күні тура сағат тоғыз жарымда есігінің алдына барып, тура сағат онда екінші қабаттың оң жағындағы Ғабеннің пәтерінің қоңырауын бастым. «Иә...» – дегендей созылыққы бәсең дауыспен ілесе сүйрете басқан аяқтың дыбысы естілді. Есікті теңселе ашып, әйнегі асыл көзілдірігінен жанарының шарасы шыға маған қарады. «Ассалаумағалейкум, мені Жәркен апай (Жамал апайды барлығы солай атайтын) жіберді. Кәллеки туралы...» – дей бергенімде: «Ііі-кі, иә» – деп кері бұрылып, жазу бөлмесіне беттеді. Міне, Ғабеннің «Ііі-кі» деген әйгілі үйреншікті үнін осылай алғаш рет естіп, шаңырағының табалдырығын осылай тұңғыш рет аттадым.

Аяғын тырпылдата сүйрете басып, жазу бөлмесіне беттеді. Демімді ішімнен алып, қарсақтабандап қасына бардым. Бірден көзге шалынғаны, дәліздің де, өзге бөлмелердің де, жазу бөлмесінің де жаңа ғана жинастырылғандай боп жарқырап тұрған мұнтаздай тазалығы. Төрде үлкен жазу столы. Аю терісінен қапталған орынтақ. Найзаның үшіндей сүйірленіп

ұшталған оншақты қарындаш. Қатталып, екі қатар етіп қойылған ақ қағаз. Екі-үш кітап. Әр қайсысының ара жігі бірдей. Қарсы алдында кішкене стол мен орындық тұр. Демек, менің келетініме орай қойылған. Соны мекзегендей боп: «Ііі-кі, иә» – деп бұрылып, сол тырпылымен жатын бөлмесіне беттеді. Сондай бір ептілікпен орныма отырып, екі қалың жаңа дәптерді қатарластыра қойып, арасына үш-төрт қаламды тізбелей қыстырып, сұрақтарым жазылған қойын дәптерді ашып, қаздыып отыра қалдым. Бөлмесінде ұзақ бөгелді. Кітап сөрелеріне көз қиығымды саламын. Сондай ретті жиылған. Кешіккен сайын Ұмытып кетті ме, әлде, ұнатпай қалды ма – деген күдік те келе бастады. Бір кезде үстінде шапан, басында түрік тақиясы бар, балағы кең көк барқыт шалбар, аяғында былғары сүйретпе киген, иіссудың емес, әтірдің жеңіл иісі аңқып, бұл жолы аяғының дыбысын білдірмей, көтере басып Ғабен кіріп келе жатты. Сөйтсем, бөгелгені басқа емес, осы киім ауыстыру рәсімі екен. Әңгімелесуді жұмыс деп біліп, оған ерекше мән бергенінің белгісі. Жәркен (Жамал) апайдың «ырғалып» және «батыл сөйлес» деген сөзі ойыма оралды. Маң-маң басып кеп, орынтаққа шалқая отырып, біраз «ырғалып» алды да:

– Иә, Ііі-кі, баста!, – деді.

Қарсы алдына қаздыып тік отырдым да еңсемді көтеріп, дауысымды қырнап, жаттап алған сөздерімді ыңырсымай, етістік қоспай (Етістік қосқанды жек көретінін білемін ғой), нақпа-нақ, түйінсөздермен ғана: Келу мақсатымның себебі, Қарқаралы, Қоянды жәрменкесі, шаншарлар, дала сақнасы, алғашқы театр қойылымы туралы мүдірмей айтып, Каллекидің актерлік шеберлігі туралы сауал қойып, қолыма қаламымды ала беріп ем:

– Сен оны қой. Тыңда. Әңгіме мағынасызданып кетеді, – деді

Содан кейін бағанадан бері екі көзін менен алмай, сынап қарап отырған Ғабен: «Ііі-к» – деп бір ырғалып, терезеге қарап алды да баяу дауыспен:

– Кәллеки халықтың өз ішінен шыққан адам. ««Өліктердің ішінде тіріден гөрі тірісі де болады. Тірілердің ішінде өліктен гөрі өлірегі болады... Әңгіме, кімнің қалай түсіруінде, ұғынуында емес, көрсете алуында!» («Күнделіктен», 83-бет, осы мағыналас сөзді айтқаны анық). Кәллеки, «тіріден гөрі тірі» рух. (Үнсіз қалды. Сөйлемнің астарлы емеуірінін: Сол үнсіз қалпында алыс көкжиекке көз жіберіп, сайын даланы елестетіп отырғандай сезіндім).

– Ол сақнада ойнамайды, халықтың өзі боп өмір сүреді (Тағы да ырғалысты үнсіздік. Үнсіздіктің астарлы емеуіріні: Ғабен сол сәтте маған Қоянды жәрменкесіндегі қалың қара халықтың нөпірі мен Кәллекидің Қажымұқанмен, Майрамен, Жынды Омармен, Исамен арба үстінде өнер көрсеткенін көз алдына әкеліп отырғандай боп көрінді).

– «Самородок!» дейді оларды (Ұзақтау үнсіздік. Бейне, жәрменкедегі қалың жұрттың ортасын жарып: Қажымұқан арбаны сүйретіп, Майра сырнайын тартып, Иса домбырасымен желдірмелетіп, Кәллеки Қажымұқанның мойнына мініп алып, қамшылап келе жатқанын елестетіп отырған сияқты).

– Ал, Күләшті «Чудо!» дейді. Мен солай жаздым (Миығынан жылы жымыиыс білінді. Іле серги қалып). Ал, Кәллеки қандай рольді ойнаса да соған шүбәсіз сенесің. Сенбеске амалың қалмайды. Солай!.. – деп тосылып қалды,

Сонда ғана әлгіндегі: – Жазба. Тыңда. Әңгіме мағынасызданып кетеді, – дегенінің мәнін түсіндім. Өйткені, осы он бес-жиырма минутқа созылған уақытта айтылған бес сөйлемнің мағынасына: Ғабеннің тылсым емеуіріні, мысты толғамы, көңіл толқыны араласқан дауыс мақамы, оларды өзімсініп еске алғандағы білінер-білінбестей ғана жұқа езу тартқаны қосылған кезде, әңгіменің мазмұны астарлана кеңейіп, тереңдеп, жанды суреттерге айналып, кейіпкерлердің демін сездіргендей әсер қалдырды. Ол өзінің барлық болмысын бойына жиып, айтарын екі-үш сөзге сидырып, ойының қалған

мазмұнын дауыс мақамы мен миығы арқылы үстемелей жеткізеді екен. Сонда өзі тұлғаланып, сөзі астарланып, мазмұны ашыла нығарланып, тылсым дүниеге жетелелеп кететінін сезіндім. Қаламгер ағалардың: «Ғабеннің емеуірін ойын сол сәтте дамыта отырып түсінуге тырыспасаң, онда ештеңе түсінбей қайтасың» – дегені осы болса керек. Үнсіздікті ұзаққа созбай, әнгіменін желісін үзіп алмас үшін:

– Сакна өнеріндегі аса күрделі, тағдыр тылсымы ішіндегі бейне – «Ақан сері – Ақтоқты» спектакліндегі Мылқау Палуан бейнесі. Бір сөзі жоқ. Бірақ, қойылымдағы ең шешуші және әсерлі бейненің бірі болып шықты. Осы Мылқау адамға жүктелген шығармадағы авторлық идея сакнада толық ашылды ма, Сіз Мылқау Палуан арқылы қандай тұспалды ишара еттіңіз?, – деп желелдете сұрақ қойдым. Біраз ырғалып отырды да:

– Шығарманың астарын түсіну керек. Мылқау – жай мылқау емес, ол ыза-наласын ішіне жиған халықтың дүлей күші (Үзіліс. Ғабеннің, «халықтың ыза-наласы» деп отырғаны: қазақтың басына түскен тәртілеу, қудалау, ашаршылық нәубеті, соған қарсы үн шығаруға дәті жетпей, іштен тұншығып тынуы).

– Ол ыза-наласы Каллеки бір ауыз сөз айтпай, сакнада халықтық болмысымен сыртқа шығарды. Жеткізді (Үнсіздік. Астары: Ызадан тұншыққан халық ашуын іс-қимылымен, бет-әлпетімен, қарсылығын сөзбен жеткізе алмағандықтан да, қос қолын аспанға жайып тұрып, бетінен тарамдай аққан шарасыз көз жасымен жеткізді).

– Каллеки Мылқауды ойнаған жоқ, өзінің досы Қажымұқанды қаперге ала отырып, өмір сүрді. Мұны солай түсіну керек. Менің демегімді – дегеннен асыра жеткізді (Толғанысты үнсіздік. Айтпағы: Ызадан булығып, әділетсіздікке шыдамаған Мылқау сакнадағы теректі жұлып алып, мылқаудың ащы бажылымен айқайлай екпіндеп, сакнаның алдында отырған үкімет адамдарының тұсына жетіп келіп, оларға: Осы қасіретті ұйымдастырған сендерсіңдер! – дегендей ашулы өткір жанарын қадап тұрып алады. Бұл, пьесада жазылмаған көрініс). Ал, Ғабен өзінің бұл көрініс туралы жеке пікірін «Күнделігінде»: «Ақын-жазушыларын жазалап, соттап, айдатып, атқызып жіберетін өкіметі болған елдің маңдайындағы соры бес елі ғой. Ақын-жазушыларын жәбірлеген өкімет адамдары ше? Әне, халқының жауы соар! Солар! Солар! Халқының жүрек отын сөндіріп, ой жарығын өшіріп тастаған хайуандарға рақым болмау керек» (131-бет)», – деп білдіріпті. Мынау ұзақ үнсіздіктің астарында тура осындай ойдың салмағы жатқаны сөзсіз.

– Әй, Каллеки! Шіркін, Каллеки! Каллеки, өмірдің өзін сакнаға айналдырып жіберуші еді. Айтарын тура айтпай, актерлік қимылмен жеткізетін. Пері Калибек десе – дегендей, перінің нақ өзі еді (Ұзақ жылы жымыиысты үнсіздік. Каллекидің әр жүздесуін есіне алып отырғаны анық).

– Ол жүрген жер – даракы күлкі мен орынсыз жыртан емес, ойлы ойын-сауық еді ғой. Біз оны аға тұтатынбыз. Мұхтар ғана «Сен» деп сөйлесетін. Каллеки, әй, Каллекеи... – деп ырғала қозғалып алды да, ойға кеткендей боп үнсіз қалды.

Үнсіздік тағы да он минуттан асып кетті. Ойын бөлуге дәтім жетпеді. Өз-өзімен тұңғиық тартып отырды да бір кезде: «Каллеки, әй, Каллеки... Кі-кі-кілеп» миығынан күліп алды да:

– Тасқаяқ ойнағаны қызық еді (Үнсіздік). Тасқаяқтың әр тасына түсіне қарай «сүзеген қызыл бұқа», «қарны салбыраған тоқты қошқар», «ақ көйлекті еңсіз теке» деген сияқты ат қойып, ойыншыларды да соған теңейтін. «Ой, мына Сәбит шегіншектеп кеп бүйірден сүзіп кетті ғой», «Ғабитты қара, сызылып барып сүмп еткізді», «Үй, мына тоқтықошқарың күйегімен жүр ғой» – деп әрқайсымыздың кейпімізге түсіп, дауысымызды салатын (Ұзақ

уақыт миығынан жымыып отырды). Бірде, жазушылар үйінен шығып келе жатсам, қолында таяғы бар Кәллеки терезенің алдынан еңкейіп өтіп барады. – Үй, Кәллеки, мұның не? – десем: «Ой, мына сайыз писительдерің көріп қоймасын деп еңбектеп барам. – Неге «сайыз писитель» дейсіз? – Ой, театрға бір жылдан бері пьеса тапсырған біреуі жоқ. Өнерді ойламаған жазушыны «сайыз» демегенде не дейміз?! – дегені. Астарлы сөз. Өйткені сол жылдары театр жаңа пьесасыз қалып, құлдырап тұрған. Соны мекзеп түр (Ойлы үнсіздік). Кәллекиге бәрі жарасатын және ойына келгенді жасырмай айтатын. Одақты үйіне кіргенде: – Сәлеметсің бе, Сәбит, қалың қалай Ғабит, бармысың, Хамит? Ойбай-ау, қалған «иттерін» қайда кеткен? – дейтіні де сондықтан. Кәллеки, әй, Кәллеки! Содан тағы бірде..., – деп сылқылдап күліп алды да, өз-өзінен мәз болып отырып, Кәллекиді араластырып отырып тура бір сағат әзіл-шыны аралас, күлдіргі-сайқымазақ әңгімелер айтты.

Не сөзін бөле алмадым. Өзінің сөзіне өзі риза болып, сондай бір сағынышты көңіл-күймен сықылықтай күле еске алған рақатты қалпын бұзуға қимадым. Ол көңілді әңгіме тура сағат 12-ге дейін созылды. Әрине, «Әзілің жарасса – атаңмен ойна» деген сөзді білемін, бірақ, ауызекісөздің мәнері мен мазмұны басқа, сондықтан да, оны бұл араға кіріктірудің жөнін таппадым. Сол кезде есік ашылып, үйге кейін отасқан қосағы Ғазиза шешеміз көк базардан артынып-тартынып сөйлей кірді:

– Ой, әзер жеттім ғой. Шаршап кеттім, Ғабе!

– Бәйбіше, үйде қонақ бар.

– Ә, Жәркеннің айтқан баласы сенсің бе? Бәрін дайындап кеткенмін.

Қазір...

Ғазиза шешеміз аспұзылға кіріп кетті. Ыдыс-аяқтың сылдыры, қазанның қақпағының тықыры естіледі. Буы бұрқыраған қазы-қартаның сорпасының да иісі мұрынды жара бастады. Ғабең ақырын орынынан тұрып:

– Жә, біраз жұмыс бітірдік, демалайық, – деді де ас бөлмесіне қарай беттеді. Ғазиза шешеміз терлеп-тепшіп асүйдің есігінен дәлізге қарай беттеп:

– Шаршап кеттім. Бәрін дайындап қойдым. Ет кесулі, қазы тураулы, сорпа құюлы. Бәрі дастарханда тұр. Енді өздерің іше беріңдер, – деп Ғабеңді жанай өтіп жатын бөлмеге кіріп кетті. Асүйге кіре беріп, дастарханға қараған күйі тұрып қалған Ғабең:

– Ғазиза, қонақ бар дедім ғой, – деді ренішті кейіппен.

– Бәрі дайын тұр дедім ғой. Іше беріңдер өздерің, – деген ашық дауыс естілді.

Мен де ентелеп, асүйге кіре берген едім. Ғабең ыңылдап біраз тұрды да:

– Бітті... бәрі де. Енді мәніс жоқ, – деп қолын баяу бір сілтеді де, кері бұрылып, ортанғы бөлмеге кіріп кетті.

Алдымдағы дастарханда бәрі дайын тұр. Сорпа құюлы. Коньяктің де аузы ашылған, тостақтары да қойылған. Не ілгері жүрудің, не кері шегінудің бапасын таппай, біраз тосылып тұрып қалдым. Екеуі екі бөлмеде, екеуінің де есігі жабық, екеуі де үнсіз. Бір делебем қозып, дайын тамақтан ауыз тигім келіп ұмтыла бердім де, Ғабеңнің кірпияздығы есіме түсіп, бір нәрсеге ұрынбайын, босқа жеккөрінішті көрініп жүрмейін – деп өзімді өзім тоқтаттым. Тағы да, тура бір үнсіз паузаның мөлшерін ұстап, бір белгі берілер деген оймен бес-он минут күттім. Сыбыс та, дыбыс та жоқ. Сол кезде, жоғарыда айтқан «аңшылық сапарынан» қайтып келе жатқандағы оқиға есіме түсті. Тарғаптың тұсында қатты келе жатқан «Волга» аударылып, жолдың шетіне жантая қисаяды. Әйтеуір, бәрі аман қалады. Сонда, Ғабең қисая жатқан көліктің орындығында жантая шынтақтаған күйі шалқая жата беріпті. Ұзынағаштан көтергіш кран шақыртып, олар келіп, көлікті түзеп, ақауын жөндегенше орнынан

қозғалмапты, Алматыға келген соң ғана түсіпті көліктен. Мына, жатыс та соның бір түрі болмасын – деген ой қылт ете қалды. Бір ішкі тәуекелім ұстады да, сау бол – деместен сыртқа шықтым. Шықтым да «Уф» деп бір демалып, жөніме кеттім.

Ешкімге ешқандай өкпе-наз артқамын жоқ. Екеуінің де көңілдері дархан, дастархан маған арнап жаюлы тұр. Мұнда, Ғабеннің тек өзіне ғана тән: «Адам аз нәрседен көңілсізденуді қоюына болар еді. Ал, ойлансақ, күнінде он-он бес рет әлденеден ренжіп қаламыз. Ертеңінде, кешегі неде ренжігендеріңді салмақтап қарасаң, бәрі жиналып қара күшке тұрмайтын кезі бола береді емес пе? Ал, ренжігенде ше, осыны ойлауға әліміз жетпегендігі ғой» («Күнделіктен», 108-бет), – деп өзі мойындаған кербез кірпияздығы ғана бар. Оны түсінуге болатын еді және түсініп те қалғамын. Ал, мен кеткен соң өздері не ойлады, оны білмеймін. Өйткені, Ғазиза шешей де тұлғалы, Мұхтар Әуезовтің стенографисі болған, «Абай жолының» ауызекі айтылған мәтінін хатқа түсірген, аралас-құраластары салиқалы, өзіндік «мені» мен мінезі бар адам болатын. Әйтпесе, Ғабен сырын берсе де, сыртын бермес еді. Дегенмен де, екі тұлғаның үнсіз өкпелескен күйі екі бөлмеде тоң-торыс томсарып, бір-біріне теріс қарап қалғаны, жағымды әсер қалдырды дей алмаймын. Біразға дейін өзімді бір түрлі кінәлі адамдай ыңғайсыз сезініп жүрдім. О, Алла, өзін Ғабен ұқсатты деп асылық етпеңіз, жетпіс бестен асқан соңғы біздің де «өмірге артар өкпеміз» тура осындай. Бірақ, көңіліміз қалса да, ертеңгі күннен дәмеліміз. Тәубә.

Сонымен қатар сол «өкпешілдіктің» мәнісі туралы: «Неге өкпелімін? (Әлішерге). Бар ертеңгі күнім айнымай кешегі күніме ұқсай береді. Содан соң, бүгінгі күніме көз салсам – кешегім мен ертеңгіме ұқсас о да шыға келеді. Түске дейін үмітпен қарап, көз алмай отырып, тани қоям. Тап кешегім! Түстен кейін ертеңімді күтем де, оным да кекшегіме ұқсай бастаған соң, өкпелемегенде, қайтейін?!.» («Күнделіктен», 86-бет) – деуіне қарағанда, Ғабен өзінің осы «өкпешіл» болмысын өзі қатты сынға алған, өкінген. Бірақ, болмыс, мінез солай. Мен куә болған «өкпе» де, сондай күнделікті бойы үйренген жеңіл-желпі «он-он бес» өкпенің бір болған шығар деп ойлаймын.

Міне, менің кербез кірпияздан алған алғашқы өмір сабағым осындай. Расында да, Ғабен сын тағатындай мен кіммін. Ешкімге тіс жарып ештеңе айтпадым. Енді ғана қаламының ұшынан қағаз бетіне сөз боп тамып отыр. Тек, енді бетпе-бет кеп жүздесуге жүзімнің шыдамайтыны анық еді.

### «СЕНБІСІҢ?!.»

Жоқ, «бетпе-бет кездеспеспін» дегенім күпірлік болып шықты. Араға жарты жылдай уақыт салып бетпе-бет, бетпе-бет болғанда тура мағынасында, төске-төс түйістіргендей аралықта «өте жоғары деңгейдегі» (сол кездің тіркесі) бипазды жағдайда оқыстан бетпе-бет кеп қалдық. Жазушылар одағының кезекті құрылтайы сол кездегі Үкімет үйінің мәжіліс залында өтпек. Құрылтайдың құрметті қонақтарын күтуге арналған жастардан топ құрылып, міндеттері бөлініп берілді. «Аса жоғары лауазымды, жауапты, құрметті» адамдар мен қонақтардың төргі бөлмеден Төралқалар отыратын столға өтетін есігінің тұтқасы маған бұйырды. Бұйрық пәрменді, бақылау күшті, оққағарлар мен көмекшілер өне-бойымды тінтіп, қалтамды қағып, есіктің жапсарына арқамды тірей орналастырды. Залдағылар емін-еркін жүр, құшақтасып, дабырласып, арқа-жарқа. Бір кезде зал да тынышталып, ішкі жақтағылар да қаздып тұра қалды. Не боп қалды екен деп залға таңырқай қарап қалсам керек, желкемнен:

– Бірінші Сіз кіріңіз, Ғабе! – деген ашық қоңыр дауыс естілді.

Зал да орындарынан атып тұрды. Артыма жалт қарасам!.. Қонаев! КПСС Орталық комитетінің Саяси бюросының мүшесінің өзі. Димекеннің де мысы басым кезі болатын. Ғабит Мүсіреповті, біздің тілімізде – Ғабеңнің иығынан оң қолымен асыра құшақтап, сол қолымен білегінен ұстап:

– Сіздің жөніңіз. Ғабе! Сіз кіріңіз! – деп күле мен күзеткен есікті күле нұсқап тұр. Алтын жұлдызы жарқыраған кеудесін сәл шалқак ұстап Ғабең тұр. Екеуін бөгеіп тұрған мен екем. Сасқанымнан:

– Ассалаумағалейкум!, – деп қолымды төсіме апардым. Димекен күлкісінен жазбастан, абдырап қалғанымды сезді ме, кім білсін, жайдары:

– Ә, Сәлем, жазушылар, құрылтайларың құтты болсын! – деп оң қолын ұсынды. Сондай ептілікпен лып еткізіп, тәжім ете қолын алдым да сол қалпы маңғаз тұрған Ғабеңе қарап:

– Ассалаумағалейкүм, Ғабе! – дедім қолымды ұсынуға ыңғайланып. Миығынан маңғаз қарады да сондай бір баяу үнмен:

– Ә, сенбісің? – деп ырғалып тұрды да елеусіз ғана етіп алақанын ашты. Лып еткізіп жұмсақ алақанын ұстай алдым да қарап тұрмастан:

– Төрлетіңіздер, – деп Президиумды нұсқап, есіктің қайырмасының артына тұра қалдым.

Баяу басып, «сіз» десіп, «біз» десіп барып төр алқалар орынына отырған соң, құрылтай басталды. Мен есіктің жақтауына қаққан қазықтай қақайып қатып қап, екі нәрсеге аң-таң боп тұрмын. Әрине, біріншісі, құшақтасқан екі тұлғаның өзімсінген кішіпейілдіктері. Екіншісі, мен үшін ең бастысы: Ғабең мені таныды. «Сенбісің?» – деді. Ұмытпапты. Қолын ұсынды (Алақанын ашты). Ренжімепті – деген танданыс еді. Соны сезініп, тұла бойым босай бергенде: – Құтты болсын. Үлкен кісінің қолын алдың, – деген дауысқа жалт қарасам, осы араға «қазық қып қаққан» Жазушылар одағының хатшысы Қалаубек Тұрсынқұлов екен. Кейін мұны көріп тұрған жазушылар да жымысып қолымды алып жатты.

Талай лауазымдыға сәлем бердік, талай есікке жауапты болдық. Бірақ, пәрменді мекеменің есігінен осы тұңғыш ұстаған тұтқам есімнен кетпейді. Әрине, сүйіндіргені – қазақтың екі қасиет қонған тұлғаларының бірін-бірі сүйемелдей құшақтап, бір-біріне өзімсіне сүйеніп, жарастықпен қалжындасып келе жатқан жайдары бейнелері. Ал, танданғаным және осы жолдарды қалыс қалдырмай жазуға себепші боп отырған жәй, арада қанша уақыт өтсе де сексендегі адамның, Ғабеңнің бір бозөкпенің әлпетін жадында сақтап, «Сенбісің?» – деп өзімсіне қол ұсынуы. Ғабең осы «Сенбісің?» деген сөз арқылы: мені танығанын да, әңгімеміздің жарасқанын да, ең бастысы: «Жаюлы дастарханнан ауыз тимей кетіп қалған сенбісің!» – деген емеуірінінде білдіріп тұр еді. Нақты, түйінді және астарлы сөзді қалай дәл табады. Демек, бұл – Ғабеңнің, қимылы баяу болғанымен де, ойлау қабілеті өте ұшқыр екенін дәлелдейді. Әйтпесе, есік пен жақтаудың арасында тұрып, табалдырықты аттап жатып, мұндай мағынасы астарлы түйінсөзді табан астында табуы неғайбыл болар еді.

Алғашқы үзілістен соң екеуі тағы да менің алдымнан өтті, қазықтай қатып мен тұрдым. Димекен «Сау бол» дегендей басын изеді. Ғабең пандығын сақтады. Ішкі дәлізге шығысымен Димекен Ғабеңнің иығына тағы да қолын салып, өзімсіне тартып, сөйлесіп кетіп бара жатты. Иә, талай «Сенбісің?» – деген сөзді естідік қой. Бірақ, Ғабеңнің сол «Сенбісіңінің» салмағы мен әсері есімнен кетпейді. Кейде, Ғабең ойға оралғанда және осы естелікті жазып отырғанда жауапсыз қалған сол сұрақтың орнын толтырғым кеп: «Иә, бұл – менмін! – дегім келеді.

Сол жолғы жазушылардың құрылтайында мені тағы да екі нәрсе таң қалдырды. Біріншісі, Димекең кеткен соң «қызметтен босап», төрден залға түсе бергенімде бос қалған мәжіліс залының түсе берістегі оң қапталында, бірінші қатардың шетінде тура жаңағы Димекең мен Ғабең сияқты, Әбдіжәмил Нүрпейісовтың иығынан баса құшақтап Олжас Сүлейменов екеуі отыр екен. Олжас басын жоғары ұстап сөйлеп отыр, Әбдіжәмил басын төмен салып, сүлесок отыр. Екеуінің ырғасуын білетін қауым үшін бұл да бір сирек көрініс еді. Әлі көз алдымда. Екінші, кең дәлізге шыққанда Кеңшілік (Мырзабеков жылдамдата кеп, білегімнен қыса ұстап: – Жур, мен саған Мағжанның әйелін көрсетемін! – деді. Алатауға қараған терезе жақта басына шылауыш тағып, камзол шапан киген, жұқа жүзді, көзі аялы, бірақ сондай мұңлы, жетпістің мөлшеріндегі әйелді көрсетті. Көзіне көзім түсіп кеткенде, денем шымырлап кетті. Не деген тереңге батқан мұң, не деген уайымды еңсе еді. Айналоқтап, қайта-қайта оралып, көз алмадым. Мені аңғарып, ыңғайсыздық таныта бастағанда ғана, өзім де қысылып қап, алыстай бердім. Алыстан көз қырымды салғанымда, әлі де терезеге қарап, жалғыз тұр екен. Шіркін, танитын, Мағжанды көрген, не білетін бір ересек жазушы қалмаған ба? Бар ғой, бар, бірақ қасына ешкім жоламады...

Осы үш тосын көріністің әсерінен біразға дейін арыла алмай жүрдім. Сырмінездің сырбазы Ғалекеңе – Ғалым Ахмедовке осы жайды айтып бергенімде: – Ғабең сондай адам. Көңіліне алған нәрсесін ұмытпайды. Сенің өзіңе жайылған дайын дастарханнан дәм ауыз тимей, сау бол айтпай кеткенінді, өзінің «өкпешіл» күйін ұмытпаған. Демек, дық ұстаған. Саған емес, өкпені өзіне артқан. Сен есінде ұмытпайтындай боп қалған екенсің. Абыржыма. Бәрі дұрыс. Әйтпесе, назар аудармас еді, – деп басу айтты.

Сонда Ғабеңнің өзі «Күнделігіне»: «Кейде он жыл кейін кездесетін бір адамдар, уақиғалар, ойлар әлдебір уақытта түсіне кіргендігін сезінесің. Сен ол адамдарды, уақиғаларды бірден танысың. Осындай жай менде 5-6 рет кездесті. Көйлегіне дейін таныған кезім бар. Уақиғаның немен шешілерін біліп отырған кезім де бар» («Күнделіктен», 108-бет) – деп жазуына қарағанда, «Сенбісің» дегенге таңданудың еш жорасы жоқ екен.

Иә, көңілінің ақ жібінің ортасындағы бір түйіншік боп қалғаным қандай өкінішті. Бірақ, дәл сол сәтте не істей алатын ем. Үйдің иесінің рұқсатынсыз дастарханына қайтып қол сұғам? Өкпелесіп жатқан екі кірпияздың есігін қалай қағып, қалай екеуін мәмілеге келтірем. Бұл, егде тартқанда тағдыр қосқан, бірінің сырына бірі қанық жандардың кешегі тату жарларын, Ғабеңнің – Ғұсни шешемізді іздеген көңіл жоқтауы сияқты көрінді маған. «Дық салсам, кеш, Ғабе, бұл – мен ғой, Жәркен апай жіберген Кәллекидің жүгермегі Тұрсын...», – дегім келді. Бірақ, дей алмадым. «Болсаң қайтейін» – деуі де мүмкін еді ғой. Десе не дер едім?! Жә, бәрі де өтті де, кетті. Енді, өкінгенмен не қайран?..

**«ҒАЖАП!...»**

Егер Ғабеңнің көңілінде дық қалса ырғалып тұрып, мысымен басып, миығынан езу тартып, келістіріп тұрып есесін қайтаратын кезі келген еді. Жаңылмасам, 1982 жылы Жазушылар одағының жанынан «Ағалар алқасы» құрылды. Ағалардың жас жазушыларға арнаған аманатты мұратын жеткізуге тиісті бұл кеңес көркем шығармадағы, соның ішінде жас жазушылардың тырнақалды туындыларындағы көркемтіл мәселесіне арналды. Онда басты баяндаманы жасауға «Алыптар тобының» соңғы тұлғасы Ғабең – Ғабит

Мүсірепов келісімін берді. Бұл жазушылардың арасында үлкен қозғалыс тудырды. Дайындық та қапысыз жүргізілді. Тек, Ғабен ғана уақытты соза берді. Мөлшерлі уақыттан екі-үш ай кешігіп барып, ақыры, басталды. Одақтың үлкен мәжіліс залы адамға лық толып кетті. Жас қаламгерлердің жүректерінің дірілі тіпті ерекше. Өйтпегенде ше, Ғабеннің ауызына ілігу – әдебиеттің өз өкілі атану, ал, қиығына түссең бітті, маңдайыңа мәңгілік қара таңба басылды, атың өшіп тынды деген сөз. Ғабен маң-маң басып мінбеге барды. Көзілдірігін бір қозғап қойып: «Иә... Ііі-кі» – деп алып баяндамасын бастады.

Отырған жастардың әр қайсысының жүрек дүрсілі естіліп тұрғандай. Тіл туралы тұлғалы толғам айтып, оның тағдырына тоқталып барып, сол тұста жинақтары шыққан Смағұл Елубаев, Марат Қабанбаев, Кәкен Хамзин, тіпті, қырықты алқымдаған Молдахмет Қаназовтың да шығармаларындағы өзі орынды, орынсыз деп тапқан теңеулері мен жаргондарына тоқтады. Әсіресе, Марат қатты шіміркеніп, әдеттегідей тісін қайрай бастады. Ең үмітті, сенімді досымыздың жанұшыруын түсінеміз. Бір кезде... иә, бір кезде: «Ал, кейінгі жас буынның ішіндегі үміт күттіретін Тұрсын өзінің шығармасын «Бесқарагер» деп атапты. Иә, оқыдық. Бірақ!..» – деп пауза жасағанда, үстіме суық су құйып жібергендей селк ете қап, басыма қаным шапшып, екі бетімді баса қойдым. Бітті! Қош, көркем әдебиет. Ғабеннің мына «бірақ» дегенінен кейін барлық жол жабылады, жолым кесіледі! – деп өзімді-өзім іштей табалауға көштім. «Бесқарагер» әлі жинақ боп басылмаған. Тек «Жұлдыз» журналына жарияланған. Токта, тура сол санда Ғабеннің шығармасы да, ұмытпасам «Жат қолынданын» екінші кітабі басылған еді ғой. Е, сонда көзі түскен екен-ау! Бұл мүсәпір күйімді байқаған қасымда отырған Ұлықбек (Есдәулет): «Саспа, қазір мақтайды», – деп тіземнен қақты. Зал тып-тыныш. Бір кезде Ғабен басын көтеріп, көзілдірігін түзеп, сәл миығынан жымыып:

– Иә, «Бесқарагер». Біздің жас кезімізде «Бесқаргер» деген ән болатын. Оны біз былай айтатынбыз...

*Дегенде «Бесқарагер», «Бесқарагер»,  
Бес жүзік, бес білезік, бес тана бер, аaaa-ий.  
Берсең бер, бермесең қой соларыңды,  
Қалқашым, оу, қайда жүрсең, еске ала жүр, аaaa-ий,* – деп мінбеде тұрып созылыңқы, қарлығыңқы дауыспен әннің сөзін соза айтты. Онымен тоқтамай екінші шумағына көшті.

*Өкшесі етігімнің айнала жез,  
Көзіңнен айналайын дөңгелек көз, аaaa-ий.  
Екеуіміз екі ауылдың ардағы едік,  
Қаңбақтай, оу, жел айдаған болдық қой кез, аaaa-ий,* – деп барып тоқтады.

– Үй, Ғабен ән айттырып қойдың ғой. Одан артық не керек саған. Абдырама, – деді Ұлықбек өзінше басу айтып.

Дауысым қандай екен дегендей езу тарта залға қарады.  
– Иә, осылай айтатынбыз! Иә, «Бесқарагер». Бесеу! Ал, автордың ұсынған әңгімесі төртеу! Біреуі қайда? Оқушыны неге алдайды? Жараспайды...

Ғабен дұрыс айтып тұр. «Бесқарагер» – бес новелла болатын. «Жанарыма тұнған жасым ең...» атты бірінші және ең басты М.Әуезов туралы новелланы бас редакторымыз Бекежан Тілегенов марқұм жібермей, алып қалған болатын. «Иә, бәрі бітті – деп бұрынғыдан да құныса түстім.

– Иә, бір әңгімесіне «Өртенген өлең» деп ат қойыпты. Жасын – депті. Жасыны – Қасым. Оны біліп қойдым. Ғашықтардың махаббаты әдемі айтылып келеді де, кенет: «Етігімен жарты Еуропаның шаңын сұрткен жаралы

солдат көнетоз сұр шинелін иығына желбегей жамылып, сылти басып келе жатты» – деп сұрапыл соғысты айтпай, аяқтай салады. Ол – Қасым ғой, ақын ғой. Мұнысы жарамаған, – деп ұзақ пауза ұстады.

Бұл – үкім, менің жазушылық тағдырыма қазақ әдебиетінің алыптар тобының соңғы тұлғасының ауызымен айтылған, өзгертуге жатпайтын үкім. Қош, әдебиет, қайырыла қалам алмаспын енді – деп күңірене де, түңіле де бастадым. Тыныштық. Сол кезде ашық аспан күркіреп кеткендей боп барып, нығырлау дауыспен:

– Қалғандары ғажап! – деді залға тура қарап.

Мен мең-зең күйге түсіп:

– Не, не деді? – деп Ұлықбекке қарадым.

– Ғажап, – деді. – Мұндай бағаны Ғабеннің ауызынан Әуезов те естіген жоқ! – деді Ұлықбек білегімнен мықтап ұстап, қысып-қысып жіберіп. Сол жағымдағы Жұматай да мұртымен жымиып қарайды.

Күңгірт аспан сейіліп, ашық күнде үнсіз найзағай жарқ ете қалғандай болды. Өң мен түстің арасында отырмын. Әр жерден күлімсірей бас изеген достарды еміс-еміс аңғарғандаймын. Ғабен ары қарай талдауды қойып, ана тілін жас жазушыларға аманат етумен сөзін аяқтады. Орнымда отыра алар емеспін. Ду қол шапалақ, абыр-дабырды пайдаланып сыртқа қарай беттедім. Астындағы «Қаламгерге» түсіп, су алып, отыра бергенімде жайқала басып Жұматай да келіп:

– Біздің толқыннан Ғабеннің аузына ілінген сен ғана болдың. Енді жуасың ғой, – деді.

– Әрине.

Әрине, тозақ пен жұмақтың арасынан аман шыққанда шашылмағанда, қайда шашыламын. Одан кейін Ұлықбек пен Марат қосылды. Марат:

– Біздің құйкамызды үйітті. Сен жақсы құтылып кеттің, – деді.

Менің өмірімдегі және Ғабеннің алдына ең намысты, бағасы қойылмаған емтиханымның бірі осы шығар.

Келесі аптада «Қазақ әдебиеті» газетіндегі «Ағалар алқасының» кеңесінен жариялаған есепте: «Тұрсын Жұртбаевтің повесін сынай келе, «қалғандары жақсы» деп баға берді» – деп жазыпты «ғажапты» – «жақсыға» ауыстырып. Оған да тәубә. Зады, жоғарыда мен баяндаған пікір Ғабеннің баяндамасының мәтінінде жоқ, сол арада ауызекі айтқан сияқты. Өткені, жинақта: «Шұбалаңқы топтың алдыңғы жағы «биік белдер» деген қырқамыздың етегіне жетіп, енді алға қарай адымдай бастағандары бар. Жоғарыда аздап сыналған Сүндетов, Хамзин, Елубаев, Софы Сматаев, сыналмаған Тұрсын Жұртбаев, Роллан Сейсенбаев, Айтов, тағы біраз ақын-жазушыларымыз маған осы үлкен үміт деңгейінде сияқты» («Күнделік». Ана тілін анамыздай ардақтайық (Ана тілі, 1996, Б247), – деген пікір ғана бар екен.

Осындағы: «сыналмаған Тұрсын Жұртбаев» деген тіркестің астарында: «Мен сені білемін. Оқыдым ғой. Сынаған жоқпын, көрдің бе» – деген емеуірін жатқан сияқты. Өзінше сипай қамшылағаны. Сөйтіп, бір хикаяттың арқасында «ғажап» күй кешкенім бар. «Сүйсе де, шымшып сүйіп ғадеттенгем» деп Жүзтайлақ айтқандай, Ғабеннің «ғажабының» да өзіндік азабы бар еді. Бірақ, сол «ғажап азап» шіміркендіріп кетті ме, кім білсін, қайтып көркем шығарма жазуға тәуекелім жетпеді. «Маған, кейде түннен көрі күн қараңғы көрінеді» («Күнделіктен», 105 бет), – деген Ғабеннің тылсымын мен сол күні басымнан кештім. Міне, Ғабеннің – Ғабит Мүсіреповтің тылсымы осында.

«Сыналмағанның өзінде» сесімен басқан Ғабеннің мысы осындай салмақты еді. Оған да шыдадық. Тәубә.

## «ЖЕЛЕЗНЫЙ УДАР!..»

Жазушылар одағының ғимараты күрделі жөндеуге жабылып, «Жұлдыз» бен «Қазақ әдебиетінің» ұжымы уақытша «Қаламгерлердің шығармашылық үйіне» ауысты. Аптасына екі рет жиналамыз. Түстен бастап тасқаяқтан табыламыз. Сондай салбурынды шакта Ғабеннің ойын бөлмесіне кіріп келмесі бар ма! Ол кісінің қалай кіріп келе жатқанын бетпе-бет емес, желкемен анық «көріп», қанық сезіндім.

Ғабеннің көзінің сұғын қадап, үнсіз мысымен басуды менің пешенеме жазып қойған ба, жоқ, тосыннан солай қиысып отыра ма, әлде, маған солай көріне ме білмеймін, әйтеуір тағы да, тұла бойымды шымырлата шамырқандыра сілкіндіріп жіберді. Бұл жолы Ғабеннің сұсты мысы тура ту сыртымнан қаусырып, желкеме төніп, сұғын қарақұсыма қадады. Тасқаяқтың ернеуіне иегін сүйей ұяға жақындау жабысып жатқан тасты, сол ернеуге иықтасып тұрған сақамен атуға ұмтылып, көздей бергемін. Кенет, дабырласып, қауқылдасып, жарыса сөйлеген Шөмішбай (Сариев) мен Батырқанның (Дәрімбетов), Жұматай (Жақыпбаев) мен Баянғалидың (Әлімжанов): «Өй, андағы тасқа әуре болма, кірмейді», «Соны кіргізсең аузыңды майлаймын», «Атсын, көңілі қалмаған бала ғой», «Жарайды, Жұртбаевтің де әуселесін көрейік» – десіп жамыраған дауыстары кілт тына қалды. Көлеңкелері де қоса сіріңкенің шиіндей боп сіресе қалды. Аяғының асықпай сүйрете басылған тырпылынан, мына мылқау көлеңкелердің мысы басылып, дымы шықпай, жым бола қалуынан біле қойдым. Білмегенде ше, мен естіп үйренген «тырпыл». Ой, Алла, Ғабен – кәдімгі Ғабит Мүсірепов. Астафир-алла! Тағы сынға түстім бе? Енді не істедім. Көздеуді доғарып, бұрылып сәлем берсем, жақтырмай, тыжырына кері бұрылып кететіні анық. Шардан – көзімді, таяқтан – қолымды алмадым. Көз алдымнан тастан басқа ештеңе көрінер емес. Егер тас ұяға кірмей қалса, онда Ғабеннің мысқылды миығының табасына ұшырарым анық. Аяқтың тырпылы жон арқама жақындап келіп, көнетоз кеуденің баяу сырылы құлағыма шалынып, ту сыртыма кеп тұра қалды. Шыбын жаным көзіме көрініп, шынын айтайын, сол сәтте, ішімнен Аллаға да сиынып, ата-баба әруғын да шақырып, әкемнің: «Сенің қолыңның қары қатты» – дегені де есіме түсіп, құлашымды кейіндете жаза сермеп, екі көзімді жұмып ап, бар қуатыммен шарды екпіндете соғып кеп жібердім. Сол сәтте тасты көріп тұрсам да, көзіме сұлбасы анық көрінбегені рас. Мүмкін, әруақтардың киесі басы кетті ме, білмеймін. Әйтеуір, құлақ тұндыра сарт ете қалған ашық дауысты естідім. Тас не болды, ұяға кірді ме, жоқ па, қарауға дәтім жетпеді. Таяғымды қолыма ұстап, состиып тұрдым да қалдым. Әлгі сәуегейлер де үнсіз. Не боп кетті өзі, шақ еткен дауысы қатты шығып еді, бір нәрсені бүлдіріп алдым ба? Деп, елегізі бергенімде сыртымнан:

– Мұны «железный удар!» дейді. Ііі-кі, – деген баппен созылып айтылған дауыс естілді.

Сонда ғана артыма бұрылып, жалт қарадым. Ғабен! Әрине, Ғабен! Тас ұяға кірген болды ғой. Бәсе, өзімнің де қолым сүйсініп қалып еді. Ғабеннің алдында ұятқа қалмаппын, әйтеуір. Сиынған пірлерім қолдаған екен. Әйтпесе, ондай тасты өмірі кіргізіп көргем жоқ. Уф! – деп, іштей тәубе еткен сәтімде-ақ тұла бойым босап сала берді. Іле, сасқалақтап:

– Ассалаумағалейкүм, Ғабен!, – деп қолымды кеудеме апардым.

Ғабен өзінің сараң қимылдайтын әдетімен алақанын ашқандай болды. Лып еткізіп қолын алып, тымпиып тұра қалдым. Пандана жан-жағын бір шолып өтті де, жазушылардың арасында тасқаяқтан өтіп жатқан Ғабит Мүсірепов атындағы жарыстың кестесіне қарап:

– Сен мында барсың ба? – деді.

Зады, мына тасқаяқтың өзіне үйреншікті сартылын естіп: «Желкелете сок», «сүйкей сок», «жағынан сипата жібер», «май жалат», «өңмендете сок», «қақ маңдайдан пер», «иіріп ат». «шиырып ат», «шүйіріп ат», «дамбалдат», «іштен түй», «қосарлат», «Бүлкілдейді дөтенің, Тасқаяқ сенің не теңің» деп дуылдасып сол бәскеге түсіп жатқандардың қызығын көргісі кеп, әйгілі тасқаяқшы емес пе, бүйірі қызып бас сұқса керек. Мені Сафуан, Сәкен сияқты сұр мергендермен салыстырмақ ойы бар екенін түсіндім де:

– Ол жарыста мен жоқпын, – дедім.

– Онда, келесі жылы міндетті түрде қатыс. Сенің өзіне арнап жеке сыйлық тағайындаймын! Иә! Ііі-кі, – деп сылбыр бұрылып, баяу басып есікке беттеді.

Мойнымнан ауыр жүк түскендей боп, «Уһ!» деп еркін бір дем алдым. Осыны айтып отырып, кейде өзім де сенбеймін. Бірақ, «Өтірікшінің күәсі – қашанда қасында» ғой. Бұл әңгімені, кейде мені әспеттегенсіп, Баянғали Әлімжанов бұрыш қосып айтқанда, кәдімгідей масаттанып қаламын. Ал, Шөмішбай марқұм мұны ауызынан тастамайтын. Несі бар, қорланатын жәй емес, жігерлендіретін «железний удар». Ғабеннің мақтағанына емес, ту сыртымнан болса да мені танып, өзімсіп сынап, бауырына тарта баға бергеніне, ұмытпағанына марқадам тауып қалатыным анық. Әттен, жас кезінде алдына осылай тап болсам ғой, міндетті түрде ол кісімен тасқаяқ қағыстыратыным жәзмән, тіпті, ол кісінің өзі шақыруы да мүмкін еді. Несі бар, арнайы сыйлық тағайындағанда, арнайы шақырмайды дейсіз бе. Сөзсіз шақырар еді. Бірақ, енді мүмкін емес. Желсөзді малданғаннан басқа амал қайсы?! Тасқаяқ – шығармашылықпен айналысатын атжалмандардың көкпары емес пе. Қазір де, тасқаяқ қағыстып қоямыз. Бірақ, Ғабен сияқты «железний удар» деген жорта жоғары баға беретін жомарт сыншы қайдан табылсын.

Сөйтіп Ғабеннің алдында тағы бір тосын сынға түсіп, тағы да намысымды қорғап қалғаным бар. Оған да шүкір.

### «МЕН ДЕ КЕРЕЙМІН ҒОЙ!..»

Әр қияметтің де бір шығандап барып ширеуі, есілген жіптің де есіліп барып тарқатылатын, шидас бермейтін бопсаның өзі де қыстықтырып барып босаңситын, сол сияқты демімен, көз қиығымен басатын мысты миықтың да қанша қыспаққа алса да, жадырайтын кезі болады екен. Таза қазақы мінез бен қазақы қысасқа құрылған, ырықсыз ырғасқан екі жарым сағатқа созылған сол сәтті есіме алсам, қазір де шіміркеніп кетемін. Бір-ақ сәтте, тағы да ойламаған жерден тордың ішіндегі ызбарлы арыстанның алдында жанын қоярға жер таба алмаған лақ сияқты мәттәйім күйге душар болдым да қалдым. Өйтпегенде, қайтемін. Өзіңіз көз алдыңызға елестетіңізші, қарсы алдына отырғызып қойып, екі жарым сағат бойы бір ауыз сөз айтпай, анда-санда ырғалып қойып, «Ііі-кі» деп қасын керіп қойып, әлденені тұспал жасайды. Не айтқысы келді, неге жұмсады, не істеуім керек, ол емеуірінді өзің түсініп, істеуің керек. Сәл мүкіс кетсең бітті, Ғабеннің өкпешіл кірпияз мінезі белгілі, кілт теріс айнала салуы әбден мүмкін. Ал, ол: Тұрсын, Ғабенмен сөйлесуге жарамапты, – деген табаға қалдыратын намысты оқыс іс. Бұл, Ғабеннің мені мысының бар салмағымен басып, миығымен еңсемді нығарлай нығыздап, әр қимылымды қалт жібермей бағып, қашан қапысын тауып, тырнағымды батырмай тұралатамын – деген мақсатты бір ойыны, иә, ойыны екен. Әлгі, қазақтың: Ашулы атан әуселенді әукесімен басып, дымыңды құртады – дегеніне келетін бұл оқиға мамыражай күйде басталды. Тіпті, баяндап жазайын десен, жазатын сөзі жоқ. Бір-ақ ауыз сөз. Ол сөзбен екі жарым сағаттық әңгіменің мазмұнын

қалай жеткізесің. Қызық та, кілттипан да сонда. Ескерте кетейін, бұл өзі қазақ арасындағы таза қазақы мінезге құрылған, таза қазақы бопса. Дегенмен де, тәуекел етейін. Сонымен...

Тау баурайындағы жазушылардың шығармашылық үйіне он күнге жолдама алып, ақшам үйіріле орналастым. Таңертең тоғызға он минут қалғанда асханаға бардым. Дастархандастарым – Марат (Қабанбаев) пен Жұматай (Жақыпбаев) екен. Екеуі де сопиып, қолдарын қусырып отыр. Еркінсі шәйнектің тұтқасынан ұстай беріп ем, Марат: «Токта, қимылдама. Күтіп отырмыз. Өкпелеп қалады» – деді. Кімді күтіп отырмыз, неге өкпелейді?

– Ғабең келіпті. Ана ақсақалдарды көрдің бе, бәрі де екі қолдарын алдарына сап, сол кісіні күтіп отыр. Тура тоғызда кіреді. Егер, біреулердің тамақ ішіп отырғанын көрсе бітті, өкпелеп, теріс бұрылып кетеді. Бұдан кейін кешігіп келмесек болмас», – деді қыжылмен.

Зады бұл Ғабеңнің «Күнделігіне»: «Жат қолында» аяқталды, «Қайран Майраны» бітірдім. «Екі Мұхтар» деген бес-ақ бет мақаланы бес күн жаздым. Енді осымен соқаны суыратын шығармын. 19. VII.84.» (169-бет), – деп жазған уақыттың тұсы болуы әбден мүмкін. Өйткені, келесі жылғы өмір сыбағасы Ғабең басқаша бұйырды.

Сонымен... Іле, есік ашылып, маң-маң басып Ғабең де кірді. Асхана ішіндегі күбір-күбір тиылып, тым-тырыс бола қалды. Ғабең екі-үш аттап барып тоқтап, мұқым асханада отырғандарды көзімен шолып шықты. Содан мамырлай басып ең төрті дастарханға отырды. Қасында Ғалекең – Ғалым Ахмедов дегдар. Маңғаздана отырып, жан-жағына тағы да қарады. Бәрі де қимылсыз. Бір кезде шанышқының ұшымен бір түйір дәмді ерніне апарды. Сол-ақ екен, асхананың іші шақыр-шұқыр болды да кетті. Бәрі жапатармағай асқа кіріскен. Марат сондай ашқарақ еді. Тамақты тез ішетін. Мен бір кесе шәйді ұрттап болғанша, ол таңғы асын ішіп бітіп, тықырши бастады. Сөйтсем, Ғабең орнынан тұрмай, ешкім қозғалмайды екен. Онда түскі тамаққа келмей қоюы әбден мүмкін екен. Әйтеуір бір уақытта Ғабең ырғалып барып орнынан көтерілді. Ілезде асхана бос қалды. Әдетімше, таңғы шәйді қанып ішіп, онға он бес минут қалғанда темекі тарту үшін сыртқа шықтым. Темекімді асығыс тұтатып, аттай бергенімде, шыға берістегі оң жақтағы орындықта отырған Ғабеңді көрдім. Лездетіп қолымды кеудеме апарып, ассалаумағалейкумдетіп өте беріп ем:

– Ііі-ік!, – деген Ғабеңнің үні естілді.

– Ассалаумағалейкум, Ғабе. Жаңа амандастым ғой, – дедім саскалақтап.

– Ііі-ік – деп таяғымен есікті нұсқап, орнынан баяу ырғалып тұра бастады.

Қолтығынан демейін деп ұмтылып ем, қабағын түйе қарады. Сүйеме дегені. Лып етіп есікті аштым. Ішке кірген соң тағы да қолтықтай беріп ем, бұл жолы тіпті сұстана қарады да, бойын тіктеп, кеудесін жоғары ұстап, кербездене басты аяғын. Сөйтсем, кезекші қыздар қарап тұр екен ғой. Соларға сексендегі серінің көрсеткен қыры, өзінше намыстанғаны екен. Баспалдаққа таяғанда сытылып кетуге ыңғайланып шегіншектей беріп ем таяғын нұсқап, алдым түс дегендей белгі беріп:

– Ііі-ік, – деді.

Жазған құлда шаршау бар ма, соңынан ілестім. Бөлмесі екінші қабатта. Ал, көтеріліп болсашы. Асықпай, баппен екі жаққа кезек шайқала басады. Оң аяғын көтергенде – жаз шығады, басқан кезде – күз болады, сол аяғын көтергенде – қыс түседі, басқан кезде – көктем шығады. Не қолтығынан деметкізбейді, өйткені келіншектер қарап тұр ғой, Ғабеңнің сәні кетіп қалады емес пе! Қойшы, шәй қайнатым уақытта екінші қабатқа көтерілдік. Өзінің тұрақты №2 бөлмесі бар.

– Ғабе, кілтіңізді беріңіз, есікті ашайын, – дедім пысықсып.

Кілтті алақанымға сұлық тастай салды. Ойым: есікті тездетіп ашып, бөлмесіне кіргізе сап, зытып беру. Жататын бөлмесінің де, жұмыс бөлмесінің де есігін қатар ашып, жатар бөлмесіне қарай қолымды созып ем, таяғын бұрышқа қойып:

– Ііі-ік, – деп жұмыс бөлмесіне беттеді де сәл аялдап, иегін көтерді.

Түсіндім. Түсінгенде, адуынды арыстанның торына мықтап түскенімді түсіндім. Амалсыз, қатар тұрған үш орындықтың ортаңғысына барып отырдым. Көзімді Ғабеңнен алмаймын. Көзі, қас-қабағы, қолы бәрі де назарда. Мүлт жіберуге болмайды. Бір емеуірінін, не ишарасын қағыс қалдырсам, міндетті түрде қабағы кіртіе қалатынын білем. Алдыңғы жиған тәжірибелерім соны үйреткен. «Қайдан ғана темекі тарта қалдым екен, енді мына тордан қалай аман құтылам. Қалайда қыбын табайын» – деген оймен сергек отырдым.

Кең бөлме. Терезеден Алатаудың шындары асқақтай ағарандайды. Қырынан қойылған жазу столына ырғала басып отырды. Ұзақ тербеліп барып, темекі қорабын алды. Одан бір тал шылымды жайымен ғана ерніне апарып, қисайта тістеді. Содан кейін жәйімен тартпасын ашып, шақпағын алды. Сосын шылымын баппен тұтатты да, ұзақ сорып барып, орындыққа маңғаздана шалқая беріп, сондай бір өлшемді деммен түтінін сыртына сыздықтата шығарды. Бұл рәсім кем дегенде он минутқа созылды. Қашанғы қаздиып отырам, сау болыңызды айтуға ыңғайлана беріп ем, сезе қойды да, босаға жақты иегімен нұсқап:

– Ііі-к, – деді.

Бұрышта тоназытқыш тұр. Сонша санлаусыз емеспін ғой. Тағы да түсіне қойдым. Тоназытқышты ашып қалсам, ішінде зәмзәм суынан бастап, құрма, өрік, мейіз, қазы, қарта, жал, жая, шөп-шалаң, ақ пен қызыл, хрусталь тостақ сынсып тұр. Мәселе енді басталды? Дастарханға не қоямын? Көңіліндегіні таппасам, Ғабеңнің сыры өзіме мәлім, қылт ете қалуы мүмкін. Қияметтің көкесі сонда басталады. «Қысылғанмен жан қалмайды». Тәуекел. Қазақы дәм ғой деп ырымдағансып қазы-қартаны, тіске басар шөп-шалаңды, шанышқыны, су ішетін фужерлерді столға алдымен қойдым. Ендігі таңдау қиынға соқты. Басталған және басталмаған шөлмек тұр. «Жарымаған Жұртбаев» демесін деп, ашылмаған, сол жылдары аса қат есептелетін «Абсолютті» таңдадым. Қаздиып «Қазақстан» мен «Армян коньягі» тұр. Екеуі де ашылған. Ал, енді қайттым? Қайсысын аламын. Көңілін таппасам, «Ііі-к» деп томсара қалатыны анық. Екеуін де алдына қойдым. Енді, рюмкелердің кезегі келді. Не де болса деп, 25, 50, 75, 100, 200 грамдік рюмкаларды қатарластыра тізіп қойдым. «Боржоми» мен «Сарыағаштың» қайсысын құямын? Ебін тауып, екі фужерге екеуінен құйып, алдына тақадым. Енді, «Абсолютке» кезек келді. Әдеп сақтағансып шөлмектің ауызын 50 грамдыққа тақай беріп ем, қабағы түйіле қалды, одан 75, 100 грамдыққа апарғанымда да қабағы ашылмады, 200 грамдыққа орталай құйсам да қабағы жазылмады, амалсыз, лықа толтырдым. Коньякқа келгенде жаңағы әдісті қайталап, 75 грамдықтан төмендете жылжыттым. Сол кезде «Ііі-к» деп қозғалып, баппен тартпасын ашып, бір қорапшадан оймақтай ғана, тіпті оймақтан да кіші, шынашақтың басындай ғана көзені алып шығып, столға қойды да: «Бізге осы жарайды» – деді. Астафиралла, Ғабең де сөйлейді екен-ау. Көзесі бар болсын, ауызының кішілігі сондай, сыртқа құйып алмайын деп тырысып отырып, екі тамшы құйып ем, мөлтілдеп шыға келді. «Уһ» деп шегіне беріп ем, көзесін көтеріп: «Ііі-ік» – деді. Тағы да әдеп сақтағансып елуден асқан соң жұтуды саябырсытып ем, қабағы тағы да түйіле қалды. Тәуекел. Күнде Ғабең силай бермес! Мен де тауыстым, ол кісінің де қабағы ашылды. Су мен шанышқыға қарай ұмтыла

беріп, тосылып қалдым. Асханадағы оқиға есіме түсті. Ғабен екі қолын алдына салған күйі үнсіз отыр. Қой, пәлесінен аулақ. Көңіліне келіп қалар. Ауызбастырыққа жоламадым. Орныма отырдым.

Ғабен өз-өзімен болып, темекісін тұтатып, сыздықтата ұзақ тартты. Менің мазам кетіп барады. Мұнысы қалай, не сұрайды, жазушылар одағының ішіндегі жағдай ма, жоқ нақты бір адам туралы білгісі келе ме, әлде, менің сын бөлімінде істейтіндігімнен хабардар Ғабен, әдебиеттің жаңалығын сұрай ма? Әйтеуір, өзімнің бірінші боп сөз бастамау керектігін білемін. О. әдепсіздік болады. Бір уақытта тағы да «Ііі-ік» деді. Жазған құлда шаршау бар ма? Бұл жолы еркіндеу қимылдадым. Ғабен тағы да басыртқыға қол созбады. Бұл неғылған үнсіз, тылсым жаза, мені сынап отырғаннан сау ма өзі. Бір жарым сағат болды, әлі бір ауыз сөз айтқан жоқ. Бұл жолы паузаны ұзақ ұстап, темекісін баптап тартып, арасында қозғалақтап қойып, менен көзі алмай бағып отырды. «Адамның ойының портреті жүзінде дегім — келеді» («Күнделіктен», 97-бет), — деп Ғабеннің өзінің жазғанына қарағанда, менен тапжылмай көз алмай отырғанда, менің жандүниемдегі құбылыстарды оқып отырған болды ғой.

Қайдан ғана алдынан шыға қалдым, қалай құтыламын, бұл не сынақ, апырмау! Дегенімше, тағы да «Ііі-к» — деді. Енді қысылатын не қалды. Батылырақ қимылдадым. Сескенбей тартып жіберіп, отыра беріп ем, Ғабен, о, тоба, «Боржомиге» қолын созып, ернінің үшін тигізіп, бидайдай ғана етті таңдайына салды. Отыра бере, «Сарыағашты» құныға жұтып, қазыны қос қабаттап шаншып, аузыма толтыра асадым. Асадым да, отыра бергенім сол еді, тыныс алдырмастан ырғалып қойып, ұмсына отырып:

— Баста! — деді.

Ой, Алла-тағала-ай, «Бастасы» несі, мен бұйымтай айта келген жоқпын ғой. Әлде, әлдебір астарлы емеурінін аңғармай, не түсінбей қалдым ба? Нені бастаймын? Әлгі үш «200»-дің де буы болар, не сұрайтынын біліп отырған адамсып:

— Қайсысынан бастайын, Ғабен?, — дедім батылсынып. Ыңыранып, ырғалып, езуіне мысқал үйірілгендей боп, нығыздалып барып:

— Мен де кереймін-ғой! — дегені.

Ой, Алла! Не дейді, керейі несі. Бұл кісінің руында менің жұмысым қанша. Керей болса, қайтейін. Неге бұл сұрақты маған қойып отыр? Екі сағат бойы арбағанда осыны айтайын деп арбады ма? Қайдан ғана тап болдым? — деп отыра бергенімде көзім алдымдағы жаюлы дастарханға, босаған шөлмекке, қазы-қарта, жал-жаяға түсті. Сонда мына сыйдың бәрін керейлігін білдіру үшін жасап отыр ма? Тоқта, «Мен де кереймін» дей ме. «Мен де кереймін» деп, неге «де»-ні қосып айтады. Тағы кім керей еді, біреуді меңзеп отыр ғой. Апырмай, керей десе тосылмай, жортақтап кетуші едім ғой. Керей дей ме, керей... деп күбірлей бердім де кенет ойыма осыдан бір апта бұрын «Қаламгерде» Сафақене — Сафуан Шәймерденовке айтқан сөзім есіме түсе кеткені. Баяғы сол, менімен емін-еркін тәжікелесе бертін Баянғали Әлімжанов: «Сафаке, мұны несіне еркелете бересіз. Керей, керей деп жездемсініп, апайыма арқасүйеп, барлық керейге ертоқымын теріс ерттеп мініп, күн көрсетпейтін болды. Кегімді бір алып беріңізші», — демесі бар ма. Сонда Сафақен: «Қой, барлық керейді басына бермес. Солай ма, Тұрсыкен?» — деген кезде: «Маған бәрібір, тек таза керей болса бітті, кез-келген керейдің шаруасын үш-ақ минутта бітіріп жіберемін», — деп жауап беріп ем. «А, солай ма, солай де. Жарайды, оны да көрейік» — деген. Ал, күні кеше Сафақен келіп, Ғабен сәлемдесіп кеткен. Е, сонда әлгі әңгімені Ғабен айтып: «Тұрсын бізді сөйтіп бір шоңқитып кетті. Ол да осында екен. Сізден басқаның тісі батпайды. Өзін ұстап ап, бір тұқыртып, кегімізді қайтарып беріңізші. Сіз де керейсіз ғой», — деген болды ғой. Содан

басқа Ғабеннің мені «Мен де кереймін ғой» — деп «де»-ні қосып тұқыртатын сылтауы жоқ. «Абсолюттің» де абсолютті күшіне кіре бастаған қызуы ма, кім білсін, отыра беріп:

— Ғабе, бітіп кетті емес пе! — дедім.

Ғабен «Аа!» — деп маған аңыра тіке қарады. Мен алдымдағы дастарханға қарадым емеуірін етіп. Егер әлгі Сафақеннің жұмсағаны рас болса онда мәселе шешіліп бітіп кетті емес пе. Өзі қонаққа шақырса, қазы-қарта, жал-жая тартса, «Абсолютпен» сусынымды қандырса одан артық не керек. Істі бітіп кеткені сол емес пе! — деген емеуірінімді ойланып барып түсініп:

— Иә, солай екен ғой! — деді дауысын соза. — Менің де шаруамды бітіріп жібердім де. Енді сен Еркеғалиға барып, соның шаруасын бітір. Оған тапсырып қоямын. Ал, ана қымызды бөлмеңе алып кет. Күнде сағат онда бөлмеге кеп, қымыз ішіп тұр. Ұмытпа, — деп орнынан қозғалды.

Дастарханды жиып, бес литр қымызды алып, төртінші қабаттағы бөлмеме келіп, енді түскі асқа жинала бастағанда есікті қағар-қақпастан Марат асыға басып кіріп кеп:

— Ғабенмен не сөйлестіңдер, ей?. Тура сағат онда кіргенсің. Екі жарым сағат отырдың. Таң қалдым, — дей бергенде, есікті еппен ашып, жұмсақ басып Жұматай:

— Біздің де қатарымыздан Ғабенмен үш сағат сөйлесе алатын адам шықты ғой. Тәубе. Сен үшін мен жуып берейін, — деп басталған шөлмекті ортаға қойды. Сөзіміздің аяғы жиылмай есікті сатыр-сұтыр ашып:

— Қазақ жазушыларының арасында Ғабенмен мен ғана бір сағат сөйлесе алатынмын. Ал, сен тура екі сағат қырық бес минут отырдың. Сонда, не сөйлестіңдер, ей?, — деп екпіндей сөйлеп Сәкен (Жүнісов) ағамыз кіріп келді.

— Енді мәселе көп қой. Қазақ әдебиетінің, әлем әдебиетінің даму бағдары деген сияқты..., — деп жорта жөнелдім... Е, абзал аңғалдарым-ай, менің тозақ пен жұмақтың арасынан шыққанымды қайдан білсін.

Сөзімде тұрып, Ғабеннің бөлмесіне күнде сағат онда барып, қымыз ішіп тұрдым. Кейде өзі жоқта, бөлмеме алып та кететін болдым. Сөйтсем, осы сынақтардың барлығы Ғабеннің мені өзімсінгені екен ғой. Ол кісінің әзілі мен мысқылы аралас, мысқылы — әзілге бергісіз, әзілі — мысқылға бергісіз астарлы емеуіріндерін дер кезінде терең түсіне алмағаным өкінішті. Өзінің Мылқау палуанға қарата «ол халықтың тілсіз өкілі» — деп айтқанындай, Ғабен де — дегдар Ғабит Мүсірепов те ұлтымыздың астарлы-емеуірінді, тылсым тұлғасының нақ өзі еді. Шіркін, сол емеуіріннің қаншасының астары ашылмаған күйі кетті десеңші!

Ал, керейлердің еш жазығы да, бұл араға қыстырылатын себебі де жоқ еді. Онда қазақтың нағашы-жиендерінің, жезде-балдыздарының арасында дәстүрге айналып кеткен жарасымды базына ғана бар. Оның тағдырлы ілігі мынада: менің 16 жастағы әкем Құдакелді атты шабарман бозбала 1918 жылы 24 көкекте Ахмет Байтұрсыновтың хатын Алаш жігіттерінің (әскерінің) сардары Садық Аманжоловқа жасырын апарып беріп, жауап алып келгені үшін қамалған кеңес түрмесінен үш рет: әуелі отыз екінші жылы Алматыдағы Тастақтағы түрмеден, содан кейін Аякөзде қолға түсіп, Шолпандағы қызыл әскер лагерінен, одан сытылып шыққанда тура шекарада ұсталып, үшінші рет Мақаншыда ебін тауып сытылып шығыпты. 39-жылы Ике Әділев пен Зият Шәкәрімовтың қатарында тағы да ұсталған. Бағына орай, сол кезде (1936) Семейде Ет комбинаты ашылып, оған түрме мекемесі де мал өткізуге міндетті болады. Төрт қиырдан — Ноғайсібір мен Монғолияның, Ақмола мен Шығыс Түркістанның аралығындағы айшылық алыс жерден жиналатын малды көктемде жиып, семірте жайып Семейге айдап әкелу үшін жол мен суатты, малдың жағдайын жақсы білетін адам іздегенде, әйгілі қашқын Құдакелді

естеріне түсе кетеді. Міне, содан бастап оның «сандыбадтық сандалысы» басталады. Әуелі шешем Хадиша қоспен қоса көшіп жүреді. Он үш құрсақ көтерген екен. Он бірі жолда шетінеп кетеді. Бір қызын (Айымхан) аман сақтау үшін немере ағасы Ескендір бауырына басады. Содан ел арасында: «Хадишаның жатыры қағынған. Бала тоқтамайды» – деген қазақы сумақай сөз тарайды. Жастары да елуге жақындап қалған кез. Содан мен бойына біткенде шешемнің шешесі, керей қызы Нухан қыстауда жалғыз қалған шешемнің қасына келіпті. Іле сіңілісі Туханды шақыртып алады. Бір бөлмен шымылдықпен екіге бөліп, мен туғанда шешемнің өзіне де көрсетпей етегіне салып, сол шымылдықтың ішінде ешкімді кіргізбей бағыпты. Емшек емізбек түгілі Хадишаның шымылдық жаққа қарағанын жақтырмайды екен. Сөйтіп, емшек сүтін ембей, бір бөлмеде тұрсақ та ата-анамды жатырқап, бес жасыма дейін керейдің екі қызының әлпештеуінде болыппын. Әжесінің баласы ерке келеді. Тілім шыға салысымен «керейлету» басталды. Әуелі: «Керей елдің серкесі» дегеннен басталды, ақыры елу бес-елу алтыншы жылдары Нухан мен Тухан әжемнің ақсақалды-қарасақалды, түбіт мұрт туысқандары іздеп келгенде, «керей сақнасына» ашық шықтым. Қойны-қонышымды көрімдікке толтырып: «Кәне, әжесінің баласын көрейік» – деп қауқылдаса ұмтылғанда менің «керейлетуім» де басталды. Қазір де айтуға қымсынамын, керейдің қос қызы – әжелерімнің үйреткен боқауыздарын әр қайсысына арнап сықпыта жөнелдім. Ренжу қайда, керейлерім одан әрмен өзімсініп: «Өзімізге тартқан екен» – деп қойып бұрынғыдан бетер бауырына басады. Көкдөнен тайды бәсіреме беріп, өздері үйретіп беріп кетті. Екі әжемнің көзі жұмылған соң мен әке-шешемді саяқси жатырқап, «қиянқы ұл» атанып, үйге жоламай ел кезе беретін едім (Ол кезде ел іші еркінсі бастаған). Бәрі де: «Ой, әжесінің баласы келді» – деп қауқылдасатын, ара-арасында «керейлетіп» боктағанымды айтқызып, қарқылдаса мақтап, шақпақ қант беретін. Мен мәз болам соған. Мұндай өтінішті керейлердің өздері де жиі айтқызып: «Қайран, намысқой Нухан мен Тухан апайымыздың көзі ғой. Елін, бізді ұмытпасын деп үйретіп кеткен екен-ау» – деп көукілдесетін және өле-өлгенше (Ғабенмен «керейлеткен» кезде көздері тірі болатын, айтып бергенімде: «Есемізді бір қайтарған екен!» – деп иықтары көтеріліп қалған) алдымнан жүгіріп шығып, киімімді іліп, төріне шығарып, бәйек болатын еді, жарықтықтарым. Менімен қатар оқыған ұл-қыздары намыстанып: «Бізді неге сөйтіп еркелетпейсіңдер осы» – деп күйіп-пісетін. Мен одан бетер маркадамситынмын. Кейін әдетіме айналып кетті. «Керейлетпесем» олар да «ренжітіп алдықпа» деп бәйек болады. Ал, «керейлетпесем», ана екі әжемнің әруағы риза болмайтындай өзімді кінәлі сезініп, қоңылтақсып қаламын. Ал, Баянғали сияқты «жиендетіп, жезделетіп» желетін қуларды бидайша қуыра жөнелем. Өзім, содан екі әжеме қатар еркелегендей масаттанып, рахаттанып қаламын. Содан ғой, Баянғалидың құрған қақпанына түсіп, Сафақеннің қармағына ілініп, арыстанның ауызына түсіп жүргенім.

Несі бар, қазақы дәстүрлі тағылымның арқасында Ғабеннің қолынан дәм таттым, бір апта бойы қымызына қандым. Ол да, 40 шыбар тайға болмаса да, 40 серкештің біріне татитын олжа. Әй, Ғабем-ай, өзімсіп отырып бауырыңа үнсіз тартып, мысыңмен тұншықтырдың-ау! Несі бар, қай жиен ел боп жарытқан дейсің? Біз де соның біріміз. Бір дулы мәжілістен шыққанда Ғабен сәлем бергенсіп, еңкейе беріп: «Ғабе, ана «керейлетудің» мәнісі былай» – дей беріп ем: «Білем» – деді. «Оған себепкер менің үлкен әкем Ахаң – Ахмет Байтұрсынов» – деп сыбырлап үлгердім. «Солай ма?» – деп сондай бір маңғаздықпен ұзақ қарап қалды. Сол кезде Сафақен кеп қолтығынан демеп, бұрып әкетті. Ғабенді ту сыртынан бағып мен қалдым. Демек, бұл «дәстүрсіз дәстүрдің» себебін Ғабен сол кезде-ақ алдын-ала біліп алған болды ғой. Өйткені, барлаушылары сенімді, ұқыпты, тиянақты, өтімді адамдар.

Уа, қайран сылаң сері Сафакем-ай (Сафуан), өстіп те додаға сап жібердіңіз-ау. Рахмет, тәлімді тәсіліңізге! – деп қазір де ризашылықпен еске аламын. Ал, Баянғали ма, Баянғали Астанаға ауысқан соң, ес кіріп, «сіз, біз» дей қалыпты. Әй, айызымды қандырып тұрып сыбағасын беріп ем, қазір тілі қайтадан кәлимаға келіп, «бәрі апайымыздың арқасы» дегенге қайыра көшті. Е, бәсе, бір керейді бас білгі жасауға әлі де жарайды екеміз.

Тәубә. Тек, қиылып тұрып өтінерім, мына мен жазған керейдің – қазақтың руына да, рулы елге еш қатысы жоқ. Жәй, өзімсініп «керейсінген», керейдің қос қызының құшағында бес жыл бойы иісі мен тері сіңіп, ақ сүтін еміп, күнін көрген сіңбенің сүйкемесі ғана деп қабылдаңыздар.

### «СУЫҚ ШӘЙ ІШНДЕР!..»

Бұл суық шәй мен үшін кәдімгі жәй «суық шәй» деген сөз емес. Тұла бойына қан тарататын ыстық шәй да емес, өзегінді қарып, мұңға батыратын «суық шәй» деген сөздің өзі ғана. Өйткені бұл – мен естіген, Ғабеннің бақыттың буына балқып, көңілі шалқып, сондай бір ризалықпен бейуаз күйде, шынайы раймен астарлап, емеуіріндетіп айтқан соңғы сөзі. Қалай екенін білмеймін, әйтеуір Ғабен мені адам күтпейтін тосын сәттерде қыл тамырдан ұстай қояды. Әйтпесе, түнгі сағат он екі жарымда шырт ұйқыдан кім оятып алады. Телефон ұзақ шырылдап тұрып алды. Мезгілсіз қоңыраудан секем алып, жылдамдата кеп, сергектеу күймен: «Иә!» – деп едім, ар жақтан егде әйел адамның ширақ еркін дауысы естілді. Бірден: – Әй, Тұрсын, бұл Ғабит Мүсірепов ағаңның үйіндегі Ғазиза апайың. Түн ортасында мазалағанымға кешір Ғабен жұмсап отыр. Ғабеннің ана Раядан туған үлкен қызының ертең ұзату тойы. Соған сені шақыр және ана әнші Жәнібек досың екен ғой, соны ертіп келсін. Оның өзінің дербес шақыруы бар. Тізімде. Еркеғали басқарады, Жәнібек қостайды. Сен қазір Жәнібекке хабарласып, жауабын бер. Үйге хабарлассын. Күтіп отырамыз Ғабен екеуміз. Біздің телефон номерімізді жазып ал. Ал, сенімен Ғабен сөйлесемін дейді, – деді. Ар жақтан: – Иә, бұл – менмін, Ғабит Мүсірепов. Естідің бе? Ана Жәнібекке айт. Қазір маған хабарлассын. Күтем. Өзің де кел. Қалып қоймағын, – деп құлақшынды Ғазиза апайға берді. Ол кісі жаңағы сөзді тағы қайталап: – Еркеғали екеуі тойды жүргізсін деп шешті, Ғабен. Жәнібек қазір хабарлассын!, – деп нығарлап тапсырма берді.

Түн ортасында Ғабен хабарласады, тойына шақырады деген үш ұйықтасаң түсіне кірмейтін мұғжиза ғой. Содан апыл-ғұпыл Жәнібекке телефон шалдым. Оның ұйқысы қатты еді. Шырылдатып тұрып алдым. Бір уақытта: – Иә, кім түн ортасында адамның мазасын алып тұрған? – деп ренжулі тіл қатты. Онысын елейтін мен бе: – Ей, Кәрменов, ұйқынды аш. Бұл менмін. Жаңа ғана Ғабен – Ғабит Мүсірепов звондады. Сені іздеп жатыр. Дәл қазір хабарлассын дейді. Күтіп отыр, – деп ем: – Ей, Жұртбаев, қалжындайтын адамды тапқан екенсің. Ғабен сен екеумізді қайтеді, ей. Түн ортасында іздеп. Біз кіміз, Ғабен кім? Басты ауыртпа, – деп трубканы қоюға ыңғайлана берді. Енді қайттым, дауысымды баяулатып, барынша түсіндіріп, тойының жайын айтып, Ерағанның – Еркеғалидың тапсырмасы екенін айтып, Ғабеннің телефон номерін айтып, әйтеуір, сөзіме сендірген болдым. Енді қайтемін, Ғабен болса ол күтіп отыр! Бес минуттан кейін қайта хабарласып ем, әлі сөйлеспепті. – Жаңа Ғазиза апай тағы хабарласты сені сұрап. Күтіп отыр. Ұят болады, – деп мен де дауысымды қаталдау шығарғансыдым. Телефон номерін қайталап айттым. Екі оттың ортасында қалды деген осы. Сағат бірден асып барады. Тықыршып-ақ кеттім. Жәнібекке тағы да телефон шалып ем,

дауысы ширақ шығып: - Ей, Жұртбаев, кешікпе. Бір сағат бұрын кел, – деп трубканы қоя салды. Енді үн дей бергенде, телефон тағы шырылдай жөнелді. Ғазиза апай екен: – Әй, Тұрсын, Жәнібек хабарласты. Ғабен рахметін айтып жатыр, – дегенде барып көңілім орнына түсті. Жұматайшалап: Біз де Ғабеннің жұмсауына, Жәнібекті жұмсауға жарап қаппыз ғой – деп миығымнан бір жымылып алдым. Енді қалай, ұлы Ғабеннің өзі түнгі сағат бірде тойға шақырып отырса. Әрине, бедел де, себепкер де, елетіп отырған да Жәнібектің ұлы дауысы екенін білемін. Дегенмен...

Той Ғабеннің үйінің маңындағы елеулі лауазымдылардың аспұзылда-рының бірінде өтті. Басталуға бір сағат қалғанда жаңағы аспұзыл-дың алдындағы алаңқайдың ауа райы да жадырап, әуселесі де көтеріліп сала берді. Тұс-тұстан киімдері көздің жауын алатындай жарқырап, сондай бір сері кербездікпен сырбаздана басқан әр жастағы жұптар, әдеттегідей жалпылдап құшақтасып, дабырлап амандаспай, бір-бірімен бас изесіп, баяу сөйлеп, еппен басып тойханаға беттеп келеді. Аға қаламгерлерді көре сап, алдынан жүгіріп шығып, жалпылдай бастап ем, анадай жерде қабағын тыжырына түйіп, көзін өңменімнен өте қадап Жәнібек тұр екен. Атымның сыры өзіме мәлім. Бойымды жиып, ақырын сытылып шығып, оңашалана бердім. Бір сағат бұрын келгенімде айтқан нұсқауы есіме түсті. Кісілердің алдынан жалпақтап шықпай, әдеп сақтап, ақырын сөйлеп, үнемі Ғабеннің қас-қабағына көз салып отыруым керек екен. Бұл, сынақтан Жәнібек бозбала кезінде өтіп алған. Тіпті, ер мінезді, еркін сөйлейтін Хаманның да (Хамит Ерғалиев) дауысы пәс. Ал, атакты өнер адамдарының өздері иіліп-қайысып тұр. Оларды иілтп қойған өзге емес, Мәдениет министрінің өзі Еркеғали Рахмадиев. Олардың әр қимылын бақылып: «Шолжаңдамандар! Әдеп сақтаңдар» – деп жатқанын бағана естіп қалғам. Тікелей бастығым емес, еркіндей басып қасына бара беріп ем көзімен ата қарап: «Үй, сенсің бе, Жалпақпай» – деді. Жәнібек министрінің қаһарынан қорғамақ боп: «Ғабеннің өзі шақырған» – деп еді, «Білем! Кейін!» – деп бетін бұрып әкетті. Ер-ағанның «Кейін» деп «кейіндеткенінің» кілтпанын «кейін», жиырма бес жылдан «кейін» бір-ақ түсіндім. Ол дербес хикая «кейін» баяндалады.

Сонымен, қонақтар ерте жиналып, үлкенді-кішілі боп қаз-қатар тізіліп тұрып жатыр. Жәнібек мені қақпайлап босағадағы қалтарыстау жерге апарып: «Осы арадан қозғалма. Бірденені бүлдіресің. Оңаша отырамыз екеуіміз» – деді. Қуанып кеттім. Мына сызылған серілердің қасында қашанғы сызылып тұрам. Бір уақытта Ер-ағанның қатқыл дауысы естілді. Бәрі тізіле қалды. Есіктен маң-маң басып Ғабен кіріп келе жатты. Көпке ишара жасап, үлкен жазушылардың қасында сәл аялдап, төрге озды. Әркім орнына барып, қашан Ғабен отырғанша тік түрегеп тұрды. Содан кейін орындықтарының дыбысын білдірмей жапатармағай бір сәтте отырды. Бұл неткен әскери тәртіп. Ер-аған шешендете қысқа қайырып, Ғабене сөз берді. Ғабен орнынан тұрып, құлақ тұнған тыныштықтың өзінде әрең естілетін созылыққы дауыспен: «Иә, осылай болды. Қыз ұзатып жатырмыз. Бұл қызық дастархан болып тұр. Иә! Алдағыларыңды алып отырыңдар!» – деп орнына отырды. Енді, Ер-аған мен Жәнібекке тізгін тиген соң, ауа райы желпіне бастады. Ән айтылды. Ғазиза апай мен Рая жеңгеміз дастарханды аралап, әр кіммен ләм десіп, маған: «Келдің бе? Дұрыс болды» – деп орындарына барды.

Қозғалған, шанышқы ұстаған, дәм ауыз тиген бір адам жоқ. Бәрі бастарын төмен сап отыр. Ғазиза апай Ғабене сыбырлап еді, Ғабен маңғаздана орнынан тұрып: «Бұл қызық дастархан дедім ғой, жаңа. Жаңа заң бар. Хамит! Саған қиын болды ғой. Иә, алдарындағы шәйнектегі суық шәйдан ішіп отырыңдар. Ал, Хамит! – деп орнына отырды. Ер-аған Ғабеннің алдындағы шәйнектен кішкене кесеге «суық шәй» кұйды. «Ал, Хамит!» – деп күліп өзі ерніне апарды.

Қамаң да түсіне қойып, кесеге «суық шәйді» толтыра құйып, тартып жіберді де: «Түу, Ғабе! Суық шәйіңіз шығымды да, жұғымды екен!» – деді. Ғабең миығынан күліп, ризалығын танытты. Сол-сол-ақ екен, ұзына дастарханда бағанадан бері мұрны пұштиып, көкке түштиіп қарап тұрған шәйнектер ерсілік-қарсылы, арлы-берлі қозғалып кетті. Жұрт жапатармағай кесеге қолдарын созды. Іле бағанағы өлі тыныштық бұзылып, жұрт жамыраса сөйлесе жөнелді. Тура сол күні, демек сәуірдің бірі болуы керек, «ішімдікке тиым салынған» заң шығып, дастарханға ащы су қойылмайтын болыпты. Ғабең ол заң ұнамайды. Тегін адам министр бола ма, Ер-ағаң амалын тауып, әр столға бір шәйнек қойдырып, ішін «суық шәйға» – коньякқа толтырып қояды. «Қой, Ғабеңнің суық шәйінен ішейік!» – деп жымындасып қойып, Жәнібек екеуміз де дәм татып едік-ау!

Үнсіз жымыспен, сондай көңілді өткен тойды бірінші және соңғы рет көруім осы. Сөйтсем, Ғабең жалғыз менің ғана емес, барлығының мысын басқансып отырып, миығымен риза етеді екен ғой. Өкінішке орай, жүздеген адамды сусындатқан «Суық шәй» деген сөз Ғабеңнің аузынан естіген соңғы сөзім болды. Бір жарым-екі сағаттай уақыттан соң Ғазиза шешей Ғабеңді сүйемелдеп, Ер-ағаң қолтықтап, созалаңдай, ырғала басып есікке беттеді. Шаршаған шығар – дестік іштей. Есікке таман тақап, артына жәймен бұрылды да, қош! – дегендей қолын сәл көтеріп, ту сыртын беріп сыртқа шығып бара жатты. Бұл да Ғабеңнің сұлбасын соңғы көруім екен. Отырыс ұзаққа созылмады-ау деймін. Жәнібек екеуміз үйге қайттық.

Тағы да сағат он екілердің мөлшерінде телефон шырылдап сала берді. Ғазиза апайдың дауысы:

– Тұрсын, Ғабең он жарымға таман диванға жантайып еді. Содан қимылсыз жатыр. Дәрігер келді. Инсульт. Сен маған Қалдарбектің (Найманбаев) телефонын тауып берші. Не өзің де айт оған. Ана Совминнің ауруханасының бастығына айтсын, – деді абыржулы күймен.

Сілейдім де қалдым. Қуаныш пен қасіреттің арасы осыншама тез бе еді. Іле кеш те болса амалсыз Одақтың бірінші хатшысы Қалдарбек ағаның үйіне телефон шалып ем, дауысымды тани қойған Қалекен:

– Тұрсын, білемін. Естідім. Міне, ауруханаға шығып барамын, – деді.

Ғабеңнің жанын Қалекен алып қалатындай боп, бір түрлі сабырлы қалыпқа түстім. Бірақ, мазасыздық таңға ұласты.

... Түстен кейін одақтағы Әлжекеңнің (Әлжаппар Әбішев) бөлмесіне бардым. Екі қолымен екі шекесін шеңгелдей басып отырған күйі басын шайқап:

– Қиын!... Қиын! Әй, Ғабеңнен айырылып қалмасак еді осы. Қиын! – деп күңірене жөнелді.

– Қалдарбек Бас дәрігер Айтқазинге айтып, жеке бөлме, жеке медбике, жеке күтуші бөлдіріпті. Олар Ғабеңнің қасынан бір сәтке де шықпауға тапсырма алыпты. Кісі танымайды. Құр сүлесок жатыр. Тек екі көзінен саулаған жас тиылмай жатыр екен. Айтқазинге: «Тым болмаса бір ауыз бақұлдасуға болатындай күйге келтірші. Еліне өсиетін алып қалайық!» – дедім. Әй, қиын – деп күңіренумен болды Әлжекең.

Үшінші күні Әлжекең желпініңкіреп отыр екен:

– Кеше Айтқазинге: Ғабеңнің көзінің жасын тиюдың бір амалы бар сияқты. Бұл кісінің жасын тиса – сұлу әйел ғана тияды. Ауруханандағы ең сұлу, кербез, әдепті, қазақша жөн білетін бір келіншекті тауып, қасына отырғызшы. Ғабеңнің текті, кербез, кірпияз екені рас болса, міндетті түрде намыстанып, көзінің жасын тияды, – деп ем, ол көнді. Бүгін барып ем, расында да келісті келіншек екен. Ғабең де көзінің жасын тияпты. Қолын ұстап отыр екен. Енді тілге де келіп қалар – деді.

Төрт-бес күн өткеннен кейін тағы да Әлжекең:

– Ой, бүгін олжалы болдық. Қалдарбек, Мұхтар Мағауин, Мұхтар Шаханов төртеуіміз барып ек. Тілге келіпті. Сұлу келіншектің алақанына алақанын салып отыр. Соны пайдаланып: – Ғабе, халқыңа өсиет айтпай кеткеніңіз жараспайды. Мына Мұхтар жазып алсын. Асықпай айтып беріңіз, – деп ем, келісті. Мұхтар жазып алды. Тіл! Тіл! Қазақ тілі – деп көп айтты. Әй, әулие Ғабем-ай! – деп көзіне жас алды Әлжекең.

Сондағы Ә.Әбішев, Қ.Найманбаев, М.Шахановтың көзінше Мұхтар Мағауинге айтқаны:

«Кешегі өткен Ғабиден досқа: «Енді екі жыл жүрсек жетпей ме?» – дегенім бар еді. Сол мөлшерім – мөлшер болды. Қойны суық қасиетті кара жер құшағына, міне, мен де кеткелі жатырмын.

Үмітпен, күреспен, сеніммен өткізген ұзақ ғұмырымды қорыта қарасам: қуанышым да, ренішім де мол екен. Жаңа қазақ мемлекетінің биік туы менің көз алдымда көтерілді. Бүгінде күллі әлем назары ауған іргелі елге айналдық. Бірақ, әдебиет пен өнер ұлы болмаған жағдайда, ұлт ұлы боп есептелмейтінін ұмытпайықшы. Жан сүйсінтер бірлік жоқ жерде – саналы тірлік те жоқ. Кейде мыстың алтынға, қыранның қарғаға телініп жататыны осының кесірі. Үлкен өнердің – үлкен, таза мінезі болуға керек. Өзім іргетасын қаласқан қазақтың ата әдебиетінің атынан, өздерің қадір тұтқан алыптар тобының атынан өтінімін: мені соңғы сапарға шығарып саларда осы ақтық тілегімді еске алындаршы.

Қалам ұстауға халім болмағандықтан, хатты Әлжаппар мен Мұхтарға айтып жаздырдым.

Ал, қасиетті елім, жерім, қиыспас дос-жаран, ағайын-туыс, сәулелі жас ұрпақ, хош, хош болыңдар! Тілім аманат.

*Ғабит Мүсірепов».*

Бұл сөз Ғабеннің өзі: «Жазушы қай күні жазуды қойса, сол оның өлген күні. Жазушы қай күні қаламын тоқтатса, оның өлген күні сол, одан кейін жасамаса да болады» («Күнделіктен», 148-бет), – деп жазған «ант мезгіліндегі» әулиелік үкімі болды. Иә, «қолдан қаламың түспесін деген сөздің мағынасы да осы. Ғабең өзінің бақи болар сәтінде де, қалам ұстауға дәрмені келмесе де, тілін күрмей сөйлеп, соңғы демімен: «Қандай жағдайда болсаң да, өз қамыңды ойлай отырып жазсаң, ең алдымен ақын-жазушылығыңа кесафаты тиеді. Олай істегенің – өзіңді-өзің қылмысқа сүйрегенің» («Күнделіктер», 153 бет)», – деген сертіне жетіп, бұл «кесефат пен қылмыстан» бойын саф таза ұстап, «Елім, тілім!» – деп ұлтына қызмет етіп жатыр о дүниеге сапарлап кетті.

Кербездік пен кірпияздық, әйелге деген сырбаз серілік Ғабеннің сүйегіне сіңген асыл қасиет, киелі мінез екен. Оны өзінің өлімімен де дәлелдеп кетіпті. Күтуші келіншек те Ғабеңе бауыр басып кетіпті. Қас-қағым жалғыз қалдырмапты. Бір сәтте Ғабең: – Өтінем, Сен сәл шыға тұршы, – депті. Қиыла айтқан сөзін қимай, есікті сыртынан жауып тұрып, екі-үш минут аялдап қайтып кірсе... Ғабең жүріп кетіпті. Соңғы ант мезгіліндегі жанталасты әйел затына көрсетуге намыстанып, ақ өліммен аттаныпты.

Неткен заттылық! Қандай керім кербездік, қандай таза кірпияздық десеңші. Осы ақтық ант мезгіліндегі мінезімен де Ғабең – Ғабит, Ғабит Мүсірепов боп мәңгі бақилық кепиетті тұлға болып қала береді.

Өзінің сүйегін шығарғанда: «Маған «Ақ-Баян» (Көрпештен) жаназа үйім болса басқаны тілемес ем» («Күнделіктен», 90-бет), – деп өсиет етіп кетіпті. Ғабеннің жаназасында «Ақбаян» зары орындалды ма, жоқ па - дәл есімде жоқ. Әйтеуір, симфониялық аза орындалғаны анық.

Қош, мысы басым, миығы салмақты, емеуіріні тылсым, астары терең сөз Киесі!

## «ҚАРА ШАЛЫМДЫ САҒЫНДЫМ!..»

Шындығын айтсам, Ғабен дүниеден озғанда көңілім құлазып, озанды сарын кеудемде сазып, толқымалы күй кешкенмен де, көзімнен жас шықпап еді. Сөйтсем, ол көздің жасын өзінің ұзаққа созылатын миығымен санамның түкпірінде үнсіз ұялатып кеткен екен. Ұялағаны сол емес пе, тура жиырма бес жыл өткен соң оқыстан өксітіп, Ғабене деген сағыныш көзімнен ыстық жас боп ыршып кетті. Созатын несі бар, бәрі де сол баяғы емеуірінмен айтқан, кезінде тура мағынасында жеңіл қабылдаған: «Мен де кереймін-ғой», «Енді Еркеғалиға бар. Тапсырып қоямын», «Сен де кел», – деген астарлы сөздерден басталыпты. Ол сөздердің мағынасы жиырма бес жылдан кейін ашылатынын, ал Ер-ағанның (Еркеғали Рахмадиев): «Кейін айтам» – деп кейінге қалдырған емексітуінің мәнін 2012 жылы қоңыр күзде ғана түсіндім. Ал, Ер-аған болса, оны соншама уақыт оны ішіне бүгіп жүріпті. Тым еркелетіп, бойына жақын ұстап, қандай алқалы, лауазымды мәжілістерде де жанына шақырып ап, кейде Клара жеңгемізге: «Менің ең ет жақыным осы» – деп күбірлеп, ал моншада апта сайын арқасын ысып беретін күйеу баласы Несіпбекке: «Сенен мынау жақын» – деп емексітіп қоятынынан бір жақындықты сезгеніммен, нақты жіп таға алмай жүретінмін. Бірақ, еркінсуімді барған сайын үдете бердім. Еңбек Ері атағын алғанда дер кезінде құттықтай алмай, кешіккен сайын ыңғайын таппай ыңғайсызданып жүр едім. Бір жолы сол кездегі Астананың әкімі Иманғали Тасмағанбетовтің қала жұртшылығының алдында есебі тыңдалды. Ер-ағанды көре сап: – Айыбымды кешіңіз, – деп жортақтай жөнелдім. Жөндемі ғана қабылдап: – Жиналыстың соңынан қашып кетпе. Мені күт, – деді бұйрық раймен. Шыққан соң күтіп тұрдым. Несіпбек те көлігін көлденең тарта қойды. Сарыарқаның бойымен үйіне келе жатып «Гурман» деген кафені көргенде тоқтатты. Несіпбек те түсе беріп еді: «– Сен кете бер. Біз оңаша сөйлесеміз», – деді. Несіпбектің көзі бағжаң етіп, ырықсыздау басып көлігіне беттеді. Кафеге кірдік. Оңаша орынды таңдады да:

– Сен қозғалма. Сенімен бір оңаша отырғым кеп жүр еді. Бүгін мен сыйлаймын. Не қаласаң де еркін, қысылма. – деді.

– Өзіңіз не қаласаңыз, соған разымын, – дедім байыптанып. Тапсырысты өзі берді. Сүтті шәй алдырды. Сусынды өзі құйды. Сөйтіп, күтушіге жарыдым да қалдым. Сөзі тіпті сыпайы, бірте-бірте көңілі босаң тартып, көзіне шық үйірле берді. Қанша можантопай болғаныммен де, бір кісінің көңіл алаңын түсінетіндей түйсігім бар ғой. Қалай сергітудің амалын таппай, әлгі үйреншікті «керейсінуге» салып:

– Ер-аға, бір сұрайтын сұрағым бар еді. Міне, жиырма бес жылдан асты, менің асты-үстіме түсіп, сый көрсетесіз де жүресіз. Айтыңызшы, менің қай кісілігімді құрмет тұтасыз? – деп турасынан кеттім. Көзі адырая қарады да:

– Үй, сені адам деп кісі сыйлай ма! Өзім... қара шалымды сағынып жүрсем, – деп кемсендеп қоя берді.

Сасып қалдым. Ер-ағанның марқұм әкесі тоқсанға келіп қайтқан. Дүниеден озарында мені сұратыпты. Әкесінің сол тілегін орындай алмағаны үшін өкінеді екен ғой – деген ой келіп:

– Шіркін, нағыз асыл керейлер солар ғой, – дей беріп ем:

– Кетші-ей, өзің. Қара шалымды, ағамды сағынып жүрмін дедім ғой. Түсіме кіреді. Менің де алдына баратын уақытым жақындап қалды. Сонда: Анаған айтқан аманатымды орындадың ба? – десе не деймін? Содан сенің алдыңнан бір өтейінші дегенім емес пе, ақымақ, соны да түсінбейсің бе? Ағамды, Ғабенді сағындым! – деп өксіп жібергені.

Мен де тұла бойым шымырлап, Ғабеннің: «Еркеғалиға тапсырып қоямын» – дегенінің астарын, Ғабеннің сол бір ауыз сөзін жерге тастамай мені 25 жыл бойы шолжандатып келуінің себебін енді түсініп, қыстығырыла өксіп жібердім. Қысық көзімнен ыстық жас ыршып кетті. О, бұл неткен аға-бауырлық ыстық сезім. Өзі сексеннен асса да ағасын – Ғабенді сағынып, соның аманатына адалдығын сақтап, менен кешу сұрап отыр екен ғой!

– Астафир-алла! Қандай қасиетті едің, Ер-Аға! Кешіңіз, мені, кешіңіз. Мен мешеу басқаша түсініп жүріппін! – деп булығы сөйледім.

Ол ойға шомған күйі біраз отырып қалды.

– Алдыға барамын, аға! Көп қалған жоқ. Айтқан аманатыңыз міне отыр. Аға!.. – деп буалдыр тартқан көзілдірігін сүртті.

Демек Ер-аған: «Өзгеге өтетпес борыштар бар! Өзің өтемесең, өтелмес борыштар бар. Осында ғой мәселе» («Күнделіктен», 86-бет), – деп жазған Ғабеннің «борыш» туралы ұстанымын білген. Бір ауыз тапсырма сөзін сол «борыштың өзі» деп қабылдаған екен ғой. Ғабеннің бұл ұстанымын Ер-аған білген, әрине. Ондай «борыштың» ләміне мен жараймын ба, жарамаймын ба – «мәселе онда емес», мәселе аманатты борышты кімге «өтеуде» және ол адамның қалай өтеуінде яғни бұл борыш – Ғабен мен Ер-ағанның арасындағы «соңғы арыздасу аманаты».

Ой, сондағы өкпе-бауыры езіліп тұрып елжірей егілгені-ай. Қайран қасиетіннен айналайын ағаларым, бір-біріңнің қадіріңді қалай бағалай білгенсіңдер! Бізде оның иісі де жоқ. Бірге туған бауырлар да бірінің қадірін бірі осылай біле бермейді-ау! Мұнайған, жетімкөңіл қалпымызда орнымыздан тұрдық. Ер-ағанның бауырына кіре қолтықтап үйіне шығарып салдым. Сәл мұнайып жерге қарап тұрды да:

– Қош! – деп бұрылып жүре берді.

Мен орнымнан қозғалуға шамам келмей, өксікке булығып біраз тұрдым. Үйдің есігі жабылғанда ғана барып есімді жиып, Ер-ағанды соңғы рет көріп тұрғанымды түйсікпен сезгендей болдым.

Расында да араға айлар салып Ер-аған да дүниеден озды. Алматыдағы Кеңсайдан, Ғабен тұспалдау жерден орын бұйырды. Енді олар мәңгі және бақи дүниенің иесі Бір Алланың ғана алғауында, ағайынды рухты ешкім ешқашанда ажырата алмайды.

\*\*\*

«Әрбір сөздің қыры бар, тұрағы бар, жотасы, тұрқы бар болуы керек» («Күнделіктен», 96-бет). Сонда менің бес рет-бетпе кездескенде естіген «Баста!..», «Сенбісің!..», «Тамаша!..», «Мен де кереймін ғой», «Суық шәй іш!..» деген бес ауыз сөздің «қыры», «тұрағы», «жотасы», «тұрқы» қандай болды екен? Соны дұрыс байыптай алдым ба, жоқ па - ол да дәркүмән. Тылсым тұлғаның емеуіріні мен астарын дұрыс ажырата алдым ба, білмеймін. Бірақ Ғабен, Ер-ағанның ағасы Ғабит Мүсірепов тұспалдаған, мен түсінген емеуіріннің астары осындай. Жеткізе алмаған емеуіріндерді сіздер өздеріңіз жеткізіп алыңыздар деп емеуірін етуден басқа амалым жоқ. Алайда миығының меже-сұлбасы бұлдыр да болса бағдары дұрыс болуы керек. Дұрыс болуы тиіс! Иә, Ғабен айтқандай, біз де: «Кәріліктен де, жастықтан да сақтанатын жаста тұрмыз» («Күнделіктен», 110-бет). Ең қауіптісі, ғайбаттан – өтіріктен, жаладан, сатқындықтан сақтаса екен, Жаратқан. Қалғанының бәрі салауат.

Айтпақшы, кұнара таңғы төртте оянған сайын Ғабеннің: «Жылдың қай кезінде түнде көп ояна берсең сол кезде туған екенмін деп ойла» («Күнделік»тен, 176-бет), – деген сөзі есіме түседі, сол арқылы Ғабенді әр таң сайын еске аламын. Ғабеннің өзі қай мезгілде жиі ояна берді екен, оны сұрау есіме келмейті.

(Жалғасы келесі санда)



*Анұберен*

**Өтеген  
ОРАЛБАЙ**



## КІМГЕ АЙТАМЫН МҰҢЫМДЫ ЖАНЫМДАҒЫ

\*\*\*

Адалды адал деп едік,  
Арамды арам деп едік.  
Ақиқат үшін айқасып,  
Ажалға барған ел едік.

Сатқынды сатқын деп едік,  
Сайтанды сайтан деп едік.  
Сындарлы сәтте әрқашан,  
Сапқа да тұрған көп едік.

Дүмшені аяр деп едік,  
Діншілді даяр деп едік.  
Дүние емес тірлікте,  
Дүйімнің қамын жеп едік.

Жесірді жесір деп едік,  
Жағдайы үшін кеп едік.  
Жалғызды жалғыз деп едік,  
Жанына оның сеп едік.

Отанды Отан деп едік,  
Отбасы содан деп едік.  
Ортаға түссе қан майдан,  
Ормандай болған көп едік.

Осындай біздер ел едік,  
Осындай біздер жер едік.  
Орыны бар да оңалар,  
Озып бір туған ел едік.

Алаш деп туған арманбыз,  
Арға да бәрін салғанбыз.

Айырылып соның бәрінен,  
Анырап қалай қалғанбыз?

\*\*\*

Ақтөбеде дәл қазір боран екен,  
Қар да қалың, қара жел соғады екен.  
Бестамақтың бойында анам жатыр,  
Киімі жоқ, япыр-ай тоңады екен.

Елек жақтан жел соғар екіленіп,  
Анамыз жоқ, біз қазір жетім едік.  
Жыл құсындай жамырап  
жетуші едік,  
Ұямызды қалдырып кетіп едік.

Осы жерде жанымның жарасы бар,  
Осы жерде өмірдің бағасы бар.  
Үш інімді амал жоқ жерге бердім,  
Үмітімнің үріккен наласы бар.

Келген сайын жанарым  
жасқа тұнар,  
Осы жерде өмірдің басқа аты бар.  
Інілерім алдымнан шығушы еді,  
Құландайын маңдайда қасқасы бар.

Бестамақтың бойында  
мұным жатыр,  
Ана деген ұлы бір ұғым жатыр.  
Айтылмаған осында әнім жатыр,  
Жазылмаған осында жырым жатыр.

Сағынышым жанымды шегелеген,  
Соны ойласам жүрекке енеді өлен.  
Жетім қозы секілді енесі жоқ,  
Мың айналып бұл жерге келе берем.

\* \* \*

Бозаң дала, боз жусан, алыстады,  
Қала деген қартпенен танысқалы.  
Кең ойлайтын мінез де кішірейіп,  
Ұсақтадық салқындық табысқалы.

Айдын еді бала шак, бала күнім,  
Қайдан білдік өмірдің алалығын.  
Қайдан білдік пейілдің шалалығын,  
Қайдан білдік бабаның даналығын?

Бара жатыр алыстап барлығы да,  
Ешкім қазір құмартпас таң нұрына.  
Адамдардан алыстап кете бардық,  
Араласып қаланың даң-дұңына.

Араласып қаланың даң-дұңына,  
Күә болдық көңілдің қалғуына.  
Жылдан жылға жалғыз боп  
кетерінді,  
Артып салдық уақыттың тарлығына.

Артып салдық уақыттың тарлығына,  
Бір шеңберге салдық та жанды мына.  
Алыстағы айдынды көре алмайтын,  
Не айтасың қоршаулы тағдырына.

Не айтасың қоршаулы тағдырына,  
Кім түсінер жан тербер зарды мына.  
Салт-дәстүрді тегінге сатылатын,  
Кім қайтарар, кімдерде қалды мұра?

Бармақ тістеп өкініп, алаңдадым,  
Кім түсінер қоршауда адам барын.  
Шығып едім шерімді айтайын деп,  
Тыңдайтұғын бір адам таба алмадым.

Кімге айтамын мұңымды  
жанымдағы,  
Ол да шіркін,  
жылдан-жыл қалыңдады.  
Тамырымнан тепсініп ағып шықты,  
Толған уәйім тарылған қанымдағы.

\* \* \*

Еділдің бойы ен тоғай,  
Ел қондыра алмадым.

Есіл де есіл, жалған-ай,  
Жер тойдыра алмадым.

Жайықтың бойы жасыл ну,  
Салқыны өткен терістен.  
Жылымы терең жанды су,  
Балығы тайдай тебіскен.

Сонау Еділдің басында,  
Сансыз сағаның қасында,  
Айналып намыс, жасынға,  
Ағалық болар жасында,  
Махамбет өткен мұңданып,  
Исатай өткен дұлданып,  
Дулығалары басында,  
Бауырын жазып, бұлдырап,  
Булығып өткен ғасырда.

Еділді тастап еңіреген,  
Етекте тұрып шөлдеген,  
Қимастай жасы мелдеген,  
Сақалын санап шерлеген,  
Сарынын сөздің сермеген,  
Ақтабан аты ақ танау,  
Атылып шыққан кермеден,  
Ауыздығы – айбалта,  
Жуасқа басын бермеген,  
Тәңірден туған екі су,  
Толқындап жатқан көлденең,  
Сағыныш деген сары ауру,  
Бойды алып әбден кернеген,  
Селебе қалған тот басып,  
Сайысқа салса селдеген,  
Ерлерім қайда, ел қайда,  
Еңіреп бір тұрып жерлеген,  
Көрем бе қайта мен деген...

\* \* \*

Тұманда көшкен тау сынды,  
Нөсерде қалған бау сынды.  
Жасанды сана дегенің,  
Жасанып келген жау сынды.

Жоғалттым тұмса даусымды,  
Тағатым содан таусылды.  
Жасанды сана дегенің,  
Жанымды торға қаусырды.

Жасанды бәрі, достығың,  
Туысқан, жақын қосты кім?  
Жасанды сана дегенің,  
Табиғи емес, бостығың.

Айнала бәрі жасанды,  
Кәрілер кенет жасарды.  
Тағдырың болған табиғат,  
Тұрады енді қашанғы?

Сөйлесен, күлсең – өтірік,  
Көңілің ащы кекірік.  
Сананыз егер сүрінсе,  
Қояды бұлар екілік.

Жылдарда алыс ел қалды,  
Жұпарын шашқан бел қалды.  
Санамды алса жасанды,  
Өлмеген менің нем қалды?

Табиғи сана бұл тынды,  
Жүректің еті жыртылды.  
Жасанды сана дегенің,  
Жоғалту екен ұлтыңды.

Жоғалту туған ұлтыңды,  
Осыған кімдер ұмтылды?  
Санасын ғылым ұрлаған,  
Жұбатам қалай жұртымды?

\* \* \*

Жол мұраты жету ме?  
Жеткен дұрыс,  
Сүрлеулер мен  
соқпақтан өткен дұрыс.  
Ай астында арманың –  
бір жолаушы,  
Күн астынан күлімдеп  
жеткен тыныс.

Жолдың заңы,  
жүргенге жөргем ілер,  
Жігеріңнің құлашын желден білер.  
От басында омалып отырғанша,  
Дүниенің қызығын ерген білер.

Жылауық жыр айналар  
басқа өлеңге,  
Сүрінсең де жетерсің жас беленге.  
Темір таяқ қолыңда ине болар,  
Темір етік мүжілер тас жегенде.

Ауыздығын арманның салған дұрыс,  
Алам деген арзуды алған дұрыс.  
Жұмыр жердің  
жұмбағын шешу үшін,  
Жер шетіне шегінбей барған дұрыс.

Атың өліп, жүгенің бос қалғанда,  
Жаныңдағы жау болар дос қалғанда.  
Жол мұраты жету деп жүре бергін,  
Бір күндері айтарсың «хोш,  
жалғанға».

Жүре бергін, жалқы дос, аялдамай,  
Сонда үміт те жол жүрер саған қарай.  
Мен келемін сен салған  
сүрлеуменен,  
Ұры соқпақ, жылымға қарайламай.

\* \* \*

Киік көрдім құба жоннан құлаған,  
Суыр көрдім сыңсып тұрып жылаған.  
Аңшы көрдім автоматын асынған,  
Құба далам, болсаң екен дін аман.

Қақпан көрдім  
қанға бөккен тармағы,  
Зіл қаратас, атан тартпас салмағы.  
Кең далаға сыймадым деп мұнайып,  
Барады ұшып байтақ  
қырдың қанбағы.

Жосылған із, жосықсыздар өтімді,  
Тау қопарып, тас шашуға бекінді.  
Кең даланы айқұш-ұйқыш  
кесті олар,  
Кескендей боп мына менің бетімді.

Ақтау менен Қаратауда бір мұң бар,  
Талтаң-талтаң жүр ғой мұнда  
мың мұндар.  
Арқарлардың атақұлдік жері еді,  
Бұл жерлерге қалай  
қақпан құрдыңдар.

Серуен емес есер ойлы серілік,  
Ниеттері тұр ғой әбден көрініп.  
Аң-құс ауып, жыландар да жоғалды,  
Жат пиғылдың түстерінен жерініп.

Байтақ далам, жүрегіме тым ыссы,  
Қалай еркін аларсың сен тынысты?  
Қысық көзді, мысық пейіл толып жүр,  
Қарағаны, қалағаны жымысқы.

Бұл даланың халқында еді тобасы,  
Шежіре еді шалғайдағы обасы.  
Құлпытастар қолын жайып жылап тұр,  
Құлай ма деп ата-баба моласы.



*Самала саздар*

**Жанат  
ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ**



## КӨКСЕГЕНІ ЖЕТКІЗБЕС ҚАЙРАН КӨҢІЛ...

### БІР МЕЗЕТ

Шөп басына шық тұнған таң еді бұл,  
Қарап тұрған –  
камкөңіл жан еді бір...

Алқызыл таң.  
Жасыл шөп.  
Мөп-мөлдір шық,  
Жабырқаған жалғыз жан...  
және ғұмыр.

Ғалам үнсіз... ойланар мұңға батып,  
Өкінішін әр өткен күн жалатып...  
Қарашыққа түсірер көлеңкесін  
Шөп басына мөлдіреп тұнған ақық.

Бірін бірі қимайды, амал қанша,  
Деп сұрай ма тілекке таң арбалса...  
Көксегені жеткізбес қайран көңіл  
Айыбы жоқ бір сәтке... сәл алданса.

\* \* \*

Із қандай ақ қардағы –  
ақпандағы,  
Ақ қарда ақ дүниенің жатты  
арманы...  
Түтеген ақ боранның бұл бейбақты  
Белгісіз қайда бастап ап барғаны.

Ақпанның ақ үйіне соқпаппыз деп,  
Омбылап қар кешіпті  
соқпақты іздеп,

Адасып айдалада қалып қойған  
Сол ізді жоғалтып ап  
Жоқтаппыз көп...

Ақ түтек асып кетіп құздан әрі,  
Төнеді көктен жұлдыз жүз қаралы.  
Жанының ұқты ма  
олар жаурағанын,  
Демінің жетті ме екен мұздағаны?!

Тірліктен бойы суып...  
жүз құбылған,

Із бе еді  
тастап кеткен ізгі бір жан?!  
Табылар тұсқа жетіп, жалт бұрылып,  
Жоқ қарап жүргендерміз  
біз бұрыннан...

Ақпанның аямаған ала желі  
Ақ қардың қарауытып қалады өңі.  
Жете алман жоғалғанға  
жүйрік мініп,  
Із кескен ізшіл тағдыр табады оны...

### АЛТЫН БАЛЫҚ ТУРАЛЫ ШЫНДЫҚ

Толқында ойнақтаған  
жарқылды алып,  
Тереңге сүңгіп кетті алтын балық.  
Қалт тұрды  
жүйткіп бара жатқан бір сәт,

Жағада қалған жанның  
қалпын бағып.

Болса да балықты ілер жоқ қармағы,  
Бұл жанның  
оған айтар көп-ті арманы.

Бәрі де ұмытылар...  
Ұмтылмас тек  
Өзекке өкініш боп шоқ тамғаны...

Тірілер түске айналып көп естелік,  
Жұбатар бір сабырлы ой  
соны ескеріп.

... Жүзеді алтын балық түс ішінде,  
Сәулесі су түбінен елес беріп.

Әрбір сәт өз үлесін кетер алып,  
Жалғыз жан мұңға батар жеке қалып.  
...Сол балық...  
бір күндері сол жанды іздеп,  
Жағаға «мен келдім»  
деп жетері анық...

\* \* \*

Көңілдің түкпірінде кірбін бұғып,  
Қасына жайғасады бір мұң кіріп...  
Өмірдің серті солай, әр пендені  
Жетелер бір жылатып, бір күлдіріп.

Қиялдың қиясына жетпейді арман,  
Тау түгіл таба алам ба  
беткейді алдан?!  
Жаяудың жалғыз шыққан  
шаңын көрмей,  
Адасып алты қазым көкті айналған.

Алты қаз – алты күнім мына менің,  
Ұқтырар осы жайды ұлы әлемім...  
Білмеймін шабандоз –  
күн қайда әкетті,  
Мәреден табылмады Құлагерім.

Бүркеді мінімді түн,  
мұңымды ымырт,  
Сырт берді сырғыма  
күн сырын бүгіп.  
Бұрылып қарамадың деп өкпелеп,  
Бұлдырап бұлтқа  
сінді бұрынғы жұрт.

Асығар әрбір сәтім аялдамай,  
Жүйткіді...

Ара-тұра аяңдамай.  
Мұңымды мұнар шыңға  
бұлт қып байлап,  
Кірбінді жанымдағы шаям қалай?!

\* \* \*

Неғыласың өзі әлсіз  
шырақты үрлеп,  
Жарығымен жазайын бір өлеңді.  
Бұтағында жанымның сұрақ бүрлеп,  
Санамдағы сартап ой түрегелді...

Тым кішкене...  
Тым әлсіз тұғыры да,  
Білтесінде бір тамшы от лүпілдейді.  
Жарық беріп өткінші ғұмырыма  
Жұлым-жұлым көңілді бүтіндейді.

Қайран көңіл...  
мәрттікті күтті кілең,  
Жарық күні жалғанның  
мың алдады...

Маздар шырақ жанымның  
түкпірінен –  
Шындық еді тұтынған шырағданы.

Неғыласың өзі әлсіз  
шырақты үрлеп,  
Жарығымен жазайын бір өлеңді.  
Жұмбақ қылып жауабын  
сұрақтың көп,  
Өз ғұмырын осылай сүреді енді...

Жанды жара, көңілді қаралы етіп,  
Қараша өтті...  
Қаңтар да барады өтіп.  
«Қалайсың?» деп қарамай қабағыма,  
Өмір шыңдар осылай, саналы етіп.

Ағаға – жат, құрбыға бөгде болдық,  
Осылайша жапан түз,  
шөлге қондық.  
«Кім едің?» деп ішімнен күлер біреу,  
Не деп жатыр күңкілдеп  
көлденең жұрт?!

\* \* \*

Түн қойнынан таң өреді...  
Ол анық,  
Таң ояна түн кетеді жоғалып...

Бүлкілдеген тіршіліктің тынысын  
Әлдеқайда бара жатыр жол алып.

Жол жұтылар көкжиекке...  
Ол анық,  
Керуені уақытқа тоналып.  
...Қалып қойды неге менің бауырым  
Ат-көлігін орта жолда доғарып?!

Дәурен көшер басымыздан...  
Анық бұл,  
Амалы жоқ, көнеді де ғаріп-құл.  
Ей, дүние, біздің көңіл бұл күні  
Жат түгілі жақыннан да қалып тұр...

\* \* \*

Түн не десін...  
Білемін үндемесін.  
Мен не дейін түн сырын білмегесін.  
Шамы күлген қаланы қара тұтып,  
Көшесінде көлбендеп жүрді елесім.

Жүрді елесім  
Жүрегін қолына ұстап,  
Жөн сұрайтын жан болса  
жолығыспақ...  
Көңіл деген қанаты қайрылған құс  
Тапса алақан  
амалдап қонып... ұшпақ.

Түнгі қала...  
Жұлдызы мүлде күлгін,  
Көлегейлер дидарын мұңлы өмірдің.  
Елес кезген көшесін көзіме іркіп,  
Сынық канат сол құспен  
бірге жүрмін...

\* \* \*

Тереземе жақындап Ай келеді,  
Арамызға кедергі әйнек еді...  
Түйір нұрын түйме қып алар едім,  
Бола қояр пенденің қай дегені...

Түннің өні ақ емес...

кара да емес,  
Сан сұрақты суырар санадан ес.  
Түс көреді түнгі әлем  
шым-шытырық  
Ойдан, қырдан жиылып тәмам елес.

Ай бетінде қалғандай өткен ғұмыр,  
Соны айта ма тылсымнан  
жеткен күбір?!  
Жүрегімнің дүрсілін іле кетті  
Құйғып барып сол айға  
шөккен дүбір.

Сәттік қана мезеттің неге бәрі,  
Неге үркектеп қашады менен әрі?!  
Әлдеқайда бір сәуле ағып өтті,  
Түнді оятып  
«Мен – ғайып» деген әні.

Қол жеткізсін ғайыпқа  
пенде қалай?!  
Сәттер жүйткіп барады  
жерге қарай...  
Әйнек деген әлемге басын сүйеп,  
Тереземнен қарайды дөңгелек Ай.

\* \* \*

Көкжиекке күн қонған мезет еді,  
Сайрауық құс жалғанды сөз етеді...  
Қызыл-жасыл дүние  
көшке айналып,  
Көз алдында...  
тезден де тез өтеді.

Төбеме кеп шуағын шашып тұрған  
Күнді осынша  
кім екен асықтырған?!  
Тіршіліктің дүбірін тең қып артып  
Бара жатыр көш ұзап...  
асып қырдан.

Кетті ілесіп қимайтын сәттер бірге,  
Алдын орап  
«Таксырым, дат!» дермін бе?!  
Әншейін бір қиял ғой...  
көштен қалған  
Бұйырады беті ашық дәптер кімге...  
Сөйлемі бар ішінде аяғы жоқ,  
Бас көтерер әр жолдан баяғы боп.  
Кім қояды нүктесін...  
сөйлем түгіл  
Мына ғажап дүниенің баяны жоқ.

Көкжиекке күн қонған мезет еді,  
Сайрауық құс жалғанды сөз етеді...  
Көшке қолын бұлғаған бір  
арманның  
Көзіндегі жарқылға не жетеді...



*Мәлтек жыр*

**Тұрдыхан  
АЙДАРХАНҰЛЫ**



## АҚ ҚАЙЫҢДАР ЖҮЗІНЕН ҰЯТ ТАМЫП...

### ҚАРАША ТҮНІ

Қаңқылында қаздардың,  
Қаралы жыр маздар мұң.  
Жатырқайды-ау тірлікті,  
Жалғыз күні жалғанның.

Ызыңынан қурайдың,  
Ызалы күй тыңдаймын.  
Құстай ұшып қуаныш,  
Құтырынар қу кайғым.

Күзгі моншақ мөлдiр мұң,  
Сезiмiмдi семдiрдiң.  
Шашасынан от шашқан,  
Оралмайды-ау өндiр күн.

Қызғылт шапақ шұбалып,  
Күн батады қызарып.  
Күнге қарап құбылам,  
Жүз семiрiп, жүз арып.

Құба құмның қияғы,  
Безiлдейдi жиi әне.  
Безiп кеткен бебеу үн,  
Берен ақын қиялы.

Көкжал бөрі түн жүрiп,  
Құмығады қырда ұлып.  
Түн түнегiн тiледi,  
Жанарында нұрлы үмiт.

Сәби арман шетiнеп,  
Сыздап құрғыр көкiрек.

Атар ма едi сызып таң,  
Шымылдық түн сетiнеп.

### ҚАҚПАМДЫ КІМ ҚАҒАДЫ?

Қақпамды кiм қағады?  
Досым ба екен.  
Жок, әлде сағыныш па  
Iздеп келген,  
Көз жазып қалған менен  
Бiр көктемде.

Қақпамды кiм қағады?  
Жолаушы ма,  
Адастырған аулақта қысқы мұнар.  
Жабырқау жанарында,  
Үмiттiң ең ақырғы ұшқыны бар.

Қақпамды кiм қағады?  
Дұшпаным ба,  
Желiгiп желтоқсанның желiне ерiп,  
Есесiн алмақ болып аласұрған.  
Қаны суық,  
Жаралған қарақшыдай  
Қара сұлба.

Бiлмеймiн сәби ме, әлде  
Анасыз, панасыз қап,  
Тап келген дауылдардың өтiне кiл.  
Бұйығып пеш түбiнде,  
Тәңiрге сиынамын.  
Бүлдiршiн елесiмен,  
Жанымды жегiдей жеп  
жетiм өмiр!



## ЕСКЕ АЛСА

Өмірге өкпең жүрмейді,  
Жүреміз солай сабылып.  
Ақ көйлегің де кірлейді,  
Көңілге күйе жағылып.

Бәрін де Бастан өткеріп,  
Жетерміз жердің түбіне.  
Іздейді мүмкін көктемнің,  
Жете алмай кеткен тіріде.

Көзіңнен ұшып барша үміт,  
Шайқалар кесең жыр-шұбат.  
Ақ бұлақтарың алқынар,  
Ақ көбік жасы бұрқырап.

Тауларың қалар мүлгіген,  
Орманың тұрар тұнжырап.  
Келер деп күтер кезінде,  
Бара алмай кеткен түнгі бак.

Жүрегің соқпай қалса егер,  
Жүретін пенде тың тыңдап.  
Жамандығың да айтылар,  
Қалтарыс жерде шым-шымдап.

Сен үшін көктеп бір шынар,  
Молаңа, құстар көп қонса.  
Адамдар емес,  
Шіркін-ай,  
Табиғат қана еске алса.

## ҚАЛАДАҒЫ ҚАРЛЫҒАШТАР

Жырлады тірлік бар ғалам,  
Жапырақтарға тіл бітіп.  
Отырмын жалғыз аулада,  
Ауадан жылы жыр жұтып.

Қоздатып көңіл күйімді,  
Қағатын әсем қанатын.  
Мәтшәсі да жоқ үйімнің,  
Қарлығаш ұя салатын.

Шалғынға көміп іргесін,  
Таңдап бір тігер қолатын.  
Ақбоз үйлер жоқ аймалап,  
Шаңырағына қонатын.

Ақ тамақ құстар,  
Күрсінгем!

Тандайым құрғап, тамшы күй,  
Қарлығаштарым жүрсіндер,  
Ғаламнан іздеп балшық үй.

Өретін өрім балапан,  
Бинәнің жапсарларынан.  
Өседі ешбір хабарсыз,  
Еркін бір аспан барынан.

Жауы жоқ енді арбайтын,  
Діңгекпен өрлеп құныққан.  
Тірлігі бейқам жандай тым,  
Жылан барын да, ұмытқан.

Еркіндікке әр кез бастаған,  
Қоңырқай тамдағы ұлылық.  
Табанын қарып, тас-таған,  
Бере алмас әсте жылылық.

Бинәні зәулім бақ санап,  
Байқалмас жанда жарамыз,  
Қарлығаштарым, ақ тамақ,  
Алыстап кетті арамыз?!

## ҰМЫТТЫҢ БА, БОЗ ДАЛА

Өткен күннен көп екен ой басымда,  
Аңыздардың жүрегім қоймасындай.  
Ертегі боп қалыпты балалығым,  
Ертеқ тыңдап атамнан қой қасында.

Көкірегі секілді күй табағы,  
Қобыз көңіл қозғайды мұң шанағын.  
Дала жырын жаттаған дана қарттың,  
Хиялымда қалқиды хиссалары.

Мақамымен жанымды мұңға бастап,  
Қанат қағар аспанға жырлар асқақ.  
Баба — жырын жүйткітіп тамырларда,  
Ата — бала бақыт қой бірге адассақ.

Сарайымда сан бүлік ойлар ұлып,  
Ертегі — өмір жатыпты-ау  
бойда бұғып.

Көзім жұмсам келеді көлденендеп,  
Күрең дөнен жүретін қойға мініп.

Қос шырағы күреннің  
шоқтай жанып,  
Осқырады әредік тоқтай қалып.  
Жанарының ішінде мен отырам,  
Елік — үміт жетелеп көпке ойланып.

Ен сап берген өзіме тай шығарда,  
Күрен дөнен құлағын қайшыларма?  
Күңіренген атамның жырына елтіп,  
Айналушы ек алпамыс, байшұбарға.

Әудем жерге қас жауын жібермеген,  
Батыр едім онда мен түнермеген.  
Күндерім бар ал бүгін күреніткен,  
Күрен дөнен секілді шідерлеген.

Ертегімен өткіздім ерте күнді,  
Сілтеймін деп жауыма семсерімді.  
Ұмыттың ба, боз дала бабам менің!  
Ертегіне телмірген тентегінді.

## ЫМЫРТ ЖЫРЫ

Жүрегімді жабырқау қылғыса мұң,  
Арманымның аңсаймын  
нұрлы шағын.  
Қарабарқын ымыртқа арқа сүйеп,  
Жанқалтамда жартыдан  
бір жұтамын.

Баян жасап жер жайлы ымырт маған,  
Өзегімді күйдірер у ұрттаған.  
Еміреніп ел жайлы түн айтар деп,  
Түн айтар деп жанымды  
мұнайтар деп,  
Теңіз түннің қойнына кіріп барам.

«Бұл жалғанның алды үміт,  
арты уайым»,  
Баба сөзі жадымда нарқы дәйім.  
Менің жармақ ғұмырым айтар әнім,  
Бесігінде ымырттың шайқалады,  
Көздегі көпірген жартыдайын.

Жарты көңіл түбінде мұжық тамның,  
Сеніңненді, ей, өмір, Қызықтармын!.  
Жадау күннен жанында жара қалған,  
Жолбарыстай жаралы барады арман,  
Білмеймін құрықтар кім?

Ой-хой! Әсем жанымның тал —  
шынары,  
Қашан ғана?  
Жауынына көктемнің малшынады.  
Жартылығым бітуге шақ қалыпты,  
Жүрегімді, жанымды,  
... Ақ таң ұқты ...  
Дүние жарты бәрі.

## ЕРТЕГІ ЕМЕСПІН

Тарихым ертегі,  
Мен тегі,  
Біреулерге елеспін.  
Жүректе жатады мұң бүрлеп,  
Жусанның иісіндей қырлардан,  
Оянам бір — бірлеп,  
Және де оятам ғаламды,  
Домбыра дала боп күмбірлеп.  
Шығыстың қанымын тасыған,  
Ұлы һүн иісі туласа тамырда,  
Қалайша басылам.  
Батыстың көгіне күн болам,  
Жұлдыз боп шашылам,  
Мен енді ертегі емеспін!

Шыдаған жасынға,  
Дулыға басымда,  
Ақберен асынып,  
Өзендей тасынып,  
Ақ сауыт киініп,  
Аттанған тәңірге сиынып,  
Рухы боп кешегі ерлердің,  
Аңыздар ауылынан келгенмін.  
Бар бүгін тұяқты тұлпарым,  
Қияқты сұңқарым,  
Келеді ғаламмен теңескім,  
Мен енді ертегі емеспін!

Ақырған ғасырлар,  
Айғыр жал замандар,  
Төбемде күн күлген,  
Әлемге өктемдік жүргізген,  
Түркінің тұғыры,  
Ертегі ғұмыры,  
Бахадүр бабамыз,  
Садағын сағымға ілдірген.  
Келеді ғаламмен кенескім,  
Мен енді ертегі емеспін!

Тауарих тәңірім сиынған,  
Ақ таңның нұрына жуынғам,  
Ақиқат айбыным,  
Жоқ менде қайғы — мұң.  
Балбалдар ақиық армандар,  
Шақырған қол бұлғап қиырдан.  
Жусандай бұрқырап өлеңім,  
Соларға сенемін!  
Аңыздан несібем бұйырған,  
Балбалмын шындықтан құйылған.  
Құбылам ғаламмен теңестің,  
Мен енді ертегі емеспін!



*Сағым дүние*

**Динара МӘЛІК**



# БӘРІ МҮМКІН ТҮСІМ БОЛЫП, ОЯНА АЛМАЙ ЖҮРМІН БЕ...

\*\*\*

Білегінді жастанып бір,  
Көз ілейін, Мейірім!  
Түрегеліп, бір ояндым күйреліп,  
Атқан таңды тоқып кидім жейде ғып.  
Бала күнгі қиялыма ұқсайды,  
Ауламызда ұшып жүрген инелік.

Балғын шағым қашан жапқан есігін,  
Тіршіліктің тілін білем, есімін.  
Уақыт сенен күттім бе,  
екен қайырым,  
Оралуға сұрасам деп кешірім.

Жүрегімде сәбиім бар сөйлейтін,  
Есеюді, есіруді білмейтін.  
Сол сыбырлап мезгіл атын айтады,  
Күнтізбенің парағында гүлдейтін.

Санама да сіңіп алып билейді,  
«Баяғыдай, жарқылда да сүй» дейді.  
Сол сәбиді алмайын деп мұнайтып,  
Өзім жылап қаларымды білмейді.

Жапырақ та желмен бірге салған-ән,  
Әр өлеңім оқылып тұр ауладан.  
Жұтып келем, ауа демін сен жұтқан,  
Кеше мүмкін...  
бұрын мүлде болмаған...

\*\*\*

Әкесінің иығында,  
Ұйықтап қалды бүлдіршін.

Өмір жатыр миығында,  
Өлең бе екен кім білсін...

Екі жүрек бірге соғып,  
Серт берісіп алғандай.  
Күз бен Көктем Күнге қонып,  
Бүршік ашып тұрғандай.

Дәл осы сәт ғажап неткен,  
Сағыныш па сөгілген.  
(Бір мейірім ұзақ күткем,  
Осы ма екен көрінген...)

Құс тілінде былдырлаған,  
Балаң үйрек саусағың.  
Күзетеді күллі ғалам,  
Лүпілдеген бал-шағын...

Қоршап алдым ғажайыпты,  
Көркем, әсем гүлменен,  
Сіңіріп ап тазалықты,  
Келе жаттым бірге мен!

Қикымын да суреттеймін,  
Бояу түсі жап-жарық.  
Қиялымды емдетпеймін,  
Жүрем солай таң қалып!

Көшіріп ап қаламыма,  
Сұлу сурет бейнесін.  
Сәбиге ұқсап дала мына,  
Өз тілінде сөйлесін!

Жұптасайық шаттанып бір,  
 Ыршып түсіп, күйігім.  
 Білегінді жастанып бір,  
 Көз ілейін, Мейірім!

\* \* \*

«Жүрегі кеткен жарылып,  
 Денесі жерге түскенше...»  
 Дәрігерде еді, бар үміт,  
 Тірі ғой дедім күткенше.

Күннен де қорғай алмадым,  
 Жерден де қорғай алмадым.  
 Алақан болып ашылып,  
 Жайылып неге қалмадым?!

Қорықтың ба екен, үркегім,  
 Таусылды ма екен, білте-күн.  
 Көзімнің жасын көл болған,  
 Сен емес, өзім сүртемін.

Тап-таза етіп, жаратып,  
 Тап-таза таңды таратып.  
 Шынтағың қапты жазылып,  
 Өткенде алған қанатып.

Түп-түзу жолмен жүретін,  
 Алаңсыз, мұңсыз күлетін.  
 Түймедей көзі, аккөңіл,  
 Жайымды жазбай білетін.

Жұдырықтай болып бүрісіп,  
 Жанымда ұйықтап жылысып.  
 Бөпедей ғана саусағың,  
 «Адаммын» дейтін тырысып .

Осынша жақсы көрдің бе,  
 Аппақ боп жерге ендің бе.  
 Өміріңді тастар табыстап,  
 Аманатыңды білдім бе?

Аяғым бірде шалынып,  
 Аялдамалардан жаңылып .  
 Ертеңгі күнді жазамын,  
 Сүрейін сен боп сағынып...

\* \* \*

Киімінді тазаладым, үтіктеп,  
 Қазір келіп, қиетіндей бүгін кеп.  
 «Мама,  
 менің ақ көйлегім қайда?» — деп,  
 Ас бөлмеге кіретіндей күлімдеп.

Дәл осылай, бере ме, Алла қинауды,  
 Дәл осылай түсіндім бе, ойлауды...

Таңнан тұрып, төсегіне қараймын,  
 Сол бір төсек сен кеткеннен жинаулы.  
 Аунап алып, кетті ме деп, жылынып,  
 Көрмесін деп,

жылап алдым тығылып.

Қалың етіп салып қоям көрпенді,  
 Тірімін ғой, тілгілеп жүр, ку үміт.

Көлдененнен жатқан ұзын періштем,  
 Мендік хәлді ұғушы едің тек іштен.  
 Сол жатысың,

саусағың да кимылсыз,  
 Күйігімді кірпік қақпай бөліскен.

Алып қалсам, жібермесем деп едім,  
 Белгісіз ғой, қашан енді келерің?  
 Соңғы түннің таңы атты да, әкетті,  
 Осы ма еді, осы ма еді көрерім...

Не дерімді білмедім -ау, Қара жер,  
 Дауысымды алып жеткіз, ауа, жел!  
 Жаңбыр болып құйып өт те,  
 ботамның,  
 Жұпар иісін құшағыма ала кел!

\* \* \*

Қара Жер қалай қияйын,  
 Үстіне қалай сияйын?  
 Түбі де, шексіз шырмалған,  
 Шындығың қайсы Күн-Айым!

Бүктеліп қалған қағаздай,  
 Сабырмен санам араздай.  
 Көздерден көңіл іздедім,  
 Сәндетіп салған мазардай.

Алақандай ғана төмпешік,  
 Балақайым жатыр үндесіп.  
 Түрегеліп маған жетердей,  
 Келердей күттім түн кешіп.

Бүгін бе бүгін, бейсенбі,  
 Күнменен таным өлшенді,  
 Анаңның туған күні ғой,  
 Бас сұғып көрер, келсе енді...

Жаным -ау, жүрек, сынығым,  
 Бейкүнә ғана тұнығым...  
 Ол жақта жасыл бақ болса,  
 Ойнақтап жүрші құлыным!

Көз-жасым, жасым, мөлдірім,  
 Түрілмей қалды түндігім.  
 Қараша үйде қараңғы,

Дұға ету болды «ерлігім».  
 Ботам-ау, дейін, еркелеп,  
 Өзегімді өмір өртемек .  
 Төзер ме едім, Құдай-ау,  
 Сездірсең егер «келте деп»...

Жанымда жүрген жұмағым,  
 Ойнақтап тұрып құладың.  
 Жалған-ай, дәмің тәтті ме,  
 Жете алмай жүрмін бір адым ...

\* \* \*

Алақаныңды қойып,  
                                 ұйықтаушы едің,  
 Басыңды әнтек қисайтып.  
 Бұрылуға да батпаушы едім,  
 Кеудемді тербеп, күй-сандық.

Пысылдап қана демалатынсың,  
 Жүп-жұқа бетің, танауың.  
 Ұйықтап жатып, күле алатынсың,  
 Орындалғандай қалауың.

Жалғыздан-жалғыз әкетті сені,  
 Қақпайлап, қолдар шегінтті.  
 Өмір дегенің жеңіпті мені,  
 Өлгенді кім кеп тірілтті?

Тұла бойың тұнған, сөйлемге ұқсап,  
 Құлағың сұрақ белгісі.  
 Көп нүкте сынды көзің де-моншак,  
 Келетін сынап білгісі.

Табаныңда әлі – бармаған жолың,  
 Көжегіндейсің қоянның.  
 Түн деген, ауыр, таң қалам сосын:  
 Сенсіз де, бүгін ояндым .

Мысықты үйге әкелгеніңде:  
 «Көп дедім, оның әлегі...»  
 Уақытты сәл-пәл шегергенімде,  
 Болар ма еді керегі?

Ой менен өксік ішімде тынып,  
 Күрсініп тұрып, күлдім де.  
 Бәрі де мүмкін түсімде болып,  
 Ояна алмай әлде, жүрмін бе?

Жолыңды жаяу қараушы едім,  
 Пейілім сыймай көлемге.  
 ...Терезеге темір қадаушы едім,  
 Үңілмесін деп төменге.

Осынша неге суықсың ғалам,  
 Ажалы қайдан адамның?

Жұманы күтпей... жылытсын дұғам,  
 «Демі екен десін, Анамның!»

\* \* \*

Бүгін қай күн,  
                                 кірсем бе екен, мешітке,  
 Иман-ием, жан-бойыма көшіп пе...  
 Күбірлеген кезім көп пе күңкілдеп,  
 Кінәратім қалқып тұр ма есікте?!

Екі аяқ та тартыла ма шегініп,  
 Неге тұрмын, көз-жасыма жеңіліп.  
 Жеп-жеңіл боп кіріп барсам,  
   күлімдеп,  
 Баяғыдааай, бала кезім көрініп.

Мені жалғыз мазалайды ар-анық,  
 Кейде желге, күнге жүрмін тоналып.  
 Әжем бүгін түсіме енді тұнжырап,  
 Бөкебайын алған екен оранып.

Бір шәугім шәй ішкім келді  
   дейді әжем,  
 Күндерімді сезді ме екен күйреген.  
 Тәнім жүр ғой таңға қарай ұмтылып,  
 Жанымды ұстап түнмен неге иленем.

Қанша секунд берілді екен түс маған,  
 Жан сырымды жайып  
   неге ашпағам...  
 Көзім жұмып, көрсем,  
   Жігер, әжемді...

Жып-жылы боп неге  
   сол сәт құшпағам...

Тереземнен төгіледі самал жел,  
 «Мұңсыз сәтің,  
   күнсіз қалған ғалам дер...»

Бір күн болсын,  
   екі күн өмір сүрермін,  
 Жүрегіме жарығы бар қалам бер...

Сосын...  
   сосын тау суындай мөлдіреп,  
 Гүлге қонған көбелектей үлбіреп...  
 Ғасыр сүйген адам десін, көршім де,  
 Көбелектей қысқа ғұмыр сүрді деп.

Жо-жок,  
   өмір кеше берем тынымсыз,  
 Бір тіршілік қалмауы үшін ғұмырсыз.  
 Мендік бөлек арпалыс пен  
   мұң дәмін,

Татамын деп, ұрттамаңыз уын Сіз...

Түзде бөлек, үйде неге басқамын,  
Көз-жанарым құлап түсті қас-қағым.  
Мен бұрындааа сүргем  
осы тағдырды,  
Содан болар ересектеу жастамын...

\* \* \*

Күндерге күнді жалғадым,  
Түндерге сінді арманым.  
«Мама» деп сағат, сәт сайын,  
Жанымда қайда болғаның...

Тап-таза болған бөбегім,  
Таусылып іштей келемін.  
Құралас жүрсе топ бала,  
Бейненді құрап жүремін.

Жұмылмай қалған жанарың,  
Кірпігің қақпай қарадың.  
...Күн деген қойшы, тіршілік,  
Түн деген салқын, қарағым.

Көрпең де қалды-ау, жабылмай,  
Жапырақ жауған жолымдай.  
Киімінді ки де, күлімде,  
Қалайша қалдың, сағынбай...

Сен тұрған үйден көшіп біз,  
«Жеңілдерміз» деп сеніппіз.  
Қыркүйек деген күйігім,  
Өзіммен келді, еріп күз.

Сарсаңға түскен шара бас,  
Есім мен түсім аралас.  
Анасы «адам» боп жүрсе,  
Пейіште ұлым, жыламас!

Мықтылық деген мың қатпар.  
Тарауында түрлі тармақ бар.  
Жүрегім сөйле, күбірле,  
Сетінер кезде жырлап қал!

\* \* \*

Әйтеуір бір жексенбіні жек көрем,  
Түс ауғанда түрлі бейне өткерем.  
Сен барасың, төмен қарай құлдилап,  
Мен тұрамын бір-ақ қадам жетпеген...

Сен тұрасың Қара жерге ұмтылып,  
Мен жүремін, мұным -басқа,  
бір тынып.  
Соңғы ауаны қармап қалды-ау  
саусағың.  
Қара Жер-ау, алдың ба екен сілкініп.

Соңғы ауаны жұттың ба екен,  
дамылдап,  
Ажал деген ұлы бір іс орындап.  
Топырақ-ау, жіпсігендей болдың ба,  
Қара көрпең, аударылып, қалындап.

Білегімдей еді жұқа сирағың,  
Алақандай ғана еді дидарың.  
Қасиет ғой, кетсең балаң алдында,  
Қасірет ғой, көз жасыңмен қиғаның.

«Шүкіршілік»,  
«мықтылық» па сыналған,  
Көрінгенмен «бүтін» өмір сүре алған:  
Ақиқат деп айта көрме ештеңе...  
Тұрақсыз боп түрленгенде  
шығар жан.

Түске дейін жанмен бірге гүлдеген,  
Түстен кейін сөйлемеген, құлмеген...  
Өң мен түсің осы ма еді, Жаратқан,  
Осы ма еді, жалғыз кінәм-білмеген...

\* \* \*

Елу екінші түннің сауалы бөлек,  
Ет пенен сүйек бөлініп.  
Екі бөлек болып қонады демек,  
Гүл менен таудан көрініп.

Дұғам бір қабыл болсыншы дедім,  
Көнбеске жоқ қой амалым.  
Ақ қар боп еріп қонсыншы дедім,  
Көтеріп үйге барамын.

Соңғы түн балам сезіндің бе екен,  
Табаныңды сүйдім мұздаған.  
Ой тұнығында үзілдім бе екен,  
Қашып кетсек деп ойлағам.

Көтеріп кетіп күзетсем дедім,  
Сәл ғана ашық жанарың.  
«Сабыр ет» дедің ізеттім менің,  
Амалын айтшы, амалын.

«Кешірсін дейді күнәсін Алла»,  
Оқыған молда дұғасын.  
Жап-жарық жанға сұрағың бар ма,  
Сынағың бар ма, сынағың?

Өмірдің түсін танығанынша,  
Сүрмеді-ау өмір, боташым.  
Қас-қағым сәтте қалғығанымша,  
Көрінбей шер боп жатасың.

\* \* \*

Өлімге енді жыламайтын болдым,  
 Сұрамайтын болдым, «неге» деп.  
 Соңғы рет деп те қия алмай тұрмын,  
 Жанынды аппақ көбелек.  
 Сағынбай жүрген кезім жоқ мүлде,  
 Көзім жоқ Күнге ұқсаған.  
 Көрмеген едім төзім боп мүлде,  
 Көлеңке болып қысқарам.

Бүгінде көрдім, дидарынды анық,  
 Кеттім ғой дейсін, фильмге.  
 Бас киім, қолбақ... жиналып алып,  
 Қоштаса салдың келдің де...

«Бес жарым дейсін, сағатым, Ана»,  
 Хабар күт дедің жеткенде.  
 Көршілер айтты: «жанатын бала,  
 Өзіне сеніп кеткен де»...

Оянып кеттім, бөлмеңе жетіп,  
 Жалғыздан-жалғыз күлімдеп.  
 Төсек тұр, өмір сүрмеген етіп,  
 Тоғызыншы қабат...үілдеп...

Терезе жақтау телміріп маған,  
 Сағатты кері бүр дейді.  
 Күлдилап түскен сен болып ғалам,  
 Шөгерін түбі білмейді.

Үнсіз егілдім, күрсініп алып,  
 Көшіп барамыз бұл үйден.  
 Ауаға қарап, тұншығып алып,  
 Жылытып кетейін төбеңнен.

Тетелес ағаң көрініп мықты,  
 Қарайды маған жаутаңдап.  
 Елуінші күннің түні де бітті,  
 Ботам-ау, күзде салқындап...

\* \* \*

Қара Жер қалай қияйын,  
 Үстіңе қалай сияйын?  
 Түбі де, шексіз шырмалған,  
 Шындығың қайсы Күн-Айым!

Бүктеліп қалған қағаздай,  
 Сабырмен санам араздай.  
 Көздерден көңіл іздедім,  
 Сәндетіп салған мазардай.

Алақандай ғана төмпешік,  
 Балақайым жатыр үндесіп.

Түрегеліп маған жетердей,  
 Келердей күттім түн кешіп.

Бүгін бе бүгін, бейсенбі,  
 Күнменен таңым өлшенді,  
 Ананның туған күні ғой,  
 Бас сұғып көрер, келсе енді...  
 Жаным -ау, жүрек, сынығым,  
 Бейкүнә ғана тұнығым...  
 Ол жақта жасыл бақ болса,  
 Ойнақтап жүрші құлыным!

Көз-жасым, жасым, мөлдірім,  
 Түрілмей қалды түндігім.  
 Қараша үйде қараңғы,  
 Дұға ету болды «ерлігім».

Ботам-ау, дейін, еркелеп,  
 Өзегімді өмір өртемек .  
 Төзер ме едім Кұдай-ау,  
 Сездірсең егер «келте деп»...

Жанымда жүрген жұмағым,  
 Ойнақтап тұрып құладың.  
 Жалған-ай, дәмің тәтті ме,  
 Жете алмай жүрмін бір адым ...

\* \* \*

Не дейін, құлыным, не дейін,  
 Өксікке тығылып көмейім.  
 Жанымда бос қалған үстелің,  
 Сен болып, ас ішіп көрейін.

Екі аяқ менікі, қолым да,  
 Жүрмін ғой, жүргенім сорым ба?  
 «Мама» деп, ойнақтап шығардай,  
 «Мама» деп еркелеп жолымда...

Әр сөзді жеткізіп, байыптап,  
 Сөзбенен ұштың ба, қалықтап.  
 «Аппақ қып туғанда мені де...» —  
 деп кейде алушы ең айыптап.

Аппағым, кіршіксіз, тұнығым,  
 Білмеймін қалайша, тірімін...  
 Араша тұрар ма ем өзіме —  
 аударып ажалдың құрығын.

Қара шаш бір түнде ағарып,  
 Жылдарға жүрейін тоналып.  
 Өлшеулі өмірім, өлшеусіз,  
 Сен жаққа апарар Ол-анық!



*Мирас*

**Серікбол  
ХАСАН**



## БҰЛАҒАЙ КЕЗЕҢДЕ ҚАНАТ ҚАҚҚАН «БАЛАПАН»

Бұған дейін әдеби, ғылыми ортада бірде бір саны белгісіз болып келген «Балапан» журналының 1918 жылғы №9 санын Омбы мемлекеттік тарихи-өлкетану музейінен тапқанымызды ілгеріде айтқанбыз («Егемен Қазақстан» газеті, №190, 2 қазан, 2025 жыл). Қолжазба журналды тарихшы, зерттеуші Абай Мырзаға қазіргі қаріпке аудартып, журналда қандай материалдар жарияланғанын, нөмірді шығаруға кімдер атсалысып, шығарушы ретінде кімдер қол қойғанын, басқа да бәймәлім жайттарға арнаулы тоқталғанды жөн көріп, толық нұсқасын «Жұлдызда» жариялап отырымыз.

### «БІРЛІК» ПЕН «БАЛАПАН»

1914 жылғы 18 сәуірде Омбы қаласындағы қазақ жастары «Бірлік» ұйымын құрған. Жастар ұйымы қазақ халқының мәдениетін, өнерін, әдебиетін көтеру арқылы оның ұлттық сана-сезімін оятуды мақсат еткен. Осы мақсатта «Бірлік» ұйымы 1916 жылы «Балапан» журналын жарыққа шығарған. Бұл жайында «Қазақ» газеті: *«Омбыда оқып жүрген қазақ жастары 1914 жылдың басында жасырынып жүріп, «Бірлік» атты қауым ашқан еді. Бостандық болмастан бұрын бұлар кітап бастырып, «Балапан» атты журнал шығарып, жастардың көзін ашып, көңілін оятып, ұлт қызметіне кірісті. Бостандықтан бұрын бұл «Бірліктен» басқа еш жерде жастар ұйымы жоқ еді»*, — деп жазды («Омбыдағы «Бірлік» қауымы, «Қазақ» газеті, №259, 12 қаңтар 1918 жыл). Бұдан «Бірлік» ұйымының қазақ арасындағы алғашқы жастар ұйымы болғанын байқаймыз. «Алаш қозғалысы» анықтамалығында жазылғандай, «Бірліктің» мүшелері қатарында Мағжан Жұмабаев, Дінмұхамед (Дінше) Әділов, Қошмұхамед (Қошке) Кемеңгерұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, Асылбек Сейітов, Асқат Сайдалыұлы, Ахмет Баржақсин, Есім Байғасқаұлы, Ғаббас Тоғжанов, Жанайдар Сәдуақасұлы, Омар Темірбеков, Әбдірахман Байділдин, т.б. болған.

«Балапан» қолжазба журналы алаштанушы ғалым Дихан Камзабекұлы «Руханият» кітабында (Алматы, «Білім», 1997 жыл): *«Ұлт тарихындағы қолжазба журналдарының ішінен «Медіресе Ғалия» (Өфе) шәкірттері шығарған «Садақ» пен Омбыдағы жастардың «Бірлік» ұйымы жұртқа таратқан «Балапан» басылымдарын ерекше атауға болады»*, — дей келіп, Қошке Кемеңгерұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, Мағжан Жұмабайұлының журнал жұмысына атсалысқанын атап өтеді. Қошке Кемеңгерұлы «Балапанның» 1916 жылы қанат қаққанын айтса,

Смағұл Сәдуақасұлы журналдың Омбыда шығып тұрғанын, бірінғай көркем шығарма (беллетристика) жариялайтын бірден-бір басылым болғанын алға тартқан. Ал Мағжан Жұмабайұлы: «Балапан қанат қақты... Жас еді. Қанаты да қатып жеткен жоқ еді. Амалсыз қақты. Солтүстіктің суығына шыдай алмады. Суық жел сүйегіне жетті. Ызғар өкпесіне өтті...», — деп жазған болатын.

1917 жылғы 1-4 қазан аралығында Омбы қаласында «Бірлік» ұйымының жалпы жиылысы өткен. Жиылысты Мағжан Жұмабаев басқарса, Дінмұхамет (Дінше) Әділов пен Мәжікен Сүлейманов хатшы болған. Осы жиында «Бірліктің» үш жылдық есебі беріліп, 8 тармақтан тұратын қаулы қабылданған. Қаулының «Балапан» журналын зорайту» деп аталатын 7-тармағында: «Балапан» журналын бастырып шығару үшін әріптер алдыруға «Бірлік» атынан халықтан жәрдем жиылмақ. Әзірге әр нөмірі 30 беттен 20 күнде бір рет шапирографта басылып тұрмақ һәм бірнеше нөмірінен таңдап алынып, сборник қылып тасқа басылып шығып тұрмақ. Журнал басқармасына үш кісі сайланды. Оларға тағы екі қолғабысшы белгіленді», — деп жазылған («Омбыдағы «Бірлік» қауымы», «Қазақ» газеті, 12 қаңтар, 1918 жыл). Осы қысқа ғана хабардан


«Балапанға» қатысты бірнеше қызықты деректі байқауға болады.

**Біріншісі**, қолжазба журналдың шапирографта басылатыны. Бұл жоспар ойдағыдай орындалған. Бұлай сенімді айтатын себебіміз Омбыдан табылған «Балапанның» 1918 жылғы 13 ақпанда жарық көрген саны тура осы шапирограф (гектограф) арқылы басылған. Яғни бұл қолжазба журналдың өзі емес, гектограф арқылы көшірілген көшірмесі. Ол кезде баспа станоктары қолжетімсіз еді, бүгінгідей сапалы сканерлер де болған жоқ. Сол себепті журнал шығарушылары қолжазбаны гектограф көшірме құрылғысын қолдану арқылы көбейтуге тырысқан. Сондай-ақ «әріптер алдыруға «Бірлік» атынан халықтан жәрдем жиылмақ» дегеніне қарағанда журналды типографияда басуға талаптанғаны байқалады.

«Балапан» журналының  
1918 жылғы №9 санының  
мұқабасы

**Екіншісі**, бірнеше нөмірінен таңдап жинақ шығару. Бұл жоспар да жүзеге асқан секілді. Себебі жоғарыдағы жиында «Бірлік» ұйымының «Өткен күндер» деп аталатын өлеңдер жинағын шығарғаны айтылған. Соған қарағанда «Өткен күндер» жинағына «Балапанда» жарияланған өлеңдер еңсе керек. 1914 жылы Сәкен Сейфуллиннің «Өткен күндер» өлеңдер кітабы да шыққаны белгілі. Бұл сол кітап па, әлде басқа ма? Бұл да тыңғылықты зерттеуді қажет ететін мәселе екен.

**Үшіншісі**, журналдың шығарушысы ретінде үш кісінің сайланғаны. Журналдың 1918 жылғы ақпандағы №9 санында шығарушылар ретінде үш адамның аты жазылған. Олар — Бекмұхамед Серкебаев, Смағұл Сәдуақасұлы және Әбдірахман Байділдин. Демек 1917 жылғы қазандағы жиында «Балапанның» шығарушылары ретінде осы үшеуі сайланған секілді. «Балапан» журналына Қошке Кемеңгерұлы мен Мағжан Жұмабаевтың да атсалысқаны айтылып жүр. «Балапанның» 1917 жылғы №5 санында Қошкенің «Қазақ тарихынан» атты зерттеуі жарияланған. Соған қарағанда журналдың алғашқы



сандарының шығарушылары солар болса керек. Бұл жайында Қошкенің де, Мағжанның да жазбалары бар.

1918 жылғы 5-13 мамыр аралығында Омбыда Жалпықазақ жастар сиезі өткен. Сиезді «Бірлік» ұйымы ұйымдастырып, 15 ұйымнан делегат шақырылған. Сиезде большевиктер билігіне қарсылық ретінде қазақ даласындағы ұйымдарды бір ұйымға (орталыққа) біріктіріп, бір (ортақ) бағдарламаны ұстану көзделген. Сиезде «Жас азамат» ұйымы құрылып, барлық ұйымдар (қауымдар) бір мекеме аясына біріктірілген. «Бірлік» ұйымы да «Жас азаматтың» құрамына қосылған. Жаңа ұйымның басшысы Ғазиз Мурзин, орынбасары Гүлшаһра Досымбекова, мүшелері Әбдірахман Байділдин мен Мұратбек Сейітов, хатшысы Смағұл Сәдуақасұлы болған.

1918 жылғы 30 шілдеде аталған ұйымның жанынан «Жас азамат» газеті шыққан. Газетінің алғашқы шығарушысы Қошке Кемеңгерұлы болған. Соған қарағанда Қошке «Балапанның» шығарушысы қызметін 1917 жылғы қазанға дейін атқарып, кейін «Жас азамат» газетінің тізгінін ұстаған болса керек.

## ЖУРНАЛДЫҢ №9 САНЫ ТУРАЛЫ

«Балапан» журналының Омбы мемлекеттік тарихи-өлкетану музейінен табылған 1918 жылғы №9 санына тоқталайық. Журналдың көлемі – 22,4x18,3 см. Бас-аяғы 32 беттен тұрады. Музей қорында ОМК-15394 нөмірімен сақталған. Мұқабасында балапанына жем беріп тұрған қыранның суреті салынған. Қыран қазіргі Қазақстанның туында да белгіленген, еркіндікті бейнелейтін киелі құс. Шығарушылардың журнал атауын «Балапан» деп атап, қыран мен оның балапанының суретін мұқабаға бейнелеуі Омбыдағы қазақ шәкірттерінің еркіндікке ұмтылысын білдіретіндей. Сондай-ақ мұқабада «Балапан» деген журнал атауы жазылған. Оның астына журналдың жиырма күнде бір шығатыны көрсетілген.

Осы уақытқа дейін «Балапан» журналының 4-5 саны ғана жарық көргені айтылып келді. Ал біздің қолымызға түскені – 1918 жылғы №9 нөмірі. Демек жоғарыдағы ақпарат қате секілді. Егер «Балапан» 1916-1918 жылдар аралығында 20 күн сайын және үзіліссіз шыққан болса, осы уақыт ішінде журнал 36 саны жарық көруі керек. Алайда ол уақытта қолжазба журналдың үзіліссіз шығуы қиын нәрсе. Соған қарағанда 36 саны болмаса да, үш жылда кемінде 15-20 нөмірі шыққан секілді.

1918 жылғы №9 саны 13 ақпанда жарық көрген. Әсілінде ай сайын шығатын журналдардың №1 саны қаңтарда, №2 саны ақпанда деген ретпен жарық көреді. «Балапанның» №9 саны 1918 жылғы ақпанда шыққанына қарағанда, журналдың реті күнтізбелік есеппен емес, оқу жылы бойынша шыққан секілді. Егер 20 күн сайын үзіліссіз жарық көрген болса, журналдың 1917-1918 оқу жылындағы №1 саны 6 қыркүйекте шыққан болады. Осы есеппен «Балапанның» 1916-1918 жыл оқу жылындағы сандарын, соның ішінде ең алғашқы шыққан күнін де шығаруға болар еді. Алайда журнал оқу жылында ғана шықса, демек жазғы демалыс кезінде уақытша тоқтаған болуы да мүмкін. Сондықтан ол кездегі жағдай туралы нақты ештеңе білмегесін, болжам айтуыдың өзі қиын. Себебі бұл әлі де тиянақты зерттеуді қажет етеді.

Журналдың алғашқы бетінде «Басқарушы» ретінде «Шығарушы ұйымы» көрсетілген. Ал «Шығарушы» ретінде Омбыдағы қазақ жастарының «Бірлік» ұйымының аты жазылған. 1-беттегі «Сөз бастарында» нөмірдегі материалдарға андатпа берілген. Жалпы №9 санда 3 өлең, 2 әңгіме, 1 мақала, 1 фельетон және 2 хабар жарияланған. А.С.-ның «Газет-журнал оқудан пайда», Серкенің «Қонған жерімнен», Полетиканттың «Мен де полетик болайыншы» мақалалары, Серкенің «Көк төбетке», Бабасанның «Ақылсыз сұлу», Дерттінің «Қалқама» өлеңдері, Серкенің «Абылай» туралы әңгімесі жарияланған.

Сондай-ақ журнал соңында «Шығарушы ұйымынан» деп шығарушылардың хабары мен олар туралы мәлімет берілген. Уфадан шыққан «Садақ» қолжазба журналындағы секілді «Балапанның» да авторлары шығармаларын бүркеншік есіммен (псевдоним) жазған. Шамасы шығармашылық тәуекел, сақтық үшін осындай тәсілге жүгінген болса керек.

## АСЫЛБЕК СЕЙІТОВ ПЕ? АСҚАТ САЙДАЛЫҰЛЫ МА?

Алғашқы мақаланы А.С. деген бүркеншік есімді қолданған автор жазған. Мақаласы журналдың 2-бетінен басталып 8-беттің бел ортасына дейін жалғасқан. Мақала «Газет-журнал оқудан пайда» деп аталады. Газет-журнал оқудың пайдасы жайында бұрын «Қазақ», «Қазақстан» газеттері де жазған. Ахмет Байтұрсынұлы: «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр секілді», – деп жазса, Ғұмар Қараш: «Газет – біздің басшымыз, газет – біздің достар алдында көркіміз. Дұспандарға қарсы құралымыз, газет – біздің білмегенімізді көрсететін ұстазымыз, газет – біздің қараңғыда жарық беріп, тура жолға салатын шам шырағымыз», – деген еді. А.С. да Ахмет Байтұрсынұлы, Ғұмар Қараш секілді газеттің қоғамдағы маңыздылығына тоқталған. Ол газет-журналдың пайдасын есептеуге сан жетпейтінін айта келіп: «Газет-журнал – жұрттың күзетшісі, жоғын жоқтайтын жоқтаушысы», – дейді. Одан ары: «Газет-журнал – жұрттың тілшісі. Олай деген сөз: дүниенің ол шетінде болған уақиға мына шетіне тез келіп жетсе еді. Онысы былай тұрсын өзінің ішіндегі із болады. Не тіпті бергі құлардың ойынан шығарып алған өтірігі болады. Газет-журнал болса, ол хабарлар тез келеді, анық болады», – деп жазады.

Сондай-ақ ол газет-журналдың жұрттың ақылшысы, басшысы екенін айта келіп: «Бір кісінің ішіне бір-ақ аяқ ас сияды деген сөз ақылға да келеді. Ақылды кісі біреу болса, газет-журнал бетінде сол кісілердің әлденешеуінің пікірі жазылады. Оларды оқып, адамның ойы түзеледі», – деп ой қорытады. Журналдың да маңызына жеке тоқталып: «Газет саяси жағында қалай қараса, журнал әдеби жағын сондай қарайды. Бұнда көбінесе халық ішіне мәдениет зоранына тырысады. Журналдың ең зор мақсұды сол. Сондықтан оның халыққа керегі егін салу үшін қара топырақ қажеттігі сықылды. Егін шығу үшін ердің еңбегі қажет болса, журналға халықтың бірлігі, ниеті, күш-көмегі қажет. Сөздің тұрасы егін салғандағы мақсұд тұқым алу, азамат асырау, газет-журнал шығарғандағы мақсұд – халықты көгерту», – дейді.

А.С. деген кім болуы мүмкін? Аббревиатура түріндегі, яғни аты-жөндерін қысқартып алған бүркеншік есім қазақ қаламгерлерінде көп кездеседі. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлы А.Б, Біржақып Дулатұлының М.Д. бүркеншік есімін қолданғаны белгілі. Бұл да сондай тәсілмен жасалған бүркеншік есім болуы мүмкін. Омбыда А.С. есімді екі адам болған. Олар – Асылбек Сейітов пен Асқат Сайдалыұлы (Асхат Сейдалин). «Қазақ» газетіне мақала жазып тұрған – Асылбек Сейітов.

Сәкен Сейфуллин «Тар жол тайғақ кешу» романында Омбыда Алашорданың Ақмола облыстық комитеті сайланғанын айта келіп: «Ақмоланың облыстық «Алашордасына» сайланғандар: Айдархан Тұрлыбайұлы – адвокат, юрист; Миғаш Абылайханұлы – хан тұқымы, офицер; Асылбек Сейітұлы – доктор; Мұсылманбек Сейітұлы – переводчик; Ережеп Итбайұлы – бұрынғы окружной сот переводчигі; Мағжан Жұмабайұлы – оқыған жігіт, болыстың баласы; Мұхтар Саматұлы оқыған жігіт, Бөкейханұлдарының ертегісіне наным жүрген кедей баласы; Смағұл Сәдуақасұлы – оқып жүрген жігіт, Асқат Сайдалыұлы – оқып жүрген жігіт; Қошке Кемеңгерұлы – оқып жүрген жігіт;

*Мұратбек Сейітұлы – оқып жүрген жігіт. Соңғы бесеуі – Омбыдағы белгілі «Бірлік» деген жастар ұйымының сол уақыттағы бастықтары», – деп жазған. Осы тізімде біз іздеген А.С.-ның екеуі де бар.*

Асылбек, Мұсылманбек және Мұратбек Сейітовтер – бір атаның балалары. Асылбек Сейітов Омбыда туған, осы қаладағы гимназияда оқыған. Кейін Том университетінің медицина факультетін бітіріп, 1916-1922 жылдары Баянауылда дәрігер болып қызмет еткен. Алашорда құрылғанда, белсенді мүшесі атанған. Орынборда Бірінші Жалпы қазақ съезіне қатысып, съез хатшысы болғаны, кейін «Алаш» партиясының Ақмола облыстық комитетінің мүшесі атануы, Ақмола облысынан Құрылтай жиылысына кандидат болып ұсынылуы оның саяси салмағы жоғары болғанын айғақтайды. Асылбектің «Бірлік» ұйымы құрылған кезде де басы-қасында болғаны айтылып жүр. Бауыры Мұратбек Сейітов те – «Бірліктің» туын көтеріскендердің бірі. Соған қарағанда А.С. деген Асылбек Сейітов болуы мүмкін.

А.С.-ның Асқат Сайдалыұлы болуы да ғажап емес. Себебі ол да Омбыда оқыған. «Бірлік» ұйымын құрушыларының бірі, Алашорданың Ақмола облыстық комитетінің мүшесі болған. Демек «Балапан» журналында жарияланған «Газет-журнал оқудан пайда» мақаласы осы екеуінің бірі болар деп ойлаймыз.

## «БАЛАПАНДА» БАСЫЛҒАН ӨЛЕНДЕР

Журналдың №9 санында үш өлең жарияланғанын айттық. 8-беттен 9-беттің ортасына дейін Серкенің «Көк төбетке», 15-беттен 17-беттің ортасына дейін Бабасанның «Ақылсыз сұлу» және 22-бетте Дерттінің «Қалқама» деген өлеңдері жарық көрген. Енді осы үш өлеңге кезек берсек.

Серкенің «Көк төбетке» өлеңі кәдімгі итке арналған өлең секілді болғанымен, сол уақыттағы опасыздық, қиянат, сатқындық секілді дүниелерді астарлап жеткізген. Өлең былай басталады:

*Көк төбет құтырдың ғой қойға шауып,  
Алып ем жас күніңде жолдан тауып.  
Сүт ішіп, қанға тойып семірген соң,  
Үйге жан кіргізбейсің кісі қауып.*

*Жоқ жерде адам тимей пәле сайлап,  
Болған-ақ десе біреу айттым айтақ!  
Арсылдап қарсы өзіме тап бергенде,  
Кетеді екі көзің оттай жайнап.*

Одан ары күшік кезінде құйрығын ғана бұлғандатып ешкімге зиянын тигізбейтін көк төбеттің «мінезі күжірейген төреге ұқсап» бұзылғанын алға тартады. Осылайша Серке жақсылықты білмейтін, кейін өзіне жау болатын жандарға сын садағын бағыттайды.

Бабасанның өлеңіне кіріспес бұрын алдымен өзін анықтасак. Бүркеншік есімдер арасында ру, ата тек атымен аталатын есімдер кездеседі. Мәселен, Міржақып Дулатұлының «Мадияр» бүркеншік есімін қолданғаны секілді Бабасан да ру атымен байланысты есім болуы керек. «Бірлік» ұйымының мүшесі Әбдірахман Байділдин арғынның Бабасан руынан шыққан. Оның үстіне ол – осы №9 санға шығарушы ретінде қой қолған үш адамның бірі.

Әбдірахман Омбыдағы мұғалімдер семинариясында Смағұл Сәдуақасұлымен бірге оқыған. «Бірлік» ұйымының мүшесі әрі оның хатшысы болған. Алашорданың Ақмола облыстық комитетін құруға атсалысқан. Тұрсын Жұртбай ол жайында: «*Тінті «Алашорда» үкіметін құру жолында Ә.Бөкейхановқа көмекші де болған», –* дей келіп, оны кеңес қызметіне тартқан Омбыда бірге оқыған сабақтасы Смағұл Сәдуақасұлы екенін жазған.

1922 жылы аз уақыт қазіргі «Егемен Қазақстан» газетінің редакторы болған. 1923-1929 жылдары үгіт-насихат, баспа-баспасөз, оқу-ағарту салаларында жауапты қызметтер атқарған. 1929 жылдан бастап тұтқындалып, 1931 жылы Мәскеуде дүние салған.

Енді Бабасанның «Балапанда» жарияланған өлеңіне кезек берейік. Көңілінен бір елі кетпей, сыртқы сұлу көркімен өзіне баурап алған арудың кейін шынайы бейнесін көріп, әдеп-ұяттан жұрдай жеңілтек кейпін байқағанда Бабасан оған арнап «Ақылсыз сұлу» өлеңін жазған. Алдымен ғашықтық дертіне шалынып, кейін алданып сан соғып қалған акын махаббаттан түңіліп, әбден көңілі қалғанын мына өлең жолдарымен түйіндейді:

*Бірге жүріп біраз күн,  
Білдім мінез сырыңды;  
Сүгіреттей көрік беріп,  
Аяған тәңірім білімді.*

*Күлкі болса, көңілің тоқ,  
Болмағанда қайғың көп.  
Жақсыменен жаманды,  
Бағалайтын санаң жоқ.*

Осылайша акын адамды сырт келбетіне емес, мінезіне қарап бағалау қажеттігін меңзейді. Өлеңін мұндай жанға ермеу керек деген өлең жолдарымен түйіндейді.

Ал Дерттің «Қалқама» өлеңінде керісінше, ғашығына жете алмаған сағыныш бар. «Қалқама» өлеңіндегі:

*«Қолың созып жақындайсың жаныма,  
Тәтті сөзің қуат берер халыма»*  
немесе:

*«Ғашық оты аз да болса сөнер ед,*

*Сүйсем егер дәл тіліңнен бір қабат!»*, – деген жолдар Мағжан Жұмабаевтың «Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да! Жылы, тәтті у тарады қаныма», «Құшақтатып нәзік талдай беліннен, Сүйгіз, сәулем, тәтті балдай тіліңнен» деп келетін шумақтарымен үндесіп жатқандай көрінді. Бәлкім Дертті дәл Мағжанның өзі шығар деген де ой туындады. Себебі Мағжанда «Күңіреніп күрсін де, Алаш, тындай бер, Ертегі айтад *деpmтi* балаң Жәжекең» деген жолдар бар-тын. Оның үстіне Мағжан да Омбыдағы семинарияда оқыған, «Бірлік» ұйымының жұмысына белсене араласқан, «Балапан» журналын шығарушылардың бірі болған. Алайда «Қалқама» өлеңі Мағжанның денгейінен сәл төмендеу, солғындау жазылғандай көрінді. Бәлкім жастау кезінде жазған өлеңдерінің бірі ме екен?! Мағжанға еліктеп жазған жас ақындардың бірінің еңбегі болуы да мүмкін. Ол жағын анықтауды Мағжан өлеңдерін жақсы білетін әдебиеттанушы ғалымдарға қалдырдық.

## НӨМІРДІҢ НАРЫ – СЕРКЕ

Жоғарыда Серкенің «Көк төбетке» өлеңі туралы айттық. Енді өзіне тоқталсақ. Қолымыздағы №9 нөмірдің нары Серке деуге болады. Бір нөмірде үш материалы жарық көрген. Біреуі өлең болса, журналдың 9-беті мен 15-бетінің аралығында «Қонған жерімнен», 23-беттен 28-бетке дейін «Абылай хан» деген шығармалары жарияланған.

Бүркеншік есімдер арасында аты-жөнінің ішінен бір сөз шығару, яғни анаграмма арқылы жаңа есім жасағандар да болды. Осы тәсілмен Қошмұхамед Кемеңгерұлы «Қошке», Жүсіпбек Аймауытұлы «Жік» деген бүркеншік есім жасаған. Сол секілді «Серке» де Бекмұхамед Серкебаевтың бүркеншік есімі шығар деп ойлаймыз. Оның үстіне осы №9 нөмірді

шығарушылардың бірі – Бекмұхамед Серкебаев. Қолжазба журнал шығарушылары әдетте өзі дайындаған нөмірге мейілінше мол үлес қосады. Сол себепті Серкенің үш материалының шығуы, бұл бүркеншік есімнің иесі Бекмұхамед екеніне иландыра түседі.

Бекмұхамед Құсайынұлы алдымен Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқыған. Сол кезде «Садақ» қолжазба журналының белсенді авторының бірі болған. «Ғалияның» қабырғасында «Шытымыр» деген қолжазба журнал шығарғаны да айтылып жүр. Бекмұхамедтің жазбалары сонымен қатар «Айқап», «Қазақ» басылымдарында да жарияланған. Сол себепті оның газет-журнал ісінде өте жақсы тәжірибесі бар.

Бекмұхамед 1916-1918 жылдары Омбыда оқыған. Осы кезде «Балапан» журналы шығарушыларының бірі болған. Алашорда қозғалысының жұмыстарына да қатысып, Мағжан Жұмабаевпен бірге Алашорданың Омбы облыстық комитетінің мүшесі атанған. 1918 жылдан бастап Омбы, Қызылжар, Көкшетау, Ақмола, Алматы, Шымкент, Жаркент қалаларындағы білім мекемелерінде қызмет еткен. Өмірінің кейінгі жылдарында ҚазПИ-де студенттерге сабақ берген. 1976 жылы 80 жасында дүниеден өткен.

Бекмұхамед Серкебаев – опера әншісі Ермек пен дирижер Мұрат Серкебаевтардың әкесі, скрипкашы Жәмила мен музыкант Байғали Серкебаевтардың атасы.

Серкенің «Қонған жерімнен» әңгімесіне кезек берейік. Әңгімеде қаракер атқа мініп жалғыз өзі жолаушылап келе жатқан жігіттің бастан кешкен оқиғасы баяндалады. Біраздан кейін астындағы аты да босаңсып, өзі де шөлдеп қалжырайды. Оның үстіне түн болып, тірі жан көрінбейді. Жігіт атының ер-тоқымын алып оттауға жібереді де, атасының үйреткені бойынша сойылшаммен айналасын сызып, бар білген дұғасын оқып, ұйқыға кетеді.

*«Ат соғып қалжырап келген кісі, қатты ұйықтап кеткен екенмін. Бір уақытта оянып, басымды көтерсем күн найза бойы көтеріліп қалған екен. Енді елге жетейін деп жүгенімді қайыра іліп, атыма жөнелдім. Жақын арада атым көрінбеді. Мынау төбенің астына түскен шығар деп ойға түсем жоқ. Көрінер ме екен деп төбенің басына шығамын, көрінбейді. Қараған сайын ер-тоқымнан ұзай беремін. Манағдай емес күн де қайнап ысып келеді. Ілгері басқан аяғым кейін кетіп. Атқа ұрсып аламын. Біресе өзіме-өзім япырай бұл қолды болар ма, мұнша ұзамаса керек еді ғой деймін. Бір екі бел асқан соң алдымда бір шоқ ағаш көрінді. Күн шыққаннан бері дымым құрып шаршаған кісі, енді осы шоқ та болмаса кеткен ғой деп, аттан күдер үзген сияқты шоқ ағашқа қарай аяңдадым. Келсем атым құйрығын сипақтатып жапырақтың астында саялап тұр екен. Қуанып шаршағанымды да ұмытып атым жайылып жүре берді. Атты жүгендеп мініп ап сайдан шығып келе жатсам, ағашқа қарай қалтаңдап біреу келе жатыр. Бұл не қылған анығына білейінші деп жанына жақындап келіп, салам бердім. Жас шамасы 60-тың толық ішінде. Сөйлесіп амандыққа келдік. Ақсақал майда тілді, жылы өңді сөйлеген сайын адамды өзіне тартып ішіңе кірсе сөйлейтін бір адам. «Балам, қай жердікісің?» деп, менің жөнімді сұрады. Мен аты-жөнімді айттым. «Өзіңіз қай жердікі боласыз, ақсақал?» – дедім. «Ойбұй шырағым! Менің жер дейтін жерім, ел дейтін елім жоқ. Көлігім – таяқ, азығым – мына торсық», – деп, беліне байлаған торсығын көрсетті. «Шырағым, атыңнан түсіп, мына ағаштың саясында отырып біраз әңгімелесейік, жақсы ауылдың баласы екенсің» деді. Мен қарттың сөзін қимап аттан түсіп, ағаштың көлеңкесіне олмен бірге отырдым. Әңгіме ұзаққа тартылды. Мен қайтайын десем де, шал жібергісі келмейді. Біз күннің бірсыпырасын кеңеспен өткіздік. Күн бесіннен төмен түсті. Қарт қалжыраса керек, сөйлеп отырып қалғып кетеді. Маған біраз ұйықтап алайық дейді. Мен «ол ықтияр сізде болсын» дедім. Қарт топырақты төсек қып, томарды жастана қанатын жайғандай, екі қолын екі жаққа тастап, аузын*

*аңқитып ашып қор ете түсті. Мен де атымды ағашқа байлап, қарттың жанына қисайдым»* деп жалғасады әңгіме.

Сол жатқаннан жігіт түнде бір-ақ оянады. Қарт та жоқ, ат та жоқ, алданғанын бір-ақ біледі. Бір кезде шаңдатып келе жатқан аттылы кісіні көреді. Сөйтсе оның астына мінген ат өзінікі болып шығады. Жігіт атын сұрайды, ол болса бергісі келмейді. Осы кезде әлгі қарт келе қалады. Ол жігітке атын алып береді. *«Мен атқа ие болып қала бердім. Мен қартқа бастанқы атымды алдап мініп кеткені үшін қарғыс айтарымды да білем. Екі жылдан бері жоғалып, күдер үзіп қойған атымды әнергеніне алғыс айтарымды да білем. Ол маған астындағы атты беретін түрі көрінбеді. Ерегестірsem ана кетіп бара жатқан ұрыны шақырып, екеулеп мына атты да тартып әкетер деген ойда болды да, ешнәрсе демедім. Ол маған: «Мына астымдағы аттан үміт етпе! Кешегі күнім күйіндірсе, бүгінгі күнім сені шаттандырады. Кеше мені қағынған кәрі ит деп боқтасаң, бүгін мақтауға лайық болдым. Хош енді, мақтама да, боқтама» деп, қаракерді сипай қамшылап, секіртіп, ойнақтатып барып... барып... көзден жоғалды. Мен анадай жатқан ер тоқымыма келіп, қаракөкті ерттеп мініп ап, қонған жерімнен пайда да қылмай, зиян да қылмай аттандым»* деп аяқталады әңгіме.

Әңгімедегі қарт қайдан шықты? Жігіттің аты ұрының қолына қалай түсті? Қарт неге ол атты ұрыдан қайтарды? Қайтарған соң, неге жігітке бермеді? Жігіт оянса, қарагер аты қасында екен, сонда екінші ат қайдан шықты? «Екі жылдан бері жоғалып, күдер үзіп қойған атым» дегені несі? Сонда жігіт бір ұйықтап тұрғанда екі жыл өтіп кеткен бе? Серкенің «Қонған жерімнен» әңгімесі тура бір Миғраж оқиғасы, Кәһф үңгіріндегі жігіттердің бастан кешкені секілді философиялық-психологиялық шығарма екен.

Мұндағы қарттың бейнесі де қызық. Біресе жамандық жасайды, біресе жақсылық жасайды. Қарт бейнесі арқылы Серке «Кейде адамға жаман болып көрінген нәрсе, кейін үлкен жақсылықтың бастамасы болуы мүмкін» деген ойды жеткізуге тырысқан. Сол секілді қаракер ат та – жігіттің несібесі. Бірде жоғалады, бірде табылады. Жоғалып қайта табылған бақ секілді. Жолаушы жігіттің де атын жоғалтып, қайта табуы бұйырған несібенің кетпейтінін айшықтап тұрғандай. Жолаушының соңында: «Пайда да қылмай, зиян да қылмай аттандым», – деуінен өмір сабағын түсінгенін байқаймыз. Серке осы әңгімесі арқылы оқырманға «адамды сыртқы бейнесіне қарап бағалама», «асығыс үкім шығарма», «жақсылықты да, жамандықты да қабыл ал», яки «өмірді біржақты бағалама», «тағдырға сабыр ет» деген ой салады.

Серкенің екінші әңгімесі Абылай ханға арналған. Такырыбын «Абылай (төртінші әңгіме)» деп қойғанына қарағанда, алғашқы үш бөлімі «Балапанның» алдағы сандарында жарияланған секілді. Мұның да соңына «аяғы бар» деп жазыпты. Соған қарағанда «Абылай» журналдың бірнеше санына бөлініп басылған шығарма секілді. Енді әңгіменің өзіне кезек берсек.

Әңгімеде Абылай хан дәуіріндегі қазақ-қалмақ соғысы, Абылайдың Жазы мен Малайсары батырларының ерлігі баяндалады. Серке Жазының мергендігі туралы айта келіп: *«Жазы садақ тартқанда оның оғы неңдейдің тас, темірлерден өте шығады екен. Бір күні Абылай батырларының күшін сынау үшін жеті балтаны қатар қойып, осыдан өткізіндер деген. Сонда Абылайдың басқа батырларының оғы бір екі-ақ балтадан өткенде, Жазының оғы жеті балтадан тоқтаусыз өте шығыпты», – дейді. Сондай-ақ әңгімеде қалмақтың зор денелі Шаршы деген батырын қалай жеңгенін де суреттеген. «Бір соғыста қалмақтың Шаршы батырына қарсы қазақтан Жазы шығады. Бұрыннан менің бетіме кім шыдайды деп, бойына сеніп жүрген Шаршы, Жазыны тобасыз бір салғанда жығам деп, бір салып өтеді. Жазы аттан жығылмай аман-сау қалады. Екінші кезек Жазыға келген. Жазы Шаршыты көк желкеден бір салып өткенде, Шаршы аттан өкіре құлапты. Шаршының аты ойнап шыға береді. Қалмақтар оны көріп, бет-бетімен жан-жаққа быт-шыт боп қашады. Қазақтар қашқан қалмақтардың*

соңына түсіп-ап, қалмақтарды қойдай қырған. Сол жолда Абылай қалмақты шауып, олжаланып қайтыпты», – дейді.

Бірде Абылай хан Жазы, Малайсары батырларымен қалмақтың тұтқынына түседі. Бір күні қалмақтың Ежен ханын Абылайдың батырларынан: «Менің Шаршы батырымды өлтірген қайсың?» – деп сұрайды. Сол кезде Жазы батыр: «Батырыңыздың бір салғанда аттан ауып, жанын тұзаққа жіберуші менмін», – депті. Бір қызығы осы оқиға тарихшы Мақсат Алпысбестің «Шежіредегі қазақ батырлары туралы ғұмырнамалық деректер» деген мақаласында да келтіріліпті. Тарихшы мақаласында: «Жазы батыр – қыпшақтан шыққан Абылайдың атақты батырларының бірі. Ол туралы дерек ауызекі тарихи дәстүрде заманында мол болғанымен, қағаз бетіне түсіп сақталғаны аз», – дей келіп Мағзұм Ахметұлы арабша жазылған шежіре дәптерінде жазған осы оқиғаны баяндайды. Алайда Мағзұм Ахметұлының шежіре дәптері туралы дерек таба алмадық.

Серкенің жазуынша, Ежен хан Абылайды да сынамақ болып, бір тегешке толтыра су құйып, ішіне жұдырықтай май салдырыпты. Серке бұл оқиғаны былайша баяндайды: «Май тамақтың бетінде қалқып, аяқтың ол жағына бір, бұл жағына бір бұлт-бұлт етіп аузына түспегенде, Абылай айтыпты: «Үрsem кетпейтін май-ай, тартсам келмедің-ау!» деп, тегешті лақтырып тастай бергенімі. Қалмақтың ас басшысы Абылайдың аяқтағы майды қолына алып жемегенін Еженге айта келіпті. Сонда Ежен айтыпты: «Па, шіркін, шын ақсүйек екен», – деп».

Тұтқында болған кезінде Ежен ханның әйелі күйеуіне: «Абылайдың аруағы сенің аруағыңнан артық», – дей беріпті. Серке бұл оқиғаны баяндайды: «Ежен: «Қазақтың аруағы менен қайдан артық болады, білмейсің», – дейді. Сонда қатыны айтыпты: «Нанбасаң Абылайды шақырып үйге енгіз, сонда сен Абылайдың аруағы өз аруағыңнан артық екендігіне ден қоярсың», – дейді. Ежен Абылайды үйіне шақыртты. Қатын Еженге білдірмей, Еженнің қалпағының маңдайына ине шаншып қояды. Есіктен Абылай кіріп келгенде, Еженнің маңдайындағы ине ұшып түседі. Ежен: «Шығар үйден, шығар!» – деп, жан дауысы шығып айбаттанған болады». Әңгіме осы жерден аяқталып, соңына «аяғы бар» деп жазылған. Жалғасы жарияланды ма, әңгімені басында не жазылған, ол жағы белгісіз. Жалпы түсінгеніміз, «Балапанның» шығарушылары Абылай хан мен оның батырлары туралы әңгімелерді журналға жариялау арқылы елдің намысын мен рухын оятуға тырысқаны байқалады. Автор осы әңгімесі арқылы оқырманға «қазақты жену қиын, себебі оның аруағы биік, намысы берік, батырлары мен ханы бір максатта» деген ойды салады.

## ПОЛЕТИКАНТТЫҢ ФЕЛЬЕТОНЫ

«Балапанның» №9 санында жарияланған тағы бір шығарма – Полетиканттың «Мен де полетик болайыншы» фельетоны. Қазақ жеріндегі алғашқы фельетон «Айқап» журналында жариялана бастағаны белгілі. Алайда фельетонды әдеби жанр ретінде жүйелі түрде қолданған алғашқы қаламгер ретінде Бейімбет Майлинді атауға болады. Бейімбет 100-ден астам фельетон жазған. Алғашқы фельетондарын Бейімбет бүркеншік есімдермен жазғаны белгілі. Алайда Полетикант бүркеншік есімімен жазылған фельетонның авторы, Бейімбет пе, әлде басқа адам ба, тап басып табу қиын. Фельетонның атауы «Мен де полетик болайыншы» болған соң авторын соған сәйкес Полетикант деп қоя салған секілді. Себебі бұрын-сонды дәл осындай бүркеншік есімді қолданған ешкімді байқамадық.

Фельетон былай басталады: «Байқап тұрсаң осы жұрттың бәрі полетик болып кетіпті, мен де полетик болайыншы. Ойлап тұрсам полетик болып, өңешін созып жүргендердің ешбіреуі менен артықшылық бірі көрінбейді. Таң ұйқыңнан тұрып, көшеге шығып жүрсең әрбіреуді көресің. Біреуі болшевикті, біреуі

меншевикті қуаттап сөйлегенде қай-қайдағы полетиканы қопарып, сөзбен ерітіп жүйеңді босатады. Бір күні большевиктің біріне жолыға қалсаң неше түрлі дәлелді тұрғызып, алды-артыңды орап еркіңе қоймайды. Большевик боласың да қаласың, екінші күні меншевикке жолықсаң меншевик боласың», – дей келіп, Омбыда оқып жүрген шәкірттердің де шетінен саясаткер екенін алға тартады. «Қайсысына жолығып сөйлессең де, полетик жайынан соққанда, аузыңды ашып, көзіңді жұмасың» деп әжуалайды. Осы арқылы Полетикант 1917 жылдардан кейінгі қоғамда саясатты түсінбей жатып, бәрінің саясаткер болып кеткенін тіпті білімсіз, үстірт адамдардың да «политик» атануға әуес болғанын алға тартады. Полетикант одан ары: «Қай жерге барсаң да полетикада аяқ алып жүре алмайсың. Осы күнгі оқыған қазақ болсын, оқымағаны болсын бәрі шетінен полетик», – дей келіп, мұғалім, дәрігер, тіпті болыснай-ауылнайдың писері мен кенселердегі аудармашыларға дейін саясат соғып кеткенін сынайды. Сөзінің соңын Полетикант: «...Осылардың бәрі полетик болғанда, өзімің полетик жайынан түк білмей жүргендігіме қатты намыстанам. Полетик болуға көп білімнің керегі жоқ көрінеді. Қазір де осыларды көрген соң мен де полетик бола бастадым. Енді полетика үйренемін деген кісі болса маған келе берсін», – деп түйіндейді. Осылайша автор қоғамдағы бір келеңсіз құбылысты әжуалап, кекесінмен суреттейді. Ол саясаттың ойыншық еместігін, оны білмей тұрып сөйлеу қауіпті екенін, сондай-ақ білімсіздік пен данғойлық қоғамды адастыратынын фельетон арқылы жеткізген.

## ШЫҒАРУШЫЛАРДАН БІР СӨЗ

Журналдың 29-беті мен 31-беті аралығында «Шығарушы ұйымынан» деген тақырыппен журнал шығарушылары Бекмұхамед Серкебаев, Смағұл Сәдуақасұлы және Әбдірахман Байдалиннің сөзі берілген. Жазбаны толық жариялайық.

*«Ардақты «Бірлік» мүшелері! Кешегі залым Николайдың заманында журнал шығармақ түгіл, сөздің жөнін айтсаң да басыңа қараңғы күнді туғызушы еді. Біз «Бірлік» жастары сол күнде-ақ белімізді бекем буып «Балапан» журналын шығара бастап едік. Енді міне таң атты, еркіндік күні туды! Алтұн алашымызға шын көңіл, адал ниет енді жігермен қызмет ететін заман келді. Осындай жасаған тілекті берген соң, біз ерініп керекті жұмысымызды тиісті уақытта атқармай жалқаулануымыз халық көзінде ұят. Бұрынғы жазушы азаматтардан осы нөмерге мақала келмеді. Журналға қалам һәм басқа жәрдеммен көмек көрсетпей, бір өз басымыздың қамын ойлап, ұлт жұмысына келгенде шегінуіміз жөнсіз. Журнал бір екі-үш адам үшін болмаса солардың ғана пайдасы үшін емес, көптің пайдасына көз болмақ; солай болған соң бұрынғы жазушылар болсын, жаңалар болсын бой тежеп қарап жатпай, жазып тұрулары қажет. Және де әркімнің уақыты қандай қымбат болса, журнал басқармасына белгіленген адамдардың да уақыты сондай деп білу керек. Басқармадағы адамдар басқа жұмысқа қатынаспай, үнемі журналдың бетін толтырам деп отыра бергенде, оларға қандай зиян келетіндігін де ойлау керек. Көңілінде ұлтқа қызмет ететін, қазақ әдебиетінің алға басып, зорайуына себепші боламын деген адам қаламмен қызмет етулері тиіс.*

*Ал азаматтар! Басталған іске салақтық көрсетпей, жұмыла қолқабысын қылып, аз уақыттарыңызды бөліп, журналға сөз жазып тұруларыңызды шығарушылар қатты өтінеді.*

*Шығарушылар: Бекмұхамед Серкебай, Ысмағұл Садуақас, Ғабдрахман Байдалі».*

Біз бұл жазбадан шығарушылардың «Бірлік» ұйымының мүшелеріне және қазақ оқыған жастарына сөз арнап, ұлттың игілігі үшін шығарылып отырған «Балапан» журналына белсенді түрде атсалысуға, қаламмен қызмет етуге шақырғанын байқаймыз. Сондай-ақ 32-беттегі «Басқармадан»

айдарында Дерттіге қарата «Ұлтшылдар» деген мақаланызды басуға лайық таппадық» десе, Талапкерге «Белгілі дыбыс» деген өлеңіңіз басылмайды. Тағы да жазыңыз, талабыңыз далада қалмас» деген. Демек жоғарыда өлеңі жарияланған Дертті «Балапанға» тұрақты түрде жазып тұрған, сондай-ақ Талапкер деген де автор болған.

## №9 САН МУЗЕЙГЕ ҚАЛАЙ ЖЕТТІ?

«Балапанның» №9 санында жарияланған материалдарға шама-шарқымыз жеткенше тоқталдық. Енді осы нөмірді сақтап қалған адамға да аз-кем алғысымызды жеткізсек. Ол – өлкетанушы, географ, педагог, бір сөзбен айтқанда үлкен зерттеуші Александр Седельников. Мұның дәлелі – қолжазба журнал мұқабасының төменгі жағындағы «Батыс Сібір географиялық қоғамының кітапханасына А.Н.Седельниковтан» деген жазу бар. Демек Седельников «Балапанның» жалғыз санын алдымен географиялық қоғамның кітапханасына өткізген, кейін Омбыдағы өлкетану музейіне түскен.

Александр Седельников 1893-1896 жылдары Омбыдағы мұғалімдер семинариясында оқып, өмірінің соңғы он жылында өзі оқыған семинарияда қызмет еткен. Семинарияда алдымен физика, жаратылыстану пәндерінің мұғалімі, кейін тәлімгер (наставник), соңында осы оқу орнының басшысы болған. Седельников 1917-1919 жылдары мұғалімдер семинариясының директоры қызметін атқарған. Седельников сондай-ақ Омбыдағы Батыс Сібір географиялық қоғамының мүшесі де болған. Семенов-Тянь-Шанскийдің жетекшілігімен 1903 жылы Орыс географиялық қоғамы «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» көптомдығын шыққаны белгілі. Осы көптомдықтың қазақ даласына арналған «Россия. Киргизский край» деп аталатын 18-томына Александр Седельников, Әлихан Бөкейхан бастаған зерттеушілер атсалысқан.

Седельников өмірден өткен соң, 1929 жылы Батыс Сібір географиялық қоғамы «Памяти Александра Никитича Седельникова» деген кітапша шығарған. Осы жинаққа жазған алғысөзінде Семенов-Тянь-Шанский: *«Особенно теплые воспоминания оставил он у своих многочисленных учеников по учительской семинарии, где осенью 1917 г. он был избран первым выборным директором и оставался в этой должности до конца своей жизни. Но и школьная его деятельность была пропитана краеведческими стремлениями. Будучи преподавателем естествознания и родинсведения, он сопровождал свои уроки экскурсиями в окрестности города, в музей, мечтал о составлении руководства для местных педагогов по вопросам экскурсионного дела, задумал серию школьных учебников по родиноведению и успел издать один из них «Акмолинская область»,* – деген. Семенов-Тянь-Шанский жазғандай, Седельников ғылыми-зерттеу экспедицияларымен қазақ даласында да болған. Щербина экспедициясымен Көкшетау, Ақмола уездерінде, кейін Қарқаралы уезінде болып, өсімдіктер мен жануарлар әлемін зерттеген. Оның негізгі зерттеулері Зайсан көлінің тіршілігіне арналған. Осы зерттеуі үшін оған Орыс география қоғамының кіші алтын медалі берілген.

Александр Седельниковтің тәлімгер болғандықтан шәкірттердің білімі ғана емес, тәрбиесіне де көп көңіл бөліп, шәкірттердің түрлі үйірмелерге қатысуына, шығармашылығын шыңдауға атсалысқаны анық. Ендеше Уфадағы «Ғалия» медресесіндегі қазақ шәкірттері шығарған «Садақ» қолжазба журналының шығуына осы оқу орнының мұғалімі әрі директорының орынбасары Ғалымжан Ибрагимов қалай ықпал етсе, Омбыдағы «Балапан» қолжазба журналын шығарған қазақ шәкірттеріне Александр Седельников солай қамқорлық танытқан болуы мүмкін. Қазақ шәкірттері шығарған қолжазба журналдың бір санын сақтап, географиялық қоғамның кітапханасына өткізгенін оның қазақ шәкірттері шығарған басылымға қолдау білдіргені деп қабылдадық.



*Мектінің тұяғы*

## «БАБАМНЫҢ МҰРАСЫ ТОЛЫҚ ЗЕРТТЕЛМЕЙ КЕЛЕДІ...»

Суретте: Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлын танымайтын жұрт кемде-кем. Мәшһүр десе, Мәшһүр. Ол — сан-салалы еді: ойшыл, шешен, этнограф, фольклортанушы, тарихшы, ақын, діни қайраткер, ағартушы, аса білімдар жан, шежіреші, ел жайын ойлаған татуұлға. Ертіс-Баян топырағында туып, Арғын ішіндегі Күліктен тарап, кейіндері Алаш қамын жеген. Парсы, араб, түркі, шағатай, тәжік, өзбек, т.б. тілдерді білген. Әулие бабамызға қазақ қашанда қарыздар. Басқасын айтпағанда, табанынан таусылып, ел-жер аралап, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін: айтыс, шежіре, аңыз-әпсана, тарихи жыр-дастандарды хатқа түсіріп, көптеген әдеби-мәдени мұраны сақтап қалған-ды. Мәселен, «Ер Көкше», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Ер Сайын», «Нәрік ұлы Шора батыр», «Алтынбас-Күміс», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Бозторғай», «Киік», «Еділ-Жайық»,

«Есен тентек туралы», «Ертеде бір хан болыпты», «Алаша хан», «Әз Жәнібек және бір ұста», «Екі патша», «Көр ақтарған Жаманбай», «Баһырам патша туралы», «Әділ би», «Тама Сарыбас мерген», «Ұлбике қыз бен Күдері қожа айтысы», «Ұлы жүз Үйсіннен шыққан Үмсін қыз бен Заман қожа айтысы», «Қалдыбай қожа мен Соқыр Шөже айтысы», «Қаракесек Қамбар Жанак пен Найман Сарыбай айтысы», «Ақбала қыз бен Боздақ жігіт айтысы», «Шайқы Бұрқы әулие мекіре балықтан туған», «Абылай аспаған сары бел», т.б.



*Мәшһүр-Жүсіп  
бабаның шөбересі —  
Абай Шарапиев*

Ғұламаның өз кіндігінен үш ұл тараған: Мұхаммед Шарапи, Мұхаммед Әмен, Мұхаммед Фазыл. Тұңғыш ұлынан өрбіген ұрпақтың бірі, бүгіндері алпыс сегіздегі бабаның шөбересі — Абай Шарапиев. Ағамыздың телефон нөмірін белгілі жазушы, ақын, «Жошы хан» тарихи романының авторы Ұларбек Дәлейұлынан алып, қоңырау шалып, сұхбат құрып, көкейде жүрген көп сауалды қойған ек. Соны назарларыңызға ұсынамыз...

— Абай Төлеубайұлы, әуелгі әңгімені Сізден бастасак. Өзіңізді оқырманға таныстыра кетсеңіз...

— Мен 1958 жылдың 15 тамызында Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Жаңажол ауылында дүниеге келгем. Еңбек жолын механизатор болып бастағам. 1982 жылы Қазақ ауылшаруашылық институтының экономика және ауылшаруашылығын ұйымдастыру факультетін тәмамдадым. Сол кезде Баянауыл аудандық ауылшаруашылық басқармасына аға экономист ретінде жұмысқа қабылдандым. 1985 жылы Екібастұз ауданындағы «Степной» кеңшарының аға экономисі болдым. 1985-1992 жылдары «Шідерті», «Белогорский» кеңшарларында және Май ауданы әкімшілігінде бас экономист қызметін атқардым. 1992-1995 жылдары Екібастұз қалалық қаржы бөліміне бас маман, ал кейіндері қалалық Салық инспекциясының бас салық инспекторы боп тағайындалдым. 1995-2007 жылдары Қаржы полициясында, сондай-ақ Екібастұз аймағында аға инспектор ретінде жұмыс жасадым. 2007 жылы құрметті еңбек демалысына шықтым. 2008 жылдан Екібастұз ауданаралық қаржы полициясы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес басқармасында қызмет еттім. 2003 жылы ҚР Қаржы полициясы агенттігі Төрағасынан ерекше еңбегі үшін берілетін «Құрмет қағазы» марапатын, 2018 жылы ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Төрағасынан «Құрмет грамотасын» алдым. Павлодар облысы бойынша Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаменті басшысының, Екібастұз қаласы әкімдігінің Алғыс хаттарын бірнеше рет иелендім, ҚР Қаржы полициясы Агенттігінің медалімен екі рет марапатталдым. Қазіргі кезде өмірлік серігім, жарым — Қарагөз екеуміз қызымыз Алтынай және ұлымыз Сымбатты тәрбиелеп отырмыз.

— Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының ұрпағысыз. Осындай ұлы тұлғамен туыстық қатынас қандай жауапкершілік жүктейді?

— Аталарымыз айтады ғой: «Ардақтайтын ардағым бар, сыйынатын аруағым бар» демекші, Мәшһүр бабамның ұрпағы болу үлкен міндет жүктейді, халық осындай атакты адамның үрім-бұтағы деп сыйлайды да, кейбіреуі сыни көзбен қарап бақылап жүреді, сондықтан барлық жағынан жақсы, үлгілі болуың қажет. Бүгіндері ұлы бабамыздың артында қалған немере, шөберелері бар. Тұңғышынан: Төлеубай, Сүйіндік және Қонақ есімді үш ұл өмірге келген. Мен — үлкен ұлдың ұрпағымын. Екіншісі — Әмен Ташкентте 1921 жылы мектепте мұғалім болып жүрген жерінде кісі қолынан қайтыс болады. Ал, кенже ұлы — Фазыл 1969 жылы өмірден өткен. «Атадан пұл қалғанша, ұл қалсын» дегендей, артында тұяқ қалды. Даңқты бабамыздың: «Бір балам бар өзіме жете туған, бір балам бар өзімнен өте туған, бір балам бар артымнан кете туған» деп үш ұлына қарата айтылған әйгілі сөзі бар.

– **Өміріңізде бабаның шарапатын, о, дүниелік болса да қолдап-қоршап жүргенін сезген кезіңіз болды ма?**

– Иә, бұл сұрағына төмендегідей жауап берейін... Мен құқық қорғау саласында қызмет еттім (қаржы полициясында), осы салада жүріп 2007 жылы зейнетке шықтым деп ем ғой. Құқық қорғау саласында жұмыс жасау ауыр ғой, денсаулығыңа орасан зиян келеді. 2006 жылы асқазаныма күрделі ота жасалды. Асқазанның ойық жарасы (язва) боп, одан аман қалдым. 2018 жылы жүрегіме күрделі ота жасалды (коронарное шунтирование), аяқты да сындырдым. Осындай қиындықтардан, әрине, әуелі, Алла, сосын бабамның аруағы аман сақтап қалған шығар деп есептеймін.

– **Бабаның ел ішінде сақталған, айтты делінген өнеге-өсиеті көп. Соның бір-екеуіне тоқтала кетсеңіз...**

– Тоқталайын... Бабам: «Менің үйім мола болмасын, қонақ үй болсын. Келген қонақтың ат арбасы, ертоқымы сынып қалса, менің заттарымды қолдануына рұқсат. Тек қайта әкеліп қойса болғаны. Менің мүлкімді пайдалануға рұқсат», – деп айтып кеткен екен. Зираттың екінші бөлмесіне өзі жататын жер қаздырады, ағаш кереует қойдырады. Сөйтіп: «Ұйықтаған адамдай болып жатамын. Ашық жерлендер, мені төменге түсіп көруге рұқсат, тек ақыретімді жаз айларында ыстықтан сарғайса ғана айырбастандар, басқа түк істемендер», – депті, әулие. Өзінің қашан өмірден өтетінін сезіп-білген, бәрін алдын ала ескертіп кеткен: «Денем қырық жылға дейін шірімейді, оған кепілдік беремін. Қырық жылдан кейін тағы да көрерсіңдер». Содан не керек, 1931 жылдан 1952 жылға дейін атамыздың қабірі ашық жатты. Бұл хабар Мәскеуге жеткен соң, анық-қанығын білуге бұйрық шығарылады: «Айдалада Ленинге ұқсап қазақтың бір шалы жатыр, алып тастандар». Өйткені, сол кездің өзінде басына түнеп, құран оқып, бала сұрайтын кісі көп болған екен. Бірде, Баянауыл ауданының бірінші хатшысы Кенжебай Макинге тапсырма беріледі. Әулиенің қасиетінен хабардар ол қабірді бұзғысы келмейді, тартынады, қорқақтайды. Мұны биліктегілер: «Бұзбасаң Партиядан шығарыласың!» – деп әбден зәрезап қылады. Ол қасына аудандағы белсенді азаматтарды ертіп, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының зиратын талқандауға жібереді. Содан әулиенің кенжесі – Фазылға, немересі – Төлеубайға: «Бастандар!» – деп бұйырады. Олар мұндай оспадарлыққа бара алмайды. Басшылар айлаға көшіп, өз ішіндегі шен-шекпенге үйір бір кісіге ұсыныс жасайды. Ол болса ойланбастан, қолына қайла алып іске кіріседі. Кейіндері сол адам бір айдан соң суық тиіп, қиналып өледі. Аудандық Ішкі істер Халық комиссариатындағы шенді де ақыл-есінен алжасып, қызыл шұнақ сары аязда жалаңаяқ жүгіріп, көше-көшені кезіп кетіпті. Бірінші хатшы Кенжебай Макин суға батып қайтыс болған. Зиратты талқандағандардың тағы біреуі саятшылық құрып жүргенде, өзіне-өзі оқ атып өледі. Енді бірі жарыста аттың астына түсіп, мойны үзіліп дүние салады. Баянауыл айнала-маңындағы азаматтар осы оқиғалардан хабардар.

– **Бүгіндері Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының мұрасы толық түгенделді ме? Әлде әлі де зерттелетін дүниелер бар ма?**

– Бабамның мұрасы әлі толық зерттелмеген, көп дүниесі Алматыдағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының сирек



қолжазбалар қорында шан басып жатыр, енді ғана саралануда, жекелеген адамдардың қолында да жасырулы жағдайда, өзінің былай деп айтқаны бар: «Менің жазған еңбектерімді зерттеймін деген адамға Нұх пайғамбардың жасы, Айып пайғамбардың сабырлығы, Ніл дариясының суындай сия керек». Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының кенже ұлынан өрбіген ұрпақ рухты бабамыздың шығармаларын қазақ тіліне аударумен айналысып жүр. Ғұламаның қолжазбалары араб графикасымен жазылған нұсқада сақталған. Сондықтан, материалдарды кириллицаға аудару жұмыстары қолға алынды. Ал, 2020 жылы мен «Ақиқат» деген кітапты

басып шығардым. Бабамыздың мұрасын жинақтап, сұрыптап, саралауға үш жылдан аса уақыт кетті. Бірақ, бұл – осығанға дейінгі ізденістің нәтижесі еді. Тұңғыш ұлдан тараған Сүйіндік пен зерттеуші Нағи Ахметов бабамыздың еңбегін құрастырумен айналысқан, солардың басын қосып, баспадан шығардым. Кітаптағы деректерді бұрыннан жинап жүрдім, ара-тұра жергілікті газеттерге мақалам жарияланып тұрды. Мұражай қалай ашылғандығы, әулиенің еңбектері қалай зерттелгендігі, кім басы-қасында болғандығын жүйелеп, ретке келтіріп, жинаққа енгіздік. Кітапты шығаруға ең әуелі бабамыздың мұрасын насихаттау, тарату себеп болса, екінші жағынан соңғы жылдары ғұламаның мұрасына қатысты азды-көпті қате кеткен еңбектер жарық көріп жатты. Соның тоқетерін айтып, шынайы ақпармен бөліскім келді. Әулиенің мұрасына ықтиятты қараған Нағи Ахметов өмірден өткен соң: «Мәшһүр-Жүсіпті мен аштым, ментаныттым...» – деген небір псевдозерттеуші қаптады. Сөйттіп, ұлттық баспасөзде бір-біріне кереғар деректер тарай бастады. Әкем Төлеубай да бабамыздың жазған-сызғандарын, шығармаларын жинақтаумен шұғылданған. Ал, мен соның бәрінің басын құрап, хронологиялық тұрғыдан реттестірдім. 1965 жылдан бастап мұражай ашу жөніндегі баянды бастама дүркін-дүркін көтерілді. Нағи Ахметов Орталық партия комитетіне, Қазақстан компартиясына, сонымен қатар Жазушылар одағының съезіне хат жолдады. Олар Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы діни адам деп қатты секемденіп, ат тонын ала қашты. 1976 жылдың 1 мамырында Төлеубай Шарапиұлының үйінде Мәшекең тіршілігінде тұтынған бұйымдар қойылып, Жанажол ауылында мұражай ашылған еді.

2024 жылы «Мәшһүр Жүсіптің тылсым әлемі» атты кітабым жарық көрді. Онда әулиенің өмірі мен шығармашылығы кеңінен қамтылған. Бұл кітапта бабамыздың шәкірті әрі атқосшысы – Иманғали Мәненов топтаған мұрағат деректерін аударып, әзірлеген Төлепберген Алдабергеновтің жинақтары және атаны көрген, батасын алған, өзі азан шақырып, есімін қойған

адамдардың естеліктері, мазмұнды мақалалары бар. «Мәшһүр Жүсіптің тылсым әлемі» кітабы бұрын-соңды жарияланбаған материалдарымен құнды, бағалы деп білем.

– **Алашқа ортақ Атамыздың шежіресін тарқатып берсеңіз...**

– Бабамның қысқаша шежіресі: Арғын – Мейрамсопы – Сүйіндік – Құлболды – Күлік – Тілеуімбет – Бесім – Ақжігіт – Сермұхамбет – Көпжасар (Көпей) – Адам Жүсіп (Мәшһүр-Жүсіп).

– **Мәшһүр-Жүсіп бабамыздың қай өсиетін, қай даналық сөзін бәрінен биік қоясыз, бойтұмар етіп ұстайсыз?**

– «Фибрат ал атқан таң мен батқан күннен, Шықпассың адам болсаң айтқан жөннен, Басыңа қайғы келсе қапа болма, Қайғырып назаланып шықпа діннен...».

– **Әгерәки, Мүшһүр-Жүсіптей әулие, ғұлама тіріліп келсе, бүгінгі қазақ жастарына не айтар еді? Әуелі, нені түзер еді? Қалай түзер еді?**

– Қазақтың маржан тілін қадірлеген бабам: «Тілінді, ділінді ұмытып, дінінді бұрмалаған екенсіндер ұрпақтарым, осыларды түзетіндер» деуші еді деп ойлаймын.

– **Көзі тірісінде бабаның басынан өткен бірнеше таңғажайып, тылсым оқиғаны баян етсеңіз... Әулиенің айтқан болжамдары қаншалықты дәл келді?**

– Мәшһүр бабамыздың қара қылышы бар, ол қазіргі кезде мұражайда сақтаулы. Сол қылышпен Ақзейнеп әжем (Шарапи Мәшһүр-Жүсіпұлының жары) әйелдерді босандыратын. Ол уақытта медицина бүгінгідей қарыштап дамымаған. Толғағы қысып, босана алмай жатқан әйелге барып, қылышпен ұшықтайтын қасиеті бар-тын. Соны өз көзімен көрген дәрігерлер болған. Естеліктері де сақталған.

1907 жылы Қазан баспасынан патшалық үкіметтің қазақ жерін отарлап жатқандығы хақындағы үш кітап жарық көреді. Бұлар орыс сарбаздарының қолына түскен соң, авторын табу туралы тапсырма беріледі. Осы хабарды естіген бабамыз Ташкентке табан аударады. Ал, бала-шағасы нағашыларының қолында қалып, сонда өсіп-өнеді. Қайын атасы бай-бақуатты, алайда кемпірі сараң кісі болған екен. Сөйтіп: «Мына күйеу бала сонша жыл қаңғып жүріп алды, балаларын біз асырай береміз бе?» – депті. Елге оралған соң, соның бәрін естіген Мәшһүр-Жүсіп енесі қайтыс болғанда топырағының жанына барып, басқа кісілерге құран оқыпты. Ал, енесіне қайырылмапты. Сонда қасындағы кісілер себебін сұрағанда: «Сараңға дұға жүрмейді!..» – деп шорт кесіпті. Енді, қалған сұрақтарыңның жауабын Ютубтағы сұхбаттарымды тыңдау арқылы аларсың. Каналда Абай Шарапиев деп шығады.

– **Оқырманға айтар тілегіңіз!..**

– Бабамның қысқа да нұсқа бір батасын берейін: «Алла бере берсін, Жақсылық абыроймен келе берсін, Не берсе де қайырымен берсін, Есесін Алла берсін! Әумин!».

– **Сұхбатыңызға рахмет, Абай аға!..**

**Сұхбаттасқан:  
Әлібек БАЙБОЛ**



*Жақият*

**Тұрсынхан  
ШӘЛДИБЕКҚЫЗЫ**



## ӘЖЕНІ ІЗДЕУ

Жолаушылар келесі ауылдың шетіне іліккенде күн асқақ Алатаудың қарлы шыңдарын қызыл арай нұрға бөлеп, биік тау сілемдерінен ары асты. Осы сәт дімкәс көліктің «сырқаты» қайта сыр беріп, көкжөтел бұған адамдай қақалып-шашалып ақыр тоқтап тынды.

– Ой, мына нәлеті ескі әуеніне қайта басты. Ел орынға отырып, ымырт үйірілген шақта көлік жөндейтін шеберді қайдан таппақпыз, – деді жүргізуші шарасыздығына күйінгендей.

– Ел шетіне жетіп жығылғанымызға шүкір. Бұл – менің ауылым. Көлік жөндеушіні де табамыз. Жөндетеміз. Біздікіне қонақ боласындар, әлгінде уәделескеніміздей апамның әңгімесін тындаймыз. Ашаршылық елімізге бас салған, бүгіндері құжаттарға айналып архивтерге тасталған, қаншама адам өмірімен қоштасып, қара жерді мәңгілікке жастанған демекші, халқымыздың санын азаюға жеткізген – қолдан ұйымдастырылған ашаршылық екенін бәріміз білеміз. Ел басына төнген нәубетті қаршадайынан басынан өткерген, ата-анасына, бауырларына қамқор болған, жақсылықтан үмітін үзбей тек алға ұмтылған апамның жанкешті әрекеті ерлік емей немене? Жүргізушінің қатарындағы Жексенбі қызына сөйлеп тоқтады.

– Дұрыс айтасыз. Апамның сергектігі, жадының мықтылығы он бес жасында тұрғызған тас ошағының орнын іздеп тапқанынан-ақ байқалды емес пе?, – деді жас әйел таңданысын жасыра алмай.

«Көлікті сүйреп жеткізетін жанашыр табыла қалар ма?..» екен деген дүдәмал оймен орнынан тұрған Жексенбі жол жиегінде ары-бері өткендерге қол көтере бастады. «Ақ пейілдің аты арып, тоны тозбайды» деген. Тоқтай қалған тракторшы танысын көндіріп тоқтап тұрған көлікті тіркетті де алға жылжыды. Қалғандар соңдарынан ілесті. Тоқтыхан әжені алға салып бұлар есіктен енгенде, диванда әлдеқандай іс тігіп отырған ақ сары келіншек орнынан ұшып тұрды.

– Амансыздар ма?.. Келіңіздер.

– Есенсің бе, келін шырақ. Ойламаған жерден, беймезгіл уақта кеп қалдық. Айып етпе.

– О не дегеніңіз, апа. Еш айыбы жоқ.

– Кең бөлмеге еніп, аяқ созып жайғасыңыздар, – деді Жексенбі есігі шалқасынан ашық тұрған төргі бөлмені нұсқап. Сонан соң келіншегіне:

– Жұлдыз, шай дайындап жібер, – деді.

– Иә, қазір.

Шайдан соң Токтыхан кейуана үй иелеріне ризашылығын білдіріп, батасын берді.

– Шырағым келінжан, алғаш көріп тұрсан да жатырқамай, қабак шытпай жайылып жастық, иіліп төсек болған сый-құрметінді көріп, көңілім марқайды. «Көңілден көңіл су ішеді» деген сол. Атыңа затың сай жарқылдаған жан екенсің. Өркенің өссін. Қосағыңмен қоса ағар.

– Айтқаныңыз келсін.

– Әмин!..

– Апа, ет піскенше әңгімеңізге құлақ қойсақ, – деді Жексенбі қоңыр көздері күлімдеп.

– Иә, апа... Өзімен бірге келген сапарлас келіншек те әңгіме тыңдауға ықыласы ауғанынан хабар берді.

– Сол бір қасіретті күндерді еске түсіру дәп бір зілбатпан жүк артқандай қажытады ғой адамды, – деп кейуана аз-кем кідірді. Бір жөткірініп алып сөз бастады. Әкем Қожақан еті тірі, тілге шешендігі де, ел бастайтын көсемдігі де бар, қиындықтан жол таба білетін сұңғыла адам еді. Колхозда бригадир боп еңбек етті. Еңбекқорлығының арқасында аштан өліп, көштен қалмадық. Ел қатарлы өмір сүріп жаттық. 1932 жылдың күзі. Егін орағы басталған қарбалас шақ. Әкем таңның атысы, кештің батысы қырман басында. О кезде астықты қол орақпен орады. Ер адам атаулы астықты төкпей-шашпай қамбаға құйып алғанша бел жазу жоқ. Жұмысты ұйымдастыратын, кімнің қайда барып, не істейтінін шешетін әкем.

Бірде Елубай есімді колхозшы әкеме жағдайын айтып, көмек сұрапты. Қожеке біз ашпыз. Үйде бір түйір дән қалмады. Шиеттей бала-шаға қарным ашты деп жылағанда көз көрмес, құлақ естімес қу медиен далаға қаңғып кеткім келеді. Әйелдің ала жаздай жинаған сықпа құртымен шай сораптаймыз. Оның бойға күш-қуат дарытатын қауқары қайдан болсын. Бір білгенім тамағы тоқ, қайғысы жоқ адам қандай қиындыққа да төзеді. Кедей болдық, бірақ аштықтан бұратылған бүгінгідей сұрқай күндерді кім көріпті.

– Қырман бастығына айтып, бір қадақ бидай бергізейін.

– Рахмет!.. – Қожеке, жақсылығың Алладан қайтсын.

– Айтпақшы, басқармаға кіріп, үйелмелі-сүйелмелі жеті баланың аш қалғанын айтып, бір қап бидай босатуын өтінсеңші. Мен де айтайын.

Елубайға жасаған көмегі басына пәле боп жабысып, әкем түрмеге қамалды. Бір қадақ бидай берген қырман бастығы ат-тонын ала қашып ештеңе көрмеген, білмеген, сүттен ақ, судан таза боп шығады. Әкемнің басшылар, ауылдастар алдындағы беделін күндегендер астыртын ұйымдасып әкемнен құтылуға асыққан сияқты. Ішінде өз туыстары да бар.

Кейуана сол сүреңсіз күндерді есіне алғандай ойланып қалды. Тыныштықты жүргізуші бұзды.

– Әкеңіздің аға, інілері бар ма еді?

– Әкем бір атадан жалғыз. Артынан ерген бес қарындасы жатжұрттық боп өз орындарын тапқан. Әкемді он екі жылға соттап, Жаркент түрмесіне жөнелтеді.

– Апа, әкемді іздеп барайық та, – дедім, бірде анам Күмісжанға:

– Әкеңнің халін білу менің де ойымда бар. Жөн білетіндерден жолын тәптіштеп сұрап алайық. «Көрмеген жердің ой-шұңқыры көп». Әкеме деген сағынышымды баса алмай оңашада көз жасыма ерік беретінімді ешкімге сездірген емеспін. Апама да. Көп кешікпей Жаркенттің жолын сұрастырып білдік. Азық-түлік алып, әкемнің төрқасқасына мінгесіп, таң құланиектене жолға шықтық. Кетерінде інім Мұқамеди: «Тоқа, менің шалбарымды, тұмағымды ки. Қыз екенінді қарсы кездескендер білмеуі керек. «Сақтықта

қорлық жоқ» деген. Егер қиын болмаса жолсызбен жүргендеріңіз мақұл. Арам ниетін ішіне бүккен әлдебіреулердің көзіне түсіп қап, әкемнің несібесіне қол сұғып, тұлпар пішіндес есік пен төрдей торы атты, астарыңнан аударып алып жүрмесін деген күдік қой. Мынаны ала жүріңдер. «Керекті заттың ауырлығы жоқ», – деп, оқтаудан сәл ұзынырақ, жұмыр таяқты ұстатты. Жас талдың сыртқы қабығын жонып арнайы жасапты. Апам екеуміз таяқты дәп бір ғажайып нәрсе көргендей кезек-кезек ұстап, Мұхамедидің жас та болса алдын ойлайтын ақылы зеректігіне іштей риза боп, оған сүйсіне қарадық. Күні бойы торқасқа иесін жалықтырмайтын жортақ жүрісінен танбады. Күн түнге орын беріп, биік таудан ары асып, жер бетін қою қаранғылық бүркеді. Бұндай мезгілде кім жүріп көріпті. Қорқа бастадым. Жан-жақтан әлдеқандай құбыжық шыға кеп, тарпа бассалатындай зәрем ұшты. Сананы қорқыныш билесе одан жуықпанда арыла қою оңай емес екен. Бірақ апам қорқынышымды білдірмеуге тырыстым. Бір кезде апам:

– Қызым, демалайық. Төрқасқаға да обал болды, – деп жол жиегіндегі қалың ағашқа қарай басын бұрды. Аттан түсіп, көрпені алып терек саясына төседік. Төрқасқаның ауыздығын босатып, екі аяғын тұсап жібердік. Үйден ала шыққан етті жеп, айран іштік. Киіммен көрпеге қисайдық. Ұйқым келсеші, кірпіктерім қамаспай-ақ қойды.

Апам бірдеме деуден қорқып жатып ұйықтап кетіппін. Таң қылаң бере тағы жүрдік. Сұрай-сұрай Меккені де табасың демекші, діттеген жерімізге жетіп, түрмені де таптық. Әкеммен жылап көрістік. Әкем арыған, екі жағы пышақ жанығандай, көңілі пәс. Өткір қара көздерінде мұң.

Біреуге көрсеткен титтей көмегім жамандық болып жабысты. Сендердің күндерің не болады деп, күндіз-түні уайымым сол, – деді. Әкемді біз, балалары Жәке дейтінбіз.

– Жәке, уайым түбі тұңғыық, батасың да кетесің деуші едіңіз ғой? Мұхамеди екеуміз жақсы-жаманды, дұрыс-бұрысты айыра алатын жастамыз. Отбасымызға тіреу, апам сүйеу болуға жарадық. Өзіңізді өзіңіз мүжі бермеңіз, – дедім.

– Оған күмәнім жоқ, қызым. Сендерді қылмыскердің ұрпағы атандырып, көздеріне шұқытқаным жаныма шаншудай қаладады.

– Отағасы, басқа түссе баспақшыл деген. Адам пешенесіне жазылғанды көреді. Біз су тисе еріп кететін қант емеспіз. Қандай соққыға да мізбақпайтын тасқа айналмасқа әбдіміз жоқ, – деді манадан әліптің артын баққан анам.

– Оған сөз барма. Сендерді сүтке тиген күшіктей бейшара күйге түсіргенім үшін кешіріңдер. Айыбым – аш-жалаңаштарға деген жанашырлығым.

– Сіздің бәлендей кінәңіз жоқ, әке. Бетке күле қарап, сырттан тісін қайрайтын қаскөйлердің дұшпандығынан түрмеден бір-ақ шыққаныңызды ауылдағылардың бәрі айтып жүр.

– Елубай қалай?

– Не қалайы бар. Қожекеннің обалына мен қалдым. Жазаланатындай титтей жазығы болса екен-ау, деп өткенде кіріп шыққан, – деді апам. Бірдеме керек боп жатса айтыңдар. Қолымнан келген көмегімді аямаймын деп кетті.

– Рахмет оған. Әкемнің жүзіне жылылық үйіріліп, сәл күлімсірегендей болды.

– Кездесу уақыты аяқталды, – деді сұсты жүзінен ызғар шашқан күзетші.

– Елге жеткен соң, бір қойдың жарты етін пісіріп, бауыздау қанын қарынға құйып жеткізіп бере аласыңдар ма, қызым?, – деді әкем.

– Бере аламыз, әрине. Қойдың бауыздау қаны неге керек?

– Бір қажетіме жаратпақ ойым бар. Іске аса ма, жоқ па, о жағын ашып

айтпай-ақ қояйын. Айтпақшы, Тоқа, туыстардың бірін жолбасшы етіп, келесіде өзін кел. Апанды әурелеме. Ал сау болындар, Аман-сау көрісуге жазсын.

Қоштастық. Әкем маңдайымнан сүйді. Сөйтіп, кимай-кимай кете бардық. Үйге аман-сау жеткенімізге қуандым. Әкеме екінші рет менімен бірге барып қайтатын адамдарды ойша тізімдегенде таңдауым Елубай ағаға түсті. Апам екеуміздің ойымыз бір жерден шықты.

Кешке қарай Мұқамедиді жіберіп, Елубай ағаны үйге шақырдық. Апам мән-жайды түсіндірді.

– Мен үшін түрмеге түскен Қожекенді бір рет іздеп баруға жарамасам кім болғаным. Ертең тұрып бүрсігүні жолға шығайық, – деді.

Әкем бізді көріп қуанып қалды. Елубай аға екеуі колхоз жайлы, ауыл-аймақ, ел-жұрт, күнкөріс туралы аз-кем сөйлесті. Азық-түлікті табыстап, дереу кері қайттық.

– Елубай, тәңір жарылқасын, аман бол, – деді әкем.

– Аман-сау көрісуге жазсын.

Әке алдындағы бір міндетімді өтегеніме арқамнан ауыр жүк түскендей, өзімді жеңіл сезіндім. Колхоздың шолақ белсенділерінен көрген теперіші апамның жанын жаралауда. Бәріне үн-түнсіз көнуге мәжбүр. Қит етсе әкемнің сотты болғанын бетке басады. Әкемнің жазықсыздығын біле тұра, қасақана анамды күйдіру үшін айтатындарын мен де сеземін.

Бірде мектепке бара жатқанмын. Колхозшылар басқарма кеңсесінің алдында тұр екен. Қол астындағыларды бір шыбықпен айдайтын әпербакан бригадирдің енді топқа қосыла берген апам:

– Әй, қылмыскердің қатыны неге ертерек келмейсің?!. – деп әкірендегенін естіп қалдым. Бригадирдің қасына жүгіре басып кеп, атының шаужайына жармаса кеттім.

– Менің әкем қылмыскер емес. Әкемнің орнын иелену үшін жоғарыға арыз жазып, айдатып жіберген сенсің! (Расында ел ауызында осындай мыш-мыш әңгіме шығып жүрген). Апамды дөрекі сөздеріңмен бұлайша тұқыртқаныңды тыймасаң, осы оспадарсыздығыңды мен де жоғарыға жазамын!.. – дедім айқайлай сөйлеп.

– Не дейді ей, мына қара албасты! Ол маған таңырқай әрі өшіге қарады.

– Апамды балағаттағаныңды мен де жазамын!.. – дедім ашуым басыма теуіп.

– Ой, ұқсамасаң тумағырдың әкесінен аумай қалуын. Ұл болса тіпті сұмдық болғандай екен.

Бүкіл көпшілік алдында жер болған бригадир атының басын кері бұрып бет алды шаба жөнелді.

– Қызым, үлкен кісіге сүйегінен өтердей қатты айтқаның жарамды, – деді апам үйге келген соң.

– Ол сені тілдеп жатса қарап тұруым керек пе?..

– Қыз баласың орнынды біл!..

– Апа, әкемді айдатып жіберген осы адам дейді ғой жұрт. Неге оны аяуым керек.

– Жұрттікі долбар. Шындыққа көз жеткізбейінше долбарды малдану – үлкен қателікке жол беру.

Үш күннен кейін көрге де үйренеді деген. Апам колхоздың қара жұмысына ат боп жегілуге әбден төселген. Мұқамеди екеуміз апам көмекке сабақтан соң барамыз. Кеш бата сүріне-қабына жетеміз. Майшамның болымсыз жарығымен сабақ оқимыз. Кешкі астан соң төсекке құлаймыз.

Осы әрекетіміз күнде қайталанады. Бала боп сыртқа шығып ойнау дегенді білмейміз. Қысқасы өмір ауыртпалығы бізді ерте есейтті.

Бірде түнделетіп үйге бір бейтаныс мосқал адам келді. Арғы беттен екенін, әкем Қожақанмен бір жерде тұратынын айтқанда, Мұхамеди де, мен де:

– Рас па-а?, – деп орнымыздан өре түрегелдік.

– Сонда қалай?.. Әкем түрмеде еді ғой?..

– Шетелге қалай тап болған?..

– Түрмеден қалай құтылған?..

Бейтаныс адамды сұрақтың астына алдық.

– Сабыр етіндер, балалар. Сөзімді біреу-міреудің құлағы шалып қалса, жолымды торып, жібермей ұстап қалуы, тіпті түрмеге тоғытуы әбден мүмкін. Баспағып түнделетіп жүргенім сол.

Қожекең сіздерге дұғай-дұғай сәлем айтты. Халім жақсы, денім сау, тамағым тоқ. Уайымым-өздерің. Туған жерді, бала-шағамды бір көру-арманым, – депті әкем.

Апам қазанның астына от жағып түнгі қонаққа шай қамдады. Бір уыс талқан, екі-үш тал сықпа құрт пен сүт қатқан шайды қонақ екі самайынан тері сорғалап отырып ұзақ ішті. Сонан соң әкемнің түрмеден қалай қашып шыққанын әңгімелеп, бізді қайран қалдырды.

Өзі сұратқан қойдың бауыздау қаны қолына тиісімен сол күні кешке қарай ішіп алып, құса бастайды. Күзетшіні шақырып, қан құсып жатқанын көрсетіп, сыртқа шығуға мұрсат беруін өтінеді. Ол да пенде емес пе, есік алдына жіберіп, қасында бақылап тұрады. Қожекең лақылдатып құса берді. Күні бұрынғы келісім бойынша әкемнің қасындағы екі досы күзетшіні ұрып-жығып, байлап тастайды да, азық-түлік, киім-кешектерін алып, қараңғыға сүңгіп жоқ болады. Сол қашқаннан түні бойы жүріп шекарадағы өзенге кеп тіреледі.

Біраз аяқ суытып, тамақтанады. Түн жарымында арттарынан иісшіл ит ерткен қуғыншылар да жетіпті. Үшеуі суға түсіп, отырып алады. Иісшіл ит судағы адамды таба алмаса керек. Үш күн судан шықпапты. Қуғыншылар кетті-ау дегенде өзеннен шығып, малмандай су болған киімдерін кептіріп, бірер сағат дамылдапты да, арғы бетке аман-есен өтіпті.

Қонақ кетерінде: Қожекең қатты қапалы. Әйел, бала шағаммен қауышсам бұ жалғаннан армансыз-ақ өтер ем. Мен сормандайдың пешенесіне жазылғаны жалғыздан-жалғыз сарғаюмен таңды атырып, күнді батыру екен ғой, – деп үмітсіздікке салынатын кездері көп, – деген. Әкемнің жағдайы мені қатты алаңдатты. Әкемді неге іздемеске деген ой туды. Ойымды бірде апам айтты ем: Әкенді іздер-ақ едік-ақ, бірақ ит өлген жерге тобымызбен, жас баламен жету қайда-а?, – деді. Әңгіме осымен біткендей болған.

Өрістен мал қайтқан абыр-сабыр шақ. Күнде осындай мезгілде бұзау өзі келіп тұрушы еді. Бүгін жоқ. Іздеуге тура келді. Еміп қойса бір күнгі астан қағыламыз. Ауыл шетіндегі бұзаулар жайылатын алаңға жүгіре басып келе жатқамын.

– Әй, қылмыскердің қызы, кімді іздеп жүрсің?, – деген даракы дауыс шыққан жаққа жалт қарадым. Анадай жерде ұрынарға қара таппай екі иығын жұлып жеп жүретін бригадирдің сотқар ұлы үнемі жұптары жазылмайтын досы екеуі не дер екен дегендей күле қарап тұр.

– Қашқын болмасыңа көзің жете ме?.. Алдыңнан тағдыр қандай сый дайындап тұрғанын қайдан білесің?.. Әкем аш қалған шиеттей бала-шағалы отбасыға бір қадақ бидай бергені үшін жазықты болды. Бұл – қылмыс емес!, – дедім.

– Менің көкеме соқтығыпсың ғой. Әкемді ұстап берген сенсің деп.

– Өтірік пе ұстап бергені? Бүкіл жұрт айтып жүр.

– Ел оттай береді. Дегенмен әкесіз саған қиын-ақ. Қорғаушың жоқ. Ертең әлі жеткен біреу әйелдікке алып қашып кетеді-ау, – деп қорықпайсың ба?.. – дегені.

Кезінде Мұқамеди жасап берген жеңді білектей жұмыр таяғымды сілтеуге бейімдей көтере ұстап, қасқайып қарап тұрған екеуге тура жүгірдім. Олар менің ештенеден тайынбайтынымды сезді-ау деймін, қаша жөнелді.

Әкемнің жоқтығын пайдаланып басынғандарына ішкі жағым алай-дүлей. Бірақ бұл жағдайды апама білдірмедім. Қай жетісіп жүр дейсін. Таңның атысы, кештің батысы колхоздың қара жұмысымен айналысудан азып-тозып, шөгіп те кетті. Әлгілерден естігенімді апама кешкі тамақтан соң айттым. Апам ойланып қалды.

Тастары өрге домалап тұрғандарға қарсы шығуға қауқарсызбыз ғой, қызым. Бұзық ойынан хабар беріпті. Ондайлармен тіресіп береке таппайсың. Көрсен де көрмегенсіп бұрылып кет!.. – деді апам. Мықтылар үстемдігінен тауы шағылып, зәрезеп болған жанның не көрсен де көне бер, дымың ішінде болсын дегенімен келіспесем де үндемедім. Көп кешікпей апам әкемді іздейік дегеніме келісті.

Әкемнің торқасқасына азық-түлік, киім-кешек, керекті заттар салынған қоржынды, көрпе-төсеніштерді арттық. Ине-жіпке дейін ұмытпадық. Атқа алдына бес жасар Мұқажанды алып апам мінді. Мұқамеди екеуміз жаяу жүрдік. Наурыз айында ауыл қалың ұйқы құшағында жатқанда жолға шықтық. Үй-жайымызды тастап кете бардық. Алдымызда піскен ас, салулы төсек дайын тұрғандай-ақ, ешқашан табанымыз тимеген жат өлкеге жетуге құлшынысымыз арта түсті. Бұл әкемізбен қауышуды армандаған игі ниетімізден туған жангештілік екені анық. Мен қағаз, қалам алып алғанмын. Қанша күн жүргеніміздің есебін жазып отырдым. Наурыздың он бесінде туған жерді тастап шығысқа бет алғанбыз. Сәуір, мамыр, маусым айларында толассыз жүріп отырдық. Түнде ұйқыға жатарда қара ала арқанмен төңірегімізді қоршап тастайды. Бас жағымызға үлкен пышақты қойып қояды. Өзі білетін сүрелерлі айтып жаратушыдан іштей тілек тілейді. Далаға түнеуге де үйрене бастағандаймыз. Алғашқы кезде түні бойы көз ілмей шығатынбыз. Әбден титықтап барып, екі-үш сағат көз шырымын алатынбыз. Бұл кезде азығымыз да таусылып, дорба түбіндегі құртты талғажу еттік.

Бірде ағаш арасымен келе жатқамыз. Тал басындағы құстың ұясынан пыр етіп әлдеқандай құс ұша жөнелді. Манадан сол ұяға көз тігіп келе жатқан Мұқамеди ағаш басына өрмелеп шығып, бес-алты жұмыртқа алып түсті. Өлмегенге өлі балық деген. Мұқамедидің алғашқы табысын пісіріп жеп жан шақырдық. Ұлымның кәдеге жарағанына тәуба! – деді апам. Шілденің ми қайнатар аптабы басталып, күндіз жүрісіміз өндімеді. Әйтсе де алға жылжи беру – мақсатымыз. Табиғаты мәуілжіген, шалғыны белуардан келетін неше түрлі құстардың сайраған әндері көңіл құсымды самғата жөнелген шағын тоғайға келіп кірдік. Құдды теңіз ортасындағы арал дерсің. Тоғайдың батыс жағын жанай өзен ағып жатыр. Өзен жағалауын зәулім тал, теректер көмкерген. Самал соқса жапырақтар жайқала тербеліп сыбдыр қағып сөйлескендей әсер қалдырды. Осынша сұлулық көзімді арбап жан-жағыма қарап тұра беріппін.

– Қызым-ау, не қарап тұрсың? – деді апам. Мен үшін Мұқамеди жауап берді.

– Апа, адам үнемі осындай, тамаша табиғат аясында өмір сүрсе, жаны да, тәні де сау-саламат болар еді. Сөйтсем ол да тұмса табиғатқа сүйсініп, жаны жадырап тұрған сәті екен. Осы араға біраз аялдайық. Әбден кірлеп кеттік. Шомылып, кір-қоңымызды жуып тазаланып алайық, – деді апам.

Кешке қарай Мұкамеди тағы он шақты жұмыртқа тауып әкелді. Бұларды пісіріп, ертеңге сақтап қойдық. Құртпен шай ішіп жатып қалдық. Апта бойы салқында жүріп отырдық, күн ысығанда демалыс жариялаймыз. Сүрлеу жол бізді биік белеске бастады. Белесті асып түскенімізде жазықта үш-төрт казак үй тұр. Солай қарай бұрылды.

Үлкен үйге жақындай бергенімізде алдымыздан жүзі жылы кейуана шығып, бізге таңырқай қарады. Қысқаша аман-сәлемнен соң апам: «Шешей, алыстан келеміз. Балалардың қарындары ашып, бір жағынан шөл қысып әл-дәрмендері қалмады. Қастарыңызда бірер сағат демалып алуға рұқсат етіңіз», – деді.

– Үйге кіріндер. Жаңылхан, тездетіп шай қойып жібер, – деді жастау келіншекке. Тамақ ішіп отырып, апам жөнімізді баян етті. Жол жүріп келе жатқанымызға бес ай болғанын естігенде, кемпір: – Обал болған екен. Бүгінше осында қонып тынығып алындар, – деді.

Қуана-қуана келістік. Үйінің қасында қойма есебінде кішірек жаппа тұр екен. Соған түнедік. Төсекке қалай жамбасым тиді, тырп етпей ұйықтаппын. Танымасақ та адамдардың арасында қауіпсіз сезінгендіктен болар. Күндегі әдет бойынша үйге жарық түскенде оянып кеттім. Апам да тұрыпты, сыртта жүр екен. Мұкамеди мен Мұқажан әлі ұйқы соғуда.

Үй иесі бізді шайға шақырды. Ішке бас сұққанда көрдім үй тола адам. Кеше ерте жатып қалғандықтан кемпір мен келінінен басқасын көрмегенбіз. Бұлары несі? Әлде бізге деген бөтен ойлары бар ма?.. – деп іш жидым. Төрде отырған ұзын ақ сақалды қария именшектеп тұрған бізге: Кел, қарақтарым, жасқанбандар, төрге шығындар. Қалғандары өз балаларым, – деп жөн айтты. Екі жас жігіт әкелерінің қасынан тұрып, бізге орын босатты.

– Ее-е, келін шырақ, қайдан келесіндер, – деп жөн сұрады.

Апам қайдан шығып, қайда бет алғанымызды, себеп-салдарын шып-шырғасын шығармай баяндап берді.

– Шырағым, бұның екінің бірінің қолынан келе бермейтін, жүрегінің түгі бар адамға тән ерлік. Таңырқап та, мүсіркеп те, сүйсініп те отырғанымды несіне жасырайын. Жетпістен асқан шағымда дәл өзіндей отбасын сақтап қалу үшін жанын шүберекке түйіп, арап-ашып, бес ай бойы жол жүріп, далаға түнеп келе жатқанына қарамасатан мұқалмаған жангештілерді алғаш көруім. Әлі де алдарыңда қаншама жол жатыр. Оқасы жоқ, шешінген судан тайынбайды. Дендерің сау болса, отағасымен қауышатын кездерің де алыс емес. Алла қауышуға жазсын деп тілейік.

– Айтқаныңыз келсін, ата!.. Сіздерге де рақмет!.. Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпейді деген. Мүшкіл халімізді бірден түсініп апам дастарқанға шақырды. Қонып та шықтық. Өздеріңіздей жақсы адамдар бар екен. Осыдан біршама уақыт бұрын тағы бір отбасына кездесіп, түнеп шыққанбыз. Кірімізді жуып, балаларды жуындырып, тазарып бір жырғап қалдық. Сіздерге де алғысым шексіз. Жақсылықтарыңыз Алладан қайтсын.

– Мініп келген торы ат өздеріндікі ме?

– Өзіміздікі ата.

– Жылқы киелі түлік қой. Көп көмегі тигені көрініп тұр. Мына кішкентай балақан жаяу жүре алмас еді.

– Дұрыс айтасыз ата.

– «Жол азабын жүрген біледі» деген. Осы азаптарың рахатқа ұласып, жайбарақат уайымсыз, қайғысыз өмірді нәсіп етсін Алла!..

– Айтқаныңыз келсін, ата!.. Рұқсат болса біз жүрейік!.. – деп апам орнынан тұруға айналды.

– Құдайыға бір кепе атадық. Келін пісіріп жатыр. Соның жарты етін

коржындарына салып береді. Азық етесіндер. Сәл сабыр ет дегенше кемпір ағаш астауға салған піскен етті алып кірді. Қария құран оқып, бетін сипады. Отырғандар оның қимылын қайталады. Сол сәтте екі көршісі бір-бір кесе талқан алып кірді. Үй иелерімен жылы қоштасып шығысты бетке алдық. Мұкамеди әлгіндегі отбасының үлкен ұлынан ағашта қыстырулы тұрған садақты оғымен сұрап алыпты. Сол жүргеннен шамамен бір айдай толассыз жүріп, түнейтін шұңғылдау орынға жайғастық. Сол түні тұсап қоя берген төрқасқа ұшты-күйлі жоқ. Аяқ жетер жерге дейін іздедік. Қолды болғанын, көзіміз жетті. Апам отыра қалып ал жыласын. Осыншама заттарды енді қайтып көтереміз. Мұқажанның бізге ілесе алмайтыны белгілі. Мен де үнсіз жас төктім.

— Апа, өзіміздің аман қалғанымызға шүкір дейік. Торқасқаны ұрлаған мүттәйімдер тастай қараңғы түнде бізді де тырапай астырып кетсе, кім іздеп, кім жоқтар еді. Көбі кетіп, азы қалғанда қиналмаңызшы. Қырқына шыдап, қырық біріне шыдамағанымыз жөн емес, — деген Мұкамедидің тоқтауы ой салды. — Рас-ау, — дедім іштей. Торқасқамен қанағаттанып қастандықтан қаға беріс қалдырғандарына тәуба. Көретін күніміз бар екен. Бар заттарды бөліп-бөліп будық та, үшеуіміз арқаладық. Жүгіміз ауырлағандықтан, жүрісіміз де баяулады. «Қыбырлаған қыр асар» демекші, қыбырлай бердік. Сөйтіп жүргенде азығымыз таусылып, ашыға бастадық. Жүкті арқалауға шама жоқ. Жүгін тастай беріп Мұкамеди садақпен құс аулауға кірісті. Құдай жар болғанда оғы бір қырғауылға дөп тигені. Дереу жүнін жұлып, ішін тазалап, апам екеуіміз шәугімге қайнатып жібердік. Сорпа ішіп, ет жеп тоғайып алған соң Мұкамеди тағы аңшылыққа кірісті. Садағының жебесіне тағы екі құс ілікті. Бәріміз мәзбіз. Көңіл күйіміз де қунақ тартып, алға жылжуға құлшынысымыз артты. Құстардың еті біршама күн қорек болды. Бір айдан астам уақыт жүрдік. Тамағымыз таусылып, аштықтан бұратылып, өздер қимылдаймыз. Бір жерде ескі жұртқа кездестік. Апам арқалаған жүгін былай қойып, жұртта қалған қой терісін көтеріп алды. Мұкамеди екеуіміз де жүгімізді тастап, апамның жанына келдік. Өзенге апарып Мұкамеди екеуіміз жуып, жібіттік. Жүнін жұлып, турап, шәугімге салып қайнаттық. Пісті-ау дегенде кішкентайдан турап жедік. Қаттылығы сондай, тіс өтпейді. Сол теріні аз-аздан талғажу еттік. Күні бойы шайнап сөлін жұтамыз да, теріні сыртқа түкіріп тастаймыз. Сөйтіп жүріп шекараға да жетіппіз. Қуанышымызда шек жоқ. Апам жылап жіберді. Шекарадан өттік-ау, әйтеуір. Бұрынғыдай ебіл-себіл боп, жанымызды шүберекке түйіп, алға тек алға ұмтылудан тиылып, бір жанға жайлы жайбарақаттықты сезіндік. Бірде демалып отырғамыз. Мұкамеди сіріңке шағып өзімен-өзі. Оған мән бермедік.

— Апа!.. — деді ол кенеттен, мен бал ашып отырмын. Сіздер әкеме қосыласыздар, ал мен қосылмаймын, — дегені.

— Қой, балам, олай деме!.. Әкеңе жетуге енді аз күн қалғанда қайдағыны айтқаның не?.. — деп апамның түрі бұзылып сала берді.

— Апа, бал солай дейді.

— Қашаннан бері бұнымен айналысушы ең? Жеті атанда жоқ балшылық саған қайдан дарыған?

— Білмеймін, апа.

Жолай егіс алқабына кездестік. Егіс алқабын қақ жарып шаңы бұрқыраған борпылдақ кара топырақты жол өтеді екен. Егісте қаптаған адам жұмыс істеп жүр. Ешқайсысы бізді байқамады.

— Апа, мына кісілерден жөн сұрайық, мүмкін Жәкемді танитындар кездесіп қалар, — дедім.

— Иә, мен де солай ойлап келем, — деді апам. Біз сөйлесіп келе жатқанда Мұкамеди аяқ астынан жүгіріп ала жөнелді. Ақырын жүр, балам! Апамның

дауыстағанын тындаған жоқ. Ұзай бере етбетінен құлап қалды. Біз де жүгіре басып жеттік. Мұхамеди сұлқ түсіп жатыр. Көздері жұмулы. Екеулеп екі қолтығынан демеп, көтеріп тұрғызбақ болдық. Сол сәт астынан жеңді білектей жуан қара жылан сумақ етіп шыға келгені. Басынан екі аяғыммен баса қойдым.

Мұхамеди: Апа-а!.. – деп ақырын ғана ыңырсыды да басын ары бұрып үнсіз қалды. Апам маңдайын, денесінің ашық жерлерін ұстап көріп еді, суып кетіпті.

– Ойбуй, шынымен кетіп қалдың ба, құлыным-ау! Енді қайттім? Алқын жұлқын жүгіріп ала жөнелгеніңнен шошып едім. Ажалыңа асыққан екенсің ғой! Апам да, мен де озандап қоя бердік. Зарлы үніміз егіншілерді селт еткізді. Лезде адамдар қоршап алды. Денелі мосқал кісі табаным астындағы жыланды қолындағы орағымен кескілеп тастады.

Бір қария: – Туу, жеті жылдық ту жылан екен шаққан. Баланы сонадайдан арбап шақырыпты, – деді. Алтындай өң сұлулығы мен жан сұлулығы әдемі үйлесім тапқан бауырымды демде мәңгілікке жоғалтақаныма сене алар емеспін. Бірге келе жатып оны ажалдан арашалай алмағаныма өкінемін. Әлгіндегі қариялар да, басқалар да: Сабыр етіңіздер. Жазмыштан озмыш жоқ. Алланың ісіне шара бар ма. Бекем болыңыздар, – деп басу айтты. Адам жарық дүниеге келмей жатып-ақ тағдырын маңдайына жазып қояды дегенге өз басым сенбеуші едім. Маған адам не істеймін десе де істей алатын алып күш, кемеңгер ақыл-парасат иесі боп көрінетін. Көзді ашып-жұмғанша Мұхамедидің ана дүниелік боп кеткені бұрынғыдай байламдарымды теріске шығарды. Қариялардың Алланың ісі дегеніне шүбәсіз қол қойдым.

Жеті жылдық ту жылан деген болжам айтқан ата (есімі Алпысбай) өте қайырымды жан екен.

– Ойпырмай, сонша жерден арып-ашып сегіз ай бойы үздіксіз жүрістен шаршап-шалдығып, аман-сау жеттім-ау дегенде ержеткен ұлынан айырылып қалуы үлкен қасірет-ау бейшара анасына. Көмек қолымызды созайық, жігіттер, – дегенін құлағым шалды.

– Әрине, қолымыздан келгенше жәрдемімізді аямаймыз.

Жыланды орағымен кескілеген ата: – Әкең қайда тұрады? Есім-сойы кім?.. – деп сұрады.

– Қызылкүре деген жерде тұратынын айтқан бір кісі, аты – Қожақан, – дедім.

Екі қария Мұхамедидің жүзіне телміріп, еңірегенде етегі толып отырған апама келді.

– Келін шырақ, жылау – Алланың ісіне қарсылық білдіру. Бұл – күнә. Көп жылай берме, ауырып қаласың. Мына баланы бұлай жатқызып қоймайық. Барар жерлеріне мәйітті көтеріп жеткізу қиын. Көтерген жүгің, жетектеген жас балаң бар екен. Жерлейік. Рұқсат ет.

– Айдалада жалғыз қалдырып кетеміз бе?

– Жо-ға, осы маңда қалың қорым бар.

– Рахмет сіздерге, жарайды.

Сол күні Мұхамеди мәңгілік мекеніне, жер қойнына берілді. Әйелдер жағы бізді егіс алқабына таяу маңдағы жаппаларына ертіп кеп, ыстық шай беріп, апамның көңілін аулады.

Алпысбай қария бізді үйлеріне қонуға шақырды. Әйелі де осында екен.

Әкеме хабар жіберді. Келесі күні әкем ат жеккен арбамен келді. Әкемді көрген бетте кішкентай Мұқажан: – Әке-е!, – деп алдынан жүгіргенін көрген жұрттың бәрі көздеріне жас алды. Әкем ұлын көтеріп алып сүйгіштеп жүр, жылап жүр. Апама, маған көрісіп әкем Мұхамедиді жоқтап көп жылады. Біз де жас төктік. Үйіне қондырған қарияға рахметімізді айтып, әкемнің тұрып жатқан ауылына бет алдық.

Әкем қолынан да, тілінен де келетін өте пысық, құнтты адам ғой. Екі бөлмелі там үй соғып алыпты. Түпкі бөлмеде темір төсек тұр. Еденіне текемет төселген. Әйел ұстаған үйден кем емес. Біздің келгенімізді көріп, жан-жақтағы көршілер кірді.

– Қуанышыңыз құтты болсын. Бала-шағаңызбен қауышуыңызбен, – деп ақжарма тілектерін білдірді.

– Рахмет. Бірақ... Әкемнің көзінен жас құйылып кетті.

– Ойбай, не болды, Қожеке?

– Он үш жасар ұлымды екі күннің алдында жылан шағып, мерт қылыпты. Болайын деп тұрған бала еді. Қайран Мұқамедиім. Бір көруге зар болғаным-ай! Апам да еңіреп қоя берді. Көршілер жуатып көңілдерін аулады. Олар бізді кезек-кезек қонаққа шақырып, әңгімеге тартып, елдің жағдайын сұрауда. Бәрі де біздің жақтан келгендер екен. Бір-біріне көмектесіп, селбесіп жанбағатын көрінеді.

Бірде әкем қой әкеп сойып, Мұқамедидің жетілігін таратты. Көрші әйелдер ыдыстарын әкеліп, дастарханды өздері жасады. Апам осында келгелі сыркат. Онсыз да бірде аш, бірде тоқ толассыз жүрістен әбден әлсіреген ағзасын Мұқамедидің қазасы төсекке алып ұрды. Қонақтар кеткен соң, апам жатып қалды. Асты там-тұмдап қана ішеді. Ештеңеге зауқы да жоқ. Тек қана жатады. Ішкі бөлмеге бас сұққан әкем:

– Өмірлік қосағыммен, балаларыммен қауышсам, мына жалған дүниеден армансыз-ақ өтерем деп Алладан жатсам-тұрсам сұрадым. Мұқамедиден айырылу екеуімізге де оңай соққы емес. Алланың салғанына көнбеске адам лажсыз. Маған көп жақсылық жасаған Құдай қосқан қосағымсың. Сегіз ай жол жүріп, кездескен қиындық атаулыны мойныңмен көтеріп, ебіл-себіл боп жеткенінде мынадай жағдай болды. Адал ниетін, жігер-қайратынның арқасында Алла кездесуімізді нәсіп етті. Бұл жақсылығыңды екі дүниеде де ұмытпаспын. Әкем апамның маңдайынан сүйді.

– Кірлеп кеттік, суға түссем.

– Есік алдында анау-мынау керекті жабдықтарды, құрал-саймандарды сақтайтын шағын жай тұр ғой. Су ысытып сол жерге шомылып алындар. Далаға үлкен қазанды ошаққа асып берейін, – деп зып беріп тысқа беттеді. Байқамайын, әкем үй тіршілігіне де төселген сияқты. Бұрын апамның пісірген асын ішіп, үй шаруасына ебедейсіз-тін. Апамды шомылдырдым, өзім де шомылдым. Мұқажанды да жуындырдым. Кір жудым. Әкем күні бойы жұмыста.

Келесі күні әкем бұзаулы сиыр әкелді. Сүтті сиыр екен. Ақ ішіп, май, ірімшік, құрт жасап, берекеміз кіріп қалды.

Осы бұзаулы сиыр берекенің бастауы болған сияқты. Жылда бұзаулайды. Екі-үш жылда таналары да бұзаулай бастады. «Құдай берем десе терезеден де береді екен» дегендей әкем сиырлы бай атанды. Апам Асан-Үсен, Алмасай-Саймасай, Қадіржан-Кәріпжан атаған алты ұлды (үш егіз) дүниеге келтірді. Кәріпжаннан басқасы шетінеп кетті. Бопыхан, Дәнелхан, Әдемхан есімді үш қыз туды. Әдемхан ғана қалып, ана екеуі шетінеді.

Мен де бойжеттім. Омархан деген оқыған азаматқа ұзатылдым. Анам Күмісжан 49 жасында өмірден өтті. Өмірге тоғыз ұл, төрт қыз әкелген анамның артында екі ұл, екі қызы ғана қалды. Әкем кіші шешемізден (Асылхан) Нұрсұлтан, Сәбетжан деген екі ұл, Қәдірбүбі, Салтанат деген екі қыз көрді. 1962 жылы кезінде қашып барған қазақтар, тарихи отаны – Қазақстанға қайта оралды. Шекарадан өткенде әкем: «О-о, Туған Жер! Сені де көретін күн болады екен-ау! Алланың бұнысына да тәуба!.. – деп тізерлей отыра қап жерді сүйіпті. Жанарынан сорғалаған қуаныш жасы бүкіл бетін жуып кетіпті.



*Жақият*

**Әбділдабек  
САЛЫҚБАЙ**



## НАҒЫЗ ҚАЗАҚ

Жел қағып, жауын мүжіп, жарамсыз мүліктей жапырайып тұрған тракторды қайтсем де жөндеймін деп арпалысқалы екінші күн. Әуелі көліктің артқы жағындағы жанармай айдап, ұшқын бүркетін бұрма-бұрма түтігінің құрама бөлшектерін ағытып алып, кірпінің инелеріндей тікен шөткі жүгіртіп тазалады. Шешуге келмейтін тұстарын жоғары ауа қысымымен үрледі. Барлық құбырлары мен түтіктері коқыр-соқырдан аршылды-ау дегенде іске қосып еді, былқ етпеді. Жылдамдықты реттеуіш қорабын тексеріп, май атаулының бәрін ауыстырып, от алдырып көрді – мызғымайды. Ескісінің қамытын ағытып, істеп тұрған жана қуаттандырғышты ауыстырып салды, жоқ, бәрібір үнсіз. Кілтипан болуы мүмкін-ау деген тұстарды асықпай бірнеше қайтара тексеріп шығып, «иә, сәт» деп қосып көріп еді, кенет «быт-быттап» ала жөнелгені! «Әп, бә-әсе, осылай болса керек еді-ау!» Арыстанның қаншама пенде шұқылап көріп, от алдыра алмаған техникаға өзінің ғайыптан тіл бітіретін сәтіндегі үйреншікті әдетімен көкірек тұсы бұлк етіп, жүрек соғысы жиілеп барып, қайтадан сабасына түсті.

Қасындағы механизаторлар шу ете түсті. Қағылез ақсары жігіт: «Айттым ғой... бүгін қайтсе де от алдырады деп. Мұның көк темір перісі бар! Давай, екі жартынды қой!» – деп қасындағыға дікілдеді. «Өй, не болды сонша дігерлеп? Әкелем ғой қазір... Шыдай тұр!» деп шойқара да дүңк ете түсті. Шамасы біреуі «Мына тракторды бүгін қайтсе де от алдырады», екіншісі «Жоқ, жүргізе алмайды» деп бәстескен сияқты. Арыстанның олармен шаруасы болмай, ісін әрмен қарай жалғай берді.

Қызыл трактор от алғанмен әлі де жөндейтін жері аз емес. Бейшараның кабинасы бір жағына қикайып, топшысы майырылып, артқы дөңгелекке жабыса шапталып қалыпты. Жаны жоқ демесең бұлар да сырқат адам сияқты. Ауруын дәл тауып жөндесең, күтіп-баптасаң құлдырандап шауып ала жөнеледі. Ал емін таппасаң басы артық, жарамсыз мүліктей қараң қалып, қаңырап қала береді. Дереву сүйменді салып жіберіп, топшысын жүруге жарардай етіп түзетті. Соңыра төрт дөңгелегін бірдей тексеріп, жарылғанын жамап, шірігенін жігіттердің көмегімен ауыстырып, жел толтырды. Содан соң ғана үйіне дейін ілдалдалап айдап келді. Бүгін таңертеңнен дәнекерлегіш аппаратын іске қосып, енді жақтау темір мен шанағын түзетуге кірісті. Кабинасын ондап, сынған шынысын ауыстыруы қажет.

Харьков зауыты шығарған осынау қолтоқпақтай шап-шағын тракторды қызылбұлақтықтар «Быт-быт» дейтін. Айтса-айтқандай, жүрген сайын тауық «қыт-қыттаса» бұл «быт-быттап» бара жататын. Сонысына қарамай өзінен

өлденеше есе ауыр жүкті көтеріп жүре беретін құмырсқа сияқты, он алты аттың күшіндей жүк тартып, екі-үш тоннаны оп-онай көтеріп кете береді. Тұрқы қысқа, шоктығы да биік емес, шап-шағын. Кез-келген жерінен кілт бұрылып, өрге таскенеше өрмелеп, ылдифа шұғыл құлдилап, жер талғамай, ойлы-шұңқырлы жерлермен жүре береді. Әмбебаптығы жағынан да бұған жететін трактор жоқ – жүк тиегіш, күрегіш, жер де жыртады, тіпті картоп түптеп, көкөніс қаза алады. Тек тілін тап та пайдалана біл! Алғашқы ағайындарынан айырмашылығы – мұның қозғалтқышы мен жылдамды ауыстырғыш қорабы құйрығында, ал алдында әр түрлі жүк салатын төрт бұрышты астау бар...

Арыстанның МТМ мен гараж тұрғанда есік алдын айра-жайра қылып, темір-терсекке толтырып, тракторды үйге әкеліп жөндейтін мінезін жөпшенді жұрт түсінбей-ақ қойды. Мейлі, елдің бәріне бірдей жағу мүмкін бе? Ол жағы өзіне ғана мәлім. Басқасына есек қайғырсын! Ең әуелі балаларының аузынан жырып, сонау Алматы мен Семейді адақтап сатып әкелген қилы-қилы кілттерінің әркімнің бір қолында кетерінен қауіптенеді. Бұған дейін жиған-терген талай кілті кетті ғой ел аралап. Қайта сұрап көрші, қайтарып бере ме екен? Анау әкетті, мынау алды. «Ақ болды, көк болды, ең соңында жоқ болдының» кері. Жауаптары бесенеден белгілі. Ал енді жайшылықта елеусіз, жан баласына қажетсіз көрінетін бір ғана кілттің кесірінен қанша шаруаң тоқырап, қаңтарылып қалмай ма! Бір қызығы сол кілтті бүкіл колхоздың, тіпті мұқым ауданның жүргізушісі мен тракторшысын адактасан да таба алмайсың. Өйткені оны бұл құсап, табанынан таусылып іздейтін пенде бар ма? Іздемейді! Ал көрінеу жерде тұрсыншы, көзді ашып-жұмғанша қағып кетсін. Қағып кеткені аздай, ұстап алсаң «кілт алу – ұрлық емес!» деп өздері заң-зәкүн шығара қоятынын қайтерсің...

Мұның әлгі елде жоқ ерекше кілтті байлығы тасығаннан емес, бастаған ісім аяқсыз қалмасын деген құнттылығынан сатып алғаны әрі осы үшін қаңырығы түтеп, табанынан таусылып текедей тентірегені кімнің қаперіне кірсін!? Кіргенің не «Әй, сол да сөз бе екен!? Көр-жерді әңгіме қылып... бір түкке тұрғысыз темірді соншама әулиесіткені несі, ей» деп, өзінді сөгіп, біраз жерге апарып тастайды ғой шіркіндер. Онымен қоймай кейбір қуауыз құрдастарының қалжыңға сүйеп: «Әй, осы сен күні-түні темірдің қасынан шықпайсың. Өзің... шынымен қазақсың ба?» деп, қитығына тиетінін қайтерсің! Көлденең кінәрат таппаған соң әйтеуір шабына шок тастап тулатудың амалы... Басқа бопсаның бәріне шыдаған Арыстан дәл осыған келгенде ит жыны қозып: «Немене, өзің олақ болған соң барлық қазақ олақ, қопал болуы керек пе? Әлде басқа ұлттың барлығы техникаға жүйрік, тек қазақ қана бәрінен мақұрым қалуы қажет пе?! Жеті ғана емес, жетпіс жеті атам қазақ. Жәй қазақ емес, нағыз қазақпын», – деп бурадай шабынып, шала бүлінеді.

Тағы бір қитығына тиетіні – өз шаруасын оңдыра алмай жүрген, өмірі өзі өз болып, жылдамдық қорабын да ауыстырып көрмеген шіркіндердің отырып алып, білгішсініп кісіге ақыл үйретуі... Ал мына ауласы МТМ емес, көлденең кісі келе бермейді, келген кісі санаулы. Мұнда токарлық станоктан басқа дәнекерлегіш аппарат та, темірді тырп еткізбей ұстайтын қолтырауынның жақ сүйегіндей қарысып қалар қысқыш та, ағашты жонып, кесетін бөренесирақ тұғыр да, жел үрлейтін қондырғы да – бәрі бар. Көпшілігін Арекең өзі қолдан жасаған, іске алғысыз болып жатқан жерінен аттай қалап, қимаса сатып әкетіп, құрап алған...

Темірді шұқылап жүріп кейде Арекеңнің оңашада ойға бататыны бар. Сондай ойланған сәттерінде, Құдайдың күдіреті, кісі қайран қалар қилы-қилы

жаңалықтар ашып тастайды. Онысын әлдекім дереу қаттап-шоттап отырса бар ғой, ә, айналасына алақтап, не істерін білмей жүрген талай пендеге жөн-жоба болар еді. Әттең, оның бәрін қағазға хаттай қоятын хатшысы қайда, көп ұзамай-ақ бірінің сонынан бірі кимелеген толқындардай, ой дегеннің жаңасы келгенде бұрынғысы ұмытылып қала береді. Бұлай қарасан, әлгілері жаңалық дейтін жаңалық та емес, біреулер үшін бесенеден белгілі нәрсе де шығар. Алайда бұл үшін тың жаңалық саналып, онысы алдағы өмірінде бұлжымас қағидаға айналары анық. Мәселен, кейде бірдеңені пысылдап істеп жатып «Болар бала боғынан» дегенді ата-бабам қалай дәл тауып айтқан деп қайран қалатыны бар. Айна-қатесіз шындық қой! Алысқа бармай-ақ өз өмірін алсыншы. Не құдіреті барын кім білсін, мына өзі техника дегенге құрттайынан құмарттыпты...

Шамасы, енді ғана ес біле бастаған үш-төрт жасар сәби шағы болса керек. Әлі есінде әке-шешесімен ауылдың бір басынан екінші басына көшіп бара жатты. Жыланбауыр трактордың кабинасында күпәйкесін майға малып алғандай май-май тракторшының қасында анасы, өзі және інісі үшеуінің отырғаны да тап қазіргідей көз алдында. Кабинаның ортасына шаншып қойғандай, ұшында көлденең тұтқасы бар екі темір таяқты күпәйкелі кісі сәт сайын ілгерінді-кейінді қозғайды. Мұны көрген інісі әлгі темірді ұстаймын деп қайта-қайта тап береді. Анасы «болмайды, балам» деп, оның қолын кейін тартып алады, тіпті болмаған соң бетін бұрып әкетті. Ал тентек інісі «дереу ұстат» деп, бар даусымен бақырып-өкіріп, табан астында сілесі қатып, көгеріп-сазарды да қалды. Мұндайды күтпеген тракторшы ағайдың дегбірі қашып, сасқанынан әлгі тетікті ұстауға рұқсат бере салғаны. Сол кезде бағанадан бері қызығып, әрең отырған Арыстан да бас салды. Сөйтіп тракторды жаңа үйге дейін үшеуі қосылып айдап келіп еді.

Алайда осы оқиғадан соң көпке дейін темір көлікке міне алған жоқ. Туыстары мен көршілерінің бұт артары өңшең ат пен есек. Асып кетсе, арба мен шанаға отырады. Ал Арыстанның көкейін тескен — май сасыған мәшине мен трактор. Сабактан келе жатып, МТМ-ның қоршауының сыртынан сілекейі шұбырып қарап отыратын. Бір күні осыны байқап жүрген Саша ағай қасына шақырып:

- Сен трактор отырады?— деп сұрады шала қазақша.
- Отырамын! Иә, иә, отырамын! — Баланың көзі шырадай жанды.
- Уйде яйцо... как это, о-о... куриный жумыртка бар?
- Иә, жұмыртка бар! Тауықтыкі ме?
- Да, тауық жұмыртка... Сен коп акел! Трактор отырасын...

Баланың жүрегі кеудесін тесіп шығардай атқақтап, үйіне қарай күстай ұшты. «А-ла-қай! Жұмыртка әкелсем, трактордың кабинасына отырғызады!» деп айқайлағысы келді. Бірақ өйтсе арманы орындалмай қалатындай тырс етпей шыдады... Өткенде анасы тауықтардың үй сыртындағы биіктігі кісі бойындай қалың қышыма-қалақайдың ішіне кіріп туатынын байқап қойып, соны алып шығуға Арыстанды жұмсаған. Әкесінің жаңбырға қиетін қауқиған кенеп сулығын киіп, бір кіргенде он шақты жұмыртқаны теріп шықты. Одан бері екі-үш күн өтті. Қазір зыр жүгірген күйі соны ойлап келеді. Тауыққорадан анасына айтпай алса, ұрлық болады... Ал қышыманың ішіндегіні алса — ұрлық емес! Өйткені онда тек бұлардыкі ғана емес, көршінің тауығы да тууы ықтимал. Оның үстіне оларды мысық пен жылан жеп, әйтпесе, күзге дейін қышыма құрағанша жаңбыр мен күннің көзінен шіріп кетуі мүмкін. Әрі-беріден соң... әкесінің су өтпес кенеп сулығын киіп, бұл алып шықпаса, бәрібір жоқ жұмыртқа еді ғой. Ендеше ол ешкімдікі емес!

Алқын-жұлқын үйге жетсе жан баласы жоқ екен. Сыртқы есіктің сыртынан тұтқасына күрек тіреп кетіпті... Дереу киімін ауыстырып, өткендегідей су да, қышыма да өтпес сулықты киді. Қалың қышыманың ішіне қойып кетіп, 7-8 жұмыртқа тауып шықты. Бірден Саша ағайына апарып еді, ол трактордың кабинасына кіргізді. «Қық-пық» деп, ауызша от алдырып, рөлді арлы-бері бұрап, бір жетісіп қалды. Келесі күні «Бері кел!» деп, мұны қасына отырғызып алып, дүкенге апарып қайтты. Тағы бір сәтті күні өзі қасында отырып, айдатып көрсетті... Қойшы әйтеуір қолы қалт етсе, МТМ-ға тұра жүгіретін бала мүшел жасында-ақ мәшине мен трактордың құлағында ойнайтын болды. Ал жазғы каникулда «Дт-75-ке» қос дөңгелекті дәу бөшкені тіркеп алып, Көктеректен су тасыды. Үлкендер құсап ақысына ақша алмаса да қап-қап ұн мен кеспе әкеп, ата-анасын қарқ қылғаны бар. Техникаға осылайша үйір болды. Тек жүргізгенге мәз болып қоймай, бұзыла қалса жөндеуге де жанын сала кірісетін.

Сегізінші сыныпты тауысқанда колхоз Үржардың арғы жағындағы «Южныйдағы» механизаторлар курсына жіберді. Ол жерде трактор мен комбайнның қилы-қилы бөлшектерін жіліктеп, тарата оқып, білгенін тереңдете түсті. Өмірі бірденені шала-шарпы, қалай болса солай істеп көрмеген еді. Әр атау мен ұғымның мән-мағынасын білгенше ынтығып, білмегенін сұрап, содан қандай да бір нәтиже шығармай қоймайтын әдеті бар болатын. Сол мінезіне бағып, ақыр оқыған соң СПТУ-дан тек куәлікпен қайтпайын деп, ұстаздарымен шығысып, трактор мен комбайнның қыр-сырын танытатын бірнеше кітап ала келді.

Ауылға келіп, балалық шақта өзі қызыққан, ортаға шаншып қойғандай, ұшында көлденең тұтқасы бар екі темір таяқты жыланбауыр тракторды да, «Быт-быт» пен «Беларусты» да айдады. Аудан орталығынан шопырлық курсты оқып келіп, төрт-бес жыл әр жерде машина айдап, арасында әскери борышын өтеп қайтты. Бір кездері аудандық ауруханаға жүргізуші болып орналасып, бас дәрігерді Үржар мен Аягөз, Семей мен Қарауылға апарып келіп жүрді. Әбден етене болғанда сан рет бұзылған ескі «Уазды» әп-сәтте жөндегеніне разы болған бастығы бірде: «Арыстан балам, мен өзімді ғана ойласам, сен сияқты жас болса да ас шопырды қасымнан екі елі ұзатпас едім. Алайда мынадай баспен сенің өмір бойы шопыр болғаның жарамас. Саған оқу керек! Түсе алсаң, жоғары оқу орнына, тым болмаса, техникумға түс. Мен қолымнан келген көмегімді аямаймын», – деді ағынан жарыла. Сол сөз түрткі болып, бірсыпыра уақыт ойланып жүріп, бар қолынан келгені Семейдегі Былғары-тері техникумын бітіріп, жүн-тері дайындайтын мамандықты игеріп қайтты. Аудан орталығындағы сельпода, соңыра загатконторда істеді. Ісі ілгері басып, Мақаншының қақ ортасынан қатырып тұрып үй салды. Көңілі қалаған қызбен бас құрап, Қызылбұлақтағы шау тарта бастаған ата-анасын көшіріп әкелді.

...Арыстан содан бері шанағын тат басып, қаусаған қанша трактор мен машинаға жан бітірді екен десеңізші. Қай жерде жөнделмейтін техника тұрса, сонымен арпалысатын ерегеспе, өршіл мінезі бар. Әрі кіріскен дүниесін жол ортада тастап кеткен кезі жоқ. Бас механик те болды, завгарлық лауазымды да иеленді. Бәрінен де өз еркімен бас тартты. Өйткені Арыстан қандай бастық қойсаң да қол астындағыларға жол-жоба көрсетіп, үйретуге тағат-төзімі жетпей, білек сыбанып, өзі жөндеп кете береді екен. «Ұрыста тұрыс жоқ» дегендей, іске келгенде ыбылжып, керіліп-созылғанды суканы сүймейтін. Ал мына қызыл тракторға кірісуінің жөні мүлдем бөлек.

\* \* \*

Әңгіменің бәрі колхоз орталығындағы ерте көктемдегі жиналыстан басталды. Колхоз белсенділері: «Аудандық партия комитетінің хатшысы Орынбаевтың өзі келе жатыр, жұмысты қоя тұрып, бәрің қатысыңдар!» деп, клубқа қойша иірді. Жиналғандардың көпшілігі орыс пен қазақ, одан кейін украин мен неміс, ұйғыр мен дүңген, бірен-саран қытай сынды әр ұлттың өкілі бар. Горбачев билік басына келгелі сөз бостандығы, пікір алуандығы, демократия деген ұғымдар пайда болып, істен гөрі көбікше көпірген сөздің көбейген кезі еді. Бұрынғы сірескен көк сіреу мұздай темір перде ысырылып, елдің тілі шыға бастаған. Небір тотияйын тілді керазулардың күні туған. Кейбіреулер мұртты көсемнің темірдей тәртібін ансап, шіркін, осылардың бәрін бір шыбықпен айдап апарып, тау қопартып, тас тасытса ғой деп кіжінетін.

Басқосудың екі шылбыр, бір тізгінін дереу қолға алған Орынбаев қазақ басшыларының ашуланса әуелі қазаққа шүйлігетін әдетіне басты. Төрағадан бастап, бұлардың бәрінің екі аяғын бір етікке тықты. Сол баяғы маңдайының соры бес елі қазақтың жүйкесін жүндей түткен әңгіме. «Қазақ десең өзіне тиеді! Ата-бабаларың – саусақ ұшын кимылдатпай, өмір-бақи малды ермектеп өмір сүрді. Сондықтан сендер де жалқаусыңдар! Біреуің бір жөні түзу бастама айтпайсың! Ешқайсыңнан колхозға қайыр жоқ! Тым болмаса, қырға шығып, көкөніс екпейсіңдер, қолдарыңнан түк келмейді!» деп, табаға салып шығғырсын-ай келіп. Колхозшылардың бәрі кінәсін түсінген баладай көзімен жер шұқып отыр. Арыстанның қаны басына тепті. Зығырданы қайнап отырып, «Сұрақ қоюға бола ма?» деп, қолын шошайтты. Хатшы бұған алая қарап, «Сұрақ соңынан» деп жекіп тастады. Төраға да соның сөзін қайталап, қосамжарлап жатыр. Әрине, хатшы соңынан көз қылып басқа ұлттарға да ұрысқан сынай танытты. Әйткенмен, ол ұрсыс пен қазаққа шүйлігудің арасы жер мен көктей болатын. Орынбаев аузы көпіріп, недәуір уақыт зіркілдеген соң шаршады ма, саябырлады-ау ақыры.

Соны сезген колхоз төрағасы Ораз Құлжабаев тізгінді қолға алып, Орынбаевтың сөзін мақұлдап, тігісін жатқыза сөйледі. Ақыры сұрақтың да уақыты келді-ау... Арыстан сұрақ қойғысы келетінін білдіріп, тағы да қолын көтерді. Төраға бұдан сескеніп, әуелгі сөзді артқы жақта отырған басқа біреуге бермек болып еді, Арыстан орнынан ұшып тұрып:

– Менің сұрағым Орынбаев жолдасқа. Аға, айтыңызшы, сіздің ұлтыңыз кім? Қазақсыз ба, кәріссіз бе?— деді төбеден түскендей қылып. Мұндайды күтпеген хатшы бастапқыда аузына сөз түспей, абдырап қалды. Соңыра онысын сездіргісі келмей сызданып, сұрақшының өзіне дүрсе қоя берді:

– Мұнымен не айтпақсың? Менің ұлтымда қай ақын бар?!

– Ақым жоқ! Алайда, ұлтыңызды білудің мәнісі бар, көптің көзінше айтыңызшы, қане, қазақсыз ба, кәріссіз бе?

Семейдегі Былғары-тері техникумында оқып жүргенде қағынан жеріп, ана тілін менсінбейтін қандассымақтарын талай көріп еді. Қазақ деген аты ғана, бір ауыз ана тілін қоспай, жат жұрттың тілінде шүлдірлейді. «Неге қазақша сөйлемейсің» десең, «Мен қазақ емеспін, кәріспін» дейтін беттері бүлк етпей. Ауылдан келгендер де оларды жатырқап, қара орыс деуші еді. Соларды есіне алып, кәріссіз бе деп әдейі сұрады. Ұлттық намысын оятам ба деген еді, үміті ақталмады.

– Ал қазақпын... біліп тұрып неге сұрайсың?

Манадан бергі әділетсіздікке күйініп, әрең отырған Арыстан хатшының екі аяғын бір етікке тықты.

– Қазақ болсаңыз, неге қазаққа ғана шүйлігесіз? Сонда басқаның бәрі ақылды да жалғыз қазақ қана ақымақ па? Әлде басқаларға күйіңіз келмеген соң «жуас түйе жүндеуге жақсы» деп өз қазағыңызға шүйлігесіз бе? Колхоз ісінің тұралауына тек біз ғана кінәлі ме екенбіз? Осындай сыңаржақ сынды қашан қоясыздар?

– Кім сыңаржақ сынап отыр? Жалқау екендіктерін өтірік пе?

– Жалқау емеспіз! Бұл сұрағыңызға әркім өзі үшін жауап берсін! – Әлгіден бері қазақша жауаптасқан жігіт енді әріптестерін де әңгімеге тартайын дегендей, орысшаға көшті. – Мен, мәселен, колхоздағы ешбір ұлттың өкілінен жалқау емеспін! Сенбесеңіз мына отырғандардың бәрінен сұраңыз! Кез-келген ұлттың арасынан техниканы менен артық жөндейтін бір маманды тауып берсінші! Жігіттер, адалын айтыңдар, әлде мен қисынсыз әңгіме айтып тұрмын ба!?

Залдағылар бір пәс аңысын аңдығандай тым-тырыс тына қалғанда тракторшы Рудой Иван шыдамай кетіп:

– Арыстан дұрыс айтады! – деп гүр ете түсті.

Оны бірнеше жігіт іліп әкетті:

– Дұрыс, қанша тракторға осы Арыстан жан бітірді!

– Олар МТМ-да баяғыдан іске алғысыз боп қаңырап, қаңсып тұрған!

– Міне, дәлелі! Рахмет, жігіттер! – деп ол қайтадан қазақшаға көшті. –

Ендеше сіз еш негізсіз бүтіндей бір халыққа жала жауып, арына күйе жағып отырсыз! Елдің алдында осы қателігіңізді мойындап, кешірім сұрамасаңыз, жоғарыға арызданамыз!

Орынбаев қып-қызыл болып, аузына сөз түспей тұтығып, әдейі орысшалап:

– Арыздана бер! Бәрібір ештеңе өнбейді! – деп шірденді.

Манадан бері аңырып қалған колхоз төрағасы:

– Әй, әй, Бейсенбаев! Сен аупартком хатшысына қалай-қалай сөйлейсің,

а? Тоқтат, қане! – деп, сөзге араласты. Арыстан оған қыңған жоқ.

– Сөзді бөлмеңіз, жолдас Құлжабаев! Манадан бері сіздерді тыңдадық қой. Енді бір уақ бізді де тыңдаңыздар. Мен жеке басымның емес, осы ел мен жердің проблемасын айтып тұрмын. Айтайын ба, жоқ па, халайық?

Арыстан залдағы ауылдастарына қарап еді, олар мұны колдап, гу ете түсті. Біреулері ысқырып та жіберді.

– Дұрыс, сөйлесін!

– Біздің де үніміз естілсін!

– Жоқ, жігіттер, тәртіп сақтайық. Жиналыстың шырқын бұзбайық!

Осыған дейін елдің бәрі сыбырлап, күбірлеп айтып жүрген, бірақ басшыларға жетпеген бір мәселе бар, ағайын. Ауыл жастары жұмыс таппай сенделіп жүргенде қашар, қора салуға неге айдаладағы армян, шешен бригадаларын жалдайтынын, ал қауын-қарбыз бен пияз егуге кәрістерді шақыратынын неге айтпаймыз, осы?

Залдағылар ойларын дәп басқанға тағы да гу ете түсті:

– Бәсе, осыны айтшы, қане!

– Ішіміз сезетін сияқты бірақ...

– Басшылар олармен ауыз жаласады да баяғы! Басқа не болсын!

Манадан бері елдің пікірін тыңдап, ойын жұптап тұрған Арыстан осы сөзді қостай кетті.

– Дұрыс айтасын! Біз ауылдағылар бір-бірімізді күнде көреміз. Басшылармен ауыз жаласып, колхоз қаржысын қымқырсақ, бірде болмаса, бірде, әсіресе ішкен кезде онымызды айтып қоюымыз мүмкін! Ал сырттан келетін жалдамалы бригадалар бір-ақ маусымдық. Келер жолы бұл жерге

емес, басқа колхоз, не совхозға барады. Сондықтан ешкімге айтпайды. Өз артын өзі ашпайды ғой! Басшылардың сырттан адам іздеуінің басты себебі осы. Ал ауыл жастары жұмыс таппай, амалсыз қалаға кетуге мәжбүр болады.

Орынбаев енді жиын тізгінін қолға алмаса, мәселенің ушығып кетерін сезіп, сөзді дәл осы жерінен бөліп жіберді:

– Бейсенбаев, осы айтқаныңызға қандай дәлел бар?

– Қып-қызыл жала! Ешқандай дәлелі жоқ, – деп колхоз төрағасы да қыстырылды.

– Дәлел деймісіз? Мектеп бітірген ауыл жастарының жұмыс таппай сенделіп, бос жүргенін, сөйте тұра құрылыс салуға сырттан адам жалданатынын осы отырғандардың бәрі растайды. Оған қандай дәлел керек? – деп таңырқады Арыстан.

– Жоқ, сіз мені түсінбей тұрсыз, – деді Орынбаев сыпайылап. – Колхоз басшылары мен жалданбалы жұмысшылардың ауыз жаласатынына қандай дәлел бар?

– Ә-әә, соған дәлел керек пе!? Айтайын... Мысалы, кәрістерді алайық. Олар ерте көктемде сонау Үштөбеден келеді. Колхозшыларды маңына жолатпайды, сырын да ашпайды. Бірақ олардың кеңседегілердің аузын майлап, асырып жаздыратынын елдің бәрі біледі. Былтыр бір қағаздардан кездейсоқ көріп қалдым. Олардың даладағы дәретханасының өзіне колхоздан 2000 сом бөлініпті... төрт өгіздің құны. Бұл – сұмдық қой! 2000 тұрғай, 20 сом да кетпейді оған. Ендеше қалған ақша қайда? Кеңседегілер мен кәрістер бөліп алған.

Құлжабаев бір қызарып, бір бозарды.

– Әй, Бейсенбаев! Сен не деп кеттің? Сөз бостандығы, демократия дегенге шектен шықпау керек қой! Давай кончай ондай әңгімені!

Арыстан оның бопсасын құлағына да қыстырған жоқ! Әлгі сөздерінің бәрін нақты айғақтармен дәлелдеді. Ал Орынбаев мәселенің өзінен алыстап, колхоз төрағасына ауысқанына қуанып қалды. Көпшіліктің алдында беделін түсіргісі келмегенмен, оған осы қазір көз қылып болсын ұрсып қою керектігін ұқты.

– Құлжабаев жолдас, мұндай кемшілікке қалай жол беріп жүрсіз? Ең алдымен колхозшыларға артықшылық берілуі қажет қой! – деп біраз көсіліп келіп, тізгінді ешкімге бермей, әлгіден бергі кикілжіңнің тігісін жатқызып, арғы-бергі сөзді түйіндеуге көшті.

– Жақсы, былай болсын, колхоздың бухгалтериясы толық тексеріледі. Кінәлілер тиісті жазасын алады. Ал сенің талабың не, жігітім? Тоқ етерін айтшы өзің?

Арыстан сәл тосылып барып жауап қатты.

– Әлгінде бізді қырға шығып, көкөніс екпейсіндер дейсіз, – деп жалғады ол. – Неге шықпаймыз? Шығайық! Бізге кәріске жасалғандай жағдай жасалсыншы, біз де егеміз... Мысалы, мына мен қазірден бастап қырға шығуға дайынмын! Көмекші де дайын. Кәрістен асырып істемесем, атымды басқаша қойыңыздар! Тек бізді негізсіз мүйіздей бермей, бәрімізге бірдей мүмкіндік беріңіздер! Сонда біз де көкөніс егеміз. Кәрістерге жасағандай жағдай жасамай-ақ қойыңыздар. Ондай заңсыз талап қоймаймыз. Ал заңды талабымызды дереу қанағаттандырып, кедергі жасамасаңыздар болғаны.

Орынбаев енді іскер маманша мәселенің мәнісіне үңілді.

– Өзің бұрын-соңды егін егіп көріп пе едің?

– Көз ашқалы бері ата-анама көмектесіп келемін. Былтыр Сергей деген кәрісті үйіме тұрғызып, содан недәуір кеңес алып, көп нәрсеге қанықтым. Кәрістерге керек-жарағын тасып беріп, бақылай жүріп, көп-көрім тәжірибе

жинадым. Оның үстіне көрші Мичурин совхозындағы қауын-қарбыз еккен казактар мен дүнгендерді де көріп жүрміз. Қиын ештенесі жоқ!

– Жақсы, жолдас Құлжабаев! Істеймін деп тұрған мына жігіттерге сенім артайық. Бұлардың жоғарыға арыз жазамын дегенін қойғызыңыз! Ал өзіңіз қолыңыздан келер жәрдемді бұлардан аямаңыз!

Әрине, қолдан келгенше көмектесеміз!

Арыстан көпшіліктің алдында уәдені шегелей түсті.

– Біз жоқтан өзгені сұрай бермейміз. МТМ-да үш жыл бойы жүрмей тұрған «Быт-бытты» бүкіл қосымша бөлшегімен, қосалқы құралдарымен бірге берсеңіздер болды. Өзім жөндеп аламын. Ерте көктемнен жиын-теріп біткенше бересіздер. Ал жер жырту, маналау және арық салып біткенше, он-он бес-ақ күнге «Дт-75» жыланбауыр тракторы керек!

– Жақсы, жақсы! Сұрағаныңды береміз!

Бәрі осыған тоқтасты. Басшылардың айтуынша, Көктерек ауылының аяқ жағындағы Ойранға колхоздың 50 гектар жеріне асқабақ егу керек екен. Жер дегди сала соған шықпақшы. Мына қызыл тракторге жанын сала кірісіп жатқаны сол. Өзін ғана жөндеп қоймайды. Арық қазатын, жүк тиейтін, күрегіш, тіркеме, соқа сынды қосымша құралдары да сақадай сай тұруы керек.

\* \* \*

Арыстанның Мақаншының загатконторы мен сельподағы қып-қызыл ақшаның ішінен қашып, Көктерекке көшуінің, онда да трактор мен мәшинеге жоламай, егін егуге бел байлауының тағы бір себебі бар еді. Жай ғана емес, айрықша себеп. Әуелі күтпеген жерден әкесі ауырды. Ауырғанда да он екі мүшесі сап-сау, тек анда-санда ақыл-есін жоғалтып алатын... Бір күні әкесі таң атпай қыбырлап, не түзге шықпай, не жатып қалмай, әлденелерді сыбдырлатып, сипақтай берді. Арыстан «апырай, бұл кісі бірденесін таппай жүрме» деп таңырқап, бөлмесіне барса, жолға жиналған адам сияқты былғары қоңыр сөмкесіне керек-жарақтарын салып жатыр. Азырақ бөгеліп тұрып, жайлап қана тіл қатты: «Таң атпай қайда барасыз, әке?» Әкесі сол күйбеңдеген күйі: «Өз үйіме барамын. Әке-шешем шақырып жатыр екен! Қашанғы сендермен жүре беремін», – деп қояды. Мұндай жауапты күтпеген ұлы сәл тосырқап тұрып, амалсыз жымыяп: «Ол кісілер баяғыда қайтыс болды емес пе?! Сіздің өзіңіз, міне сексенге келіп қалдыңыз» десе, «Қой, өтірік айтпа! Олар – тірі! Кеше ғана көрдім ғой», – деп, сенбейді. Жүзіне қараса, еш қалжыңсыз, шынын айтып тұр. «Жарықтық-ай, сонда бұл кісі түсінде көргенін айтып отыр-ау, басқа не» деп, бұлар аң-таң. Ал тамақ берсең, шоң шыныдағы көжесінің үстіне нан турап, үстіне тосап пен қант қосып, «мипалау» жасайды. «Жүрегіңіз айнымай ма?» деп сұрасаң, «Онда тұрған не бар екен? Бәрінің барар жері бір құрсақ емес пе!? Жоқтан өзгеден әңгіме шығармай, тыныш отырыңдар», – деп, әуелі өзіне ұрсады.

Недәуір елеп-екшей келе әкесінікі кәдімгі кәрілік жеңгендегі алжу екенін ұқты. Алайда баяғы заман емес, қазір медицина дамып келеді, алжудың емі жоқ па екен деп, невропатолог дәрігермен ақылдасты. Ол «әкенді әкеп көрсет, қарайын» деді сөзге келместен. Суық тигені болмаса, өмірі ауырмаған, дәрігердің алдын көрмеген қарияның онда бармасы аян. Содан ретін тауып, невропатологты асай-мүсейімен қоса үйге әкелді. Ол қарияның ары жақ, бері жағына шығып, қабағының салбыраған терісін көтеріп, көзі мен тілін ашып қарап, ақыры аяғын айқастырып қойғызып, рөзіңке балғасымен тізесінің ұршығының астынан тық еткізгенде,

ақсақал дәрігерді қолындағы таяғымен бір салып, үйден қуып шықты. Жарықтық-ай, оның әлгіндей тексергенін ұрып жатыр деп ойлап қалса керек. Алайда бастаған ісін жол ортада қалдырмайтын Арыстан мұнымен де тоқтамады.

Бірде таңғы шәй ішіп отырғанда Орысбай деген милиция жолдасы келді. Үшаралда бір керемет емші бар дейді. Әйелі Айманды көрсетпек екен. «Бірге барып-қайтайық! Бәлкім, ақсақалдың еміне шипа табарсың!» деді. Арыстан бірден келісе кетті.

Күн ұясынан арқан бойы көтерілгенде бұлар мінген «Москвич» Жайтөбені артқа тастап, тақтайдай тегіс жолмен батысқа қарай заулап келе жатты. Жол-жөнекей мемлекеттік автоинспекция қызметкерлері тоқтатпасын деген амалы ма, Орысбай шікірейтіп милиция формасын киіп алыпты. Фуражқасын қоқырайтып маңдай шынының астына қойған. Сәуірдің майдақоныр самалы есіп, мамыражай күні жанға жайлы шуағын шашып тұр. Мұндай жаймашуақ күндерде сапар шегу бір ғанибет қой. Ал сапарластарың көңіл күйінді емеуініңнен ұғар сыралғы достар болса, жаның одан сайын жадырай түспей ме!? Арыстан да осындай өзгеше бір сезімдерге бөленіп келе жатыр еді. Орысбай досы бұл екеуінің сонау Мурманск теңіз флотындағы әскери қызметті қатар атқарғандағы қызық оқиғаларды еске алып отырып:

– Осы сенің баяғыда старшина Слава Костылевпен бокстасқаның есімнен еш кетпейді. Қалақтай болып, бүкіл ротаны уысында ұстаған анандай диюмен қалай шықтың сонда? – деп сұрады.

– Ойпырай, сен соны әлі ұмытпағансың, ба?!

– Әй, өлгенше ұмытам ба? Әскерге алғаш барған көкөрім шағымыз... Өңшең түстері суық, жат жұрттың ортасына үш-ақ қазақ түсіп, жүніміз жығылып отырғанда... еңсемізді көтеріп, намысты найзағайша жанып кетпедің бе?

– Солай болып па еді?

– Әрине, солай! Айтшы, сонда қалай қорықпай шықтың?

Қорықтым, бірақ жыным кеп кетті... Слава қолында бокс қолғабы бар, ауаны тілгілеп ұрып, көлеңкесімен бокстасып жүр екен. Мен аузымды ашып, қызыға қарап қалсам керек. Қасыма келді де, менсінбей мысқылдай қарап: «Ей, киргиз! Ты когда-нибудь видел такую перчатку? Хотя бы во сне! – Ей, қырғыз! Сен мынадай қолғапты өмірі көріп пе едің? Тым болмаса түсінде!» деп, қитығыма тимесі бар ма! Қаным басыма тепті. Сөзге келместен: «Давай выйдем, увидишь! – Жүр, шығайық, сонда көресің!» деппін ғой. Сөйтпін шықтық...

Әрмен қарай Орысбай іліп әкетті.

– Одан арғысы есімде. Оған дейін сонау Мақаншыдан Мурманскіге бірге келсек те сенің боксшы екеніңді білмеппін. Ол да сені киіз үйден басқа түк көрмеген бейшара деп ойласа керек. Алайда, көрмеген кісі сенбейді, елдің бәрін бір-ақ ұрып жатқызып жүрген Слава, жүз жиырма сарбазы бар миноторпедальық базаны аяғынан тік тұрғызатын старшина Слава сол жолы саған бірде-бір дәл соққы дарыта алмай қор болды ғой. Сені әуелде қазір-ақ қуып жетіп, бір қойып, қалпақтай ұшырар деп шошығам. Жоқ, қалай ұрса да бұлтарып кетіп, соққы дарытпайсың. Жәй ғана бұлтарып кетпей, бір-екі қойып қаласың. Жаным кіріп, делебем қозып, әй, бір рахаттанғаным-ай... Ақыры еш амалы жоқтығын түсінген соң... сені құшақтай алмады ма...

Досының әңгімесі құлағына майдай жаққан Арыстан үстемелеп қойды.

– Мен де ұрып жыға алмадым. Оның вуздар арасында чемпион болғанын кейін білдік қой... Әй, дегенмен, кең пейілді азамат екен! Разы болғаны

сонша кейін он алты алғыс жариялап, бөлім командирі полковник Суворов амалсыз отпускі берді емес пе! Бокс өнерін бағалай білетін Слава сияқты мәрт мінезді жігіттер сирек қой, шіркін!

– Иә, ол кезде алғысын он екіден асса отпускі беретін...

Сол алғашқы шекісуден соң Слава екеуі бокспен күн құрғатпай шұғылданып, жарысқа бірге барып жүрді. Бұл әуелі екі-үш бөлімнің басын қосқан тыл арасындағы жарыста, сосын дивизияда топ жарды. Бокстың арқасындатаяқтажемеді, ауыржұмыстаістемеді. Миноторпедалықбазаболған соң техникалық спирт көп, «шалдардың» көбі қыза келе «көкжасықтарды» каптеркаға кіргізіп алып, ұшықтап алатын. Ал бұл болса, тікелей Славаның қамқорлығына көшті. Бөлімнің атын шығарып, командирдің алғысы мен марапатының астында қалды. Әттен, Ленинградтағы гарнизондағы жарысқа барарда өкпесінен кінәрат тауып, дәрігерлер жарысқа жіберудің орнына госпитальға жөнелтті. Баяғыда интернатта жатқанда өкпесі қабынып еді, әскерде жүргенде сонысы асқынып кетсе керек. Келер жылғы жарыс қарсаңында құлаған жардың астында қалып, миы шайқалып, қабырғасы сынды. Госпитальдан соң денсаулығына байланысты әскерден уақытынан бұрын босап, үйіне қайтты.

Үшаралдың жолы ұзақ әрі ала-құла еді. Жып-жылтыр, тақтайдай теп-тегіс жолмен ағып келе жатсаң, кейбір ойпаңдау тұстарда жаңбыр мен қар суынан асфальттің ойылғанын көріп, тежегішті баса қоясың. Әңгімеге айналып, тым тақатып алсаң, шұңқырдың ернеуін соғып, дөңгелекті жаруың мүмкін. Сондықтан үнемі сақ отыру керек. Ылғи жол үстінде жүретін Орысбай айтады. Жол жөндеушілер ақша көп алуы үшін кейбір шеттеу тұрған шұңқырларды көрмегенсіп, аттап кететін көрінеді. Тексерушілерге де «Біз кеткен соң жаңбырдан тесілген шығар» дей салады екен. Сенбей, келіспей жатса, тексерушілердің де аузын майлап қояды дейді. Енді бір тұста қарайған асфальт көріп, кібіртіктей бастасаң, әлгің жаңа ғана жамап кеткен жер немесе көлеңке болып шығады. Әйтеуір бұрмасыз түзу жолда да алаңсыз көсіле алмайсың... Әйтсе де үшеуі әлгіндей жан жадыратар жарқын-жарқын әңгіме айтып, ара-арасында әзілдесіп отырып, Үшаралға қалай жеткенін сезбей де қалды.

\* \* \*

...Қатира деген емшінің үйі қаланың кіре берісінде ғана екен. Бұлар ескі-құсқы қаңылтырдан құрап қойған тар қақпадан еніп, төбеден төніп тұрған ағаштардың астымен түпкірге қарай недәуір жүрді. Қаңырап қалған иесіз үйдей құлазыған ауладан тіршілік нышаны білінбейді. Ақыры Арыстан көшеге емес, ауланың төріне қараған кірер есікті қағып еді, арғы жақтан:

– Ашық тұр! Кіре бер! – деген үн саңқ етті.

Орысбай шылым шегемін дегенді сылтауратып кейіндеп қалып қойды. Айман да әлденеден тіксінгендей шегіншектеп:

– Сен кіре берші! Сенен соң кірейін! – деді бұған. Құдды емтиханға алғашқы болып кіруден қашқақтаған студенттердей.

Арыстан ауызғы бөлмеден өтіп, ортаңғыға сәлемдесіп кіріп барғанда төрдегі сырмақтың үстіне салынған құрақ көрпеді бурыл шашын желкесіне түйіп, ақ бәтеспен маңдайын бастыра шарт буынған орта жастан асқан әйел аузын жыбырлатып, иегімен алдындағы бөстекті нұсқады. Түсі суық екен. Бөстекке отыра бергенде көзіне жын көрінгендей, бұған ала көзімен ата қарады да, қолындағы құмалағын алдына шашып жіберді.

Ой, пай, пай, пай! Әкеннің оқуы үлкен екен ғой, үлкен оқу оқыған! – деп, бір тоқтады. Басын қайта-қайта шайқайды.

Арыстан аң-таң болды. Бұл ес білгенде әкесі елуді енсерген кісі еді. Қазір сексеннің сеңгіріне шықты. Соған дейін де, одан кейін де бір жерден оқу оқығанын көрген де, естіген де емес! Рас, жарты сандықтай ескіше жазылған кітаптары бар болатын. Алайда олар аруақтарға бағыштайтын аят-сүрелер ғана шығар деп ойлайтын. Оның үстіне оқыған адам бір жерге бастық немесе қаланың қаратаяғы болушы еді, ал мұның әкесі өмір-бақи ел қатарлы қара жұмыс істеді. Егін екті, мал бақты, ағашшы болып арба жасады. Зейнетке шыққанда банкте күзетші болды.

Осы кезде алакөз әйел тағы да саңқ етті:

Несіне таң қаласың, әкеңнің оқығаны мына сендердікіндей, хат танығанмен, қара танымайтын өтірік оқу емес, ескіше оқу, шын оқу!

Ой, сұмдық-ай, мына кісі немене, шынымен мұның ойын оқып отыр ма? Осыны ойлағанда төбе құйқасы шымырлап, маңдайынан суық тер бұрқ ете түсті. Қарақұстан құйылған тер омыртқасының үстіндегі өзекті бойлап, қос жауырынының тұсынан сырғанап түскенін сезді.

Бірақ бірден айтып қояйын, әкеңді емдеу қолымнан келмейді. Өйткені оған перінің салқыны тиген. Мына шығыс жақтарыңда соқыр кемпір бар, соған барып үшкіртіп алыңдар! Бір көмектессе сол көмектесер! Әкеңнің әлі екі-үш жылдық ғұмыры бар.

– Шығыс жақ деп қай жерді айтып отырсыз?

– Сен өзің қайдан келдің?

– Мақаншыдан...

– Ендеше соқыр кемпірді сол Мақаншының шығысынан ізде!

– Жақсы, апай. Ұқтым, ұқтым...

– Ата-бабаларың ақ, адал жұмыс атқарған. Терең шарифі оқуы бола тұра қарапайым жұмыс істеген. Ал сен не істеп жүрсің?

Мына кісі қылмысының дәл үстінен түскендей Арыстан тағы да шошып кетті.

– Не істеп-пін?.. – деді даусы құмыға шығып.

– Қып-қызыл оттың ортасында жүрсің ғой... Есінде болсын, дүние мен ақшаның қияметтегі сұрағы қиын. Таста ол кәсібіңді! Бағыңды кетпен мен күрекпен ізде! Бар!..

Арыстан сыртқа шыққанда Орысбай досы:

– Түрің боп-боз болып кетіпті ғой, не болды? – деп қасына жетіп келді.

– Кір! – деген дауыс шықты осы кезде. Орысбай әйелін итергендей қылып кіргізіп жіберді. Өзі ол жаққа аттап басар емес. Бұл шып-шырғасын шығармай айтып шықты. Оны естіген Орысбай одан сайын үдірейді.

– Құрысын, мен кірмеймін! Айман өзі... Айман өзі...

Әлден соң есін жиып, өз-өзіне келген Арыстан құрдасын қағытты.

– Қылмыскерді құрықтап, елге пана болар деп жүрсек, құмалақшы кемпірден өлердей қорыққаның не?

Ол да есесін жіберер емес.

– Өй, өзің ше?! Жаңа ғана бөздей бозарып шықтың ғой...

Қалашықтағы бір асханадан түстеніп алған үшеуі кері қарай жол тартты. Бірсыпыра уақытқа дейін құмалақшының айтқандарын әңгімелеп, таңдай қағысты. Әсіресе, Айман риза. Сырқатына ем тауыпты. Ауылға бара сала не істеп, не қоятынын айтып, ауыз жаппады. Оның тізесі күп болып ісіп, біраздан бері аяғын баса алмай жүр еді. Бармаған жері, баспаған тауы қалмаған болатын. Соны жаңа сойылған қойдың буы бұрқыраған жынына сал, жазда қышымаға шақтыр, содан соң иманжапырақпен ора деген бе, әйтеуір әңгімесі көп. Ең бастысы ісігі қайтып, шипасы тисе болғаны да!

Бір кезде Орысбай мәшине айдап келе жатқан бұған жалт қарап:

– Айтпақшы, Ареке, тағы ұмытып барады екенмін. Өткенде автостанцияда Сұлтанды көрдім, – деді.

– Не дейт, Сұлтан келіп пе? Қашан көрдің?

– Осы екі-үш күн ғана бұрын... Алматыға қайтып барады екен.

– Қайтып барады деймісің? Маған соқпай кеткені қалай?

– Іздеп таппаған сияқты. Сені іздеп Көктерекке барсам – Петровскийге, онда барсам – Мақаншыға кетіпті дейді. Кездесе алмағанына өкініп, дұғай дұғай сәлем айтты.

– Е-е, қайшы өтіп кеткеміз ғой! Алматыға кетіп, көрмегелі көп айдың жүзі болып еді. Қатты сағындым өзін...

– Интернатта бірнеше жыл бірге тұрып едік, әбден сағындым ол итті, – деді досың да.

Арыстан мәз болып, рахаттана күлді.

– «Ол итті» деді ме? Ит жылғы болған соң, бір-бірімізді ит, күшік деуші едік... Тай-құлындай тебісіп, қатар өскен жігіт қой!.. Қап, көре алмай қалғанымды қарашы!

– Оның үстіне Сұлтан досың Қазақстан чемпионы болып, спорт шебері атаныпты.

– Өй, не дейді? Шын айтасың ба?!

– Шын болмағанда!

– Солай де! Дегеніне жеткен екен ғой сабаз!

Арыстан кәдімгідей тебіреніп кетті. «Е-е, Сұлтан-ай! «Қазақтың жігіті қандай?» деп сұраса, міне, мынадай деп сені ұялмай көрсетер едім! Ұялғаның не? Қайта сенің жана бір қырың мен қасиетің ашылған сайын, мерейің асып, мейманаң таси түспей ме! Өйткені күрес пен төбелестің неше атасын біле тұра өмірі сыпайылықтан аттамай, не біреумен сөзге келмей, бетегеден биік, жусаннан аласа болып жүретінің бәрімізге ұнаушы еді. «Шыға шаппа, ұшқыр аттар сияқты емес, шын жүйрік көзге түсе бермейді, бой жасырады. Тіл-көзім тасқа, мына бала да сондай. Алысқа сілтейді. Әй, өзі де Сұлтан десе Сұлтан екен, нағыз жігіттің сұлтаны ғой», – деп еді әкем сені көргенде. Айна-қатесіз шындық! Дәл солай!»

\* \* \*

Биыл Көктеректе көктем ерте шықты. Наурыздың соңына жетпей-ақ қырқа-қырканың қары біртіндеп еріп, әр жері қарайып, таздың басындай аламыштана бастады. Сәуірдің басында құсқанаты жауып, соңы қарлы жаңбырға ұласты. Таң қылаң бере сырғақ сап тыйылып, құбыладан жып-жылы леп есті. Әлгі леп бір-ақ түнде ойдым-ойдым ойпаттарда қалған сірі қардан басқасының бәрін тып-типыл етіп, қара жердің жамылғысын сыпырып тастады.

Құрал-саймандарын әлдеқашан сақадай сай қылған Арыстан жер дегди бастағанда есепші мен агрономды «Нивасына» салып алып егіс басына барып қайтты. Мамандармен асқабақты қай жерге егетінін межелеп, жер жырту мен дән себуді қашан бастағаны қолайлы боларын ақылдасты. Жердің тоңы жібігені мен дегдігенін тексеруді де қаперінен шығармады. Өткен аптада қазақша «Көкөніс тұқымының сұрпы», орысша «Сортсемовощ» деп аталатын мекеменің бастығы кеңсеге келіп, үш жақты келісімшарт жасалған еді. Сол шартта барлығы тайға таңба басқандай көрсетілді. «Сортсемовощ» Арыстан бастаған бригадаға егін егерде сапалы тұқым беруге және бұлар күзге қарай қанша ұрық өсіріп әкелсе де қабылдап, сатып алуға міндеттенеді. Бригада өз тарапынан сол ұрықпен елу гектар жерге асқабақ өсіріп, «Сортсемовощқа»

жоғары сапалы ұрық, ал колхозға сол асқабактың қабығы мен етін өткізуді міндетіне алады. Ал ұжымшар бригаданы керек-жарақпен, техникамен қамтамасыз етіп, бұлар өткізген асқабактың қабығы мен етін сүрлемге қосады. Осы шартқа қол қойып, егіс басына шығатын күндері тақай бере Арыстан әке-шешесін Мақаншыдағы інісінікіне апарып қайтты. Қыс түсе қырдан келе сала қайтып әкеп алмақшы.

Елең-алаңда үшеуі ауылдан бар-жоғы жеті-сегіз шақырымдай ғана жердегі Ойранға аттанды. Арыстанның астында өзінің ақ шаңқан «Нивасы» Қасында іргелес көршісі Жұмабай бар, елдің бәрі оның азан шақырып қойған есімі Жұмабай екенін баяғыда ұмытқан, тек қана Жұмаш дейтін. Ал зауыттан жана шыққандай етіп жөндеп, қайтадан сырлаған қызыл быт-бытының тізгіні тағы бір көршісі Ерұланда. Тракторға кеше таңертеннен тіркеме тіркеп, балаған соғатын керек-жарақтың бәрін тиеп қойған болатын. Ең әуелі елсізде жаңбыр мен дауылдан паналайтын, түскі ыстықта бір уақ демалатын баспананы салып алмақ. Қалғанын жата-жастана тындыра бермекші.

Жол-жөнекей Арыстанның есіне тауық шақыра қоймаған елең-алаңда тұруға байланысты кәріс досы Сергейден естіген тәмсіл түсті. Осы әңгіме өзіне айрықша әсер етіп, кәрістердің сертке беріктігінің айғағындай көрінген... Айтуынша, екінші дүниежүзілік соғыстың соңына дейін бақандай отыз бес жыл Корея Жапонияға бағыныпты. Гитлер бастаған Германия тізе бүккен соң АҚШ пен КСРО-ның екеуі екі жақтан кәрісті жапоннан азат етуге кіріседі. Екеуінің де кәріске жаны ашығаны шамалы, көздегені – тек өздерінің ықпалындағы елдерді көбейту. Соның кесірінен 1948 жылы Сеулде – Корея Республикасы, іле-шала Пхеньянда – Корей Халық Демократиялық Республикасы құрылады. Осылайша, әлгі екі жарылқаушысының кесірінен қаққа бөлінген корейлер күні бүгінге дейін бір-бірімен ата жауындай өштесіп келе жатқан көрінеді.

Сондай алмағайып, аласапыран заманда ел болашағын ойлаған сеуілдік ұлтшыл азаматтар күйзелген, қалжыраған халықтың еңсесін көтеру үшін жұртшылықтың арасында «Кәріс күшті ме, тауық күшті ме?» деген сауалнама жүргізіпті. «Әрине, кәріс күшті!» демей ме әрбір намысы бар жан. Міне, сонда олар: «Кәріс күшті болса, әрбір кәріс тауықтан бұрын тұрып, несібесін теріп жесін! Сонда ғана Кореяны алдыңғы саптағы гүлденген елдердің қатарына қоса аламыз!» деген екен. Сол сертпен Кореядан баяғыда кетіп қалған кәрістердің өзі тауықтан бұрын тұрып, кәсібіне елең-алаңда кірісуді әдетке айналдырған көрінеді.

Өткенде Орынбаев қатысқан жиналыста Арыстан «кәрістен асырып істемесем, атымды басқаша қойыңыздар» деген сөзді намысқа тырысып айтқанымен, «жігіттің екі сөйлегені – өлгені» екендігін жақсы түсінетін. Кеңседегі үш жақты шарттан кейін ол екі әріптесін әйелдерімен бірге қонаққа шақырды. Дастархан үстінде осы тәмсілді әңгімелей келе, кәрістен асырып істеу үшін бұдан былай тауықтан бұрын тұрып іске кірісетіндерін, өзінің тастай тәртіпке бағынуды талап ететінін, әйтпесе, ел-жұрттан алабөтен нәтиже шығару мүмкін еместігін, ал өзінің «арық сөйлеп, семіз шығуды» ғана ұстанатынын, осыған көнсе ғана бірге істейтінін айтты. Жігіттер алғашында үдірейісіп, осынымыз қалай болар екен деп, тосырқап қалды.

Осы кезде Арыстан күдік-күмәнді дереу сейілткісі келгендей:

– Әй, сендер жыл соңында бір-бір мотоцикл мінгілерің келмей ме? – деп, төтесіне көшті. Жігіттер де, олардың әйелдері де шамырқанды:

– Мінгізсе, мінеміз ғой!

– Оны бізге кім мінгізгелі жатыр?

Арыстан көмейіне ерекше сыр бүккендей күлімсірей қарады:

— Менің айтқанымды бұлжытпай орындасандар, өздерің-ақ мінісіндер! Иә, «Бір жылға қоянның терісі де шыдайды» дегенді әрқайсың-ақ айтасын. Ал сендер бар болғаны алты-ақ ай тауықтан бұрын тұрып, жұмысқа кірісе аласындар ма?

— Ал алты ай бойы тауықтан бұрын тұрып, жұмыс істедік дейік. Сонда мотоцикл мінігiнiмiзге қандай кепiлдiк бар? — дедi Ерұлан күдiгiн жасыра алмай.

— Жөн сұрақ. Жауап берейiн. Шарт бойынша, жер жыртып, ұрық сеуiп жатқанда бiзге 100 сомнан төлейдi. Оны үнемдей алмайсың, құлқыныннан аспайды. Ал алғашқы суғаруда 150 сомға, екiншi суғару мен шөптегенде 250 сомға дейiн аласың. Арам шөппен алысатын әйелiне алғашқы айда 140-тан, одан әрi 200-ден төленедi. Екi жарым, үш айға жуық солай. Мiне, сол кезде әйелiндiкiн не банкiге не үйiңе жинап отыр. Ал өзiндiкiн керек-жарағына жұмсай бер! Жыл соңында жоспарды жүз пайыз орындасак, ұрығымыз екiншi сұрыппен өткеннiң өзiнде әрқайсымызға мың сом шамасында үстеме ақы төлейдi. Ал жоғарғы сұрыппен өтсе, одан да көп. Ең мықты «Урал» мотоциклiң 1200 сом. Ал ендi өздерiң айтындаршы: осындай қарабайыр есептiң өзiмен мотоцикл алуға бола ма, жоқ па?

— Өй, мынау итше күштi ғой? Неге мотоцикл мiнбеске?

Жұмаш Ерұланға жапақтай қарады. Өйткенi оның ағаттығын дәл тауып, көзiне шұқитын осы құрдасы.

Ерұлан әлi де тиянақтай түскiсi келетiндей, күдiгi сейiлмей тұрғандай.

— Қайдам... Бастықтардың өздерi жеп қойып, аузымызды аңқитып кетпесiне кiм кепiл?

— Мен кепiлмiн. Менiң осыған дейiн бiреуге уәде берiп, орындамай кеткен кезiмдi айта аласындар ма? Жiгiтше жасырмай айтындар!

Отырғандар бiр-бiрiне қарасып, үндемей қалды. Аздан соң естерiне түсiре алмағанын, ондай болмағанын мойындады.

— Ендеше осыған мен кепiлмiн! Сендер айтқанымды бұлжытпай орындап, менен қалыспай iстесендер, мен бастықтармен соттасам да төлеттiремiн! Тiптi төлемей қойған күннiң өзiнде мына «Ниваны» сатып, сендерге мотоцикл мiнгiземiн! Осыған келiссен, арғы қолыңды берi әкел!

Ақыры осылайша сөз байласып, жiгiттердiң де, әйелдерiнiң де уәдесiн алған болатын. Барлығы бiрдей жаз бойы еш аянбай еңбек етедi. Ал бейнеттiң өтеуiн басшылардан өндiрiп алуға Арыстан кепiлдiк бередi. Осыған келiскен үшеуi әуелi балағанды тұрғызып алып, содан кейiн ғана жер жыртуға кiрiспек. Өйткенi асқабақ дегенiң жылу мен жарықты сүйетiн нәзiк өсiмдiк. Асығыңқырап кетiп уақытынан ерте сепсең, қылтиып шыққан бетте үсiп кетуi ғажап емес.

— Асеке, балаған дегенiң қандай өзi, айта отыршы, — дедi Жұмаш.

Арыстан төс қалтасынан қойын кiтапшасын алып бердi.

— Мә, дәл ортасын аш, бәрi сызулы. Жеткенше дұрыстап көрiп ал!

— О-оо! Ерiнбей-жалықпай сызып шыққансың ба?

Ерiнгенiң не айтып отырған? — деп Арыстан күлiм қақты. — Сендерге аузым көпiрiп бiр күн түсiндiргенше, бiрер сағатымды қиып, сызып шыққаным оңай емес пе! Оның үстiне адам не жасап жатқанын бiлмесе iсi өне ме?

Қатырыпсын!— Жұмаш таңырқап, басын шайқап отыр. — Үстi сонда қамыспен жабылады екен ғой... Мынауың не нәрсе?

Екеуi қағазға үнiле бергенде көлiктiң дөңгелегi шоқалаққа тап келiп, бастарымен сүзiсiп қалды.

Ол... ол қасындағы қалқайма ғой. Тамақты сонда ішеміз...

Ақ шаңқан «Нива» Ойрансудан бөлінер бір құлақ арықтың арнасына жете бере тоқтады. Екі жігіт көліктен түсіп, дөнестеу жерге келді. Ауыл жаққа көз салып еді, Ерұлан әлі жарты жолға да жетпепті.

Арыстан көптен бері көкейінде жүрген іске осы қазір кірісетіндеріне сенер-сенбесін білмегендей, толқып та тебіреніп те тұр еді. Әйтеуір көкірегінде зор құлшыныс, алапат күш барын сезіп, жолдасына шаруаны дереу түсіндіре бастады:

— Мына арықтың арғы бетіне былтыр ғана кәрістер пияз еккен. Ал асқабақты дәл осы пияз бен сарымсақ, картоп пен бұршақ дақылдарының орнына ексе, жақсы өнім береді. Осы араны сол үшін тандап отырмын. Мынау — солардың пияз кептіретін қырманының орны. Міне, жайған целлофандары әлі сол күйі тұр. Сен сыпырғышты ал да осының үстін мына жерден ана жерге дейін тазалап сыпыра бер! — деп қолындағы таяғымен целлофанның үстіндегі топырақты мөлшерлеп сызып шықты. — Балағанды дәл осы жерге құрамыз. Мына қалың целлофан жайылған жер үйіміздің едені болады.

Ерұлан келгенше бұлар қырманның үстін тазалап, үшкір күрекпен төрт қабырғаның бойымен құлаш сайын шұңқырларды қазып болып қалып еді. Трактор келе сала үшеулеп жүріп, тіркемедегі балаған жасайтын керек-жаракты жерге түсірді. Жұмаш енді не істейміз дегендей, жапақтай бастап еді, Арыстан дайын шұңқырдың біріне біркелкі кесілген дінгектің біреуін тікесінен тік тұрғызды да: «Қане, түбіне анау кесек тастарды әр жағынан әкеп сал!» — деді. Ол салған кезде «енді топырақпен көм» деді. Жұмаш көміп жатқанда Ерұлан одан арғысын біле қойып, сырықпен айналдыра түйгіштеп тұрды. Осы тәсілмен қалған дінгектер де әп сәтте орнатылды. Бұл — дінгектердің түбін бекітудің әрбір ауыл баласына таныс қарапайым тәсілі еді. Енді оларды бір-бірімен байланыстырып, мықтай түсу үшін үшеуі дінгектерді балтыры мен кеуде тұсынан екі жерден сырықтармен айналдыра байлап, сымтемірмен мызғымастай етіп бұрап тастады.

Жұмаш серіктерінің айтуымен дінгектердің арасын жарты күректің бойымен айналдыра қазып, морлап шықты да, самбырлай сөйлеп кетті:

— Арыстан, ей! Мұның бәрін қайдан үйренгенсің? Білмейтінің жоқ қой өзі...

Бағандардың төбесін ұп-ұзын сырғауылмен әр жерінен керте отырып, көлденеңінен жалғап жатқан Арыстан сәл кідіріп:

— Өмір үйретеді ғой, — деп қойып, ісін жалғай берді.

— Елдің бәрін өзің сияқты ақымақ қой деп пе едің? — Ерұлан сыныптасы Жұмашқа жорта ашуланғандай сыңай танытты. — Адам деген ел-жұрттың істегенін көріп, көңіліне тоқымай ма? «Көрген көргенін істейді, көсеу түрткенін істейді» демей ме...

Жұмаш жас баладай бұртия қалды.

— Кетші, ей, сен осы... Сұрауға да болмай ма?

— Сұрай бер, бірақ не сұрасаң да ойланып сұра!

Әңгіменің ушығып кетерінен қауіптенген Арыстан шаруа тоқтап қалмасын дегендей екеуін қамысқа жұмсады.

Екеуі сонадай жердегі бауланған қамыстарды жақынырақ таси бастады. Жұмаш әлі де күнкілдеп жүр. Ерұлан сылқ-сылқ күліп, бауды шешіп, әлгі дінгектерден сәл жуандау қылып алып, қос қолдап ұстап Арыстанға ұсынды. Ол керегеге тікесінен тік қойып, бұрау ағаштарға екі жерден тартып тұрып сымтемірмен байлап, үй қабырғасын тоқи бастады. Бір құлаштай қабырға

тоқылғанда, Арыстан шаруаны екі серігіне тапсырып, өзі Көктерекке бәйбішесі баптап пісірген палауды әкелуге кетті.

Түстен кейін төрт қабырғасы тоқылып біткенде төбесін сырғауылдармен итарқа қылып, ұштарын айқастыра ашамайлап жапты. Сырғауылдарды бір-бірімен сырық арқылы қадам сайын бекітіп, үстінен қарақағаз тұтты. Алда-жалда қамыстан өткен жауын суы ішке тамшыламас үшін бір қарақағаздың шетін екіншісімен сынық сүйемдей бастырып отырды. Такталап тоқылған қамыспен сыртынан су өтпестей етіп қымтап, дауыл көтеріп кетпестей етіп сымтемірмен ашалай тоқып тастады. Төбенің шет-шеті қабырғадан кереқарыстай шығып тұр. Күні бұрын Арыстанның өзі жұтынтып жасап қойған маңдайшасы мен табалдырығы, қос жақтауы бар есікті шығысқа, терезесін батысқа қаратып орнатты. Ертеңінде балағанның қабырғасына іш жағынан сынық сүйем сайын қиғаштай жіңішке ағаш қағып, үстінен бопыр араласқан лаймен теп-тегіс етіп сылап шықты. Қалқайма лапас соғып, оның астына тамақ ішетін биік үстел мен екі жағына ұзыншақ орындық жасады. Сирақтарын дінгекті өлшеп кесіп, түбін жерге көміп, мызғымастай бекітті.

— Ал, Жұмаш, үй дайын, қашан келіншек әкелесің? — деп қағытты Ерұлан.

— Қойшы-ей... Қайта-қайта ала берем бе?

Оның балаша бұртиғанын қызықтаған сыныптасы екі иығы бүлкілдеп, сылқ-сылқ күлді.

— Қажет болса, мұны тастатып, басқасын әпереміз!

Отыздан асқанша Жұмаштың сұр бойдақ болып жүріп, өткен қыста ғана бас құрағаны рас еді. Онда да құрдастары: «Ей, ақымақ үйленгенше, ақылдының баласы ер жетеді!» деген атаң қазақ деп, қақсай-қақсай, еш болмаған соң жабылып, бір момындау қызды алып қашып берген. Бұл кезде расында да сыныптастарының балалары бастауышты бітірген болатын.

Ерұланның бұл қағытпасына Арыстан күлген жоқ, қайта сонау алысқа, Тарбағатайдың көкке өрлеген тәкәппар Найзақара шыңына қадала қарап, ойланып қалды.

— Жігіттер, әрине, құрдастар қалжыңы деген жақсы! Үшеуміз ғана жүріп, ішіміз пысса, орнымен айтылған әзіл-қалжыңға не жетсін! Асылы «Әзілің жарасса, атаңмен ойна» дейді қазақ. «Жарасса...» деп отырғаны — орайын тауып, қалжыңдай алсаң әрі сен айтқанды сол адам түсініп, әзілге әзілмен жауап қатса дегені,— деп ол жаңа бір салиқалы әңгіме бастап кетті.— Ал орнымен ойнай алмасаң, не құрдасың оныңды оңды қабылдамай, сүйкену соқтығу деп ұқса, онда ойыннан от шығуы мүмкін. Қалжың көтере алмайтындарды қазақ «Аузында әзілі жоқтың қолында шоқпары бар» деп, ондайлармен әзілдесудің қауіпті екенін ескертеді. Оның үстіне осының бәрі өз арамызда ғана жарасымды. Ертеңгі күні балалар келгенде солардың көзінше бір-бірімізді қағытып, қыжыртып жатсақ, оны екінші адам түсінбей, ойыннан от шықса, береке-бірліктің қашқаны дей беріндер. Қазіргі балалар дегенің момындау кісілерді басынып алып, бөзек қылуға даяр тұрады. Ал басынған бала айтқан тілді алмай, қиқақтайды. Сондықтан бұдан былай үшеуміз бір-бірімізді қағытып, қыжыртпайық. Қайта көтермелеп, қоштап, жұмылған жұдырықтай ынтымақты болайық. Осыны мықтап жадымызға тұтып, келісіп алайық. Жарай ма?

— Мынау ғой тисе беретін. Осы тимесе, мен жұмған аузымды ашпаймын, — деді Жұмаш жұлып алғандай.

— Мен келіспеймін! Одан да мына Жұмаш қолындағы шоқпарын тастасын! Осыған тиіспегенде кімге тисем? — деді Ерұлан. — Анда-санда әзілдемесем ішім жарылып кетпей ме?

— Менде нең бар, ей, Құдай-ау?! — Жұмаштың үні жалынышты шықты.

Арыстан Еруланға назар сала, қалада қарады. Осы тағы да қылжақтап отыр ма, әлде шыны ма дегендей қараған еді.

– Саған жұмылған жұдырықтай ынтымақ арқылы келетін істің нәтижесі қымбат па, әлде қылжағың қымбат па?

– Екеуі де!

– Екеуі сыйыспай тұр. Ел көзінше қылжағыңнан бас тартуға тура келер. Тым болмаса, балалар мен әйелдер барда тілің қышыса, қыршып ал!

– Жақсы, елдің көзінше қылжақтамаймын! Ал онашада аузыма қақпақ қойма!

Үшеуі осыған тоқтасып, уәде байласты.

\* \* \*

...Былтыр Көктерекке көшіп келгенде бақандай бес жыл ас-суын ішкен интернаттың қасынан өткен сайын Арыстанды осынау ыстық ұяға деген сағыныш па, кимастық па, әйтеуір өзі де біле бермейтін ерекше бір сезім билейтін. Осы бес жылғы ғұмырында Сұлтаннан жақын досы болмапты. Екеуі бір сыныпта оқып, интернатта бір бөлмеде жатты. Сұлтан спортты, әсіресе, жүгіру мен секіруді жанындай жақсы көруші еді. Балалардың арасында абыройлы болды. Ешкімге жөнсіз соқтықпайтын, ал сүйкенбей жүре алмайтындардың сазайын беретін. Содан ба екен, Арыстан Сұлтан не істесе соны істеп, онымен барлық жағынан теңелуге тырысушы еді. Бастабында бірер жылдай екеуі бірге жүгіріп жаттықты. Ерте көктемнен күздің кара суығына дейін көрші Қайыңды ауылына жүгіріп барып қайтатын. Ал кейбір ашық күндері оның арғы жағындағы Қызылбұлаққа да тартып кететін. Қыста шаңғымен ызғиды. О-һо, білген адамға шаңғы шіркіннің де өз рахаты бар ғой. Әсіресе, биік жотаның басына қайшылап не бір қырындап шығып, тік беткейден етекке дейін әп сәтте құйындай ызғытып, құлдилап түсу – екінің бірінің маңдайына бұйыра бермейтін бақ. Әбден жаттыға келе жолдағы қараған мен қойтастарды айналып өтіп, құйқылжи сырғанауды да, биік жартастан қарғып өтуді де меңгерді.

Осы әуестігінің пайдасын, әсіресе, әскерге барғанда көрді. Бірде шаңғымен бес шақырымға жүгірген соң офицерлер биік жотадан құлдилап түсуді бұйырды. Кейбіреулер недәуір тік еністі көргенде жүрегі суылдап, дереу бір жағына құлай кетті. Енді біреулер не де болса көріп алармыз деп, төмен қарай заулай жөнелді. Бірақ етекте тұрған старшина мен батарея командирінің айтуынша, жүз жиырма сарбаздың арасынан тек дағыстандық Хамза мен осы Арыстан ғана тік жардан секіргенде құламапты. «Хамзаныкі түсінікті, таулық жігіт, ал сен далада өскен қазақ қалай құламай қалдың?» деп, командирдің таңырқай сұрағаны есінде. Сонда бұл Қазақстан тек даладан тұрады, тау жоқ деп кім айтты сізге? Бізде де тау бар. Жастайымыздан шаңғымен құлдилап, шыныққанбыз деп, мән-жайды түсіндірген болатын.

Алайда тек сырғанауды әдет қылып, ойлы-қырлы жерлермен алыс қашықтыққа жүгірмесен, төзімділік пен қайсарлық қабілеттерің бойыңа мызғымастай бекіп, әдетіңе айналмақ емес! Жоғарғы сыныптарға көшкенде Сұлтан күреспен, бұл бокспен айналысты. Бокспен шұғылдануы да қызық. Не үйірмесі, не бапкері жоқ... адам айтса нанғысыз, кісінің ақылына симайтын жанкештінің тірлігі.

...Бір күні ауыл «Жәмилә» деген кино болады екен деп гу ете қалды. Арыстанның бесіншіні аяқтап, каникулға келген беті болатын. Күндізгі киноға үлгермей, кешкілік үлкендердің сеансына сыныптасы Мұратпен бірге барды. Клубтың алды ығы-жығы халық. Көпшілігі орыс пен қазақ, бірен-саран украин, беларус, неміс бар. Алайда тілге бөлінгенде басқа

ұлттардың бәрі бірігіпті де, олардың ширегіндей ғана қазақ сопайып жалғыз қалған сияқты. Соны сылтауратқан орыстар «қазақша кино болмасын, біз түсінбейміз» деп шатақ шығарып, киномеханикті орысша фильм қоюға көндіріп, қай күні қандай кино көрсетерін жазатын ауылдағы жалғыз тақтаға табан астында «Тачанка с юга» деп жазғызып қойыпты. Бұған дейін онда «Джамиля» деген киноның аты тұр еді. Оны теріс түсінген әлдекім өзінше тұспалдап, «қытай қазақтары түсірген «Хасен-Жәмилә» деген кино болады» деп, елге жайып жіберсе керек. Енді, міне, аяқ астынан өзгеріп, қазақтың нәумез болып тұрысы мынау. Жиналған кемпір-шал, бала-шаға не үйге қайтарын, не заңды құқұғын қалай талап етерін білмей, әркімге бір қарап, жаутаң-жаутаң етеді. Колхоз төрағасы Көктеректе тұрады, басқарма бастығы әлдебір шаруасымен Мақаншыға кетіпті. Ал бастауыш партия ұйымы хатшысының сөзін бұзақылар құлағына да қыстырмай, ойларына келгенін істеп жүр. Қазақ жігіттері бір шетте томсырайып, ұйлығысып тұр. Олардың да көкейінде «енді не істеу керек?» деген жалғыз ғана сұрақ. Өз жерінде ана тілінде айына-жылына бір рет кино көре алмау деген қандай қорлық? Басшылар күні бұрын жоспарлап қойған киноның өзін әлдекімдер қалаған сәтінде осылай өзгерте бермек пе!?

Сол кезде әлдеқайдан қазақша саңқылдаған дауыс шықты:

Құрметті ауылдастар! Ешқайда тараманыздар! Қазір сіздер көптен күткен «Жәмилә» деген кино болады! — деді біреу. Ой, тоба, үні дауыс зорайтқыштан шығып жатыр. Іле-шала осы сөз орысша да қайталанды.

Ел елең етісіп, қуаныштарын жасыра алмай дабырласып қалды.

— Е, мынау көрім болды ғой! Бәсе, солай болса керек еді...

— Әй, бұл кімнің даусы сонда?

— Кім болса, ол болсын, әйтеуір қазақша кино көрсетсе болды емес пе!?

Осы мезет манадан бері «Ал енді қайтер екенсіңдер? Біз не қаласақ сол болады» дегендей, шошақ мұрындарын шүйіріп, масайрап жүрген үстем ұлттың өкілдері киномеханиктің есігіне қарай лап қойды. Арты жетіп үлгермей, алдымен ентелей кіргендер сыртқа қарай қоғадай жапырылды. Жапырып жүрген екі иығына екі кісі мінгендей, төртпақ келген, бидай өнді, шегір көз, тақырбас қазақ жігіті екен. Аяқ-қолы диірменнің қалағындай шыр-көбелек айналып, қасына жолап кеткен жанды мұрттай ұшырады. Қимылына көз ілеспейді...

Қасында орысша сегізіншіні бітірген Болат та бар. Әлгі төртпақ жігіт оны орыс киномеханикпен тілдесу үшін аудармашылыққа алған сияқты.

— Ойбай-ау, мынау Емілбай ғой, — деді біреу топ арасынан.

— Ол кім еді? Әй, кім де болса, өзі бір ер екен!

— Айтбайды сағалап келген жамағайыны. Қытайдан елмен бірге өткен жетім жігіт.

— Солай де... Қимылы неткен шапшаң! Жалғыз өзі қалың қолды қашырған Алпамыс қой мынау!

Қойын-қолтық ұрыста Емілбайға қылар қайран жоғын түсінген орыстар тым-тырақай қашты. Кейбіреуі шарбақтың ағашына жүгірді. Бір-бір сырығын жұлып алып, сонымен шайқаспақ. Алайда тақырбас қазақ сырықпен қаруланғанын да қарғып барып, қайшылай теуіп, таяғын бір жаққа, өзін екінші жаққа ұшырды. Сол сәтте әлгіден бері бір шетте ұйлығысып тұрған қазақ жігіттері де ұмтылып, тырағайлап қашқан орыстарды біраз жерге қуып тастады...

Алайда бұлардың ана тілінде көру құқұғын үлкен жанжалмен жеңіп алған киносы «Джамиля» да орыс тілінде болып шықты. «Мосфильм» мен «Қырғызфильм» бірігіп түсірген кино екен. Шыңғыс Айтматов деген жазушының «Жәмилә» хикаяты бойынша қойылыпты дейді білетіндер.

«Қытай казактары түсірген «Хасен-Жәмилә» деген кино болады екен» деп, дүрлігіп келген елдің көңілдері су сепкендей басылды. Алданып қалған баладай нәумез күй кешкен, әрі көпшілігі Қытайдан енді келіп, орыс тілін мүлдем білмейтін ел Данияр деген қазақ жігіті мен қырғыз қызы Жәмиләнің махаббатын онша ұға қоймады. Есесіне қазақтың Емілбай деген намысқой жігітінің әбжіл қимылы мен ерен ерлігін өз көзімен көріп, батырдың данқы мен дақпыртын үйді-үйге таратып әкетті.

\* \* \*

Ығытын тапқан ыждағатты еңбектің арқасында асқабақтары қос құлактанып, бітік шықты. Бұл кезде бригада жігіттері арықтарын жыланбауыр трактормен қазып, ойпаң жерлерін кетпенмен жал қылып көтеріп, дөнестеу тұстарын күрекпен кертіп, табанын тазалап, судың келуіне сақадай сай дайын болатын. Дереве үшеулеп балағанға жақын атыздан бастап суғаруға кірісті. Қызылбұлақтағы есік алдындағы бақшаға картоп пен жүгері еккенде әкесі Төлеужан екеуі үнемі бірге суғаратын. «Қай егінді де алғашқы суғару қиын. Алғашында қандырып суғармаған егіс дән беріп жарытпайды» деуші еді әкесі. Қиын дейтін себебі – атызды қанша маналап, тегістедім десең де бір жері дөң, екіншісі ойпаң болып, әуелден із түспеген соң су тегіс жайылмайды. Оның үстіне борпылдақ бос топырақпен байланған құлақ суы әр жерінен жыра қашып, орып кетіп, әбден берекеңді қашырады. Сондықтан алғашқы суғаруда үшеуі қатар жүгіріп әуреге түсті. Соңыра біреуі суды жетелеп, қалған екеуі арықтың екі жағына тұра қалып орып кетеді-ау деген ойпаң тұстарды шыммен бекітіп отырды.

Бұл тұста да Арыстан үйреншікті құлақ байлау әдісіне тың жаңалық енгізіп, аз күш жұмсап, мол пайда тигізу тәсілін ойлап тапты. Былтыр кәрістердің сарымсақ суғарғанын көргенде көкейіне бір нәрсені түйіп еді. Биыл ерте көктемде «Быт-бытты» жөндеп жүргенде МТМ-дағы ешкімге керексіз болып табан астында жатқан жарты еліге жуық қалың қаңылтырдан басарық пен жанарықтың мөлшерінен сәл үлкендеу екі-екіден төрт бөгесін қақпақ қиып алып еді. Олардың әрқайсына үстіңгі қырынан 20 диаметрлік бір-бір құбырды екі жағынан екі қарыстай мөлшерде шығып тұратындай етіп дәнекерлеген. Биыл асқабақ суғару үшін бас арықтан жанарыққа су ағызғанда әрбір құлақты кетпенмен байлап, ол біткен соң қайта бұзып, әуре болмады. Оның орнына әлгі бөгесін қақпақты екі адам екі жағынан басарыққа көлденеңінен бойлата сұғады. Мықтырақ беку үшін темір ұстасының шой балғасымен құбырдың үстінен бірер рет қағып жібереді. Сонда құлақ еш қиындықсыз байланып, жанарыққа аға бастайды. Ал басарықтағы артық су әлгі бөгесіннің үстінен асып кете береді. Жанарықтан атызға су шығарғанда да осы тәсіл қолданылды.

– Өй, мынауың таптырмас ақыл екен! Мұндай тәсілді ешқайдан көрмеппін, – деді жөпшенгіге таңырқай бермейтін Ерұлан. – Мұны қайдан таптың?

Мақтанғанды да, мақтағанды да онша жақтыра бермейтін Арыстан сәл қымсына күлімсіреді.

– Таптық қой әйтеуір...

– Біреуден көріп пе едің?

– Жок! Діқаншылықпен айналысатын болған соң өткен қыста кітапханадағы недәуір кітаптарды ақтардық қой. Мичурин совхозының қарбызшыларымен ақылдастым. Бәрі сол ескі тәсілді қолданады екен. Көп ойландым. Бір күні қалың қаңылтырды осылай қиып, неге жасап көрмеске деген ой санама сап ете түсті. Солай тапқан амал ғой...

Суланған атыздың ылғалы жерге сіңіп, дегди бере Арыстан «Быт-бытқа» культиваторды тіркеп алып, қос қатар етіп егілген асқабақтың ортасы мен екі шетіндегі арам шөпті үш-төрт күннің ішінде тұтастай отап тастады. Ал бұл кезде Ерұлан мен Жұмаш таңның атысынан күннің батысына дейін тыным таппай, қалған атыздарды суғаруға кіріскен. Тек суландырып қоймай, су өз жөнімен жайылған сәтте асқабақтың түбіне тақау өсіп, культиватор алмай кеткен арамшөпті жұлып тастап жүр. Суғару мен шөптеу жұмысы басталғанда-ақ Арыстанның келіншегі Әсел қос басына біржола көшіп алды. Жігіттерге дер кезінде ыстық тамақ дайындап, қолы босай қалса, балағанның қасындағы асқа қосатын жуа, жусай, қияр сияқты көкөністерін күтіп-баптайды. Көктеректегі үйі мен балаларға бас-көз болу үшін былтыр ғана мектеп бітірген сіңлісі Әсемді көшіріп әкеп қойған.

\* \* \*

Клубтағы төбелестен соң Төлеужан ақсақал Емілбайды үйіне қонаққа шақырды. Сонда бұлар ойларына келгенін істеп жүрген бір топ бұзақыны қоғадай жапырып, құмалақша шашқан батыр жігітпен жақынырақ танысты. Былқып піскен бағланның еті желінген соң үй иесінің өтінуімен Емілбай өзінің өткен өмірінен азды-көпті хабардар етті. Айтуынша, он жасында тұп-тұлдыр жетім қалып, Үрімжі базарында әркімге бір жалданып күн көріпті. Бірде оны базардан қытай шалы өзі жоқта кемпіріне қолғабыс жасауға әкетіпті. Соның қорасында төрт-бес жылдай тұрып, әр түрлі шаруасын атқарыпты. Қожайынның өзі екі-үш күн, кейде бірер аптадай әлдеқайда жоғалып кетіп, оралып жүреді. Бір-біріне әбден бойы үйренген соң әлгі қытай мұны ұрлыққа баулыпты. «Ұры ешқашан қолға түспеуге тиіс! Кездейсоқ үстіңнен түскен қақырды ұрып жығып, естен тандырып кету керек. Ал ертеңгі күні куәлік етер деп қорықсаң, көзін жою қажет» деп, қойын-қолтық ұрыстың қырсырына машықтандырыпты. Ұрлық дегенді естігенде баланың тұла бойы түршігеді. Алайда онысын қожайынына сездірмей, түбі бір керекке жарап қалар деп, ұрыс тәсілін үйрене беріпті. Әуелі жарты жылдай құм толтырған қапты төпештетіпті. Содан соң ағашты ұрғызып дайындапты. Ал ең соңында кірпіш пен тасқа көшіріпті. Бірте-бірте ұрлыққа да ауыздандыра бастапты. Мұның жақсылыққа апармасын сезген Емілбай базардағы қандастарымен астыртын сөйлесіп жүріп, орайлы сәтте бергі бетке қашып өтіпті. Тепсе темір үзетін жігіт азаматтық пен төлқұжат ала алмауы себепті енді жұмысқа да орналаса алмай жүрген көрінеді.

Сол күннен бастап Емілбай Төлеужан ақсақалмен кезектесе сиыр бақты. Айтбайдың әйелі басы артық адам көріп, жақтырмай, күңкілдей берген соң бұлардың үйіне біржола көшіп алды. Бұған, әсіресе, оның қасынан екі елі ажырамайтын Арыстан қуанды. Енді қайтсын, алдында бірнеше әпкесі болғанмен, ағасы жоқ еді, ұлдың үлкені Арыстанның өзі. Оның үстіне Емілбай келе сала бұған бокстың мұқаллиясын үйрете бастады. «Әуелі жұдырықтың кереметін меңгеріп ал, соңыра аяққа көшеміз» деген ол. Елгезек бала әке-шешесі тапсырған шаруаны істеп бола сала құм толтыра ілінген қапты төпештеуге кірісті. Ең алдымен тік соққы мен екі жаннан ұрудың тәсілдерін тәптіштеп тұрып көрсетті. Әбден машықтанды-ау дегенде төбеден қиғаштай тастау мен төменнен көтере соғу әдісін үйретті. Тағы бір күні Арыстанның белесебетінің жарамсыз камерасын ұзынынан тіліп, таспа рөзеңке жасады. Сосын кәдуілгі дүкеннен азық таситын торшаға Арыстанның добын салып, шандып байлады да, екі жағынан әлгі рөзеңкелермен бекітті. Таспаның бір ұшын темір қазыққа байлап, оны жерге сіңіре қағып тастады да, ал екінші ұшын қарағаштың көлбеу тұрған бұтағына керіп байлады. Осылайша асты-үстінен рөзеңкемен

керіп қойған допты дәлдеп ұру арқылы жылдамдық пен ептілікке дағдыланды. Серіппедей тартылған допты ұрып қалып, ол әп сәтте қайта серпіліп, өзін бетінен бір ұрғанша бұғып қалып, қорғану тәсілдерін де меңгерді.

Алайда қайыршыға жел қарсы дегендей, Емілбайдан ұрыс тәсілінің бәрін емес, бокстың өзін де толық игеріп үлгермеді. Күзге салым оның Таскескен жақта немере ағасы табылып, сол қасындағы жолдасымен бірге келіп алып кетті. Бұлар көңілі түскен жанға көлдей жігітке недәуір бауыр басып қалған екен, кимай-қимай қоштасты.

— Осында бір үйім бар деп ойла, балам! Егер ол жақ ұнамаса осында қайтып кел! Өзіміз үйлендіреміз. Шығарыпсалма сөз емес, шын сөзім! Аллаға шүкір, мал жетеді, — деді әкесі баласындай болып қалған жігітке шын пейілмен. Ал анасы кемсендеп:

Қолың босағанда кел, балам! Арыстаным іздеп елегзиді ғой. Бізді ұмытпа, — деп, жол азығын салып берді.

Қоштасу, әсіресе, Арыстанға қиын тиді. Емілбайды туған ағасындай етене жақын тартып, жібергісі келмей қиналды. Алайда боксқа баулыған ағасы ол жақтағы жақын туыстары мен куәгерлер арқылы азаматтық пен төлқұжат алатынын, соның арқасында қалаған жұмысқа орналасатынын алға тартқан соң көнбеске шарасы жоқ еді. Ақыр соңында ата-анасы, інісі, барлығы бірге автобуска дейін шығарып салды. Кетерінде ол Арыстанның «қандай қиын жағдай болса да, жаттығуды тоқтатпаймын» деген уәдесін алып тұрып, өзі де іздеп келуге сөз берді. Арыстан сол уәдесінде тұрып, үйлі-баранды болғанша бокспен шұғылдануын тоқтатқан жоқ. Тіпті осы күнге дейін құм толы қабын, Семейден сатып ала келген, асты-үстінен рәзеңкемен керіп қойған сопақша камерасын және қолғабын қасынан тастамапты.

Алайда Емілбай сол кеткеннен қайтып оралған жоқ. Уақытша құжатпен Таскескеннен әрмен Аягөзге барып, жұмысқа тұрыпты. Сол жерде топтасқан төбелес үстінде біреу пышақ ала жүгіргенде жұдырығы әлгіге бата тимей, ката тиіп, мерт қылыпты да, сотталып кетіпті. Оны да кейін, Арыстан әскерге барып келген соң милицияға орналасқан Орысбай досы екеуі әр жерге сұрау салып жүріп зорға анықтады. Ал оған дейін Емілбай ағасын «әне келеді, міне келедімен» елеңдеп, ол келгенде боксты жаңа бастаған сары езу балапандай болып, ұятқа қалмайын деп, күн сайын ащы тері шыққанша жаттығатын.

Сөйтіп жүргенде Айтқазы деген досының ағасы Омарғазы әскерден кел қалды. Ол жасөспірім шағында облыс чемпионатына қатысқан, әскерде спортротада қызмет еткен, талай жарыс көрген жігіт екен. Енді күн сайын Сұлтан, Айтқазы үшеуі Қайындыға дейін жүгіріп барып, Омарғазыдан әр түрлі тәсіл үйрене бастады. Өкінішке қарай, көп ұзамай Омарғазы Алматыға оқуға түсіп, ауылға сирек қатынайтын болды. Сөйтіп, Арыстанның бапкер атаулыдан көргені Емілбай мен Омарғазы ғана. Олардың өзі бапкер емес, бар-жоғы бокстан недәуір хабары бар жігіттер еді. Сондықтан қайда барып, кіммен рингке шықса да сұрағандарға «үйірме де, бапкер де көргенім жоқ, өз бетіммен шұғылдандым» десе жан баласы сенбейтін. «Шеберлігің көзге ұрып тұр ғой! Несін жасырасың? Сен кемінде кмс, әйтпесе спорт шебері шығарсың» деп топшылайтын. Кмс дегені — «кандидат мастер спорта», яғни спорт шеберлігіне үміткер. Арыстан бокспен осындай жабайылау жағдайда ғана шұғылданған еді. Оны жеңіске жетелеген спортқа деген шексіз сүйіспеншілік пен жанкешті еңбек қана болатын.

Қанша жыл бойы ерінбей-жалықпай, қалай ғана жаттыққанмын деп қазір өзі де таң қалады. Сенбі, жексенбі күндері күні-бойы шаңғы теуіп, кешкісін мұрттай ұшушы еді. Кешке қарай бір-ақ шелек көмір жағылатын

контрамарка пештін қызуы түн ортасында басылып қалып, иесіз төсектердің көрпесін қабаттап жапсаң да таң атқанша дірдектеп шығатын кездері аз болмайтын. Өкпесі содан қабынды ғой, басқа қайдан болсын.

\* \* \*

Асқабақтар маусымның ортасына жетпей жер-көкті алып жайқалып, желі тартып, түйін тастай бастады. Енді культиватормен шөптесең, балаша баптап өсіріп отырған асқабақтың желісін қоса қырқасың. Сондықтан бұлар екінші қайтара шөптеуді кейінге шегеріп, егісті тағы бір рет жаппай суғаруға кірісті. Шаруа еңсеріле бастағанда Арыстан оны серіктеріне жүктеп, өзі мектеп басшыларының көмекке оқушы береміз деген уәдесін пысықтауға кетті. Қайтарда колхоздан бір киіз үй ала келді. Кешкісін бәрі жабылып тігіп, оған келіншегі екеуі көшіп алды. Келесі аптада моншаға түсіп, кір-қоңын жуғызуға кеткен Ерұлан мен Жұмаш келіншегі мен бала-шағасын ала келді. Арыстанның да мектептегі балалары бірге келді. Ерұланның төртінші мен алтыншыны бітірген екі ұлы мен әйелі, Арыстанның жұмысқа жарамды бір ұл, бір қызы мен келіншегі қосылғанда жұмыс қолы недәуір көбейді. Ерұлан бас болып, олар арам шөп отауға кірісті. Ал Жұмаштың ептеп іші біліне бастаған екіқабат келіншегі Әселдің орнын басып, ас пісіруге көшті. Енді мектеп оқушылары көмекке келсе, жұмыс өнбей, іс бітпей қайда барсын...

Алайда оқу жылы аяқтала сала арамшөп отауға жәрдемге келеді деген 9-сыныптың қыздары уәделі уақыттан кешіге берді. Өткен жолы мектеп директорымен де, қыздармен де әбден келісіп, әңгімені пісіріп қойған Арыстан бір шикіліктің болғанын сезіп, Көктерекке тартты. Барса, мектеп директоры шынымен де айнып қалыпты. «Қыздар асқабақ шөптеуге емес, қырықтыққа барып, жүн таситын болды. Күнде көріп жүрмеген соң білмейді екенбіз, колхоздың өз шаруасы да шаш етектен көрінеді» деп, ақталған болады. Шынымен, күні бұрын білмеген бе? Жоқ, біреу қасақана кедергі жасап отыр ма? Жөнді жауап бермей, қанша бұлталақтаса да, Арыстан да айтпасына қоймады. Сөйтсе әңгіменің түп-төркіні баяғы Орынбаевқа тіреледі екен. Бұйрық соныкі болып шықты. Мән-жайға әбден қаныққан Арыстан директорға: «Егер осыдан соң маған көмекке бермеген оқушы қыздарды Ащылыдағы кәрістерге жіберетін болсаңыз, Орынбаев тұрғай, бірінші басшы Арғынбаев бұйрық берсе де, сізбен басқаша сөйлесеміз!» деп, ескертіп, сес көрсетіп кетті.

Апырай, ә! Енді қайтпек керек? Әйгілі өлеңде айтылғандай, күндіз берген уәдесінен түнде тайып, жүктің бұрышын сипалатып қоятын кінәмшіл бойжеткендей бұлтақшыл бастықтарға қарсы қандай амал бар? Әрі-беріден соң есіне интернат түсіп, салып ұрып сонда барайын деді де, ойынан тез айныды. Тоғыз ай интернаттың қатал тәртібіне амалсыз шыдап, туған ауылын аңсаған баланы Ойранға жұмысқа баруға қалай көндірмексің? Көндіргеннің өзінде қыс бойы әке-шешесін, бауырларын ойлап, әрең жүрген алаңкөңіл бала қайбір жұмыс жасап қарық қылмақ? Енді не істемек керек? Оның үстіне қазір балалардың көбі сынақ тапсыруға дайындық үстінде. Тек емтихан тапсырмайтын, жақсы және үздік оқитындар ғана бос. Оларды қайдан таппақ? Шақшадай басы шарадай болып отырғанда әлдене есіне сап ете түсті. Көктеректің бүкіл баласы түс ауа ауыл сыртындағы футбол алаңына жиналушы еді-ау, сонда неге бармасқа?

Ауылдың Ойран жақ беті көктем шыға бетеге мен жалбыз, сабыншөп мен ебелек сынды жатаған шөптер тып-тығыз, бітік өсіп, қоңыр күз түскенше көкпеңбек көгал болып жатушы еді. Түске дейін не мектептен, не ата-анасының құзырынан шыға алмаған ауылдың барлық баласы түскілік

шайын іше сала осында ағылатын. Содан табын келгенше у да шу доп қуады. Қыздар бір шетке жиналып алып, арқаннан секіріп, ақ терек, көк терек ойнап, өз қызығы өзінде. Табын келген соң әрқайсысы өздерінің сиырын айдап, үйлеріне қайтады. Көлігімен ағып келіп, тоқтай қалғанда балалар енді ғана екі топқа бөлініп, ойынға кіріскелі жатыр екен, мұны көріп, жамырай амандасты. Арыстан айналадағы балалардың бәрін жиып алып, мән-жайды асықпай баяндап шықты.

– Балалар, тек асқабақ пен арамшөпті айыратындарды, тесе ұстап арамшөп отай алатындарыңды ғана аламыз! Кемінде 5-ші сыныпты, әйтпесе 6-шы, 7-шіні бітіргендер керек! Ұрланып кетпей, ата-аналарыңмен келісіп қана барасындар! Күнде таңертеңгі жетіде осы жерден көлікке тиіп әкетіп, кешке ауылға әкеп тастап отырамыз. Түскі тамақ бізден, – деді ол бүгешігесіне дейін тәптіштей. – Ешқайсының ақыңды жемейміз! Бітірген істі өздерің санап отырасың. Бір норманың маңайына жолай алмағандарға – күніне 1.5 сом, бір норма орындағанға – 2 сом, – ал 1.5 норма орындағанға – 3 сом ақша төленеді...

Тақыр басты тақылдаған сары бала сөзін бөліп жіберді:

Ағай, сол ақшаға белесепет алуға бола ма?

– Алғанда қандай! Үлкендерге арналған белесebetің дүкенде 50 сом емес пе? Жалқауланбай, күніне бір норма орындасан, 2 сом төленеді, – Арыстан оған күлімсірей қарады. – Күніне 2 сомнан айналса, бір айда 60 сом табасың. 50 сомына белесebetіңді аласың да қалғанын ата-анана бересің.

О-һо, онда мен барам, ағай! Мен барам!

Балалар осыны күтіп тұрғандай шулап ала жөнелді.

Мен де барам! Бұзауды жаяу іздеп, әбден шаршадым.

Мен де барам, ағай! Маған да белесebet керек!

Осылайша әп сәтте оншақты бала табылды. Олардың бірсыпырасы ертең достарын ала келуге уәде етті. Арыстан 6-7-сыныптың қыздарын да жұмысқа алатынын ескертті. Бір бала жүгіріп барып, қыздарды шақырып келді. Оларға барлық шартты қайталап айтып шықты. Соңыра балалармен уәделерін пісіріп, қандай киім киюі керектігіне дейін тәптіштеді. Әсіресе, бастарынан күн өтіп кетпес үшін қалпақсыз келмеуі керектігін ескертті.

Ертеңінде арамшөп отайтын ұл-қызы, үлкендері аралас үш бірдей бригада құрылды. Біріншісіне Ерұлан, екіншісіне Әсел, үшіншісіне Ерұланның келіншегі Алмагүл жетекшілікке бекітілді. Арыстан мен Жұмаш үлкендер таң бозынан отайтын атызды шөптейді. Ара-арасында істің ыңғайына қарай туған басқа да шаруаларды атқарады. Жұмашқа сол күннен бастап балаларды кешке «Быт-быттың» тіркемесіне отырғызып алып, ауылға апарып, таңертең ерте қайта әкелу тапсырылды. Ал Арыстанның тықылдақ қызы Мейрамгүл балалардың ортасынан сайланған өкіл Гүлнұрмен бірге кішкентай еңбекшілердің істеген ісін дәптерге жазып, хаттап-шоттауға кірісті. Есепшілікке де недәуір уақыт кететіндіктен, екі қызға күніне жарты норма қосып жазылатын болды.

\* \* \*

Өткенде Арыстан Үшаралдан келген бетте көріпкел айтқан соқыр кемпірді ел-жұрттан сұрап, іздестіре бастаған. Айтса айтқандай, Қытаймен шекарадағы Бақты ауылында кісі емдейтін, дем салатын бір соқыр кемпір бар дейді. Әлі жұмыс қызбай тұрған күндердің бірінде әкесін машинасына салып алып, Бақтыға тартты.

Тарбағатайдың күнгей бетіндегі күн көзіне шағылысқан күміс бұлақтардан басталып, мамырдағы тау басынан еріген қар суымен, жауын-

шашынмен толығып, кенересі кеңейе түсетін Ойрансу деген өзен бар. Мақаншы төңірегіндегі Қатынсу, Қарасу, Көктерек сияқты ол да түстікте тұрған Тарбағатайдан басталып, Алакөлді бетке алатын. Әлгі өзендерден айырмашылығы – көп ұзамай Қарасу мен Көктерек Қатынсуға қосылып барып, Алакөлге құйса, Ойрансу ылғал мол жылдары жаз ортасына жетпей Мақаншы мен Бақтының ортасындағы батыстан шығысқа созылып жатқан тақтайдай тас жолдан асып барып, қуаңшылық жылдары сол жолға жетпей-ақ құмға сіңіп жоғалатын. Оның басты себебі Ойрансудың бастау бұлақтарының аздығынан болса, екінші себебі жаз шығып, күн қызған сәтте жан-жақтағы егістіктерге арық-арықпен суды бөлшектеп бұрып әкетуінен еді. Арыстан сол тұстан өте бергенде көрді, биыл Ойранның суы арнасынан асып төгіліп, Мақаншы мен Бақтының арасындағы батыстан шығысқа созылып жатқан асфальт жолдың астындағы қос босаға мен маңдайша тақылтес етіп бетоннан құйылған ергенектен ағып өтіп, Алакөлге қарай жөнкіліп жатыр екен. Ендеше, шүкір, ылғал мол болады деген сөз.

Ақсақал ақ шаңқан еңселі үйдің есігінен дауыстап амандаса кіргенде іштен көкірегі ояу, саққұлақ кейуананың қуанышты үні саңқ етті:

– Сәлемші болсаң, төрге шық! О, Алла-ай, мынау соншама таныс дауыс қой! Төлеужан қайнымбысың?

– Иә, жеңеше... Төлеужанмын. Ал өзің, шынымен Ағымырдың бәйбішесі Бижанбысың?

Екеуі көптен көріспеген дос-жар кісілердей, құшақтасып амандасты. Бір-бірінен хал-ахуал сұрасып, қауқылдасып недәуір отырды. Арыстанның ұққаны – бұл кісілер арғы бетте Мөйке деген ауылда тұрыпты. Ағымыр қажы мен өз әкесі Төлеужан бір оқуды бірге оқыған екен...

Осы сәт жастық шағы еске түскен кейуананың әжім басқан беті жыбырлап, жымындағандай көрінді.

– «Жеңеше» дейсің, «қайныңмын» дейсің. Бергі бетке өткелі бері жиырма жылдың ішінде неге бір іздеп келмедің?

– Ойпыр-ай, жеңеше-ай, сөге көрме, сенің мұнда екеніңді енді ғана біліп отырғам жоқ па!?

– Сұрастырмасаң қайдан білесің! Ел-жұрт бар, «ойпырай, жеңешем бар еді, іргелес болмасақ та талай жыл көрші отырдық, дәмін татып едік» деп сұрастырсаң табар едің ғой!

– Жеңеше-ау, байтал түгіл бас қайғы болып кетпеді ме! Бергі бетке өте сала бізді Ақтөбеге қуды. Оны жерсінбей, атамекенге көшіп келіп, Қызылбұлаққа тұрақтадық. Тарбағатай бөктерінде он неше жыл колхоз сиырының соңынан салпақтадым. Мұқаншыға бертінде пенсияға шыққан соң ғана келдім...

Төлеужан ақсақал шыр-пыр болып ақталып әлек. Бижан кемпір оны осылай тығырыққа тіреп, қыжыртқанына мәз болып, жас келіншектей сылқ-сылқ күлді. Шәй ішкен соң жеңешесі қайнысын ұшықтап, әлденедей дұғаларды күбірлеп оқып, үшкірді. Келе сала ет салып қойған екен, Арыстан күтпей-ақ қайта берсек деп көріп еді, кейуана бірер сағаттан соң қайтадан дұға оқып, үшкіру керектігін айтты. Сөйтіп әкесі ол үйден көптен көріспеген жеңешесін көріп, көңілі сергіп, жаны жадырап қайтты. Соның әсері ме, сол үйден шыққанша, ақыл-есін жоғалтпай, сыр бермей кетті.

...Бұлар Мақаншыға қайтып келсе, кіші ұлының үйіне қыдырып кеткен анасы келіп отыр екен. Құмалақшы әйелден естігені мен Бақтыға барғандағы әңгімелерін ол кісіге шып-шырғасын шығармай түгел айтты. Анасы андасанда ернін сылп еткізіп қойып, ұлының көзінен көзін алмай отырып, мұқият тындады. «Әкеңнің оқуы үлкен екен» деді ме, ой, Алла-ай, қалай тап басқан, ә!» деп тамсанып қойды.

— Ондай үлкен оқуды қашан оқып еді? — Арыстанды құмалақшы бір таңырқатса, енді анасының сөзіне де қайран қалып отыр.

— Е, балам-ай, «білгенің біртоғыз, білмейтінің тоқсан тоғыз» деген сол, әне! Сендер білмейтін гәп көп қой, кө-ө-п! — деп кейуана ұзақ әңгімеге кірісердей алға ұмсынып қойды. — Менде де қайбір ес қалды дейсің! Білгенімнің көбін ұмыттым. Есімде қалғанын айтайын. Әкең мына тұрған Көктұмада әлгі айтқан Ағымырмен бірге медресе тауысқан екен. Бірақ діни оқу бітіргенмен, Ағымыр сияқты не бала оқытпапты, не молдалық қылмапты. Ол бір байта, тұрғай, бас қайғы шақ, патша тақтан құлап, барлығы асты-үстіне түсіп, аласапыран заман болып кетпеді ме? Әуелі қызыл қашып, ақ қуып, кейін керісінше, ақ қашып, қызыл қуып, қайсы келсе де қаруы жоқ қазақтарды қойша қырды ғой. Солармен қоса қабат алаш әскер жинап жатқанда әкең де соған жазылып, қазақ ауылдарын қорғаған көрінеді...

Ертеректе аталарыңмен жақсы араласқан Әкбар деген қажы болыпты. Әлгі айтқан Ағымырдың әкесі. Бұлар тегінде қожалар болса керек. Сол Әкбар қажы әкенді көргенде шарифатқа да, шежіреге де жүйріктігіне дән разы бола ма екен, әйтеуір мейірімі түсіп:

— Өй, жорғадан туған жорға құлыным, заулашы! — деп отырушы еді...

Арыстан анасының әр нәрседен үзіп-жұлып айтқан әңгімесіне онша қанағаттана қоймай, төтесіне көшті:

Ал, апа, перінің салқыны тиді деген не сөз?

Ее, ол да бір қызық хикая... Ағымыр қырықтан асқан шағында ерте қайтыс болды. Әкбар қажы жалғыз ұлынан айырылған соң күрт шөгіп, ежелгі дерті қозып, төсек тартып қалды. Әл үстінде жатқанда әкенді шақырып алып: «Заманның сиқы мынау. Қым-қиғаш, ұйқы-тұйқы... Мына кітаптар — саған аманат! Оқығаныңша оқы! Оқи алмасаң, аяқ астында қалмасын, таудың адам аяғы баспайтын бір биік жеріне көмерсің! Тегінде есінде болсын: өзіңнің, не балаларыңның басына іс түсіп, қиналса, мына кітаптағы мына аяттарды әлденеше қайтара оқысаң шапағаты тиіп, қысылтаяңнан құтыласың! Аманатты адал орындасаң бұл кітаптар неше ұрпағыңа дейін шапағатшы болады!» депті.

Ол не кітап? Құран ба?

Қайдан білем, балам. Мен мүлдем хат танымаймын ғой. Әкең «Құран көрімді» де, пайғамбарымыздың хадистерін де аузынан тастамайтын.

Анасы тағы бір ұзақ әңгіменің тиегін ағытып, түйінін тарқатты. Айтуынша әкесі аманатқа қиянат жасамапты. Әкбар қажының кітаптарын көзінің қарашығындай сақтап, оқып, өз керегіне жаратыпты. Тек... бір күні Сәлім деген жолдасының талап етуімен пері түсіруге бел буыпты.

...Арғы бетте Ергеитінің бойында ертедегі Ақ үйлі Ақымбеттің ауылының ескі жұртында отырған кез екен. Қытай үкіметінің миға симайтын қилы-қилы науқандары асқына түскен шақ. Үйіне тінту жүргізілсе, өзінің де басы бөлеге қалатынын сезді ме Төлеужан әуелдегі Әкбар қажыға берген уәдесі бойынша аманат кітаптарды таудың адам аяғы баспайтын биігіне апарып көмуге бекініпті. Қайла-күрегін алып, елең-алаңда екі жолдасымен тауға аттаныпты. Спыр сәскеде межелі жерге жетіп, аттарын сайдағы бұлақ басына отқа қойыпты. Өздері торсықтарын суға толтырып, құрал-сайманын алып, тік жарқабақтың басындағы бөрігіндей болып тұрған ұйтастың түбіне айналма жолмен өрмелеп шығыпты.

Үшеуі ақылдаса келіп, әлгі ұйтастың қар мен жаңбыр суы кірмейтіндей іргесін бірер күрек күрең бойындай етіп қазыпты. Анандай жерде жатқан, үш адам өрең қозғайтын қақпақ тасты сүйменнің көмегімен шұңқырдың жиегіне жақындатып қойыпты. Енді кітаптарды әлгі жерге киізге орап жасырып,

үстің әуелі топырақпен, сосын ұсақ қиыршық тастармен жауып, бетін қақпақ таспен бекітпекші. Осы сәтте Сәлім деген жолдасы кітаптарды кимай, әңгіме шығарыпты.

– Төлеужан, Әкбар қажының «бұл кітаптар неше ұрпағына дейін шапағатшы болады!» дегені рас қой!

Төлеужан оған тандана қарайды.

– Иә, солай айтқаны рас!

– Ендеше неге біз ондай асыл кітаптарды жерге көмбекпіз?

– Ойбай-ау, жерге көмбесек, бұлар біздің басымызды жұтқалы тұрған жоқ па! Сақшының құлағына тисінші, ертең-ақ қамаласың, – дейді Төлеужан шыр-пыр болып.

Үшінші жігіт Керейбек те сөзге араласады.

– Оның үстіне біз мәңгіге көмбейміз ғой! Ертең заман түзелсе қайтадан қазып аламыз!

– Сол заманның түзелеріне мен сенбеймін! Рені күннен күнге бұзылып бара жатқан жоқ па! – деп күрсінеді Сәлім. – Тіпті келер көктемге дейін кім бар, кім жоқ, Құдай біледі. Сондықтан бір кітапты маған ки! Ұсталсам, өз обалым өзіме!

– Болмайды! Өзің ғана емес, бізді де ала кетесің! Қанша мықтымын, рухтымын деген жігітті сындырды ғой бұлар. Құдай бетін ары қылсын, үрпіңе ши жүгіртіп, көбеңе ине сұқса, әрі ырғаққа ұстаған қырандай қылып ұйқыдан қысса, сандырақтап жатып, қалай айтып қойғаныңды білмей қаласың! – Төлеужан азар да безер болады.

Онда осы кітаптардың бір құдіретін көрсетіп барып қана көм! – деп қасарысады Сәлім. Үшеуі шай қайнатым уақытта тәжікелесе келе ақыры бір кітапты ғана алып қалып, қалғанын көміп тастауға, содан соң пері түсіруге келісіпті. Сәлімді түлен тұртты ме, кім білсін, әйтеуір жолдасы «бұл – аса қауіпті нәрсе, ойыншық емес» десе де көнбей қойыпты. Оның қасарысканы аздай, соңыра Керейбек те соны қолдап шығыпты. Екі бірдей жолдасының көңілін қимаған Төлеужанның көнбеске шарасы қалмапты.

Содан не керек, Төкең тері тысты кітапты алып, пері түсіретін аят па, дұға ма, соны аңыратып оқи жөнеліпті. Қанша мерзім өткенін кім білсін, әлден уақытта таудың басында жел ұйтқып, жасын ойнап, дауыл соғып, алай да түлей болып кетіпті. Бір кезде төбелеріне қап-қара бұлт үйіріліп, арасынан әлдебір жат дауыс күндей болып күркірегенде, Сәлім мен Керейбек төмен қарай тұра қашыпты. Қолында қасиетті кітабы бар Төлеужан төбе құйқасы шымырлап, арқасы мұздап, даусы сан құбылып, өзгеріп кетсе де, оқи беріпті. Әлгі сүренің соңына қалай шығады, солай айналасында албастыдай басып, әбілеттей төніп тұрған қара бұлт көзді ашып-жұмғанша жоқ болыпты.

Төлеужан асай-мүсейдің бәрін көтеріп, төменге аттардың қасына түссе, Керейбек бір жерде бетін басып, домалап жатыр дейді. Ал Сәлім маңдайын тізесіне аямай соғып отыр екен. Сөйтсе, Керейбектің бір көзі ағып түсіпті де, Сәлім табан астында ақыл-есінен айырылыпты. Міне, сол кезде Төлеужанға да перінің салқыны тиген көрінеді. Жас кезінде ауырмаса да, жасарын жасап, асарын асағанда осындай дертке душар болып отыр.

Арғы бетте туса да, Қызылбұлақ пен Көктеректе Құдайсыздар өкіметінің тәрбиесін көрген Арыстан сенер-сенбесін білмей аңырып отырып қалды. Сенейін десе, құмалақшыны көргенше «перінің салқыны тиді», «пері түсіру» дегенді естіген де, көрген де емес! Сенбейін десе, әуелі құмалақшы мен дем салғыш кейуанадан, содан соң өз анасының аузынан осы құбылысты естіп біліп отыр. Әрі басқа емес, өз әкесінің басынан кешкен оқиға. Көзі тірі куәгер – анасы.

– Керейбек пен Сәлім ағалар қайда қазір?– деді жұлып алғандай.

– Сәлім байғұс көп ұзамай сол жақта қайтыс болды. Ал Керейбек бергі бетке өткен, қазір Қайындыда тұрады. Сынар көзбен-ақ озат шопан атанып, орден тақты.

– Ал әлгі кітаптарды әкем бұл жаққа қалай әкеп жүр?

– Е-е, балам-ай, шын ниеттенген адам есебін табады ғой!

– Ол кітаптары қазір қайда?

– Қайда болушы еді? Сен әскерде үстіңе жар құлап, аяғыңды баса алмай жатқанда әкен атқа мініп, жападан-жалғыз таудың басына шығып кетті ғой. Үш күн жүрді сандалып... Сонда бір биік жартастың бетіне дұғаны қашап жаздым да, барлық кітапты киізге орап, сенің жолыңа құрбан болсын деп көміп кеттім деп отыратын.

Үстіңе жар құлаған сәті қазіргідей көзалдында. Ол кезде үрейін ұшырмайын деп үйдегілерге жақ кірісін аспаған. Госпитальда бірге жатып, екі аптадай мұны дәретке көтеріп апарып жүрген Орысбайға да мықтап ескерткен. Тек көрші бөлімде әскери борышын өтеп жүрген бір ауылдас азамат бар еді, сол ауылға жөнелткен хатына жаңалық ретінде жазып жіберіпті. Сол баланың шешесімен бірге істейтін әпкесі әке-шешесіне жеткізген. Естуін естігенмен, жер түбіндегі Мурманскіге қыстың көзі қырауда кім бара қойсын. Бар бітіргендері – Мақаншыдағы аудандық әскери комиссариатқа барып, жалынып-жалпайып жүріп, «жазылып келе жатыр екен, көп ұзамай өзі де хат жазар» деген сүйінішті хабарды місе тұтқан көрінеді.

\* \* \*

Арыстан ойлағандай, арам шөппен арпалыс науқаны да онтайымен басталды. Өзі бас болып үлкендер жағы таң атпай тұрады да, бір-бір кесе ащыған көжені сіміріп, жұмысқа шығып кетеді. Балағанға жақын маңдағы бір танаптың етегінен түсіп, жеті жарымға дейін недәуір жердің шөбін отап, тазартып тастайды. Содан қосқа келіп, ертеңгілік шайын ішеді. Бұл сәтте балаған мен киіз үйде қонатын балалар да ұйқысын қандырып, тамағын ішіп, жұмысқа сақадай сай тұрады. Ауылдан Жұмаш бастаған тың күш те осы екі ортада келіп үлгереді. Сөйтіп үш бригада бір-бір танаптың басынан түсіп алып, теселерін тықылдатып, арам шөпке аяусыз күрес ашып, шегірткедей қаптайды. Екі бала асқабақтың бергі беті мен жанарықтың ортасындағы, екі бала екінші қатардың арғы беті мен жанарықтың ортасындағы арамшөпті отауға кіріседі. Ал үш бала асқабақтың екі қатарының арасын отайды. Балалар жалығып, сылбырай бастаса, жетекші соларды сөзімен де, ісімен де демеп, алға сүйрейді. Қайсы жағының арамшөбі қалындап, ілгері баса алмай, кібіртіктеп жатса, соған жәрдемдеседі. Әйтеуір балапандарын ерткен күрік тауықтай айналып-үйіріліп жүргені. Балалардың белі талып, қары салдырады-ау дегенде, шамамен бір, бір жарым сағат сайын он минуттай үзіліс жасайды. Сол кезде түзге шыққысы келгендер барып қайтады. Ал бармайтындар алақандарына көк шөптің нілі мен топырақтан бір қабат болып, баттасып қалған қабыршағын тазалай отырып тынығады.

Міне, дәл осы кезде әдейі елдің көңілін көтергісі келгендей Қызағаң небір түрлі қызық әңгімелерін бастап кеп жібереді. Ол кісінің азан шақырып қойған есімі – Қызырхан. Өздерінен недәуір үлкен болған соң мұндағы ер адамдардың бәрі Қызаға дейді. Өзі елулерді еңсеріп қалған, жып-жинақы, тіп-тік жүретін, жайдары, жарқылдаған, әңгімешіл адам. Оның қызықты әңгімелері өте көп. Бірін бастаса, екіншісіне қалай ауысқанын, одан езуінді жия алмай отырғанда үшінші... оныншысын қалай тауысқанын сезбей қаласың. Өзі Арыстанның жақын ағайындарының бірі. Құдайдың

құдыреті, қазір бір әңгімесін бастаса, үзілістің қалай біткенін білмей қаласыз. Сондықтан Арыстан Қызағана бір әңгімеден ғана айтып отыруға рұқсат береді. Әйтпесе, елдің бәрі аузын ашып, сол кісінің әңгімесін ғана тыңдаумен кешті батырар еді.

Жиырмадағы жанып тұрған жігіт кезім. Әскерден жаңа ғана келген бетім, – деп бастайды Қызағаң. – Сары шалбардың буымен салып ұрып орыстар Петровский, қазақтар Қызылбұлақ деп атайтын ауылдағы «сłużағыма» жетіп бардым. Ондағы орыстар қазаққа күн көрсетпейді деп естуші едім. Рас екен. Аспанбектің үйінде досым екеуіміз бір жартыны қылдай бөліп, қағып алдық та кино көруге құлыпқа бардық. Кассаның алды құжынаған орыс. Билет алайық десек маңына жолатпайды. Өздері алып алған, бірақ бізді бөзек қылып өткізгісі келмейді. Ішкергі Ресейдегі орыстың арасына барып, әкесін танытқан кісі қарап тұрып билетсіз қала ма!

А, ну-ка, посторонись, – деп ақырып едім, алғашында бергі жағы сетінегенмен, біздің екеуі ғана екенімізді көріп, өткізе қоймады. Ақыры киіп-жарып, анаусын ары, мынауын бері ығыстырып өте беріп едім, жұдырық жауып кетті.

Әй, мықты болсаңдар, жүріндер құлыптың артына, – дедім. – Бәрі бірдей лап қойды. Кино жайына қалды. «Уа, Аспанбек қыраным! Ту сыртымды жауға берме, мықтап қорға!» деп, білегімді сыбанып, кірісіп кеп кеттім. Ту сыртым мызғымас камалдай болған соң несіне қорқайын, алдымнан шыққанның алайғысын алай, бұлайғысын былай жайпап, мұзжарғыш кемедей бұзып-жарып келемін. Құлыптың арты жота, етегі сай болатын. Жотадан етекке дейін бір жүріп өтіп, артыма қарасам, орыстар әншейін көлденеңінен сұлап түсіп, баспалдақ болып қаланыпты да қалыпты. Асекең екеуіміз сол баспалдақпен қайта көтеріліп, билетімізді алып, киноға кірдік де кеттік. Сол күнгі киноны Асекең екеуімізден басқа ешкім көрген жоқ. Бірер шал-кемпір, қатын-қалаш жүрген сияқты еді, олар да безіп жоғалыпты.

Арыстан мен Ерұлан ішек-сілесі қатып, рахаттана күлді. Жұмаш дым түсінбей, екеуіне жалтақ-жалтақ қарайды. Бұл кезде Қызағаң түзге отыруға кетіп еді.

– Айтсаңдаршы анығын. Шынымен солай болған ба?

– Енді қалай айтсақ екен? – деп, басын қасыды Арыстан. – Қызағаң – мықты кісі. Алайда одан сайын қызық болса екен деп, ептеп қосып, үдетіп жіберетіні тағы бар. Соңыра қайсысы шын, қайсысы өтірік екенін ажырата алмай қаласың...

– А-а, солай ма! Бәсе, аузыңды ашып қаласың...

– Иә, фантазиясы да мықты, – деп қостады Ерұлан. – Келесіде Қызағаңа жүйрік тазысы туралы әңгімесін айтқызайық!

– О-ой! Ұшар туралы айтқызсаң тоқтамай кететіні бар.

– Онда екі-үш әңгімесін бірақ айтқызайық та екі сағат тоқтаусыз істейік!

– Балалар шаршап қалмаса, біз шыдаймыз ғой.

– Балалар, жиырма минут демалып, екі сағат тоқтаусыз істеуге шыдайсыңдар ма?

– Шыдаймыз! Шыдаймыз! – Шамасы, олар да өздеріне қызық бір ермек тапқан сияқты.

Үш бригада үш атызға түсіп алып, шөп отауға кірісті. Егіс танабындағы арамшөптің көбі қаңбақ екен. Асқабақтың желісіндегі мұртшалар домаланған қаңбақтың сояу-сояусабақтарына шырмауықша шырмалып, таскенеше жабысып алған. Бір-бірінен ажырату өте қиын. Оны ажыратам десең, желіні үзіп, асқабаққа зиян шектіресің. Сондықтан үлкендер өзара былай келіскен: қаңбақты аяғыңмен

орап, бұтына қысып түбін ашасың да, тесемен тық еткізіп, тамырын қиып жібересін. Қиылғанына көз жеткізу үшін оны сабағынан ұстап, сынық сүйемдей ғана жерден көтересің. Көтерілсе тамыры қиылғаны. Көтерілмесе қайта қиясың. Ал тамыры қиылған қаңбақ бес-алты сағаттың ішінде қурап, солып қалады. Қаңбақтай көп болмаса да, әредік-әредік алабота, итсигек, сүттіген, су жағасының жусаны кезігеді. Асқабақтың желісіндегі мұртшалар сабағына байланбаса, олардың тамырын қиып, ортадағы шағын алаңқайларға лақтырасың. Ал арамшөп пен асқабақ шырмауықша шырмалып алса, әлгіндегідей тамырын ғана қиып, қиылғанына көз жеткізу үшін сабағынан ұстап, сынық сүйемдей ғана жерден көтеріп көріп кете бересің.

Жалғанда арамшөптің ішінде шырмауық пен миядан сұмпайысы жоқ шығар-ау. Желі тартып шырмалған шырмауықтың тамырын табу – молдалар айтатын қияметтің қыл көпірінен өткендей қиынның қиыны еді. Оның желісінің ана жерін бір, мына жерін бір көтеріп қалып, тамырын енді таптым-ау десең, жоқ болып шығып, қайтадан шөлден сағым қуғандай саумалап ұстап, бүкшендеп жүріп, белінді талдырасың. Шырмауықты жерді шөптеген күні белің қиралаңдап қалады. Ал көкмия мен қызыл мияның сабағы шөптің емес, құдды талдың тамырын қиып жатқандай, шапқан сайын тесеңді кері лақтырып, оңайшылықпен қиылмай қояды. Бір емес, бірнеше рет сілтегенде ғана зорға қиылады. Миясы көп жерді шөптеген күннің ертесіне тесеңді қайратпасаң, жұмысқа шыққаның бекер. Жүзі майырылып, айналасына көк шөптің нілі мен топырақтан баттасып, керіштей қатып қалған бәлекет шөптетіп қарық қылмайды. Дәл сондай күннің ертесіне үлкендердің біреуі таңғы шөптеуге шықпай, теселердің жүзін қайрайды.

Үзіліске шыққанда Қызағаң манадан бері әрең шыдағандай, тағы бір қызық әңгімеге кірісердей, сусыннан қылқылдата жұтып алып, тамағын кеней бастады. Міне, сол кезде Ерулан ол кісінің алдын орап:

– Қызаға, Ұшарды мына балалар білмейді екен. Ондай тазы Көктеректі былай қойып, бүкіл Мақаншы өңірінде жоқ шығар, – дейді.

Ұшардың атын естігенде Қызағаңның жаны кіреді. Көзі күлімдеп, қарашығының терең бір түкпірінен от ұшқындап, еңсесін тіктенкіреп отырып, сөз бастайды. Айналасындағыларға жалт-жұлт қарап, тыңдаушының аңысын аңдып, пейілі мен құлшынысын тексеріп қояды да ұмытпайды.

О-һо, Ұшар деймісің, оның жөні бөлек қой шіркін! Ол тазым есіме түссе, айтпа десендер де айтар едім... Баяғыда-а, жастау кезімде Ұшар деген керемет жүйрік әрі ақылды тазым болды. Қазіргі біреулер ұстап жүрген не тазы, не дүрегей екені белгісіз, салпылдаған, салпаңқұлақ тазысымақтар емес, сары ала қаздан тараған нағыз құмай тазының өзі еді, – деп бастады Қызағаң. – Уай, шіркін, сол Ұшардың арқасында талай қансонардың қызығын көрдім ғой. Ол кезде менің ат үстінде жүрген кезім. Анда-санда болмаса, қызметтен қол тие бермейді. Бітпейтін бір жиналыс пен қызу науқан. Ұшарымның іші пысып, аңға шыққысы келіп, тықыршып әрең жүр.

Бірде кешкісін ауданнан келсем, Ұшарым әдеттегідей арсалаңдап қарсы алмай, үріп-үріп, басымен «кеттік» дегендей белгі беріп, түзге қарай бастайды. Әудем жерге жүгіріп барады да, мен шыға қоймаған соң, қайтып келіп үреді. Мұнысы бекер емес, менсіз барып, жалғыз өзі түлкі алған-ау дедім де, жалма-жан киімімді ауыстырып, атты ерттедім. Мұның алдында да жалғыз өзі кетіп, бір түлкіні табалдырыққа сүйреп келген.

Содан не керек, атқа мініп, тазының артынан бүлкектеп, ердім де отырдым. Екі-үш қырды асып түскен соң өңшең бір қараған мен

тобылғының ортасында өліп жатқан бір тұлкіге алып келді. Қарғып түсіп, айналып-толғанып, Ұшарымның басынан сипап, дереу қынымнан өткір бөкімді алып, терісін сыпырайын десем, тазым тағы да үріп, басқа бір жакка бастайды. Амал жоқ, сол күйі қанжығаға байладым да, тағы соңынан ердім. Тазым алдыға түсіп бүлкектеді де отырды. Әне-міне дегенше, тағы бір тұлкіге бастап әкелді... Қойшы, сонымен не керек, аңшылықты әбден сағынған Ұшарым сол күні үш бірдей тұлкі алған екен ғой... Әлгі қазақтың «Бүркіт анды өзі үшін аулайды, тазы иесі үшін аулайды» деген сөзі бар емес пе!? Со-айна-қатесіз шындық екен. Біреуін де жемепті шіркінін...

– Пах, шіркін! Сізге аңға шығып та керегі жоқ екен-ау! – деді Жұмаш.

– Ойбай-ау, неге шықпайсың? Қол тиіп жатса омалып үйде отырмай, қансонарға шыққанға не жетсін! Өзің үшін, өз қызығың үшін шығасың ғой! – Қызағаң оған оқшырая қарады.

– Содан... – деп жетеледі Ерұлан. – Ұшардың тағы қандай қылығы бар?

– Сендерге – өтірік, маған – шын, әскерден келгенімде осы құмайым Мақаншының шыға берісінен күтіп алды ғой, – деп жаңа әңгімеге кірісті Қызағаң. – Тап бүгінгідей есімде, 20 июнь күні таң ата аудан орталығында автобустан түстім. Ол кезде Көктерекке автобус күніне бір-ақ рет және түстен кейін қатынайтын. Мына тұрған жерге түс ауғанша автобус күтіп жүрем бе деп, ауыл сыртынан көлік тоқтатуға шықтым. Соңғы үйлерден аса бергенім сол еді, бір ит маған қарай құйындай ұшып келеді. Қабаған ит пе деп, әуелде сасып қалып, қорғану жолын ойластыра бастадым. Сол кезде заулап шауып келе жатқан күйі үріп-үріп жіберді. Даусы біртүрлі таныс сияқты. Сөйтсем, о, сұмдық-ай, өзімнің Ұшарым екен! Жүрегім жарылардай қуанып кеттім. Өздерің білесіндер, Көктерек пен екі ара автожолмен 20 шақырым. Мұндай жерге қаңғыбас неме болмаса үйдегі күтіп-бағудағы ит келе ме? Яғни менің келерімді біліп, күтіп алуға арнайы келген! Айналайын-ай, екі жыл көрмегенге мені әбден сағынып қалыпты. Екеуміз әлгі жерде армансыз құшақтасып, мауқымызды бастық. Итім арсалаңдап, айнала шауып, қыңсылап қояды. Екі жыл бойғы көрген-білгенін, арзу арманын өз тілінде айтып жатыр, айтып жатыр...

Сол екі арада бір «Беларус» тракторы келе қалды. Сұрасам, Көктерекке бара жатыр екен. Тазым тар кабинаға сыймайтынын білді ме, ауылға төте жолмен тура тартты. Сол шапқаннан арсалаңдап үйге жетіп, үріп-үріп, ошаққа от тұтатқалы жатқан апамның жаулығын ала қашыпты. «Құдай ондағырдың мұндайы жоқ еді, мұнысы несі?» деп таң қалыпты апам. Сөйтсе, тілі жоқ мақұлықтың мұнысы апамнан сүйінші сұрағаны екен ғой!

Мен ол кезде ауылға телефон да соқпағам, телграм да ұрмағам. Ол уақта ауылда колхоз төрағасының өмірі босамайтын қара телефонынан басқа телефон да жоқ қой! Ал телграм ұруды қай қазақ құнттаушы еді. Сонда деймін, құмай тазының түйсігі анау-мынау адамның ақылынан асып түсетіні рас болғаны ғой. Әйтпесе, менің келетінімді бүкіл ауыл білмегенде жалғыз Ұшар қайдан білген!? Осы күнге дейін қанша ойласам да, осыған ақылым жетпей қойды...

Күн ұясына бата сала Жұмаш Көктерекке қайтатын екі бригада балаларын ертіп балағанды бетке алады. Ол жерден ұл-қыздар жуынып-шайынып, трактордың тіркемесіне отырып, ауылға қайтады. Балалар қосқа жетті-ау дегенде осында қонатын үшінші бригада орнынан қозғалады. Мұндағылар Жұмаш балаларды ауылға алып кете салысымен, шегірткенің шырылы мен құрбақаның құрылын тыңдай отырып, қалқайманың астында кешкі тамағын ішеді. Содан сығырайған ондық шамның жарығымен төсектерін салып, құлай-құлай кетіседі. Өйткені ертең тағы да тауық шақырмай, ерте тұрып

іске кірісуі керек. Асқабақшылардың арамшөппен арпалысының әрбір күні осылай өтетін.

Көп ұзамай арам шөп екінші қайтара оталып бітіп, балалар келіскен ақшаларын алып, әндетіп үйіне қайтты. Жемістерінің алды құшаққа толардай болып үлкейген соң көп күй талғамайтын асқабақ ендігі шыққан арамшөпке бой бермейтін еді.

\* \* \*

Жақын маңдағы бұталардың бірінен екі торғайдың бір-бірімен онаша шүңкілдескен ерлі-зайыптылардай жайлап қана шиқылдаса тілдескені құлағына келді. Ол Арыстанға ап-анық естіліп тұр. Біреуі, сірә, еркегі болар: «Қал қалай, жайлы ұйықтадың ба!» деген сияқты. «Шүкір-р, керемет мызғып, жайлы тынықтым» дейді ұрғашысы. Еркегі оған: «Онда, жүр, Құдай берген несібемізді теріп жейік!» – деп қуана тіл қатты. Ұрғашысы дереу қостай кетті: «Мейлі, сөйтсек сөйтеік. Баста, қане!». Екеуі түнде паналаған бұтасынан пыр-р етіп жұптаса ұшып шықты.

Сол кезде киіз үйдің төбесіне тып-тып етіп, тамшы тамды. «Апырай, мына жаңбыр бүгін бастайтын жаңа шаруаға кеселін тигізбесе неғылсын, – деп уайымдады Арыстан, – қой, жоқтан өзгеге қайғырмай, тұрайын! Бәлкім, өткінші шығар!» Ол кеше ғана басшылармен сөйлесіп, колхоздың қара жұмысқа шөгел бес азаматын тандап алған. Қазір Жұмаш соларды әкелуге тиіс. Қайтарында ескі машинаның ресорынан он қылыш соқтырып, жалаңдатып қайрап әкелген еді. Жүзі жендеттердің бас шабатын қылышындай қылпып тұр. Балалар арандап қалмасын деп, онын да темір жәшікке салып, құлыптап тастаған. Қазір сол жәшікке көз қиығын жүгіртіп өтіп, беті-қолын жуды. Әлгі жаңбыр бұл түзге барып келгенше басылып қалды. «Шүкір, өткінші екен. Жердің бетін дымдап та үлгермепті. Әйтпесе, атыздағы топырақты езіп, ол жүрген сайын табанға жабысып, мазаны алар еді» деп қуанды жуынып жатып.

Өткенде арамшөп отау мен суғару тоқтатыла сала әйелдер мен бала-шағаны ауылға жіберіп, екі аптадай тынықтырып алған. Ондағы ойы әрі демалсын әрі балалардың мектепке киетін киімдері мен құрал-жабдықтарын түгелдеп алсын дегені. Бірер күн бұрын әйелдер мен бала-шағаны қайта алдырып, үш-төрт атыздың асқабағын желісінен ажыратып, орта тұсқа қатар-қатар етіп жинатып қойды. Бүгін енді ұрық жинауға білек сыбанып дайын отыр. Олар тынығып жатқанда еркектер жанарықтың ұзына бойымен жарыстыра екінші ор қазып, жиырма метрдей өзектің түбі мен жақтауына қатты целюфан керіп, ұрық жуатын астау жасады. Әлгі астаудың басынан аяғына дейін сумен ағып келген ұрықтың айналасындағы жылбысқы шырыш пен талшықтарды ұстап қалатын сансыз жіңішке арматура мен жуан сымтемірден жасалған шабақтар шаншып қойды. Астаудың жоғарғы жағына ескі водовоздың үш тонналық бөшкесінің үстіңгі жағын кесіп алып тастап, арықты тереңдетіп қаза отырып, соған орнатты. Арықпен ағып келген су әуелі бөшкеге құйылады. Бұлар жиналған ұрықты сол бөшкеге төгіп, сырықтың ұшына қар күрегіш құралдыкіндей көлденең қағылған тақтаймен арлы-берлі араластыра жуып, шырышынан ажыратады. Соңыра суды көбірек ағызғанда шырыштар әлгі тік шаншылған шабақтарға байланып қалады да, тазарған тұқым арық ішімен ағып отырып, астау бітер жердегі торғайкөз торға жиналады. Сол тордағы ұрықты екеулеп көтеріп, жағадан төрт-бес қадамдай жердегі целюфан төселіп, шет-шеті сары лаймен әдемілеп сыланған қырманға жаяды. Ол жерде әлгіндей ұшында тақтайы бар былғауыш құралмен арлы-берлі аударыстыра отырып кептіріледі. Кепкен ұрық үймектей жиналып,

жел тұрғанда шелектермен көсіп алып, жоғарыдан төмен төгіп ұшырылады. Әбден кептіріліп, тазартылып болған соң су тигізбей қапталып, Үржардағы «Көктұқымсұрпына» өткізіледі.

Бұлар тамактанып, ұрық жинайтын құралдарын сайлап болғанша бес жігітті алып, Жұмаш та жетті. Бес жігіт қылыштарын жалаңдатып шыға келгенде оның кеше ғана қайралған жүздері күнмен шағылысып, жарқ-жүрқ етті. Жігіттер алға озғындап асқабақты шауып, төртке бөліп кете береді. Бала-шаға мен әйелдер сонынан ере жүріп, жарылған асқабақты ұрықтарын қолмен көсіп алып, арнайы шелектерге салып жүреді. Жұмаш пен Арыстан солардың сонынан «Быт-бытпен» еріп отырып, толған шелектерді трактордың тіркемесіне әкеп төгеді.

Тіркеме қорабы жартысынан аса бастағанда Арыстан «Быт-бытты» айдап, әлгі айтылған жасанды науаның қасына келеді. Әуелі алдында жуылып, торға жиналған тұқымды Ерұлан екеуі екі жақтап шығарып, қырманға жаяды. Ал жаңа келген ұрықты арыққа жартылай көмілген бөшкеге әкеп төгеді де, жинаушыларға қайта кетеді. Ерұлан бөшкеге түскен шырышпен шырмалған ұрықты манағы піспегімен пісіп, шайқап жуа бастайды. Осылайша жұмыла істелген берекелі жұмыстың арқасында бір аптаның ішінде отыз қап ұрық кептіріліп, қапталды. Бұған қоса колхоздың жұмысшылары арнайы келіп, асқабақтың қабығы мен етін алды. Арыстан қойын кітапшасына «жеті «К-700», он бес «Беларусьтын» тіркемесі және бес «Зилдің» қорабына аузы-мұрнынан шығара тиіп әкетті» деп жазып отырып, тасымалдаушылар бригадасына қол қойғызып алды. Осыған колхоз жүгерінің сабағын қоса отырып, қыста малға беретін сүрлем дайындамақшы.

Кенет таяқ тастам жерден шаң-шұң шықты.

– Әй, аға-ау, Мақаншы мына тұрған жер емес пе? Келініңіздің аман-саулығын біліп, барам да келем ғой, не бопты сонша? Адамнан адам шығу деген оңай деймісіз? – дейді Мырзағазы есімді жас жігіт. Шамасы келіншегі босанып, қуанышы қойнына сыймай, алабұртып тұрған сияқты.

– Айналайын сен қалай түсінбейсің? Ол менің құзырымда емес, бастықтардан сұрал! – дейді ағасы Жұмағазы.

– Бастықтарыңыз бар болса, сұралам ғой. Жоқ болған соң Сізге жүгініп тұрғам жоқ па!? Сіз де сол басшылардың бірісіз. Бөтен адам емессіз, қалай түсінбейсіз?

– Жоқ, мен түсініп тұрмын, жақсы түсіндім. Алайда... «барам да келеміңе» онша сеніңкіремей тұрғам жоқ па! Бүгін жұма, ертең сенбі, әлі екі жұмыс күнің бар. Қатының ұл тапқан соң елдің жел сөзіне еріп, тойлап кетпейсің бе?

– Жо-ға-а! Басымыз бар емес пе!

– Әй, қайдам, қазіргі жігіттердің сөзіне сену қиын ғой. Уәдені қарша боратады...

– Аға, міне, нан ұрсын!..

– Өткенде де осылай ант-су ішіп ең... Бір апта өтпей, ұмытқан жоқсың ба!

Келіспей қалғандар немерелес аға-інілі жігіттер екен. Інісі ағасына сүйеніп, перзентханада жатқан келіншегіне тартып кетпек. Ағасы ішімдікке әуестеу інісінің сөзіне сенбей тұрған сияқты. Сөзге Арыстан араласты.

– Ой, Жүке! Осы ініңді маған бер! Үржарға отыз қап дайын ұрықты өткізіп қайтайық! Жұмысты да бітіреді, жолай келіншегіне де соғады.

Аға-інілі екеуі де қуанып, қолдай кетті.

– Әй, Ареке! Мынау табылған ақыл болды ғой!

– Тіпті жақсы! Қатып кетті. Құтқардыңыз, аға!

Үржарға дайын ұрықты әкелу осылайша аяқ астынан шешілген еді.

«Көктұқымсұрпының» өзінде барлығын бірден қабылдап ала салмай, әуелі бәрін електен өткізеді екен. Мырзағазы екеуі отыз қапты әрі елеп, әрі ұшыратын машинаның дәл қасына әкеп түсірді. Бұл жердің өзінде кезек. Әлі бірер сағатсыз кезегі келмейтін сияқты. Алайда кетіп қалса, кезегі өтіп кетуі мүмкін. Бәрі де шаруасын тезірек бітіріп, үйлеріне қайтуға асығуда. «Бүгін қайта аз. Кей күндері кезегің жетпей, Үржарға қонып қаласың» деп қояды тұрғандар.

Ес кетті, жан шықты дегенде бұлардың да кезегі жетті-ау әйтеуір. Отыз қапты бір-бірлеп електен өткізетін машинаға төге бастап еді, сонда көрді қанша тазаладым деген дәніннен қауыз бен қылпық табылады екен. Көзге іліне бермейтін шаң да бұрқырап шықты. Одан өткізіп, қайта қаптаған соң таразыға тасып апарды. Таразыдан өткенді «Сортсемовоштың» бастығының өзі жазып отырады екен. Ол орта бойлы, қушық иықты, сілеусін көз, алпысты алқымдаған Семен Семенович Семенов деген кісі еді. Өзі аузы аузына жұқпай, көп сөйлейтін көрінеді. Салған жерден мұны кәріс екен деп қалса керек:

– Жә, жігітім, міне, қара 1 тонна 137 килә болды. Қане, тапсырушының фамилиясын жазайық! Пак, Сон, Кимнің қайсысы боласың? – деп қарап тұр.

– Ешқайсы да емеспін, – деді бұл мырс етіп.

– Онда дүнген шығарсың?

– Дүнген де емеспін, қазақпын! Немене қазақ асқабақ егіп, ұрық өткізе алмай ма!?

– Қой, жігітім, қылжақтама! Қазақ қашан асқабақ егуші еді? Иә, білемін, Мичурин совхозында қарбыз егіп, ұрығын өткізетіндер бар! Бірақ ол асқабақ емес, қарбыз ғой! Алда-жалда жоспарды орындай алмай қалса, туған-туысы мен таныстарын қарбызға қарқ қылады. Ал асқабақтан не пайда? Сондықтан қылжақтамай, анығын айт!

– Шыным сол, қазақпын! Жәй қазақ емес, нағыз қазақпын!

– О, Құдайым-ай! Сенейін бе, сенбейін бе?

Мына Семен Семеныч өзін мазақ қылып тұрғандай, Арыстан ашуға мініп, орыстың жас-кәрі демей, құрдасындай сен деп сөйлей беретін мінезіне көшті.

– Не, саған төлқұжат керек пе? Мә, ұста!

– О-о, рас екен! Арыстан Төлеужанов! Асқабақ ұрығы 1 тонна 137 кило Жаздым. Бірақ саған мынаны айтуға тиіспін: Мен «Сортсемовощта» істегелі биыл, міне, тура отыз жыл! Осы уақыттың ішінде қазақ қана емес, әлі бірде-бір ұлттың өкілі асқабақ егіп, ұрық өткізген емес. Сен алғашқы қарлығашсың. Дүнгенсің бе, кәріссің бе дегенім сол, ренжіме!

– Қазақ екеніме енді көзіңіз жетті ме?

– Шынымды айтсам, әлі де сене алмай отырмын... Айтпақшы, асқабақты отқа немесе суға күйген науқастардың жарасына таңса, дереу жазылады. Оның несеп жүргізетін, ыстықты түсіретін қасиеттері бар. Жүрек қан тамыры аурулары, гипертония, зат алмасуы қиын науқастарға диеталық тағам ретінде ұсынылады. Асқабақ дәнін балмен араластырып жесен, ішек құрттарын, яғни паразиттерді түсіреді.

– Ой-боу, Семен Семеныч! Мұның бәрін несіне термелеп кеттіңіз? Айтыңызшы, төлқұжаттан артық қандай айғақ керек? Сосын, дәп қазір қаптарды тексеріп, бір тал қауыз таппасаңыз, жоғары сұрыппен қабылдарсыз деп үміттенем.

Семен Семеныч қарқылдап күлді. Несі күлкілі деп ойлады бұл.

– Жо-жоқ, жігітім, біз ешкімдікін жоғары сұрыппен қабылдамаймыз.

Өйткені електен өткеннің өзінде кез келген қапты ашып көрсеніз, әлі де аздап қауыз не кепкен шырыш шығуы мүмкін. Сондықтан біз ұрықты ең мықтағанда бірінші сұрыппен ғана қабылдаймыз!

— Онда сол бірінші сұрыппен қабылдаңыз!

— Жок, әлгінде мықтағанда деп ескерттім ғой. Ал сіздікін екіншімен қабылдаймыз! Екінші сұрыппен қабылдағанда сіздің қанша ақша жоғалтарыңызды білемін. Бірақ түсініңіз, сізден бірінші сұрыппен қабылдасақ, сол сұрыппен жоғарыдағыларға өткізетінімізге ешқандай кепілдік жоқ қой! Өзіміздің қалтамыз қағылмай ма? Сондықтан біз де ұтылмауды ойластырамыз.

Семен Семеныч айтқанынан қайтпай, ұрықты ақыры екінші сұрыппен қабылдады. Мейлі, бұл да қолдан келгеннің бәрін жасады ғой. Басқа амал жоқ. Сөйтіп, ойға алған шаруасы онтайымен біткен Арыстан ауылға көңілді оралды. Оқушылардың сабағы басталып, жігіттермен бір айлық келісімі аяқталғанша тағы үш аптадай осылай бас алмай істесе төрт-бес тоннаға жеткізетін түрі бар. Тек жиын-терін біткенше апталап сіркіреп тұрып алатын ақжауын жаумасын деніз. Сонда бәрі де ойдағыдай онтайлы бітпекші. Ал қалған бірер тоннаны қыркүйек бойы үлкендердің күшімен-ақ жиып алар.

\* \* \*

Бір тәуірі осыдан кейінгі ойға алған шаруалары да ойдағыдай сәтті бітті. Ал тамыздың соңғы аптасында Ебінің ешкі ұшырардай елірген желі соғып, соңы дауылға ұласып, жоспардың тас-талқанын шығарды. Дауыл тоқтай бере шелектеп жанбыр құйып ала жөнелді. Бұлар түстеніп алып, енді жұмысқа шыққалы жатыр еді, балаған мен киіз үйге қашып тығылды. Сүт пісірім уақыттай әңгімелескен соң Қызағаң аспанға қарап: «Арыстан-ау, әй, мына күннің сиқы жаман, апталап сіркіреп тұрып алатын ақжауынға ұласпаса неғылсын» деген қауіп айтты. Осыдан өзі де секемденіп тұр еді, әрі-бері ойланып, жуық арада басылмасына көзі жеткен соң жалдаған жігіттерді ауылға апарып қайтты. Түнде сәл саябырлағанмен, жауын ертеңінде қайта сіркіреді. Арыстан жеңіл көлігімен екі рет қатынап, балалар мен әйелдерді де Көктерекке апарып тастады. Содан сылбыраған сәттерде төртеуі итшілеп жүріп ұрық жинап, жуғанмен кептіретін жер таппай қиналды. Балағандағы төсектердің астына, киіз үйдің еденіне жайғанмен, күн түспей, жел қақпағанға недәуір ұзағырақ кепті.

«Тайдың жүрісі, баланың істегені білінбейді» деуші еді үлкендер, рас екен. Қыркүйектің алғашқы жексенбісінде балалар мен әйелдер келіп, жабыла жәрдемдесіп еді, недәуір ұрық теріліп, жуылып, қырманға жайылды. Сол кездері күн де жарқырап, еңбектері еселене түсті. Мұны байқаған Арыстан «енді бұларға айлық жазылмайды, ал атқарылған еңбекке ақы төленуі керек» деп шешіп, өз қалтасынан балаларға да, әйелдерге де қолма-қол ақша берді. Асар деп ойлап, мұндайды күтпеген жәрдемші әйелдер әзіл-шынын араластыра: «Ақша берсең, тағы да қуана көмектесеміз» деп, разы болысып аттанды. Өйткені бұларға төленген ақша жоспар орындалса, еселеніп қайтпай ма!/? Ал қазанға дейін арқаны кеңге салып не тиын-тебенінді аяп жүре берсең, жанбыр соңы қара суыққа ұласып, күздің қара суығынан соң көп ұзамай қар жаууы ықтимал. Балбырап піскен өнімнің қардың астында қалса, қып-қызыл ысырапқа ұшырап, қызғанғаның қызыл итке жем болмай ма!/?

Қыркүйектің келесі жексенбісі де егжей-тегжейлі ойластырылған қарқынды еңбекпен өтті. Арыстан күні бұрын ауылдың Ойран жақ бетіндегі көгалға барып, балалармен кездескен еді. Жазда арамшөп отап, белесebet

алған қарадомалақтар мұны көре сала қолын ала жүгіріп, арсалаңдап қоршап алды. Баяғы тақыр басты тақылдаған сары бала танауы делдиіп алдымен жетті.

Ағай, асқабақ шөптеп тапқан ақшама белесепет алдым ғой! Міне, қараңызшы, қандай әйбат, — деді қою жасыл белесепетін масаттана көрсетіп.

Әй, мынауың бала кезде бізге қол жетпес арман болды ғой! Керемет жүйрік өзі, анау-мынау мопедеңе жеткізбейді. Әке-шешең қарсы болған жоқ па?

Қарсы болды! Әсіресе, анам! «Мектепке қиетін киімің де жо-о-к...» деп келе жатыр еді: «Тәте, өзім тапқан ақша ғой, алайыншы!» деп қиылып едім, «Жарайды, алшы» деп, келісе салды. — Аман ішек-сілесі қатып, сықылықтай күлді. Оның күлкісінің еліктіргіштігі сонша қасындағылар да ыржалаң қағып, бір жетісіп қалды.

Мектепке қиетін киімге де жәрдемдесе аласың! Мен сол үшін келдім! Алдағы жексенбіде асқабақтың ұрығын жинасуға барасындар ма? — деп, Арыстан барлық балаларға барлай қарады. — Жақсылап жинасаңдар, екі жарым сомнан қолма-қол төлеймін!

О-һо, мен барамын! — деді Аман сөзге келместен.

Басқалар да жамырап, қостай жөнелді.

— Мен де барамын!

— Мен де! — Әп-сәтте он шақты бала жиналып қалды.

Арыстан оларға жексенбі күні қатты жаңбыр жаумаса, дәл осы жерде сағат таңғы 6.30-дан бастап «Быт-быт» тұратынын, 7-де қозғалатынын айтып, кешікпеуді, жылы киінуді ескертіп егіс басына кетті. Аздаған жауын себелесе, алабұлт болса да жылы киініп келе беруі керектігін естеріне салды. Сөйтіп өздерінікі бар, басқалары бар жиырма шақты бала жұмыла кірісіп, трактордың тіркемесі мен науасын және арықтағы бөшкені ұрыққа толтырып кетті. Арыстан кешкісін оларды үйлеріне жеңіл көлігімен апарып тастады. Келер жексенбіде де дәл осылай істемекке уәделесті.

Білер күннен соң кепкен ұрық салынған қаптың бәрін «Быт-быттың» науасына тиеп алып, Арыстан күн шықпай тұрып Ұржарға тартты. Дәл осындай «Быт-быттар» сағатына он жеті шақырымнан аса алмаса, Арыстан өзінікінің беріліс қорабы мен басқа да қосалқы бөлшектерін ауыстырып, ышқынса елу, ал моторға күш салмаса, сағатына қырық шақырымды еркін алатындай қылып жасап алып еді. Сондықтан ұзаса екі-үш сағатта Ұржарға жетіп баруға тиіс. Асфальтқа бір шықса, арғы жағы тақтайдай тегіс қой. Күн арқан бойы көтерілгенде Мақаншыға кірді. Ал сиыр сәскеге ілінбей Ұржардың төбесі көрінді.

Ұрық өткізетін жерге келе сала Арыстан алдымен елекке кезек алды. Бажайлап қараса, кезектегі орыстардың көбі қызара бөртіп алыпты. Семен Семенычтың кабинетіне қайта-қайта кіргіштейді. Сөйтсе ертең «Көктұқым-сұрпы» бастығының туған күні екен. Өнімінің бірінші сұрыппен қабылдануын қалаған әлдекім соны желеу етіп, бір жәшік орыс арағын әкеп берген сияқты. Содан күннің күлбеттеніп тұрғанын сылтауратып ертемен ұрттап-жалап, мұндағылар біраз жерге барып қалыпты. Арыстан оларға онша мән бермей, қаптардың бәрін електен өткізіп болып, енді мәшинені жүгімен қосып өлшей беретін дәу таразының үстіне «Быт-бытымен» бірге шығарып қойды.

Таразының басында шикандай қызарып алған дәу орыс тұр екен. Асқабақшы жігіт оны бұрын-соңды бұл жерден көрмепті. Амандасып еді, сәлемін алмай, теріс айналды. Шамасы, жаңадан келген ноқай біреу сияқты. Онымен қоймай, бұған ала көзімен ата қарап, төбеден түскендей қылып:

– Ей, қаракөт, тракторыңды таразыдан әкет! – деп айқайлады. Мұны кісі құрлы көрмей, көпе-көрінеу басынып, астамсып тұр.

– Не дедің? Қайтала, кане! – Арыстанның қаны басына тепті.

– Не естісең, сол!

– Мә, саған қаракөт! – Шикандай қызарған немені иектің астынан көтере соғып еді, кескен теректей сұлап түсті. Бұлай ұрады деп күтпесе керек.

«Көктұқымсұрпының» жұмысшылары бар, ұрық өткізушілер бар бір топ адам лезде жиналып қалды. Кейбіреулері әлгі дәу орысты тұрғыза алмай әлек болып жатыр. Басым көпшілігі сары шашты славян тектестер.

– Мұның не? Неге ұрасың?

– Қоғамдық тәртіпті неге бұзасың?

– Бұл үшін қандай статья барын білесің бе? – деп, жан-жақтан жекіп, сөзбен ықтырғысы бар.

Бір қырым артық еті жоқ, сұңғақ бойлы, сіңірлі, серіппедей серпіліп, шиыршық атқан қараторы жігіт олардың мұнысына қына қоймай:

– Оған сол керек! Тілін тартсын, – деді сазарып. Сол-ақ екен, әлгілердің арасынан бір-екеуі өзара ымдасып, мына қазақты дереу тәубасына түсіріп алмаса болмас дегендей білек сыбанып жақындай берді.

– Ей, ты че, на рабочем месте человека бьешь? – Ей, сен неге жұмыс орнында адамды ұрасың? – деді әуелі ұзынтұрасы ұрып жіберердей айбат шегіп. Соны арқаланған еңгезердей қылиы сөзге келместен қараторы қазақты құлақшекеден қонжитты.

– Мә, саған!

Арыстан еңгезердей қылидың бар пәрменімен жұмсаған соққысын бұға қалып өткізіп жіберді де бауырды көздеп сылқ еткізді. Еңгезердей қылидың бет-аузы тыжырайып, шөкелеп отыра беріп, оң жағына құлап түсті. Мұны көрген ұзынтұра шегіншектеп, көптің ортасына зып берді. Қараторы қазақ серіппедей серпіліп, енді тұрғандарға ақырды:

– Оған сол керек! Естеріңде болсын! Мен қаракөт емеспін, қазақпын! Нағыз қазақпын! Атым – Арыстан. Ұқтыңдар ма?!

Жиналғандар бәлесінен аулақ дегендей, кейін серпілді. Бұл әрқайсына бір төніп келіп, «Ұқтыңдар ма?» деп шүкшияды. Бірнешеуі қатарынан «Ұқтық! Ұқтық!» десті. Арыстан ол жауапты місе тұтпай, манағы ұзынтұраға «Мен кімін?» деп төніп кеп сұрады. Ол тілімнен жаңылып қалмайын дегендей, дір-дір етіп қорқақтай айтты:

– Нағыз қазақсың! Атың – Арстан.

– Арстан емес, Арыстан! – Ол енді жаңа ғана орнынан сүйемелдеп тұрғызған шикандай қызарған дәу орыстың қасына келіп:

– Тірілдің бе? – деп сұрады. Анау болар-болмас басын изеді.

– Кім қаракөт?

– М-мен...

– Ал мен кімін?

– Қазақсың! Нағыз қазақсың!

– Е-е, міне, енді сөзің түзелді!

Осы кезде Семен Семеныч кабинетінен шығып, топқа жақындады.

– Арыстан, балам! Болды енді, ашуынды бас! Тілінен қағынған Иван өз сыбағасын алды. Енді байқап сөйлейтін болады...

Осы күннен бастап Арыстан ұрық өткізуге Ұржарға келген сайын «Сортсемовощта» істейтіндердің бәрі де «Нағыз қазақ келді!», «Хал қалай, нағыз қазақ?» деп, қарсы алатын болды...

– О-һо, бауырым! Сен өзің елді шетінен сабайтын болыпсың ғой! – деді біреу бұған оқшырая қарап. «Мынау таныс дауыс қой! Бірақ түрі түк

ұқсамайды. Ол... екі иығына екі кісі мінгендей дәу емес пе еді? Ал мына кісі... екі иығы қушиған қу сүйек, бойы да бәкене, — деп ойлады Арыстан осы сәт. — Алайда анау жылт-жылт еткен шегір көзді қалай шатастырарсың! Сол... соның нақ өзі...» — Мен сені кісі сабасын деп баулыдым ба боксқа?

— Емілбай аға! — деп құшақтай алды Арыстан.

— Иә, иә! Сол баяғы Емілбай ағамын. Баяғы алпамсадай ағам қайда деп танымай қалдың-ау... Сен байқа, бұлардан қатты сақтан! Бетіне күліп тұратын, сырын ішке бүккен ішмерездері көп. Имансыздар обал-сауан дегенді білмейді. Нақақтан сотталып кетуің оп-оңай.

— Иә, аға, сақтанамын! Сіз кеткелі бірінші рет кісі сабап тұрмын!

Екеуі қосыла күлді. Неге күлгендері өздеріне ғана мәлім еді. Амандық-саулық сұрасқанда білді. Емілбай әуелі Қызылбұлаққа барыпты. Ел-жұрттан сұрастырып, Көктеректегі үйге кіріп, мұның Үржарға кеткенін біліпті. Жол-жөнекей Мақаншыға соғып, Арыстанның інісінің үйіндегі әке-шешесімен амандасыпты. Содан кейін ғана осында келіпті. Емілбай өзі туралы «жүрміз ғой» дегеннен басқа жарытып ештеңе айтпады. Айтпаса да Арыстан екі иығына екі кісі мінгендей дәу жігіттің енді бұған жоқ екенін, оның орнын иығы қушиған қу сүйек, бойы да бәкене басқа біреудің басқанын көріп, жүрегі қан жылады. Қатыгез тағдыр жаны жайсаң, ақкөңіл азаматтың нәзік жүрегін аяусыз тілгілеп, тайқы мандайына енді түзелместей таңба салғанын анық ұқты.

Арыстан үйге жүріңіз, қонақ болыңыз деп, қанша қиылса да Емілбай көнбей қойды. Кейінірек келемін, асығыс бір шаруам бар деді. Не шаруа екенін ашып айтпады. Түрмеде бір емес, бірнеше мерзім отырып, сол жердің тұрақты тұрғыны болып алған адам сырт кісіге сырын аша бере ме. Өзі ашылғысы келмеген соң ширек ғасырдай көрмей, жатырқап қалған кісіге Арыстан да тақымдап, тықақтауды әбес санады.

\* \* \*

Әкесі Төлеужан ес білген екі ұлын кішкентайынан ерте тұрғызатын. Сабақтары бар ма, демалыс па қарамайтын. Әсіресе, сиыр баққанда сабағы жоқ болса, Арыстанды ерте тұрғызып, өзімен бірге өріске ала кететін. Ал пішен піскенде кейде атына мінгестіріп, кейде атарбамен шөп шабуға апаратын. Жексенбі күндері кеш жатып, ұйқысы қанбай қалған Арыстан есінеп отырып: «Сабақ жоқ қой. Неге сонша ерте тұрғызасыз?» деп кейітін «Әй, балам! Қазір ғой ұйқың қанбай, маған ренжіп отырсың. Бүгінгідей ерте тұру әдетіне айналған соң есейгенде, уақыты келгенде маған рахмет айтасың. Өйткені ерте тұрған адамның шаруасы жылдам бітеді, ісінің берекесі болады» деуші еді. «Береке деген не нәрсе? Оны біз неге көрмейміз?» дейді бұл онша иланыңқырамай. Сонда әкесі ертедегі адамдар өмірінен мысал келтіре отырып, жол-жөнекей қилы-қилы тәмсіл айтушы еді...

— Баяғыда сен сияқты бала ма, әлде жігіт пе, әйтеуір бір жас адам ғұлама ғалым кісіге: «Береке дейтін нәрсе жоқ! Оны таң атса ұйқысы қашатын қариялар ойдан шығарған болар, сірә», — депті. Сонда әлгі данышпан адам жігіт сөзінің қате екендігін мысалмен ұғындыруды жөн санап:

— Иттер мен қойлардың қайсысы көп төлдейді? — деп сұрапты.

— Әрине, иттер! Олар жетеуге дейін күшіктейді. Ал қойлар бір-бір қозыдан, сиректеу болса да егіз, ал ұзаса үш қозыға шейін төлдейді, — дейді жігіт.

— Олай болса, айналаңа қарашы, екеуінің қайсысы көп?

— Қой көп...

— Бірақ, үнемі сойып жеп, саны кемітілетін де солар. Құрбандыққа да көбінесе қой сойылады емес пе?

– Дәл солай!

– Міне, «береке» дегеніміз осы, – дейді әлгі данышпан. – Қой қанша аз төлдесе де, қанша сойылып, еті желініп жатса да саны артпаса кемімейді. Ал, қойдан екі есе көп күшіктейтін итті ешкім сойып жемесе де оның саны аз.

Жігіт біраз ойланып тұрып:

– Расында да солай, ә! – деп соның мәнісін сұрапты. – Неге итте береке жоқ, ал қой берекелі?

Сонда әлгі данышпан былайша түсіндіріпті:

– Өйткені, қой күн батысымен көп ұзамай ұйықтап, таң атпай тұрып алады. Осылайша «Алланың рахымы түсетін уақытқа» дөп келіп, оларға береке жауады. Ал иттер түнімен әуілдеп, өздері де ұйықтамайды, елді де ұйықтатпайды да таң атар кезде ғана ұйқыға кетеді. Осылайша, Алланың рахымы түсетін уақытты бос жіберіп алып, несібеден құр қалып, Құдай берекесін алып қояды. Оның мәнісі сол!

– Бірақ, әке, адамның үйін ит күзетпесе кім күзетеді? – деп Арыстан әділет үшін иттерді ақтағысы келіп, қарсы уәж айтты.

– Дұрыс айтасың, ит күзетеді. Бірақ ештеңе күзетпесе де таң атқанша ұйықтамай жүре беретін қаңғыбас иттер аз ба?

Расында да солай екен-ау... Әкесінің осынау мағыналы тәмсілі Арыстанның жадында мәңгі-бақи жатталып қалыпты. Кіп-кішкентайынан ерте тұру күнделікті әдетіне айналған ол кейін есейгенде, қалада оқып, әскери қызметте жүргенде әкесіне іштей сан мәрте алғыс айтты. Шопыр болып, бастықтарды тасығанда бір рет те кешікпей, ешкімнен сөз естіген жоқ. Әкесі бойына сіңірген осы әдет өмір бақи пайдасын тигізіп, ісінің қайыр-берекесін беріп келеді.

Ерте көктемнен күздің қара суығына дейін созылған берекелі тірліктің арқасында жігіттер қар жаумай тұрып, асқабақтың бір түйірін қалдырмай жинап алды. Ұржардағы «Көктұқымсұрпына» өткізген ұрық көлемі ең соңында бес тоннадан асып жығылды. Оның үстіне кейінгілердің барлығы дерлік бірінші сұрыппен қабылданды. Ойға алған шаруасы ойдағыдай біткен Арыстан баяғы Ерұланның күмәні есіне түсіп, колхоз төрағасына барды. Экономистің де бухгалтердің де Құлжабаевтың рұқсатынсыз аттап баспайтыны мәлім.

– Жігіттерің жеті жүз сомнан, өзін мың алсаң, болды емес пе? – дейді Құлжабаевтың беті бүлк етпестен.

Арыстан ала жаздай істеген қисапсыз еңбектің өтемін колхоздан өндіріп алудың оңайға түспесін, бастықпен недәуір ырғасатынын түсінді. Түсімнің басым көпшілігін кеңсе қызметкерлеріне алып қалуға, бұларға жиырма пайыздайын ғана беріп, қалғанын өздеріне қалдыруға тырысады. Шартта қай жаққа қанша қалдырылатыны нақты көрсетілмеген екен. Ал бұл болса, еңбек өздерінікі болған соң түсімді де толық өзіміз аламыз деп жүріпті. Сондықтан ашуға ерік бермей, ойын айғақпен жеткізуі керектігін ұқты.

– Ореке, ерте көктемде Орынбаев қатысқан жиналыста «кәрістен асырып істемесем, атымды басқаша қойыңыздар» демедім бе? «Жігіттің екі сөйлегені – өлгені» деген. Биыл біздің бәріміз ерте көктемнен қыс түскенше елең-алаңда тауықтан бұрын тұрып жұмыс істедік! Соның арқасында уәдемізді асыра орындап, «Сортсемовощка» өткізген ұрығымыз бес тоннадан асып түсті. Сексен пайызы бірінші сұрыппен қабылданды. Бұл – сарымсақ пен қарбыз өсірген кәрістер де орындай алмаған жоспар. Өйткені олар өнімінің бір бөлігін тікелей өздері саудалайды.

– Жақсы, жақсы... Жігіттерің сегіз жүз сомнан, өзін бір мың бір жүз!

– Ал сіздер түскен пайданың қырық-елу процентін ұстап қалмақсыздар! Сіздерге жиырма проценті де жетпей ме? Өйткені дайын тұрған нәрсені алсын

деп қана рұқсат бердіңіздер! Келісіп қойған жұмыс күшінің өзін бермей, қырықтыққа салдыңыздар! Жиын-терінге адам беріп, көмектеспедіңіздер! Біз осы алты ай бойы таңғы сағат төрт жарымнан тұрып, жұмысқа кірістік! Жұмыс кешкі тоғыз-ондарда ғана аяқталады. Ал сіздер кеңседе ең мықтағанда сегізде, әйтпесе, тоғызда іске кірісіп, бес-алтыларда аяқтайсыздар!

Құлжабаев енді түсін суытты.

– Болды, Бейсенбаев! Бұдан артық ештеңе бере алмаймыз!

Колхоз төрағасы мұның рулас апайын алып отыр еді. Арыстан соны еске алып, жездесін заңмен қысуды ойлады.

– Жездеке, аудандық прокурор досым екенін білесіз. Соған шағымданып, ревизорды тексеруге әкелсем қырық тұрғай, жиырма проценттің өзіне зар болып қаласыздар! Жігіттерге бір жарым мыннан, маған бір мың жеті жүз болсын!

– Жездесін прокурормен қорқытқан қай қазақты көріп едің, балдыз?! Жігіттеріңе бір мың сомнан, өзіңе бір мың үш жүз! Осыдан артық аттап баспайық...

Екеуі ет асым уақыт ырғасып отырып, ақыры әрең келісті...

Желтоқсан айының ортасына қарай бригада мүшелері сыйақыға буда-буда ақша алды. Арыстан соғымбасы сылтауымен жігіттердің барлығын әйелі, бала-шағасымен бірге үйіне қонаққа шақырып, разылығын айтты. Босанар уақыты тақап, аузы-мұрнынан шығып жүрген Жұмаштың әйелі де қалмай келді. Басшының ең басты қуанышы – берген уәдесін артығымен орындап, тек сыйақымен ғана жігіттеріне бір-бір «Урал» мотоциклін мінгізу еді.

Қызағаң отырыс соңында тебірене сөз толғап: «Әй, жігіттер, бәріне де шын пейіліммен разымын! Ал арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты Арыстан бауырыма шексіз ризамын! Бір маусым толық істемеген пендеге шарт бойынша сыйақы тұрғай сайтан да жоқ еді ғой. Сонда да «ағам нәумез болмасыншы» деп екі жүз сом бергізіпсің! Рахмет оныңа! Ынтымақ, береке дегенің қияндағы қияли сағым ба десем, ниетті түзесең болды, басыңа қонатын бақ екен ғой! Ерте көктемнен сендермен бірге шығып, күзде соңына дейін шыдап істесем, әкесін танытып тұрып мен де бір мотоцикл мінер едім. Белдің талғанын, жастың келгенін сылтауратып ауырдым, қажыдым деп қашып кеткен өзіме обал жоқ!» – деп жиналған жұртты ду күлдірді.

Арыстан күле отырып, ойланып қалды... «Ештеңенің ебін тауып, ретін келтіре алмай жүріп «қазақ қопал, жалқау халық» дейді-ау басшылар. Нағыз қазақтың қандай екенін білмейді ғой «данышпандар». Білсе, олай демес еді. Әйтпесе, мына жігіттердің кімнен қай жері кем? Тауықтан ерте тұру керек пе – тұрды, жалықпай, талмай істеу керек пе – қыңқ етпестен істеді. Өздері ғана емес, жұмысқа бала-шағасын түгел жапты. Нәтижесі, мінекей... Осыдан басқа не керек? Ештеңе! Көпті көрген кісі емес пе, Қызағаң да дөп басып отыр: «ынтымақ, береке деген қияндағы қияли сағым ба десем, ниетті түзесең болды басыңа қонатын бақ екен ғой» деді. Айна-қатесіз шындық!»

Ортақ жетістікті атап өткендердің арасында бақандай үш жыл бойы гаражда жел қағып, жауын мүжіп, жарамсыз мүліктей жапырайып тұрған, биылғы көктемнен бері бір тыным таппай құлдырандап шауып жүрген қызыл «Быт-быты» ғана жоқ еді. «Жансыз темір ғой» дей көрмеңіз... алты ай бойы өзімен бірге жұмысты жапырып істескенге біртүрлі кимас, киыспас досындай болып кетіпті. Завгар «бүкіл техниканы түгелдеп жатырмыз, әкеп қойыңыз» деген соң Арекең тірәктірін кимай, әрең-әрең апарды. «Басқа ешкімге беруші болмандар, бірер апта тынығайын, сосын рөлге өзім отырам. Еш болмаса, Ерлан мен Жұмаштың бірі жүргізеді» деген шартпен ғана берді.

Соңы.



*Әңгіме*

**Есболат  
АЙДАБОСЫН**



## СЫРТТАННЫҢ ИТАЯҒЫ

Тараз қаласынан шыға берістегі жанармай бекетінің маңы қойшы қорасындай абыр-сабыр. Ірілі-ұсақты автокөліктер енесіне ұмтылған қозыдай жамырап келіп жатыр, жарысып кетіп жатыр. Біз мінген автобус та бензин құдығына өзгелермен таласа-тармаса, өнешін созып, өңмендеп жетті. Қос бүйірдегі қарыншасы толғанша ұзақ сімірді. Атқа жеңіл жастар жағы шопырдың «көлік суғарып» жатқан сәтін пайдаланып, бекеттегі шағын дүкенге бас сұққан. Олар да өзіне қажетті «жанармайды» сатып алған секілді. Артымда отырған тақыр бас қара әбден қаталап қалған екен, келе сала жартылықтағы сыраның бірін «пыш» еткізіп ашты да жарты минуттың ішінде көмейіне құлқұлдатып тастай салды. «Ух...» деп жау түсіргендей терең тыныстады. Танауынан шыққан жел желкемді желпіп өтті.

Автобустың артқы жағына жайғасқаным өкінім. Мыналар Алматыға жеткенше тыным бермес. Жанармай мен сыраның сасық иісі қолқаны қатар қауып, жүректі айнытты. Көз шырымын алуға оқталдым. Кірпік айқасқанмен ұйқы жолар емес. Мазам қашты. Осы кезде алдыңғы жақтан тәжікелескен дауыс естілді. Ерігіп отырғанда ермек табылды ғой дегендей бәріміз елең ете қалыстық. Керенау көтеріліп, кеңірдек созғанда көргенім, үстіне шибарқыт күртке, басына қарсақ тұмақ киген қарға бойлы қазақ автобусқа кірейін деп ентелеп тұр екен. Кетік тіс кондуктор жолын кес-кестеп жіберер емес.

- Әй, кет әрі!
- Кетпеймін! Кіргізбеймін бәрібір.
- Неге кіргізбейсің?
- Автобусқа адамдар мінеді, иттер емес.
- Әй, нақұрыс, кім саған ит?
- Ана сөмкеңіздегі ит емегенде тауық па?
- Бұл тазы...

Осы кезде жанармай кассасына бензин пұлын төлеп келген шопыр да жетті. Ол кондуктор секілді сасықкүзенше шақылдаған жоқ, қарсақ тұмақтыны алдап-сулап далаға алып шықты. Енді не болар екен дегендей терезенің пердесін түріп жіберіп, жапа-тармағай сыртқа қарадық. «Төбелесе ме, әлде қайтер екен?!» деген есек дәме ақталмады. Керілдесіп тұрғандар келісіп үлгерген секілді, шопырымыз анда-санда тазының басынан сипап, тіпті күліп қояды. Екеуі уағдаласқандай болып қол алысты, артынша автобусқа қосақталған танадай қатар кірді.

- Құрметті жолаушылар, — деді шопыр ресми үнмен. — Мына кісіні

Қордайға дейін ала кетсем қалай қарайсыздар? — деп барып тоқтады. Жағалата көз тастап, елдің райын байқады.

— Итімен кіргізбеу керек, — деді едірең мұртты орыс.

— Онысы құсып қояр, тышып тастар, — деп қостай кетті түрі тотықұстан аумаытын, өзі де тотыдайын таранып-сыланып қалған көзілдірікті келіншек.

— Ауру шығар, — деп күнкілдеді біреулер. Осы кезде «ит көрмей жүрген жоқпыз, мінсін» деген дауыс саңқ ете қалсын. Орта жастан асқан қызылшырайлы әйел екен.

— Осы, қаланың халқы ит-мысығымен бірге тамақ ішеді ғой, неменеге шошисындар, түге, — деп тағы бір түйреді айналасындағы алакөзденіп отырған жұртты. Қызылшырайлы әйелдің сөзінен кейін қоғамдық пікір оң жаққа аунап сала берген. Қысыр әңгіменің күбісін пісіп, майын шайқап отырған жастар да өре түрегеліп, қарсақ тұмақтыны қолдап шыға келді. Ақыры басым дауыспен қарсақ тұмақты қазақ, автобусқа отыратын болып шешім қабылданды. Отырғанда да тазысын көтерген күйі, тап менің қасыма келіп жайғасты. Автобус орнынан қозғалғанша жолаушылардың күбір-сыбыры, пікір қақтығысы басылған жоқ. Жеңілген жақ жеңістік бергісі келмеді. Әсіресе тотықұстай таранған келіншек пен қызылшырайлы әйел біраз жерге дейін барып қайтты. Қарсақ тұмақтыға бола жұлысып қалар ма еді, қайтер еді, кенет көлігіміз кілт тоқтады да әлгі күнкілдеген ауыздар «ойбай», «көтек», «абайланы» хормен айтып шыға келді. Кетік тіс кондуктор терезеден басын қылтитып, әлдекімді әдемілеп тұрып бір боқтады да іштегі наразылықты сыртқа шығарып жіберді. Автобусты ғана емес, жолаушылар арасындағы айқасты тоқтатып берген бұйрабас жігіт екен. Дүбірден қашқан қояндай алақтап, аласұрып жүр. Еңкейіп-тоңқайып әрбір көліктің астын қарайды. Шамасы жоғалтқаны бар. Сөйтіп жүргенде автобус қағып кете жаздапты байқұс баланы.

Бір шарпысып алып, Алматыны бетке алып жүріп кеттік. Қоғамдық пікірді қақ жарып, қақтығыс тудырған қарсақтұмақты қасымда тымпиып отыр. Жасын айырып болмайсын. Алпыстан аспаса да елуді ерттеп мінген. Ал мінезі менмұңдалап тұр. Шырт етпе шатақ, қол-аяғын кісендемесең бағынбас мазасыз екен. Құлақшынын біресе шекесіне қондырып, біресе қарағұсына кигізіп тыным таппады. Аузы да «мен айтайын сен тынданыкі»... Қалғып-мүлгіп отырған менен қайыр болмаған соң жастарды әңгімеге тартады қайта-қайта. Тақырбас қара екеуі танысып, ру сұрасып алды. Өзінің сүйегі — Ысты екен.

— Аңшы Жұман десең Қордайда бәрі таниды. Ысты Бөлтірік шешенді білесің бе? Сол біздің бабамыз, — деп желпініп қойды. Көз жұмулы болғанмен көңіл ояу. Барлығын естіп-біліп отырмын. Бөлтірік шешеннің бүгінгі ұрпағына білдіртпей көз тастап, қозғала беріп едім қағілез неме байқап қойды.

— Әбден шаршапсың ғой, — деп сөз қармағын маған лақтырды. — Мынадай автобус қанша тұрады бауырым, — деп ескі икарустың көнетоз салонына көз жүгіртіп, орындықтың қыжыма қаптамасын қолмен сипады. Аузымды ашып үлгермедім, «он бес мың доллар» деп тақырбас қара құлақ түбінен гүж етті.

— Ал анау ше?... — деп ережені бұзып оң жақтан озып бара жатқан еңгезердей көлікті нұсқады.

— Бұлар кемінде 30 мың тұрады, бар малыңды сатып біреуін мініп алмайсың ба, Жүке?!

Тақырбас қара әкесімен жасты қарсақ тұмақтыға құрдасынша «сен» деп сөйлей бастапты. Өйтетін жөні де бар. Сырасын тауысқан бетте артқы жақтағы достарының дастарханынан дәм татып, көмейін жібітіп отыр екен сабазын... Барлығы сыртында «Парламент» деген жазуы бар шөлмектің бірін босатып, екіншісін орталап қалыпты. Парламенттің депутаттары секілді кейбірі есінеп, қалғып-мүлгіп отыр. Кейбірі есіп сөйлеп, қызыл-кенірдек дауға кірген. Өнбес дау... Қыршып сөйлейтін қыршанқы әріптестің айтқаны еске түсті. «Мәселе шешпейтін – Мәслихат, мәмілеге келмес – Мәжіліс» деп еді-ау сол. Мыналардікі де соның ар жақ, бер жағы.

Қарсақ тұмақ жастардың жеңіл сөзінен қашқақтағандай құнжындап, қалтасын ақтарып өзімен-өзі әбігерленіп кетті. Ал топырақ өндес қоңыр тазы Қытайдың ала дорбасынан мойнын қылтитып, жан-жағына жалтақтап қарайды. Жанары отты екен.

– Қанша қар басқан, – дедім.

– Ит бір жылда төрт жасағанда... – Қарсақ тұмақты көршім тазының жасын есептеп ойланып қалды. – Бұл жануар биыл он тоғызға шығады екен, – деді.

– Жүгіруі мен жүрегі қалай еді?

Жауап бермес бұрын жалт қарады. Жанарынан аңшылық туралы білетін қусың ғой деген жазуды оқыдым.

– Тазының алымы, аузыңның салымына байланысты ғой, бауырым, – деп жұмбақтады да қойды. Жүйрігін жұрт көзінен тасада ұстайтын атбегілер секілді аңшылардың да ит пен құсын оншалықты мақтай бермесі белгілі. Бірақ әлгінде ғана әңгімеге шақырып қоймаған адамның аяқ асты сөзге сараңдана қалғаны несі?! Оққа сүйенген құлжадай қылтия қалыпты өзі.

– Ағасы, қайдан келесіз? Аңға автобуспен бармаушы еді атам қазақ, – дедім тілімнің тікені барын аңғартып. Соңғы сөйлемім ерігіп отырған жастардың құлағына майдай жақты білем, бірі дарақылана қарқылдап, енді бірі шикылдап, кейбірі жымындап жырқылдаған. Қарсақ тұмақ қызарактап қалды.

– Міне, қара! – деді әмірлі үнмен.

– Нені қараймын?

– Тазыны қара! Дұрыстап қара!

– Ал қарадым.

– Қарасаң сол, бұл сырттанның сарқытын ішкен тазы.

Шамасы терісі жұқа. Менің шымшығаным өтіп кеткен болу керек, мезетте аузы көбіршіктеніп, түтіп жейтіндей түрі түтігіп кетіпті. Құнжындап аладорбаның ішіндегі тазысын бір қозғап қойды да, сыр еткізіп сыдырмасын жапты. Ойламаған жерден көршіммен араздасып қалғанымға опындым. Мұндай қайнауы тез адамдардың басылуы да оңай, сабасына түскенше тіл қатпай сабыр сақтадым. Менің үнсіз қалғанымды айыбын түсіндіге жорыған ол ыңғайсызданды енді. Ары-бері қозғалақтап отырды да:

Құлағыңды әкелші бері, – деді. Менің ұмсынғанымды күтпестен өзі ұмтылып келіп сыбырлады. Тікен мұртының қытықтағанына қарамастан тыңдауға құлық танытып басымды ие бергенде:

– Кенесарының Көкдауылын білуші ме едің, – деді құпиялап. Мен таңданғандай кейіп танытып, басымды шайқадым.

– Мынау – соның итаяғын жалаған саңлақ...

\* \* \*

Қазақ пен қырғыздың қақ ортасына жамбастай жатқан қарт Алатаудың күдірейген жондарын жағалап тартып келеміз. Қордай тұсындағы қонышынан шыққанбыз, әлі кіндік тұсқа жетпедік. Көлігіміз бұзылған секілді, өрге күшеніп шығып, көксау адамдай демігіп, әзер келеді. Ал көңіл алабұртып, шабыс тілеп тұр. Жұрт Алматыға жетер-жетпесімізді уайымдай бастағанда ноутбугымды алдыма алдым. Жолға шығарда қуатын толтырғанмын, біраз шимайлауға жетерлік қауқары бар. Монитор бетіне телміріп едәуір отырдым да «Сырттанның итаяғы» деп маңдайына жаздым. Тақырып табыла кетті. Енді Жұманнан естіген дүниелер мен елгінде өзім көрген жағдаятты жүйелеп тізіп шығу керек. Алайда әңгімені бастап үлгермедім, шопырымыз тізгін тартты. Көтерем автобус күрк-күрк жөтеліп, бірер сілкініп барып тоңқандай тоқтады. Жұрт қатарлы бел жазуға сыртқа шықтым. Жағалай ағаш өскен, дәмхана-дүкендері бір-бірімен бәсекелескен жайлы һәм базарлы жер екен. Қақ ортада балпиып аю отыр. Құры отырған жоқ, елге су беріп отыр. Шеберлер қолындағы ыдысынан құдықтың шүмегін қылтитыпты, сонысынан тіршілік нәрі тоқтаусыз саулайды. Ұзақ жолдан шаршап-шалдығып жеткен жүргіншілер мөлдір сумен мейір қандырып, беті-қолын жуып жатыр.

— Бұл маңда аю бар ма?

— Қайдан болсын, — деді құтысымен су алып жатқан ауыл қазағы. Екі құтысын толтырды да ағаштың көлеңкесінде байлаулы тұрған атына бет алды.

— Бәлкім бұрын болған шығар, қазір мұнда қасқыр қалың, — деді үзенгіге аяғын салып тұрып. Сөз әлпетінен, киім киісінен ырыздығын мал тұяғына байлаған қойшы боларсың деп шамаладым. Ол мені аңшы деп ойлады. Тотыққан жүзі мен адамды алдауды білмейтін тұнық көзі ит-құстан әбден зәрезап болған пенденің бірі менмін дегенді айқайлап айтып тұр. Осы қазір мылтығымды шығарып, кеттік қасқыр атамыз десем бағып жүрген қойын тастай сала жол көрсетер түрі бар.

— Шаптырып тұр ма? Алыстан қарағанда шаптырып тұрғанға ұқсайды екен.

Тараздан бері жолсерік болған тақырбас қара езуіне темекісімен бірге өзіл-оспағын да қыстырып алыпты.

— «Тауып айттым ба, қалай?» дегендей айналадағы қыз-келіншектерге қулана көз тастап келіп қоңыр аюдың суына қолын шайды.

— Иә! Бұл өлкеде қасқыр көп. Оларды аулайтын Жұман жоқ, — деп күбірледім. Қарға бойлы, қарсақ тұмақты қазақтың сұлбасы көз алдыма келе қалды.

...Екі жағында екі жендет... Қолын бір сілтеп кетіп бара жатты...

\* \* \*

«Көкқасқа қаншық күшігін ертіп ұясынан шықты»...

Көлігіміз қозғалған бетте ноутбукке қайта жармасқанмын. Төрткіл дүниені ұмытып телміргеніме жарты сағаттан асты. Сол жарты сағатта жазылғаны осы жалқы сөйлем. Диктофонға басылған үнжазбаны құлаққап арқылы қайта-қайта тындаймын. «Көкдауылды күшік кезінде құс көтерген» деп басталатын қарсақ тұмақтының қырылдақ дауысы жеткізген құрғақ деректерді қиялмен түрлендіруім керек. Оқиғаға төтесінен килікпей, қыз аңдыған жігіттей төңіректен жүретінім бар. Бұл жолы да алғашқы сөйлеммен құйрық тістесе тұратын екіншіге лайықты

тіркесті ұзақ екшедім. Ақыры күрделендірмей, жадағай бастауды ұйғардым. Әлқисса...

Көкқасқа қаншық күшігін ертіп ұясынан шықты. Үнемі жалқы туады. Сорлы күшіктері көзін ашпаған соқыр күйінде сатылып кетеді. Иесі де бір дорак. Туар-туғанша аңға қосады. «Буаз күйінде қоян алған» деп жұрт мақтаса тіпті екіленіп кететіні бар.

— Жатырындағы жалғызды ауырсынса таймас болмай кетсін бұ қызталақ, — дейтін мұртын ширатып. — Тазы да емес, — дейді ерніне насыбай атып. — Онда ол — ит болғаны! Қазан аңдыған, қора күзеткен көк ит, сұр ит, көп иттің бірі...

— Тазының нәсілі иттен емес пе? — деп андаусызда айтып қалған, көпекөрнеу сөз таластырған адамды со жерде итше талайтын. Сөзбен қажап, ит терісін басына қаптайтын.

— Көкқасқаның соңғы күшігі менікі, оған дейінгісі ел ырысы, — деп екі жылда бір түсетін жалғыз күшікті арзанды-қымбатты сататын, ұзатылар қыздың жасау-жабдығына көңілі түссе қосатын.

Көкқасқаның арғы тегі таймас тұқымынан. Бұл иттің бір тармағы қырғызда қалған. Олар тайған десе, қазақ таймас атайды. Тайған мен таймастың түпкі тегі бір болғанмен аздаған ерекшелігі де бар. Қазақ пен қырғыздың ұқсастық-өзгешелігі қандай болса тайған мен таймастың болмысы да тап сондай. Өскен ортасы, баққан қожайынына қарай дене тұрқы, мінез-құлқы қалыптасқан. Азуы мен арыны шамалас. Жарысканда жер жағдайына байланысты шабады, алысканда ыңғайына қарай алады. Қашқан тағыға тауда тайған, жазықта таймас бұрын жетеді. Тек қырғыздың тайғаны қосақтап туады, ал қазақ таймастың жатыры жалғызға жаралға деп біледі. Жалқы туар атадан ғана тұқым өрбітеді. Әгерәки, күшігі көбейіп кетсе құты қаштығы жорылады, жатырына көрінген ит сарыған қағынды қаншық аталады. Көп ұзамай көзін құртады. Талай таймастың тағдыры осылайша қайғылы аяқталған. Сол себепті қырғыздың тайғаны көп, ал казактың таймасы аз!..

Көкқасқа бауырынан өрбіген баласының қылығын биыл тұңғыш қызықтап тұр. Әдетте уызы сарқылар-сарқылмастан қолды болатын, бұ жолы құдай қарасты. Ешкім тимеді. Өзінен аумап түскен көк күшік сүйек кеміруге жарап қалды. Тұрған бойы ұрыншақ тентек, тасшайнар өжет. Төбет иттерді төбелеске шақырып, әліне қарамай киліге кетеді. Олардың тісі батып жатса да қыңсылап қашқан емес, шешесінің бұтына тығылып шағымданбайды да. Осы қазірде қарап тұрмай, есік алдында жатқан ішкілік тоқымның біреуін сүйрей жөнелді. Тістеп тартып, әудем жерге ұзап кетті. Көкқасқа күшік қылығын алыстан бағып тұрған. Сақ құлағы кенет ауаны қақ тіле ысқыра зуылдаған дыбысты естіді. Қырағы жанары аспаннан қап-қара тастың құлап келе жатқанын байқады. Ұшып тұрып күшігіне ұмтылды. Үлгермеді. Аузына тек ішкіліктің пұшпағы ілінген.

...Құрым киізді ызадан жүндей түтті.

\*\*\*

Кәрі бүркіт құз басындағы ұясына демде жетті. Шеңгеліне ілінген күшік қыңқ деп үн шығармады. Өлдіге жорыған. Ұяның алдына қонар-қонбастан допша домалатып тастай салды. Жансірі екен, өлмепті. Тұра сап жартастың қатпарлы қуысына тығылды. Тоқты-торым табылмай, қотан маңынан кішкене күшікті ілгеніне енді өкінгендей қанатын қомдап екі-үш мәрте шаңқылдады. Ащы дауыс жаңғырып, қалғып-мүлгіген меңіреу таудың қойын-қонышын қуалап кетті. Жартастың үнгірінен балапан

шықылықтады. Өзінен басқа түкпірде тіршілік иесі барын байқап қалған қағілез күшік мезетте солай қарай зып берді. Іле-шала қозғалған бүркіт үш-төрт секіріп жеткенше күшік ұяға түсіп үлгеріпті. Шалт кимылдап, қарулы тұмсығымен жон арқасынан түйреп, суырып алды. Басын бір шұлғып лақтырып жіберді. Күшік бірер домалап тұрды. Қыңсылаған жоқ. Бүркітке айбат шеге ырылдап, балапанға қайта жүгірген. Ұядағы қарақанат беймәлім мақұлықтың мұнысынан жасқанатын емес. Керісінше қанатын сабалап, шу-шұрканы шығып жатыр. Бұрындары тірілетуге әкелген қоян, қарсақ қозы-лақтарды ары-бері қақпақылап, жәукемдеп тастайтын. Бұл жолы құйтақандай немеге қайраты шаппай тұр. Ұяға қарғып түскен көк күшікті кәрі бүркіт бір бүріп, белін үзіп жібермек болып төніп барып тоқтады. Бейшара қорған тілегендей балапанның борбайына басын тығып алыпты. Бүркіт райынан қайтып кейін шегінді.

Алып қара құстың тырнағы қатты, тұмсығы өткір болғанмен бауыры жылы екен. Алғашқы түні жатырқап ары-бері түрткілеп, үлкен ұяның шетіне ығыстырып тастаған. Келесі күні қанатының астына алды.

\* \* \*

Ескожаның Баястаны бүгін бүк түсіп жатыр. Қатыны өлгендей қапалы. Көп болып келіп Көкдауылға қолқа салғанда әуелгіде көктемгі өзендей езуінен көбік ағызып, көкдолы мінезіне басқан. Қарагеріне қарғып мініп, қайқы қылышын білеп ат ойнатты. Сұлутөрді бетке алып тұра шапқанмен жасанған қолға жалғыз баруға дәті шыдамай, жолдан қайтты. Сүйретіліп үйіне жеткенде қас қарайған еді. Көкдауыл көзге шалынбады. Абалап шыққан ауыл иттерін қамшымен бір-бір тартып, өзегін шарпыған өкініш өртіне су сепкен. Бірақ бір өзі тоғыз қасқыр алған азулы құмайдың күйік оты онымен сөнбеді.

– Көрінде өкіргір, ит қазақ, – деп кіжінді. Көмейіне өксік тығылып, көзіне жас кілкіді. Көңілі өткен күндерді сағынып, жүрегі сыздады.

Ыстықкөлдiң бойында құмай тазы пайда болыпты деген хабарды Баястанға ел адақтаған дәруіш жеткізген. «Бір ұядан өрген ит пен құсты көрдім, бірі аспаннан шүйіліп, екіншісі жерден тартып таутекені демде жәукемдеді» деген көзін алақтатып. Баястан қаңғыбас емшіге сенiңкіремесе де ұрынарға қара таппай сенделіп жүрген сойылсоғар бес жігітін дереу аттандырды. Дәруішті жолбасшылыққа алған олардың үшеуі араға төрт күн салып оралды. Екеуі өзге аңшылар иеленіп кетпесін деп күзетке қалыпты. Жігіттерінің сақтығына разы болған Баястан дәруішке тайтұяқ алтын ұстатты да атқа қонды. Құз басындағы құс ұясын тез тапқанмен ұяластарды ұстау оңай болмады. Нөкерлері оншақты күн төңіректеп жүріп, өзер дегенде торға түсірген. Құмайға – Көкдауыл, қыранға – Қарақұйын деп ат қойды. Екеуін бір үйде бақты. Бірін арқаннан керген ырғаққа отырғызса, екіншісін қабаттап салған сырмаққа жатқызды. Ұяластың аты ұялас. Үйде жүргенде бір-біріне ырылдап, шаңқылдап кодырандағанмен түзге шыққанда ымырашыл. Баястан басқа тайғандарын ағытып жіберіп осы екеуінің бабымен бір жыл бойы айналысты. Әуелі тұлып шырға салып құмарлығын оятты. Жемтік басқан екеуге жеткен бетте қызыл асатып, тәбетін ашты. Түлкі, қарсаққа да бірден жіберген жоқ. Тірі шырғамен алысып көрсін деп қақпанмен ұстаған тау түлкісінің тірсегін тіліп, дойырларға талатты. Көкдауыл мен Қарақұйын алғашқы қыста он түлкі, бес елік алды. Келер жылы мұнан да олжалы болар ма еді, кім білсін?! Баястан қос жендетін қасқырға саламын деп сан соқты. Азулы бөріге бұрын жеткен Қарақұйын шеңгелдің бірін көзге, екіншісін қара тұмсыққа көздепті. Көзге

салғаны тайыншадай көкжалды бүріп түскен, ал екінші аяқ ката басып арланның аузына іліккен. Көкдауыл қасқырдың шабын жарғанша ызалы бөрі сирақты шайнап үлгеріпті. Қарақұйын шолақ болып қалды. Жастай мерткікен қыраны үшін Баястан қатты қамықты. Оның жасыған көңілін қасқырға кектене шапқан Көкдауыл жазған. Тағының иісін сезгеннен қолды-аяққа тұрмай тыпыршып кететін. Айналасы екі жылда тоғыз қасқыр алып, мейманасы тасыды. Бірақ ұяласының кегі қайтпай үнемі аң тілег тұратын. Сол кегі қайтпаған күйі Кенесарының қолына өтті.

\* \* \*

*Қазақ пен қырғыздың барақ иті бұрыннан таласқыш, ожар тентегі ежелден сабасқыш. Ат шабыс, көкпар тартыста қамшы сілтесу, барымта-қарымтада құрық салысу әдеттегі шаруа. Қызылшеке төбелес, егес пен ерегіс, қан қызыл майдан сан мәрте өткен. Бас жарылып, көз шығып, қолдар сынған, кісі де жазым болған. Құн төленеді, кінәлі жазаланады. Қоңсы қонған екі жұрт Алатауды бөліп жайлап, аққан суын теңдей ішіп жүре береді.*

– Маңқа қазақ...

– Ит қырғыз...

*Бірін-бірі кекетіп отырмаса кеңірдегінен ас өтпейтін екі ұлттың дұрдараздығын келіп-кетіп жүретін көршілері жақсы білетін. Жұдырықтай баласына дейін дәрет сындырғанда да бір-біріне қарап шаптыратын қырсықтығына күлетін. Кенесары Арқадан ауып, Қордайға келген заматта сол көршілер көсеуіне жүрген. Неше жылдан бері бықсып жатқан араздық қоламтасын Қоқан бір қозғап, Орыс екі түртіп лап етіп жандырды. Қазақ пен қырғыздың би-төрелері елдіктің сөзін ұмытып, ежелгі кекті есіне алды. Жұдырығы жуан батырлары құрығын тастап тақымға найза қыстырды. Қолдағы қамшысын ердің басына іліп, қылышын қыннан суырды. Қос елге ырзық болған Шудың суына қан тамып, ағысы ырғағынан жаңылды.*

*Ақыртөбе шайқасында Бүрге батырдың Қалшасы қолға түскен. Қасына ерген 700 жігіттің аты жүйрігі қашып құтылды. Қарсыласқаны қазақ қылышына туралды. Солты мен Сарбағыш, Құсшы руларын билеген манаптар Қалығұл батырды басшы қылып елші жіберген. Сол Қалығұл кеше оралды. Күніреніп келді.*

– Атаңа нәлет, маңқа қазақ намысымды сындырды. Бағлан ердің басын итке теңеді, – деген кеудесін тоқпақтап.

– Өй, оның жарасы жеңіл, – дегендер сол жерде дүреге жығылған. Қырғыз өрім дойыр қамшы жотасында ойнаған.

– «Солты Ескожа баласы Баястанның Көкдауыл тазысын беріндер, Қалшаларынды сонда босатамын» деген Кененің талабы үш рудың намысқой жігіттерін шайқалтып жіберген.

– Итке теңесе, иттей болып алып келіндер деген билер де басқа сөз таппай...

...Арада апта өтпей Көкдауылды жетектеп кеткендер, Қалшаны мінгестіріп қайтты.

\* \* \*

«Көкдауылдың сүйегіне сүйсінген Кенесары Қалшаға ханның тәжін кигізіп жіберіпті»...

Тағы да мониторға телміріп отырмын. Бұл жолы автобуста емес, үйдемін. Жалпақ әлемді жадына сиғызған жалғыз терезенің бір бұрышынан жарнамалар жырбақай қатындай жыртындайды. Көңілді арбағысы келетін оларға көз қиығымен қарағаным болмаса зейін басқада. Ойда күмән бар.

Хан Кененің итке бола айдаладағы қырғызға тәжін сыйлай салғаны несі?! Жалпы жарты өмірі жорықта өткен Кенесары тақта отырып, тәж киген бе еді?! Бұл өзі аңыз ба, әлде ақиқат па?! Жұманнан сыр тартқанымда «мен қайдан білейін, өзінен сұра» деген китығып.

– О дүниеге барғанда кезігіп жатсам сұрармын, – дедім.

– Естіген құлақта жазық жоқ, қырғыздан жеткен әңгіме осы! Сенбесен қырғыздың шалдарын сөйлет. Журналистсің ғой, ізден. Архивтен қара! – деп қарсы шапты.

– Жарайды, жарайды...

Жаздым, жаңылдымға бастым. Ашуланса білгенін айтпай қоятын білімпаз қырсықтарды журналистік өмірде талай көргенбіз. Олардың ығына жығылып, көтеніне көпшік тастап көп мәлімет алу тәсіліне көнгенбіз.

Көкдауыл Кененің қолына келген жылы үш қасқыр алыпты. Келесі жылы Кене қаза тапты. Екеуін байланыстырар басқа мәлімет жоқ. Иесіз қалған Көкдауылды ханның жұртынан Жұманның арғы атасы Құлман тауып алған.

– «Оның нақты Көкдауыл екенін қалай білген?»

Бұл сұрақ көкейде тұншықты. Бірдеме десем, өзі шытынап отырған қикар жанның күл-паршасы шығатындай... Әңгімеге иланған түр танытып, диктофonomды аузына тақай бердім. Ол атасының Көкдауылға арнап итаяқ шапқанын ынта-шынтасымен айтып, көкпар ілген шабандоздай бұрқыратып барады. Ал менің ойым орнынан шабан қозғалған, қамшысүйер қой торыдай соңынан қодырандап желген. Әлгі дүдәмәл дерекке қайта-қайта қарағыштап, күдік пен күмән батпағына малтығып шапқан. Қазір де сол күйдің ар жақ бер жағындамын. Бүгін күні бойы кітапханада отырдым, ғаламторды кездім. Жұманнан артық білетіні жоқ. Бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай «Кенесары Қалшаға ханның тәжін кигізіп жіберіпті» дегенмен шектеледі. Сол дәуірді зерттеген ғалымдарға сұрау салдым, олардың да қолында нақты дерек жоқ екен. «О кездің адамын танып болып енді иті қалып па бізге?» деп бір тарихшы мұртынан күлген. Мардымды мәлімет таппай маңдайым тасқа тие берді. Жұманның әңгімесі мен кітап, ғаламтордан жинаған ақпаратқа секемшіл көңіл сезіктеніп тұр. Не істеу керек? Отыра-отыра бел талды, компьютерге қарай-қарай көз бұлдырады. Саусақтарым пернетақтаны бойлап сенделіп жүр. Батпаққа тығылған тракторша бір орында тыпырлап тұрған шарасыз қалпыма ызаландым. Шығарманың осы тұсынан желе-шоқырақтап, сылап-сипап өте шықпақ болып бір оқталдым да тізгін тарттым.

– Адамның сырттаны мен иттің сырттаны өмірде бір кездескен екен. Оған несіне күмәнданасың?! Көрбай-жарбайды жазғанша, жазғыш болсаң осыны жаз, – деді кеудені қоныс қылған әлдекім. Оған қоңсыласы қарсы шықты.

– Ақиқатқа емес, аңызға сенгіш халықтың ұрпағысың ғой. Бұ жолы да дақпыртқа еріп барасың. Байқа, бала, тарихқа қиянат жасап алмайсың ба? – дейді ойды бұзып. Екеуі үнемі тіреседі де жүреді. Бірі оптимист, екіншісі пессимист.

– Ертең ана едірең мұрт тарихшы бастап, жалтыр бас ақын қостап, бүйрек бет жазушы, салпы ауыз блогер жүндей түтеді сені, – деп қорқытты пессемист.

– Қайдағы қиянат! Тарихи дерек, ел аузында сақталған әңгіме бар ма? Бар! Ендеше неге сол дерекке қиялдың қанатын байлап көрмейсің! Тарихи шығармалардың барлығы солай жазылады, көкем!

— Ал мақұл, жаз, көрейін... Мәселе қалай жазатынында, — деп пессемист ой шегінді. Шегінгенде де шірене, сыздана шегінді.

Шынымен де қалай жазамын? Кене мен Көкдауыл бір жылдай дос болған дейді Жұман. Біздің есеп бойынша екі жыл болуы тиіс. Қордайға алғаш барған 1845 жылы қолына түсірсе, Кене 1847 жылы сәуір айының 17 мен 25-і аралығында қаза тапқан. Ендеше екі жылға жуықтайды. Мейлі... Жылы маңызды емес. Екеуінің қарым-қатынасын қалай суреттеймін?! Күрмеудің түйіні сонда! Шабан ойды қамшылап, ары-бері шапқылаттым. Бірінің формасы, екіншінің мазмұны ұнамады. Ал үшіншісі таптала-таптала шаны шыққан тақыр жер секілді тафтология.

— Осы жерден иттің ішіне кіріп өтіп кетсем қалай болады. Көкдауылдың көзімен қарайын өмірге...

Дертіне дауа табылған науқастай орнымнан ұшып тұрдым. Ішімдегі оптимист жеңгеніне масаттанып «бәрекелді» деді. «Бас қамшыны, сенің қолыңнан бәрі келеді» деп қайрап жатыр. Ал пессемист өкпешіл баладай бұртиып, теріс айналды. Мен компьютерге шүйілдім.

\* \* \*

«Сол күні аспан мен жердің арасы жақындай түскен. Көбік бұлттардың желіні сыздап, Қордайдың жоталарына келіп иіп тұрды. Күннің шыққанын ешкім көрген жоқ, шашқан шапағы бозғылт тұманнан өте алмай таңның атқанын өлімсірей хабарлаған. Қойшы қойын өргізіп, жылқышы құрығын іздеп, қатын-қалаш қалағымен қазан-ошақтың күлін шығарып, бала-шаға маулығып ұйықтап жатқан шақ»...

Хан Кене мен Көкдауыл тазыға арналған бөлімнің алғашқы тармағы осылай түзілді. Әдебиет теориясының тілімен айтқанда — пейзаж. Жазуын жазғанмен осы бір кіріспе керек пе, жоқ па? Табиғатты суреттемей-ақ бірден бастап кетсем қалай? — деп екіойлы күйге ерік бергенім сол еді Оптимист пен Пессемист тағы да ілінісіп қалды. Ары-бері ырғасып, бір-біріне алдырмады. Құдды біздің өкімет пен оппозиция өкілдері секілді. Бірін-бірі ешқашан құптамайды, оң ісін де теріс көреді. Даулары да бітпейді. Ол екеуі бір-біріне алдырмай тайталасып тұрғанда үшінші бір дауыс төрелікке келді. «Тұра берсін, қысқарту онай ғой. Соңынан бір көрерсің» деді төтесінен. Ішімде екеу емес үш адам барын бұрыннан білетінмін. Ана екеуі секілді жиі бой көрсетпесе де кей кездері ойдан олжа салатын. Бұ жолы да бір-біріне бетбақтырмай тұрған екеуін жуасытып, тығырықтан жол тапты. Соның дегеніне көндім.

Әлқисса... Көкдауыл сұлық жатыр. Аң тілеген көңілі өрекпулі... Екі көзі есікте. Даладан тықыр естілсе екі қарғып жетуге даяр. Қызыл есікке қарап жатып қалғып кеткен екен, түс көрді. Төрт аяғы жерге тимей безектеп жортып келеді. Қасында иесі. Бүгін нөкерін ертпей жалғыз шыққан. Үйірлі қасқырдың ізіне түскен Көкдауылдан құрық сілтем артта. Бөрілер сокпағы дегерес төбеге бастап барды. Төбе басын шиырлап біраз жүріпті де төртке бөлінген. Бірі тауға, бірі құмға енді бірі шығысқа бет алса жалғыз із батқан күнді қуалай батысқа тартыпты. Ең ірісі де осы көрінеді. Көкдауыл көп ойланып жатпады, соның соңына түсті. Табан ізі тостағандай көкжал қырқа үстінде көзге шалынды. Күрткі қарға қолтығынан малынып, тайыншадай денесін ауырлап зорға кетіп барады. Көкдауыл демде қуып жетіп, тірсектен тістеп өтті. Көкжал бұл әрекеттішыбын шаққан құрлы көрмей, қайрылмастан жүре берді. Бізалана ұмтылып келесі шабуылда шаптан тартқан. Артынша жылдам

кимылмен алқымға жармасқан. Бірақ тісі тиіп үлгермей жатып кейін серпілді. Қанталаған көзі бағана көрмеген екен – көкжалдың басы жоқ. Иә, иә... Басы жоқ қасқыр.

Көкдауыл осы кезде шошып оянды. Бассыз қасқырдан қорыққаны, әлде аяғаны белгісіз денесі түршігіп кетіпті. Өз-өзіне келе алмай, өң мен түстің арасында сүтпісірім уақыт мәңірейіп жатты да есікке ұмтылды. Киіз үйдің ағаш есігін кеудесімен гүрс еткізіп ұрып кейін серпілді. Ауыр соққыдан есік көзінде аз-маз саңылау пайда болған Сол жерден сығалаған себезгі сәуле көңіліне сәл-пәл үміт сыйлайды. Бар пәрменімен қайта ұмтылды. Бұл жолы саңылау үлкейе түсті. Үшінші сүзгенде есіктің ілгегі ағытылып, тұмсығымен жер сыза құлады. Көкірегі дал-дұл болыпты, жырылған теріден дірдектеп қан сорғалайды. Көкдауыл оған қарап жатпады, бірден иесін іздеп жортып кеткен.

Кесек бітімді, шоқша сақалды адамға аз ғана уақыт ішінде бауыр басып қалыпты. Өзінің кеудесі паң, мінезі ауыр, сөзі өктем. Айналасындағылар ол жүргенде ілеседі, тоқтағанда үйіріледі, ал сөйлесе тыңдайды. Көкдауыл көз ашқалы көріп келе жатқан адамдардың ешбіріне ұқсамата алмады. Аңға шыққандағы қылығы да алабөтен. Бүркіт, тазыларын түлкі-қарсақ қуып сандалтпайды. Тек қасқырға құмар. Онда да қырыпсал аңшы емес, таңдап жүріп тарландарына жібереді. Көкдауылдың да іздегені сол еді. Ұялас серігі Қарақұйынның сирағы шайналған кезде кеудеге түскен кектің шоғы сөнген жоқ. Содан беріде қасқыр атаулының оншақтысын жайратты. Кейбірін бірнеше тазы жабылып алды, кейбірімен жекпе-жек айқасты. Мына кісінің қолына келгелі төрт рет аңға шыққан. Соның үшеуінен әлеует асырды, біреуі бой бермей кеткен. Бұрынғы иесі қасқырмен айқас басталғанда әжептеуір болысатын, немесе басқа тазыларын қосақтап үрит-соқтап айғайлап тұратын. Ал мынау атын ойнатып, жекпе-жекте сырттай ғана бақылайды. Соңғы айқас Көкдауылдың есінен кетпейді. Таудың көкшуланымен аңызак жазықта жолықты. Ұзақ арбасты. Ақыры бір-біріне ауыз салысты. Бұл қасқырдың астыңғы жақ сүйегінен алса, ол мұның тұмсығын қапқан. Бір-біріне тіс батырғанда екеуінің де ұрты қанға толды. Тікесінен тірескен күйі едәуір уақыт тұрды да жерге бірге жығылды. Көкдауылдың көзі қарауытып, басы зеңіп бара жатқан тұста көкшулан тісін босатқан, бұл есін жиыңқырап алмас азуын онан сайын батыра түсті. Сол кезде ұртына әлдекім ағыш тығып қарысқан жағын ашты. Қасқыр сол-ақ екен сытылып шығып кетті. Көкдауыл тәлтіректеп тұрса да қашқан жаудың соңынан ұмтылған. Әлдекім қарулы қолымен мойнынан қапсыра құшақтап, жібермей қойды. Көкдауыл біраздан соң иесінің қойнында есін жиды. Бірақ ол ештемені бағамдай алмады. Бір-біріне беріспеген екі мықтының майып боларын сезген иесі жігіттеріне ажыратуға жарлық бергенін, әуелі қасқырдың аузына құрық тығылып, артынша Көкдауылдың жағын осы әдіспен жазғанын білмеді. Сол оқиғадан кейін Көкдауылдың тұмсығында үлкен тыртық қалды, есесіне қожайын екеуінің арасы ерекше жақындай түскен. Күніге келіп ет асатады. Ақ сұр жүзіне айбар беріп тұрған көкшіл көзін тайдырмастан ұзақ қарайды. Соңғы рет екі-үш күн бұрын көрген. Бұл жолы әдеттегіден көп отырды. Тарғыл даусы дірілдеп, әуезді ән айтқан. Көкдауыл ән мағынасын түсінбесе де қапсағай денелі адамның жүзінен торығуды байқап, жалтылдаған жанарына жасырынған мұнды көрді.

\* \* \*

Көкдауыл иесін шарқ ұрып іздегенмен таппады. Оның айналасында жүретін темір сауытты адамдар да көрінбейді. Ауыл бұрынғыдай емес, бұйығы. Бұған қарайын, сорпа-суын берейін деген ешкім жоқ. Қотан маңын тіміскілеп сүйек-саяқпен жүрек жалғайтын жаман-жәутік емес, таң қараңғысында азық іздеп тауға кеткен. Қыр қояны мен түлкі-қарсақаяғының желі бар. Әл-қуаты сарқылып, көңілі пәс тартқан тазыға жеткізе қоймас Көкдауыл күні бойы құры сандалды. Намаздігер шағында тау беткейінде қорым тастың арасына жата кеткен. Жотадан өткен күннің қызуы бойын балбыратып, ұйқы шақырды. Көзі іліне бере тағы түс көрді. Бұл жолы да басы жоқ арлан... Қоңыртөбенің ұшар басына шығып алып ұлып тұр. Бассыз кеудеден шыққан қырылдақ дыбыс қасқырдың ұлығанынан көрі адамның айқайлағанына, ышқына зарлағанына келіңкірейді. Көкдауыл мына дауысты қайдан естігенін есіне түсіре алмады. Әйтеуір таныс әуен, таныс үн. Аздап елегізіп тұрса да әлдебір күш қасқырға қарай итермеледі. Бұл жете бере бассыз бөрі шалт қимылдап тастан секіріп түскен. Келер сәтте құбыланы бетке алып жортып кетті. Бөкен желіске салған бөрінің артынан состиып қарап тұрған Көкдауылдың көзі бұлдырады. Жанарын қайта тіктегенде қасқыр емес адамды көрген. Кәдімгі екі аяқты, қос қолды мақұлық. Тек оның да басы жоқ. Кетіп бара жатқан құр кеудені Көкдауыл бірден таныды. Иесі. Жүрісі де бәз баяғыша... Аяғын алшаң басып, асқак денесін тік ұстаған күйі қыратты асып, бой жасырды. Көкдауылдың денесі қалшылдап кетті. Атып тұрып артынан жүгіре жөнелген. Сүрініп жығылды. Беткейде жайылып жүрген кекіліктер дүрк көтеріліп ұшқанда ғана әлгі көргендері өңі емес, түсі екенін түсінді. Ары-бері шапқылап іздемек болып еді, әлсіреген денесі ауырлық қылды. Тым-тырақай қашқан кекіліктермен бірге неше күннен бері нәр сызбаған, асқазаны да шұрқырап сала берген. Өзінің кәнігі аңшы екені есіне түскендей тамсана жұтынды да кекіліктердің өрісін бағдарлады. Байқаса бұл таудың қойын-қонышы құсқа толы. Әрбір тұста топ-тобымен жайылып жүр. Көкдауылдың қаны ойнап, тәбеті ашылды. Ширақ қимылдап келесі жотаға шықты да, мысықтабандап етекке сырғанап түсті. Алыстан кекіліктердің өрлеп келе жатқанын байқаған сәтте көк тастардың арасына бүк түсіп жата кеткен. Көзі жұмулы болғанмен сана сергек, жан дүниесімен аңғал құстардың тақап келгенін сезді. Бірінің аяғы денесіне тие бергенде Көкдауыл атып тұрып, екі үш мәрте қарманды. Шу-шұрқаны шығып тау құстары қаша жөнелді, біреуі Көкдауылдың тырнағында қалды.

\* \* \*

Кекілік сенгірдің тауынан кекілік аулаған күннің ертеңі етекке түскенде ел көшкелі жатқан. Көкдауыл буынып-түйінген жұрттың ішінен тағы да иесін кездестіре алмады. Барлығы да көзтаныс адамдар. Барлығы да ит түгілі баланың еркелігін көтерместей қапалы. Жүк артқан қара нарлар ыңырана түрегелді, төлеңгіттер күңірене атқа қонды. Қайда барары белгісіз көш жүре түзеліп, соңғы түйе соқпаққа түскенде әлдебір ән көкке көтерілген.

\*Келіншеқтау – Қай заманда екенін кім білсін, Қаратау етегін жайлаған атақты бай болыпты. Байдың өрісі малға толғанмен үйі іші жанға кедей екен. Кіндігінен Айсұлу есімді жалғыз қыз өрбиді. Күндердің күні айдай сұлу Айсұлу бойжетіп, ұзатылады. Қырық күн ойын, қырық түн тойын жасаған бай жалғыз қыздың жасау-жабдығын қырық түйеге артып, аттандырады. Құдалықтан қайтқан керуен Балдысу өзеніне келгенде Айсұлу ат басын іркіп, сандықтағы жасауларын тексеріпті. Барлық бұйымдары таза алтыннан жасалыпты да жалғыз итаяқ ағаштан шабылған екен. Айсұлу әкесіне кісі салып, итаяқты да алтыннан соғуды талап етеді. Қызының мұнысына қапаланған бай: «О, жақсылықты түсінбеген қасиетсіз! Тас бол! Тас бол! Тас бол!» деп үш рет қарғапты. Сол заматта Айсұлу мен оның сонынан ерген шұбатылған көш тасқа айналыпты. Сөйтіп, бұл жер «Келіншеқтау» аталыпты деседі.

Көкдауылдың құлағына таныс әуен, таныс ырғақ. Салпаң құлағын бір қағып сәл кідірді де әнді қуалай тартқан. Ат үстінде шайқалған шайырды тез-ақ тапты. Екі көзін тарс жұмған күйі қобызын күңіретеді. Азалы күйге көмейден шыққан шерлі әуен қосылады. Көкдауыл киіз үйдің ішінде иесінен тыңдаған ән мақамын жазбай таныды. Қаумалаған көптен қалмай бұлкектей жортып ілесті. Әлден уақытта ән аяқталды. Көзінен парлай аққан жаспен жеңін суарған ақын сәл тыныстады да қайтадан әнге басты.

Кенекем менің кеткен соң,  
Заманым қалды тарылып.  
Халық иесі хандардан  
Жетім қалдық айрылып.  
Екі бірдей қанатым  
Топшыдан сынды қайрылып,  
Балдағы алтын ақ берен  
Тасқа тиді майрылып.  
Кемшілік түсті басыма  
Көрінгеннен қаймығып...  
Кенесары кеткен соң,  
Иесіз қалды тағымыз,  
Наурызбай төре кеткен соң,  
Бастан тайды бағымыз.  
Бұлбұлдай сайрап жүр едік,

Байланды тіл мен жағымыз, — деген Нысанбай жыраудың жоқтауын естіген ел еңіреп жылады. Бұлт булығып, тау теңселді, өзен өкіріп, құстар шулады. Ештемені түсінбесе де Көкдауылдың көзінен де жас ыршыған. Ат үстінде теңселіп тұрған ақынның сөзінен әлдебір ызғарды сезген, қайғы мен мұнды таныған. Кекілік сеңгірдің қорымында көрген түсін есіне алды. Бассыз бөрі, басы жоқ адам. Олардың басы қайда? Көкдауыл иесін тезірек іздеп тапқысы келді. Онымен енді тек түсінде кездесерін білмеді.

\* \* \*

Түн. Дала жым-жырт. Үй ішінде тек тоназытқыштың дауысы дүрілдейді. Бөрі ұйқыда. Сағат та аяғын санап басып, қары талғандай сылбыр соғады. Компютер алдында отырмын. Бүгін үшінші күн. Диктофонды қостым. Сөйлей жөнелді.

— Кенесарының басы алынған күннен Көкдауылдың бабы жоғалды. Содан кейін көп жасамапты. Ары кетсе бір жылдай ғана жүрген. Хан ордасының жұртын күзеткен тазыны Құлман бабам тауып алып, асырап-баққан. Бірақ аңға салмаған.

— Неге?

— Бұратылған көк тазыны көрген бетте қызығы қайтып, ішіне құса түсіпті. Енді шаба қоймас деген екен. Айтқаны айнымай келіпті.

— Тұқым алып па?

— Жүйріктігі қара басына бітетін тұлпарлар болады. Сол секілді Көкдауылды қанша әурелегенмен ұлыққан қаншықтарға жоламай қойыпты. Тек ырысын алып қаламын деп ағаштан итаяқ шапқызған.

— Қандай ағаштан жасаған?

— Өріктің безінен.

— Неге темірден соққызбаған?

— А, не дейсің?..

— ... (Ақымақтау сұрақ қойғанымды сезсем керек, үндемей қалыппын)

— Келіншектаудың тарихын білесің бе?

– Қай Келіншектау?

– Қанша Келіншек тау бар еді? Созақтағыны айтамын...

– Естіген секілдімін, – деп күмілжідім.

– Естімеген секілдісің, – дейді қырылдақ дауыс. Менің білмейтінімді аңғарған. Келіншектау туралы айтып кетті. Дүмбілез оқушыға сабақ түсіндірген шақар мұғалімдей шаңқылдап сөйлепті. *Диктофонның дауысын бәсеңдетуге тура келді. Құлақты тесіп жіберердей өктем... Келіншектаудың аңызын екі-үш мәрте қайталап тыңдадым. Тыңдадым да таңғалдым, әрі ұялдым. Ұялғаным, ел мен жердің шежіресіне шорқақ екенмін. Таңғалғаным, Жұманың ағып тұрған шешен, көкірегі даңғыл шежіреші. Әрбір сөзі өзі секілді шып-шымыр. Ыңыранып, ыңқылдап тұрмайды. Бір оқиға мен бір оқиғаны керемет байлайды. Тіркестері бейнелі. Көркемдеп, ақтап-көктемей-ақ айтқанын айтқандай көшіріп бере салсам да жаман дүние шықпайтын секілді.*

*Қарсақ тұмақты түйғындай қазақты тағы есіме алдым. Соңғы көрініс көз алдымнан кетпейді. Екі жендеттің ортасында сөлбірейіп кетіп бара жатты... Маған қарап қолын бір сілтеді емес пе?! Не демек болды екен?!*

*Жұманның Келіншектау\* туралы айтқанын сол қалпы қағазға түсіруге кірістім.*

\*\*\*

Итаяқ. Сырттанның итаяғы. Өріктің безінен шабылған. Пошымы бүгінгі шеберлер жасап жүрген ет салатын астауға ұқсайды, сәл шұңғылдау. Айтпақшы бұл итаяқтан өзім де ас іштім деді ғой... Диктофونымды қосып, диалогты қайта көшірдім.

– Көкдауылды атам әлпештеп бағыпты. Босағадан орын беріп, астына тері тулақтарды қабаттап төсепті. Тура бір жыл дегенде тазы ұшты-күйлі жоғалған. Құйрық майды қалтасына салып алған атам неше күн сабылып іздеген. Аузына май тығып, бетін жасырмақ болған. Бірақ жақсы ит өлігін көрсетпейді деген рас, шартарапты қанша шарлағанмен таппаған. Көкдауыл кеткенмен итаяғы қалды. Бабадан балаға мұра боп жалғасты. Құлман бабамыз көшкен кезде итаяқты соңғы түйеге артады екен.

– Неге?

– Салт солай. «Соңғы түйенің жүгі ауыр» деген сөз содан қалған. Ауыр дегені салмақты ғана емес, маңызы зор дегені... Қадірлегені... Бұрынғы қазақ қазіргіден ақылды болған.

– Мойындаймын...

– Мен іште жатып анамды жұтқан жалмауызбын. Жеті айлық боп туыппын. Шешем жолдасы түспей жарық дүниемен қоштасыпты. Әжем марқұм тоғыз айға толғанымша тұмаққа салып, ешкінің сүтімен баққан көрінеді. Өзі шала туған әрі уызға жарымаған бала қайбір оңсын. Шипая болып өсіппін, денемнің бір жапырақ болғаны сол... Кеш жетілгенмін. Бес жасқа дейін мешелмен ауырдым. Аузымнан сілекейім сорғалап балпиып отыра береді екенмін. Сөйлеген сөзімді ешкім түсінбейтін быдықтығым тағы бар. Құрдастарым әлі күнге «мешел, быдық, жеті айлық» деп келекетеді тұқымың өскірлер!..

Мені адам қылған осы итаяқ. Әжем марқұм, беске толған күні тұсауымды кесіп, араға апта салып үш рет итаяқтан су ішкізіпті. Содан оналсам керек. Бертінде талай мәрте итаяқпен ұшықтағаны есімде. Қолымызға сүйел қаптаса, көзімізге теріскен шықса болды итаяқтың қағынан кертіп алып жаға қоятын жарықтық. Ұшынған жеріміз ертеңіне сып-сипалам жазылатын. Көктем сайын итаяқтың сірнесімен босағаны майлап отыратын, ырысы жұқсын деп... Тіпті малдың желіні іссе де итаяғын ала жүгіретін, марқұм.

Сыртанның итаяғы деп көзінің қарашығындай сақтады. Қастерледі. Біздің үйдің дәулеті итаяққа жұққан деп отыратын. Атамыз бай-құлақ болып айдалып кеткен жылдары да басқа мал-мүлік тәркіленгенде осы итаяқты сақтап қалыпты. Әжем жарықтық шиеттей бала-шағасын жетелеп қырғызға барып күнелткен. Итаяқты жастықтың ішіне тығып өзімен бірге алып жүріпті. Жұман әңгіменің осы тұсына келгенде күңіреніп кетті.

– Жарықтық-ай, әруағыңнан айналдым, сендердің!.. Сендер қадір тұтқан сол итаяқтан мына «ит» айдың күннің амаында айрылып отыр. Мұны басын шауып тастаса да обал жоқ.

Жұман осы сөзді айта сала маңдайымен терезе жақтауын соғып-соғып жіберді. Автобустың артындағы жастар шу ете түскен. Қызара-бөргіп отырған немелер екеуіміз төбелесіп қалды деп ойласа керек, едірендеп жетіп келген. Жұман ешкімді көзге ілмеді. Тап бір көктем сайын көтеріліп-басылатын қояншықтар секілді көзі шатынап, ауызы көбіктеніп әлдекімдерді боқтап-боралаған.

\* \* \*

Тігерге тұяқ қалмаған кәнпескелеу кезі мен ішерге ас таппаған ашаршылық заманынан аман өткен итаяқ ел аман, жұрт тынышта отқа жағылыпты. Жұманға бұл оқиғаны баяндау оңай болған жоқ. Қайта-қайта күрсініп, омырау түймесін бір ағытып, бір салды. Әрбір күрсініс сайын іштегі мұң мен нала, өкініш-қайғының жалыны бет шарпиды. Көкдауыл тазы хақындағы аңызды тындағанда балбырап кеткен жан-дүнием мына оқиғаны естігенде үсік шалған жапырақтай солған. Итаяқтың тарихы қайғылы аяқталатынын сезген едім, сол сезім алдамапты. Жұманды жұбатқым келді. Аядым, өкіндім. «Қарсақ тұмақты» деп оған кемсіте ат қойып, айдар таққан ұшқалақтығыма опындым. Қазір де сол бір кінәмшіл сезім сөзге тұсау салып, дігерлеп тұр. Шығарма басында ұстанған стиль бойынша «итаяқ трагедиясын» өзімше өрбітіп, бояуын қалыңдатып бұрқыратып кетуге қол жүрмеді. Бірнеше рет жазып, байқадым. Бірақ бүгін жазғанымды ертеңіне өшірдім. Ақыры не естідім, соны бергім келді. Өз жайын Жұманның өзі айтқаны жөн болар...

*Әлқисса... Үйдің кенжесі болған соң әкемнің қарашаңырағы да, сырттанның итаяғы да менде қалды. Совхозда қызмет еттік. МТМ-да ұстамын, қатын құрылыста сылақшы. Бірақ совхоз дерегдірінен дәулеттіміз. Атадан қалған аңшылығым бар. Итаяқты жалаған тазының жаман болғаны жоқ. Таймастың тұқымын таппадым. Ал қырғыздың тайғаны, дүрегей, жарғақ құлақ, сидаң аяқтың талайы қанжығамды қандап, қолымды майлап, қорамды малға толтырды. Ауданның аң құмар мықтылары арнайы іздеп келеді. Бір-бір атқа мінігізіп далаға алып шығамын. Қасқыр қуғызамын, түлкі-қарсақты ұрғызамын. Қызық көргеніне олар мәз, дөкейлермен жекжат болып көжетамыр атанған мен де рица. Келген сайын құр қол келмейді, ауылдағылардың аузына тимек түгілі мұрны иіскеп көрмеген арақ-шарап, азық-түлікті көліктері көтергенше тиіп келеді. Қойшы әйтеуір ырыс-несібіміз асып-тасып жатты. Той-томалақта «Жұман сөйлесін» дейтін жұрт. «Мешел, Быдық» деп түртпектейтін құрдастарымның алды ел көзінше «Жүке, Жүке» деп жік-жаппар бола бастаған. Сөйтіп жалғанды жалпағынан басып жүрген заманда сәбет өкіметі тарады, совхозымыз ыдырады. Совхоздың мүлкін пайға үлестіре бастаған жылы екі қыз мектеп бітіріп оқуға түсті. Олардың артынан бұлғақтап өскен ұл жігіт болды. Оқымаймын әскерге барамын деген соң қарсы болмадық. Семейдің Аягөзінде екі жыл жүріп, бір шүйкебасты жетелеп келді, келініңіз деп... Бетін ашып,*

құда күтiп, тойын жасадық. Оның артынан екі қызды ұзатып, бiраз шабылдық. Бiрақ құдай берген дәулеттiң мұрты да бұзылған жоқ. Итаяққа жұққан ырысымыз төгiлiп-шашылып жатты.

Бар бәле бертiнде басталды. Келiн екі жылға дейiн бала көтермедi. Бұрынырақта жаңа түскен келiншек көйлегiнiң етегiне салып итке жем жегiзетiн. «Итше күшiктесiн» деген ырымы ғой қазақтың. Әйелiме айтқызып едiм, келiн «қорқамын» дептi, балам «шаманизм қалдығы» деп күлкi қылған. Қаным басыма шауып, iске өзiм кiрiстiм. Ақмоншақ деген тазым бар едi сол күшiктей сала күннiң суықтығын сылтауратып үйге кiргiзiп алдым. Балпанақтай қос күшiк сүйкiмдi, жүрсен аяғыңа оратылып, отырсаң төбене секiрiп еркелейдi. Келiнге де үйiрсек. Өзiмнiң күткенiм де сол емес пе?! Итке тамақ берсiн, күшiктерiн көрiп, мейiрленсiн, ит төресi тазының алғысын алсын деп жүрмiн ғой баяғы. Бiр күнi даладан келсем үйдiң iшi қатын-қалашқа толы. Әншейiнде киралаңдап зорға жүретiн бәйбiшем бөксесiн бұлтындатып, бөденедей жорғалайды.

– Оу, жайшылық па? Бұл не дүрлiгiс?

– Құрсақ шашу жасап жатырмыз, – дейдi қызара бөрткен қатынның бiрi қағытып. Саудагер Сақанның үйiне қанша рет қатынағанымды құдай бiлсiн, ерiккен қатындарға арақ таси берiппiн. Олар да бiр құдық екен. Сiңкiлдеттi-ай бiр... Келiннiң көжеге тойғанын сылтауратып осылайша көршi-қоланды араққа тойғыздық. Аяқ жерде, кеуде көкте. Жатсақ-тұрсақ шыр еткен шақалақтың тiлеуiн тiлеймiз. Көңiлде үмiт оты маздап тұр, аздаған күдiк те бар. Көп ұзамай келiн жерiк болды. Өзi де тамақты шұқып жейтiн кiдi едi, әрнәрседен жиiркенедi. Жиi құсады. Күнi бойы аш құрсақ жүредi. Бiр күнi иттiң иiсiнен жиiркенемiн дегендi шығарды. Күшiктер жолап кетсе «кет-кет» деп шыр-пыры шығады. Бiр-екi рет аяқпен теуiп, көсеумен ұрып қыңсылатып жiберiптi. Иштей секем алдым. «Аяғы ауыр әйел жерiгi қанғанша итке «кет» деп айтпайды» деушi едi әжем жарықтық. Ертерек ескертпегенiм-ай деп қынжылдым. Ақмоншақты қос күшiгiмен қораға шығарып тастадым. Қойшы әйтеуiр келiннiң айы-күнi жақындады. Толғағы басталғанда Қордайдағы перзентханаға алып кеткен. Қатын сүрленген қазыны бұзбай салып көршi-қолаңға жарыс қазан жасады. Таңға жуық сүйретiлiп, ұлым келдi. Удай мас, көңiлi пәс. Шақалақ туа сап шетiнеп кетiптi. «Неге?» деп едiм әйелiм өзiме атырылды.

– Сенiң кесiрiң бәрi де... Итке етегiңмен тамақ бер, итке кет деме, – деп қақылдаған. Соны көңiлiне алып қалыпты. Ендi иттiңдi құшақтап жат!

Қатынның сыбағасын қолма-қол берiп, далаға шығып кеттiм. Жас кезде бiр-екi рет қамшымен шықпыртқаным болмаса қатынға қол көтерген еркек емеспiн. Бұ жолы ашу ауыздықталмай қалды. Қатын көпке дейiн кiр-қонымды жумай, төсегiмдi салмай қойтандап жүрдi. Келiн ауруханадан шығып келген соң ұрыс өртiнiң қоламтасы қайта бықсыды. Қатын менi кiнәлайды, жоқ нәрсенi ырымдап жүресiң деп... Ұл сазарып үндемейдi, келiн көңiлсiз. Төркiнiнен алып келген тарғыл мысықты төсiне салып, құшақтайды да отырады.

– Бүркiт мен барған үйдiң он ұлы болса екен, әрқайсысы кезек-кезек аңға салып құмарымды қандырса деп тiлек тiлейдi екен, – дедiм бiр ынғайлы сәтте. Үшеуi «не айтпақсың?» дегендей бетiме әңiрейiп қарады.

– Ал, мысық дедiм – төсекте жатқан тарғылды қолмен нұқып... – Керiсiнше осы үйде бала болмаса, жылы-жұмсағын жеп, жылы жерде мен жатсам, – деп сұрайды екен. Қазақтың мысықтiлеу деген сөзi содан шыққан...

Ұлым үн-түнсiз далаға бет алды, келiн басын кекжең еткiздi, қатын қарасаннан шымшып алған.

Содан кейін-ақ келін ит біткенге өшігіп алды. Маған да салқын. Бетке айтпайды, күйеуін қайрайды. Ұл сүмірейіп келеді.

– Иттерге тамақ жетпей жатыр...

– Тарғыл мысықты Ақтабан таламақ болыпты...

– Өзін қауып ала жаздапты...

– Үйге кірерде киім ауыстырыңызшы, иттің иісінен ұшыныпты...

Олар итке тиіскен сайын мен қатынға шүйлігемін. Ол да қайтпайды, салғыласып кеп береді. «Аңшылықты қойдың, енді ұлардай шулатпай салпаңқұлақтарыңды азайт! Қора күзетіп, кісі қорқытуға бір-екеуі жетеді» дейді. Мен шырылдаймын: «біздің үйдің ырысы ит пен итаяқта. Мияулаған мысықтан көрі тазы мен бүркіттің тілеуі жақсы» деп... Сөйтіп итырғылжыңмен жүргенде бәйбішем аяқ асты жүректен кетті. Бұл дүниеде қатынсыз еркектің күні қараң. Ұрыспақ түгіл қырылып қалсаң да шүйкебасың болғанға не жетсін?!. Қатынның қадірін кеш ұқтым. Уақтылы шәйінді әзірлеп, дамба-шұлығыңды шәйіп берер адам болмаған соң қанша кербез болсаң да бағлан басынның бабы қожырайды.

– «Елуден енді астың, бір емес бес қызды қартайтатын қауқарың бар. Төсек жаңғырт» деп дос-жаран қажағанмен илікпедім. Отасқалы бес жылға жуықтаса да бала көтере алмай жүрген келіннің көңіліне қарадым. Ертең мен алған қатын итше күшіктеп жатса ыңғайсыз ғой... Әрі қазынамыздағы қаражат ортайып, қол қысқарған. Жиған-тергенді екеуі емге жұмсап Алматы мен Астана, Тараз бен Бішкектің бүкіл дәрігеріне жем болды. Келін бірнеше рет пышаққа түсті. Бірақ бірінен қайыр болмады. Соңғы рет біреу ірі-қараны сатып Алматыға кеткен, сөйтсем жасанды жолмен жатырына бала салып беріпті. Қырсық бір айналдырғанды шыр айналдырады деген... Жарым түнде дәретханаға бара жатып есік алдында жатқан итаяққа шалынып құлапты. Ана құрсағына әлі орнықпаған шарана шошынған сәтте ағып түскен. Сол күні соңғы үміт үзілді. Өзі де тұйықтау ұлым шорт сынды. Жолдастарымен ішкен. Есін білмес, мас. Келе маған шүйлікті.

– Барлық бәле иттен, – дейді. Мен «керісінше итті қадірлемеуден» деймін. Бірдеме деп балағаттады. Шыдай алмай шапалақпен тартып-тартып жібергенмін. Шала мас күйінде далаға шығып кеткен. Қора жақтан итаяқты алыпты да монша пешінің көмейіне тығыпты.

Сырттанның итаяғы өртенген соң-ақ берекеміз кетті. Оспа мен аусыл деген дерт кезек-кезек тиіп тігерге тұяқ қалдырмай қораны тазалап кетті. Ұл ішуді үдетті. Тойға барса тойып келеді, жұмыстан жұтпайынша оралмайды. Ақыры жата-жастана ішті. Мас болса әйеліне қолы, маған тілі тиеді. Ондай күндері біздің үйдің оты жағылмайды, асы қамдалмай қалады. Қазан-ошақ жағалалаған қатынбасшылықтан ада едім, енді өз күнім үшін күйелеш-күйелеш болып күл шығарамын, күйдіріп-жандырып тамақ істеймін. Менің жағдайым болмаған соң иттердің сиқы қайбір оңсын?!. Бұрындары бәйбішеге айқайлап жатып тазыларға қазан-қазан тамақ жасататынмын, олар осы күндері жуындыға зар болып қалды. Тазы біткен дала кезіп, тышқан аулап тентіреп кетті. Төбеттер көршілердің тауықтарына, шошаладағы етіне түсе бастады. Бір-екеуін ауылдың адамдары арсаға ілген етімді ұрлады деп көзімше атып кетті. Ақыры обалдарына қалмайын деп иттің бәрін елге үлестірдім де жібердім.

\* \* \*

Келін кезекті бір төмпештеуден соң төркініне тайып тұрған. Артынан бір айдан соң іздеп барды. Қайынжұрты өзін көкала қойдай қылып тепкілеп қуып жіберіпті. Содан қайтып ат ізін салмады, қатын да алмады. Көзімді ала

бере ішеді. Екі қыз бір апта бұрын келіп, жалғыз бауырымыз деп Алматыға алып кеткен. «Емдетеміз, сырлескі бір қыз бар, көрсетеміз» дейді. Байқұстар бірге туған емес пе, жаны ашиды да... «Осы көктемде қайта үлендірсек» деп отыр. Мейлі ғой, бәлкім түзеліп кетер... Олар Алматыға кеткенде мен Таразға тарттым. Мынау сырттаның итаяғын жалаған соңғы тазы. Күшік күнінде сатып едім, нағыз жалаңдаған жендет болыпты. Бір аптаға сұрап едім, қайтармай қоясың деп бермеді. Үш күн андып, әрең дегенде ұрлап шықтым.

Әңгіменің осы тұсына келгенде Жұман тереннен тартып күрсінді. Көзіне жас алып, даусына діріл жүгірді.

– Өткен күзде қарағаштың томарынан итаяқ шауып едім, – деді бәсен үнмен.

– Соны жалатып, шаңырағыма бір түнетсем болды, иесіне қайтарып беремін. Иттің маған керегі жоқ. Ырысы жұқса жетеді. Бәлкім кеткен берекеміз қайта келер!..

– Құдай жолды оңғарсын, – дедім. Ол рахметін айтты да да шаршаған адамдай терезеге басын сүйеп көзін жұмды. Сол күйі ұйықтап қалды. Мен де естіген дүниелерді елеп-екшеп отырып қалғып кеткен екенмін, дабырлаған дауыстан ояндым. Көзімді ашқанда көргенім – бұйрабас жігіт Жұманның тазысын құндақтаулы баладай көтеріп алды да жүгіре басып автобустан шықты. Түрін шырамыттым. Тараздағы жанармай бекетінде біздің автобустың астына түсе жаздаған осы жуәрмек болатын. Алақтап, әлдекімді іздеп жүргендей көрініп еді, қазір іздегенін тапқан адамдай маз-мәйрам. Жалма-жан далаға ұмтылдым. Жұман екі сақшының ортасында сөлбірейіп кетіп барады екен. Артынан жүгіре жеткен маған полицейлер ежірейіп қарады да жолымды бөгеді. Ал, Жұман қолын бір сілтеді де қайрылмастан жүріп кетті.

\* \* \*

Иә... Жұман қолды бір сілтеді де кете барды. Екі полицейге жағдайды түсіндірмек болып арамтер болғанымды айтып жату артықтау болар.

– Көке, түсініктеме аламыз, сонда бәрін түсінеміз, – деп жақауратқан. Ал қоңыр тазының иесі бұйрабас жігіт қулана күлді.

– Аға, ол бастан кеткен кісі ғой, – деген сенімді түрде. Әкесі қатарлы адам туралы мысқыл-мазақты аузы қисаймастан айтты-ау. Сөзінен шошып, көзіне қарап едім «жындыны жақтап тұрған сен де сау емессің-ау» деген жазуды оқыдым. Кенесарының Көкдауылы, сырттанның итаяғы, үйдің ырысы, Жұман отбасының қилы тағдыры туралы айтпақ болған ойым кейін серпілді.

– Бауырындағы баласы, қойнындағы қатыны түсінбеген Жұманды кім түсінсін?! – деген өкініш өзектен сөз боп өрілді. Бұйрабас бұл жұмбақтың мәніне бойлай алмай, мәңірейіп бетіме қарады.

– Түсінбейсіндер бәрібір, – дедім де кете бардым.

...Сол сыңар сөйлем осы қазір ауыздан тағы да сытылып шықты да хикаяттың соңғы жағына жайғаса кетті.

«Түсінбейсіндер бәрібір»...

Жұман қолын бір сілтеп кете барғанда бәлкім осыны айтпақ болған шығар...

Кім білсін?!

*Мас қалам*

**Абай  
АЙМАҒАМБЕТ**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Қазақстан Жазушылар одағы бірлесіп жүзеге асырып келе жатқан стратегиялық жобалардың бірі — «Жаңа Қазақстанның әдеби-танымдық панорама-сы» әдебиеттегі жаңа есімдердің танылуына жол аша бастады. Жобаның алғашқы легінде қазақ әдебиетінің қоржынына сүбелі дүниелер қосылған болса, былтырғы жылы да 20 жас қаламгер өңірлерді аралап, шығармашылық ізденіс жүргізді. Нәтижесінде жастар қаламынан 8 прозалық, 12 поэзиялық туынды кітап болып жарыққа шықты. Аталған жоба аясында жазылған туындылар «Жұлдыз» журналында жыл соңына дейін жалғасып жарияланатын болады. Соның алғашқысы — жас жазушы Абай Аймағамбеттің «Толқынды күткен бала» романының ықшамдалған нұсқасын оқырман назарына ұсынып отырмыз.

## ТОЛҚЫНДЫ КҮТКЕН БАЛА

(роман)

*«Міне, көз алдымызда бір кездегі арнасынан асып, ақтолқынын аспанға шашып жататын алып теңіз ауру меңдеген адамдай жантәсілім еткелі жатыр».*

**Әбдіжәміл НҮРПЕЙІСОВ**

*«Аралдың табанынан су кеткенмен,  
Халқының жүрегінен жыр кеткен жоқ».*

**Беқұзақ ТӘҢІРБЕРГЕНОВ**

Бұл өлкедегі ойпаңдар мен қыраттар, өзендер мен көлдер, күн, ай мен жұлдыздар, талдар мен жапырақтар, тастар мен қиыршық құмдар, тіпті айбыны асып жатқан телегей су — Көк теңіздің түбіне шөккен балдырлар мен ойнақ салған балықтар, Барсакелместің даңғайыр даласында жосыла құйғытқан құландар — бәрі-бәрі бір адамның жебеушісі. Олар таңнан кешке дейін баланың тілеуін тілеп, сол адамның ғұмыр-тәлейін дұғаларына қосып, тебіренеді.

Бала көңіл сарайында қонақтаған аяулы сырын соларға ғана шертеді. Бүгін құмға, ертең шалқып жатқан қарт теңізге, одан әрі аңқасы кеуіп, жапырағы сарғая бастаған терекке келіп, сыр ашады. «Әй, әй, тек! Байқандар, дос деген сырға берік болса керек-ті. Ешкімге тіс жармандар. Сенген соң айтып тұрмын-дағы. Әйтпесе...» дейді ол ашуланып. Қиыршық құм шырқ үйіріле соғып, «О не дегенің? Қашан саған сатқындық жасап едік?» дейді. Бір-бірімен қуаласпақ ойнаған ерке толқындар «О не дегенің?! Сенің құпиянды қашан жайып едік?» дейді. Күн сорып, таңдайы қақсыған талдың өзі кілт жайдарыланып, «О не дегенің?! Мен сенің адал досың емеспін бе!» дейді. Бала сосын ғана тынышталады. Сосын ғана көңілденеді.

Байырқалап, мына дүниеге қарайды. Өзін осынау ғажайып өлкенің қожайыны сезінеді... Қожайын емес, дирижер. Бұл – дирижер, қалған достары – оркестрдің мүшелері. Толқын соғып, жел гулеп, жапырақтар сыбдыр қағысып, құм ысқырып, тас шақылдап, бәрі-бәрі өз үнін қосып жатады. Бәрі де балаға бағынады. Бәрі де баланың бұйрығын күтеді. Бала шолақ таяғын сермеп қалса бітті, достары өз үндерін өзгелерден ерек шығаруға тырысып, улап-шулап қоя береді.

\* \* \*

Шеті мен шегіне көз жетпейтін Көк теңіз кемерінен асып, толқып, шалқып жатады. Бірінің үстіне бірі мінгесіп ойнаған ерке толқындар жағаға жетуге асық. Бала әркез түсінде сол толқындарды көрер еді. Толқындар бала үшін жақсылықтың хабаршысындай сондай жылы, сондай көркем...

Үнемі, баланың нәзік кірпіктері еріксіз айқасып, көзі ұйқыға кетер алдында атасы оған сол бір ертегіні айтып беретін. Токмұраттың одыран әйелі сатқан жөке сабынмен қанша ысқыласа да кетпеген, әбден күстенген кедір-бұдыр алақанымен самайынан сипайтын. Бұқшия түсіп, бұған төніп отырған атасының бұжыр қолдары сонда балаға мақтадан бетер жұмсақ сезілетін. Ертегі де сондай қызық еді.

– Ертеде-е-е-е, – дейтін атасы әдейі даусын соза түсіп, нәшініне келтіріп, – Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, қырғауыл жүні қызылда, құйрық жүні ұзында, қарасаң көз тірерлік тауы түгіл төбесі жоқ, мүлгіген мимырт тыныштық орнаған Тұран ойпатының бір қиырында – Көкжал деп аталатын тайпада қасиет қонған, текті әйел өмір кешіпті. Ол өзі пайғамбарлардың ұрпағының бірі екен, сондықтан болар, әр сөзі мен ісі келісім тапқан, әрі сұлу, әрі парасатты жан екен. Жары да жігіттің сұлтаны, өзі көркем, өзі балуан болыпты. Тағдырдың тәлкегі ғой, екеуі енді табысып, тұңғыштары дүние есігін ашқан сәтте жігіт көрші елге жасаған қанды жорықта қаза тауып, әйел жесір қалады. Жігіт тумысынан жетім еді, әйелге баланы өзі жетілдіріп, тағдырдың тар соқпағымен ілдәлдалап өмір сүруге тура келеді. Әйел түндер бойы көз жасын көл етіп, сағыныш азабын тартса, күндіз бойына қайсарлықтың дәнін егіп, «сен де ержетесің, әкендей батыр боласың, осы өлкедегі ай десе аузы, күн десе көзі бар ажарлы қызды жар етесің» деп бесігін дамылсыз тербетуші еді. Сонда сәби әлденені түсінгендей ыржалақтап, көзі жыпылық-жыпылық етіп, айырықша сүйкімді кейіпке енетін.

Ол заманда ойпатта тұщы су қасқалдақтың қанындай тапшы. Әйел сәбиін құндақтап мойнына іліп, жауырынына шандып байлап алып, иығына екі басында екі шелегі салақтаған иінағашты қондырып, күн сайын құдықтан су тасиды. Құдықтан су тартарда әбден сүтке тойып, мейірі қанған шақалақ ұлын жасыл майса шөптің үстіне жатқызып қоятын. Әйел осы дағдысынан ешқашан айныған емес. Кей-кейде құдық түбіне үңіліп, өзінің сұлу жүзінен көзін айыра алмай, еріксіз аялдап та қалатын... Бала анасының омырау сүтінен нәр алып, күн сайын жетіліп, күн сайын қылығы шығып келе жатты. Тағы бір күні шешесі әжептәуір салмақ жиып, есейіп қалған алты айлық ұлын құдық маңында асықпай емізіп, содан соң көк майса шөпке жатқызып, су алуға беттеген. Су толы шелекті емпендеп тартып жатқан мезетінде көк жүзінен шаңқ еткен ащы дауыс естілді. Шелекпен арпалысып, нәзік денесі терге малшынған әйел бұған әуелде мән бермейді. Екінші ретте әлгі жағымсыз дауыс жақын маңнан естілгендей болды. Олай да емес, дәл қасынан естілді. Кенет шайдай ашық аспан жүзі кілт түнеріп, күн күркіреп, онтүстіктен баяу жел соқты. Келіншек жалт бұрылғаны сол,

құндақтаулы сәбиді бүрген қалпы, жерден енді көтеріліп бара жатқан үлкендігі түйекұстай дәу бүркітті көріп, аузы ашылып тұрып қалды. Әлгінде ғана әрең тартқан су толы шелегі құдықтың түбіне күмп етіп құлады. Бала шырқырап жылап бара жатты. Мына жақта аңырап шешесі қалды. Желдің соңы бүрқасынға ұласты. Жаңбыр шелектеп жауып, құйып берді.

Ашулы бүркіт ештеңеге қараған жоқ. Ұябасар майтүбіт бүркіт иілген тырнақтары сойды-ып, арбиған сирақтарымен сәбиді қапсыра бүрген күйі зәу биікке лезде көтеріліп, батыс тарапты бетке алып ұша жөнелді. Аздан соң-ақ ебіл-дебіл болып, солығын баса алмай жылап, шарасыз күйде көк тәңіріне жалбарынған әйелдің көз алдында жыбыр-жыбыр еткен ноқат қана қалды. Аздан соң ол да ғайыпқа біржола сіңіп кетті.

Бұл уақытта ойпаттың батысындағы Самұрық тайпасының қатал әміршісі ұстамасы ұстап, дертінен айыға алмай, жаны шығар-шықпас хәлде жатқан. Дерт бұғанда ханның аузынан ақ көбік ақтарылып, денесі безгек тигендей селкілдеп, тілі күрмеліп қалушы еді. Қол жетер жердің бәрінен бақсы мен балгерді, емші мен тәуіпті жинаса да дәруі табылмай қойған. Тек елдің соңынан келген бір дәруіш шал:

— Егер орындай алсаң, шипа боларлық бір амал бар, — депті сыр бүге сөйлеп.


— Айт! — дейді хан ақырып. — Саулығым үшін аянарым жоқ, тіпті жас тоқалымды сыйлауға дайынмын!

Дәруіш ондай сыйдан ізетпен бас тартады.

— Мен... — дейді сосын аз-мазбөгеліп, — әсілі бұл дүниенің адамы емеспін-ау, осы өмірге келгеніме 500 жылдың шамасы болды. Сенің хандығыңнан бірнеше күншілік жерде бір парасатты әйел өмір сүреді. Өзі пайғамбардың тұқымы. Текті жан. Соның келешекте әрі қайсар, әрі сымбатты, әрі билеуші болып өсетін алты айлық сәбиі бар. Әйел күнде ойпаттың қыр беткейіндегі ескі құдықтан су тартады. Сол кезде құндақтаулы сәбиі көк майса шөптің үстінде жатады. Сол баланы алдыр. Баланың езуі мен ұртында шешесінің омырау сүті болады. Соны қалайы қасыққа тамызып, сумен араластырып іш. Содан кейін құлан-таза айықпасаң маған серт. Ал баланы ешқашан өзіннен алыстатпа. Ол сенің өле-өлгенше қорғаушың болады. Ақылды да қайсар болып ержетеді. Ержеткен соң жанындағы би мен батырдың бірде-бірі онымен шендесе алмайды. Өлденені сылтауратып өлтіріп тастама. Оның көзін жойсаң, өзің өліп қана қоймай, тұқымың да тұздай құритынын ұмытпа, — дейді дәруіш басын ие сөйлеп.

— Баланы қайтіп алдырмақпын? — дейді хан әлсіз, деміккен қалпында.

— Оның жарасы жеңіл, — дейді шал қулана күліп. — Менің тырнағым



тасты да тесетін, қанаты жер бетінде дауыл тұрғызып, жасын ойнататын бүркітім бар. Соны жұмсаймыз.

Сөйтеді де дәруіш шал көзден ғайып болады. Көп ұзамай шырылдап жылап, ұрты уыздай сүтке толы сәби жатты алдында.

— Ата-а-а! — дейді тәп-тәтті ұйқының тереңіне шым батып бара жатқан бала жәймен ғана. — Сосын не болды?

— Ең қызығы сонда, балам, — деді атасы сыбырлай сөйлеп. — Дәруіш шал айтқандай, баланың сілекейін суға араластырып ішкен хан шынымен ақ дертінен құлан-таза айығыпты. Ал бала бұйра шашты, қыр мұрынды, өткір көзді, ару біткеннің ұйқысын қашырған сері жігіт болып ержетіпті. Шешесінің қасиеті балаға да дарыған еді. Ана сүтімен келген тектілік баланың бойында тамыр жайып, бала адуын мінезді, арқалы жігітке айналған сайын қасиеті де қабындай артып, адами қарымы да, беделі де биіктей түсті...

Атасы сонда баланың мұрны пыс-пыс етіп ұйқы құшағына енгенін көріп, сөзін доғара қояр еді. Бала да ертегідегі сәби секілді ештеңеден алаңсыз, ештеңеден хабарсыз қалпында ұйықтап бара жатты. Дәйім осылай, бала ертегінің соңын естімей қалатын. Атасы да айтпайтын. Көк теңіздің жағасындағы көңілсіз тіршіліктен әбден шаршап, жалыққан балақай тынықсыншы деп атасы артық-ауыз сөйлемейтін. Бала әрдайым «қап, қазір ұйықтаймын, сосын ертегінің соңын естімей қаламын» деп сары уайымға салынушы еді. Қанша солай ойласа да ұйықтап қала береді. Қайта айналып түн шымылдығын түргенде басқа емес, сол ертегіні сұрайды. Атасы да жалықпайды — сол бір қасиет қонған әйел, сол бір бейкүнә сәби, сол бір қайырымсыз хан туралы ертегіні бастай жөнеледі.

Арада біраз жыл өткенде кеудесіндегі ұлы сағыныш шегіне жетіп, көңіл ағысы шамырқана тулаған бала шешесіне қарай арсалаңдай жүгіріп бара жатқанда үнемі басын естіп, аяғын естімей қалатын айтулы ертегінің қалай аяқталатынын өзінше түсінген.

«Ата! Әр кеш сайын сен айтып беретін ертегінің немен бітетінін білемін, ата. Мен бәрін түсіндім, ұғындым, ата» деген еді жүрегі атқақтаған күйі жүгіріп бара жатып. Анасының ұлы құшағымен әне-міне қауышар алдында...

\*\*\*

— Қалада биік үйлер бар дейді ғой, аға, сондай үйді білесіз бе? А-а, айтыңызшы, сондай үйлерге кіріп те көрген шығарсыз?

Баланың таңдайы тақ-тақ етеді.

Темекісін езуінен алмаған күйі бұрқыратып отырған орта бойлы жігіт ағасы баланың бетіне тесіле қарап, үндемейді.

— Аға, айтсаңызшы-ы-ы... Қалада тұрасыз ба өзі-і?

Бала сөз аяғын әзілге сүйеп қояды. Өзі қорыс болып үйіліп жатқан жыңғылдың бұтақтарын пәттелеп жинап жүр. Отын шабамын деп шаршап қалған ба, әлде мына кісіден сыр суыртпақтай тұрайын деп әдейі баяу қимылдап жүр ме, ілбіп қана қозғалады.

— Көкем қалаға апарамын деуші еді. Өзі солдат болып жүріп, талай барған. Тіпті әлгі тау басында зымырап жүретін аспалы машинаға да мініп көрген.

Бала отынды үшбұрыш етіп үйіп жатыр.

— Қазір ана шеті құлайды, — деді жігіт ағасы темекісін қыстырған саусақтарын ілбите нұсқап.

Бала оң аяғын көтеріп, қисайып тұрған, бірақ тып-тығыз жиналған

жыңғылдарды сырмасы әлдеқашан істен шыққан бәтенкесімен сілкіп-сілкіп түзеп қойды.

– Жүр, ендеше. Қатты құмартып бара жатсаң көрсетейін қаланы.

Бала сойдыған отынның уақ шыбықтарын бұтап тұрған. Лақтырып жіберді.

– Рас па? О, рақмет, ағатай! Аға, менің атым Шырынбек болады. Айтқаныңызды екі етпеймін. Қаланы көрсетсеңіз болды.

Бала қорыс боп жиналған отынның ортан белінен бір тепті. Арасына ине өтпестей жиналған жыңғыл шашылып түсті.

– Менің атым – Мәукен.

– Мәукен аға, ендеше бүгіннен бастап мені «інім» деп атаңыз.

Шырынбек теректің діңіне қадалып тұрған балтаның сабына ілінген шарфты алып, апыл-ғұпыл мойнына орай бастады. Көңілденіп, әндете жөнелді. Қалтасынан құрт алып, аузына салды. Аузы томпыып, екі ұртына кезек лақтырады. Етігін шешіп, ішіндегі жаңқаларын қаққыштап, қары оязданған жерді тепкілеп, қайтадан киіп жатыр. Мәукен баладан көзін алмай қарап тұр. Бұйраланған шашы өсіп кетіпті, жалбыраған жаман қалпағынан шығып, ұйпаланып тұр. Әлгінде ғана мынау тіршілікке бейқам қарайтындай көрінген жанары өткірленіп, қаһарланып алған.

– Әй, барамысың өзің?

Мәукен екінші темекісін тұтатып, торы жорғаға қарғып мінді.

– Мен дайынмын, аға. Қалаға бірден барамыз ба, әлде тағы бір ауылға соғамысыз?

– Токмұратқа кіріп шығуым керек. Егер үйінде болса.

– Үйінде, үйінде. Токмұрат дегенің таңнан кара кешке дейін үйінен шықпайды.

Бала соны айтты да ағасына мінгеспек болып, аттың үстіне лып етіп қона кетті. Мәукеннің белінен құшақтап алды. Жолай бүгін ғана көрген, қазір бірге келе жатқан ағасының бет-әлпетін елестетіп келеді. Қыстың мынау қақаған күнінде жаздық күнқағар киген, сап-сары жүзіне секпіл қонақтаған, қалың кара шашты, арық кісі. Жүзіндегі секпілі Сәлиманың секпілінен аумайды екен. Қап, Сәлиманы сағынатын болдым-ау деп ойлады сосын. Ол бір аңқылдаған жан. Құдай біледі, қазір де аңқылдаған қалпы күйеуі Мәметжанның байпағын тартқылап, одан қалса ошаққа жүгіріп, одан ана жылауық қызын уатамын деп, шыр-пыры шығып жүрген шығар. Осыдан өсіп, жігіт болсам, Сәлиманы өзім аламын деп түйді сосын. Байпағын тартқылап, балықтың сорпасын аузына тосып жүргеніне қарамастан Мәметжан ашуланса көзін қан жуып, байғұс әйелді тепкілеп тастайтынын Шырынбек жақсы біледі. Әлгінде ғана өзі аялап ұстап, сипалап сүрткен етігі іші бауырын тызылдатып, теуіп жатқанда байғұс Сәлима не ойлайды деші? Мәметжанның сол қылығы есіне түсіп, бала қарадай тісін қышыратты.

Сәлима таяқ жеп, үйдің іші алай-дүлей болып жатқанда жылауық қызын Шырынбек аулаққа алып кетіп, ойнатып қайтушы еді. Сәлима уыздай сұлу ғой, қалай ғана тепкілеуге болады оны? Жок, айтқаным айтқан. Осыдан өсем бітті, бұл ауылда бір сәтке де қалдырмаймын оны!.. Мәукеннің белінен тас қып құшақтап, торы жорғаның үстінде отырған бала көлбей шөккен нардың өркешіндей болған Айпара қыратынан асып бара жатып өз-өзіне осылай деп серт берді.

Кімді айтсаң сол деген, қыраттан ойпаңға құлап келе жатқанда ақсаңдай басып, алдарынан жаяу-жалпылап Мәметжан шыға келді. Үстінде жалбыраған жаман тон, оның аңғал-саңғал түймеленген ілгектерінің арасы

ашылып, ішінен жиенінің құдалығынан киіп қайтқан боз кәстүм-шалбары көрінеді. Аяғында Сәлиманы итше тепкілейтін жаман етік. Қолында камшы. Бала Мәметжанмен көрші еді. Құдайдың құтты күні тыңдайтыны соның жыры. Қайда барды, кімді көрді, кім не айтты, кімді боктады, кіммен ішті, бала шырт ұйқыда жатып-ақ жатқа соға береді. Мәметжан насыбайын атып, бейқам келе жатыр екен, сақауланып «Әссәләүмәлиқүм» деді үсті-басын қағып. Мәукен екеуі бір-бірінен көз алмай қарап қалыпты. Сосын барып Мәукеннің артында қылқиып отырған баланы аңдады.

– Әй, қуаяк, сен неғып жүрсің? Қайда бара жатырсың?

– Қалаға, көке. Мәукен ағаммен қалаға барамын.

– Мынау ма көкең? – деді Мәукен ағасы Мәметжанның көзінен көзін айырмаған қалпы балаға иек қағып.

– Жоғ-ә, бұл басқа көкем...

– Қалаға дейді?! Қалада сені кім күтіп отыр екен? Ойпырмай, отырысын жаман...

Мәметжан мынау шындап айналыспаса болмайтын мәселе екен дегендей, аузындағы насыбайды былш еткізіп түкіріп тастап, кәстүмінің жеңімен аузы-басын сүртінді.

– Жаяулатып өзің қайдан келесің? – деді Мәукен.

– Құрығыр көкқасқа, иесіне тартқан өлімтік келгір, оттасын деп бос қоя беріп едім, орнын сипап қалдым...

Мәукен оның сөзін аяқтатқызбастан атын тебіне жөнелгенде Шырынбек ауып түсе жаздады. Шалқая құлап бара жатып Мәукеннің беліне қол іліктіріп үлгерді.

– Әй, сен өзің... кімсің өзің?! Әй, Шырынбек, тоқта! Жын ұрды ма, немене?!

Мәметжан ақсандап бұлардың ізінен тез-тез басып қуғысы келгендей бір әрекет жасады да мынау түсініксіз жағдайдың өз пайдасына шешіле қоймайтынын пайымдап, тоқтай қалды.

Бұл өлкедегі ойпаңдар мен қыраттар, өзендер мен көлдер, күн, ай мен жұлдыздар, талдар мен жапырақтар, тастар мен қиыршық құмдар, тіпті айбыны асып жатқан телегей су – Көк теңіздің түбіне шөккен балдырлар мен ойнақ салған балықтар, Барсакелместің даңғайыр даласында жосыла құйғытқан құландар бәрі-бәрі бір адамның жебеушісі. Олар таңнан кешке дейін баланың тілеуін тілеп, сол адамның ғұмыр- тәлейін дұғаларына қосып, тебіренеді.

Бала көңіл сарайында қонақтаған аяулы сырын соларға ғана шертеді. Бүгін құмға, ертең шалқып жатқан қарт теңізге, одан әрі аңқасы кеуіп, жапырағы сарғая бастаған терекке келіп, сыр ашады. «Әй, әй, тек! Байқандар, дос деген сырға берік болса керек-ті. Ешкімге тіс жармандар. Сенген соң айтып тұрмын-дағы. Әйтпесе...» дейді ол ашуланып. Қиыршық құм шырқ үйіріле соғып, «О не дегенің? Қашан саған сатқындық жасап едік?» дейді. Бір-бірімен қуаласпақ ойнаған ерке толқындар «О не дегенің?! Сенің құпияңды қашан жайып едік?» дейді. Күн сорып, таңдайы қақсыған талдың өзі кілт жайдарыланып, «О не дегенің?! Мен сенің адал досың емеспін бе!» дейді. Бала сосын ғана тынышталады. Сосын ғана көңілденеді.

Байырқалап, мына дүниеге қарайды. Өзін осынау ғажайып өлкенің қожайыны сезінеді... Қожайын емес, дирижер. Бұл – дирижер, қалған достары – оркестрдің мүшелері. Толқын соғып, жел гулеп, жапырақтар сыбдыр қағысып, құм ысқырып, тас шақылдап, бәрі-бәрі өз үнін қосып жатады. Бәрі де балаға бағынады. Бәрі де баланың бұйрығын күтеді. Бала

шолақ таяғын сермеп қалса бітті, достары өз үндерін өзгелерден ерек шығаруға тырысып, улап-шулап қоя береді.

Бұл өлкедегі былтырғы қыс біртүрлі жайсыздау соқты. Не қақаған суық емес. Не жаймашуақ жылы емес. Ел абдырап, дағдарып қалды. Нәпақасын теңізден айыратын балықшылардың да басына нәубет орнайтын шақ осы. Дегдіген мұз омырыла ойылып, әкесінің қаза болатыны да сол кез. Әкесінің жан дегенде жалғыз түйесі бар еді. «Ленинград» деуші еді оны. Сол «Ленинград» жылым тартып жатқан кезде мұз гүрс етіп ойылып, әкесі оқыста су түбіне кетті. «Ленинград» әупіріммен аман қалып еді, кейін ол да біржола қарасын батырды. Ауыл болып іздесе де таба алмады. Бала біржола жалғыз қалды. Сонда оны жалғызсыратпай, жанына жалау болған осы «достары». Бірақ соңғы кезде бұл достарының да жәйі мәз емес пе деп алаңдайды арагідік. Былтыр жазда толқынның үні құмығыңқы болып шығып жүрді... Суырыла соғатын құмның мінезінде баяғыдай жылылық, мейірбандық емес, әлдеқандай суықтық, долылық бар. Дойырлығын көрсеткісі келгендей, басы-көзіңе қарамай соқтығып, мазасыздана береді... Жаз бойы қара күзге дейін бала өзіне бағынышты оркестрдегі арагідік көрініс беріп қалатын түсініксіз жайларды ұға алмай қалушы еді...

Ол әлдеқашан ұйқыға бас қойған. Мәукеннің де кірпігі ілінісіп әрең келеді. Қу тақыр далада Токмұрат жалғыз үй отыр. Үй жанында ат арба, есек арба, одан әріректе ат-шана тұр. Айдың бозамық сәулесі айналадағы оны-мұны заттарды әйгілеуге жетіп жатыр. Тіпті сарайдың есігіне ілінген добалдай қара құлып та алыстан мен мұндалайды.

Кенет аспан көгінде найзағай ойнағандай әлдене шатыр ете түсті де күркіреген дауыс жеті кат көкті тілгілеп өтіп, жердің үстіне көз қарықтырар самала жарық шашырады. Аз да болса сергектеу келе жатқан Мәукен не болғанын түсінген жоқ. Түсінуге шамасы да жете қоярлықтай емес еді. Ал бала қолын жайып, айғайлап жіберді. Мәукен шошып, аспанға аңтарылған күйі оң қолымен баланы қармалай берді. Таңды күтуге шыдамы жетпеген күн құдды аспан көгіне түн ортасында шыға салғандай. Мұнартып, бозарып тұратын қыс аспаны алтын шұғылаға боялып, кәдуілгі күн сәуле шашты. Бала ештеңені ұғып болар емес. Ат үстінде ұйықтап қалғанына сенбейді. Жалпы, ештеңені байыптайтын хәлі жоқ. Дел-сал. Былқ-сылқ етеді. Мәукен аттан секіріп түсті де, баланы жан-дәрмен көтеріп алып, есікке беттей беріп еді, мына алапат дауыс төсегінен жұлып алған Токмұрат та дамбалшаң далаға шығып келе жатыр екен. Бұлардың кім екенін шалапұла шырамытып, дір-дір еткен қалпы «кіріндер, кіріндер» дей береді.

\* \* \*

Биік бетон қоршауы бар құпия нысанды сайдың тасындай сарбаздар кірпік қақпай күзетіп тұр. Бұл нысанға ешкім жақын барып, жанаса алмайды. Бұдан сәл әріректе старттық кешен орналасқан.

«№1 Мемлекеттік орталық полигон» сондай суық та самарқау. Ештеңе болып жатпағандай, ешнәрсе жасалып жатпағандай бейжай.

Старт алаңы жуан арқандармен қоршалып (мұндайды бұрын ешқашан істемеген), шамамен 40-50 метр қыры бар шаршы аумақ пайда болды. Барлық қызметкерлер білектеріне қызыл таңғыштары мен нөмірлері бар жетондар тағып алған.

Механикалық және электрлік түйісуді орындайтын транспорттық-түйістіру машинасы ядролық оқтұмсықты тиеп, ауыр қозғалып, старт алаңына қарай беттеп келе жатты. Оның алдында және артында күзет

көліктері баппен қозғалады. Бетон жабынды жолдың бойында әр 25-30 метр сайын штык таққан карабинді сарбаздар сап түзеп тұр. Ұшырылым алаңындағы бақылау-өткізу пункті мен күзет мұнараларынан Мемлекеттік қауіпсіздік қызметінің офицерлері көрінеді.

Түйістіру көлігі жылдамдығын одан сайын баяулатып, кран-манипулятор іске қосылды. Оқтұмсықты тиіп алып, жоғары қарай көтерді де арнайы гидравликалық жүйемен оқтұмсықты зымыранның жоғарғы бөлігіне орналастыруға бағыт алды. Жағдайды бірнеше генерал көз айырмай бақылап, жауапты сәт алдындағы маңызды орналастырудың сәтті іске асуын қадағалап тұрды.

– Жолдас министр, алаңдауға ешқандай негіз жоқ. Мен білсем, бұл Кеңес одағының ядролық әлеуетін көрсете алатын бірегей мүмкіндік, – деді Кагановский көкейіндегі күмәнді мейлінше сыртқа шығармауға тырысып.

Р-5М кеңестік стратегиялық зымыран кешені бас конструктор, білікті ғалым Сергей Кагановскийдің тұла бойы тұңғышы іспетті бірегей туындысы еді. Осыны ойлап табуға, оны мейлінше мінсіз қылып жетілдіруге қаншама жылын, алтын уақытын сарп етті. Міне, енді сол туындысын әуеге самғатып, сынап көрер сәтке де жетті.

– Біліп тұрмын, жолдас Кагановский, – деді маршал Варламов. – Бәрін білемін. 12000 километрге дейін ұша алады, қуаттылығы 300 тонна тротилға жетеді, мұндай қуатпен бірде-бір Еуропа елін аман қалдырмауға шамасы бар. Бірақ мәселе мынада – бүгінгі операция сәтімен жүзеге ассын және соны дабыраға ұласып кетпесін.

– Оған алаңдамаңыз, – деді Кагановский терезеге көз салып. – Алаң болмаңыз.

Алаңқайда зымыранды ұшуға даярлаудың соңғы жұмыстары жүргізіліп жатқан еді.

– Метеоқызмет рұқсат етпесе күте тұрғандарың абзал. Қалайда бәрі сәтті аяқталуға тиіс. Оның үстіне, ертең компартия съезді басталатынын естен шығармаңдар, – деп қайталай ескертті Варламов.

Р-5М зымыранын ұшыру алдындағы дайындық шамамен екі сағатқа созылды. Инженер-капитан Кузнецов «Жолдас министр, жолдас жетекші, зымыранға соңғы тексерулер жүргізілді. Температуралық режимді қалыпты деп бағалаймыз. Тетіктердің бәрі орнында» деп баяндады.

Зымыранның ұшырылуына бірер сағат қалғанда үш адамнан құралған шағын және төтенше жиналыс ұйымдастырылды.

– Жолдастар, – деді Кагановский екі серігіне барлай қарап. – Бұл Кеңес одағының ғана емес, адамзат тарихындағы айтулы оқиға. Біз оны өз қолымызбен жасағалы тұрмыз. Тарихта аты-жөніміз таңбаланып қалмақ. Тек ол қаралы әріппен жазыла ма, алтын әріппен әдіптеле ме - бұл бәрін дұрыс орындап шығуымызға байланысты...

Кагановский сәл-пәл күмілжіп қалды. Тарихи оқиғаның алдында әйгілі ғалымның өзі де толқып кетсе керек. «Толқымағанда ше» деп ойлады серігі Вадим Барабанов. Қаншама жылдан бері Кагановскиймен бірге қызмет етіп келеді. Не ойлайтынын, не сезетінін бірінші болып аңдайтын осы Барабанов. Жылдар бойғы ойларың мен еңбегің аз ғана айда тұмсығы көкке шаншылған, мойнын зәу биікке созып, самарқау һәм сұсты кейіптегі алып зымыранға айналып, қақ алдында тұрса толқымай көр! Сол оймен Кагановскийге қарады. Ол шынымен-ақ толқулы екен. Қобалжығанын білдіргісі келмей, төс қалтасынан шылымын шығарып, тұтатты. Терезеден сыртқа көз тастады. Р-5М старт алаңында қаннен-каперсіз.

– Айвенго! – деп санқ ете қалды Кагановский кенет жадырап. Темекісін қаттырақ сорып-сорып, лақтырып жіберді.

– Жолдастар, есте болсын, бұл біздің құпия сөзіміз. Айвенго. Мұны мен ойлап таптым ба, әлде Леонид Воскресенскийдің идеясы ма, бұл енді маңызды емес, – деп күлді ғалым. – Маңыздысы – Айшоқы аспанындағы алапат жарылыс. Солай емес пе, жолдастар?

– Дәл солай!

Барабанов пен Уминский қатарласа жамырады.

– Әгәрәки қандай да бір ауытқу байқалса, жолдас Уминский, құпия сөзді айтуға міндеттісіз. Біздің пунктті бункермен байланыстыруға міндетті телефонист сол сөзді телефон тұтқасында айнытпай қайталауы керек.

– Құп!

– Содан соң бункерде отырған Воскресенский ұшып бара жатқан зымыранның радиобайланыс желісі арқылы командаға жөнелтетін батырманы басады.

– Түсінікті, жолдас Кагановский!

Старт алаңында бұрын-соңды болып көрмеген қарбалас. Себебі арғы-бергі тарихта Капустин-Яр полигонынан мұндай алып әрі айырықша мақсаттағы зымыран ұшырылып көрген емес. Әскери бөлімнің жауапты офицерлері теодолит жұмысын тағы бір мәрте пысықтап жатты. Басқа әскерилер секундомерлерін тексеріп, сын сағатты толқи күтіп жүр. Барабанов пен Уминский екінші окулярдың жанына барып, тиісті параметрлерді тағы бір мәрте пысықтап өтті. Мұндайда мың рет қарасаң да артық емес. Көзінді талдырып, сананды талықсытсаң да зәредей қателік жіберуге болмайды. Қаптаған ғылыми теорияның ортасында көзі ағарған Кагановскийдің жанынан бір елі қалмайтын Барабанов пен Уминский бұл жағын жақсы түсінеді.

Бәрі өз орындарына барғаннан кейін бункермен байланыс тексерілді. Бәрі дұрыс. Бәрі ғажап. Енді сәл шыдаса болды, Одақ қана емес, күллі әлем ғылыми-ғарыштық технологияның жаңа дәуіріне өтпек. Сол жаңа дәуірге аяқ бастырар ғаламат әрекетті міне, Астраханның қақаған аязында дірдек қаққан осынау топ іске асырып жатыр. Бұл ой Кагановскийдің көңіл түкпірінде әлсін-әлсін қылаң беріп, әлі болып бітпеген істің қуанышы біресе бойын кернейді, біресе уайымы жан-дүниесін астан-кестен етеді. Қорқыныш пен қуаныш қатар асыр салады. Кагановский тәртіпке қайшы болса да шылымын ауызынан бір тастаған жоқ. Сонда да шегіп жарытып жатқаны шамалы...

«Стартқа 15 минут қалды» деп хабарланды. Маңайдағы қызметкер атаулының бәрі кіші дәрет сындырып – «әдеттегі дәстүрді» бұлжытпай орындады да қайтадан өз жұмыс орындарынан табылды.

Зымыранды әуеге жөнелтуге пәрмен берілді.

9, 8, 7, 6, 5, 4, 3, 2, 1. Кетті!

Гүрілдеп оталған, тұмсығын көкке қадап тұрған алпауыт зымыран ышқынып қалып, қозғалтқыштың гүрілі жер-әлемді тітіретіп жіберді. Көп ұзамай 001 зауыттық атауымен тіркелген, ядролық от-қару тиелген, салмағы 28 тонна, ұзындығы 20 метрден еркін асатын, диаметрінің өзі 2 метрге пара-пар баллистикалық зымыран көз ілеспес жылдамдықпен көк жүзіне шапши көтеріліп, шексіз биікке қарай адам айтқысыз жылдамдықпен самғай жөнелді.

Старт алаңында тұрғандар жапа-тармағай бір-бірінің қолын алып, құттықтасып, құшақтасып жатты. Осынау тарихи сәтте Уминский Кагановскийге естіртпей, жәймен ғана Барабановтың құлағына сыбыр ете қалды.

– Қалай ойлайсың, күндердің бір күнінде бізді әскери қылмыскер ретінде соттап жібермей ме?

Барабановтың беті әлгінде ғаналаулап ұшқан зымыранның құйрығындай алаулап кетті.

– Бұл не дегенің? Бұл тарихи сәт... Біз тарихи оқиғаны іске асырдық!

– Мен де соны айтып тұрмын, – деді Уминский. – Тарихи болғандығы үшін де қатерлі емес пе? Сонау Қазақстанның қиыр түкпіріндегі Айшоқыға қуаттылығы 80 килотонна болатын жарылысты төбелерінен тастай салудың ақыры не болар екен? Бұл шын мәнінде қауіпті...

Барабанов ойланып қалды. «Не болушы еді?» деді ол өз-өзін бекіте сөйлеп:

– Түк те болмайды!

Тап осы уақытта Көк теңіздің солтүстік-шығысындағы құмды шөлде – Қарақұм даласында тағы бір әскери топ баллистикалық зымыранның сәтті жарылуын бақылап, оны ресми тіркеуге алуға даяр тұр еді. Аяз бетті аяусыз шымшылайды. Минус 30 градустың ар жақ, бер жағы. Қар биыл қалың түскен. Бір жарым-екі метрден кем емес. Жер-дүние ақ көрпеге оранып, мүлгіп жатыр. Уақыт өте жел басылып, еңсені басар қалың тұман айналаны көзге түртсе көргісіз ете салды.

Жағдайды бақылау тобының өкілдері мұндай ауа райында ядролық жарылысты құлау квадраты шекарасынан бірнеше шақырым қашықтықтан оптикалық тіркеу мүмкіндігі қалай болар екен деп алаңдай бастады. Өйткені дәл осы қашықтықта жарылыс фактісін жедел құжатпен растау және оның қуатын экспресс-әдіспен анықтау үшін оптикалық аппаратура орнатылған болатын. Күннің суықтығы жағдайды одан сайын қиындатты: ақырында аппаратура мұздап, жұмыс істемей қалды.

– Қырсық бір айналдырса шыр айналдырады деген осы, – деді шынымен алаңдай бастаған генерал-майор Звинцов жерге шырт түкіріп. Ақезу аяз түкірігін жерге түсірмей, ұшырып ала жөнелді. Мұны байқаған әріптесі күліп жіберді:

– Айшоқының мына адуынды аязы Құдай біледі, сенің түкірігіңді Астраханға қарай алып ұшты-ау. Ал біз сол Астраханнан әлгі зымыраны құрғыр қашан жетеді деп асығып отырмыз.

– Көрмей тұрмысың, – деді Звинцов танкті нұсқап. – Оталмай қалған.

Сосын екіншісіне жақындады. Ол біраз қиналып тұрды да гүрілдеп ала жөнелді. Танк ішінде кинокамера, аккумулятор, сосын радиостанция бар. Ақырындап жүріп экипаж құлау квадратының шекарасына да жетті-ау. Звинцов мазасызданып отырып стартпен байланыс орнатты.

– Танкінің үстіне аппаратураны орнатып, жарылысқа дейінгі бүкіл уақыт бойы үздіксіз радиобайланысты сақтап тұрындар, – деді арғы жақтан байланысқа шыққан генерал-лейтенант Осин. Сәлден соң тағы да байланысқа шығып, «зымыран есептелген траекториядан оңға қарай ауытқып бара жатыр» деп мәлімдеді.

– Тезірек танктен шығып, люкті жабу керек! – деді мұны естіген танкистер абдырап. Сөйтті де олар Звинцовтың үстіне екіқабат тон жауып қойды. Аппаратура мен аккумуляторды аяздың ырқына беріп қоймау өте маңызды. Звинцов әрең дегенде аппаратты қосып, оның бағдарын аз да болса түзетуге күш салды. Бітті! Көзін ашып-жұмды ма, оны да білмейді. Жарылыс! Сокқы толқыны жердің өзін теңселтіп жібергендей әсер етті. Танкистердің бірінің малақайы домалап кетті. Торы жорғаның үстінде келе жатқан Мәукен мен баланың да ауып түсіп қала жаздайтын сәті осы кез.

Звинцов көк жүзін алапат жарылысқа айналдырған сәтке аңырайып карап отырған қалпында Осинге бәрін мұқият баяндап жатты. Сосын генерал-майор бастаған арнайы топ тоғысу нүктесіндегі құлау квадратын мөлшерлеп, ядролық жарылыстың бүкіл параметрін – радиация мөлшерін, соққы толқынын, жарық сәулеленуін есепке алды.

Арада бір сағаттан астам уақыт өткенде екі тікұшақ келіп, команданы тиеп алып, Айшоқы аэродромына қарай ұшып кетті.

\* \* \*

Бұл өлкедегі ойпаңдар мен қыраттар, өзендер мен көлдер, күн, ай мен жұлдыздар, талдар мен жапырақтар, тастар мен қиыршық құмдар, тіпті айбыны асып жатқан телегей су – Көк теңіздің түбіне шөккен балдырлар мен ойнақ салған балықтар, Барсакелместің даңғайыр даласында жосыла құйғытқан құландар бәрі-бәрі бір адамның жебеушісі. Олар таңнан кешке дейін баланың тілеуін тілеп, сол адамның ғұмыр- тәлейін дұғаларына қосып, тебіренеді.

Бала көңіл сарайында қонақтаған аяулы сырын соларға ғана шертеді. Бүгін құмға, ертең шалқып жатқан қарт теңізге, одан әрі аңқасы кеуіп, жапырағы сарғая бастаған терекке келіп, сыр ашады. «Әй, әй, тек! Байқандар, дос деген сырға берік болса керек-ті. Ешкімге тіс жармандар. Сенген соң айтып тұрмын-дағы. Әйтпесе...» дейді ол ашуланып. Қиыршық құм шырқ үйіріле соғып, «О не дегенің? Қашан саған сатқындық жасап едік?» дейді. Бір-бірімен қуаласпақ ойнаған ерке толқындар «О не дегенің?! Сенің құпияңды қашан жайып едік?» дейді. Күн сорып, таңдайы қақсыған талдың өзі кілт жайдарыланып, «О не дегенің?! Мен сенің адал досың емеспін бе!» дейді. Бала сосын ғана тынышталады. Сосын ғана көңілденеді.

Байырқалап, мына дүниеге қарайды. Өзін осынау ғажайып өлкенің қожайыны сезінеді... Қожайын емес, дирижер. Бұл – дирижер, қалған достары – оркестрдің мүшелері. Толқын соғып, жел гулеп, жапырақтар сыбдыр қағысып, құм ысқырып, тас шақылдап, бәрі-бәрі өз үнін қосып жатады. Бәрі де балаға бағынады. Бәрі де баланың бұйрығын күтеді. Бала шолақ таяғын сермеп қалса бітті, достары өз үндерін өзгелерден ерек шығаруға тырысып, улап-шулап қоя береді.

Токмұраттың үйі вокзалдан алыс емес. Оны толыққанды вокзал деуге де келіңкіремейді. Токтаусыз зымырап өтіп жатқан пойыз жоқ. Анда санда ысқырып, шынғырып тауарлы вагондар өтеді. Токмұратқа соның өзі жеткілікті. Құмаралдың құжыра сияқты кішкентай разъезіне пойыз тоқтаған кезде мықшындап жүріп қап-қап көмірді түсіріп алады. Сосын үсті-басын қаққыштап, пойыздың бас жағына беттейді. Сол кезде Токмұраттың үстіне қонған көмір тозандары жан-жаққа бытырай ұшып, жайылып, қап-қара шаң айналасын қаумалап бара жатады.

Токмұрат жерде тұрып өзінен құлаш бойы жоғары машинистке мойнын созып, «Здрәсте, Сережа» дейді. Ол «саламалейкім Токмурат» дейді жымың етіп. Сосын Токмұрат көмірдің иісі мен шаңы сіңген жаман драп пальтосын шешіп жерге қояды. Оның ішіндегі мақтасы әлдеқашан сетінеп, артылған бірен-сараны түйдектеліп не жеңіне, не етегіне жиналып қалған жаман кәстүмін шешеді. Сосын әкесінен қалған сары дақтары бұл күнде қарайып, қошқылдануға айналған тозыңқы жейдесінің төс қалтасынан сапырылысқан ақшаны уыстап алып шығып, көмір-көмір саусақтарын бір-бір жалап қойып, ақша санай бастайды. Әбден санап болған соң ақшаны жұмарлап қысып, уыстап дөңгелектеп Сережаға қарай лақтырып қалады. Машинист әлгі жұмарланған ақшаны жерге де түсірмей, желге де ұшырмай

қағып алады. Кейде Токмұрат жаңылысып, қайта санап тұрып алса сапсары Сережа қып-қызыл болып ашуланып кетеді.

— Сен қызыксың, Токмұрат, — дейді ол көздері дөңгеленіп, төменге төніп тұрып. — Алатының 35 қап, соның ақшасын алдын ала дайындап қойсаң болмай ма?

— Міні, міні, болып қалдым, — дейді Токмұрат сонда да саспай, қап-қара саусағын ұртына сусылдата салып тұрып. Сережа амалсыз басын шайқайды.

Пойыз жүріп кеткен соң Токмұрат майпандап келіп, теңкиіп жатқан көмір салынған қаптарды арбасына тиейді. Әр қапты лақтырған сайын қамытқа жегіліп тұрған ақ есегінің мойны қалтаң ете қалады. Қарадан қарап жүріп жалғыз есегімнен айырылып қалмайын дей ме, біраздан соң қамытты ағытып қояды. Ондайда ақ есегі серуендеп, дала кезіп кететіні бар. Борша-борша терлеген Токмұрат ақ есектің ата-тегін түгел сыбап, шыбықпен сабалап әкеліп, жеге бастайды. Ауыр жүк тиелген арбаны қинала тартқан ақ есегі әшейінде тез-ақ жүріп өтетін қашықтықты күндік жолға айналдырып, таң сібірлеп ата бастағанда үйге әрең маңдай тірейді. Болдырып жетеді. Шаршашаң-ау, маған тағы да қажетсің-ау деп жатқан Токмұрат жоқ, есегімен шаруасы болмай, ол байғұсқа жем де берместен, су да берместен қаптарды арбадан мықшындап түсіріп, сарайға тасуға кіріседі.

Кейде колхоздың қоймасынан ұрлайды. Оған ат арбамен барады. Қазалының базарынан қайбір жылы көмір салатын қаптың неше атасын алып келген. Қойманың күзетшісі Әбдікәкімге әнеугүні бір жайын беріп кеткен. Бір жайын — бір айдың нәпақасы. Одыраң әйелі соның өзіне риза емес. Алдыңғы күні «Комбинаттың жанынан да склад ашылған көрінеді. Ол жаққа да көмір келеді. Сөйлес» деген шәй үстінде. Токмұрат шоршып түсті.

— Әбдікәкімнің өзі қай күні есінен танып қалар екен деп әрең жүргенде, айналайын, комбинатыңды айтпа маған, — деген шыр-пыр болып.

Бүгін де сөйтіп бейнеттеніп, әрең дегенде төсегіне жантайған беті еді. Екі бөлмелі жаман тамының қаңбақ құрлы болмай, ұшып кете жаздағаны. Тіпті жаман тамы шынымен ұшқысы келгендей, бір-екі рет төбеге қарай ұмтылғандай болып та көрініп кетті. Токмұратта зәре-иман қалған жоқ. Әйелі түк сезер емес. Әрі аяз, әрі тұманды, тас қараңғы түннің әп-сәтте жап-жарыққа айналып сала бергенін көрген Токмұрат әуелде ақырзаман деген осы шығар деп түйген. Кейін әлгі жарық сейіліп, жердің теңселісі басылған соң бұл ойынан қайтайын деді. Кейде отырып алып, «Осы Ақырзаман дегенді бір көріп үлгерсе болар ма» деп қай-қайдағыны ойлайтыны бар еді, енді сол «Ақырзаманмен» бетпе-бет келгенде кіші дәретін босатып жіберуге шақ қалды.

Әйелі сонда да ештеңе сезбейді. «Әй, мен болсам бұтыма жіберуге аз-ақ қалдым, бұл болса серейіп жатысы мынау» дейді күйгелектеніп, әр терезеге бір барады. Сөйтсе де, әйелінің қаннен-қаперсіз қорылдап жатқаны бойын тіктеп, буынын бекітуге септескендей болды. Солай абдырап жүріп дамбалшаң күйі сыртқа қашқанда әлгілердің алдынан шыға келмесі бар ма.

Өзі де көмір тасыған құрлы қылкөпірдің үстімен өткендей болып жүр еді, біреулер ізімді андыған ба деп зәресі зәр түбіне кеткен. Бірақ бұл байғұстардың кісі баласына зияны тиер ыңғайы байқалмайды. Тіпті өздері өле жаздап, мұның үйін сауғалап келсе керек. Соларды жайғастырамын деп өзі де әбден сілелеп бітті. Жастыққа бас қойғаны сол, ұйқы шіркін қақ маңдайдан ұрып, сілейтіп түсірді.

Бала түні бойы көзі ілген жоқ. Мәукенмен бүгін танысқан. Мәскеуден

келе жатқан беті екен. Алматыға аз-кем аялдадым да тікелей Айшоқыға тарттым дейді. Мұнымен үлкен адам секілді сөйлесті. Өзі де Мәметжанның отынын амалсыз бұтап тұр еді, мынадай қызық адамның кезіге кеткеніне қуанбаса ренжи қойған жоқ.

Бұл күнде балаға бәрібір. Кіммен болса да қуана табысады. Адам болса болғаны. Бұл дүниеде ең жаманы жалғыз қалған ғой дейді оңашада өз-өзіне күбірлеп. Жалғыздық неткен жаман еді. Бұл өзі қандай адам? Токмұратты неге іздеп жүр? Қалаға апарамын дейді, қаласы қандай екен деп біраз ойланып жатты. Сосын есіне атасы түсті. Атасы іздемей ме мұны? Ақымақ басы бейтаныс аттылының ізіне ілесіпті де жүре беріпті. Ол болса шарқ ұрып іздеп жатқан шығар. Кейде ертерек ұйықтап қалатыны бар еді. Бәлкім, сөйткен болар. Бұрын да бірер мәрте Токмұраттың үйіне түнеген. Токмұрат ол кезде де осы жерде тұратын, Мәметжанмен бірігіп бригада құрып, балық аулап жүрген. Кейін онысын қойып кетті. Мәметжанның да бұл күндері балықпен онша ісі жоқ... Сөйтіп жатып есіне Сәлима оралды. Сәлиманы ойлауы сол, баланың тұла бойы шымырлап, көңілі қызынып кетті. Езуіне болмашы күлкі үйірілді. Сосын Мәметжанның үйіне ашуланып баратыны, бүкіл өшін Сәлимадан алатыны түсті де қайтадан бойын көңілсіздік жайлады. Иә, бала бәрін айна-қатесіз біліп жатыр, көріп жатыр. Ұйқысыраған күйінде сырттан дүниенің бір бұрышын сұқ саусағымен тіреп тұрған адамша аһылап-уһілеп Мәметжанның кіргенін, сосын ошақтың отын түрткілеп, бүрсеңдеп отырған әйеліне ажырая қарағанын, бәрін-бәрін көріп жатты, сезіп жатты...

Мәметжан кеше сойған лақтың жас сорпасын шылқа терлегенше сораптап, ішіне ел қонғанша тырс етіп дыбыс шығарған жоқ. Сәлима шокты көсеп, аздап тұтандырды да үстіне әлдеқашан істен шығып қалған тоқшәйнекті қойды. Біраздан соң тоқшәйнек ызындап қайнай бастады.

– Ана бала кетіп қалыпты, – деді бір кезде барып Мәметжан. – Есірік неме, әлдебіреуге мінгесіп алыпты өзі.

– Көтек, неғыл дейді, кімге мінгесіп алыпты?

– Кімге деп еді-әй.., – Мәметжан әйеліне зәрлене қарады. – Әй, сонынды сен танып жүрме...

– Оттама, Мәметжан...

– Өзі бір ренді жігіт... Рас танымаймысың?

Мәметжан жүзі түтігіп, қарақошқылданып көрлене түсті. Оң қолын босағада жатқан жаман етігіне қарай созды.

– Кімді айтып тұрғанынды түсінсем неғыл дейсің? – деді Сәлима жалынышты дауыспен.

Өзіне қарай табаны ырсыып, тілі салақтаған жаман етіктің екпіндей ұшып келе жатқанын кеш аңғарған әйел әрең бұғып үлгерді. Етік топ етіп ошақтың алдына түсті. Күйіп қалмасын дегендей, Сәлима жалма-жан етікті алып, былай ысырып қойды.

Баланың ұйқысы қайтадан ашылып кетті. Иә, сөйтті, оңбаған Мәметжан тура солай істеді ғой деді әрі-бері дөңбекшіп. Әлгінде ғана бойы балбырап, кірпігі ілініп бара жатыр еді, ұйқысы ашылып кетті, көзі бақырайып, сол күйі жатты да қойды. Мәметжанға тигелі Сәлиманың басынан соры арылған емес. Ауыл әйелдері «байғұстың бет-ажары өзіне сор болды-ау» деп сыпсың-сыпсың етеді. Олар мұны аяғаннан айтты ма әлде сұлулығын қызғана ма, ол жағын айырып білу қиын. Бір анығы – оны аяйтындар да, қызғанатындар да көп. Бала Сәлиманы жақсы көреді. Мәметжаннан таяқ жеген күндері бұлардың үйін сағалап келеді. Атасы аяп ішке кіргізеді. Үстіне көрпе жауып, ыстық су беріп, бәйек болады. Бет-аузы адам көргісіз,

көкала торғайдай қылып сабаған. Мұны көріп, баланың ашуы қозып кетеді. Тап қазір барып Мәметжанды қылғындырып, Сәлиманың кегін алсам ғой деп армандайды. Бірақ оған әзір күш-қайраты жетпейтінін жақсы біледі. Өскен соң міндетті түрде Сәлиمانы құтқарамын деп өз-өзіне серт етеді.

Сәлима сондай сұлу. Қасы-көзі киылып тұрады. Ептеп бұйраланған шаштары әппақ жүзін одан сайын әсемдеп, нәркес жанары жәудірей қарайды. Бала дүниеге келіп, айналасын танығалы тап мұндай сұлу әйел көрген емес. Өз анасын сұлу деп ойлаушы еді... Бұрын солай ойлайтын.. Қазір оған өз анасы сұлу емес секілді. Баласынан безініп кеткен ана сұлу бола ма дейді бала тағы да өз-өзіне сұрақ қойып. Сосын жауап күтеді. Олай болуы мүмкін емес қой, мүмкін емес дейді сосын жауап ретінде.

Сан алуан ойлармен арпалысып жатып қалай көзі ілініп кеткенін байқамай қалыпты. Сөйтсе де ерте оянып алды. Түнімен разъезден көмір тасимын деп шаршап, одан әлгі алапат жарылыстан қорқып, одан қалды ойда-жоқта келіп қалған қонақтары абдыратқан Тоқмұрат әбден сілелеп қалыпты. Ұйқыны соғып жатыр. Күн тас төбеге бір-ақ шыққан екен-ау деген ойдан шошып, тапырақтап атып тұрған. Алдында Әзірейілдей болып бала отыр. «Әй, сенбісің?!» деді шошығаны басылып, добалдай саусақтарымен шылқа терлеген мойны мен маңдайын сүртіп.

– Тоқмұрат, амансың ба, әй? – деді бала.

– Аман, аман...

– Тағы да көмір ұрлап әкелдің бе?

– Әй, сен де... Ұрлап деме...

– Ұрламаған нең қалды енді? Соншама көмірді сатып алатындай әкен

Шұбаркөлдiң шахтасын басқарып па едi?

– Әй, сен де... Сөзуар боп алыпсың.

– Қатынына айтшы, шәй берсін.

– Береді, ойбай, тек үндеме жалмауыз бала-ау, дымыңды шығарма.

– Шәйға қансам сенде не шаруам бар.

– Болады шәйiң, болады...

Тоқмұрат орнынан әрең тұрып, мықшындай қисандап, шығып кетті. Ауызғы үйде әйелімен күбір-сыбыр сөйлесті де көп айналмай, қайта шықты.

– Ау, әлгі қонақты оятайық. Неғылған жан, жөнiн сұрайық, – деп төргі бөлмеге беттеді.

– Қонақ далада, – деді бала. – Темекі шегіп тұр.

Бала мен Тоқмұрат сыртқа шықса Мәукен созылып жатқан далаға қарап шылымын бұрқыратып тұр екен. Бұлар жанына таяп барса да сол арқасын берген күйі қайырылмай тұра берді. Аспан күңгірт. Кешегідей емес, аяз аздап сынайын депті. Тоқмұрат пышылдақ мұрнын тартып-тартып қойды.

– Бір күлімсі иіс шыға ма, а? – деді сұрау тастап. – Айтпақшы деймін-ау, кешегі жер-дүниені астан-кестең еткен не пәле болды? Сол пәлемен жағаласып сендер неғып жүрсiндер?

Мәукен енді ғана бұрылды. Бетінің әр тұсына ала шұбар дақ қонған, шашы қап-қара әрі қайратты, ұзын бойлы, денелі жігіт екен. Тоқмұраттың бет-жүзіне барлай қарады. Баланың да Мәукеннің бейнесіне анықтап зер салғаны осы. Тоқмұрат алып бара жатқан кәрі емес еді, бірақ осы тұрысында Мәукеннің әкесіндей дерлік шамада көрінетін. Бала соның бәрін оңай аңғарды. Қалт-құлт еткен түріне қарамай көмір ұрлайсың-ау деді бала Тоқмұраттың үсті-басын тінти қарап. Өзі шынымен шөгіп қалған ба? Бұл ес біле бастағанда Тоқмұрат кәдімгідей айпаралы кісі еді. Қос иығына балық толы қос ақаншаны артып алып, балпанактай аяғымен Айшоқының

шегеқұмын борп-борп еткізіп, ертегідегі дию құсап келе жататын сәті әлі көз алдында. Ол кезде шешесі де бар еді.

Токмұрат ырғаң-ырғаң басып, бұлардың үйіне соқпай өтпейтін. Көкесіне сәлем беретін. Көкесі үнемі шәй үстінде «Токмұрат дегенін дамбалы бұтынан түсіп қала жаздап шауып жүретін бала еді, қарашы енді, далиған дәу жігіт болған» деп мейірленіп отыратын. Айтуынша, оны алғаш балыққа ертіп шыққан көкесі көрінеді. Баланың ата-бабасы осы өлкеде туып-өскен, ал Токмұраттың әкесі аштық жылдары теріскейден ауып келіп, шалқып жатқан ұлы теңіздің жағасынан тұрақ тауыпты. Сөйтіп осы жерге сіңісіп кетеді. Одан бері де заман бір ізді болған жоқ. Ашаршылықтан кейінгі алағай да бұлағай шақтарда осы Токмұрат ержетті. Балапан басына, тұрымтай тұсына кеткен уақыт, біреудің біреуге қарайласа қоярлық шамасы жоқ. Сонда көкесі «пана іздеп келген адамды ағайынға айналдырмасақ қайтіп ел боламыз? У ішсең руыңмен» деп өзге жұрттың сөзін жиып қойып, осы Токмұратқа балықшылықтың қыр-сырын үйретіпті.

— Атам осы өңірге атағы жайылған балықшы еді, — деп тамсанып отыратын көкесі. — Ол заманда Көк теңізге құяр сағаға бір жіптің бойында қаздай тізіліп, сырғауылға бекітілген тор мен ауларды құрып тастап, өзі қамыстың көлеңкесінде шәлжиіп жататын көрінеді, жарықтық. Жұрттар артель құрып, өзара қауымдасып әуре болып жүргенде бұл кісі ешкімге жақындамайды екен. Тіпті сол үшін жазаға тартыла жаздаған. «Қайбір жылдары бір балықты Орынбордың кекірейген көпесіне 3 рубль 30 тиынға саттым» деп отырушы еді, — дейтін әңгімесін ұзақтан бастап.

Шешесі соның бәрін үнсіз тындайтын. Көк теңіздің қасиетін бала жастан түйсініп, тағдырын теңізге тапсырған осынау әулеттің келіні атанғанына ма әлде осындай ержүрек жанның жары болғанына ма, әйтеуір әлдеқандай бір мақтаныш кеудесін кернеп, онысы жүзінде болымсыз күлкі табы болып көрініс беріп, жымыып қана отыратын. Томпандап жүрген мұның шашынан сипап, аузына құрт езіп береді. Сол құрттың дәмі баланың таңдайынан әлі тарқай қойған жоқ... Сол кез қандай мейірлі шақтар еді дейді бала арагідік есіне түсіп кетсе. Бақытты едік. Ондай бақытпен, ондай шаттықпен мынау аласұрған теңіздің астына түсуге де, анау зеңгір көктің төбесіне шығуға да болар еді ғой. Енді ше? Енді қайтпек? Көкесі оралмас сапарға аттанды. Өзі қатты жақсы көрген, өзі өлердей сүйген теңізбен тұтасып кетті... Шешесі ше? Ол орала ма?

— Мен білсем, бұл тегін емес, — деді Мәукен.

— Тегін болмаса айт енді, — деді Токмұрат.

— Түнеугүні біздің арамызда Мәскеу ядролық зымырандарын сынап көреді деген қауесет тараған. Сірә, сол болса керек.

— Ай, соры арылмаған Айшоқы-ай! — деді Токмұрат санын ұрып. — Міне, әлденені сынап көргісі келсе де бізді нысанаға алады. Бастан кешкен теперішіміз аз болды ма екен? Теңіз анау, апандай арнасы қуықтай арыққа айналып бара жатыр... Бүйте берсе, бізді өлтірудің де керегі болмас... Өзіміз-ақ жайрап түсерміз...

— Қойшы-әй, түңіле бермей, — деді Мәукен күліп. — Менің атым — Мәукен, Мәскеуден келе жатырмын. Жолай Алматыға соқтым.

Токмұрат та өзін таныстырып, атын айтуға ыңғайланып жатқан, одан бұрын сөйлеп кетті.

— Сені танымын, — деді ол. — Айтатын әңгіме бар. Мүмкін болса, онаша сөйлесейік.

Алып денесі шөгіп, бұл күндері мықшындап жүретін шалға айналған Тоқмұрат та темекісін тұтатып, Мәукенді ертіп үйді айнала берді.

\*\*\*

Бәрі де баланың кешегідей көз алдында. Көкесі білте шамның әлсіз жарығымен ошақ алдында тебен иненің бауырын отқа төсеп, қыздырып, иіп отырады. Әбден қызып, бабына келген темірді суға малып, бекітіп алады.

– Міне, жұтпа қармақ дайын болды, – дейді жайраңдап. Көкесі өте ісмер еді. Оң қолының үш саусағын оқ жұлып кеткен. «Саусақ садаға. Аз болып қалмасын деп үшеуін бірдей кермәнге бердік» деп күліп отыратыны баланың санасында әлі күнге сайрап тұр.

Шешесі күні бойы тыным таппай инелік, жауын құрты, су шаяны тәрізді жәндіктерді жинайды. Оны көкесі жұтпаға пайдаланады. Балықтар әлгілерді бір тістесе бітті, қармақ басы қалтаң ете қалады. Ондайды мүлт жібермейтін кәнігі балықшы су астында асыр салған балықты әп-сәтте аспанға ұшырады. Көбіне көксерке, сазан, қаяз, шортан түсетін. Бала көкесінің жанына енді-енді ғана еріп, балық аулаудың қызығын көре бастаған, сезіне бастаған сәтінде бәрі шорт үзілді емес пе.

Көкесінің «Бүгін жылым тәуір-ақ майлады» деп көзіне түскен бөркін ысырып тастап, босағада леген толы балықты ұстап, бала-шағасына мейірлене қарап тұратыны кеше ғана сияқты еді. Үй ішіне балық иісі лап ете қалғаннан-ақ бәрі мәре-сәре болады. Оттың басы берекеге толып жүре береді. Шешесі үлкендеу бір қаязды таңдап алып, ішін жарып, кеспелеп қазанға салуға асық. Бұлар да балық қашан піседі деп ошақтың айналасында шуылдасып жүреді. Ал бұл сәт – көкесінің ең бір мазалы, берекетті шағы. Сырт киімдерін асықпай шешіп, Қиғашкүл салған төсекке жантайып, транзистордың құлағын асықпай бұрап, тыңдауға ыңғайланады. Қарындасы екеуінің асыр салып ойнағанын қызықтап отырып, тыңдап та қарық қылмайды-ау соны. Сонда да риза, сонда да көңілді. Біраз жасы ұлғайып барып көрген перзенттері болған соң ба, ерекше балажан еді.

Көкесі балыққа кеткенде шешесі үйде ұзақты күн мардан тоқитын. Бұл бір азап шаруа. Алдымен енді көктеп келе жатқан жұмсақ қамысты шауып алып, молынан жинап қояды. Сосын оны тоқуға кіріседі. Шешесі көбіне қамыс қурайларын қолмен ширатып алып, тігінен қойып, бірнеше жерден көлденеінен қамыстың өзімен шақпақтап өріп шығатын. Көкесі кешкілік балықты сол марданға тастайды. Оның үстінен тағы да мардан жауып қояды. Марданда жатқан балық бұзылмайды да, шірімейді де. Балаға соның бәрі таңсық. Соның бәрі жат. Бірақ біртіндеп теңіз иісіне бой үйретейін деді. Ол кезде шалқып жатқан теңіздің әлі де болса қатты қайырлай қоймаған кезі. Ал қазір ше? Қазір теңіз дегенің күн санап емес, сәт санап шегініп бара жатыр. Атасы да ертелі-кеш соны айтып, сарыуайымға салынып отырады. Көк теңіз тартылса көрер күніміз не болмақ дейді күнде кешкілік жатар алдында. Сосын «Жаратқанның бір есебі бар да, тарихында Көк теңіздің аңқасы талай кеуіп, талай толды емес пе» дейді. Өзін жұбатып жүр ме, әлде баланың құлағына жете берсін деп айта ма, ол жағын айырып болғысыз. Әйтеуір, өз-өзімен күбірлеп сөйлеседі де жүреді. Атасы бір қызық жан...

Бұлар қам кесектен салынған кәдуілгі соқпа тамда тұратын. Айналдырған қуықтай қос бөлме. Арасын пеш бөліп тұр. Әдеттегідей атасы мұның үстін қымтап, маңдайынан сипап, бір ұрсып, бір айналып-толғанып жүріп, өзі де пештің жанындағы үйреншікті орнына жантая берген. Баланың көз алдына кешегі түн келді. Түн болғанда ымырт енді үйіріле берген, алагеуім шак. Торы жорғаның бүлкілі әлдилеп, көзі ілініпті. Тарс-тұрс еткен ащы

дыбыстан, аспан астында алау жаққандай болған беймәлім құбылыстың әсерінен оянып кетті. Басы мең-зең. Ештеңені түсініп болатындай емес. Сонда баланың байқағаны — көз жетер жерге дейін дүние жап-жарық болып, самаладай сәуленің Айшоқы даласының қойны-қонышын түгел кезіп кеткені еді. Құдды аспан төріне аспалы шам іліп қойғандай дерсің. Бала осынау ғажайып көрініске аңтарылып қарап, тілі байланып қалыпты. Аз болмағанда шошына айғай салып, аттан аударылып түсіп қала жаздапты. Одан арғысы есінде жоқ. Денесі дел-сал болып, Токмұраттың одыраң әйел салып берген төсекке қисая берген. Бала соны ойлап, көз алдына елестетіп жатты. Бірақ әлгі құдіреттің не нәрсе екенін толық түсіне алған жоқ. Мәукен айтқан әлдебір зымыран туралы сөзді де ойы қорыта алмады.

Ұйқысы келді. Есіне атасы айтып беретін ертегі түсті. Атасын оятып, сол ертегіні тағы да айтып беруін сұрағысы келген. Бірақ ол ойынан тез айныды. Атасын мазалағысы келмеді. Ол бір қызық ертегі. Сол күйі соңына жете алмай келе жатыр. Ертегіні түнде, тек жатар алдында тыңдағысы келетіні де қызық. Әйтпесе, күндіз сұрап алса да болушы еді. Күндіз тыңдағысы келмейді. Ертегі деген түнге қарай айтқанда қызық. Анасынан алты айлық сәби кезінде ажыраған әлгі бала ержетіп, есейді ме екен? Есейсе не істепті? Хан оны қалай сыйлапты? Кейін анасымен көрісіп пе? Анасы оны іздеп пе екен? Әлде күдерін үзіп, күндерін құсалықпен өткізді ме? Бала бәрін білгісі келеді. Балаға бәрі жұмбақ.

Кенет үй маңы дүсірлеп қоя берді де іле-шала әлдебіреу есікті тарсылдатып ұра бастады.

— Астапыралла, — деді шошынып кеткен атасы. — Бейуақта бұл кім болды екен?

Әлгі адам есікті ұрған үстіне ұрып, тоқпақтап жатыр. Енді болмаса бұлардың ашқанын күтпей-ақ, өзі сындырып кірердей. Атасы еңкендеп орнынан тұрғанша әлі ұйықтай қоймаған бала зып беріп дәлізге шықты да есіктің ілмешегін көтеріп қалды. Шашы тікірейіп, бет-жүзі әлем-жәлем болған Сәлима тұр.

— Кіргіз, кіргіз үйге өлтірмесең, — деді жан дауысы шығып. Сөйтті де аяғын шешпестен төрге өтіп, көрпенің үстіне отыра кетті. Екі иығы селкілдеп, өзіне бағынар емес.

— Шырынбек, қалқам, шамды жақ, құманмен су әкел, — деді атасы Сәлиманың жүзіне абыржи қарап. Сәлиманың әлденені түсіндіріп айтарлық шамасы жоқ. Түсіндірмесе де бұларға бәрі түсінікті. Күнде болмаса да ара-тұра куә болып жүрген үйреншікті тірлік. Мәметжан сұлу әйелін тағы да таяқтап, үйінен қуып шыққан. Басқа түк те емес. Араққа сылқия тойса болды, Мәметжан қатынын сабайды. Бас-көзге қарамай, қолында не бар, сонымен ұрады. Алдыңғы жылы, ол кезде бала 4 не 5-те болса керек, босағада ілулі тұрған қазамен ұрып қабырғасын сындырып қойған. Сонда Сәлима аудан орталығындағы ауруханада 10 күн жатып, он бірінші күн дегенде Мәметжан өзі барып алып келді. «Қабырғам сынды екен деп, адам доғдырға қарала ма, сынған қабырға өзі бітпей ме» деп жержебіріне жетіп, алып қайтыпты.

«Бұлар нені бөлісе алмайды? Осындай сұлу әйелді қалай дәті барып ұрады?» деп баланың басы катады. Кейін білсе, Мәметжан мұны әркіммен бір байланыстырып, сыныққа сылтау іздеп, таяқтай беретін көрінеді. Ішпесе ашуы көтерілмей, үнсіз жүреді де ішсе болды, ошақ басындағы қатынына шауып, көздері шатынап, білек тамырлары адырайып шыға келеді. Сондағы айтатыны «Кеше анаумен сөйлесіп тұр едің, қойындасып үлгердің бе?», «Селсоветтің жиналысына неге бара бересің? Колхоздың

шаруасы саған қарап қалып па? Әлде колхоз бастық сені көрмесе жиналыс өткізе алмай ма?», «Сыландап жүргенінді қашан қоясын? Сыландаған сенің ненді алыпты, пәтшағар?», «Білем, мені ақсақ деп менсінбейсің, мен бірақ ақсап жүріп-ақ талайды қан қақсатармын» деген сияқты адамның шамына тиіп, ызасын оятатын уытты сөздер еді. Байғұс Сәлима соның бірде-біріне ләм деп жақ ашпастан тымырайып отырады да қояды. Кей-кейде айнаға қарап, сұлу болғысы келмейтіні бар. Бұрын қыз күнінде сұлу болуға, әдемі болуға ынтық еді. Қазір бәрі басқаша. Сұлу болу деген сорлы болумен тең болып шыға келді.

Түн баласы «Е-е, Құдай, мені бүйтіп азаптағанша, неге ала салмайсың? Маған мына өмірді сүрудің берекесі қалды ма өзі?» деп жанын жеп шығады. Жалт бұрылып, жүре беруге таяныш боларлық бір жан жоқ. Өзі тұл жетім. Әкесі халық жауы деп айдалып кетті. Сол ұсталғаннан кейін-ақ хабар-ошар сап тыйылған. Шешесі бұған дейін он бір құрсақ көтеріп, он бірі де тұрақтамаған байғұс. «Бар өмірім сенің жолыңа құрбан» деп өбектеп жүруші еді. Бұл 9-ға толған жылы соқырішектен көз жұмды. Кейін нағашы әпкесі қолына алды. Ол бір бағы ашылмаған, адуын қатын еді. Мұны туысы деп емес, күні деп қабылдап, тірліктің бүкіл тауқыметін жас қыздың нәп-нәзік иығына арта салғаны. Сөйтіп жүргенде Мәметжанмен жолықты... Кекіл шашы маңдайын қытықтап, бұрымы мықынына сокқан үр қыздан кім-кімнің де дәмесі бар. Мәметжан нағашы апасының алдына шарт жүгініп, «Ассудан тарықпайсың, апажан, балық дегенің алдыңда тау болып үйіліп жатпаса, маған кел» деп қызыл сөзді сапырып, бір түнде мұны артына мінгестіріп алып кеткен. Содан бері Мәметжанға әйел болып келе жатыр. Мәметжан мұны әйелім екен-ау демейді. Құдайдың құтты күні әлгіндей сөздерімен шаншып-түйреп, сабайды да жатады, сабайды да жатады.

Міне, бүгін де таяқтың астына алыпты. Екі беті домбығып ісіп, қолдары жуыспай қалған жас әйел тілін икемге келтіре алмай, булығып отыр. Байқаса, Мәметжан мұны әуелі мұздай суық сарайға қамап қойған сияқты. Сірә, содан әрең дегенде сытылып шығып, паналап келген беті сияқты.

Бала бұл жолғы жанжалдың мәнісіне қаныққан сықылды. Мәукен мен Тоқмұраттың күнгірлеген дауысын шала-шарпы естіп қалған. Мәукен Сәлимамен танысқысы келетін сыңайлы. Бұрын да ептеп араласқан көрінеді. Сәлима күйеуге тимей тұрып па, әлде таяу арада ма, бала ол жағын біле алған жоқ.

– Мен оны бақытты ете аламын ғой, Төке, – деп жатты Мәукен. – Бір тапсаң оның тілін сен табасың...

– Мәметжан ешкімді ондырмайды, – дейді Тоқмұрат асығып-аптығып. Әрі қарай екеуі аяндап ұзап кетті де бала сөздерін аңдығандай болармын деп ілесе жүруге ұялып қалды. Сол беті не деп, не қойғандарын ести алған жоқ. Түсінгені, Мәукен Сәлимаға ғашық. Оны алып қашқысы келеді. Соған қарағанда Сәлиманың да жігітте көңілі болғаны ғой. Бір жағынан, Сәлима Мәметжанның бұғауынан босап шықса жақсы болар еді деген ой көңілін орнықтырса, екінші жағынан өзі де Сәлиманы қимайтын сияқты. Ау, ертең есейіп, жігіт болғанда Сәлиманы өзім аламын, басынан құс ұшырмай аялап, мәпелеп өтемін деген серті бар емес пе? Бала да болса нәті еркек еді ғой! Серттен таяуға бола ма екен? Арманын қалай сатады? Бірақ өзі Мәукенді де теріс көрмейтін сияқты. Бет-жүзі келіскен, айтатын ойы мен жұптаған сөзі нанымды, байсалды жігіт. Бұл өлкеден бала бұрын-соңды ондай тиянақты, ондай ойлы кісіні көрмепті. Ондай салауатты адам тек атасы айтатын ертегі,

аныздарда ғана болатын шығар. Ал шын өмірде кездесе бермейді. Шын өмірде ондай адам болса, ол көкесі еді. Міне, ол да жоқ. Мәңгіге жоқ. Мәукенмен әлі де әңгімелесіп, араласа түскісі келетіндей. Ал егер Мәукен мен Сәлима үйленсе, бұл солармен бірге кетсе қайтеді?! Олар мұны ертер ме екен? Кенет есіне атасы түсті. Атасы бар екен-ау. Оны қалай жалғыз қалдырмақ? Баланың санасында ысынып-суынған сан мындаған ойлар тулап жатты, тасып жатты.

Сәлиманың жүзі бусанып, қолдары икемге келіп қалыпты. Ол келген соң атасы ошаққа жынғылды үстемелей салып, тағы да жылыта түсті. Жазғ салым пешті қайта салып, мұржасын тазалау керек екен деп ойлады бала. Ырсиған кірпіштің арасынан лаулап жанған от жылт-жылт етіп көрінеді. Кейде сол тесіктен бықсыған түгін бұрқырап, үй ішін көміп тастайтыны бар. Ондайда есік, терезе атаулыны ашып тастап, жан сақтайды.

Бала Сәлиманың жүзіне үңіле қарап отыр. Мұрнының үсті терлепті. Басындағы жұқалтаң орамалын шешіп, қайта тартты.

– Ата, отырыңыз, мен әзірлейін, – деп шалдың қолындағы шұңғыл табакты алып, оған су құйып, сазанды салды. Ағаш сапты ескі пышақпен қабыршағын тегіс қырып, басын бөлек кесіп алып, өтін суырды.

– Шырынбекжан, мыналарды тастай салшы, – деді қоқысты бұған қарай ысырып. Бұл лып етіп, сыртқа лақтырып келді.

Сәлиманың сұлу жүзіне күлкі үйірілді.

– Қазір-ақ сорпа дайын болады, – деді қазанға балықты кесіп салып жатып.

Үшеуі отырып терлеп-тепшіп сорпа ішті. Балық жеді. Атасы онша сұғына қоймады. Беторамалымен бетін, қолын асықпай сүртіп, мамығы босап кеткен масаты жастықты шынтаққа алып, әдеттегі орнына барып қисайды. Сәлиманың қарны ашып қалыпты. Қылтанын асықпай теріп отырып, бипаздап біраз жеді. Бала да қалыспады. Балыққа емес, Сәлиманың ажарына қарап отырып-ақ ықылық атып, тойып қалғандай.

– Кеше үйге қонбапсың ғой, қайда болдың? – деді көңілденген Сәлима сыр тарта сөйлеп.

Бала малдасын құрып, әйелдің алдында жігітке ұқсап отырды. Сосын баппен тамағын қырнап алды.

– Кеше Тоқмұраттың үйінде болдық... Сендердің жынғылдарыңды бұтап тұр едім, торы жорғаға мінген бір жігіт келді. Айтысына қарағанда, Алматыдан келе жатыр. Издегені Тоқмұрат екен, – деді бала. Сәлиманың бетіне анықтап қарап еді, ол ештеңеден бейхабар жанша қамсыз отыр.

– Аты – Мәукен.

Сәлима бұл жолы да сыр алғызбады. Газет бетіне жиналып қалған балық сүйектерін буып, бүктеп, дастарқанды жинауға кірісті.

– Мен қалаға барғым келді, Сәлима. Әлгі Мәукен ертіп барайын деді. Бұл жақтың мектебі ит өлген жерде ғой. Қалаға барып оқысам, одан әрі қарай шешемді тауып алсам...

– Шырынбекжан, сен зерексің ғой, – деді Сәлима мейірлене күліп, – Айтайын ба, сенен үлкен ғалым шығады.

– Мәукен мені ерткен жоқ. Шұғыл шаруам бар деп Қазалыға кетіп қалды. Бірақ келесі жолы міндетті түрде қалаға апаруға уәде етті. Кім біледі, жақын күндері кеп қалар, – деді бала самарқау. Осы сәтте Сәлиманың жүзіне қан тарағандай, көздері күлімдеп, томпиған бетіндегі шұңқыры терендеп кеткендей көрінді.

Сәлима екеуіне арнап төсек салды. Шамды сөндіріп, сыртқы есікті қымтай бекітіп келді. Бекітіп тұрып, тың-тыңдап, өзінің үй жағына мойын бұрып, аз бөгелді. Тып-тыныш. Сәлиманы итше тепкілеп, жынын шашқан

Мәметжан бұл уақытта бүк түсіп, қорылға басқан болуы керек. Кеше Тоқмұратқа көмір сұрап барған екен, бермей жіберіпті.

– Өзім станцияға келген көмірден жырымшылап алып, әрең күн көріп отырмын. Жұрт қарызын ақшамен емес, балықпен бергісі келеді. Балықты не істемекпін? Тартылып бара жатқан теңіздің түрі анау. Бүйте берсе, көмірді де тастап, көшіп кетермін, – деп өзінің жайын айтып зар қағыпты.

– Ау, тым құрыса, қатынына айт сабын берсін, – деген екен:

– Біз мәгәзінді жапқалы қашан, сабын дегенің әлдеқашан таусылған, – деп жуытпапты.

– Әлгі одыраң қатын Тоқмұратқа не айтып, не қою керектігін тәптіштеп түсіндіріп қояды да. Бейшара Тоқмұраттың қолынан тотықұс құсап соны қайталап айта беруден басқа не келсін! – деген Мәметжан үйге кірісімен терісіне сыймай ашуланып отырып.

– Отын бітті, – деді Сәлима ошақтың ішіне үніліп отырып, – немене, көмір жоқ дей ме?

– Тоқмұратта көмір болмаушы ма еді? Сарайына жинап, онысын сыртынан құлыптап тастапты. Ақымақ неме, алдағысы келеді тағы...

– Күнің жұртқа қарағасын сол ғой, – деді Сәлима қу жыңғылға әрең дегенде тамызық тастап.

Мәметжанның бұрын да көмір мен сабынға жарылқап жүргені шамалы. Сирағын баржадағы станок кесіп кетіп, ақсандап қалғалы балыққа шығуды да қойды. «Әлі-ақ менің күнім туады, әкем халықтың әлгі ерке балдарын қан қақсатқан қызылдың әйгілі сарбазы еді. Содан туғаным рас болса жерде қалмаспын» деп кеудесін соғады Мәметжан. Бірақ оның кеуде соққаны ас болып па, су болып па? Сәлима амалсыз, қалбырға құйған балықтың майын күлге араластырып, сабын жасағансиды. Қамыстың күлі де әлсіз болады екен. Уыты аз. Ауға жайын балық жиі іліге бермегендіктен көбінесе көксеркенің майын місе тұтады. Беті-қолдарын да, киім-кешекті де сол сабынсымақпен ілдәлап жуған болады.

Сол түні Мәметжан әйеліне деген ашу-ызасы кеудесін кернеп, кеш ұйықтады. Әйелін сабаймын деп жүргенде ұйқысы шайдай ашылып, мастығы тарқап кетіпті. Сосын ертең балыққа шықсам ба әлде басқа бір жұмыс тапсам ба екен деп ойланады. Ана бір күні колхоз бастықтың «шопырлыққа келсеңші» деген ұсынысына келіспегеніне өкінді. Әрі ол бастықпен өткен жолы төбелесіп қалып, аралары тіпті суыған. Енді шопырлық тұрмақ, маңайына да жолатпас. Жәй жолатпай қойса ештеңе емес, «Ленинградты» сатып жібердің, Сағынтайды өштесіп өлтірдің деп лаң шығармаса де. Ел ішінде осындай бір жайсыздау әңгіме тарап жүрген көрінеді. Мәметжан соны ойлап, қорқады. Сосын есіне бала түсті. Оны ойлағанда бойы тіпті мұздап сала берді. Ол шіркін шынымен-ақ қалаға тайып тұрса ауыл гулеп қоя берер. Әкесін өлтірді, түйесін құртты, баласын қуып жіберді деп. Масқараның көкесі сонда болмай ма...

Мәметжан бір қырына аунап түсті. Қызы Ләйләнің үсті ашылып қалыпты. Үйдің іші азынай бастады. Ошақтағы аз отын жанып бітуге таяп, шоқ өлеусіреп сөнуге айналған.

Сәлима пысылдап ұйықтап жатқан қызын еске алды. Алды-артына қарамай, басы ауған жаққа жөнөп берейін десе сол қызын ойлайды. Мәметжан қызды берді деген күннің өзінде оны асырай аламын ба, өлтіріп алмаймын ба деп аза бойы қаза болады. Бірақ әлгіндегідей қайыс белбеу жон арқасын тіліп өткенде мынау тіршілікті тәрк етуге біржола бел буатыны бар. Мәметжан әскери плащының беліндегі қайыс белбеуді суырып алып, тозыңқы ақ жемпір киген Сәлиманың жон арқасынан салып қалған кезде

ештенеден алаңсыз отырған. Қолы шошан ете қалып, консервіленген еттің қалбырындағы азғантай жермай ошақтың алдына төгіліп кетті. Іле-шала Мәметжан желкесінен бүріп, тозыңқы жемпірін жоғары көтеріп жіберіп, жалаңаш арқасынан қайыс белбеумен тағы екі-үш мәрте осып жібергенде жас әйелдің жан дауысы шықты. Арқасына түскен із әуелі көгеріп, көп ұзамай шып-шып етіп қан шықты. Арқасы емес, бүкіл денесі сыздап қоя берді.

Осыны еске алуы мұң екен, тап қазір сабап жатқандай арқасы, оған қосылып бет-аузы шымырлап қоя берді. Кілт бұрылып, салулы төсекке келді. Бала ұйықтап қалыпты. Әлдебір қуанышты түс көріп жатыр ма, ауық-ауық ерні жымқырылып, жымың ете түседі. Баланың жүзіне қарап тұрып, еріксіз күліп жіберді. Қаншама азап тартып жүрсе де қылықты әйел бәрін байыптап, бәрін аңғаратын. Тағдырдың тәлкегіне тым ерте ұшыраған осы бала да өзін өлердей жақсы көретінін, бұл дегенде шығарда жаны бөлек екенін түсінуші еді. Бойында аналық мейірі мен әйелдік сезімі қатар оянып, еміренген қалпы баланың шашынан, маңдайынан сипады. «Ұйықтай ғой» деді сыбырлап. Мынау қысы қытымыр, жазы аптап өлкеде жүрегіне мейірім ұялаған бір адам болса ол осы бала еді.

Көк теңіздің арнасын Құдай түбегейлі тарылтпай тұрса бұл осындай бірен-саран кең жүректі жандардың пейілі шығар деп топшылайды Сәлима. Сосын баланың бейтаныс жігіт жайлы әңгімесі ойына оралды. Ойлағаны сол, көңілі тасып, эне-міне келіп тұрған ұйқы қайта қашып кеткендей болды. Бұл тіршілік дегенді, тағдыр дегенді, сезім дегенді қойсайшы... Жас әйелдің қиялы қырды кезіп жүре берді...

\* \* \*

Бұл өлкедегі ойпаңдар мен қыраттар, өзендер мен көлдер, күн, ай мен жұлдыздар, талдар мен жапырақтар, тастар мен қиыршық құмдар, тіпті айбыны асып жатқан телегей су – Көк теңіздің түбіне шөккен балдырлар мен ойнақ салған балықтар, Барсакелместің даңғайыр даласында жосыла құйғытқан құландар бәрі-бәрі бір адамның жебеушісі. Олар таңнан кешке дейін баланың тілеуін тілеп, сол адамның ғұмыр- тәлейін дұғаларына қосып, тебіренеді.

Бала көңіл сарайында қонақтаған аяулы сырын соларға ғана шертеді. Бүгін құмға, ертең шалқып жатқан қарт теңізге, одан әрі аңқасы кеуіп жапырағы сарғая бастаған терекке келіп, сыр ашады. «Әй, әй, тек! Байқандар, дос деген сырға берік болса керек-ті. Ешкімге тіс жармандар. Сенген соң айтып тұрмын- дағы. Әйтпесе...» дейді ол ашуланып. Қиыршық құм шырқ үйіріле соғып, «О не дегенің? Қашан саған сатқындық жасап едік?» дейді. Бір-бірімен қуаласпақ ойнаған ерке толқындар «О не дегенің?! Сенің құпиянды қашан жайып едік?» дейді. Күн сорып, таңдайы қақсыған талдың өзі кілт жайдарыланып, «О не дегенің?! Мен сенің адал досың емеспін бе!» дейді. Бала сосын ғана тынышталады. Сосын ғана көңілденеді.

Байырқалап, мына дүниеге қарайды. Өзін осынау ғажайып өлкенің қожайыны сезінеді... Қожайын емес, дирижер. Бұл – дирижер, қалған достары – оркестрдің мүшелері. Толқын соғып, жел гулеп, жапырақтар сыбдыр қағысып, құм ысқырып, тас шақылдап, бәрі-бәрі өз үнін қосып жатады. Бәрі де балаға бағынады. Бәрі де баланың бұйрығын күтеді. Бала шолақ таяғын сермеп қалса бітті, достары өз үндерін өзгелерден ерек шығаруға тырысып, улап-шулап қоя береді.

Көк теңіз бұл күндері баяғыдай буырқанып-бусанып, кемерінен асып-төгіліп жатқан жоқ. Самарқау ғана толқиды. Жағаны ұрған жал-жал

толқындар әлдеқашан көзден ғайып болған. Несібесін балықтан айырып отырған Айшоқы өлкесінде қыс қайтып, жаймашуақ көктем орнады. Бұл өлкенің көктемi де қызық. Ә дегенде жылт еткен жылы шуақ көңiлiндi жылытады да iзiнше сүйегiндi кемiрер қара суық қайта бас көтередi. Ол да бiттi-ау, ендi көктем қайтадан күшiне енетiн шығар деп дәмеленiп отырғанда жаңбырлы, бұрқасынды күндер басталады. Сөйтiп әбiгерге түсiп жүргенде қар бiржола ерiп, әр-әр тұста қалған қардың астынан көк шығып, көктем белгiсi анық бiлiне бастайды.

Бұл – теңiзде навигация ашылатын кез. Теңiз қанша тартылып бара жатыр дегенмен көк айдындағы тiршiлiк әлi де түбегейлi толас таба қоймаған. Жолаушы кемелерi Көкарал, Қаратерең, Бөген, Ұялыға үздiксiз қатынап жатады. Жүк кемелерi мен балық таситын траулерлер, сейнерлер, баржаларды тiркеген теплоходтар ерсiлi-қарсылы жүзiп, әркiм өзi дiттеген меженi бағдарлап, теңiз суын әр-әр жерден қак айыра жыртып бара жатады.

Сәлима ертемен келiп, ашыған жасап, бетiн дәкемен жауып кетiптi. Бала көзiн тырнай ашып, ашыған құйылған шелектi оңай тауып алды. Бетiне жыпырлап шыбын-шiркей түсiптi. Мұндайға көзi үйренген бала оны елен қылған жоқ, қалайы қасықпен қалқып алып тастады да ашығанды сiмiрiп салды. Сосын көмеш нанды уыстап жұлып, аузына бұралақтата тықты. Сосын тағы айран iштi. Қарны лезде-ақ тойып шыға келдi.

Үйде атасы көрiнбейдi. Далада жүрген болуы керек. Соқпа тамның қабырғалары дымдана бастапты. Бала оны байқамас та едi, мұрнына ызаның иiсi келiп, қай жерге түстi екен деп иiскелеп iздеген, ескi кебеже сүйеулi тұрған қабырғаның үстiңгi жағы тұтастай көгерiп кеткенiн байқады. Ескi кебеже ашылмағалы қай заман. Шешесi iшiне оны-мұны салып, сактап жүрушi едi. Шешесi кеткелi тек кебеже ғана емес, үй iшiндегi көп мүлiк қозғаусыз қалды. Үйде өзi пәлендей мүлiк те жоқ. Бiрақ аз дүниенiң өзi әкесi мен шешесi барда базарлы едi, баракатты едi. Қазiр бәрi де қадiрсiз, ескi қоқыр-соқырға айналып бара жатыр. Терезе терлеп тұр екен. Жақтау тақтайлары әбден көнерген ескi терезеге не деп кiнә артарсың. Оны жөңдей қоятын да адам жоқ.

Теңiздiң бiр мүйiсiндегi алыс елдi мекенде өзi құралыптас бала болса кәнеки. Азғантай отбасы балық аулап күн көредi. Сабақ жайын айтқанда атасы: «өзiмiз деген сол мектепте оқымай-ақ адам болғанбыз, барарсың асықпа» деп қысқа қайырған. Атасы тегiнде мұны оқытқысы келмейдi емес, тек оны мектепке тасу жайын ойлап, кейiнге шегере тұруға ұйғарған сияқты. Бала солай ойлап, солай түйдi. Мәметжан бiр жолы келiп:

– Сен баланың да қара танитын уақытың болып қалды деп жатыр. Не ойың бар? – деген құдды өзi қатарлы үлкен адаммен сұхбаттасып отырғандай. Бала не десiн. «Иә, оқығым келедi. Хат танып, бiлiм алғым келедi. Сосын болашақта үлкен ғалым боламын» деген әдеттегi, өз достарына айтатын сөздерi көмейiне келiп кептелiп тұрды да қойды. Бiрақ соны түсiнетiн Мәметжан бар ма? Түсiнген күнде де қолынан жетелеп алып, мектепке апарып, әкелiп жүредi дегенге өлсе сенбейдi. Солай қорытқан бала:

– Балықшы боламын ғой, аға, – деген. – Оқу деген ойыма кiрiп-шықпайды. Оған қатынайтын ат та жоқ менде. Түйе де жоқ.

Түйе де жоқ деген кезде Мәметжанның көзi аларып, жан жарасын әлдебiреу тырналап, қанталаып жiбергендей түксiп кеттi. Түнерiп, төмен қарап отырып қалды. Сосын барып басын көтердi.

– Дұрыс. – дедi баланың жүзiне барлай қарап. – Оқығанда ненi көгертер едiн. Жүр ғой әнi, оқығандар, ел мен жұртты дүрлiктiрiп. Тұтас аралды

меншіктеп алған. Ел-жұрттың саулығына, жер мен теңіздің тазалығына түкіріп қойғандары бар. Ақ дегендері алғыс, қара дегендері қарғыс.

Бала Мәметжанның нені айтып тұрғанын түсінген жоқ. Әйтеуір әлдебіреулерге кіжініп, тісін қайрағаны анық. Мәметжан үнемі әлдекімге ренжіп, әлдекімді жамандап, әлдекімнен өшін қайтарғысы келіп, кеудесі кекке толып, осылай жүреді де қояды. Сөйтіп дүниені аласапыран етерлік ашумен жүрсе де жарытып біреудің жағасынан да алмайды. Мәметжан әлдебіреуді ұрыпты, сілтей соғыпты, жазасын беріпті дегенді де бұл өлкеде ешкім естімеді. Есесіне Мәметжан бар ашуын шайын қайнатып, балығын асып, бабын тауып отырған Сәлимадан алады.

Бала қыс кезінде расымен, Мәукенге ілесіп қаладан бір-ақ шыққысы келген-ді. Ол қандай қала, қай жақта орналасқан, оны да сұрап әуре болып жатпады. Қала дегенді атасы текшелеп жинаған ескі кітаптардан көрген. Бір жолы шешесі бұған Шалқардың базарынан сырты матамен тысталған әдемі кітапша әкеліп берді. Іші толған сурет. Әсіресе сондағы бір сурет көзіне оттай басылып, танданып, көз алмай қайта-қайта қарай берген. Әлгі суретте қала көшесімен кетіп бара жатқан өзі сияқты балақайдың суреті салыныпты. Қала дегенің мүлде басқа әлем екен. Биік-биік ғимараттар көк тіреп тұр. Қызық-ау, мынадай сарайда тұрған адамның басы айналмай ма деген бала сонда аң-таң күйде. Суреттегі бала қолына балмұздақ ұстаған. Суы аспанға атқылаған фонтанға қарап, ыржиып тұр. Шырынбек фонтанның да не екенін білмеуші еді. Апыр-ай, бұл не болды екен деп ұзақ ойланды. Бұл шалқып жатқан теңізді білетін. Арнасынан аса толқып, ағып бара жатқан дарияны білетін. Бірақ тікесінен тік тұрған қалпында аспанға қарай атқылаған суды алғаш көруі. Не болса да балаға қала сол кезде-ақ қатты ұнап еді.

Кейін көкесі өліп, шешесі кетіп қалған соң қалаға баруға біржола құмартып алды. Сөйтіп жүргенде Мәукен кездесті. Бұл өзі кездескен адамынан қала туралы, ондағы беймәлім тіршілік туралы сұрағыштай беретін. Мәукен көп ашыла қойған жоқ, бірақ «барамын десең, апарамын, кеттік» деп турасын айтты. Олай айта қояды-ау деп күтпеген болатын. Сөйткенмен қалаға барудың ол жолы сәті келмеді. Әйтсе де бала «түбі барармын, Мәукен уәдесін орындайтын кісі сияқты ғой» деп үміттеніп қалған. Айтпақшы, шешесі кеткен жақта да үлкен қала бар деседі. Бала не туралы ойласа да шешесі жайлы ой келіп киліге береді. Шешесі туралы ойлаған сайын баланың кежегесі кейін тартып, жан-дүниесін күйзеліс жайлайды.

Көктем келгелі бала өзінің ескі достарымен қайта қауышты.

Бұл өлкедегі ойпаңдар мен қыраттар, өзендер мен көлдер, күн, ай мен жұлдыздар, талдар мен жапырақтар, тастар мен қиыршық құмдар, тіпті айбыны асып жатқан телегей су – Көк теңіздің түбіне шөккен балдырлар мен ойнақ салған балықтар, Барсакелместің даңғайыр даласында жосыла құйғытқан құландар бәрі-бәрі бір адамның жебеушісі. Олар таңнан кешке дейін баланың тілеуін тілеп, сол адамның ғұмыр- тәлейін дұғаларына қосып, тебіренеді.

Бала көңіл сарайында қонақтаған аяулы сырын соларға ғана шертеді. Бүгін құмға, ертең шалқып жатқан қарт теңізге, одан әрі аңқасы кеуіп, жапырағы сарғая бастаған терекке келіп, сыр ашады. «Әй, әй, тек! Байқандар, дос деген сырға берік болса керек-ті. Ешкімге тіс жармандар. Сенген соң айтып тұрмын- дағы. Әйтпесе...» дейді ол ашуланып. Қиыршық құм шырқ үйіріле соғып, «О не дегенің? Қашан саған сатқындық жасап едік?» дейді. Бір-бірімен қуаласпақ ойнаған

ерке толқындар «О не дегенің?! Сенің құпиянды қашан жайып едік?» дейді. Күн сорып, таңдайы қақсыған талдың өзі кілт жайдарыланып, «О не дегенің?! Мен сенің адал досың емеспін бе!» дейді. Бала сосын ғана тынышталады. Сосын ғана көңілденеді.

Байырқалап, мына дүниеге қарайды. Өзін осынау ғажайып өлкенің қожайыны сезінеді... Қожайын емес, дирижер. Бұл – дирижер, қалған достары – оркестрдің мүшелері. Толқын соғып, жел гулеп, жапырақтар сыбдыр қағысып, құм ысқырып, тас шақылдап, бәрі-бәрі өз үнін қосып жатады. Бәрі де балаға бағынады. Бәрі де баланың бұйрығын күтеді. Бала шолақ таяғын сермеп қалса бітті, достары өз үндерін өзгелерден ерек шығаруға тырысып, улап-шулап қоя береді.

Бүгін де бала теңіз жағасына жападан жалғыз келді. Алыста, көз ұшында кемелер жүзіп барады. Жағалауда қараң-құраң еткен бір-екі балықшы көзге шалынады. Көк теңіз тып-тыныш қалпында, сабырлы күйінен бір айнымай, тұнжырап жатыр. Әнеугүні атасы екеуі теңіздің шекарасына таяқ тығып, белгі соғып кеткен. Сол таяқ бүгін сопайып, жалғыз қалыпты. Бірнеше күн бұрын ғана су болып жатқан жер бүгінде сортаң тартып, құрылыққа айналған. Теңіз күн санап шегінеді. Қайда жылжып барады? Неге жылжып барады? Бала оған жауап таба алған жоқ.

– Толқын-ау, толқын, сен жағаға қашан оралар екенсің? Сен оралсаң, шешем де оралмай ма? – деді бала бұдан қол созым жердегі ұлы суға көзін тесірейте қарап отырып.

Бұл атасының сөзі еді. Бала түні бойы иығы солқылдап өксіп, шешесін сағынып шыққанда атасы солай жұбататын. «Көр де тұр осыдан, толқын жағаға соққан күні шешең де келеді. Ол маған «ата, Шырынбекке айтыңыз, мен келемін, толқын соққан күні келемін, сізді де, оны да алып кетемін» демеді ме? Ә, Шырынбек? Солай деді ғой. Олай болса, сен жылама енді. Жігіт емеспісің! Өй, мен сені әне-міне теңіз суына шомылдырып, балыққа жұмсайын деп отырмын. Ал сен болсаң жылайсың...». Сірә, сөз аяғы осыған келіп тірелгенде шалдың өзі де босап қалады. Онысын байқатпай, әлденені сөз еткен болып, басқа бір жайға алаңдаған болып орнынан тұрып кетеді.

Көкесі оқыста суға кетіп, қаза тапқаннан кейін Қиғашкүл жалғыз қалды. Күйеуі барда Токмұрат осы үйдің бір баласы секілді, осылардың көмекшісі секілді еді. Күйеуі барда Мәметжан бұлардың үйіне адам сияқты аттап басып, пәлен деп аузын аша алмайтын. Соның бәрі көрген түстей...

Көкесінің жылын берер-берместен Қиғашкүл Қарақалпақстан мен Айшоқының арасында қатынайтын кемедегі матрос жігітпен сөйлесіп жүр екен, көп ұзамай бас қосатын көрінеді деген әңгіме тарады. Сол әңгіме рас болып шықты. Бала болса да бұл әңгіменің шет-жағасын Шырынбек те естіп қалатын және естіген сайын ыршып түсетін. Әуелде басқа жаққа кететін болдық деп балаң көңілмен қуанып жүрді. Кейін «Қиғашкүл баласын осында қалдыратын көрінеді» деген сыпсың сөз шыққан кезде бала бәрінен түңіліп кетті. Бір күні түс әлетінде шәй ішіп отырып:

– Тұрмыс болса ауырлап кетті, көкең болса жоқ, жұмыс істеп, жан шақырмасақ болмас, – деген әлдебір әңгіменің шетін шығарып. Сосын:

– Мына тұрған Айшоқыда да, анау Ақтөбеде де жарыған жұмыс жоқ көрінеді. Мойнақ жаққа барып сауда істеп келсем бе деймін. Таныстарым бар, – деп бір қойды.

Атасы біраз уақыт үндеген жоқ. Кеше ғана ажарлы да базарлы күй кешкен отбасының бүгінгі күйі ақсақалға оңай тимейді, әрине. Атасы қай кездегідей тереңнен ойлап, кеңінен пішеді. Ел ішіндегі әңгімені ол

өлдеқашан естіген. Тіпті анау матрос баланы ептеп таниды да. Қай бір жылдары, қырықтың қырқасына енді ілінген шақтарында әкесімен таныс-біліс болған. Әйелдің солай қарай ыңғай танытып отырғаны анық болса, енді оның жолына кесе-көлденең тұрып, тоқтатудың қисыны шамалы.

– Шырағым-ау, осында қал деп қалай айтайын, – деді деміге сөйлеп. – Тіршілік ноктасы қай жаққа қисаярын шешу біздің пешенеге жазылмаған. Бәрі де Жаратқанның жазуымен болады...

Келіні ләм-мим деп тіл қатқан жоқ. Басын жерден көтермеген күй кесеге шәй құйып отыра берді. Баланың іші бір жағдайды сезе қойды. Жағымсыз бір күй. Іші алаулап жанып бара жатқан сияқты. Ол жалынды өшірерлік күдірет жақын маңайдан, жақын арада табыла қоймасын да аңдайтындай. Шәйін ішпестен орнынан тұрып кетті. Есік алдында теңізге қарап отырды да қойды. Ауызғы үйден атасы мен шешесінің ара-тұра сөйлескен дауыстары шығады. Сол жолы шешесі:

– Шырынбекжан сізбен қалсын. Мен ол жаққа барысымен, жұмысқа кірісемін. Бала қарап отырарлық жайым жоқ. Тұрмысымызды түзеп алған соң сізді де, баланы да алып кетерміз, – деген екіұштылау үнмен.

Шал бұған не «жарайды» деп, не «мұның не» деп пікір айтпады. Бүкшиген қалпы көзін терезеден айырмай отыра берді.

Ертесіне шешесі жолға жиналар алдында Шырынбек үйінен аулаққа тайып отырды. Осы қалпында көз көрмес, құлақ естімес мекенге жоғалып кеткісі келген. Бірақ олай еткенде қайда бармақ? Айналып-айналып, теңіздің қыр беткейіндегі жағасына барып отырды. Сол жерде толқынмен сырласты.

– Толқын-ау, толқын, – деді мұнайып. – Шешем кеткелі жатыр. Басқа қалаға. Басқа мекенге. Маған атаңмен бірге қал дейді. Иә, мен атамды өлердей жақсы көремін. Оның жанында әңгімесін тындап, құшағына кіріп отырған маған қатты ұнайды. Бірақ енді шешемді құшырлана бір иіскемей қайтіп ұйықтамақпын? Енді сонда шешеме еркелемеймін бе? Тіпті оның ұрысқанын да сағынамын ғой. «Қағынғыр Шырынбек, қармақтың бауын ағытып, ұста Тілеубайға апарып берсең нетті» деп айғайлайды кейде. Бір жолы «Түн баласы көз ілмей, кітапқа телміру деген не сұмдық. Жат, ұйықта!» деп ұрысқан. Алдыңғы жылы жазда қаладан келген баламен бірге теңізге шомылып жүргенімде тіпті қатты кейіді. «Көкенді жұтқан теңіз сені де жұтсын деп жүрмісің?! Шық жаның барында!» деп жағаны басына көтерді. Одан соң екі-үш күнге дейін ашуы тарқамай, долданып жүрді. Кейін мен «шеше, енді ұрыспай-ақ қойшы, теңізге түспеймін, сөз берейін» дедім. Сосын барып жібіді. Анам маған ұрысқан кезде де соншалықты жек көрмейтін сияқты. Мені қателеспесін, дұрыс адам болсын, көкем сияқты мықты адам болып өссін деп ұрсады ғой. Солай ғой деп, оның ұрысқанын ешқашан көңіліме алмаймын. Енді маған өйтіп ұрсатын да ешкім жоқ. Өмірімді шешемсіз елестете алмаймын. Осыдан аз ғана уақыт бұрын көкем де бар, шешем де бар, жер бетінде менен бақытты адам жоқтай көрінетін. Ал қазір ешкім жоқ. Ешқайсысы жоқ. Тек атам қалды...

Сонда баланың иегі дірілдеп, кемсеңдеп, көз жасы Көк теңізге бырт-бырт тамды. Баланың көз жасы теңіздің көкпенбек суымен лезде араласып, теңіздің бір бөлшегіне айналып, ағыспен ойнап ала жөнелді. Осыдан бастап бала теңізге келмесе тұра алмайтын болды. Ұйықтаса да, тұрса да теңіз ойынан бір кетпейді. Сол жолы Қиғашкүл жанына жаңа күйеуі Әлібекті ертіп үйге келген. Атасы Әлібекпен қалбалақтай амандасып, ол келінінің бетіне, келіні оның бетіне тура қарай алмай әбігерге түсті де қалды. Бұған дейін «кетем, кетем» деп жүргені жәй нәрсе екен. Тура аттанатын сәтте

Қиғашкүлдің табаны осы үйдің ауласындағы топырақтан ажырасайшы. Алға басайын десе аяғы ұйып, жансызданып сала бергендей. «Ал, енді аттанып барамын» деп айтайын десе, қолайсыз секілді. «Қош болыңыз!» деуге жүрегі шыдамады. Мына аула, мына қам кесектен тұрғызылған жаман соқпа там, оның ішіндегі бір кездегі шат-шадыман өмір, бәрі-бәрі көз алдынан кинолентадай сырғып өте шықты. Әсіресе, есіне ұлы мен қызы түскенде аңырап қоя берді.

– Қой, қоя ғой енді, – деді Әлібек асып-сасып. – Жүрейік. Кемені қозғалатын уақыты таяп қалды.

Қызы Раушанды осыдан екі жыл бұрын ойда-жоқта жер қойнына тапсырған. Шапқылап ойнап жүрген, тұлымы енді желбіреп келе жатқан сүп-сүйкімді қыз еді. Әп-сәтте қызуы көтеріліп, ауырып, тіпті ұзақ та жатқан жоқ, іңір қараңғылығы түсе бергенде кетті де қалды. Көк теңіздің айдынын еркін шарлап жүрген теңізшілер «Осында бір қару сынайтын полигон бар деседі. Аурудың төркіні сірә, содан келді» деген жорамал айтты. Жалғыз оның қызы емес, Айшоқыда тағы бірнеше адам оқыстан келген дерттен опат болыпты. Бірақ оның ақ-қарасын ашып жатқан кім бар?! Жабулы қазан жабулы күйінде қала берген. Ал мына баласы – Шырынбек ел-жұртқа жұғымды, өзі елгезек, айдарлы бала еді. Қашан көрсен шешесінің қас-қабағын бағып, аяғының ұшымен жүргені. Көкесі көз жұмғалы тіпті жасықтау болып кетті... әлде Қиғашкүлге солай көріне ме... соның қабағы ашық болсыншы, сол жасымасыншы деуші еді. Тағдыр шіркін, ондай арман-тілегіне пысқырмайды екен. Міне, енді сол алтындай ұлын да тастап, теңіздің арғы бетіне, алысқа, тым-тым қиырға шиырлап аттанғалы тұр.

Не айтарын білмей қиналған Қиғашкүл «Келеміз ғой... Келеміз ғой» дей берді абдырап. Атасы да айтарға сөз таппады. Басын изеді.

– Шырынбекжан жаңа ғана осы арада жүр еді, демнің арасында қайда жоғалып кете қойды екен, – деп атасы әрі-бері іздеген болып еді, таптырмады. Шешесі үйге кіріп, үй ішін түгел тінтіп шықты. Тіпті ренжіп, жасырынып жатыр ма деп кебезені де ақтарды. Ауладағы жертөленің мың жылдан бері ашылмаған есігін Әлібекке ашқызып, ішіне түсіп қарады. Ұшты-күйлі жоқ. Бұл өлкеде айналдырған он шақты үй. Сосын маңқиып созылып жатқан аңызға дала. Содан кейін беті тақтайдай тегіс ұлы теңіз ғана бар. Шырынбек сонда да көзге ілінбеді.

Порт бұл жерден онша қашық емес-ті. Әлібек пен Қиғашкүл баланы ақыры таба алмай, Тоқмұраттың ат арбасымен айлаққа аттанып кеткен. Қиғашкүл баласының өзіне ренжігенін, әдейі кетіп қалғанын білмеді емес, білді, әлбетте. Айлаққа жақындаған сайын ұлымды шынымен-ақ көрмей кетемін бе деп қобалжыған жүрегі одан сайын лоблып, аузына тығылғаны. Қатын алып, көңілі жайланған Әлібекке бәрібір. Оған Қиғашкүлдің соқа басы сопайып, баласыз келе жатқаны тіпті жақсы. Неше күн, неше түн арпалысып, ұрысып жүріп баласыз келуге ақыры көндірген. Сонысына өзі іштей масаттанып қояды. Әйел көнбей бара жатқан соң «байғұс шалды жалғыз тастап қайтпексің, онда бүкіл ел бетіңе түкірмей ме, қалса өзінің қаны ғой, қайта қасына қара болады» деп екіжүзділікке салынып көлгірсіген. Бұл сөз Қиғашкүлге де нанымды көрінді. Ақыры, осы уәже тоқтаған. Тоқтамасқа шарасы жоқ еді. Алды-артына түсіп лыпылдаған Әлібек басқа амал қалдырмады.

Айлаққа келіп, кемеге мінер кезде де Қиғашкүл жалтақтап артына қарай берді. Кемеге мінген соң жүктерін орналастырып, Әлібек екеуі сапар қамымен әуре болып кетті. Теңізшілер порттың айлағындағы

«Ганс кранға» байлаулы тұрған баржаның тұмсық жағындағы болат арқан буксирді тіркеуге дайындап жатыр екен. Көп ұзамай буксир беріп, буксир алу ісі сәтті аяқталып, Көк теңіз флотилиясының көшбасшысы «Коммуна» теплоходы айдында жүзуге толық дайын болды.

Бұл уақытта ешбір жан табанын қызыл құмға күйдіріп, ебіл-дебілі шыға бақырып жылап, жер-дүниені басына көтеріп келе жатқан баланы байқаған жоқ. Бәрі теңіздің дабырасымен әуре. Бәрі де баржаның ары-бері сілкінгенін қызықтап тұр. Бала бар күшімен айлаққа қарай жүгірді. Аяғы жерге тимей, жанұшыра ұмтылады. Желмен жарысып келеді. Әй бар ғой, абайсызда сүрініп кетер болса ұшып түсу былай тұрсын, бір жері оңбай майып болар еді. Құдай оңдап, ондай ештеңе болған жоқ.

Бұл айлақ маңына жеткенде теплоход жағалаудан алыстап та үлгеріпті. Шешесі баржадағы шкипердің рубкасына баспалдақпен көтеріліп, жағадан көз айырмай тұр екен.

Порт маңына ебіл-дебіл жүгіріп жеткен баласын көргенде жүрегі қан жылап, байғұс ұлына қарап тұруға дәті шыдамай, кері айналып кетті. Титімдей бала нәқатқа айналып бара жатқан кемеге көзін тігіп, жағалауда состиып тұр. Шешесі сол күйі тарс жұмған көзін ашқан жоқ. Қоп-қою, қап-қараңғы дүниенің тұңғиығына баяу батып бара жатыр... Ашқан жоқ емес-ау, ашты... Бірақ ештеңе көре алмады. Басы айналып, баяу тербетілген теңіз толқынының ауанымен кемеңіз еденін таянып, етпеттеген күйі сұлап түсті. Бұл кезде Үшсайды бетке алған теплоход қалқымалы сигнал шамның жанынан сырғи өтіп бара жатқан.

Бала қараңғылық құшағына сіңіп, жылт етіп бір көрініп, бір жоғалған кемеге қарап әлі жағада тұр. Қолын бұлғаған жоқ. Жылауын да сап тыйды. Тап осы сәттен бастап тағдырына мойынсұнғандай бір кеп бар еді бойында. Бір жыл бұрын көкесін осы теңіз құшағына басқан. Міне, аяулы шешесі де осы теңізбен жүзіп, қиыр тарапқа аттанып барады. Бала жүрегі әлденені сезеді... Шешесімен қайта қауышар сәт туатын-тумайтынын емес, сол бір сәттің бұлыңғыр тұман ішінде буалдырланып қана шаң беретінін байқайды.

Міне, содан бері бала бар сырын теңізге айтады. Арман-аңсарын теңізге ақтарады. Көк теңізден өзге мұңдасы да, сырласы да қалған жоқ. Бүгін де теңізге телміріп, алаңсыз отыр. Әуелгі сұрағын тағы қойды.

— Толқын-ау, толқын, жағаға қашан ораласың? Сен оралсаң, шешем де оралмай ма? — деді қол созым жердегі ұлы суға көзін тесірейте қарап отырып.

Теңіз тырс етіп үндеген жоқ.

Бұл уақытта атасы есік алдында күндегі әдетімен сурет салып отыр еді. Атасы суретті шебер салады. Күнде ертемен оянып, есік алдына орындығын сайлап, балықшылардың ескі желкенінен қалған матаны кергішке тартып, оның үстін әуелі бор ұнтағымен және желім араласқан ақ қоспамен бояйды. Сосын аудан орталығынан сарылып іздеп әрең тапқан графит қарындашын қолға алады. Атасы үнемі теңіздің суретін бейнелейді.

— Балам, теңіздің суретін салып жатырмын. Шіркін-ай, біздің кезіміздегі теңізді айтсаңшы, — дейтін санасын сағыныш торлап. — Жер де су, әуе де су секілді еді ол заманда. Теңіз бір күні тартылады-ау, арнасы сарқылады-ау деп ойламаушы едік. Сол теңіздің бір күні қайта оралатынын кәрі жүрегіміз сезеді. Мен білсем, ол міндетті түрде қайтып оралады.

— Ата, сол теңіз, оның асау толқындары тезірек оралсыншы. Бәлкім, Құдайға солай деп сәлем жолдармыз? — дейді аңқау бала.

— Құдайға деймісің? — дейді шал қулана күліп. — Құдай онсыз да бәрін көріп, біліп тұр емес пе! — Шал жанарын аспанға қадады. Іле бала да

назарын көк жүзіне бұрды. — Құдайдың қасиетті Көк теңізді назарынан тыс қалдыруы мүмкін емес, — деп тұжырады сосын байыппен.

— Бәлкім, шалқып жатқан теңіздің суретін үлкен етіп салсаң теңіз шынымен-ақ арнасына оралатын шығар? — деді бала жерден жеті қоян тапқандай марқайып. Қарт та ойланып қалды. Сосын жүзіне күлкі жүгірді.

— Ә, мына ойың ыңғайға келеді, — деді сосын күлімсіреп, — Енді күн сайын асықпай теңіздің үлкен суретін салайын. Ол үшін бірақ кө-ө-ө-ө-п уақыт керек. Салып біткен кезде теңіз де келеді, толқындары жағаға ұрады. Сол кезде шешен де оралады. Шешен толқынмен бірге келемін деп уәде берді емес пе?

— Берді, — деді бала ыржиып.

— I-i, міне, берсе сол, келеді. Ал қара, мен бастадым...

Атасы шынымен сол сәттен бастап ұлы теңіздің суретін кенепке түсіруге кірісті.

— Әй, шал, — дейтін көршісі Мәметжан оның бұл «өнерін» жақтырмай: — Қартайғанда немене, художник болайын дедің бе?

— Ақымақ! — дейтін сосын аузындағы былжыраған насыбайын жерге былш еткізіп түкіріп: — Жұрт сені оқу өтіп кеткен, алжыған деп текке айтпайды-ау, сірә. Келінің де кетіп қалғаны бекер емес. Анау қаршадай балаға ақыл беріп, еңбекке үйретудің орнына омалып не отырыс мынау?

— Мәметжан, қарғам, — дейді шал сонда да ашуланбай. — Бізде нең бар, шырағым? Мына бала сурет салып үйренсін. Оның не кемдігі бар дейсің...

— Әй, қойшы, — дейді Мәметжан қолын бір сілтеп. — Өзің ақымақ болып қана қоймай, баланы да әулекі етпексің ғой. Білгенінді қыл...

— Астапыралла-а-а, — дейді атасы налып. — Осының өзінен сөзі ауыр...

Мәметжанның шалға тиісуі бір бұл емес. Үнемі іліп-шалып, соқтығысып жүреді. Сәлима бұлардың үйіне қонып шыққан күннің ертесіне тіпті маза бермейді. «Анау әркіммен әуейі болған қатынды да өлтіремін, сосын мына екеуіңнің де жандарынды жаһаннамға жіберемін» дейді қалш-қалш етіп.

— Сөзді қойып, ана баланы кешке маған жібер, — деді Мәметжан шалға төніп кеп. — Әйтпесе, суға ағызып жіберемін. Сендерді емес, шүберекті. Қорқып кеттіңдер ме, немене?! Ха-ха-ха.

Мәметжан дойыр даусымен айналаны басына көтеріп, қарқылдап тұрып күлді сосын.

— Барады, барады ғой, — деді атасы балаға жаутаң-жаутаң қарап. — Өзім де айтып жүрмін, ағаңның отынын шауып бер, шөбін орып бер деймін.

— Отын да жармайды, шөп те ормайды, — деді Мәметжан тесірөйе қарап. — Қатынды аңдытамын! Қатын оңбай тұр. Түсіндің бе, әй, бала?

Бала тіс жарып үндеген жоқ.

— Әй, бала, кімге айтып тұрмын?!

— Шырынбекжан, ағаңа жауап бер, — деді шал сасқалақтап.

Бала жауап қатқан жоқ. Тымырайып, үнсіз отырды да қойды. Оқтын-оқтын көзін алартып, Мәметжанға ызбарлана қарайды.

— Ағаң қалжыңдап тұр, құлыным, — деді қария жасаураған көзін сүрткілеп. — Барады ғой, Мәметжан, сені тындамайды дейсің бе, тындайды ол. Бала емес пе, оған мән беріп қайтпексің...

— Осыдан Мәукен келсін! — деді бала шаңқ етіп. Оқты көзі Мәметжанның өңменінен өтердей.

— Келсін осыдан Мәукен, сабатамын сені!

Тап бұлай айтып салады деп атасы да, Мәметжан да күтпеген.

— Өй, шілбиген шірік неме!

Мәметжанның көзі шатынап, мойын тамыры адырайып шыға келді.

– Ку жетімек! Тап сол Мәукен деген пәленнен таяқ жемеспін. Аға болып жетістірер саған! Балықты қайтіп сойсам, әлгі аға-сымағынды мына қатынмен қосып сояр күн де туар. Асықпаңдар. I-i-i... Көріңдер де тұрындар осыдан!

Мәметжан жылыстап үй жағына қарай бет алды. Мәукеннің атын естігеннен кейін сәл де болса жуасып, жүні жығылып қалғандай көрінді балаға. Баланың бойында әлдеқалай бір сенімділік оянған секілді. Енд осы сөзімді жерге қалдырмай, мына иттің алдында жер етпей, сол Мәукені құрғыр қайта оралса екен деп ойлады бала. Оралса екен! «Осыдан оралса бар ғой...» деді өз-өзіне сыбыр етіп.

– Ата, осыдан Мәукен ағам оралса бар ғой... Аямаймын, аяттырмаймын мына итті...

Баланың кішкентай жүрегі тасырақтап қатты соғып, өз денесін өзі билей алмай кетті.

– Құдай-ай, кім дейді? Қой, қалқам, қай-қайдағыны сандырақтама! Мәметжан деген білесің, ақкөз ғой, ақкөз. Мені жезде деп ойнайды ақымақ, әйтпесе бұл, ішпесе бар ғой, аңғал, ақкөздің нақ өзі. Істе дегенін істе де тыныш жүр.

Бала үндемеді.

– Түсіндің бе-әй, Шырынбекжан? Сөйте ғой, ақылың бар емес пе! Сен есейіп, жігіт болғанда мына Мәметжан дегенің мыжырайған жаман шал болады. I-i-i, – дейді атасы әдеттегі дауыс ырғағына салып, мақұлдата, күле сөйлеп. – Сол кезде бар ғой, мұны жақсылап тұрып тепкілеп аласың.

Атасы соны айтады да, шиқылықтап тұрып күледі. Тепкілеп аласың дегені балаға да күлкілі естілді. Ол да қосылып күлді. Екеуі қайтадан алаңсыз, қамсыз шақтарына оралғандай болады. Көкейлерінің арғы жағында елес беріп, сәл қамықса, сәл мұнайса ытқып шыққалы тұрған қайғы мен шерді бері қарай жібермеуге жанталасып күліп жатқандай, сол үшін сөйлесіп жатқандай. Екеуі қайғы мен қасіретті матап ұстап, ілдебайлап өмір сүріп жатқандай. Атасы өз-өзімен сөйлеп отыра берді:

– Бұл өзі ақылды тентек емес пе, ертең-ақ ойбай, ағаке, жездеке, жаздым-жаңылдым деп жетіп келеді. Ит қой, ит. Ит болмаса сөйте ме... Тентек қой, тентек...

Бірақ бір жолы Мәметжан көкіректен қоймай, тиісіп тынды. Ұрынарға қара таппай жүрген сотқарға қаңбақтай жаман шал бұйым болып па! Салып отырған суретін далау-далау етіп жыртып, Айшоқының суыртпақтап соғып тұратын соқыр желіне ұшырды да жіберді. Бітті, теңіз енді ешқашан келмейді деп түйді бала. Атамның суреті салынып біткенде теңіздің арнасы толатын еді, сурет болса дал-дұл айырылды, ендеше теңіздің де толуы мүмкін емес деп ойлады ол жаздың ыстық күнінде тісі-тісіне тимей сақылдап, көкесінің ескі қайығының бүйіріне тығылып отырып. Тезірек өссе екен! Мәметжанның сзайын тарттырар еді сонда!.. Бірақ оған дейін әлі біраз-біраз уақыт бар. Қаншама күндер мен айлар бар. Әзірге атасы екеуі біріне-бірі жұбаныш. Біріне-бірі алданыш.

\* \* \*

Бұл өлкедегі ойпаңдар мен қыраттар, өзендер мен көлдер, күн, ай мен жұлдыздар, талдар мен жапырақтар, тастар мен қиыршық құмдар, тіпті айбыны асып жатқан телегей су – Көк теңіздің түбіне шөккен балдырлар мен ойнақ салған балықтар, Барсакелместің даңғайыр даласында жосыла құйғытқан құландар бәрі-бәрі бір адамның жебеушісі. Олар таңнан кешке

дейін баланың тілеуін тілеп, сол адамның ғұмыр- төлейін дұғаларына қосып, тебіренеді.

Бала көңіл сарайында қонақтаған аяулы сырын соларға ғана шертеді. Бүгін құмға, ертең шалқып жатқан қарт теңізге, одан әрі аңқасы кеуіп, жапырағы сарғая бастаған терекке келіп, сыр ашады. «Әй, әй, тек! Байқандар, дос деген сырға берік болса керек-ті. Ешкімге тіс жармандар. Сенген соң айтып тұрмын- дағы. Әйтпесе...» дейді ол ашуланып. Қиыршық құм шырқ үйіріле соғып, «О не дегенің? Қашан саған сатқындық жасап едік?» дейді. Бір-бірімен қуаласпақ ойнаған ерке толқындар «О не дегенің?! Сенің құпияңды қашан жайып едік?» дейді. Күн сорып, таңдайы қақсыған талдың өзі кілт жайдарыланып, «О не дегенің?! Мен сенің адал досың емеспін бе!» дейді. Бала сосын ғана тынышталады. Сосын ғана көңілденеді.

Байырқалап, мына дүниеге қарайды. Өзін осынау ғажайып өлкенің қожайыны сезінеді... Қожайын емес, дирижер. Бұл – дирижер, қалған достары – оркестрдің мүшелері. Толқын соғып, жел гулеп, жапырақтар сыбдыр қағысып, құм ысқырып, тас шақылдап, бәрі-бәрі өз үнін қосып жатады. Бәрі де балаға бағынады. Бәрі де баланың бұйрығын күтеді. Бала шолақ таяғын сермеп қалса бітті, достары өз үндерін өзгелерден ерек шығаруға тырысып, улап-шулап қоя береді.

Бүгін де сөйтті. Қолындағы таяғын шошаң еткізгені сол еді, дала төсі аласапыран күйге түсті. Бұл жәйт баланың өзіне де таңсық. Қызығы сол – мұның жебеушілері баланың тілегін екі еткен емес, көңілін қалдырған емес. Күн бұрынғысынан да жарқырап кетті. Айшоқы жеріндегі азынаулақ тал жапырақтары сыбдыр қағып, олар да өзінше үн қосып жатты. Қиыршық құм суырыла соқты. Шөгіп бара жатқан, шегініп бара жатқан Көк теңіз түбіндегі балықтар айдын төсінде асыр салды. Даңғайыр далада жосылған құландардың тұяғының тарсылын естіді бала. Бала қолын олай-бұлай сермеген сайын табиғаттың мимырт мінезі сергек қалыпқа еніп, олай да, бұлай да өзгереді, жарықтық. Әлгінде ғана тып-тыныш жатқан теңіз бетінде тіршілік қайнап сала берді. Әлгінде ғана алаңсыз жатқан ауыл үстін ақ боран жапты. Ел-жұрт түк түсіне алар емес. Табиғаттың тап бұлай тосын мінез танытуы бұл өлкеде тым сирек кездеседі. Бірақ балаға түсінікті. Балаға қызық.

Әйткенмен, бұл екеуі үміт артты екен деп, арманын арқалатты екен деп теңіз шіркін кері қарай бір қарыс та оралған жоқ. Сол күйі жылыстай берді. Ауыл арасында теңізге қатысты, балықтың азайғанына қатысты күңкіл-сүңкіл көбейді.

Атасы мен баласы да мұнайды. Көз алдарынан аулаққа кетіп бара жатқан Көк теңіздің қазіргі сықпытына қарап торықпау, мұнаймау мүмкін емес тәрізді. Атасының бар алданышы – осы қара домалақ бала. Баланың бар арқа сүйері – осы шүйкедей сары шал. Күнде кешкілік атасы әдеттегідей баласына ертегі айтып ұйықтатады. Ең қызық жеріне келгенде баланың көзі тағы да ілмектесе бастайды.

– Ата-а-а, – дейді тәп-тәтті ұйқының тереңіне шым батып бара жатқан бала жәймен ғана. – Сосын не болды?

– Ең қызығы сонда, балам, – дейді атасы сыбырлай сөйлеп. – Дәруіш шал айтқандай, баланың сілекейін суға араластырып ішкен хан шынымен-ақ дертінен құлан-таза айығыпты. Ал бала бұйра шашты, қыр мұрынды, өткір көзді, ару біткеннің ұйқысын қашырған сері жігіт болып ержетіпті. Шешесінің қасиеті балаға да дарыған еді. Ана сүтімен келген тектілік бала бойында тамыр жайып, бала адуын мінезді, арқалы жігітке айналған сайын қасиеті қабындай артып, адами қарымы да, беделі де биіктей түсті...

Бала тағы да мұрны пысылдап, ұзақты күнгі тынымсыз тіршіліктен қажып, шаршап, ұйқы құшағына еніп бара жатты.

– Ұйықта, ұйықтай ғой, – деді атасы еміреніп. – Ертең балыққа шығамыз. Батыр бірінші рет теңізге шығады. Көкеңді де бір кезде осы теңізге алғаш рет алып шығып едім. Ол кезде теңіз қандай еді!.. Шалқып жатқан ұлы су, шеті мен шегіне көзің де, көңілің де жетпейді... Ойпырмо-о-о-о-й десеңші.

Шал өткен дәуренін ой елегінен өткізіп, көңіл сарайы көтеріліп қалды. Тап сол сәтке қайта оралғандай, қуаныш сезімі тұла бойын кернеп кетті. Кезінде осы өңірге аты жайылған балықшы еді. Қармағы қаппай, бос қайтқан кезі жоқ. Қармақтың өзі бала кезде, бозбала дәуренде ғой. Бертін келе тор құрып, ақанша тастап, теңізді шырқобелек айналдырды. Балықшылықты әкесінен үйренген. Сөйтіп бұл да елге үйретті, баласын баулыды. Сөйткен ұл капияда теңіз құшағына түсіп, қайтып шыққан жоқ.

Біреулер абайсызда болды деп налиды. Біреулер қастық қылды деп дұшпан іздейді. Шалдың өзі жазмыш-дағы дейді қысқа қайырып. Ұлының өлімі туралы көп сөйлегісі жоқ. Сол ұлының артынан ерген қарасы – әулеттің жалғыз тұқымын теңіз тіршілігіне бейімдеп, балықшылық дейтін ата кәсіппен таныстыратын сәт таяпты. Соны ойлап, шалдың көңілі қобалжыды. Жүрегі дүрсілдей қатты соқты. Апыр-ай, мұндай жайсыз күй болмаушы еді, жүріп кетпесем нетті, мына сорлы бала тақыр-тапа жалғыз қалмаса болар еді деп уайымдады. Өлмеуім керек, тап бүгін өлмеуім керек деп күбірледі сосын.

«Мына ұлды теңізбен таныстырмай жатып ғайыпқа аттансам, кешпеспін өзімді, кешпеспін».

Бала түн ортасындағы ыңырсыған түсініксіз дыбыстан оянып кетті. Дыбыс көрші бөлмеден шығатын сияқты. Атасы ешқашан мұның қасына жатқан емес. «Баяғыда кемпірім барда екеуміз осы пештің түбінде жатушы едік. Ол кезде мұндай үй қайда, тауықкепе сияқты құжыра. Соның өзін ай салдық па, жыл салдық па, әрең бітіргенбіз» деп отыратын. «Балам, мен пеш түбінен ажырамай-ақ қояйын, сен көкеңнің кереуетіне жат. Әулеттің ендігі тірегі сен емес пе, биігірек жат, қалқам» деген қашанғы ырымға әуес әдетімен. Бала үстіндегі көрпесін серпіп тастап, келесі бөлмеге өтті. Пеш түбінде атасы алаңсыз жатыр. Тың-тындап көріп еді, қорылдап жатқан жоқ. Білінер-білінбес пыс-пыс етеді.

Енді қайтадан өз кереуетінің жанына барды. Әлгі дыбыс тағы шықты. Құмыққан үн ыңырси естіледі де қайта басылады. Тың-тындап аз тұрса тағы шығады. Сосын тағы басылады. Асығыс-үсігіс шалбарын киді. Жейдесін үстіне іліп, есікке беттеп бара жатып, жолай түймелерін қадады. Түйме дейтін түйме де қалмапты... Түн тып-тымық. Жыпырлай жарқыраған жұлдыздар шалқасынан шәлжиіп жатқан ай шіркінді жан-жағынан қаумалап алыпты. Айдың бозамықтанған сәулесі жерге түсіп те жарытпапты.

Айналдырған он шақты үйде оңған ит те жоқ. Балықшы Тілеубайдың қаншығы үлкен иттерге еліктеп, абалағансиды. Тымық түнді шақылдатып, әуп-әуп деп үреді. Бала сол жағына бұрылып еді, Мәметжанның терезесінен шам сәулесі байқалмады. Баспалап, тамның артына қарай жүрді. Әлгі беймәлім ыңырсыған дыбыс сәл-пәл анығырақ естілгендей болды. Сықсындап жылағандай ма... Айшоқы қаласы мен Айпара қыратының екі ортасындағы елсіз далада шибөрілер жүреді, олар түнде бала сияқты шырқырап жылайды деуші еді, үй-үйді тіміскілеп жүрген солар емес пе екен деп ойлап денесі дір ете түсті. Тағы да ақырын басып, таяп келді. Жоқ! Мыналар адам. Әрі бір емес, екі адам... Жақындаған сайын күбір-сыбыр,

құбір-сыбыр үдей түсті. Бала тоқтай қалды. Әлбетте, әрі қарай жақындауға болмайды. Кім болса да көріп қойса ұят. Әуелі бала Сәлиманың дауысын таныды. Атасы жаздай шөп орып, күзге салым сазбен араластырып, қораның құлаған жерін сылаймыз, керек болады деп жинап қойған. Сірә, Сәлима соның үстінде отыр. Сәлима емес, екі адам.

– Қойшы, енді, жыламашы, Сәлимаш, – деді еркек дауысын бәсен шығаруға тырысып.

Бала селк ете қалды. Мына таныс үн кімдікі деп ойланды да көп өтпей ақ есіне түсті. Мәукен ғой мынау! Иә, соның өзі. «Ақыры келіпті-ау» деген қуаныш жүрегін өректітіп жіберді, Сәлиманың жанында отырғанын ойлап көңілі құлазып кетті.

– Қалай жыламайын, қалай аһ ұрмайын, Мәукен, – деді Сәлима тағы да үні құмыға шығып, тамағына өксік тығылып.

– Қазір айнаға қарауға да зауқым соқпайды. Кейде өз бетімді өзім тілгілеп, паршалап тастағым келеді. Әлдеқалай бетім күйіп қалса екен, жара қаптап кетсе екен деп жалбарынамын...

– Қой, қайдағыны айтпа...

– Рас-ау, сөйтсем, өйткені көрген құқайым, жеген таяғым осы беттен болып тұр. Айнаға қараймын да ойланамын, қай жерім сұлу, қай жерім көркем, жұрттың салпыетек, сарықарын бәйбішелерінен қай жерім артық? Мен де солар секілді салбөксе әйел емеспін бе? А? Мәукен?

– Сәлимаш, жетер енді, кетейікші, өзің де азаптан тозып біттің. Енді бізді не ұстап тұр? Не тежейді? Батырайық қарамызды.

– Мен оны білемін, Мәукен. Қадалған жерінен қан алмай қоймайтын нағыз қызылкөздің өзі.

– Қорыққаның Мәметжан болса, алаңдама. Айшоқының айналасынан ұзап көрмеген байғұс қой ол, өзің түгіл ізінді таба ала ма!

– Оның үстіне, нағашым да долы. Көрсем желкемді үзер...

– Жә, қойшы, Сәлимаш. Токтатшы енді. Кім көрінгеннен қорқа бермеші. Мен бармын жаныңда. Алысқа кетеміз біз, тым-тым алысқа, ешкім танымайтын бір қиырға тартып отырамыз...

– Қорқам, Мәукен, қорқам. Асықпайықшы... Ойластырайық әлі де...

Мәукен күліп жіберді.

– Сәлимаш, сен де қызықсың. Ойластырайық деген не сөз? Біз не, Көк теңіздің тағдырын ойлап отырмыз ба? Әлде анау биополигонның мәселесін ақылдасып отыр ма едік? Өз өміріміз, өз тағдырымыз ғой. Оны кейінге шегере бергеннен кім ұтады? Кім ұтылады? Ұтатын, әлбетте, сенің байың. Ұтылатын – біз. Ұтылғанда да оңбай омақасамыз...

– Мәукен, сонда да... Дәл қазір тәуекел ете алмайтын сияқтымын...

Жазғы түннің салқыны баланың денесін тоңазытып жіберді. Теңізден ескен дымқыл леп ауаны одан бетер салқындата түседі.

– Қарашы өзің, бұрымыңды түбінен қиып тастапты. Адам емес ол! Қорлаудың ең сорақы түрін тауыпты. Бұдан әрі төзе берсең түпсіз тозақ күтіп тұр алдыңнан. Мәметжанның тозағы. Басқа түк те емес, Сәлимаш!

Баланың бойын үрей билеп алды. Сыбдырымды естіп қалмасын, тыңдап тұрғанымды аңғартып қоймайын деп абайлай қимылдап, қабырғадан кішкентай басын шығарып, жылтиып қарады. Оңаша сырласып, құшақтаса өбіскен еркек пен әйел титімдей баланы байқаған жоқ. Сәлима орамал тартқан, өзі бұл тұрған жаққа теріс қарап отыр. Мәукен онымен қатарласа, оң қолын әйелдің иығына артып, құшағына қысып алған. Сәлиманың шашын қалай қиып тастағанын аңдай алмады. Бірақ Мәметжан нағыз басбұзар, одан бәрін күтуге болады. Әнеубір күні «Балықты қайтіп сойсам,

өлгі аға-сымағынды мына катынмен қосып солай сояр күн де туар» деген жоқ па! Өз әйеліне аяушылық танытпай, бұрымын қырқып тастауы қандай қатыгездік! Баланың денесі мұздап сала берді. Бұл жолы жазғы түннің салқын ауасы да, Көк теңіздің алыстан ескен лебі де емес, Мәметжанның мынау оспадар әрекеті тәнін тоңдырып, жанына батып кетті.

– Мені сүйесің бе, Сәлимаш?.. Соны айтшы... Сүйесің бе мені?

Сәлима судыраған жеңіл халатпен отыр екен. Аз-маз ай жарығымен сұлу тәні айқындала білінеді. Мәукен оң қолымен иығынан қыса ұстап сосын абайлап қана әйелдің омырауын сипалады. Сәлиманың жеңіл ышқынысы тыныс алудың сәл күшеюі секілді шаң беріп өтті. Мәукен одан әрі батылдана түсті. Сол қолымен әйелдің шашын сырғалығына қарай қайырып, әппақ бетінен өпті. Оң қолымен иегінен ұстап, өзіне икемдеді. Әйел де еш қарсылықсыз ыңғайлана берді. Бала қос алақанымен бетін басып, көзін тарс жұмып алды.

– Мәукен...

– Айта қойшы, өз аузыңнан естиінші... Сол сөзінді естісем болды, қосыла алмай кетсем де арманым жоқ...

– Мәукен-ай, қинамашы... Сүйем ғой, сүймесем осылай жанымды шүберекке байлап келемін бе қасыңа?!

– Мен де сені жанымдай жақсы көремін. Сендей перизатты алақаныма салып аялап өтуге дайынмын. Тіпті сол үшін қызметтен бас тартуға бармын. Кетер едім қиянға. Ұшар едім аспанға!

– Мәукен... Жалғыз сүйенішім сен ғана... Таң да атып қалыпты...

Бала орнынан кілт қозғалды.

– Қызымның түн ортасында бір жыласа уанбайтыны бар. Барайын... Өлгінің де қаладан келетін кезі болып қалды...

Бала жалт бұрылып, баспалап үйге кірді. Есіктің ілмешегін салмады. Бәлкім Мәукен осында келіп түнер деп ойлады. Сол күйі көз іле алмады. Атасының білмейтін ертегісі, айтпайтын аңызы жоқ. Мұның бойында да әлдебір қияли көңіл-күй қанат жайып, табиғаттың әр мүйісінен сыр аңдап, сәл нәрсеге көңілі бұзылып, сәл нәрсеге қанаттанып жүрсе, атасынан жұққан сырмінез қалпынан шығар. Көз алдына бұрымы кесілген Сәлиманы елестетті. Майда кекілі, тоқ бұрымы өзіне айырықша сән беріп тұрушы еді.

Сосын ойына атасы айта беретін әйгілі Бегім-Ана аңызы түсті. Атасы сол аңызды алғаш айтып берген кезде Бегім-Ананың сұлу келбетін елестетер алдында көкейіне Сәлиманың түрін орнықтырып алған. Сосын барып аңызды алаңсыз, өз қиялындағы суретпен қиыстыра отырып тыңдаған. Енді қарашы, тағдырлары да бір-біріне ұқсайтын сияқты.

\* \* \*

Осынау шексіз жазирада қаншама дәуірлер бұрын сәні мен салтанаты келісім тапқан ұлы хандық салтанат құрыпты. Хандықтың бас қаласы – Жанкент шаһары екен. Сол заманның өзінде-ақ егіншілік пен саудасаттыққа ден қойып, жан-жақсы өркендеген, өркениетті ел болған көрінеді. Ол кезде Көк теңіз Жент теңізі деп аталыпты. Жергілікті халық – оғыздар егін егіп, аң аулап күн көріп жүргенде теңіз маңынан үлкен тұз көзі табылып, халық бұл ен байлықты Қытай, Иран, Үндістанға тасымалдап, пайдаға кенеле бастайды.

Одан қалды, көршілес қоныстанған қыпшақ-қимақ тайпалары Карлан өткелі арқылы мыңғырған малын – үйір-үйір жылқысы мен отар-отар қойын айдап өтіп, Жанкент жұртымен сауда жасайды екен. Осындай қызу тіршіліктің арқасында шаһар өмірі бұрынғыдан да жандана түсіп, Жанкент

Ұлы Жібек жолы бойындағы ең нәрлі, ең сәулелі мекенге айналып жүре береді. Оғыздар орналасқан осынау қаланың түкпір-түкпірінде сәт сайын үнді маталары мен жемістері, құрмалар мен науаттар, Қытайдың көз арбайтын жібектері үздіксіз сатылып жатты. Көңілі де, қарны да тоқ халық барақат дәуірді бастан кешеді. Жанкент әміршісі Санжар хан халқын ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстайтын, қатал, қызуқанды билеуші болыпты. Аптасына екі рет аптап ыстықтан топырақтың өзі күйіп кеткендей көрінетін Жанкенттің сары даласында аңға шығып, құмарын басатын. Және өзі көздегенін мүлт жібермейтін сыралғы мерген еді.

Бір жолы ол қасына сенімді сарбаздарын жиып, аңғы шығады. Санжар ханның аң аулағанда тастамайтын қарағайдан қиып жасаған жебе толы бес қорамсағы мен жүзі лыпып тұрған тоғыз қанжары бар екен. Солардың бірі, өзі аса ұнататын, қыпшақ тайпасының көсемі тарту еткен наркескен қанжарын үйде ұмыт қалдырыпты. Хан сарбаздарының бірін қанжарды алып келуге жұмсайды. Сарбаз келсе Бегім-Сұлу он екі қанат ақ отаудың ішінде отыр екен. Сарбаздың сұрағын естіген соң, жабықтан жүзін көрсетіп, ханның қанжарын әдеппен ұсынады. Әдетте көпшілік алдына шыға бермейтін Бегім-Сұлудың тәңірі сәуле төккен сүттей аппақ ажарын көрген сарбаздың тілі байланып, көзі тұманданып кетеді. Өзін-өзі билей алмай, аяқ астынан жігіттігі ұстап, Бегім-Сұлудың нәп-нәзік білегіне шап беріп жабыса түседі. Осы сәтте өзі де ат үстінен ауып кетіп, басы зеңіп, заматта есінен танып қалыпты. Сарбаз сол жатқаннан мол жатады. Бір уақытта есін жиып, айналасына қараса ешкім жоқ екен. Дереву атқа қонып, хан мен нөкерлері күтіп тұрған маң далаға желе жортып, лезде жетеді. Сарбаздың ұзақ айналысынан кіді алып қалған әмірші терісіне сыймай, құралмалы тақ үстінде айбатын шегіп, әрең отыр екен. Сарбазы келген бойда:

– Иә, соншама уақыт бойы қайда болдың? Неге кешіктің? – деп дүрсе қоя береді.

Ханның қаһарынан қорыққан жауынгер:

– Әміршім, ордаңызға тездетіп-ақ жеткенмін. Ханымның отауының жанына барып, ат үстінде тұрған қалпымда: «Хан ием қанжарын ұмытып кетіпті. Соны алып кетуге келдім» деп хабар бердім. Көп ұзамай ханымның өзі де көрініп, ауыр қанжарды маған қарай еппен көтеріп ұсына берді. Көзін алмай қарап қалыпты. Мен кірерге тесік таппай, төменшіктей бердім. Қанжарыңызды көтеріп алып, ердің жанына байладым да енді жүрмек болғанда мәртебелі ханым:

– Жігітім, сәл аялдашы, – деді. Шыны керек, есімді жия алмай қалдым. Ханымнан ондай сөз күтпеген едім. Тезірек қайтпақ болып аттың басын кері бұра бергенімде жаныма жетіп келіп, білегімнен ұстай алды. Сол жабысқан күйі айырылмады. Бұл жағдайда не істерімді білмеген қалпы аттан құлап түсіп, сол күйі есімнен танып қалыппын. Есімді жиып, үсті-басымды реттеп, келіп тұрған бетім осы, – дейді жауынгер жәдігөйленіп.

Өзі де ішінен күдіктеніп, терісіне сыймай ашу буып, зорға отырған хан қаһарланып, қалшылдап кетеді. Ер-тұрманға байланған қанжарды жұлып алып, жауынгердің басын шауып түсіреді де аңшылықты доғарып, бірден өзінің ордасына бет алады. Үйіне жете салысымен алдынан жайрандай шығып, қарсы алған Бегім-Сұлуды әй-шайға қаратпастан аттың бауырымен қағып, шалқасынан құлатады. Содан соң қолынан жетектеген күйі отаудың ішіне кіргізіп, ақылын ашуға жеңгізген қалпы жас әйелінің оң қолы мен оң жақ бұрымын шауып тастайды. Онымен қоймай, әбден азаптап, танауын тіледі. Іле нөкерлерін шақырып, «күнәһар» әйелді зынданға тастауды

бұйырады. Әйелінің әлдене айтпақ болып әрекеттенгеніне пыскырмайды да. Оның бірде-бір уәжін тындауға құлағын да түрмейді.

Кеше ғана елдің ханымына айналып, әдебімен, ибасымен, әйелдік парасатымен мұқым жұртқа пана болған, үлгі болған сұлу да ақылды әйел зындан түбінде қансырап жатады. Уақыт өткен сайын жағдайы нашарлап, көп қан жоғалтады. Мүп-мұздай зындан ішін жаңғырықтырып жылайды, еңірейді. Бірақ ол дауысы өзінен аспайды. Жер үстіндегі пенде баласына тіпті де жетпек емес. Сұлулығы мен қасиеті астасып жатқан Бегім-Сұлу – со замандағы әйгілі Қарабура әулиенің қызы екен. Қарабура әулие Қараханид патшасы Әбуәлі Хасан Жақыптегінің ұлы еді. Кейде оны жұрт Ахмед деп те атайтын. Жастайынан ілім-білімге құштар болып, Қожа Ахмет Яссауимен бірге Отырарда Арыстан бабтан, кейін Бұқарадағы Жүсіп ұстаздан дәріс алыпты. Сөйтіп жиған білімі бойына дарып, сұңғыла жан болып ержетсе керек. Бірақ Бұқарадағы білімін сол күйі аяқтай алмайды. Баласын әмірші ретінде көргісі келген әкесі Әбуәлі Хасан ұлын ертерек шақыртып алып, Сайрамға хан етіп қояды. Ахмед хан білімпаздығымен қоса бойына қасиет қонақтаған дегдар жан еді. Содан болар келер қауіпті алдын ала сезіп, біліп, халқын тосын апаттар мен оқыс жағдайлардан сақтандырып отыратын көрінеді. Онымен қоса, Қарабура дейтін түйесімен ел аралап, жер кезіп жүреді екен. Қызығы сол, Қарабура тізгіндеген хан бүгін Сырдың бойында жүрсе, ертең-ақ Ұлытау топырағын таптап кетіп бара жатады дейді. Бірте-бірте оның Ахмед есімі көмескіленіп, халық оны біржола Қарабура әулие деп атап кетеді. Сол Қарабура әулие зындан түбінде азап шегіп жатқан қызының түсіне кіріп, аян бере сөйлеп: «Балам, ақиқатын айтшы, күнәдан аман екенің рас болса, жан жарыңа адалдық танытсаң Тәңір өзі жәрдем беріп, тән жаранды да, жан жаранды да заматта жоқ етеді. Ал күнәлі болып, жаза бассан жазанды Құдай Тағаланың өзі берер» дейді.

– Бұл аңыздың бір нұсқасында былай да айтылады, – дер еді аңызды тұнжырай баян етіп отырған атасы немересін бауырына қыса түсіп. – Қарабура әулие күйеу баласы Санжар ханның да түсіне кіреді: «Адам ақ-адал жар етіп алған әйеліне жазаны ақ-қараны айырып барып қолданбас па? Егер кінә менің қызымнан болса, онда сол айыбының жазасын тартып, өмір бойы қорлыққа батып өтсін, ал егер адал болып шықса, оған араша түсе алмаған еліңді жылан жұтсын» дейді де жоқ болады. Әмірші ұйқысынан шошып оянып, жандайшаптарының бірін дереу зынданға, әйелін көруге жұмсайды. Барса ай десе аузы, күн десе көзі бар Бегім-Сұлу сол баяғы сұлу қалпында жарқырай қарсы алыпты. Жандайшап алқына жүгіріп әміршіге жетіп, көргенін бүкпесіз баяндайды. Мұны естіген ханның есі екеу, түсі төртеу болып, не істеп, не қоярын білмей әбігерге түседі. Үстін суық тер басып, ізінше қызуы көтеріліп, тілден айырылып, сандырақтай бастайды. Жарқ-жұрқ еткен Жанкент шаһарын қалауынша билеп отырған ханның жағдайы белгілі болған соң-ақ ел іші бүлініп, билікке талас күшейеді. Айдың-күннің аманында дүрбелең туады. Сөйтіп жатқанда жылан дегенің аспаннан жаңбырша жауыпты деседі. Қара шұбар, ала шұбар жыланның санында есеп жоқ. Сәлден соң жыландардың құрсауында қалған Жанкент жер бетінен тып-типыл болған көрінеді. Халқы түгел қырылып қалады. Ханның уәзірлері бой тасаламаққа тырысып, ханның ат-арбасына әміршіні жатқызып, жыланнан қашып елсіз далаға бет түзейді. Алайда жол-жолдың бәрін торуылдаған ордалы жылан шаһар қақпасынан енді ғана шыққан хан арбасының алдын кес-кестеп, әуелі Санжар ханды шағады. Одан кейін бүкіл уәзірі мен нөкерлерін де сеспей қатырады.

– Ал Бегім-Сұлудың тағдыры не болды? – дейді ынтыққан бала.

– Әміршіге өкпесі қара қазандай Бегім-Сұлу Жаратушының құдіретімен аппақ құсқа айналып, шырқай ұшып кете барыпты. Сол ұшқаннан ұшып отырып теңіз жиегіндегі аралдардың біріне келіп тұрақтайды. Сол құс тұрақтаған жерде қазіргі Бегім-Ана мұнарасы пайда болған. Көрдін бе, қандай құдірет? Біздің жер де қасиетті ғой, жарықтық. Сен зерек баласың, Шырынбекжан, осының бәрін біліп жүр. Біреуге істің байыбына бармай жатып әлдене істемек тұрмақ, ауыр сөз айтудың өзі үлкен күнә. Күнәсінен бөлек, әлгі адамның көңілінде наза қалады. Назалы адамның назы онайлықпен тарқамас.

Атасы аңыз айтуға құмар.

– Айшоқыда аңыз көп, – дейді ол. – Бірі білсе, бірі білмейді, біреуге керек, ал біреуге қажеті шамалы, біздің жасымызда оны сендерге айтқаннан басқа не қалды? Ал бауыры күмістей аппақ құсқа айналған Бегім-Сұлу Айшоқының аспанында ұшып жүріпті. Тіпті қазіргі күнге дейін арагідік көзге көрініп қалады деседі. Ол пейілі таза, жаны кең адамға көрінеді дейді. Біздің пейіліміз тарылып көрген кезі жоқ. Бірақ сол құсты байқамадық. Кім біледі, күндердің бір күнінде келетін шығар. Бізге көрінбесе, ұрпағымызға көрінер... Иә, ол құстың бұл өлкеге тағы бір келмеуі, тағы бір ұшып өтпеуі есте мүмкін емес.

Бала ерте оянды. Тұра сала жүгіріп үйдің артына барды. Нығыздала жиналған көк майса шөп түнде ешкімді көрмегендей, білмегендей бейқам жатыр. Бала теріс айналып, қайтадан есік алдына келді. Атасы ертерек тұрып Тілеубайдың үйіне кеткен-ау. Кеше «теңізге соның қайығымен шығайық, өзін де ерте кетелік» деп отырған. Сірә, қазір келіп қалар. Бұл сылағы қашқан жаман сарайдың қозғала бастағаннан-ақ сақыр-сұқыр етіп, ойбайлай жөнелетін есігін жұлқып ашып, қармақтарын түгендеуге кірісті. Кенет үй жақтан гүрілдеген дауыс шығып, әлгі дауыс зорая түсті де бұларға жақын маңға келіп, тырқылдай тоқтады. Бала мойнын шығарып қараған. Мәметжан екен. Құм үстінде ойнап отырған қызы Ләйлә әкесінің келгенін көріп, ойынын тастай сала мотоциклге қарай тұра жүгірді. Ләйләнің жасы 4-те. Сөйлей алмайды. Туа бітті солай. Мәметжан қызына қайырылған да жоқ.

– Әй, қарап отырмай, көмектес, – деді мотоциклді айдап келген бозбала жігітке. – Қәне, түсіріп тастайық.

Сөйтті де қаптал арбаға тиелген қаптардың бірін әуап деп көтеріп алды. Бет-аузы қыртыстанып, бөркі бір жағына қарай ауып кетіпті. Қаптардан қызыл қан сорғалап тұр. Бозбала да мотоциклінен түсіп, қаптардың бірін иығына қарай ыңғайлап, үйге қарай алып кетті. Мәметжан әуелгі жүгін аударып тастады да ендіге жүгіріп қайта келді. Екіншісін иығына лақтырды. Қап ішіндегі жүк буылтық-буылтық болып, бөлек-салақ домалайды. Жерге түсіріп, қайта көтерді.

– Атаңа нәлет-ай, – деп боқтап қояды. Алдынан кес-кестей берген қызын қолымен жасқап жіберіп:

– Әй, тұршы былай жағаласпай, – деп итеріп тастады. Ләйләнің қуанышы су сепкендей басылып, қайтадан шеге құмның үстіне келіп отырды. Көзін бірақ әкесінен айырған жоқ. Үйден жаулығын жүре түзеп Сәлима шықты.

– Сүмірейіп неғып тұрсың? – деп зірк етті Мәметжан: – Тасы аналарды!

Қолымен нұсқап мотоциклдегі қаптарды көрсетті.

Сәлима таңғала қарап, көлікке беттеп жүре берді де дағдарып қалды.

– Мәметжан, мынау не тағы?

Күйеуі мықшындаған күйі жауап бермей үйге кіріп кетіп, қапты тастап, қайта шықты.

– Мұрның иіс сезбей ме, немене?

– Ет пе?

– Әй, сен сұрақты көбейтпей, тасы жаныңның барында. Әйтпесе, құримыз...

Сәлима амалы құрып, қаптың біріне қол салды. Арқасына аспақ болған, әлі жетпеді. Сылқ еткізіп жерге қоя салды. Бозбала жанына келіп:

– Жеңеше, тастай қойыңыз. Өзім-ақ, – дей беріп еді, Мәметжан ақырып:

– Тасысын! – деді. – Осылардың өңешін толтыратын азық емес пе!

Тасиды өзі!

Мәметжан Сәлимаға оқты көзімен қарады. Қаптал арбада әлі 4-5 қап жатыр теңкиіп. Сәлима енді көтермесе Мәметжаннан таяқ жейтінін біледі. Әкесі шешесіне айғайлаған сайын кішкентай Ләйләнің көзі үрейге толып, мазасы қашады. Ол назарын құмға бұрып, шеге құмды алақанымен сауылдатып төгіп, мағынасыз ойынын ойнай берді. Бала осының бәрін үнсіз бақылап, қораның тозып, жамау-жамау болған есігінен сығалап қарап тұр. Мәметжан сөйлемей-ақ, ақсаңдап жүрген сайын жаны жабығып, жүрегі қан жылайды. Сәлима ақыры намысқа тырысып, жеңілдеу деген бір қапты өйтіп-бүйтіп жүріп иығына салды-ау. Бала да уфф деп демін алды. Әйел арық денесі кушиып, тыртаңдап, кейде қаптың салмағымен біресе оңға, біресе солға ауып кетіп, табалдырыққа жете бере құлап түсті. Қапты ұшынан тартқылап, әрі қарай сүйретіп алып кетті.

Мәметжан ырсылдап, әлдебіреу ізінен қуып келіп, мына қаптардың бәрін қайта өңгеріп кететіндей жанталасып жүр. Ара-тұра баланың үй жағына қарап қояды. Сірә, реті келсе, бұған да тасытып қоймақ шығар. Бірақ мұны іздейуге уақыты тапшы сияқты. Үсті-басы қара тер. Өзінің де әлі құрып, соңғы қапты көтере алмай, сүйретіп апарды да бар күшімен ішке қарай лақтырып жіберді. Бозбала жігіт аяғымен сілкіп тастап, мотоциклін гүр етіп оталдырды. Мәметжан Ләйләнің жанына таяп келіп, шеге құммен қолының қанын сұрткілеп, тазалап алды. Сосын тіркемеде жатқан кішілеу бір қапты нұсқап:

– Ал, Мантайжан, мынаны шешене апар. Аз күн ас-қатық қылындар. Ағаң барда тарықпайсындар, – деді ебедейсіз ыржаң-ыржаң етіп. Сосын насыбайын алып, алақанына қағып, шалқайып тұрып тілінің астына тастап кеп жіберді. Көзін жұмып біраз тұрды.

– Сөйт, жөнел! – деді жолды нұсқап. – Көрдім-білдім болмасын, Мантайжан! Лажы болса мені өліп қалыпты десең де мәрхәбәт, – деп қарқылдап күлді.

– Қош боп тұрыңыз, аға, – деді әлгі жігіт. Сөйтті де мотоциклін көше жаққа бұрып, ақшандақ жолға түсіп алып, келген ізімен заулап кері қайтты. Мәметжан насыбайын былшылдатып түкіріп аз тұрды да үйге кіріп кетті. Бала сарайдан лып етіп шығып, Ләйләнің жанына барды. Ләйлә қуанып кетті. Өйткені бала үнемі ойнатады. Қамқор болады. Өзінің қарындасы еміс-еміс қана есінде. Оны қатты жақсы көріп, шашынан сипаушы еді. Енді қарындасы жоқ, есесіне Ләйлә бар. Ол да сүп-сүйкімді. Бірақ аздап жылауық. Бәлкім, сөйлей алмайтын болған соң шарасыздықтан жылай беретін шығар. Бала солай топшылайды.

– Ләйлә, – деді бала жанына жүгіріп барып. – Ойнап отырсың ба? Бетінді де, шашынды да құм қылыпсың.

Баланың сөзін түсінген сияқты, әуелі бетін, сосын шашын ұстап, бұған қарап күлімсіреді. Сосын құмды шашып жіберіп, кел, ойнайық дегендей ықылас білдірді.



— Ойнасақ, ойнайық, — деді бала да жайрандап. — Атам келемін дегенше сені ойната тұрайын.

Екеуі құмның үстінде асыр салып ойнады. Ләйлә сөйлей алмаса да, жөндеп естімесе де баланы жақсы түсінеді. Екеу тәп-тәуір ұғыныса алады. Кейде баланың Ләйләні алыс бір қойнауға қарай, теңіз мейлінше жақын жатқан тұстарға ертіп алып кететіні бар.

— Ләйлә, карашы теңізге, көрдің бе қандай алып, қандай терең? — дейді ондайда сұқ саусағын шошайтып. Ләйлә да сұқ саусағын шошайтып, бірдеңе деп дыбыс шығарғысы келіп, баланың істегенін айнытпай қайталайды. Сосын екі қолын шапаттап, бір орнында секіре береді.

— Бұл теңізде үлкен-үлкен кемелер жүзеді. Қайықтар да жүзеді. Бірақ қайықтар кішкентай. Екеуміз сенің әкең мен шешенің, менің атамның жанында қандай титімдей болсақ, қайықтар да кемелердің жанында сондайлық кішкентай ғана. Олар сонда да кемелерден қалыспай, тез жүзе алады. Менің көкемнің сондай қайығы болған. Бірде мені де ертіп шыққан теңізге. Көкемнің қары ешқашан талған емес, діттеген жерге жеткенге дейін есе береді, есе береді. Мен де есіп көргім келді. Бірақ маған «сен әлі баласың, ержеткен соң қайықты да есерсің, кемеңі де айдарсың» деген. Тезірек ержетіп, есейгім келеді. Сол кезде кемеге отырып, шешем кеткен жаққа тартып отырар едім. Барамын да әй-шайға қаратпастан шешемді отырғызып алып, кері қайтушы ем. Оның әлгі күйеуіне де қарамаспын. Уайымдама, сендерді де ала кетем. Сені, шешенді мінгізіп аламын. Әрине, атам отырады каютада. Әкенді ме? Әкенді... иә, мүмкін, әкенді де ала кетерміз. Ол кісі жалғыз қалады ғой... Әрі сен де оны жақсы көресің. Солай ма? Иә, солай. Бірақ мен өскенге дейін әлі қанша-а-а-а уақыт бар! Өте көп. Ал мен оған дейін күткім келмейді. Шешем тезірек келсе екен. Атам толқын жағаға ұрып, теңіз қайта арнасына толған кезде шешен де оралады деген. Сондықтан күні-түні Құдайдан толқынның оралуын тілеймін. Жатпай-тұрмай тілеймін. Атам маған сөйлеп жатқанда да, балық жеп отырғанда да, шәй ішіп отырғанда да сол тілегім толас тапқан емес. Өйткені Құдайдың қай кезде қабыл етіп қоярын білмейміз ғой. Сондықтан тілей беремін, тілей беремін, — дейді бала арман-шерін кіп-кішкентай Ләйләға ақтарып. Ләйлә әлденені түсініп тұрған адамша басын изейді. Сосын жәй ғана күлімсірейді.

— Кел екеуміз шұңқыр қазып, соған су толтырайық, сөйтіп үлкен теңіз жасаймыз, — деді бала құмды үңгіп қаза бастап. Ләйлә түсініп, қуанып кетті. Ол да екі қолымен үңгіп, қазуға кірісті. Бірақ Ләйләнің қолы кішкентай, құмды көбіне шашып, әлсіз тырмалайды. Бала тез-ақ аршып, ойық жасады.

— Қазір су алып келемін, — деп үйге қарай жүгіріп кетті де лезде жарты

шелек су көтеріп келді. Сосын оны абайлап ойыққа құйды. Ойық шүпілдеп толды.

— Міне, теңіз дайын болды, — деді бала шаттанып. — Менің кішкентай қайықтарым бар. Білесің бе? — деді сосын Ләйләға қулана қарап. Бала бос уақытында ағаштан кесіп кішкентай қайық жасаушы еді. Оған атасы баулыған. Өткен жолы кеме жасауға ансары ауды. Бірақ кемені қалыптау қиынырақ екен. Қалтасынан кішкентай екі қайық алып шықты. Атасы оған талдың қаттылау шыбығынан ескек жасап берген. Бала екі қайығын суға қос берді. Олар кішкентай суда аз қалтаң-қалтаң етті де біраздан соң бойларын түзеп алып, жүзіп берді. Бұған екеуі де ерекше мәз-мейрам болды.

— Ал енді балық аулайық, — деді бала. Сөйтті де теректің ұсақ жапырақтарын жыртып- жыртып, судың бетіне шашып жіберді.

— Міне, мыналар балықтар, о, ішінде жайын да бар, сазан да бар, міне, мына біреуі көксерке болсын, жарай ма?

Ләйлә баланың айтқанына басын изей береді. Кішкентай тоғанда қалт-құлт етіп жүзіп жүрген қайықтарды кезек-кезек ұстап көріп, мәз болады.

— Мынау сенің қайығың болсын, — деді бала кішілеуін көрсетіп. — Қәне, бізде әлі су көп. Олай болса мына жақтан тағы бір теңіз жасаймыз. Оны ашық теңіз деп атаймыз, Ләйлә. Атам айтады, теңіздің айдыны кең тарапын ашық теңіз деп атайды екен. Ашық теңіз өте үлке-е-е-е-н болады және онда сирек кездесетін балықтар жүзеді. Тіпті ақула, кит дегендер де болуы мүмкін. Ашық теңізде жүзетін кемелер ғажайып үлкен болады дейді.

Бала кішкентай теңіздің жанындағы құмды үңгіп қазып, оны мейлінше тереңдете түсті. Сосын қаңылтыр шелектегі аздағандай суды соған құйып еді, ол да шімпілдей толды.

— Пай, мынау шынымен ашық теңізден аумай қалды ғой, — деді өзінің тапқырлығына риза болып. Ләйлә кішкентай қайығын көтеріп алып, ашық теңізге салды.

— О, ашық теңізде жүзгің келе ме? Дұрыс, кел, жүзе ғой.

Бала шыбықпен өзінің қайығын сәл түртіп жіберіп еді, ол жылдамдық қосып теңіздің біресе ана басына, біресе мына басына келіп соғыла бастады. Бұған екеуі де рақаттанып, күледі. Ләйлә да көргенін қайталап, енді қолына шыбық алып, өзінің қайығын түртіп қалды. Қайығы ашық теңіздің арнасы кең айдынында қалқып кете барды. Ләйлә қайығын біресе ашық теңізге шығарады, біресе кішкентай теңізге қарай қақпайлайды. Бала да сөйтті. Енді бірде екеуінің қайығы ашық теңізде қатарласа жүзді. Екеуі осылай күні бойы ойынның қызығына әбден батты. Әрі де, бері де армансыз жүзген қайықтар тіпті теңізде толқындарды да туғызып жібергендей, су беті шиырланып кетті.

— О, міне, міне, — деді бала теңіздің мына жағына қарай аттап шығып. — Теңізде толқын соға бастады. Толқын келсе менің шешем де келеді дедім ғой, Ләйлә. Есінде ме? Қәне, екеуміз толқынды көбейтейік. Міне, былай.

Бала кішкентай теңіз бен ашық теңіздегі суды саусақтарымен жағаға қарай итере шайқап, қолдан толқын жасай бастады. Шынымен, лезде теңіз беті толқынданып шыға келді. Кәдімгідей, жал-жал толқындар бірінің үстіне бірі еркелей мінгесіп, жағаға келіп құлайды. Бұл Ләйләға да ұнады. Ол да етпеттеп жата қалып суды шайқауға кірісіп кетті. Шайқаған сайын толқын жағалауға соғады. Тіпті жағадан асып, шашырап кетеді. Ләйлә тағы бір мәрте суды қаттырақ ұрып қалғанда сумен бірге балшық қоса шашырап, өзіне құп жарасқан әппақ көйлегі тарам-тарам болып былғанып қалды. Мұны көріп қыз шошып кетті. Көйлегіне бір ауық қарап отырды да бақырып жылап жіберді. Мына жақта ойын қызығымен әуре болып жатқан бала селк ете қалды.

– Ләйлә, Ләйләжан, не болды саған? – деді бәйек болып. Ләйлә көйлегін көрсетті.

– Ә-ә, көйлегің бүлініп қалды ма? Қап-ай, ә! Сен жылама, Ләйлә. Оны шешен әдемілеп жуып береді. Болмаса аздан соң кеуіп кетеді.

Ләйлә бұған уанар емес. Шырқырап жылай берді. Енді лас-лас қолымен бетін одан сайын айғыздап, көзін уқалап жылады.

– Ләйлә, кой деймін, қоя ғой. Ақылды қыз жылай ма екен? Қәне, бетінді жуайық.

Шелектегі артылған судан алақанына құйып алып, қыздың бетін жуды. Бірақ Ләйлә солқ-солқ етіп жылауын тоқтатпады. Керісінше, былғанып қалған көйлегіне қарайды да одан сайын үдете түседі.

– Ә, таптым, – деді бала жымың етіп, – Қазір келемін.

Түнеукүні Токмұраттың әйелі баланы оңаша шақырып алып, қолына бір уыс мұзкәмпит ұстатқан. Жұрт «Токмұраттың одыраң әйелі» деп атайтын осы бір дүңкиген қара келіншек бұған әйтеуір жылы қарайды. Баланың есіне сол кәмпит түскен. Берген бір уыс тәттінің бір-екеуін жеді де артылғанын жастығының астына жасырып қойған. Жүгіріп барып соны алып келді.

– Мә, Ләйлә, тәттіні сала қойшы аузыңа. Жылауың бірден басылады, – деді күліп. Шынымен, мұзкәмпитті көрген Ләйләнің солығы азайып, тәмпіш танауын тартқылап қойды. Кәмпиттің қағазын ашып, оны «ашық теңіздің» үстіне қарай шиіріп жіберді де тәтті кәмпитті таңдайына басты. Сосын көзі күлімдеп, кіп-кішкентай бетінде күлкі табы ойнап шыға келді.

– Міне, енді дұрыс болды, – деді бала да көңілденіп. – Мұндай кәмпиттің менде әлі бірнешеуі бар. Саған күнде біреуін беріп тұрамын, жарай ма? Тек сен жылама.

Үйден күнқақты болған ескі халатын киіп Сәлима шықты. Алаңсыз ойнап отырған екеуіне қарап, риясыз жымыды. Сосын алақанының қырымен маңдайын көлегейлеп, теңіз жаққа көз салды. Одан қайта бұрылып, үй жанындағы ескі қайықтың қалдығынан қалған ағаш жаңқасына жамбас қойды. Түрі қайта бұзылды. Сәлиманың нендей күйде, қандай бейнеде екенін арқасын беріп отырып-ақ сезетін бала жас әйелдің бет-әлпетін кинолентадай көз алдына елестетті. Манадан бері бүкіл көңілі Ләйләға құлаған баланың сезім ауаны енді Сәлимаға қарай ойысты. Орнынан тұрып, жанына барғысы келді. Бірақ іштен Мәметжан шыға келе ме деп қауіптеніп, ол ойынан айнып қалды. Сөйтіп тұрғанда Сәлима мұны өзі шақырды.

– Ағаң ұйықтап жатыр, – деді ә дегеннен. Онысы алаңсыз сөйлесе берейік, уайымдама дегені сияқты. Бала не айтар екен деп жас әйелге қарап, міз бақпай тұр. Ойына кешегі түн оралды. Тұрған орнынан бір қадам қырындай жылжып, Сәлиманың шашына қарады. Бейшараның бұрымы, расымен, шолтыып қалыпты. Онысын орамал ішіне жасырған болыпты. Бірақ ұштанып кеткен шашы дудырай шығып, көрініп тұр.

– Мәметжан алдыңғы жылы Тілеубайдан тартып алған атты ақыры ұрлап, сойып әкеліпті, – деді Сәлима біраз үнсіздіктен соң.

– Қазанға ет салып қойдым, – деді сосын теңіз жаққа мағынасыз бетін тосып. – Кешке атаң екеуің келіндер. Мәметжан өзі айтты. Келсін дейді.

– Жарайды, – деді бала.

– Атам екеуміз қазір теңізге шығамыз. Бүгін ол мені бірінші рет балық аулауға үйретеді, – деді бала сосын.

Сәлима жылап тұр екен. Көз жасын көрсеткісі келмей, жүзін бұрып әкетті. Шырынбек жасап берген «ашық теңізде» қайығын жүздіріп, алаңсыз отырған Ләйләға қарай бұрылды. Мейірлене жымыды. Сосын қайтадан бұған қарап, үнсіз ғана баланы бауырына қысты. Сәлиманың үстінен әп-

әдемі бір иіс бұрқырап тұр. Бала да оны құшақтап алды. Мейірімге әбден шөліркеген бала көңіліне бұл ерекше бір бақыт сияқты сезілді. Бір сәт іштегі бүкіл сауалын ақтарып, Сәлимамен сөйлескісі келді. Мәукенмен қашан танысты? Сол екеуі үйлене ме енді? Үйленсе қайда кетпекші? Сонда мен... Мен қайтемін? Аузын ашса болды, көп сұрақ ақтарыла кеткелі тұр. Бала ернін жымқыра түсіп, үндемеді.

Атасы сол күні кештеу келді. Жанында Тілеубай бар.

— Мына Тілеубай шәй іш деп жабысып, жібермей қойғаны, — деді далбалақтай сөйлеп, кешіккені үшін немересінен ынғайсызданып. Тілеубай темір қайығын үнемі теңіздің бері қарай сұғына кірген кішкентай бұғазына арқандап, байлап қоятын. Соның түйінін ағытып, үшеуі теңізге түсті. Бала бүкіл жабдығын сайлап қойған. Атасы Тілеубайдың үйінен су жана қармақ ала келіпті.

— Мынау ағанның саған сыйлығы, — деді риза бола сөйлеп.

— Иә, бала, — деді Тілеубай да көңілдене күліп. — Тұңғыш теңізге шыққан балаға қармақ сыйлау — ежелгі дәстүр. Жолың ақ, ауың берекелі болсын!

— Айтсын, қалқам, айтсын, — деді ақсақал кеудесін кере демалып.

Бала жап-жана қармақты сипалап ұстап, қатты қуанды. Бірақ қуанышын сыртқа шығарған жоқ. Бұған дейін теңізге сыртынан, жағадан ғана қарап тамашалап жүрсе қазір сол ұлы судың үстінде қалт-құлт етіп жүзіп келеді. Көңілінде қорқыныш жоқ, ептеген қобалжу бар. Бүкіл ғұмырын осы теңізбен өткізген атасы, ес білгелі несібесін теңізден теріп келе жатқан Тілеубай өздерін тіпті емін-еркін ұстайды. Тілеубай толықшалау келген, маймұрын кісі. Селдір шашын көрсетуден ұяла ма, үнемі кепка киіп жүреді. Өзі заманға бейім-ақ. Орысшалау киімдерге құмар. Ел білмейтін джинсы шалбарды да бұл өлкеде алғаш киген осы Тілеубай. Баланың көкесімен түйдей құрдас және тірлікте жан аяспас дос болып еді. Содан болар, әйтеуір шалға да, балаға да елжіреп, қолында бір бөлке нан болса соның жартысын бөліп беруге дайын тұрады. Ара-тұра келіп жағдай ларын сұрап, жоқ нәрселерін түгендеп кететіні бар.

Өзі Мәметжанмен араз. Бірақ жұмсақтығына салып, пәлен деп дау көтеріп, өсек термейді. Бос сөзге жаны қас. Керісінше, Мәметжанның өзі шымшылап тиісіп, шабын түрткілеп отырады. Анда-санда болмаса, соның өзінде Тілеубай Мәметжанның көп айыптауын жауапсыз қалдырып, шәй ішіп терлеп, пәруайым отыра береді. Мәметжан осыдан бірер жыл бұры Тілеубайдың жүйрік атын тартып алған. Қорасында тұрған жерінен шешіп, жетелеп кетіпті. «Мұның не?» деген Тілеубайға «колхоздастыру кезінде сенің аталарың менің аталарымның түйесін зорлап кооперативке қосқан. Кейін бұзаулы сиырын да бұдан былай колхоздыкі болады деп көпе-көрнеу алып кетіпті. Бұл соның өтеуі» деп қарап тұр. «Ау, колхоздастыру қайда, біз қайда? Қай замандағы дауды қуалайтын болсақ, онда бүкіл қазақ бір-бірінің қорасын адақтап кетсін де» деген екен, Мәметжан оған пысқырмапты да.

Тілеубай ашуланып «ауданға барамын, полицияға арыз жазамын» деген екен, Мәметжан: «құрдас-ау, аз уақыт міне тұрайын, мініс атым жоқ, аяғым болса ақсақ, аясаң қайтеді» деп аунап түсіпті. Көңілі кең Тілеубай сылқ ете қалса керек. Бірақ Мәметжан кейін ауыл арасында ішіп отырып: «Әкем НКВД-ны дірілдеткен, кезінде елдің марғасқасы деген талай мықтыны жаутаң қақтырған дүлей еді. Соның тұқымы мен қалай мықты болмайын. Керек болса, сол полиция дегенінде де тамырларым бар. Ізіне түсу керек болса мұның да ізіне түсемін. Қанша балықты үйіне тасып жүр, қаншасын комбинатқа беріп жүр, соны да тексертермін» деп күшеніпті.

Тілеубай Айшоқының балық трестінде істейтін. Ондағы тәртіп бойынша

кемемен апталап теңіз кезіп, балық аулайды. Келген соң ауланған балықтың есебін өткізеді. Үйлеріне 5-6 балық апаруға ғана рұқсат. Қалғанының бәрі комбинаттың меншігі. Мәметжан соны меңзеп отыр. Бұл әңгіме Тілеубайға да жеткен. Бала-шағаның камы деп расымен, кейде үйіне артықтау аппаратыны рас па екен, әлде дау қуған дауға жолығады деп мән бермеді ме, әйтеуір Мәметжанның соңынан содан қайтып арызданған жоқ.

Баланың көкесін қызғанып суға кетірген, тіпті «Ленинград» деген нар түйесін сойып, сатып жіберген деп ауыл Мәметжанды әңгіме етеді. Бірақ соның да ақ-қарасын біле қоятын пенде жоқ. Көкесі барда Мәметжан басқа адам еді. Қолдарында дәлелі болмаған соң ауыл адамдары құр кінәлаудан, онда да сыртынан сөз етуден аса алмайды. Мәметжан содан кейін жарытып балыққа шыққан емес. Аяғын оңдырмай жаралап алғаннан кейін соны сылтау етіп, үйкүшік болып алды. Аңдығаны – Сәлима. Ішіп-жем керек болса ұялмай, үй жағалап балық сұрайды. Анда-санда теңіз жиегіне барып, қармақ салады. Ара- тұра жолдастарымен бірігіп қайықпен ау тастайды. Оның өзінде аулаған балығын жеп бітіріп, соңынан арақ ішіп, үйін әрең тауып оралады. Былтырдан бері комбинатты күзеткен. Оны да жарытып істей алмады. Биыл колхоз бастық Аманбай шопырлыққа шақырған екен, бармапты. Жас кезінде көлік дегенінді шебер меңгерген, білікті механик болған. Сонысына бола көп адам «шопырлық Мәметжанның қолынан келсе, келіп те қалар» деп топшылайды. Бірақ өзі жалқау. Жата берсем, ішіп-жем өз аяғымен келіп тұрса дейтіннің нағыз өзі.

Әлгінде Сәлимадан естіген әңгімесін осылар да айтар ма екен деп күтіп еді, атасы да, Тілеубай да ләм-мим деп жақ ашпады. Теңізді айтудан, кезіндегі тайдай тулаған балықтарды айтудан әрі аспады.

– Шалеке, қайда барамыз? – деді Тілеубай кетік тісін көрсетіп, көзін сығырайта, күле қарап. – Білем, білем, – деді сосын, – Изендіге тарт дегелі тұрсың.

Екеуі де қарқылдай күлді. Шалдың жүзінде әлдебір ғажайып көңілділік ойнап, лезде жадырап шыға келді.

– Ал, бала, қармағыңды теңізге таста, – деді Тілеубай. – Межелі жерге жетемін дегенше бәлкім бірен-саран торта, шабақ ілініп қалар.

Балаға атасы балық аулаудың қыр-сырын әбден үйреткен. Күннің қай мезгілінде суға түсу керек, балықты немен аулау керек, ауды қай кезде тастайды, қармақты қай кезде ұстайды, балаға бәрі де сырттай таныс ұғымдар мен түсініктер. Енді соны өз қолымен істеген сәттегі сезім басқаша екен. Бала өзін балықшы сезінді. Тілеубай қос құлашын серпи лақтырып, қос ескекті ұлы теңізге шым батырып, қайта шығарумен келеді. Өзі шаршау дегенді білмейді. Шіркін-ай, тап осылай жүзгеннен жүзіп отырып шешем жүрген жақтан бір-ақ шығар ма еді деп қиялдады бала. Бірақ онда қайықпен жете алмасын сезеді. Кеменің өзімен бір-екі күн жүріп, әрең баратын қыстақ деседі. Кеме деген Құдайдың құтты күні қатынап жатыр, неге солардың біріне мінгесіп атасы екеуі шешесінің ізінен бара қоймайды? Не болмаса, шешесі өзі неге бір келіп кетпейді? Атасы екеуі сол жаққа барып, шешесімен бірге тұрса не болады екен? Әлде күйеуі жақтырмай ма? Ана жақта балам бар еді, сағындым, барып қайтайын десе жіберетін шығар? Өзі сонда сағынбағаны ма? Оңаша қалса болды, шешесі төңірегіндегі осындай ойлар қаумалап, есін шығарып жібереді. Балаға бәрі жұмбақ. Өңкей шешімі жоқ, жауабы мардымсыз осындай сауалдарды өз-өзіне қойып, басы қатып отырғаны.

– Батыстан жел соқты, шал, – деді Тілеубай ыржиып. – Балық жағынан қамсыз болайық.

– Сәтімен... Сәтімен ғой, – деді атасы елендеп.

Темір қайық Изендіні бетке алып келе жатыр. Изенді бұлардың ауылынан онша қашық емес. Балық тұнған берекелі арал. Сірә, Тілеубай сол жерге барып ау тастамақшы. Қайықтың тұмсығындағы кішкентай есігі бар шкафында балық аулауға қажетті құралдың неше атасы жатыр. Тілеубай солардың арасынан қалағанын суырады да теңізге тастайды. Тілеубай теңізбен тұтасып кеткен жан сықылды. Теңіз мұны жатсынбайды. Бұл да оны жатырқамайды. Атасының «Тілеубайдың теңізбен кіндігі байланып туған. Мұндай ерлер ілуде біреу ғана кездеседі» деп тамсанып отыратыны әсте тегін емес. Бала да осы сәт Тілеубайды алғаш рет көргендей кең кеудесіне, сом білекті қолына қызыға қарап қалыпты. Тілеубай көз алдында биіктеп сала берді. Өзінің көкесін де одан кем көргісі келмейді. Бірақ тірі адамның аты тірі адам, көрмеген соң көкесінің бейнесі көмескі тартайын деген бе... қанша көз алдына әкелгісі келсе де сәлден соң-ақ көлбеңдеп алдынан Тілеубай бейнесі шығады. Ақыры бала жеңіліп тынды. Қарсы алдындағы Тілеубайды көргенін місе тұтып отыра берді.

Тілеубай бір уақытта қайықтың бір сарынды жүрісін тежеп, жан-жағына байкастай қарады. Атасы да орнынан компылдай көтеріліп, балаға қарап иегін қағып қойды. Кәрі жанарынан әлдеқалай бір сәуле шашырайтын сықылды.

– Қәне, шал, – деді Тілеубай бір қолын ескектен босатып, сол босаған қолымен қайық түбінде жатқан ауды меңзеп. – Қол жалғап жібер.

Шал еңкеңдеп қайық түбіндегі ауды құшағына толтыра жиып, бір ұшын Тілеубайға ұстатты.

– Мына ауың судырап тұр ғой, тегі, – деді шал.

– Зәрипа екеуміз түнімен тазаладық. Әбден бытысып қалыпты. Теңіз қайтқан соң ба, шөп-шалам, бәле-мәтер көп жабысатын болып жүр.

– Бәрекелді, – деді қария. – Зәрипа шырағым балыққа адал ғой, шіркін.

– Жаман келінінді мақтайсың да отырасың, – деді Тілеубай күліп.

– Ойпырмау, – дейді қария ондайда кеңкілдей күліп. – Жақсы адамды неге мақтамасқа...

Бала бұларға сыртын беріп, бір қырындай, қайықтың ернеуіне кішкентай екі алақанымен тырмысып жабысқан күйі теңізден көз алмай отыр. Қария әлгі сөзім көңіліне тиіп кетпеді ме деп селк ете қалды. Сырттай білдіре қойған жоқ, ішінен кіп алды. Бірақ бала бұлардың әңгімесінен хабарсыз сияқты. Тілеубай «әне-міне түнемелік таяп қалады, ау салайық», дегенде барып жалт бұрылды. Жүзіне лезде күлкі жүгірді. Бетінің ұшы қызылданып, көз жанары жарқ етті.

– Беріңізші, мен ұстайын, – деді сосын жалма-жан қолын созып.

– Ойпырым-ай, онсыз да сен саласың, бүгін сенің теңіздегі тұсаукесерің емес пе, – деді Тілеубай ауды қолына жинақтап жатып.

– Теңізге шомылып па едің? – деді сосын көзін сығырайта қадап, езуіне күлкі жиылып.

Атасы Тілеубайға аңтарыла қарап қалыпты. «Не айтып тұрғаныңды енді түсіндім» дегендей басын қайта-қайта изеп, қолын сермей берді.

– I-i-i, шомылған, шомылған, – деді көмейіндегі сөзі ытырыла шығып. – Өзім апарып, Көк теңіздің суына ырымдап түсіріп алғанмын. Ондай дәстүрлі сынақтан өткен бұл бала.

– Ә, бәрекелді, – деді Тілеубай жымыып. – Әйтпесе, апандай кеме емеспіз, қас қарайып барады, су суымай тұрып шомылдырамыз ба деп отыр едім.

Тілеубай ауды шумақтап, бір пұшпағын жинақтап баланың қолына берді. Сосын өзі екінші ескекті де қоя салып, аудың қалтқыларын түзеп,



білмейді. Бала мұрнын пыш-пыш тартып қойып, әлсін-әлсін айнала-сына қызығушылықпен қарайды. Әлгінде, ауды алғаш төге бастағанда бұлардың тура алдында тұрған Шулыған жартасы бір бүйірлеген қалпы, қырынан аунап қалыпты. Баланың бойын ғажайып сезім биледі. Өз-өзін ұстай алмайтын сияқты. Қаны тулап, бойын әлсіз діріл билейді. Аудың әр бөлігін теңізге тастаған сайын өзін үлкен балықшы сезінеді. Бір кезде әкесі де Көк теңіздің үстінде осылай балық аулап жүрді емес пе! Міне, ұлы да соның жолын жалғастыруға кірісті. Шіркін, осы сәтімді шешем көрер ме еді деп ойлады бала. Білсе «жігіт болыпсың ғой, құлыным-ау, кеше ғана құлдырандаған сәби едің» деп көңілі босап, мейманасы тасыр еді ғой. Ал ол болса алыс қиырда. Бұлардың не істеп жүргенінен де, өлітірісінен де бейхабар. Бұлар да ол туралы ештеңе білмейді. Әлгінде ғана үлпіреген нәзік сезімдердің қамауында тұрған бала кенет қатқылданып, жігері қайнап шыға келді. Мұрынына тәтті иіс келді. Теңіз иісі. Осынау жұпар дәм тура шешесінің иісі сияқты. Мойнынан шығатын иіс. Бала шешесінің мойнына тұмсығын тығып ұйықтағанды жақсы көретін. Тура сол иіс. Теңізді құшырланып иіскей бергісі келді. Иіскеген сайын құмары қанар емес. Суға тұмсығын жақындатқан сайын «саған керегі теңіздің иісі ме, міне, қалағаныңша жұта ғой, мейірінді қандыр» дейтін сияқты теңіз-ана. Бала солай мастанған қалпы қайықтың ернеуінде тұрып бүк түсіп еңкейіп қалғанын аңғарған жоқ-ты.

Үш еркек — атасы, немересі, балықшы үшеуі қас қарая Көк теңіз айдынында алаңсыз жүзіп бара жатқан осы сәтте Байқоңырдағы ұшырылым алаңында қарбалас шақ орнаған...

салмақтап, қолына қайық табанында жатқан ауыр темір — зәкірді алды.

— Қәне, бала, — деді орнынан тұрып, асау толқындары жуасып, үнсіз ағып жатқан ұлы теңізге жанарын тігіп. — Біссімллә, төгіп жібер ауынды Қәне, екеулеп тастайық. Әрі қарай мен айтып отырамын, сен істейсің. Шал, сен аздап есіп жібер.

Тілеубай қолдап, бала қайықтың шығыс жақ беткейіндегі тұмсығына таяп келіп, ауды теңізге жәйімен төге бастады. Торлама ау лезде-ақ су астында алаңсыз асыр салып жүрген балықтардың жайын аңдамаққа теңіз бетіне жата-жата қалысты.

— Міне, осылай төгіп отырасын...

Енді Тілеубайдың өзі ескек-ке отырып, атасы баланың жанына қарай орын ауыстырды. Қанша жүргендерін де



*Күміс қанат  
тырнақалар*

**Мұстафа  
БАШПЫНАР**



## АЛАҚАНДАҒЫ ЖЫРТЫЛҒАН СУРЕТ

«Кешірші мені» дедім де жасырып келген суретті алақанына салдым.

Үрия екі бүктелген қағазды ашып, көз жүгіртті. Қағаздың төменгі сол жақ бұрышына ұсақ етіп «s» әрпі жазылыпты. Саядетдин ағай өзіне арнап салған бұл суретті Үрия алғаш рет көріп тұр. Өзегін өртеген күйінішке шыдай алмай, көз жасы бұршақтап қоя берді, мөлдіреген тамшылар үлбіреген әдемі жүзін жуып, сорғалап тұр... Қай батылдық жеңгенін білмеймін, қолымды ақырын созып, саусағымның ұшымен иегінен аялай демеп, басын көтердім. Бас бармағым сол жақ бетіндегі сүйкімді меңіне тиіп тұр. Осы сәтті мәңгілікке тоқтатып қою үшін бәрін берер едім. Бірақ... бірақ бұл мүмкін емес еді. Сәлден соң таң атады, Үрия ауылдан біржола кетеді. Ешқайда жібермей, алып қалуға дәрмен жоқ.

Осыдан екі жыл бұрын алғаш рет кездесіп едік, ал қазір қоштасқалы тұрмыз. Енді қайтып кездесеміз бе, жоқ па? Кім ол, не үшін келді мұнда? Тағдыр бізді не үшін жолықтырды? Енді неге кетіп бара жатыр?.. Осының бәрін басқаша суреттеуге болар ма еді? Ең болмағанда, бұл оқиғаның соңғы жағын өзгертсе... Әй, қайдам! Бұл сұрақтардың жауабын таба алмадым, бірақ мына жәйттерді анық білетінмін...

Кешкі уақыт болатын. Атамның бастамасымен тұрғызып алған үйіміздегі үлкен бөлменің ағаш есігінің ар жағындағы кранда анам мені жуындырып жатқан. Сол күні әпкем ерекше бақытты еді. Себебі жаңа құрбы тапты, аты – Үрия. Сол күні Үрияның үй-іші біздің ауылға көшіп келді. Бір жылдан бері салынып жатқан су тоспасында істейтін, жұрттың бәрі «Бөгетші Хасан» деп атап кеткен құрылысшы Хасан ағайдың қызы. Көршілер мен біздің үйдегілер Хасан ағай жақында көшіп келеді дейтін.

Бүгін келеді, ертең келеді, бір нәрсе кедергі болып, келесі аптаға қалды деп жүргенде ақыры келді. Келгенде де тура біздің көшедегі, Ыстамбұлға көшіп кеткен Сетенджілердің біраз уақыттан бері бос тұрған үйіне орналасты. Сенбі күні жүктерін әкеліп түсірді, сол түні көршілердің үйіне қонып шықты. Ертесіне анам мен көрші әйелдер көмектесуге барды. Әлденеге алабұртқан әпкем де солармен бірге кетті. Әйелдер үйді тазалап, жинастырып, түннің бір уағында ғана үйлеріне қайтты. Әпкем үйге оралғанда құдды қанат бітіп, ұшып жүргендей еді.

– Бөгетші Хасанның қызы менімен бір сыныпта оқиды екен, – деді ол. Келгелі Үрия туралы айтудан аузы босамады. Шашы сары екенін, оны қысқа қылып қидырғанын айта келіп «мен де шашымды қысқартамын» деп қиғылық салды. «Білесіңдер ме? Қысқа шаш сондай жарасымды, тура кинодағы қыздар сияқты» дейді. Сонымен қатар, Үрияның сабақты жақсы оқитынын да білдік. Әпкем онымен бірден тіл табысып кетіпті. «Сөйлегені сондай тәтті, айтып жеткізе алмаймын,» – дейді әпкем. Үрияның інісі де бар секілді, бірақ сәл тентектеу болса керек. «Сенің бауырың бар ма?» – деп сұрапты Үрия. Әпкем мен туралы айтып, «орта мектепке барады, үлкен жігіт болды,» – депті. «Мектепке бара жатқанда таныстырамын,» – деп қояды. Бәрінен бұрын осы сөзіне қатты толқыдым, бірақ әңгімесінің аяғын ести алмадым. Жаңадан көшіп келген қыз туралы әңгімені тындап жатып ұйықтап кетіппін.

Нихал әпкем ертесіне «тұр, кешігіміз» деп ұйқымнан оятып алды. Әлі уақыт бар дегеніме қарамай, сүйрелегендей етіп үйден алып шықты. Ауладан шығып, бірер қадам аттағанымыз сол еді, таңғы ауада сыңғырлаған тұп-тұнық дауыс естілді. Әпкемді атап шақырып тұр, ондай дауысты бұрын естімеппін. Екеуміз дауыс шыққан жаққа қарадық. Сетенджілердің үйінің терезесінен қарап тұрған Үрия екен. «Токтай тұрындар, мен де шығамын» дейді. Біз күтіп тұрмыз. Әпкемнің көзі есікте. Мен қобалжи бастадым. Ұялғанымды білдірмес үшін ол келетін жаққа ту сыртымды беріп, сәл қырын қарап тұрмын. Көп күттірмей ол да шықты.

– Сәлем! – деді. Құдды басқа әлемнен келгендей, бұрын-соңды естімеген әсем дауыс, еріксіз жалт қарадым. О, Жаратқан! Неткен сұлу қыз! Танертеңгі күн сәулесімен жылтыраған құлпынай секілді мөлдіреп тұр.

– Сәлем! – деді әпкем. Ал мен болсам қайтадан басымды көтеріп, жүзіне көз тіктеуге дәтім бармады.

– Бауырың ба?

– Иә, інім Режеп, – деді Нихал әпкем.

Басымды салбырата бермей, бір сәт қайтадан қарадым. Өте әдемі қыз екен, шашы қып-қысқа. Негізі амандасуым керек еді, бірақ не дерімді білмей, тілім байланып қалды. Қайта-қайта жұтына беремін, қызарып кеткен болуым керек.

Бұрын кітаптардан оқып, теледидардан көрген қыздардан әлдеқайда сұлу. Атамнан естіген ертегілердегі періштелер осындай болған шығар деп ойлады. Шындығында олардың қандай екенін кім білген. Үрияның қысқа қидырған сары шашы жылтырап, судырап төгіліп тұр. Сол жақ бетінің ұшындағы түймедей меңі сондай жарасымды. Көріп үлгергенім сол ғана. Ары қарай көз токтатуға ұялып, жанарымды төмен салдым.

– Мен Үриямын, көзің қандай әдемі! – деді ол. Бұл мен үшін сұрапыл соққы болды. Бұған дейін ешкім маған «көзің әдемі» деген емес. Керісінше, балалар «шегіркөз», «есеккөз» деп мазақтайтын.

Олар мектептің ауласына кірген кезде анадай жердегі орта мектепке қарай жүгіре жөнелдім. Неге жүгіргенімді білмеймін, бәрінен қашып кетуге тырысқандай, кеудеме әсем күй құйылғандай сезім бойымды билеп алған. Жүгіріп келе жатып, бар дауысыммен айқайлап жіберіппін. Құдды жолымдағы кедергілерден арылғандай денем жеңілдеп сала берді, жүгіріп емес, ауада қалқып келе жатқандаймын. Көз алдымда Үрияның тап-таза, пәк жүзі мен бетіндегі сүйкімді меңі ғана тұр.

Уақыт өз ырғағымен өтіп жатты. Тоспа құрылысы күннен-күнге қарқын

ала түсті. Үрия біздің өмірімізге ерекше реңк қосты. Ол ауылға, мен оған бойымызды үйрете бердік. Үйлеріміз жақын болғандықтан ба, әпкем екеуі күн сайын дерлік кездесетін. Үрия кейде жалғыз келеді, кейде үй-ішімен түгел біздікіне жиналады. Басына раушан гүлді қызғылт орамал тағып жүреді, сол бейнесі жадымда жатталы қалыпты. Орамалын желкесінен бір байлап, бос ұшын иығынан асырып алға түсіріп қоятын. Сол кезде ауылдағы қыздардың бірі сияқты көрінеді. Мен де олардың қасынан шықпаймын. Атымды атаса болды, дереу жетіп келемін. Үрияның жүзі көріп, дауысын естігеннің өзінен қуанышқа бөленемін. Әпкем екеуі сабақ оқып отырғанда бақшадан гүл теріп, әкеліп беретінмін. Үриямен көзімді түйісіп, жымып қарағанын көрсем болды, іші-бауырым жылып сала береді. Әпкем құрбысын қызғана ма, білмеймін, әйтеуір кейде ашуланып қалады. Кей күндері екеуі әпкемнің бөлмесіне кіріп алып, мені кіргізбей қояды. Бұл қылықтарына ренжісем де істерге амалым жоқ.

Маған ең ұнайтын сәт – қысқы ұзақ кештерде әпкем оларға барғысы келсе қыз балаға бұл мезгілде жалғыз қыдыруға болмайды деп есептейтін ата-анам қасына мені ертіп жібереді. Бәріміз фильм көреміз. Фильм қараған болып, шын мәнінде Үриядан көз алмаймын. Байқап қала ма деп те қорқамын. Ондай кездер де болған, бірденені бүлдіріп қойғандай өз-өзімді кінәлі сезініп, екі бетім ду ете қалады, дереу көзімді тайдырып әкетемін. Қашан үйге қайтқанша көзімді жерге салып, басымды көтермей отыра беремін.

Мен үшін мәнді де мағыналы болған сол күндер де біртіндеп өтіп жатты, Үрия әрдайым жанымда болатындай көрінетін. Бірақ өмір біз ойлағандай бола бермейді екен. Бұған Саядетдин аға себепші болды. Анамның алыстан қосылатын туысы, ұзын бойлы, келбетті жігіт, бәріміз жақсы көретінбіз. Анам оны салмақты, тәрбиелі жігіт деп мақтайды. Бір ғана кемшілігі бар – мұрны сәл қисық. Саядеттиннің әкесі төсек тартып жатқан, әлі он сегізге толмаған бозбала отбасын асырау үшін демалыс күндері ағаш шеберханасында жұмыс істейді, жаз айларында бар уақытын сонда өткізеді.

Екеуміз жексенбі күні базарда жолығып қалдық, қолында екі бөтелке салқын сусын бар екен. Бірін маған ұсынып, «бір жұмыспен келіп пе едің?» деп сұрады. «Жоқ» деп басымды шайқадым. «Жүк көлігіне мінгізейін бе?» – деді күлімсіреп. Бөгет құрылысы басталғаннан бері ауылға жүк көліктері толып кетті. Біз секілді қарасирақтарға бұл да ермек. Күні бойы жүк көліктеріне қол бұлғап, тоқтатуға тырысамыз. Көбісі бізді елеместен көшенің шаңын бұрқыратып өте шығады. Кейбіреулері тоқтап, бәрімізді мінгізіп алады да ауылды бір айналып шығып, түсіріп кетеді. Әсіресе түс кезінде бағып жүрген малымызды өзен жағасындағы ағаштардың көлеңкесіне айдап салып, жүк көліктерінің артынан жүгіреміз. Кейде жолға топырақтан бөгет жасап, көліктердің оны қалай бұзып өткенін тамашалаймыз. Жүк көлігі қокыс төккенде ондайды алғаш рет көргендей айғайлап, мәз боламыз.

Саядетдин аға әзілдеп тұрған шығар деп ойладым. Бірақ жүк көлігіне тек соның арқасында ғана міне аламын. Өйткені біздің ауылда алғаш рет жүк көлігіне Саядетдин аға отырған болатын.

– Шын айтып тұрсың ба?

– Ант етейін! – деді ол, сосын бірер мәрте қарғанып қойды.

Қуанып кеттім. Сусынды ұрттап қойып жүріп келеміз. Жүк көліктерінің алыстан шыққан гүрілі естіледі. Бірінен соң бірі шаң көтеріп таяп та қалды.

Бірнешеуі бізге белгі беріп өте шықты. Ақыры Саядетдин ағаның кол бұлғауын ескерген бір көлік тоқтай қалды.

Жүргізушіні танымаймын, бірақ Саядетдин ағамен таныс екенін әңгімелерінен аңғардым. Бірер айналым жасап түсіп қалдық. Жүк көлігінен түскенде өзімді сергекәрі сондай айбынды сезіндім. Қайтарда ауыл шетіндегі бұлаққа барып, салқын судан қанып іштік. Күн ыстықта бұлақтың салқын суына басынды шайсаң рахаттанып сала бересің. Мойныңнан сорғалаған су тамшылары жотанды бойлап, ышқырыңды құлдай төгілгеніне де мән бермейсің. Екеуіміз күнге қақталып біраз отырдық. Соңғы тамшылардың сорғалауы тоқтап, денеме жұққан су кеуіп кеткен кезде Саядетдин аға қалтасынан қағаз алып, маған ұсынды.

– Мынаны Үрияға бересің бе?

Бұл мен үшін күтпеген жағдай болды. Басқа біреу болса бас тартар едім, бірақ Саядетдин ағаның бетін қайтара алмадым. Қағазды алып, қалтама салдым. Не деп жазды екен? Хат қой бұл? Үрияға қалай беремін оны? Ренжіп қалмай ма?.. Осындай толып жатқан сұрақтар көңілімді қобалжытып, үйге қарай асығып келемін.

– Ооо, бұл нешінші хат осымен, құрбым-ау?!»

Бұл әпкемнің дауысы. Үрияға жасырын хат бергенімді әпкеме айтып қойған жоқ па екен... Үрияның жауабын ести алмадым. Олар күлісіп жатты.

– Қане, тезірек ашшы, қызығып тұрмын, – деді әпкем.

Бұдан артық тұра алмадым. Ұсталып қалармын деп қорықтым. Бірақ Үрияға берген қағазда не жазылғанын білгім келіп тұр. Саядетдин аға не жазды екен? Үрия жауап қайтара ма? Егер жауап берсе оны да мен апарамын ба? Мүмкін Үрия оның хатын күлкіге айналдырып, әпкем екеуі мәз болып отырған шығар? Кім білсін...

Алайда мен күткендей ештеңе болмады. Үрия жауап жазбады, әпкем екеуінің қосылып күлген даусы да естілмеді.

Сол аптада Саядетдин ағаны жиі кездестіріп жүрдім. Әр жолы жауап әкелдің бе дегендей дәмете қарайды. Мен оны байқамағандай боламын.

Шыдай алмаса керек, келесі жексенбіде тағы бір хат ұстатты. Бұл жолы сәл үлкендеу, аты жазылмаған конверт. Қызығуым арта түсті. Бұл жолы не бар екен ішінде?

Содан кейін хат дегенің лек-легімен ағыла бастады. Кейде тіпті жиілеп кетеді. Конверттер де үлкейе түсті. Олардың саны артып, көлемі ұлғая түскеніне мен де алаңдай бастадым. Әр хаттан кейін Үрия үнсіз қалып, ойға шомады. Тіпті менімен сөйлесуді қойды, біртіндеп алыстап бара жатқандай көріне бастады. Бұл маған ұнамайтын. Бұрынғыдай жылыұшырап қараудан қалды, күлімсіреуді мүлдем ұмытып кетті. Ең қызығы, арада бірнеше ай өтсе де Саядетдин ағаға бір рет те жауап жазған жоқ.

Басқа біреулер арқылы да жауап жолдаған жоқ, өйткені Саядетдин ағаның «жауап бар ма?» деген сұраулы көзқарасы өзгермеген болатын. Бір күні мені шайтан түртті. Негізінде, бұған Саядетдин ағаның өзі себеп болды. Берген хатын ашылмайтындай етіп желімдеуді ұмытып кетіпті. Конверттің ашық екенін байқаған соң ештеңе ойламастан онаша жерге тарттым. Біреу қуып келіп тартып алардай қолым дірілдеп, конвертті асыға аштым. Ішінде бір парақ қағаз бар екен, суырып алдым. Хат емес, сурет болып шықты. Сол жақ төменгі бұрышына кішкентай «s» әрпін қойыпты.

Сурет өте әдемі еді. Қарапайым, біртоға, мінезі ауыр ағаның осындай керемет сурет салатынын кім білген? Қара қаламмен салынған сурет -

ауыл шетіндегі ескі тас көпірде екі адам аяқтарын салбыратып қатар отыр, көкжиектен көз алмай қарап қалыпты. Ар жағы кең дала, көк аспанға ұласып жатқан биік тау...

Сурет маған қатты ұнады. Бірақ жан дүниемде қызығудан гөрі қызғаныш басым. Бұл екеуі кім? Үрия мен Саядетдин аға ма? Ал мен Үрияның қасында тек өзім ғана жүруім керек деп есептеймін, алдағы өмірімді солай елестетемін. Бір жағынан қызғанып, екінші жағынан ашуға булығып суретті паршалап жыртып тастадым. Жыртындысын қалтама тыға салып, үйге келген соң отқа тастадым.

Әттең, бұл менің жалғыз қателігім болса ғой. Кейінгі үш хатты ашпай-ақ жыртып, көзге түспейтін жерде өртеп жібердім.

Жыртқан суреттерім көбейген сайын ішімнен үрейлене бастадым. Бір күні бәрі әшкере болса Үрия мен Саядетдин ағаның бетіне қалай қараймын?

Үрия мені көргенде қалтамнан хат шығарып бере ме деп үміттенгендей бір шетке ығыса береді. Бірақ мен ишара танытпаған соң үміті үзіліп, жүзі солғын тартып, мұнайып қалады.

Саядетдин аға қайтпас қайсар, еш беріспейтін төзімді екен. Қыздан мүлде жауап болмаса да сурет салып, бар мұңын суретпен жеткізуді жалғастыра берді. Үрияның не сезінетінін білгісі келмей ме? Неге қысқа хат жазып, ойын ашық айтпайды? Ғажап!..

Осы сұрақтарға жауап таппай, сарсылып біттім. Саядетдин ағаның жүк көлігіне мінейік деп шақыруына, сусын ішейік деген ұсынысына елікпей, неше түрлі сылтау айтып, қашқақтай беремін. Расын айтсам, оның алдындағы кінәмді сезіп, сол үшін ұяламын. Сенімін ақтамадым, бірақ ол ештеңе білмейді.

Болашақты кім болжай алған, мен де сондай пендемін ғой. Егер не боларын білсем Саядетдин ағаның соңғы салған суретін Үрияға апарып берер едім. Қандай керемет сурет еді! Жай ғана қарындашпен салған. Өзен жағасында өсіп тұрған көк теректер бейнеленіпті. Солардың аясында екі адам қол ұстасып кетіп бара жатыр. Үрия мен Саядетдиннен басқа кім болуы мүмкін? Бақыт деген осы шығар, сірә. Әттең-ай, әттең! Махаббат деген осы екен ғой!

Сол күні жүрегімде әлдебір жанашырлық оянғандай болды, суретті Үрияға апарып берейін деп ойладым. Оған бірнеше себеп бар еді. Үрия соңғы күндері мүлдем тұйықталып, үндемейтін болып кетті. Ал мен Саядетдин ағаның сенімін ақтамай, сатқындық жасап жүрмін және бұл күн санап асқынып барады. Осы ойлар ар-ұзданымды оятып, суретті Үрияға тапсыруға итермеледі. Бірақ, бұл қолымнан келмеді, суретті аяусыз жыртып, долданып, келесі көшедегі сусыз терең құдыққа тастайын деп тұра жүгірдім. Бірақ онда тастай алмадым, құдықтың маңында адам толып жүр.

Қасынан өте бере құдыққа жақындап, қараңғы шүңетке көз тастадым. Осынау терең құдыққа әппақ қағазды, ондағы керемет суретті, суреттің астарына жасырылған кіршіксіз сүйіспеншілік пен ұлы махаббатты лақтырмақ болдым-ау!.. Әттең, өзімді тастасамшы сол құдыққа! Бірақ, әлгінде айтқанымдай, мен де қарапайым адаммын ғой, болашақты болжап біле алмадым...

Саядетдин ағаның қайғылы хабары бүкіл қаланы қасіретке душар етті. Мешіттен оқылатын жаназа соған арналатынын, ұстаханада болған апаттан қыршынынан қиылатынын қайдан білейін... Білсем бұлай жасамас едім.

Қаралы хабарды естігенде жаным жаншылып, қатты күйзелдім... Туған ағамнан айырылғандай күй кештім. Ажал шіркіннің осылай аяқ астынан келе салатынын алғаш рет сол күні ұқтым. Мен көше кезіп ойын қуалап, анам үйде, әкем жұмыста жүргенімізде ажал біздің туыстарымыздың өміріне, әулетіміздің арасына осылай кіріп келіп, Саядетдин ағамызды алып кетті.

Жаназа хабарынан кейін ұстаханада не болғанын ауыл адамдарының әңгімесінен білдік. Біз кіруге қорқатын, бірақ іштей қызығып жүретін ұстаханада тосын оқиға орын алыпты. Саядетдин ағаның үстіне жуан бөренелер құлап кетіпті, марқұм ағайым астында қалған. Қала тұрғындары күні бойы осы оқиғаны күйзеліспен әңгіме етті.

Саядетдин аға түсіме жиі кіретін болды. Кейде соңғы суретін сұрайды, кейде Үрияға берген-бемегенімді анықтамақ болады. Уақыт өте келе бәрі ұмытылады деп өз-өзімді жұбатпақ боламын. Бірақ олай болмады. Керісінше, Үрияны көрген сайын есіме түсе береді.

Саядетдин аға салған суреттегі өзеннің арнасымен, сол ескі тас көпірдің астымен талай су ақты. Сайдың арғы бетінен арна тартқан су қоймасы да салынып бітті, каналдарға су жіберілді. Адамдардың әңгімелері өзгерді.

Үриялар қайтадан көшетін болды. Су қоймасының құрылысы аяқталған соң кері қарай көшетінін ойламаппын. Жақын туыстардай араласып, әбден сіңісіп кетіппіз, олар маған осы қаланың бір бөлшегі секілді көрінетін болыпты.

Анама ылғи қол үшін беріп, көмектесіп жүретін. Бәріне араласатын. Мереке атаулының бәрін бірге өткіземіз, біздің тойларымызға, тіпті жаназаларымызға да қатысатын.

Үриялар кетерден бір күн бұрын анам оларды кешкі асқа шақырды. Үнсіздікке толы көңілсіз қонағасы болды. Үлкендер өткен екі жылды барлық жақсы-жаман, тәтті де ащы сәттерімен қоса еске алды. Бір күліп, бір мұнайып, әңгіменің тиегін ағытып жіберді.

Олар аулада әңгіме айтып отыр, қыздар әпкемнің бөлмесінде. Мен асығыс үйден шығып, жасырып қойған суретті алып келдім. Сол күні қараңғы құдыққа тастай алмаған соң үйге әкеліп - қалай ойыма келді екен - үлкен бөлмедегі жүк қоятын ағаш сөрелінің түбіне тыққанмын.

Әпкемнің сыртқа шыққанын аңдып тұрып, асығыс Үрияның қасына бардым. Ол әпкемнің бөлмесінде еді. Мені көріп, мұңдана жымыды. Қасына жақындап, бір сәт үнсіз тұрып қалдым. Әсем жаратылған қолын созып, алақанымен иегімді көтерді, кінәлі жүзімді төмен салып, басымды көтеруге батпай тұрғанмын. Көзіміз түйісіп қалды. Қатты қиналып тұрмын. Жүрегім шерге толы. Мұңға толы жанарына шарасыздана қарадым.

Бұдан әрі шыдай алмай, қолымдағы қағазды ұсындым. Үрияның көзі жайнап кетті. Өткен күндер, Саядетдин ағадан алған хаттар, мен әкелген конверттер есіне түскені анық. «Бұл не?» — деп сұрады. «Кешірші...» — дедім де суретті алақанына қойдым.

Екі бүктелген қағазды ашты. Алдымен суретке қарады, содан кейін сол жақ төменгі бұрыштағы кішкентай «s» әрпіне көз тоқтатты. Күлімдеуге ғана лайық, кіршіксіз мөлдір көзінен моншақтаған жасы үлбіреген әппақ бетінен төмен сырғып, тамшылап қоя берді. Енді мен оның иегінен аялай демеп, басын көтердім. Бас бармағым сол жақ бетіндегі жылдар бойы қызықтырған сол бір әдемі кішкентай менді басып тұр...

*Ойшын***Сабырбек  
ОЛЖАБАЙ**

## КҮМІС ЖАЛДЫ КҮРЕҢ ҚАЙДА КЕШЕГІ?

Қазақ әуелі өзін тануы үшін жылқыны тануы керек. Өйткені, қазақ тарихы мен жылқы тарихы әуел бастан бірге дамып, біте қайнап, бірігіп кеткен. Осы ретте қазақсыз жылқы тарихы, жылқысыз қазақ тарихы ілгерілеп, өрбимейтінін аңғарамыз. Бұған біздің заманымызға дейінгі IV-VII ғасырлардан жеткен Берел қорымынан табылған мәртебесі жоғары адамдармен бірге қосып көмілген жылқылар да дәлел бола алады. Ес жиғалы санамызға сіңген Қобыландының Тайбурылы, Алпамыстың Байшұбары, Қамбардың Қарақасқасы қиын-қыстау кездері иелеріне демеу болып, құтқарып қалмайтын ба еді? Одан берідегі Ақан серінің Құлагері де ел ауызында мифтендіріліп, жүйріктің қанаты бар екен деген аңызға айналды.

Осы ретте қазақ әдебиетінде жылқы бейнесі қалай суреттеліп жүр деген сауал алдымыздан шығатыны белгілі. Бұл орайда соны көзқарас, жаңа форма, жаңа бағыт қай деңгейде деген де ой туындайды. Бұл ретте әуелі қазақ әдебиетіндегі осы бір өзекті тақырыпқа қалам тербеген Әбіш Кекілбаев, Шерхан Мұртаза, Тәкен Әлімқұлов, Сәкен Жүнісов, тағы басқалардың шығармаларына тоқтала кету керек-ақ. Қазақ прозасының тақырыптық аясы мен идеялық-көркемдік өрісі өткен ғасырда соны образдармен, айшықты тілдік қолданыстармен, жаңа формамен толыға түсті. Жаңа дәуірдің жаңа талаптары қаншалықты иіріміне тартып бара жатыр дегенімізбен, қазақ кешегісінен қол үзе алмаса керек. Қазақы дүниетанымда тіршіліктің барлық тарамдары мен толғаулары төрт түліктің ішіндегі бекзат болмысты жылқымен қатар өріліп отырады. Өміріміздің сан тарау жолдары мен әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін қарастырғанда да салт-санамызбен серіктесіп жылқы образы алдымыздан шығады. Осы ретте Тәкен Әлімқұловтың Ақбозаты мен Абсенті, Әбіш Кекілбаевтың Бәйгеторысы, Сәкен Жүнісовтің Құлагері, Шерхан Мұртазаның «Көкемарал гүлдегенде» әңгімесіндегі Шұбары еске түседі. Сонымен қатар, Тұрысбек Сәукетаевтың «Ақ қанатты арғымақ» әңгімесі қазақ әдебиетіндегі жылқы образын суреттеудегі тың жаңалық. Нұрғали Ораз, Айзат Рақыш,

Есболат Айдабосын сынды танымал қаламгерлер де тұлпарлар тағдыры туралы толымды дүниелер берді. Нұрғали Ораздың «Жылқының көз жасы» атты әңгімесінде Абат қарт пен қасқа биенің арасындағы қимастық сезім сәтті суреттелген. Қасқа бие алыстан сағым болып көрінеді де оның құлын кезіндегі дәурені жақсы сомдалған. Автор осы ретте адам өмірінің соңғы сәттері мен жылқының қазіргі күйін қатар келтіріп, өзіндік ой түйеді. Тіршілік атаулыда Жаратқанның өзі кесіп-пішіп берген өлшеулі ғұмыры болады. Абат қарт та еңкіш тартты. Қасқа бие болса да пышаққа іліккелі тұр. Осы кезде қарияның құрдасы келіп жылқы арам қатпай тұрғанда адалдап сойып алу керек деген ақылын айтып кеткен. Осыларды ойлағандықтан ба, Абат қарт түсінен шошып оянады. Өмірінің өлшеулі кезеңін бірге өткізген қимас серігін ол пышаққа қалай қияды? Ол жылқысынан айырылғанда бауырынан айырылғандай күй кешеді. Соңғы демін алып жатқан қасқа биені жас балаша жұбатқысы келеді.

Күні бойы қораны айналшықтап, үйіне кіріп шайын ішіп шыққан қарт көзінен тарам-тарам жас ағып тұрған биесін көреді. Дағдарып қалған ол сасқалақтап кейін шегіне береді. Сосын қасқа биені сипап: «Жануарым-ай! Жануарым-ай!» деп сипағанда дауысы дірілдеп кетеді. «Мұның не? Саған жәбір көрсеткен жеріміз жоқ еді ғой» деп ақталмақ болғаны да шарасыздығы еді. Қасқа биенің аяғын соңғы рет тебініп жатқан сәті қарияның да дүниеден қоштасар кезі жақындап қалғанын меңзейді.

Шын мәнінде оқиға ядролық сынақтар өткен жын жайлаған меңіреу далада өтеді. Адамдарға да, малға да кеселдің нешеме атасы осы ластанған жерден келіп еді. Абат қар соңымыздағы ұрпақ бізге жабысқан кеселден аулақ болса екен деп тілейді. Алайда, жын жайлаған меңіреу дала ұрпаққа уын шашуды тоқтата ма? Талай бала жетім, талай уыздай келіншек жесір қалса, Абат шал көрінде тыныш жата ала ма?

Абат қарт полигон зардабынан құтылудың жалғыз жолы саумал ішу деп түсінеді. Қарттың тілегі орындалып, қасқа бие сондай сұлу құлын туады. Құлынның қызыл күрең мап-майда түгі күн көзіне шағылысып, жалт-жұлт етіп тұрады. Осы бір сүйкімді құлынмен таласып, қасқа биенің бір емшегін Абат та емеді. Кемпіріне биені саудырып, қымыз ашытып, оны да ішті.

Ал, осы өңірдің қалған жұртшылығы радиацияға қарсы екен деп жынды су ішіп, айқұлақтанып жүрді. Бірақ, саумал ішкен, қымыз ішкен Абат қарттың денсаулығы жастарға қарағанда мықтырақ еді.

Айзат Рақыштың «Көк биенің киесі» атты әңгімесі де жылқының мінезіндегі ерекшеліктерді қамтиды. Бірін-бірі қайталамайтын екі әңгімеде де ұлттық, этнографиялық мәселелер оқиға желісімен қатар өріліп, оқырмандарға ой салады.

Жазушы Мұхтар Мағауиннің «Жүйрік» атты хикаяты классикалық үлгіде жазылған шығарма. Қазақ әдебиетіндегі жылқы бейнесіне қатысты бұл шығарма шегіністерден тұрады. Оқиғаның желісін, автордың айтпақ болғанын шығарманың соңына қарай пайымдайсыз. Хикаятта Нарқызыл атты жүйріктің тағдыры суреттеледі. Кезінде хас жүйрік болған Нарқызыл базарлы күндерін артқа тастаған. Бәйгеде жүйріктердің алдын бермейтін сәйгүлік енді Семей қаласындағы ет комбинатына айдалып барады. Қайран жүйрік кезінде жайылымда да жылқылардың алдына түсіп алып, басқа жануарлардың тісі тимеген шөптердің құнарлысын таңдап жеуші

еді. Ол сондай-ақ үйірде де жылқылардың соңында қалмайтын. Бұл ретте жазушының әлем әдебиетіндегі жылқы түлігі туралы еңбектерді мейлінше көп қарағаны аңғарылады. Ғалымдардың дерегінше, жылқы малының төрт мың жылдық тарихы бар. Әрине, тереңнен толғап, сәйгүліктің сырын ашу біраз тер төгуді қажет етеді.

Қазақы болмыста, даңғайыр дүниетанымында жылқы күнкөріс құралы ғана емес, адамдармен біте қайнасқан, күнделікті тіршілігіне егізді сыңарындай кіріккен сенімді серігі де. Халқымызда жылқыға байланысты мақал-мәтелдер мыңнан асып жығылады. Суреткер қазақ біреуді бейнелегісі келсе «жылқы мінезді», «ат жақты», «ат ерінді», «жылқыдай жүйрік» деп көрегендік танытады. Сүйікті баласын «құлыным, құлыншағым» деп еркелетеді.

Ал, қазақ ақындары жылқының қадір-қасиетін барлық сымбатымен қоса жырлады. Бұған қазақтың ұлы ақыны Абайдың «Аттың сыны», жыр жүйрігі Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы» дәлел.

Жығылмай әм сүрінбей жүрсе көсем,

Иек қағып, еліріп басса әсем.

Шапша жүйрік, мінсе берік жуан, жуас,

Разы емен осындай ат мінбесем, — деп Абай неге толғанды?

Жүрсе де жаздай құры болмайды тоқ,

Кез жарым кесер баста кесім ет жоқ.

Қақпан бел, қалбаңайлы, үнгір сағақ,

Шапса — жел, мінсе — жайсаң, тұрса — селсок, — деп Құлагердің тұлғасын дәл суреттеген Ілияс ақынның таным-талғамына қалай сүйсінбейсіз?

Иә, қазақ жылқының қадірі мен қасиетін ежелден білген. Атқа мінген адамның бойында өр рух пайда болады. Бүгінгінің ғалымдары атқа міну қан айналымын жақсартып, жүрек ауруына жол бермейтінін айтып жүр. Мұны бағзы бабаларымыз әлімсақтан жақсы біледі. Білмесе, өмірін жылқымен байланыстырмас еді.

Жылқы жайлы жан-жақты толғанған ақындарымыздың бірі Есенғали Раушанов еді. Оның «Қаракөк айғыр туралы баллада» атты өлеңінде жылқының жаратылысы туралы кеңінен толғайды. Ақынның метафоралық-символдық тәсілмен бейнелеулері оқырмандарды еріксіз елендетеді. Сонымен қатар, «Көкмойнақтың үйірі» атты өлеңі де жаңа сипатқа ие. Мұнда ол Адай жылқысының тағдырына терең тоқталады. Ақын жылқы тұқымы туралы айта отырып, қазақ халқының жеті ата жөніндегі танымының тұңғиыққа батып бара жатқанына алаңдайды. Қан тазалығы туралы тереңнен толғап отырғанын көзіқарақты оқырман түсінеді.

Қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасымен дараланып келе жатқан Маралтай Райымбекұлының «Кентавр» поэмасы да шоқтығы биік шығарма. Сонымен қатар, Ғалым Жайлыбай, Светқали Нұржан, Сәт Есенбайұлы, Нұржан Қуантайұлы, Ұларбек Нұрғалым шығармаларында жылқы бейнесі поэтикалық сарында әсем де әсерлі суреттеледі.

Төрт түліктің төресі саналатын жылқыны басқа да халықтардың ақындары жырларына арқау еткен. Айталық, авар халқының ұлы ақыны Расул Ғамзатов таулықтардың өршіл рухын тамаша жырлай келе, «Жандарыңа ең жағымды дыбысты айтындаршы?» деген сұраққа жауап іздейді. Сонда таулықтар:

- Күмістің сынғыры.
- Аттың кісінеуі.
- Сүйген жардың үні.
- Тасқа тиген тағаның дыбысы! — деп жауап қатады.

Неткен шеберлік! Неткен дәлдік! Расында, аттың кісінеуінен, тасқа тиген тағаның дыбысынан артық қандай керемет үн бар? Бұл адам бойындағы қанды тулататын, рухты оятатын үн! Күллі Дешті Қыпшақ жұртының тұрғындары ат дүбірінен қуат алды, рухтанды! Сол ұлы рух еліміздің ұлан-байтақ жерін жаудан аман алып қалды!

Ал, бүгінде Қамбар ата тұқымына деген қазақтардың көзқарасы қандай? Осыдан бірнеше жыл бұрын ауылдағы қазақтың үйінде бір-бір жылқы тұратын. Байлауда тұрған жылқыны мініс ат деп атаушы едік. Осы мініс атпен сыртта, жайылымда жүрген жылқыларды қарайтын, қайыратын. Түгелдейтін. Ауылға қадірлі кісі келгенде немесе қысқы соғым кезінде тебіндеп жатқан жылқының бірін қайырып әкеліп, қажетіне жарататын.

Қазір ше? Мүлде басқа көрініске тап боласыз. Атқа мініп, мал қайыру тұрмақ, қой кезегінің өзіне машина мініп баратындар көп. Жылқыны қарауға да машина не мотоцикл пайдаланады. Тіпті, дрон арқылы малын түгендеп, үйінде шалқасынан түсіп жататындар көбейген заман. Бүгінгі малшы ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруді әдетке айналдырып алған патша көңілді қауым.

Атқа мінудің пайдасын бұрынғылар жақсы білген. Қарлы боранда жүрген адамның ат үстінде тоңбау себебі жылқының қалыпты температурасы кісінің дене қызуымен бір жарым есеге жоғары болатынында. Ал, кешегі жаугершілік заманда ат адамның канаты, қорғанышы ғана емес, сенімді серігі де болды.

Бүгінде жылқыны соғым үшін ғана бағатындар жеткілікті. Рас, бие байлап, қымыз ашытатындар да бар. Бүгінде көкпар, бәйге әр ауданда өтіп тұрады. Алайда, жылқы қадірін білетіндер ауылда азайып бара жатқанын көнекөздер де, мамандар да жиі айтады. Кешегідей асауға құрық тастап, басбілдіртіп жатқан шымыр да ширақ жеткіншектерді көрмейсіз. Осы жерде тағы бір айта кетер жәйт, қораға ат ұстап, мініс ат ретінде пайдаланғысы келгенімен, жылқының жағдайын жасау қазір қиын болып тұр. Жем-шөптің бағасы аспандап тұрған мына уақытта қораңызға үш-төрт жылқы ұстап көріңіз. Балаңызға нан тауып бере алмай отырғанда қорадағы бес-он тұяққа қаржыны қайдан табасыз?

Жылқыдан қадір қашқан аласапырандай кезеңде қазақ әдебиеті де бұл тақырыпқа келгенде тосылыққырап қалғандай. Соңғы жылдары текті тұлпар туралы толымды да тартымды шығармаларды сирек көреміз. Тіптен көзге шалынбайды. Соңғы буын жасанды интеллект төңірегінде тентіреп жүргендей әсерге қаламыз. Шетел қаламгерлеріне солықтап жүргендерді де көріп қаламыз. Қазақ жазушысы қазаққа тән, қазақ ұғымына лайық шығармалар жазса деген де ой қылаңытады.

Міне, Жылқы жылы төрімізден аттады. Қазақтың бар қазынасы арасындағы қымбаттысы, түп тамырымыздан тартқанда сенімді серігіміз әрі бағымыз, Рухымыздың аттангері, Елтаңбамызда Тұлпар болып таңбаланған еркіндіктің, қайсарлықтың, сергектіктің символы — Жылқы жылы елімізге құт болып келсін! Дешті Қыпшақ жері ат дүбірінен тағы бір сілкінсін!



## «Жұлдыздың» шеберлік мектебі

Жана жыл баршамызға жақсылық әкелсін, аса құрметті оқырман қауым. «Жұлдыздың» шеберлік мектебіне қош келдіңіздер! Қаңтардың 12-сінде әлем әдебиетінің классигі, адамзатқа «Мартин Иден», «Солтүстік әңгімелері», «Ақ азу», «Теңіз көкжалы», «Темір табан», «Үшеудің жүрегі», «Адамға дейін», «Жұлдыз кезбесі», тағы басқа толып жатқан шығармаларды тарту еткен, қаламының ұшы алтын атақты жазушы Джек Лондонның дүниеге келгеніне 150 жыл толды.

Енді ойлаңыз, осы жазушы әлдебір себеппен өмірге келмегенде не болар еді? Өз басым оның кітаптарынсыз өмірді елестете алмаймын. Ал егер шынымен солай болса ше? «Бұл мақұрым қалмағыма кім жазалы» болар еді? Әлгі кітаптарсыз қалай өмір сүруге болады?! Қолына қалам ұстаған талапкерге жазушылық өнердің қызығы мен шыжығын, азабы мен ләззатын бірдей ұғындыратын «Мартин Иден» романын немен алмастыра аламыз? «Солтүстік әңгімелерін» ше? Көңіліне кірбің түсіп, жаның жаурағанда осы әңгімелерді оқысаң болды, серпіліп сала бересің. Осыдан жүз жылдан астам уақыт бұрын Жер шарының арғы бетінде өмір сүрген қаламгердің әр сөзінде лапылдап тұрған жалын жүрегіне от беріп, жігерінді жаниды, көктемде қайта түлеген қырандай дүр сілкінесің... «Ақ азуды» оқығанда тілсіз хайуанның, жабайы жыртқыштың психологиясын қайдан біледі, қалай меңгерген оны деп таң қаласың. Бауырын жаңа ғана көтерген бөлтіріктің қаһарлы арланға айналғанға дейінгі өсу жолын асқан білгірлікпен суреттеген қаламгердің шеберлігіне сүйсініп, өмірдің қаталдығына, ашкөздердің қатыгездігіне куә боласың, күштінің әлсізге әлімжеттік жасауы заңдылық сияқты көріне бастайды, хайуанаттар әлеміндегі қиянат пен адамдар арасындағы қарым-қатынастың арасына іштей параллель жүргізіп, «өмір – күрес» деген осы емес пе деп күмәнданасың...

Құдай әділ ғой. Шынымен әділ!.. «Адам деген ардақты ат» деп Горький айтқандай, ізгілікке, ұлылыққа, биіктікке, тазалыққа ұмтылып, әр таңнан жақсылық қана күткен, риясыз махаббатқа шөлдеген адамзаттың рухани қажетін өтеу үшін Джек Лондонды жіберді. «Қазақ та адамның баласы», бізге Абайды берді, Махамбетті берді, Сұлтанмахмұтты берді, Жүмекенді берді. Мұхтарды берді, Әбішті берді, Мағауинды берді. Тағы кімді берер екен?.. Осындай тұлғалар арамызда бар ма қазір? Әлде жоқ па?.. Болса да танымай жүрген жоқпыз ба? Бәлкім танығымыз келмейтін шығар?

Осы төңіректе де ойлану артық етпейді-ау, сірә. Тек сол баяғы керітартпалыққа салынып, іштарлыққа бой алдырып, «ауылдағының аузы сасық», ол кім еді, тәйірі деп көре алмаушылықтың қара тұманы көзімізді тұмшалап жүрмесе болды. Әйтпесе, ағылшынның айтқанын қазақ та айта алады, сөз өнері бізде де жақсы дамыған!

Жарайды, бұл жайында әлі талай әңгіме қозғалар, ал қазір бүгінгі мерейтой иесінің әдебиетке қатысты кейбір ойларына назар аударыңыздар.

# ШЫНДЫҚ пен ҚИЯЛ

*Төменде айтылған жәйттер — шындық, тек қана шындық, шындықтан басқа ештеңе емес екеніне салтанатты түрде куәлік етемін.*

Осыдан бірер жыл бұрын, Клондайкқа барар жолдағы күндізгі дамылдау орнында шошқаның етін қуырып тұрғанымда Юконға алғаш жол салған пионерлердің бірі өзінің неден қиналғанын айтқан. Ол кезде мен оған сенген жоқпын. Шіркейден қалай қорлық көргенін айтқанда көзіне жас алып, дауысы дірілдеп кетті, жан қиналысы ап-анық білініп тұрды. Сол бір қанатты жәндіктерден шеккен азабын еске алғанда ашуға булығып, құтырып кете жаздады, өзі білетін бар былапытты солардың басына үйіп-төкті.

Ал ол мықты жігіт болатын. Жеті жылдан бері осы жақта тұрып жатыр. Ұмытпасам, сол күні он бес сағат бойы тоқтаусыз жүріп, елу миль қашықтықты артқа тастағаннан кейін аяқ суытуға аялдапты. Қараңғы түскенге дейін тағы жиырма бес миль жол жүрмек.

Әлгінде айтқанымдай, мен оны танитынмын. Жігіттің төресі болатын. Қолынан іс келетін адам, мұны бәрі біледі. Соған қарамастан: «Шіркей туралы айтқаны өтірік. Олай болуы мүмкін емес. Алдап тұр мені», — деп ойладым.

Арада төрт ай өткен соң екі жолдасыммен бірге — үшеуміз де қайратты жігітпіз — үсті ашық қайықпен Юконды бойлап екі мың миль қашықтықты жүзіп өттік. Сол кезде қиналғанымыз соншалық, қаншама сабыр сақтауға тырысқанымызбен дауысымыз жыламсырап қана шығатын. Шыжбалақтап, не болса соған күйіп-пісумен болдық. Адам сияқты сөйлесудің орнына қыңқылдай береміз, жігеріміз жасып, жабырқап, шіркей дегеннің не екенін мүлдем білмейді екенбіз-ау деп бір-бірімізге шағымданудан аузымыз босамады. Ал мен Клондайк сокпағындағы күндізгі дамылдау орнында шіркейлер туралы айтқан жігіт қандай ұстамды әрі сабырлы еді деп таңданумен болдым.

Кейінірек, үйреншікті өмірге оралған соң шіркейлерден көрген қорлығым туралы айтып бермек болдым. Достарым жанашырлық танытқан кейіппен тындады, біреулері сенімсіздік білдірді, тіптен Клондайкта шындықты айту адами қасиетке жатпайтын болғаны-ау деп ашықтан-ашық мәлімдегендер де болды. Әуелі соның бәріне шыдап бақтым, мән-жайды егжей-тегжейіне дейін түсіндіріп, көздерін жеткізуге тырыстым. Ақыр аяғында бір танысым: «мынауың шіркейлерге қатысты шынымен болған оқиғаны есіме түсірді» дегеннен кейін бұл тақырыпты мүлдем қозғамайтын болдым. Содан бері өзімді адами қасиеттерге бай адамша ұстаймын және жалған айтпайтын жігіт деген сипатымды көрге кірмей тұрып қайтарып алармын деп үміттенемін.

Бұл жерде шіркей туралы айтқалы тұрған жоқпын, ондайға батылым бармас еді. Бұл тек сөзімнің кіріспесі ғана, аздап созылыңқы болып шықса айып етпеңіздер, шығармаларымдағы кейбір жәйттерді сылтауратып, әдеби туындыларымды қайтарып беруден танбайтын редакторлардың

не ойлайтынын ұғынуға тырысып, кешіріммен қарауымның себебін түсіндірмекпін. Естеріңізде болсын, шындық кейде қиялдан да асып түседі, сондықтан редакторлар мен оқырмандарға ойдан шығарылғандай болып көрінеді.

Бір мысал келтірейін. Бір қызды танитынмын. Алғашқы кездесуіміздің өзі қызық болды. Иен таудың арасында жолыққанбыз. Күндізгі уақыт, күн салқын, түнерген қалың орманнан шықты, қысқа юбка киген шашы желбіреп тұр, қолында бытырамен атылатын мылтық. Қоян аулап жүр екен, бірақ қолына «Винчестер» ұстап, бұғы аулауға шықса да сөкет көрінбей, бәрі жарасып тұрар еді. Мінезі ашық екен, жалған сыпайылық дегенді білмейді. Атқа мінгенде ковбойлардан асып түседі, сүнгүйрлер киімін киіп, судың астына түсуден де тайынбайды, журналдарға мақала жазады (ол үшін қаламақы алады), қызық үшін сахнаға шығып, шотландтардың буырқанған биін де билеп береді. Оның үстіне, кітап оқиды. Менде оның өте әсем жазылған оннан астам өлеңі бар. Табиғат аясында да, таңдаулы қоғамда да өзін еркін ұстайды, мәдени жаңалықтармен жете таныс. Қысқасы, ғажап адам!

Мен оны бір шығарманың кейіпкері етіп алып, біршама жұмсартып суреттедім. Шіркейге қатысты жәйттер есімде ғой, сондықтан шындыққа барынша жақындатқым келді. Өмірде ондай да адам болатынына оқырман күмәнданып қалмасын деп бойындағы қасиеттерін едәуір азайтып, шын кейпінен төмен қылып бейнеледім. Пікір білдірушілер көп кідірмей жауап қатты, тағы да сәтсіздікке ұшырағанымды көрсетіп берді. Шамамен мынадай баға беріліп жатты: «Ондай қыздың болатынына сенбейсің, бірақ ұнамды кейіпкер, мәдениетпен таныстығын да кешіруге болады»; «жазушы өзінің арманындағы әйелді қағазға түсіріпті»; «қыз емес, құбыжық»; «табиғатқа жат жаратылыс, ондайдың болатынына сене алмайсың, әңгіменің соңына дейін шындыққа сай келетін ештеңе жоқ».

Кейде шытырман оқиғалы әңгімелер жазып, жастарға арналған танымал журналдарға жолдайтынмын. Ондай әңгіме жазудан едәуір тәжірибем бар. Балалардың басынан өткен қым-қуыт оқиғаларды бастан-аяқ ойда шығарсам, баспагерлер оны қуана қабылдайды. Ал егер өз өмірімде болған, басымнан өткен, өз қолыммен істеген оқиғалар туралы жазсам болды, баспагерлер күңкілдеп, бұрқылдап шыға келеді. «Бұл мүмкін емес, – дейді олар, – ақылға сыймайды. Ондай да, мұндай да, басқасы да ешқашан болмақ емес».

Бірде менің тік жартаспен жоғары көтерілу жайында жазған, өз басымнан өткен жәйт туралы әңгімемді басқа да мыңдаған оқиғалар тәрізді жоққа шығарып, іске алғысыз етіп тастағанда шыдай алмадым. «Мен сіздерді түсінуге дайынмын, – деп жаздым оларға, шындығында сол сәтте ашуға булыққаным соншалық, ештеңені түсінетіндей халде емес едім. – Баспаның жайлы кеңсесінде отырып, ой-санам тік жартастың кедір-бұдырына жабыса өрмелеген адамның жағдайына дейін көтеріле алады деп есептейтін адамның ой-санасы ешқашан әлгі жартастың әжімденген қыртыстарын құшақтап, биікке өрмелеуін тоқтатпаған адамның ой-санасындай бола алмайтынын түсінуге дайынмын». Дегенмен олар мендей

емес, салқынқанды болып шықты, сынағанымға өкпелеген жоқ; өкпелесе де олардыкі дұрыс. Өйткені, өмірде істеп жүрген нәрселерінді сол күйі қағазға көшіре салуға болмайды екен.

Бір күні кезбелікке салынған қаңғыбас туралы әңгіме жаздым. Қаңғыбастың бастан кешкендері туралы циклдың алғашқысы осы деп жоспарлап та қойдым, бұл әңгімелердің бәрінің кейіпкері бір ғана адам – әлгі қаңғыбас болуға тиіс. Ондай циклды жазуға дайындығым жетерлік оның екі бірдей себебі бар. Біріншіден, шамамен он мың мильдей жол жүріп, Құрама Штаттар мен Канаданы түгелге жуық аралап шыққанмын, қарным ашқанда біреулердің есігінен сығалап тамақ сұрап, кезбелікке салынғаным үшін талай рет қамауда отырған қаңғыбастың бірі өзімін. Екіншіден, кейіпкерім ретінде бір досымды таңдағанмын. Бір үзім нанды бөліп жеп, көшеде бірге түнеп жүрген тағдырласым ғой. Мен оны туған бауырымнан да жақсы білетінмін. Күрделі адам еді, колледж бітіріп, сотта заңгерлік істермен айналысуға құқық беретін диплом алған, Зеноннан бастап Ницшеге дейінгі әлемдік философия алыптарының шығармаларынан деректер келтіреді, саяси экономия мен социология мәселелерін терең зерттеген әрі сөзге шешен болатын, қысқасы, жан-жақты дамыған нағыз кемеңгердің өзі.

Көркем шығарманың кейіпкеріне айналдыру үшін оның тұлғасын біраз өндеп, шынайы болмысын едәуір әлсіреттім, алғашқы әңгіменің желісі ретінде өмірде болған бір ғана оқиғаны алдым. Сөздің шыны керек, өз басым бұл менің әңгімелерімнің арасындағы ең жақсысы болмаса да ең жақсыларының бірі деп есептеймін. Кейде жалғыз қалған сәттерде жазу үстелімнің тартпасынан сол әңгімемді шығарып алып, рахаттана оқимын, өз-өзіме көңілім толып, осындай ләззаттан құр қалған әлемді аяп кетемін.

Баспагерлердің бұл әңгімені шындыққа жанаспайды деп танығанын айтып жатудың қажеті жоқ шығар. Оны бір ғана баспагер қолдады. Бұл былай болды. Оңтүстік Калифорниядан шыққан бір жаз жазушыны танитынмын, ол да қызық үшін АҚШ-ты шығысқа қарай қаңғыбас ретінде кесіп өтті. Оны Джонс деп атайық. Сол Джонс Нью-Йоркта әлп баспагермен кездесіп, өзінің қаңғыбастық тәжірибесінен әңгіме айтып беріпті. Көп ұзамай баспагердің қолына менің әңгімем түскен. Әңгімені жаратпау себебін ол былай деп түсіндіреді: «Осыдан біраз уақыт бұрын мистер Джонспен кездеспеген болсам, Сіздің қаңғыбасыңыз тәрізді кейіпкердің өмірде болуы мүмкін емес дер едім. Қолжазбанызды қайтарып берген себебім мынау: қаңғыбастың қандай болатынын білмейтін, соның бәрі қалай жүзеге асатыны, адамның қалай өзгеріп кететіні санасына жетпейтін адамдар көп, олар бұған сенбейді ғой».

Қаншама әлсіретіп бейнелесем де менің Қаңғыбасым шынайы кейіпкерге жатпайтын болып шықты, бәрібір шындыққа сәйкес келеді екен. Оның шынайылығына жалғыз-ақ баспагер сеніпті, онда да мистер Джонстың көмегімен ғана, соның өзінде оқырмандар мистер Джонспен таныс емес, сондықтан кейіпкердің шынайылығына сене алмайды деп ашық мәлімдеген. Сөйтіп, алғашқы әңгімені қоспағанда, бұл цикл жазылмастан қалды, әлем де оны жоқтап қайғыра қоймаған сияқты.

Менде ұзақ уақыт бақылау мен тәжірибе жинақтаудың нәтижесі ретінде жинақталған пасторальдық (табиғат аясындағы қарапайым адам, көбінесе, малшы – аудармашы) материал да бар. Өмірде жасы да, дене бітімі де, жынысы да әртүрлі жүздеген адаммен жолыққанмын; өзіме қызықты болып көрінген адами қасиеттер мен психологияның да соншалықты әкетіп бара жатқан ерекшелігі жоқ, қарапайым адамдарға тән қасиеттер мен кәдімгі психология. Сосын өзімнің пасторальдық тәжірибемді жалпыландыруды қолға алдым. Амал қанша! – мойындауға тура келеді – тым тәуір әңгіме шығатын еді, бірақ шындыққа тым сәйкес, сондықтан шынайы болмайды.

Материалды өндеудің жаңа тәсілі ойыма келмегенде бұл жоспардан біржола бас тартатын едім. Дереу жазу үстеліне отырдым да іске кірістім. Әуелі тақырыбын жаздым да астынан жақша ашып, «Болған оқиға» деп жазып қойдым. Сосын әлгі оқиға өмірде қалай болса тура солай жазып шықтым, нақты фактілерді ғана келтірдім, бәрі де шынымен болғанын айшықтай түсу үшін әйелімнің, апайымның, жиенімнің, қызметші қыздың, өзімнің нағыз аты-жөнімізді сол күйі жаздым, тіптен үйім мен пошталық адресі де қостым.

«Ха-ха! – деп мәз болдым қолжазбамды Шығысқа жолдап жатып. – Ақыры баспагерлерді алдап соғатын болдым». Бірақ шығармамды тағы да қайтарып жіберіпті. Қайда жолдасам да қайтып келеді. Бекер обалы не керек, баспагерлер жариялаудан бас тартатынын хабарлай келіп, жылы сөздерін де аямай, **әңгімемді (!)** қарап шығу бақытына ие болғаны үшін рахмет айтыпты.

Ақыр соңында бір баспагердің көңілі түсіп, қабылдайтын болды, бірақ қоятын шарттары бар екен. Былай деп жазыпты: «Күмән жоқ, жақсы дүние... Бірақ кейбір жәйттерді, аналар мен мыналарды сол күйі қабылдауға болмайды. Қарапайым оқырман мынау тым тереңдеп кетіпті дейді, ал өзім нақты өмірде дәл солай болғанына сенуге дайынмын». Сөйтіп қай жерлерін түзететінін көрсете келіп, былай деп аяқтапты: «Осы шарттарға келіссеніз, **әңгіменіз (!)** үшін мұнша доллар төлеймін».

Оскар Уайлд бірде Табиғаттың өзі Өнерден көшіреді деп еді, бұл сөзінің негізі де бар. Ал мен Факті шынайы болуы үшін Қиялдан көшіруі керектігін амалсыздан мойындауға мәжбүр болдым. Өмірдің қаны сорғалап тұрған жанды тынысы емес, ойдан шығарылған қиял шындыққа көбірек жақын келеді екен. Қисынмен құрылған образдар мен ойдан шығарылған өтірік шынымен болған оқиғалардан әлдеқайда шынайы болып көрінеді. Сондықтан беллетристикамен шұғылданатын адам фактілерге жүгінбей-ақ қойғаны дұрыс.

Сөйтіп әлгі шіркейлер туралы айтқан жігіттің өтірікті соққанына өз-өзімді сендіріп тындым. Баспалардан жиі келетін, менің шығармаларымды жариялаудан не үшін бас тартатынын түсіндіретін жауаптарында мені өтірік жазасың деп кінәлайды. Сондықтан осы очерктің тақырыбының астына бұл айтылғанның бәрі шындық екеніне салтанатты түрде куәлік ететінімді жазып қойдым. Біліп тұрмын, бәрібір ешкім сенбейді. Өйткені бұл шындыққа тым сәйкес келеді, сондықтан шынайы болуы мүмкін емес.

*Орыс тілінен аударған:*  
**Нұрлан ҚАМИ**



## ТОТЯЙЫН ТІЛДІ ТАРЛАНДАР

«Жұлдыз» журналы жаңа жылдық бірінші санынан бастап әдебиет пен өнерге қатысты адамдардың қапиядан дәл соққан шешендік тапқырлықтарын, әзіл-қалжыңдарын ойнақы оқиғаларын жариялауды жөн көрді. Демек, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Қадыр Мырза Әлі, Қалтай Мұхамеджандар кемел суреткер, көрнекті ақын, әйгілі драматург қана емес, ойлары оралымды, әзілдері әдемі, қалжыңдары керемет талант иелері екені белгілі. Ел ішінде әлі күнге дейін құнарын жоймаған, ауыл-ауылды кезіп кеткен, халыққа ауызекі әңгіме түрінде ғана тарап жүрген бұл ұтымды, ұшқыр сөз сайысында талай-талай қазыналар жатқаны әмбеге аян.

Міне, осындай уытты уәждерді тудыратын шешендердің табан астында жарк еткізген, тиген жерін тотяйындай ойып түсетін, бейнелі де шалымды сөздері көпшілік оқырман қауымының көңілінен шығатынына күмән болмаса керек.

### КОНСЕРВИСІ НЕ, КОНСЕРВАТОРИЯСЫ НЕ?

Әйгілі әнші Бибігүл Төлегенова әкесі «халық жауы» деген жалған жаламен атылып кеткеннен кейін, отбасын асырау үшін 12 жасында Семейдегі ет комбинатының консерві цехында жұмыс істейді. Сол жерде ғайыптан-тайып әншілігімен Галина Серебрякованың көзіне түседі. Галина Иосифовна да «халық жауының» әйелі ретінде қазақ даласына жер аударылған еді. Ол жас Бибігүлге консерваторияға түсуге кеңес береді. Консерватория дегеннің не екенін түсінбеген Бибігүл: «Онсыз да консерві цехында істеп жүрген жоқпын ба, маған консерваторияның не керегі бар?», — деген екен.

### АЗАПҚА ТҮСКЕН АҢҚАУЛАР

Бірде әйгілі өнерпаз Елубай Өмірзақов театр артистеріне «тағылымдық» әңгіме айтады. Өзінің тұмаудан танауына сарымсақ (чеснок) тығып жазылғанын сыр етіп шертеді. Содан соң екіншісіне көшеді. Бірінші мамыр шеруіне киейін десем, ақ брезентен тігілген топылыым көнеріп қалыпты. Соның сыртына тіс жуатын пастаны баттастыра жағып, қазандағы қайнап тұрған суға бір батырып алып едім, жап-жаңа болып шыға келді дейді. Енді үшінші тәжірибесіне көшеді. Іш құрылысының ауруына таптырмайтын бір ем бар. Өзі оп-оңай қазақы ем. Шампанның пластмасса қақпақтарын жинап, соларды әбден қайнатып ішсең, ішің тазарып, рахатқа батасың дейді.

Елағанның «керемет» тәжірибесіне сүйенген Мүлік Сүртібаев екі танауына чеснок тығып, автобуста келе жатқанда түшкіріп, алдына отырған екі орыс кемпірінің маңдайына былжыраған чеснок былш ете қалады. Рахметолла Сәлменов паста жағып, оны қайнатқаннан кейін аяқ киімінің табаны қақырап,

тас-талқаны шығады. Күләш деген актриса тығынның суын ішіп, іші кеуіп, дәрігерлер қарнына шланга жіберіп, әрең ажалдан арашалап алады. Әлгілердің онбай опық жегендерін естіген Елубай: «Менің сөзіме сеніп жүрген өздерінің де обалы жоқ», – деген екен.

## ЖОҒАЛҒАН 100 СОМДЫҚ

1978 жылы бір топ қаламгер Фрунзеге, Шыңғыс Айтматовтың елу жылдық мерейтойына баруға жиналады. Содан олар жолшыбай Қалтай Мұхамеджановты алып кетейін деп үйіне келсе, Қалағаң қалың кітаптың ортасында айра-жайра боп отырады.

Сапарластары: «Ау, жүрмейсің бе, мұның не, осы кітап оқитын уақыт па?», – дейді. Сонда сатирик Қалтай: «Е, қайбір жетіскеннен отыр дейсің, ертең қырғызға барғанда керек болып қалар деп, қатыннан тыққан тұтас 100 сомдық бар еді. Соны қай кітаптың арасына салғанымды білмей, есалаң болып отырған жоқпын ба?» – деген екен.

## «ЖҰЛЫНҒАН САҚАЛ»

Сәбит Мұқановтың «Сәкен Сейфуллин» драмасын сахналағанда Әнуар Молдабеков – Сәкеннің, Ғабдолла Сүлейменов оның қас жауы – Шайтановтың рөлін ойнайды. Сахнада әбден қанына қарайған Әнуар Шайтановтың төсін жапқан ұзын сакалын білегіне орап ала бергенде, артист иегіне желімделген сақал жұлынып кетеді. Ғабдолла не істерін білмей «аһ» ұрады да қалады. Ал, Әнуар Молдабеков сақалды лақтырып жіберіп, асқан тапқырлықпен, аспай-саспай: «Сен кэззаптың сакалынды қайтем, басынды жұлып алмағанымға қуанғайсың!», – деген екен.

## ҚАТЫН САУДАСЫ

Атақты күрішші, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаевтың қартайған кезде кемпірі қайтыс болады. Соны естіп, інісі, ол да екі мәрте Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаев көңіл айта келеді. Көпшіліктің есінде болар, Жазылбек әйел жағынан кемдік көрмей, Д.Қонаевтың рұқсатымен тоқал алып, одан Қойшыбек, Тойшыбек атты торсық шеке екі ұл туғызған еді. Содан Жазекен қайғырғандай болып, дастархан үстінде дәм алып отырып, ағасына қиын болғанын айта береді. Сонда Ыбекең: «Әй, Жазылбек, шын аясаң екі қатыныңның біреуін бер», – деген екен.

## ОРАЗАНЫҢ ПАЙДАСЫ

Ақын Болат Жетекбай «Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет атқарған 1995 жылдары күн сайын «қызара бөртіп» жүретін болса керек. Тіпті, кейде басылымның бас редакторы Ахат Жақсыбаев ағасына да қоқан-лоқы көрсететін көрінеді. Ахаң гүжілдеген ақын інісіне кешіріммен қарап, өрескел қылықтарын көңіліне алмайды екен. Бір күні редакцияның кезекті жиналысында қыздай сызылған Болатты көріп, бас редактор таң-тамаша қалып: «Ай, Болатжан, саған не болған, мен сенің мұндай қалпыңды бұрын көрмеппін ғой, әлгі пәлекетті біржолата қойдың ба?», – дейді. Редакция ұжымы шу етіп: «Ағай, Болат ораза ұстады ғой», – деп түсіндіреді. Сонда иманды болғыр, кісілігі мол Ахат Жақсыбаев: «Шіркін-ай, 365 күн ұдайы ораза болса, Болатжан адам болып кетер еді-ау!» – деген екен.

*Дайындаған: Жұмабай ҚҰЛ*

# Қадірлі ағайын!

2026 жылға «Жұлдыз» журналына жазылу жүріп жатыр.  
Әр айдың 10-на дейін жазылсаңыз, келесі айдан бастап журнал  
қолыңызға тиеді.

Жеке адамдар үшін	қала	ауыл	Мекемелер үшін	қала	ауыл
Индекс: 75685	бағасы	бағасы	Индекс: 25685	бағасы	бағасы
1 айға	1183,86		1 айға	1449,52	1403,86
3 айға	3551,58		3 айға	4348,56	4211,58
6 айға	7103,16		6 айға	8697,12	8423,16
12 айға	14 206,32		12 айға	17394,24	16846,32

«Жұлдыз» журналына жергілікті «Қазпошта» бөлімшелері, сондай-ақ «Эврика пресс», «Евразия пресс», «Ернұр пресс», «Қазпресс» мекемелері арқылы жазылуға болады.

*Құрметті оқырман!*

«Жұлдыздың» электрондық нұсқасын ***juldyz.info***  
сайтынан оқи аласыздар.

Juldyz (Star): 050000, Almaty, pr. Ablai-khan 105; tel. 8 (727) 272-59-44;  
f. 1922; monthly; magazine of Writers of Kazakhstan; literary, artistik,  
socio-political; **Editor-in-Chief Dauren KUAT**

Мұқабаны даярлаған **М.ТҰРСЫНОВ.**

Нөмірдегі авторлардың фотосуреттерін әзірлеген —

**Б.БАЙҒОНЫСОВА.**

**РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:** 050000. Алматы қаласы. Абылай хан даңғылы, 105-үй, 3-қабат.

**Байланыс телефондары:** 8 (727) 272-59-44, 8 (727) 261-65-74. **E-mail:** juldyz\_kz@mail.ru

Журнал Қазақстан Республикасының байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада № 12121-Ж куәлігі берілген.

**Меншік иесі:** «Қазақстан Жазушылар одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігі (Алматы қаласы)

Айына 1 рет шығады. Таралым 5000. Тапсырыс 90. Басуға қол қойылды: 15.01.2026 ж.

Қағазы 70x108 1/16. Офсетті басу. Баспа табағы 13.

Журналды жеткізу және тарату ісі жергілікті байланыс мекемелерінің міндетінде.

Журнал редакцияда теріліп, беттеліп, «Алматы-Болашақ» АҚ баспаханасында басылды.

С. Мұқанов, 223 «В».